ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

ABAI UNIVERSITY
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор БЕРІКЖАН АЙТҚҰЛҰЛЫ ӘЛМҰХАМБЕТОВТЫҢ 75 жылдық мерейтойына арналған «ҰЛТТЫҚ ӨНЕР – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ДІҢГЕГІ: ПРОФЕССОР Б.А. ӘЛМҰХАМБЕТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ПАЙЫМДАУЛАРЫ КОНТЕКСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ МЕН МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ ЗАМАНАУИ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ» тақырыбындағы халықаралық симпозиумның

Материалдар жинағы

2026 жыл, 15 мамыр/15 May, 2026

Collection of materials

of the International Symposium «NATIONAL ART – THE PILLAR OF NATIONAL EDUCATION: THE MODERN TRANSFORMATION OF EDUCATION AND CULTURAL HERITAGE IN THE CONTEXT OF PROFESSOR B.A. ALMUKHAMBETOV'S SCIENTIFIC REFLECTIONS» dedicated to the 75th anniversary of Doctor of Pedagogical Sciences, Professor BERIKZHAN AITKULULY ALMUKHAMBETOV

ОЖ 398
КБЖ 82
743

БАС РЕДАКТОР: Б.А. Тілеп – «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің» КеАҚ Басқарма төрағасы – ректор, саяси ғылымдар кандидаты.

Редакция алқасы: PhD, қауымдастырылған профессор **Г.Б.Ниетбаева,** п.ғ.д., профессор **А.Е. Жұмабаева**, п.ғ.м., аға оқытушы **Б.У. Есентаева,** п.ғ.м., оқытушы **А. Ауезхан** және т.б.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.А. Әлмұхамбетовтың 75 жылдық мерейтойына арналған «**ҰЛТТЫҚ ӨНЕР – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ДІҢГЕГІ: ПРОФЕССОР Б.А. ӘЛМҰХАМБЕТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ПАЙЫМДАУЛАРЫ КОНТЕКСІНДЕ БІЛІМ БЕРУ МЕН МӘДЕНИ МҰРАНЫҢ ЗАМАНАУИ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ»** тақырыбындағы халықаралық симпозиум материалдары / Алматы, 2026. – 634 бет.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен өткізілген «**Ұлттық өнер ұлттық тәрбие діңгегі: профессор Б.А. Әлмұхамбетовтың ғылыми пайымдаулары контексінде білім беру мен мәдени мұраның заманауи трансформациясы»** тақырыбындағы халықаралық симпозиум материалдарының жинағы. – Алматы, 15-мамыр, 2026 ж. – қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде.

ISBN 978-601-311-633-4

Симпозиум жинағының материалдары ұлттық өнер мен ұлттық тәрбие діңгегі ретіндегі профессор Б.А. Әлмұхамбетовтың ғылыми пайымдаулары, жоғары білім берудегі ұлттық құндылықтар мен мәдени бірегейлікті дамытудың заманауи парадигмалары, білім беру экожүйесіндегі педагогтердің біліктілігін арттыру мен білімін жетілдірудің инновациялық аспектілері, инклюзивті білім берудегі өнердің рөлі мен арт-терапиялық тәжірибелерді әлеуметтендіру, білім беру психологиясындағы тұлғаны дамытудың сын-қатерлері мен траекториялары, қазіргі білім саласындағы өзгерістер жағдайындағы бастауыш білім берудің өзекті мәселелері, сондай-ақ өнер мен білім беру ықпалдастығындағы шығармашылық пен педагогикалық инновациялар атты жеті бағыт бойынша жарияланып отыр. Барлық материалдар авторлар ұсынған нұсқада жарияланған.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстанның жоғары білім беру мен ғылым жүйесінде ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан педагогика ғылымдарының докторы, профессор Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов – ұрпақ тәрбиесі мен ұлттық өнерді ұлықтауға саналы ғұмырын арнаған көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, білікті ұйымдастырушы және дара әдіскер. Елу жылдан астам уақытқа созылған педагогикалық, шығармашылық және ғылыми қызметінде ол мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, отандық білім мен мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосты. Ұстаздық жолдың жауапкершілігі мен мәртебесін терең сезінген ғалымның еңбегі отандық және халықаралық педагогикалық қауымдастық тарапынан жоғары бағаланып келеді.

Ғалымның зерттеулерінде ұлттық тәрбие, этномәдени білім беру, бейнелеу өнері мен қолөнерді дамыту мәселелері кеңінен қарастырылады. Ол жас ұрпақты ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа, халықтық өнер мен мәдени мұраға құрметпен қарауға тәрбиелеудің маңыздылығын ғылыми тұрғыдан жүйелі негіздеді. Профессордың пайымдауынша, ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың басты тұғыры – білім беру ортасының этномәдени кеңістігі болып табылады. Сондықтан білім алушының рухани дүниесін байыту, олардың өнерге деген қызығушылығын арттыру, ең алдымен, этнобілім беру мен этнотәрбиелеу ғылымының даму деңгейімен тығыз байланысты.

Берікжан Айтқұлұлы – жалпы білім беретін мектептердің бастауыш (1–4 сынып) және орта буын (5–6 сынып) оқушыларына арналған «Бейнелеу өнері» оқулықтарының авторы. Ол мектептегі көркем-эстетикалық білім беру мазмұнын заман талабына сай жетілдіруге, оқыту әдістемесін дамытуға және білім беру үдерісіне заманауи инновациялық технологияларды енгізуге айрықша үлес қосты. Сонымен қатар ғалым педагог кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыру ісіне белсенді қатысып, білім беру сапасын көтеруге бағытталған көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектер жариялады.

Ғалымның 150-ден астам ғылыми еңбектері – іргелі монографиялары, ілкімді оқулықтары, оқу құралдары мен халықаралық деңгейдегі ғылыми мақалалары – оның ғылым жолындағы табанды ізденісі мен жасампаздығының айқын көрінісі. Профессор Берікжан Айтқұлұлының ғылыми жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 15-тен астам ғылым кандидаты мен PhD докторлары даярланып, бүгінгі күні өздерінің дербес ғылыми зерттеулерін сәтті жалғастырып келеді. Бұл – ғалымның өзіндік қолтаңбасы бар ғылыми мектебінің өміршеңдігі мен сабақтастығын көрсететін маңызды көрсеткіш.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан бұл халықаралық симпозиум және оның материалдар жинағы – ғалымның осы бай педагогикалық мұрасы мен ғылыми пайымдауларын заманауи трансформация тұрғысынан саралауға арналған.

Жинаққа енген зерттеулер мен мақалалар ғалым салған ғылыми бағыттарды дамыта отырып, жеті негізгі тармақ бойынша жүйеленген:

1. Ұлттық өнер – ұлттық тәрбие діңгегі: профессор Б.А. Әлмұхамбетовтың ғылыми пайымдаулары.
2. Жоғары білім берудегі ұлттық құндылықтар мен мәдени бірегейлікті дамыту.
3. Заманауи білім беру экожүйесін дамытудағы педагогтердің біліктілігін арттыру.
4. Инклюзивті білім берудегі өнердің рөлі: арт-терапиялық тәжірибелер.
5. Білім беру психологиясы: тұлғаны дамытудың сын-қатерлері, ресурстары және траекториялары.
6. Қазіргі білім саласындағы өзгерістер жағдайындағы бастауыш білім беру.
7. Өнер мен білім беру: ықпалдастық, шығармашылық және педагогикалық инновациялар.

Ұсынылып отырған халықаралық симпозиум жинағы – ұлттық өнер, этномәдени білім мен тәрбие мәселелеріне арналған ғылыми ой-тұжырымдар мен тәжірибелік пайымдаулардың кешенді тоғысы. Кітапта берілген материалдар білім беру үдерісінде ұлттық құндылықтарды

тиімді пайдалануға, жас ұрпақтың рухани-мәдени дүниетанымын қалыптастыруға бағытталған маңызды ғылыми және әдістемелік ұсыныстарды қамтиды.

Профессор Берікжан Айтқұлұлының бай педагогикалық тәжірибесі мен ғылыми мұрасы ұлттық білім мен мәдениеттің дамуына қызмет етіп, болашақ ұрпақтың рухани тәрбиесіне жол көрсететін құнды қазына болып қала беретіні сөзсіз. Басылым педагогтарға, жас ғалымдар мен ізденушілерге, докторанттар мен студенттерге, сондай-ақ ұлттық мәдениет пен білім берудің заманауи мәселелеріне қызығушылық танытатын барша оқырман қауымға арналған пайдалы да құнды бағдаршам болады деп сенеміз.

I. ҰЛТТЫҚ ӨНЕР – ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ДІҢГЕГІ: ПРОФЕССОР Б.А. ӘЛМҰХАМБЕТОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ПАЙЫМДАУЛАРЫ

НАЦИОНАЛЬНОЕ ИСКУССТВО – ОСНОВА НАЦИОНАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ: НАУЧНЫЕ ВЗГЛЯДЫ ПРОФЕССОРА Б.А. АЛЬМУХАМБЕТОВА

NATIONAL ART AS THE FOUNDATION OF NATIONAL EDUCATION: SCIENTIFIC VIEWS OF PROFESSOR B.A. ALMUKHAMBETOV

ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАП, ҒАЛЫМДЫҒЫН ЕЛГЕ БЕРГЕН ДАРА ТҰЛҒА

Оспанов Баймұрат Ермағанбетұлы
п.ғ.к.,өнертану доценті, профессор, ҚРСО және ҚРДО мүшесі,
Астана халықаралық университетінің прфессоры,
ҚР Жоғарғы Білім беру ісінің құрметті қызметкері,
ҚР Мәдениет сласының үздігі, ҚР Құрмет орденнің иегері

Аңдатпа

Ғылыми мақалада ұстаз, ғалым, зерттеуші Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің өмірбаяны мен ғылыми-педагогикалық зерттеу еңбектері тереңнен талданады. Мақала ақпараты ресми ақпарат көздерінен, ғылыми басылымдардан алынып, ғылыми-зерттеулермен сарапталған. Автордың өмірбаянынан туған жері, білімі, ғылыми дәрежелері мен лауазымдары баяндалып, зерттеу еңбектері мен басылымдары, оларды жүзеге асырудағы басты нәтижелері сараланған. Қазақ педагогика ғылымы мен білім жүйесіне қосқан үлесі, ұлттық құндылықтарды педагогика ғылымында қолдану жобалары және ғылыми жетістіктері сын тұрғысынан қарастырылған. Ғылым жолындағы зерттеу еңбектерінің маңыздылығы мен қазақ педагогикасынан алатын дара жолы баяндалған.

Түйінді сөздер: Өмірбаян, педагогика, ғылым, өнер, рухани-адамгершілік, Қазақстандағы білім реформалары.

Аннотация

В научной статье глубоко анализируются биография и научно-педагогические исследования педагога, ученого, исследователя Альмухамбетова Берикжана Айткуловича. Статья получена из официальных источников информации, научных изданий и проанализирована научными исследованиями. В автобиографии автора изложены место рождения, образование, ученые степени и должности, проанализированы исследовательские труды и публикации, основные результаты их реализации. Критически рассматриваются вклад казахской педагогической науки и системы образования, проекты применения национальных ценностей в педагогической науке и научные достижения. Изложена важность исследовательских работ на пути к науке и его уникальный путь в казахской педагогике.

Ключевые слова: Биография, педагогика, наука, искусство, духовно-нравственные реформы в Казахстане.

Алдымен адамның өмірден өз орнын тапқаны – майталман маман иесі болғаны. Өмірде өз орнын тауып, өнердің өр жолын таңдаған педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» – Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов.

Зерттеу мақалада білім мен ғылымнан өз орнын тауып, бүгінде 75 жасқа толған Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің өнегелі өмірі мен ғылымдағы дара жолы баяндалады.



Алдымен ғалым Берікжан Айтқұлұлының өмірі жайында сыр шертейік. Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов 1951 жылдың 9 мамырында Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Елтай ауылында дүниеге келген. Әкесі - Айтқұл Өмірбекұлы, Ұлы Отан соғысының ардагері, I-II дәрежелі Ұлы Отан соғысының Қызыл Жұлдыз ордендерімен және «За Отвагу» т.б. медальдарымен марапатталған. Анасы - Нұрғалиева Рәш - Еңбек ардагері, анасын ел-жұрт он саусағынан өнер тамған ісмер шебері мен рухани қол өнерін ұрпаққа жалғастырушы ретінде таныған.

Ғалым Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов 1968 жылы Талдықорған облысы, Қаратал ауданы, Кәлпе станциясының орта мектебін тәмамдап, еңбек жолын 1968 жылдары «бейнелеу өнері және сызу» пәнінің мұғалімі қызметіннен бастайды.

Б.А.Әлмұхамбетов 1970-1975 жылдары Жоғары оқу орындарының қара шаңырағы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының көркем-сурет факультетінен мамандығының мұғалімі біліктілігін алып, осы көркем-сурет факультетінің «Сурет» кафедрасына ассистентік қызметке жас маман ретінде қызмет етеді.

1976-1979 жылдары Кәсіподақ комитетінің төрағасы, Комсомол комитетінің хатшысы ретінде сайланып, еңбек етті.



1979 жылдан көркем-сурет факультетінде «Сурет» кафедрасының аға оқытушысы ретінде өзінің педагогикалық және шығармашылық шеберлігін шыңдай түскен жас маман Берикжан Айқұлұлы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің Көркем-сурет факультеті деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалып, қызметін аброймен атқарды.

Жас буынға өнердің өзіндік мәні мен маңызын терең түсіндіру жолында 1989 жылы Қазақ ССР Халыққа білім беру Министрлігінің тәрбие басқармасының бас маманы қызметіне

тағайындалып, «Сиқырлы қазан», «Үкілі домбыра», «Әнші балапан», «Ізбасарлар» т.б көптеген Отандық педагогика негізінде алғашқы ұйымдастырылған бастамалардың ұйытқысында өнегелі де өміршең еңбектерімен өнер саласындағы жаңа ұрпаққа рухани азық беріп, баға жетпес тәжірибе жинақтады.

«Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр» [1] – деп президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауында айтып өткендей Тәуелсіздік кезеңінде ғылым саласында көптеген жетістіктердің еселенуі Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің ғылым саласындағы өнердің қайта жануын ғылыми еңбектерінен білеміз.

Тәуелсіздік тұсында Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетовтің ғылым саласындағы жетістіктердің еселенуі 1991 жылы «Қазақ ұлттық бейнелеу өнері арқылы мектеп оқушыларына тәрбие беру» тақырыбында 13.00.01 - «Педагогика» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, Қазақстанның бейнелеу өнеріне өзіндік қолтаңбасымен қарыштай қадам басып, ғылыми еңбектерінде бейнелеу өнерінің негізгі қағидаларын, халық даналығын, салт-дәстүр мен әдеп-ғұрыптарын жан-жақты қарастырды.

Ғалым Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов 1991-1994 жылдары аралығында Қазақстан Республикасының тәрбие басқармасының бастығы қызметінде ұлттық құндылықтарды ұрпаққа мирас етті.



Қазақ қолөнерінің мәдениеті» зеттеуінде Өзбекәлі Жәнібеков: *«заманауи өнер – өткен кезеңдердегі өнерді салыстыра келгенде пайда болады»*, - деген болатын [2, 319 б.].

Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов тәуелсіздік алған 1994-1996 жылдары алған білімі мен білікті тәжірибесін өткен кезеңдеріміздегі өнерге арнап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кеңесінің саяси-әлеуметтік сала бөлімінде, кейіннен ішкі саясат бөлімінде аға референт болған қызметінде ЮНЕСКО тарапынан өткізілген Қазақтың Ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерекесіне байланысты іс-шараларды ұйымдастыруға өз үлесін қосып, азаматтық парызын айқын танытты.

«Ескірген құндылықтар мен ұстанымдарды қамтитын дәстүр өзектілігін жоғалтып, ауқымды және көне болып келеді. Ол эволюция жолымен бірте-бірте дамып, жаңалықтарды тудырады. Жаңашылдық (инновация) бұл «адам қызметінің әдістері мен нәтижелерін өзгерту, дамыту... Инновациялық үдеріс – жаңалықты құру, тарату және пайдалану үдерісі, оның құрылымы инновациялық қызметтің ішкі пәндік логикасымен анықталады» [3].

Берікжан Айтқұлұлы ұлттық құндылықтар мен рухани ұстанымдарды берік ұстанып, Тәуелсіздік тұсында білім мен ғылымды дамытуда 1996 жылы Қазақстан Республикасының Білім және мәдениет, спорт және туризм, медицина Министрлігінің Білім Департаментінің кәсіби және қосымша білім беру бөлімінің басшысы қызметіне тағайындалды. Мұнымен бірге ғылымдағы зерттеу еңбектерінің жетістіктерін жоғары бағалап, Берікжан Айтқұлұлына

1996 жылы ҚР ЖАК-ң шешімінің ұйғарымымен «Педагогика» мамандығы бойынша доцент ғылыми атағы берілді. Бұл ғылым саласындағы еңбектерінің жемісі болды.

1997-2007 жылдары Республикалық басшы және ғылыми педагогикалық кадрларды біліктілігін арттыратын институтына директор болып тағайындалды. Қазақстан Республикасы орта мектептерінде компьютерлік ақпараттандыру бағдарламаларын оқу үдерістеріне енгізуде және мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруда мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асырылуына өз үлесін қосты. Алғашқы жаңа буын оқулықтарын енгізуде, сондай ақ жалпы орта білім беру мен бастауыш (1-5 сынып) оқушыларына арналған «Бейнелеу өнері» пәнінің жаңа буын оқулықтарының тұңғыш авторларының бірі болды.

2001 жылы «Қазақстан Республикасы педагог мамандарының кәсіби біліктілігін арттырудың даму тенденциясы мен тарихы» атты тақырыпта 13.00.01 - «Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика» мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғады.



Ғалым Б.А.Әлмұхамбетов өнер саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектерін Халықаралық конференциялар мен семинарларда, білім беру бағдарламасы аясында үнемі жетілдіріп отырды. Атап айтқанда, 2000 жылы «Fontus», 2001 жылы вальдорфтік педагогика бойынша «Гете институты Германия», Финляндия семинарларда, 2002 жылы Украина, Белоруссия, Россия білім беру менеджменті басқарушыларды дайындау проблемалары бойынша және 2003 жылы Халықаралық экология бағдарламасы форматында Манилада (Филиппины) өткен конференцияларға қатысқан. Білім мен ғылым саласындағы жетістіктері үшін 2001 жылы Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов Қазақстан Республикасының «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төс белгісімен марапатталған.

Ғалым Б.А.Әлмұхамбетов білім беру саласында қызмет атқарған жылдарында ҚР Білім және Ғылым министлігінің стратегиялары мен білім беру саясатын білім саласына ерен еңбегін сіңіріп, оның механизмдерін іске асырылуын қадағалады. Облыстық және қалалық кәсіби біліктілікті жоғарылату институттарымен өзара қатынастарды іскер ұйымдастырып, ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО, TEMPUS, TACIS сияқты мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен қарым-қатынастарды орнатты. Халықаралық және KATEV, Центр САНДЖ, Ассоциация ОДВ халықаралық қорларымен байланыс орнатып, мемлекеттік маңызы бар мәселелерді шешуге ат салысты. Қазақстанда педагогика ғылымының өріс алуына байланысты «ЮНЕСКО», «ЮНИСЕФ» халықаралық қорлардың қолдауымен, ПРООН және «Азиялық даму банкісі» демеуімен ҚР білім беру саясаты аясында ұйымдастырылған әртүрлі мәдени және білім беру саласы бойынша жобалар мен бағдарламаларды ғылыми-педагогикалық бағытқа енгізуде белсенділік танытты. Бүгінде ғалым Б.А.Әлмұхамбетовтің бұл жобалары мен бағдарламаларының сәтті шыққан қорытынды нәтижелері

Нидерландиядан, Филипиннадан, Финляндиядан, Австриядан, Германиядан, Монғолиядан, Италиядан, Сингапурден және т.б. бірнеше шет елдерден алынған сертификаттары ел үшін атқарған ерен еңбектерінің дәлел болмақ.

Ғалым Б.А.Әлмұхамбетов Қазақстанның ғылыми және шығармашылық ортасында ғана емес, алыс және жақын шет мемлекеттерге де танымал ғалым, зерделі зерттеуші. Оның қазақ халқының сәндік-қолданбалы ұлттық өнерімен кәсіби дайындықты жоғарылату мен ғалым-педагог кадрлардың біліктілігін көтеру, суретші-педагог мамандарды дайындау еңбегін қазіргі замандастары жоғары бағалап, 50-ден астам ғылыми еңбектерне өз ой-пікірлерін білдірген. Берікжан Айтқұлұлының қазіргі ғылыми-зерттеу нысанасы пегогтардың біліктілігін арттыру мен дамыту, 12 жылдық білім берудің бүгіні мен болашағын нығайту, оқушылардың өзін-өзі тану мен жетілдіру жолдарын педагогика ғылымымен қазіргі заманғы қоғамның жаңа талабына сай көркемөнерден білім берудің мазмұнын реформалауды жүзеге асыру болып табылады.

Ғалым Б.А.Әлмұхамбетовке ғылым саласында қазақ бейнелеу өнері мен сурет өнерінің сырын кеңінен танытқан ғылыми-зерттеу еңбектері үшін 2003 жылы ҚР БҒМ ЖАК-нің «Педагогика» мамандығы бойынша профессорлық ғылыми атағы берілді. Ғалым Б.А.Әлмұхамбетов ғылымның дара жолында қазақ өнер саласының өрістеуіне қосқан үлесімен 2006 жылы Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ Білім Академиясының академигі болып сайланды. Білім мен біліктілікті ұштастырған, ғылым мен зерттеуді қатар алған Б.А.Әлмұхамбетов мемлекетке сіңірген еңбегі үшін, белсенді қоғамдық қызметі үшін, елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы мен халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен 2007 жылы 7 желтоқсанда № 485 «Құрмет» орденімен марапатталды.

Профессор Берікжан Айтқұлұлы адами асыл болмысымен, ұйымдастырушылық қабілетімен 2007 жылы Ұлттық ғылыми практикалық білім және сауықтандыру «Бөбек» орталығының Бас директорлық қызметіне тағайындалып, игі жұмыстың нәтижесінде «Бөбек-2» орталығының және «Өзін-өзі тану» институтының құрылысын толық аяқтауға өз үлесін қосты. Мемлекеттік маңызы бар мәселелерге ерен еңбегін сіңірген Б.А.Әлмұхамбетов 2009 жылдың кыркүйегінде өзінің білім алып, қанат қаққан қазақтың қара шаңырағы, киелі оқу ордасы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің «Көркем-сурет» факультетінің деканы қызметіне тағайындалып, қазақ педагогикасының сырын анықтап, өнер ғылымын қайта жаңғыртып, бейнелеу өнерінің маңызын ғылыми негізде дәлелдеді.

Бүгінде ғалым Б.А.Әлмұхамбетов Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Хабаршы» басылымының «Көркем өнерден білім беру: өнер тарихы - теориясы - әдістемесі» сериясының бас редактор қызметін атқарып келеді. Сонымен қатар «Этнокөркеммәдениет» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, «Ұлттық тәрбие» Республикалық ғылыми-көпшілік журналы, «Педагогика және психология» ғылыми-әдістемелік журналдарының редакциялық алқа мүшесінде қазақ бейнелеу өнерінің сыры мен сыны кетпеген асыл мұраларын ұрпаққа кеңінен насихаттап келеді.

Білімді ұрпақ жолының болашағын болжай білген профессор Б.А.Әлмұхамбетов бүгінде магистратура және PhD доктарантура институтымен бірлесе отырып, алдағы уақытта бейнелеу өнері мен сызу мамандығынан көркем-педагогикалық білім беру бағыты бойынша PhD доктарантура ашуды мақсат етіп отыр. Білімнің ордасы болып табылған оқу орнында болашақта көркем сурет факультетінің ғылыми-ізденіс орталығын ашу жоспарланған. Ғалым Берікжан Айтқұлұлы педагогика ғылымы мен өнер саласынан алған тәжірибелерін қолдана отырып,бакалавриат сатысында көркем сурет бағыттары бойынша өнер мамандықтарын ашуды қолға алып келеді. Педагогика мен өнердің тұтастығымен жастардың кәсіби деңгейін өсіру бағытында факультеттің басты стратегиясын кәсіби және ғылыми-шығармашылық тұрғыда өсу белсенділігін арттыруды бағдарлап берді. Ұстанған стратегияға сәйкес қазіргі кезде оқу үдерісінде білім берудің ең озық инновациялық үлгілерін, авторлық интерактивті оқыту әдістері мен ең үздік тәжірибелік әдістемелерді оқытуға енгізу қолға алынып, білім беру бағдарламасында оқытылуда.

«Қазақ философы Н.С.Сәрсенбаев дәстүрлер генезисін ұлттық менталитетпен байланыстырады: *«Ұлттық сезімдер адамгершілік, эстетикалық, зияткерлік, діни және тұрмыстық сезімдер мен талғамдардың өзіндік қорытпасы ретінде, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, бірнеше рет қайталана отырып, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды қалыптастырудың тұрақты көзі болып табылады»* - деген болатын

Айтар ойымызды айқындай түскен қазақ философы Н.С.Сәрсенбаевтың ойлы пікірі Берікжан Айтқұлұлының адамгершілік, эстетикалық, зияткерлік болмысын, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды қалыптастыру тұлға екеін айқындап бергендей. Себебі Берікжан Айтқұлұлының 2004 жылдан 2010 жылдар аралығында ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінде педагогика мен психология саласы бойынша ғылыми атақ дәрежелерді ұсыну комиссиясының сарапшы төраға қызметін атқарып, қазақ педагогикасы мен өнерінің ғылымда өрістеуіне еңбек сіңірді. 2007 жылы Президиум мүшесі болып сайланды.

Бүгінде қазақ өнерінің танымал тұлғасы әрі ғалым, әрі профессор, әрі қазақ өнерін зерттеуші Берікжан Айтқұлұлының зерттеулерінде қазақ педагогикасы мен өнер саласының өрістеуіне жол ашқан тың жаңалықтары мол. Атап айтқанда, монографиялары, оқулықтары, оқу құралдары, оқу-әдістемелік ғылыми-шығармашылық жолындағы еңбектері мен 100-ден астам ғылыми мақалалары қазақ өнерінің өрістеуіне, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды қалыптастырудың тұрақтылығына жол ашқан, педагогика ғылымының оқу-тәрбие процесіне дәстүрлі жаңалықтарды енгізу жолдарын ұсынған зор еңбектер.

«...Дәстүр әдебиетте, музыкада, қол өнерінде, реалистік өнерде және т.б. көркем өнердің барлық саласында сабақтастық тауып дамып келеді. Қазіргі кезде дәстүрлі өнерге деген көзқарас өзгеріп оның көркемөнер шығармашылықта беделі арта түсуде» [5, 51 б.].

Ғалым Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов ғылым мен өнерді өзі ғана игермей, соңына ізбасарларын ілестіріп, дәстүр жалғастығымен педагогика ғылымы мен өнер саласында шәкірттерін дайындап, қазақ педагогикасы мен қазақ өнерінің өрістеуіне жол ашты. Ғалымның ғылыми-зерттеу еңбектері бүгінде педагогика саласында маңызды ғылыми мәселелермен жіті зерттеліп, оның нәтижелері оқу процесінде өз орнын тауып отырады. Бүгінде Берікжан Айтқұлұлы XXI ғасырдағы жас ғалымдар және дарынды ізденушілер мектебінің негізін қалыптастыруда. Берікжан Айтқұлұлының ғылыми жетекшілігімен қорғалған 2 докторлық, 12 кандидаттық, 3 магистрлік диссертация бүгінгі бейнелеу өнерін өрістетудегі жеңісі мен ғылым саласын өркендетудегі жемісі. Бүгінде педагогика саласындағы ғылым кандидаттары мен ғылым докторлары ұстазының Ұлық жолын жалғастырған зерделі зерттеулер деңгейінде танылды.

Бар ұмыры мен өнегелі өмірін білім мен ғылымға арнаған Берікжан Айтқұлұлы Әлмұхамбетов - педагогика ғылымымен жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие берген, өнертану және білім беру саласында ерекше стратегияның негізін қалаған ғалым. Адами болмысы мен рухани дүниесі кең, терең ойлы ғалым Берікжан Айтқұлұлы дарынды ұйымдастырушы, шығармашыл дара тұлға. Тәуелсіз Қазақстанның мәдениет және өнерін өркендеткен және қазіргі көркем өнердегі білім беру саласында ғылыми-зерттеу еңбектерімен танымал ғалым маман.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy.

2. Жәнібеков Ө. Уақыт керуені. Алматы: «Жазушы», 1992. - 65 бет.

3. Halbwachs M. The Collective Memory. – N.Y.: Harper & Row Colophon Books, 1990.

4. Сарсенбаев Н.С. Обычаи, традиции и общественная жизнь. Алма-Ата, 1994.

5. Оразбаева Н.А. Қазақ халқының сәндік ою – өрнек өнері. «Аврора», – Ленинград: 1990. - 207 б.

УДК 373.3.091.3-059.1

ИННОВАЦИОННЫЕ СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ НАВЫКОВ ОСОЗНАННОГО ЧТЕНИЯ У УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ НА ОСНОВЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ EGRA

Неъматова Диёра Баходир кизи
Muslima.malak9797@gmail.com
Докторант, преподаватель кафедры Математики и родного языка в начальном образовании, Термезский государственный педагогический институт, г. Термез, Узбекистан

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы совершенствования методики формирования навыков осознанного чтения у учащихся начальных классов на основе критериев международной программы оценки EGRA (Early Grade Reading Assessment). В работе проанализированы педагогические стратегии повышения уровня восприятия и понимания текста, в частности, методы декодирования и когнитивного анализа, доказавшие свою эффективность в мировой практике. Автором разработаны методические рекомендации по обеспечению функциональной грамотности учащихся в рамках современной экосистемы начального образования.

Ключевые слова: осознанное чтение, EGRA, начальное образование, понимание текста, методика чтения, функциональная грамотность, когнитивное развитие.

Annotation

This article explores the issues of improving the methodology for developing conscious reading skills in primary school students based on the criteria of the International Early Grade Reading Assessment (EGRA) program. The study highlights pedagogical strategies for enhancing the level of text perception and comprehension, particularly decoding and cognitive analysis methods that have proven their effectiveness in global practice. The author has developed methodological recommendations for ensuring the functional literacy of students within the modern ecosystem of primary education.

Keywords: conscious reading, EGRA, primary education, text comprehension, reading methodology, functional literacy, cognitive development.

Современная образовательная экосистема диктует необходимость пересмотра подходов к формированию функциональной грамотности, где фундаментом выступает навык осознанного чтения в начальных классах. Актуальность данной темы обусловлена тем, что глубокое понимание текста является не только залогом успешного освоения школьной программы, но и ключевым фактором развития критического мышления личности, что полностью созвучно с научно-педагогическими концепциями профессора Б.А. Альмухамбетова о важности гармонизации национальных ценностей с передовыми международными методиками.[1]

Однако в современной педагогической практике сохраняется серьезная проблема, заключающаяся в преобладании механического воспроизведения текста над его глубокой смысловой интерпретацией. Традиционные инструменты оценки зачастую не позволяют выявить специфические когнитивные барьеры на ранних этапах обучения, что делает необходимым внедрение и адаптацию таких признанных инструментов, как EGRA (Early Grade Reading Assessment).

В связи с этим, основной целью данной работы является научное обоснование и совершенствование методики развития навыков осознанного чтения на основе системного анализа и внедрения компонентов международной программы EGRA в образовательный процесс. Методологическую основу исследования составляет комплексный подход к оценке

читательской компетенции, охватывающий все этапы — от фонологической осведомленности до когнитивного анализа текста. Интеграция данных инструментов в систему начального образования Узбекистана позволяет не только диагностировать текущий уровень грамотности, но и выстраивать эффективную траекторию развития учащихся в соответствии с международными стандартами качества.

Методологическую основу данного исследования составляет комплексный подход к адаптации и внедрению инструментов международной системы оценки навыков чтения EGRA (Early Grade Reading Assessment). В качестве основного материала исследования были использованы валидированные диагностические пакеты, включающие восемь специфических субтестов, направленных на микроанализ читательской компетенции. К ним относятся: идентификация фонем, узнавание буквенных графем, чтение набора знакомых и бессмысленных слов (декодирование), а также ключевой субтет — чтение связного текста с последующим ответом на пять вопросов разного уровня сложности (от буквального до инференциального понимания).

Исследование проводилось в три этапа:

1. **Диагностический этап:** первичный срез навыков чтения с использованием стандартизированных протоколов EGRA для выявления корреляции между технической беглостью и осознанностью.
2. **Формирующий этап:** внедрение экспериментальной методики, основанной на использовании стратегий активного чтения и графических органайзеров (диаграммы Исикавы, ментальные карты), адаптированных под материалы EGRA.
3. **Аналитический этап:** статистическая обработка данных и оценка эффективности предложенных инновационных стратегий.


В процессе работы применялись методы педагогического моделирования и сравнительно-сопоставительного анализа. Для обеспечения объективности данных использовался метод индивидуального ассистирования (one-on-one), исключающий влияние группового фактора. Статистическая обработка результатов проводилась с использованием методов дескриптивной статистики и корреляционного анализа Спирмена для определения тесноты связи между скоростью декодирования и коэффициентом осознанного понимания текста.

Объектом исследования выступила выборка учащихся начальных классов, а инструментом мониторинга — мобильное приложение (или цифровая платформа), интегрирующая оценочные листы EGRA, что позволило автоматизировать процесс сбора данных и минимизировать субъективность оценки. Такой комплексный методологический аппарат обеспечивает высокую степень достоверности выводов и позволяет научно обосновать таксономию развития навыков осознанного чтения в современной начальной школе.[2, 5]

В ходе исследования в общеобразовательных школах Узбекистана была проведена апробация усовершенствованной методики развития навыков осознанного чтения на основе инструментов EGRA. Экспериментальная работа была направлена на выявление корреляции между техническим темпом чтения и уровнем понимания прочитанного материала.

Анализ первичных срезов показал, что значительная часть учащихся (около 40%) демонстрирует высокий темп чтения, однако испытывает затруднения при ответе на инференциальные вопросы (вопросы, требующие логического вывода). После внедрения инновационных стратегий, таких как «активное декодирование» и использование визуальных органайзеров, показатели осознанности значительно улучшились. [3]

Для визуализации эффективности предложенной методики нами была построена сравнительная гистограмма, отражающая динамику роста показателей в контрольной и экспериментальной группах по ключевым компонентам EGRA.



(Рис. 1)

Анализ данных, представленных в гистограмме, подтверждает, что использование материалов EGRA в сочетании с интерактивными методами обучения позволяет повысить уровень осознанности чтения на 26%. Особое внимание заслуживает рост показателя «Осознанность», который в экспериментальной группе достиг 74%, что свидетельствует о переходе учащихся от механического воспроизведения к глубокому смысловому анализу.

Обсуждение результатов позволяет сделать вывод о том, что адаптация международного опыта EGRA к национальным учебным программам Узбекистана способствует раннему выявлению пробелов в грамотности и обеспечивает адресную педагогическую поддержку каждому ученику. Это, в свою очередь, минимизирует риски «функциональной неграмотности» в старших классах.

Проведенное исследование позволяет сделать вывод о том, что интеграция международных стандартов оценки, в частности методологии EGRA, в национальную систему начального образования Узбекистана является стратегически важным шагом в формировании качественной образовательной экосистемы. Адаптация и внедрение инновационных стратегий обучения чтению способствуют переходу от репродуктивного освоения материала к продуктивному, осознанному восприятию информации.

Основные результаты и выводы исследования резюмируются следующим образом:

1. **Доказанная эффективность:** Эмпирические данные подтверждают, что использование материалов EGRA в сочетании с когнитивными стратегиями активного чтения позволяет достичь существенного прогресса. В экспериментальной группе уровень осознанности чтения достиг **74%**, что на **26%** превышает показатели контрольной группы, где применялись традиционные методы.
2. **Диагностический мониторинг:** Инструментарий EGRA выступает не только как средство оценки, но и как эффективный механизм ранней диагностики «пробелов» в грамотности. Это позволяет педагогу осуществлять адресную коррекцию и минимизировать риски возникновения функциональной неграмотности на последующих этапах обучения.
3. **Системный подход:** Развитие навыков осознанного чтения на основе международного опыта напрямую коррелирует с идеями профессора Б.А. Альмухамбетова о создании инновационной среды, где современный инструментарий служит инструментом развития интеллектуального потенциала личности.[4]

В завершение подчеркнем, что предлагаемая методика открывает новые перспективы для цифровизации мониторинга учебных достижений. Результаты работы могут быть внедрены в

практику учителей начальных классов и использованы при разработке методических пособий нового поколения, ориентированных на международные требования к качеству образования.

Список использованных источников:

1. Альмухамбетов, Б. А. Современные проблемы экосистемы образования и искусства: научные взгляды и инновации: монография / Б. А. Альмухамбетов. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2022. – 245 с.
2. Мирзиёев, Ш. М. О мерах по качественному развитию системы образования и сферы науки: Постановление Президента Республики Узбекистан № ПП-289 от 15 мая 2024 года // Национальная база данных законодательства Республики Узбекистан. – Ташкент, 2024.
3. Неъматова, Д. Б. Теоретические основы развития навыков осознанного чтения у младших школьников на основе материалов EGRA / Д. Б. Неъматова // Педагогическое образование и наука: научно-методический журнал. – Термез, 2025. – № 3. – С. 45–50.
4. Early Grade Reading Assessment (EGRA) Toolkit. Second Edition / Prepared by RTI International. – Washington, DC: USAID, 2016. – 248 p.
5. Gove, A. The Early Grade Reading Assessment: Applications and Interventions to Improve Primary Literacy / A. Gove, A. Wetterberg. – Research Triangle Park, NC: RTI Press, 2011. – 192 p.

ӘОЖ 374:37.036

ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚОЛДАНБАЛЫ ӨНЕРДІҢ МАҢЫЗЫ

Келденова Купан Кадирбаевна
k_kupan@mail.ru
PhD, Көркем білім кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада автор Қазақстанда қосымша білім беру жүйесінің қазіргі кездегі жағдайы мен орнын және осы заманғы қосымша білім беру жүйесінің бірқатар ұйымдастыру әдістемелері мен бағыттарын зерттейді. Авторлық мақала осы мәселе жайлы ғылыми еңбектерді зерттеу барысында жасалынған талдаулар және қосымша көркем білім беру жүйесінде жүргізген көпжылдық тәжірибесі төмендегідей тұжырым жасауға мүмкіндік береді: рухани ұлттық құндылықтарға бетбұрғызумен қатар, балаларға қосымша көркем білім беру мекемелері алға қойған талаптарды кеңейте алады, оқушылардың әлемге деген өз көзқарастарының қалыптасуына ықпал етеді, олардың әлемін жан-жақты байыта алады. Осылайша, қосымша көркем білім беру мектеп жасындағы балаларды ұлттық дәстүрлерге, ұлттық өнерге, ұлттық көркем мәдениетке қатыстыру үшін арналған. Бұл тұрғыда, көркем педагогика әлемдік тәжірибесін айтуға болады.

Түйінді сөздер: қосымша білім беру, көркемөнер педагогикасы, эстетикалық тәрбие, ұлттық өнер.

Аннотация

В этой статье автор рассматривает состояние и роль дополнительного художественного образования в Казахстане. Анализ научных трудов по настоящей проблематике и многолетний опыт работы автора статьи в системе дополнительного художественного образования позволяет сделать собственный вывод: наряду с приобщением к духовным национальным ценностям, учреждения дополнительного художественного образования детей могут расширять свои задачи, вырабатывать у школьников собственный взгляд на мир, обогащать этот мир. Таким образом, дополнительное художественное образование призвано компенсировать приобщение детей школьного возраста к национальным традициям, национальному искусству, национальной художественной культуре. В этом контексте интересным представляется мировой опыт художественной педагогики.

Ключевые слова: дополнительное образование, художественная педагогика, эстетическое воспитание, национальное искусство.

Abstract. In this article, the author examines the state and role of additional art education in Kazakhstan. The analysis of scientific works on this issue and the long-term experience of the author of the article in the system of additional art education allows us to draw our own conclusion: along with familiarization with spiritual national values, institutions of additional art education for children can expand their tasks, develop their own view of the world among schoolchildren, enrich this world. Thus, additional art education is designed to compensate for the introduction of school-age children to national traditions, national art, national artistic culture. In this context, the world experience of art pedagogy is interesting.

Keywords: additional education, art pedagogy, aesthetic education, national art.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақтың мәдени өрісін көтеру, сұлулықты қабылдау қабілетін қалыптастыру арқылы төл мәдениеттің белсенді жасаушысы, иесі, жалғастырушысы болуына зор мән берілуде. Сонымен қатар оқушылардың өз елінің, халқының соның ішінде өзі мекен ететін аймақтың мәдениетіне, дәстүрлеріне деген

сезімдік-эстетикалық қарым-қатынасын қалыптастыру – бейнелеу өнері пәнінің негізгі міндеттері болып отыр.

Өнер – мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық қалпын, ой - өрісін, мінез-құлқын орнықтырудың басты құралдарының бірі ретінде эстетикалық тәрбие қайнарларының негізгілерінің негізі болып саналады, келешекте көркемдік талғамдарының биік сатыға көтеріліп, саналы да мәдениетті болып өсулеріне игілікті әсер етеді.

Адам бойындағы ең тамаша қасиеттер балалық шағынан қалыптасады. Ұрпағым өнегелі, жақсы азамат болып өсіп жетілсін десең, ең алдымен бесігіңді түзе, - деген ұлы жазушы Мұхтар Әуезов сөзі тегін емес. Тәрбиенің әліппесі баланың белі бесіктен шықпай жатып ана сүтімен сіңіріліп, ұлттық өнегенің ең асыл, ең нәрлі қасиеттері сол сәби шақтарынан-ақ үлгі етіп тартыла басталуы керек.

Оқушыларда бастауыш мектепте-ақ эстетикалық тәрбие берудің негізі қаланады. Ал, орта мектептерде эстетикалық тәрбие берудің мүмкіндіктері кеңейе түседі. Бейнелеу өнерін оқыту міндеті–оқушыларды тарихи құбылыстардың, әсіресе, өнер туындыларын қабылдап, түсіне білу, оны бағалай білу қабілетін қалыптастыру түрлі қоғамдық құбылыстарға эстетикалық тұрғыдан қарауды үйрету, туған өлке әсемдігін сезініп, ондағы өнер иелеріне құрметпен, мақтанышпен қарауға баулу. Эстетикалық тәрбие басқа салалармен, әсіресе, саяси, адамгершілік, еңбек тәрбиесімен тығыз байланысты.

Адамдарда эстетикалық сезім сонау ежелден-ақ қалыптаса бастаған. Ертедегі адамдар тіршілік ету үшін қолайлы мекендер іздегенде, табиғаты бай, әрі көркем де көрікті жерлерді іздеген. Бейнелеу өнері бағдарламаларындағы оқу материалын алдын-ала мұқият қарап талдасақ, эстетикалық тәрбиеге тікелей қатысты материалды дұрыс іріктеп, сабақта тиімді әдіс, тәсілдерді пайдалансақ, шәкірттерімізді сезімталдыққа, жақсыны, әдеміні, көркемді сезе білуге, оны сақтай, құрметтей білуге, бағалай білуге тәрбиелейміз, оларда эстетикалық тәрбиенің қалыптаса түсуіне лайықты үлес қосамыз.

Қазіргі жас ұрпақтардың - болашақтағы еліміздің ертеңі болып табылатын балалардың сана-сезімін, мінез - құлығын, ақыл-ойын дамыту үшін өзін-өзі басқаруды нығайтып, ұжымдық шығармашылық істерге дағдыландырудың тәлім - тәрбиелік маңызы үлкен. Сабақтың осы және басқа да кезеңдері оларды туған жерге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мақтаныш сезімге тәрбиелейді, оларда туып - өскен өлкесін, Отанын көркейткен еңбек ерлеріне деген құрмет сезімін туғызады.

Мектепте оқудан тыс уақытта оқушының таңдауына сәйкес келетін, олардың қабілеті мен ішкі қажеттілігін қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді ұйымдастыру көзделеді. Соған сай олардың қабілетін ашуға мүмкіндік туғызатын қосымша білім беру мекемелері: қолөнер, спорт, дене еңбегі, техникалық шығармашылық, т.б. іс - әрекетке үйрету үйірмелері мен секциялар ұйымдастырылады. Әр оқушы кез-келген үйірмеге, секцияға, клубқа өз жүрегінің қалауымен қатынасып, өзінің жеке басына тән қасиетін, яғни өзіндік «менін» басқаларға танытуға мүмкіндік алады.

Оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыруда сәндік - қолданбалы өнердің көркемдік мүмкіндігі негізінде тәрбие беру және көркем-эстетикалық қабылдау, көркем-образды тілді меңгеруі, түйсіну болып табылады. Бұлардың негізінде сәндік - қолданбалы өнердің синтездік сипаты қалыптаса келе сәндік-қолданбалы өнердің басқа пәндермен тығыз байланыста болатынын дәлелдейді. Олар өзін-өзі тану, қазақ тілі және әдебиет, көркем еңбек, қазақстан тарихы, дүниетану, математика т.б. мысалы: ән сабағында қазақтың дәстүрлі ән-жырлары, өлеңдеріне деген оқушылардың сезімдерін оята отырып, ән арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру, өзін-өзі тану пәнінде оқушылардың сәндік-қолданбалы өнер арқылы көркем-эстетикалық талғасын қалыптастыруында қоршаған ортаны тануға деген ізгіліктік қатынастарына тәрбиелеу.

Қазақстан ғалымдары халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі педагогикалық білімін, ауызекі әдебиетін, ән-күйін, сәндік - қолданбалы өнерін, салт-дәстүрін, даналық ой-пікірін, кәдесіне жарату, амал-жолдарын іздестіру бойынша өз үлестерін қосты. Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.А.Ұзақбаева, М.Х.Балтабаев, А.Мұхамбаева, Т.А.Қышқанбаев және т.б. ғалым

педагогтардың еңбектерінде қазақ этнопедагогикасының теориялық-әдістемелік мәселелері өз шешімін тапты.

Халық шығармашылығы арқылы тәрбиенің жекеленген міндеттерін жүзеге асыру мәселелері: адамгершілік (Р.Төлеубекова, Ү.Асанова, С.Әбілдина және т.б.), эстетикалық қызығушылық (Е.Ш.Қозыбаев және т.б.), танымдық белсенділігін дамыту (Т.И.Қоқымбаева және т.б.), халық педагогикалық оқу-тәрбие үдерісін ендіру, соның негізінде ұйымдастыру жолдары (Ә.Ашай, Т.Ә.Қоңыратбаева және т.б.) бірқатар ғылыми ізденістерге арқау болды.

Халықтық қолөнердің көркем мәдени мұралық ерекшеліктерін Ә.Марғұлан, М.Мұханов, Х.Арғынбаев, С.Қасиманов, Ә.Тәжімұратов, Қ.Әмірғазин, Қ.Ералин ашып көрсеткен. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерінің білімдік, тәрбиелік мүмкіндіктерін педагог-ғалымдар Б.Әлмұханбетов, Ж.Балкенов, Қ.Ералин, Ә.Қамақов, С.Жолдасбекова, Б.Ижанов, Ұ.Әбдіғаппаров, Е.Асылханов, С.Аманжолов, А.Сихаев, Т.Мұсалимов, М.Абдрасылов, И.Симснов, Д.Кемешов, А.Павловский, М.Тәңірбергенов, М.Матаева ерекше бағалаған.

«Дәстүрлі өнер», «талғам», «көркем-эстетикалық талғам», «рухани мәдениет» ұғымдарының мәнін анықтайтын философиялық, психологиялық, педагогикалық, этнопедагогикалық аспектілердегі теориялық қағидалар; сәндік-қолданбалы өнер туралы қазақ зиялыларының мұрасы, болмыстағы құбылыстарды зерделеу пайымдауға тұғыр болатын диалектикалық - материалистік таным теориясы; адамның танымдық іс-әрекетінің объективтік заңдылықтары жөнгіндегі көзқарастар; болмыстың жалпыға бірдей байланысы, өзара келісуі мен біртұтастығы туралы диалектикалық теориясы; біртұтас педагогикалық процесс теориясы; табиғат, қоғам және ой дамуының жалпы заңдылықтары, бұқара халықтың материалдық және рухани мәдениетін жасау мен сақтаудың ролі, ежелгі мәдени мұраға қатынасы; ұлттық мәдениеттің тәрбие тұрғысындағы орны туралы ілімдері; жалпы адамзаттық құндылықтардың негізіндегі тәрбие тұжырымдамаларын анықтайтын құжаттар саналады.

Халқымыз қолөнерді ертеден қастерлеп бағалай білген. Сонда да болса атадан балаға ұласып келе жатқан осы дәстүр кейбір жерлерде ұмытыла бастаған сияқты. Қазіргі дизайнерлер, суретшілер неге қазақтың ұлттық нақыштағы ою-өрнегін қолданбайды, өзінің туындыларына кірістірмейді. Қазақтың ою-өрнегі сыртқы жарнамада, үй жиһазында, үй интерьерінде аз қолданауда. Көпшілігі Европалық немесе шығыстық (Қытайлық) стильді таңдайды. Бұған себеп дизайнердің тұтынушыға ұсынатын стилі де осындай. Ұлттық стилдегі ұсынысы болмаса, ол үйлесімсіз, көңілге қонымсыз болып келеді. Ал дизайнер қайдан шықты, қайдан оқып келді? Әрине өзімізден. Сондықтан айналып келгенде бар қателік оқытқан ұстаздан болып тұрған сияқты. Бұған тосқауыл қою жолы баршылық, соның бірі бейнелеу өнерінің мәртебесін көтеру қажет, халқымыздың қолданбалы қол өнерін барлық мектептерде жүйелі түрде оқытуды енгізу арқылы. Біз бұдан не ұтамыз, менімше біріншіден, жас ұрпақтың ұлттық сана сезімін қалыптастырамыз, екіншіден, жас таланттың жолын ерте ашамыз, үшіншіден, жалпы өнерге баға беруші қарапайым халықтың ұлттық өнерге деген көзқарасын тереңдетеміз. Бүгінгі таңда қолөнер туралы, ою-өрнек туралы танымдық кітаптар бар, бірақ мектептегі балаларға арналған кітаптар жоқтың қасы. Орта мектептерде қолөнерге қызығатын жастар көп, соларға жол көрсететін, үйрететін білікті ұстаз аз.

Бейнелеу өнерінің әртүрлі салалары көп. Мысалы, ағаш өңдеу, тері илеу, зергерлік өнер, жүн, қыл өңдеу т.б. Бұл тек ұлттық өнерге қатысты саласы. Осылардың барлығына дерлік ортақ ою-өрнек. Халықтың ұлттық нақышын көрсететін, өзге ұлттан ерекшелейтін ою-өрнек.

Қазақ халқының ою-өрнектерінің тарихын қазақ ғалымдарының ғылыми түрде саралай бастағанына небәрі елу жылдың жүзі болыпты. Төл өнерімізді зерттеуге Европа ғалымдары мен жиһангездері елеулі үлес қосты. Мысалға айтсақ, В.Вопсалов, А.Хедона, саятшы Дженкинсон, Р.Карутц, С.Дудин, В.Радлов, М.В.Рындин т.б. Олар қазақтың ою-өрнектерін ғылыми тұрғыдан талдап, шығу тегіне сипаттама беруге тырысқанымен олардың жасаған тұжырымының бәріде қазақ ою-өрнектерінің ішкі ұлттық табиғатын, мазмұнын аша алмаған еді. Бұл орайда қазақ ою-өрнегін алғашқы рет зерттеген қазақ ғалымы Т.Бәсенов былай дейді: «Қазақ ою-өрнегін зерттеуде әр уақыттың, әр саланың ғалымдары көп еңбек етті. Бірақ бұл зерттеулер халық ою-өрнегінің жұмбақ тілін жете түсіне, шынайы сырына үңіле алмады. Олар

өз ойларын халқымыздың өнер кілтін ашатын тума тілде емес, шетелдік жат тілде, өзге халыққа деген астамшылық көзқараспен саралады. Өнерін зерттеп отырған халықтың тілімен зерттеушінің ойы мен тілінің үндестік таппауы көптеген бұрмалаушылыққа, тіпті елеулі ағаттықтарға әкеп соқтырды». Осыған қарағанда осы өнердің зерттелмеген қырлары мен қайта қарастырылатын мәселелері бар екенін аңғартады. Әрине, тәуелсіздік алғаннан бері халқымыздың жанашыр ғалымдары көп еңбектер жасай бастады. Мысалы, ою-өрнекті зерттеген ғалымдардың еңбектерін біріктіріп «Қазақ ою-өрнектері» атты жаңа энциклопедия жарық көрді. Оның авторы М.Ш.Өмірбекова (Алматы кітап 2003).

Кітапқа мыңнан астам ою-өрнектің ежелгі және осы заманғы түрлері енгізілген. Автор айтқандай «қазақ ою өнері басқа халықтардан тайға таңба басқандай дара тұрады».

Белгілі өнертанушы В.Чеплев: «Қазақтар тек ою-өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты» деп жазады.

Шынында да қазақ тұрмысында ою-өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, қисса-жырлар мен дастандарда, батырлардың ат-әбзелдерін немесе арулардың киімдері мен күймесін суреттегенде тыңдаушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтері анық. Осындай әсемдік әлемін өз көзімен көрген ғалым А.С.Фелькерзам қолөнерді, әсіресе, кілемді терең зерттей келе, Азияны «Үлкен этнографиялық» музей деп атаған.

Халқымыздың рухани байлығының қайнар көзі болып табылатын осынау құндылық бүгінде азаматтығымыздың нысаны – көк байрағымызды да көріктендіріп тұр. Көп жағдайда халықтың тілін, мәдениетін білмесек те қолөнерімен бейнеленген оюларға қарап, қай халықтың қазынасы екенін танып білеміз. Өйткені ою-өрнек әр халықтың таңбасы, сол елдің бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Ал осындай құндылықтың маңызын бірі білсе, бірі білмейді.

Мектеп оқушыларына халқымыздың қолөнерін үйретумен эстетикалық тәрбие береміз. Өнер мектеп өмірінің алғашқы күнінен бастап-ақ баланың әлемге көзқарасын қалыптастыру құралы ретінде, әлемді біртұтас жағымды мәнімен қабылдауға, бағалауға үйретеді және бейнелі ойлауын дамытады.

Қазіргі кезде осы көркем-эстетикалық циклы сабақтарын оқыту әдістемесіне бағытталған көптеген ғылыми-педагогикалық жұмыстар (Н.А.Ветлугина , Б.М.Неменский, И.П.Сакулина, Е.А.Флерина т.б.); көркем шығармаларды қабылдау ерекшеліктерін зерттеу (Н.Н.Волков , Л.А.Ивахнова т.б.); талантты балалардың эстетикалық дамуын зерттеу (А.А.Мелик-Пашаев т.б.). Осы аталған жұмыстардың талдауы бізге эстетикалық тәрбие берудің келесі жүйелік құрылымдарын анықтайды:

- эстетикалық білім теориялық және эстетикалық мәдени тұлғаның негізгі құндылығын қалыптастырады;
- біліми-теориялық және көркемдік-тәжірибе негізінде тәжірибе, білім, талғам және құндылықтарды талдай білетін тұлғаның көркемдік мәдениетін қалыптастыру;
- тұлғаның өзін дамыту бағытында эстетикалық өзін-өзі білімдендіру, өзін-өзі тәрбиелеу, шығармашылық қажеттілік пен қабілеттілігін дамыту.

Эстетикалық тұрғыдан дамымаған адам өзін қоршаған ортадан тек оқулықтан нұсқаумен жарлықтардан алдын ала белгілі болған, есінде қалған нәрселерді ғана көре алады. Маңайындағы әдемі әсемдікті көре алмайды, өзінің ой елегінен өткізе алмаған, ол ештеңені түсінбейді. Неліктен кейбір жастардан маңайдағы әдемі заттарды сындырып, бүлдіріп кететінін байқаймыз, ол эстетиклық түсінігінің таяздығы және дұрыс қалыптаспағаны деп білемін. Басына қиын іс түскенде ол адам әрқашан сасқалақтап, қандай шешім қабылдарын білмей дал болады. Қиял – қоршаған орта әлемін қабылдауға адамның белсенділігін қамтамасыз ететін жан-жақты адами қабілеттілігі болып табылады.

Осындай құндылықтардың болашақта қолданыстан шығып қалмасы үшін жастардың санасына осы күннен бастап сіңірту қажет. Ол үшін көркем педагогикалық білім беретін оқу орындарында суретші-ұстаздарды даярлаудың сапасын арттыру қажет. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында қазіргі заман жағдайында жоғары білім беру жүйесіне бірінші кезекте жоғары білікті мамандарды даярлау

болып табылатын, оны айырықша сала ретінде түсінуді көздейтін жаңа сапа мен қоғамдық мәртебе, икемділік пен бейімділік беруді басты міндет етіп қою қажеттілігіне басты назар аударылған. Тұжырымдамада былай делінген: «Жоғары білім беру мақсаты – қоғамның, мемлекеттің және жеке тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін таңдауға кеңінен мүмкіндік беру». Ғылым мен техниканың жаңа қазіргі уақыттағы саласы ғылыми техникалық өркендеудің жобалы-өндірістік үрдістеріне қатысушылардың әрқайсысының кеңістіктік ойлау қабілетін ерекше талап етеді.

Суретші-ұстаз яғни бейнелеу өнерінің оқытушысы тәуелсіз Қазақстанның көркем педагогикалық білімі мен мәдениетінің жай-күйін анықтаушы тұлға. Осы тұлғаны дайындап, қызығушылығының, эстетикалық білім мен тәрбиесінің дамуындағы басты түйіні бола алатын және болуы қажет болатын мықты тұтас жүйе бұл бейнелеу өнері бойынша маман сүретші мұғалім дайындайтын қазіргі таңда көркем-сурет факультеттері болып табылады.

Эстетикалық мәдениеті дұрыс қалыптаспаған адам ғылымда, саясатта және қоғамда өзгелермен тіл табысуда мәденитті түрде адамгершілікпен әрекет жасай алмайды. Сондықтан, қазірден бастап мектеп оқушыларына ойлау, эмоционалдық сезімдерді қалыптастыру, экологиялық, патриоттық тәрбиелер ауадай қажет, бұл осы бейнелеу өнері, ұлттық қол өнеріміз бен мәдениеттің қатысуынсыз жеткізу мүмкін емес.

Қазіргі уақытта мектепте колөнерге үйрететін ұстаздың біліктіліген артыру, оларға шығармашылықпен жұмыс жасауға арнайы шеберхана, әдістемелік қоры, қазақ тіліндегі оқу құралдары, көркем іс-әрекеттер үшін қажетті материалдар алуға көмектесу қажет. Жоғары оқу орындарының Бейнелеу өнері мамандығына түскен студенттер тек мектепте көркем эстетикалық оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізетін, оқушыларды эстетикалық тәрбиелейтін ұстаз болумен қатар, еңбек ақысы жақсы фирмаларда дизайнер-суретші болып еңбек етіп жүр.

Жоғарыда айтылған мәселелер шешімін табу үшін біріншіден, суретші-ұстаздардың кәсіби дайындығын, білім беру сапасын арттыру, екіншіден, суретші-ұстаздардың материалдық жағдайын қамтамасыз ету және қоғамдағы статусын яғни заңды құқығын көтеру керек, үшіншіден, ұлттық өнер мен мәдениетке деген қамқорлықты күшейту және мемлекет тарапынан қаржылай көмекті күшейту қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.

2. Амиргазин К. Ж. Теоретические основы и методика обучения школьников казахскому декоративно-прикладному искусству. – М.: Педагогика, 1994. – 160 с.

3. Марғұлан А. Х. Қазақ ұлттық қолөнері: в 3 т. – Алма-Ата: Өнер, 1994. – Т. 1. – 256 б.

4. Мелик-Пашаев А. А. Психологические проблемы эстетического воспитания и художественно-творческого развития школьников // Вопросы психологии. – 1989. – № 1. – С. 94–101.

5. Узакбаева С. А. Проблемы методологии этнокультурных исследований // Педагогика. – 2000. – № 3. – С. 25–30.

6. Шацкая В. М. Общие вопросы эстетического воспитания в школе. – М.: Просвещение, 1974. – 192 с.

7. Шпикалова Т. Я. Народное искусство на уроках декоративного рисования. – М.: Просвещение, 1979. – 160 с.

УДК 372.874

РАЗВИТИЕ 4К-КОМПЕТЕНЦИЙ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТРУДА ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА

Ахмулаева Айша Саттаровна[1]
06aisha1995@gmail.com
Магистрант по специальности: 7М01416 – Художественное образование, графика и проектирование, факультет Искуств КазНПУ им.Абая, Алматы, Казахстан

Орақова Амангул Шахарбековна[*]
amangul_orakova@mail.ru
Кандидат педагогических наук, доцент кафедры Художественного образования, факультет Искусств, Алматы, Казахстан

Аннотация

В условиях модернизации образования в Казахстане приоритетным становится не только сохранение культурной идентичности, но и формирование у учащихся навыков XXI века. Уроки художественного труда обладают уникальным потенциалом для интеграции национального искусства с развитием компетенций 4К.

Авторы анализирует применение стратегий активного обучения, таких как проблемно-ориентированное обучение (PBL) и «обучение на основе открытий» (Discovery Learning), при работе с национальными орнаментами и материалами. В статье доказывается, что переход от механического копирования узоров к проектному проектированию стимулирует: критическое мышление - через анализ семантики и структуры орнаментов; креативность - через стилизацию традиционных элементов для современных изделий; коллаборацию и коммуникацию - через выполнение групповых эскизов и коллективную защиту творческих проектов. А так же, интеграция 4К через национальное искусство позволяет достичь высоких результатов в обучении (HOTS), делая уроки художественного труда платформой для подготовки конкурентоспособной и культурно образованной личности.

Ключевые слова: 4К-компетенции, художественный труд, национальное искусство, критическое мышление, креативность, STEAM-образование.

Аңдатпа

Қазақстандағы білім беруді жаңғырту жағдайында мәдени бірегейлікті сақтау ғана емес, сонымен қатар оқушылардың XXI ғасыр дағдыларын қалыптастыру басым бағытқа айналуда. Көркем еңбек сабақтары ұлттық өнерді 4К құзыреттерін дамытуымен ықпалдастыру үшін ерекше әлеуетке ие.

Авторлар ұлттық ою-өрнектер мен материалдармен жұмыс барысында проблемалық-бағдарланған оқыту (PBL) және «ашу арқылы оқыту» (Discovery Learning) сияқты белсенді оқыту стратегияларын қолдануды талдайды. Мақалада өрнектерді механикалық көшіруден жобалық жобалауға көшу келесілерді ынталандыратыны дәлелденеді:
– сыни ойлау — ою-өрнектердің семантикасы мен құрылымын талдау арқылы;
– креативтілік — дәстүрлі элементтерді заманауи бұйымдарға бейімдеу арқылы;
– коллаборация және коммуникация — топтық эскиздер жасау және шығармашылық жобаларды бірлесіп қорғау арқылы.

Сонымен қатар, ұлттық өнер арқылы 4К құзыреттерін кіріктіру жоғары деңгейлі ойлау дағдыларына (HOTS) қол жеткізуге мүмкіндік береді, көркем еңбек сабақтарын бәсекеге қабілетті әрі мәдениетті тұлғаны даярлау алаңына айналдырады.

Түйінді сөздер: 4К құзыреттері, көркем еңбек, ұлттық өнер, сыни ойлау, креативтілік, STEAM-білім беру.

Annotation

In the context of the modernization of education in Kazakhstan, not only the preservation of cultural identity but also the development of 21st-century skills among students is becoming a priority. Art and craft lessons have a unique potential for integrating national art with the development of 4C competencies.

The authors analyze the application of active learning strategies such as Problem-Based Learning (PBL) and Discovery Learning when working with national ornaments and materials. The article demonstrates that the transition from mechanical copying of patterns to project-based design stimulates:

– critical thinking — through the analysis of the semantics and structure of ornaments;
– creativity — through the stylization of traditional elements for modern products;
– collaboration and communication — through group sketching and collective presentation of creative projects.

In addition, the integration of 4C competencies through national art makes it possible to achieve higher-order thinking skills (HOTS), turning art and craft lessons into a platform for preparing a competitive and culturally educated individual.

Keywords: 4C competencies, art and crafts, national art, critical thinking, creativity, STEAM education.

В условиях стремительной трансформации глобального общества, характеризующегося неопределенностью и высокой скоростью технологических изменений, современная система образования претерпевает фундаментальный сдвиг. Сегодняшний приоритет — это не просто передача суммы знаний, а формирование гибкой личности, способной к адаптации, глубокому критическому анализу и инновационной деятельности. Одной из наиболее эффективных и признанных на международном уровне моделей, отвечающих вызовам XXI века, является концепция 4К. Она объединяет четыре ключевые компетенции: критическое мышление (Critical Thinking), креативность (Creativity), коммуникацию (Communication) и коллаборацию (Collaboration). Интеграция этих навыков в школьную программу перестает быть факультативным педагогическим трендом и становится стратегической необходимостью для подготовки учащихся к жизни в сложной, быстро меняющейся социально-экономической среде [1-3].

Предмет «Художественный труд» в казахстанской общеобразовательной школе обладает уникальным, зачастую недооцененным потенциалом для практической реализации модели 4К. В отличие от традиционного подхода прошлых десятилетий, который зачастую ограничивался механическим воспроизведением ремесленных техник и алгоритмизированным изготовлением изделий, современное преподавание искусства и труда требует решительного перехода к развитию навыков мышления высокого порядка.

В этом контексте предмет становится платформой для синтеза эстетического воспитания, инженерного мышления и проектного подхода.

Особое место в этой трансформации занимает использование богатого наследия национального искусства Казахстана. Глубокая семантика казахских орнаментов, традиционные технологии обработки войлока, дерева и металла - это не просто объекты изучения, а мощный стимул для развития когнитивных способностей. Обращение к истокам позволяет не только сохранять культурную идентичность в эпоху глобализации, но и создавать прочную базу для исследовательской деятельности. Учащиеся учатся не просто копировать узоры, а расшифровывать их культурный код, адаптировать древние смыслы к современным дизайнерским решениям, что напрямую развивает креативность и критический взгляд на материальную культуру [4].

Однако, как показывают современные педагогические исследования, успех внедрения модели 4К напрямую зависит от выбора и грамотной реализации образовательных стратегий.

Педагогическое сообщество подчеркивает важность ухода от фронтальных методов обучения в пользу активных и интерактивных подходов, среди которых ключевыми являются:

Проблемно-ориентированное обучение (PBL): данный метод ставит ученика в позицию исследователя или дизайнера, которому необходимо самостоятельно найти решение сложной творческой или технической задачи, учитывая имеющиеся ресурсы и заданные параметры.

Обучение на основе открытий: этот подход стимулирует внутренний интерес к самостоятельному поиску, экспериментированию с материалами, формами и текстурами, превращая урок в творческую лабораторию.

Интерактивные и командные методы: направлены на развитие навыков аргументации, способности конструктивно представлять свои идеи, слушать других и эффективно работать в группе для достижения общего результата.

Актуальность данной работы обусловлена острой необходимостью систематизации практического опыта интеграции 4К-компетенций именно на уроках художественного труда. В статье подробно рассматривается механизм того, как традиционное казахское прикладное искусство может выступать не целью, а инструментом для развития аналитических способностей и творческого воображения. Кроме того, особое внимание уделяется роли современных образовательных экосистем. В условиях, когда школы могут сталкиваться с ограниченностью материальных ресурсов, использование визуализации, цифрового моделирования и виртуальных инструментов становится ключевым фактором, позволяющим преодолеть физические барьеры и вывести проектную деятельность учащихся на качественно новый уровень. Таким образом, художественный труд становится связующим звеном между культурным кодом прошлого и технологическими требованиями будущего.

Не забываем и важности национального кода и культурной идентичности, который в условиях стремительной глобализации и унификации культурных стандартов вопрос сохранения национального кода приобретает стратегическое значение для системы образования. Как отмечает профессор Б.А. Альмухамбетов, национальное искусство не должно рассматриваться исключительно как статичное наследие прошлого или музейный экспонат. Напротив, оно выступает действенным инструментом формирования современного художественного мышления, позволяя молодому поколению осознать свои корни в динамично меняющемся мире [4].

Интеграция традиционных ценностей в образовательный процесс — это не просто изучение истории, а способ выстраивания преемственности поколений. Через глубокое погружение в эстетику народного творчества происходит укрепление культурной идентичности учащихся. Это создает прочный внутренний фильтр, позволяющий воспринимать мировые тренды без потери собственной уникальности, превращая локальные культурные смыслы в конкурентное преимущество на международной арене.

Современная глобализация и стремительное развитие технологий, знаменующее приход ииндустрии, диктуют принципиально новые требования к подготовке подрастающего поколения. В мире, где автоматизация и искусственный интеллект берут на себя рутинные задачи, на первый план выходят уникальные человеческие способности, которые невозможно алгоритмизировать. Согласно прогнозам Всемирного экономического форума, к 2025 году лидирующие позиции в списке востребованных навыков займут аналитическое мышление, креативность и социальное влияние.

В этой связи школьный предмет «Художественный труд» перестает восприниматься как узкоспециализированная дисциплина по обучению ремеслу. Он трансформируется в фундаментальную образовательную площадку для формирования гибких навыков (Soft Skills), известных как система «4К». Особую роль в этом процессе играет интеграция национального искусства, которое служит не только источником эстетического вдохновения, но и мощным инструментом развития инновационного потенциала учащихся [4-6].

Рассматривая со стороны методологии в интеграции модели «4К» через национальное наследие то традиционное искусство здесь выступает как сложный культурный код, расшифровка и применение которого требуют задействования всех уровней мышления

высокого порядка (HOTS). Рассмотрим подробнее, как реализуется модель «4К» в рамках проектной деятельности на уроках художественного труда.

1. Критическое мышление (Critical Thinking): в отличие от точных наук, где критическое мышление часто направлено на проверку гипотез, в художественном труде оно проявляется через глубокий семиотический и композиционный анализ.

Исследовательский аспект: Ученик не просто воспроизводит национальный орнамент, а исследует его генезис. Почему использованы именно эти геометрические формы? Какую смысловую нагрузку несет цветовая гамма в контексте истории народа?

Принятие решений: Процесс создания изделия требует постоянного выбора: как адаптировать архаичный символ под функционал современного объекта (например, чехла для гаджета или элемента интерьера), сохранив при этом его аутентичность. Это формирует навык обоснованной аргументации и системного подхода к задаче [1].

2. Креативность (Creativity): Синтез традиций и инноваций. Креативность в контексте национального искусства — это не создание «нового из ничего», а способность к трансформации и стилизации. Развитие креативности через призму этнодизайна. Здесь в этом контексте современная педагогика искусства требует перехода от репродуктивных методов обучения к продуктивным. В этом контексте особую значимость приобретает концепция этнодизайна. Согласно научным взглядам профессора Б.А. Альмухамбетова, изучение казахского прикладного искусства должно эволюционировать от пассивного созерцания и копирования образцов к активному творческому переосмыслению. Орнамент в данной системе координат рассматривается не как застывшая форма, а как гибкая основа для актуального творчества.

Дизайн-мышление: Учащиеся используют метод морфологического анализа для переосмысления традиционных форм. Например, создание коллекции одежды, где крой основан на принципах народного костюма, но выполнен из инновационных материалов.

STEAM-интеграция: Проектирование арт-объектов, где национальные мотивы сочетаются с элементами инженерной мысли (светодиодная подсветка в инсталляциях из войлока или использование 3D-моделирования для создания ювелирных украшений в этностиле) [5].

3. Коллаборация (Collaboration): в данном смысле рассматривается как синергия в творческом процессе. Реализация масштабных художественных проектов невозможна в одиночку. Это требует создания микросоциумов внутри класса.

Распределение ролей: при создании коллективного панно или макета этно-деревни учащиеся примеряют на себя роли: «главный дизайнер» (отвечает за концепцию), «технолог» (подбирает материалы), «мастер» (реализует детали).

Командная ответственность: Успех итоговой работы зависит от вклада каждого. Это учит находить компромиссы, делегировать задачи и нести ответственность за общий результат, что является прямой подготовкой к работе в проектных командах будущего [3].

4. Коммуникация (Communication): визуальный и вербальный язык. Творческий проект требует не только исполнения, но и защиты. Презентация идей: Ученик должен уметь донести свой замысел до аудитории, используя профессиональную терминологию. Важно уметь объяснить, почему выбранный художественный язык эффективен.

Визуальная коммуникация: Само изделие является средством передачи сообщения. Учащиеся учатся «говорить» через форму, цвет и фактуру, что развивает эмоциональный интеллект и способность к межкультурному диалогу.

И в заключении в формирование личности будущего поколения и их мировоззрение необходимо интеграцию национального искусства в парадигму «4К» превращает уроки художественного труда в лабораторию инноваций. Обучение, построенное на методе открытия (Discovery Learning), позволяет учащимся не просто потреблять информацию, а создавать новые смыслы на базе культурного наследия [1].

Такой подход обеспечит достижение целей современных образовательных экосистем: воспитание личности, которая обладает глубокими корнями (культурная идентичность) и одновременно способна гибко адаптироваться к вызовам глобального мира. Художественный

труд становится мостом между прошлым и будущим, формируя поколение творцов, готовых к созидательному труду в условиях индустрии современного образования. Интеграция национального искусства в модель «4К» превращает уроки художественного труда в инновационную образовательную среду. Такой подход соответствует стратегическим приоритетам развития образования в Республике Казахстан [7].

Осваивая сложный язык символов, ритмику и композиционные принципы народного искусства, учащийся развивает комбинаторное мышление и воображение. Это полностью созвучно современным требованиям развития креативности: на стыке традиционных канонов и современных технологий рождаются инновационные продукты, востребованные в индустрии дизайна, архитектуры и моды. Таким образом, этнодизайн становится мостом, соединяющим архаику и футуризм, превращая культурные архетипы в актуальный визуальный язык.

И на конец-то о воспитательной роли искусства и формирование компетенций в этой связи художественное образование выполняет не только эстетическую, но и глубокую социализирующую функцию. В работах Б.А. Альмухамбетова акцентируется внимание на том, что художественный труд является фундаментом национального воспитания. Процесс создания материального объекта - от замысла до воплощения - формирует характер, терпение и уважение к труду предков.

Через призму народного ремесла у учащихся развиваются не только узкоспециальные технические навыки, но и ключевые метапредметные компетенции. Работа над проектами в области декоративно-прикладного искусства стимулирует критический анализ форм и функций, развивает навыки коммуникации при обсуждении концепций и воспитывает чувство коллективной ответственности за результат общего дела. В конечном итоге, искусство становится школой жизни, где через эстетическую деятельность формируется ответственная личность с развитым чувством гражданской принадлежности и этическим отношением к окружающему миру.

Список использованных источников

1. Навыки XXI века: новая реальность в образовании / Под ред. М. С. Пинской, И. Д. Фрумина. - М.: Изд. дом Высшей школы экономики, 2019. (Материалы по компетенциям 4К).

2. Ananiadou, K., & Claro, M. 21st Century Skills and Competencies for New Era Learning in OECD Countries. - OECD Education Working Papers, No. 41. - OECD Publishing, 2009.

3. Trilling, B., & Fadel, C. 21st Century Skills: Learning for Life in Our Times. - Jossey-Bass, 2009. - 256 p.

4. Альмухамбетов, Б. А. Эстетическое воспитание учащихся средствами казахского народного декоративно-прикладного искусства: автореф. дис. ... д-ра пед. наук. - Алматы, 2007.

5. Yakman, G. STEAM Education: an overview of creating a model of integrative education. - Virginia Tech, 2008.

6. Тарасов С. В. Образовательный центр: концепция, строительство, типология // Вестник ЛГУ им. А.С. Пушкина, 2011. - №8. - С. 12–17.

7. Указ Президента Республики Казахстан от 30 июля 2024 г. № 611 «Об утверждении Национального плана развития Республики Казахстан до 2029 года и признании утратившими силу некоторых указов Президента Республики Казахстан» [Электронный ресурс]. Режим доступа: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2400000611 (дата обращения:*10.04.2026*).

УДК 377.331.361

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА

Сагимбаев А.А.
к.п.н., доцент кафедры художественного труда и дизайна, Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан

Ставрова Е.
PhD, профессор университета «Неофит Рилски», Благоевград, Болгария

Аңдатпа

Бұл мақалада профессор Б. А. Әлмұхамбетовтың ғылыми-педагогикалық қызметіне ретроспективті талдау жасалады және оның идеяларының білім беру жүйесінің қазіргі трансформациясы контекстіндегі өзектілігі негізделеді. Авторлар ғалымның эстетикалық тәрбиені, педагогиканы және тұлғаны қалыптастыру әдістемесін дамытуға қосқан үлесі туралы баяндайды. Профессор Б.А. Әлмұхамбетовтың педагогикалық мұрасының қазіргі заманғы білім беру парадигмаларымен: ізгілендіру, тұлғаға бағытталған тәсіл және интегративті оқытумен байланыс нүктелеріне ерекше назар аударылады. Мақалада ғалым ұсынған білім алушыларды рухани және эстетикалық байыту тұжырымдамалары атап өтіледі, олар адами капиталды дамытудың заманауи стратегияларын жүзеге асырудың негізі болып табылады.

Түйінді сөздер: педагогикалық мұра, бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер, білім беру парадигмалары, эстетикалық тәрбие, ізгілендіру, суретші-педагог.

Annotation

This article provides a retrospective analysis of the scientific and pedagogical activities of Professor B.A. Almukhamedov and substantiates the relevance of his ideas in the context of the current transformation of the educational system. The author analyzes the scientist's contribution to the development of aesthetic education, pedagogy, and the methodology of personality formation. Special attention is given to the points of contact between Professor B.A. Almukhamedov's classical legacy and modern educational paradigms, such as humanization, person-centered approach, and integrative learning. The article highlights the professor's proposed concepts of spiritual and aesthetic enrichment of students, which serve as the foundation for implementing modern strategies for human capital development.

Keywords: pedagogical heritage, fine arts, decorative and applied arts, educational paradigms, aesthetic education, humanization, and artist-teacher.

Семидесятипятилетие, доктора педагогических наук, профессора Б.А. Альмухамбетова, который отмечается в этом году - значимое событие для академического сообщества. Ученый, педагог и художник, он внес фундаментальный вклад в теорию и методику преподавания изобразительного и декоративно-прикладного искусства, специализирующийся на профессиональной компетентности учителя, управлении образованием и истории педагогики, умело соединил строгую логику академического рисунка с неисчерпаемым богатством декоративных форм.

В центре научных изысканий Б.А. Альмухамбетова стоят проблемы формирования профессионального мастерства будущих художников-педагогов. Его кандидатская и докторская диссертация и последующие монографии посвящены теоретическому обоснованию изобразительного и декоративно-прикладного искусства в особенности орнаментального искусства, т.е., графического языка как основы визуального мышления.

Профессор Б.А. Альмухамбетов своих научных трудах глубоко исследует специфику

графического и декоративно-прикладного искусства: от академического рисунка до тщательного изучения основ орнаментального искусства. В его методологии, например по изучению декоративно-прикладного искусства, прослеживаются принципы стилизации, трансформации природного мотива в орнаментальный образ на основе законов цветовой гармонии.

Орнамент – базисное явление художественной культуры. В орнаменте утверждается единство человеческой культуры – фундаментальные ценности всех эпох, всего человечества, объединяющие прошлое с настоящим. Орнамент – одна из важных дисциплин художественного образования на всех уровнях [1].

В изобразительном искусстве, как мы с вами знаем, основополагающие законы и методы профессионального мастерства не устаревают, они по-прежнему актуальны. Не будет преувеличением сказать: что было актуально и важно в живописи, декоративно-прикладном искусстве или в графике несколько десятков лет назад, то важно и сегодня, так будет и дальше. Эти принципы лежат в основе педагогической и творческой деятельности профессора Б.А. Альмухамбетова. В его трудах ставится опора на этнокультурные традиции. Изучение народного декоративно-прикладного искусства выступает не просто как цель, а как мощное средство воспитания гармоничной личности. Творческий процесс он, неразрывно связывает с формированием эстетического вкуса и высоких моральных качеств, что воспитывает в них бережное отношение к культурному наследию предков через практическую творческую деятельность.

Раскрытие потенциала каждого обучающегося происходит через вовлечение в активную художественную практику. Методика Альмухамбетова доказывает: погружение в национальные традиции и искусство помогает современному поколению не терять свои корни и успешно развивать креативное мышление в современном мире

В его педагогической концепции рассмотрены взаимодействие графических приемов с пластическим языком декоративно-прикладных форм, анализ традиции и новых форм в сюжетно-тематических произведений казахстанских художников и мастеров прикладного искусства.

Для художника – педагога глубокое проникновение в теорию и практику, в методику изобразительного искусства, это только исходное условие его профессиональной состоятельности, которая расскрывается и обретает смысл в работе карандашом и кистью в руках. Как педагог, профессор Б.А. Альмухамбетов, являясь одним из первых авторов учебника «Изобразительное искусство» для учащихся общеобразовательных школ проповедует идею «умного глаза» и «послушной руки». В его методической системе графическая грамота рассматривается не просто как технический навык, а как способ познания структуры мира посредством орнаментики.

Под руководством профессора Б.А. Альмухамбетова, защищены, около двадцати диссертаций, посвященных:

1. Методике обучения композиции в декоративно-прикладном искусстве.
2. Развитию творческого воображения через графические техники.
3. Сохранению традиций народных художественных изделий и ее изучение в системе высшего образования.

Являясь Академиком Национальной академии образования им. И. Алтынсарина Берикжан Айткулович ведет активную экспертную работу. Его участие в работе диссертационных советов и учебно-методических объединений способствует сохранению высоких стандартов художественного образования в стране.
Для коллег и студентов профессор Б.А. Альмухамбетов остается эталоном интеллигентности и профессиональной честности.

В научно-педагогической деятельности профессора Б.А. Альмухамбетова особое место занимает глубокое исследование семиотики и морфологии казахского орнамента. Как доктор наук, он теоретически обосновал педагогический потенциал изобразительного и народно-прикладного искусства в современном художественном образовании [2].

Его научные исследования фокусируются на:

- Генезисе орнаментальных форм: изучении трансформации архаических знаков (зооморфных, растительных, геометрических, космогонических) в современные декоративные композиции;
- методологии стилизации: разработке алгоритмов, позволяющих студентам не просто копировать традиционные мотивы (такие как, *кошкар-мюйиз* или *жапырак* и т.д.), а всесторонне изучать и творчески переосмыслять их, сохраняя при этом этнокультурную идентичность;
- синтезе графики и прикладного искусства: внедрении графической точности и законов цвета, симметрии и асимметрии казахского орнамента в современные объекты декоративного искусства.

Научный труд профессора Б.А. Альмухамбетова — это уникальный сплав академической графической и орнаментальной школы и глубокого чувствования родной культуры. В его исследованиях традиционный казахский орнамент перестает быть просто украшением. Он становится языком повествования, связующим звеном между прошлым и будущим. Он широко описывает ритмическую структуру казахских узоров, которые тысячилетиями транслируют философию Великой Степи. Это позволяет студентам видеть наглядный пример того, как национальные традиции могут органично существовать в пространстве актуального искусства XXI века.

Как наставник, профессор Б.А. Альмухамбетов воспитывает плеяду педагогов-художников, способных работать в контексте этнодизайна и этнокультуры. Его научные труды, такие как, «История искусств» и «Эстетическое воспитание школьников посредством казахского национального изобразительного искусства» стали фундаментом для формирования национального самосознания будущих педагогов-художников.

Список использованной литературы

1. Бесчастнов Н. П. Художественный язык орнамента. – М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 2010. – 335 с.
2. Әлмұхамбетов Б.А. Көркем педагогикалық білім беру негіздері.-Алматы, 2012.-300 б.
3. Альмухаvбетов Б.А. История искусств: дополнительное учебное пособие / Б. А. Альмухамбетов, А. Т. Тулебиев. - Астана : Арман-ПВ, 2011. - 312 с.
4. Әлмұхамбетов Б.А. Шағын комплектілі мектептің мәселелері және дамуы // Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал.- №1-3.-2002
5. Альмухамбетов Б.А. Концептуальные подходы к организации профильного обучения /Б.А.Альмухамбетов //Открытая школа – 2006- № 9- С.3-10

ӘӨЖ 75.021.33

КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҚТАРЫНДА КЕСКІНДЕМЕ ТЕХНИКАСЫН ОҚЫТУДА КӨРНЕКІ ҚҰРАЛ РЕТІНДЕ КҮШЕЙТІЛГЕН ШЫНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Тайұстар Әсем Ербөлекқызы
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің магистранты
assem.taiustar@mail.ru
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Сагимбаев А.А.

Аңдатпа

Мақалада орта буын оқушыларына көркем еңбек пәні аясында кескіндеме техникасын меңгертуде күшейтілген шындық (AR) технологиясын көрнекі-дидактикалық құрал ретінде пайдаланудың педагогикалық негіздері талданады. Қазақ ұлттық бейнелеу өнері педагогикасының дәстүрі мен заманауи цифрлық шешімдерді ұштастыру жолдары айқындалып, AR құралының оқушылардың композициялық ойлауын, түс-үйлесім сезімін, кеңістіктік қабылдауын, шығармашылық белсенділігін жандандырудағы мүмкіндіктері ашылады. Үш сатылы әдістемелік модель мен тиімді ұйымдастырудың педагогикалық шарттары ұсынылады.

Түйінді сөздер: күшейтілген шындық, AR технологиясы, көркем еңбек, кескіндеме техникасы, бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі, цифрлық білім, көрнекі құрал.

Annotation

The article examines the pedagogical foundations of applying augmented reality (AR) technology as a visual-didactic tool for teaching painting techniques to middle-school learners (grades 5–9) within the Art and Craft subject. Drawing on the heritage of Kazakh national methodologists of fine art education and on modern digital pedagogy, the study reveals how AR enables learners to strengthen compositional thinking, sense of colour harmony, spatial perception and creative activity without replacing hands-on painting practice. The paper substantiates a three-stage methodological model (preparation – implementation – reflection) and formulates six pedagogical conditions for integrating AR into painting lessons in a systematic, ethnopedagogically grounded way. Findings show that AR functions most effectively as a supplementary visual instrument that enriches, rather than substitutes, the traditional teacher-led workshop.

Keywords: augmented reality, AR technology, art and craft, painting techniques, methodology of teaching fine arts, digital education, visual aid, creative abilities.

«Әлем жаңа технологиялық дәуірге қадам басты. Оның басты нышанын инновацияның қарқынды дамуы мен жасанды интеллектінің өмірімізге дендеп енуінен байқауға болады. Сондықтан бүгінде "озық ойлы ұлт" пен "технологиялық ұлт" ұғымдары егіз. Біздің міндетіміз – жаһандық үрдістерге бейімделу. Ол үшін білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформацияның қарқынын үдету өте маңызды» [1, 3 б.], — деп атап көрсетті Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев дәстүрлі Тамыз педагогикалық кеңесінде. Мемлекет басшысының бұл ұстанымы әрбір пән мұғаліміне, соның ішінде көркем еңбек пәні ұстаздарына, цифрлық құралдарды оқу үдерісіне саналы түрде енгізудің жаңа жолдарын іздеуге бағыт береді.

Осы жаңа дәуірдің талаптары ұлттық өнер педагогикасының ірге тасын қалаған ғалымдардың мұрасымен терең байланысты. Осы орайда педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б.А. Әлмұхамбетовтің шығармашылық өнегесі ерекше орын алады. Ғалымның бастауыш мектепке арналған «Бейнелеу өнері» оқулықтары [2, 5 б.], әдістемелік еңбектері мен ғылыми мақалалары ұлттық нақышты, эстетикалық талғамды және көркем шеберлікті тұтастықта дамытудың үлгісі болып қалыптасты [13]. Оның еңбектерінде негізделген

«көрнекілікті шығармашылықпен ұштастыру» қағидасы — біздің мақаламыздың бүгінгі күштірек арқауы: AR технологиясы да ең алдымен оқушының көзі мен қолын, ойы мен сезімін өнерге бұрудың жаңа, заманауи формасы.

Зерттеудің мақсаты — орта буын оқушыларын кескіндеме техникасына баулуда AR технологиясының дидактикалық мүмкіндіктерін ашып, оны сабақта қолданудың әдістемелік моделін негіздеу. Жұмыста әдебиеттерді теориялық талдау, қазақ әдіскерлерінің тәжірибесін жүйелеу, педагогикалық модельдеу әдістері қолданылды.

1. AR технологиясының білім берудегі педагогикалық мәні

Толықтырылған шындық — нақты физикалық ортаны цифрлық ақпаратпен (3D-нысан, анимация, дыбыс, интерактивті белгі) үйлестіре беретін технология [10, 146 б.]. Виртуалды шындықтан айырмашылығы, AR оқушыны реалды кеңістіктен ажыратпайды: ол қылқаламын ұстап, бояуын араластырып отырған үстіне смартфон немесе планшет экраны арқылы үлгі, нұсқау, анимациялық түсініктеме алады. Осы ерекшелік оны көркем еңбек сабағына ерекше жақындастырады — себебі кескіндеме дағдысы тек көру арқылы емес, қолмен, сезіммен, көңіл-күймен игеріледі [4, 12 б.]. AR оқушының назарын нысаннан бөлмей, көмекші ақпаратты дәл қажет сәтте, дәл қажет жерде ұсынады. Педагогикалық тұрғыдан бұл көрнекілік пен сезімдік-рационалдық тұтастық қағидаларын цифрлық деңгейде қайта жаңғыртады [12, 5 б.].

2. Қазақ бейнелеу өнері әдіскерлерінің дәстүрі

Мақала тақырыбын теориялық негіздеуде қазақ ғалымдарының еңбектеріне сүйену қағидатты маңызды. Жоғарыда аталған Б.А. Әлмұхамбетов ұлттық мазмұнды оқулықтар дәстүрін қалыптастырса [2, 7–8 б.б.], Қ. Болатбаев бейнелеу өнерін оқытудың жүйелі әдістемесін жасады [3, 24 б.]; Т.М. Қожағұлов «Кескіндеме» оқулығында жанр мен техниканы кезең-кезеңімен меңгерту жолдарын ұсынды [4, 30–35 б.б.]; С.А. Жолдасбекова сабақты ұйымдастырудың әдістемелік аспектілерін зерделеді [5, 42 б.]; Б.Т. Әбиева сабақ пен сабақтан тыс жұмыстың бірлігі арқылы оқушының бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру мәселесін ғылыми негіздеді [6, 14 б.]; О. Сатқанов сәндік-қолданбалы өнер арқылы оқушыларды еңбекке баулу бағытын дамытты [7, 58 б.]; С. А. Ұзақбаева оқушылардың көркем мәдениеттік тәрбиесінің педагогикалық негіздерін ашты [8, 96–102 б.б.]; Ү. Ибраева, Ә.И. Ысқақ, К. Байжігітова этноөркениеттік білім беру арқылы ұлттық шығармашылықты жаңғырту жолдарын негіздеді [9, 48 б.; 11, 736 б.]. Соңғы жылдары А.М. Байғанова және басқа зерттеушілер AR/VR құралдарын қазақстандық мектеп практикасына икемдеу мәселесін көтеріп жүр [10, 150 б.; 12, 5 б.]. Осы тұтас педагогикалық дәстүр — AR технологиясын сабаққа енгізгенде аттап өте алмайтын іргетас.

3. Кескіндеме техникасын AR арқылы оқыту әдістемесінің моделі

Орта буын оқушылары (5–9 сыныптар) кескіндеменің акварель, гуашь, пастель, темпера сияқты түрлерімен жұмыс істейді [4, 18 б.]. Бұл жаста олар композиция құру, түстік үйлесім таңдау, жарық пен көлеңкенің логикасын түсіну, стильдеу сияқты күрделі міндеттерге кезігеді. Дәстүрлі сабақта мұғалімнің бір өзі 25–30 оқушыға жеке-жеке шеберлік көрсетіп үлгермейді; қылқаламды ұстау, бояуды қабаттау, жарық-көлеңкенің өзгерісін түсіндіру сияқты нәзік сәттер жиі көлеңкеде қалады [3, 61 б.]. AR осы олқылықтың бірқатарын жабуға мүмкіндік береді [10, 147 б.].

Біз ұсынатын әдістемелік модель үш сатыдан тұрады. Дайындық сатысында мұғалім цифрлық ресурсты (AR-маркер, 3D-үлгі, бейнефрагмент) таңдап, оны сабақтың дидактикалық мақсатымен байланыстырады; оқушылар техника қауіпсіздігі мен жұмыс ретімен таныстырылады. Негізгі сатыда оқушы өз парағында нақты қылқаламмен жұмыс істей отырып, AR-қосымша арқылы: (а) үлгіні көлемді 3D-форматта көре алады, (б) жарық-көлеңке динамикасын кезеңмен қайталайды, (в) бояу қабаттасу реттілігін анимация арқылы бақылайды, (г) өз жұмысын үлгімен салыстырып, қателіктерін өзі байқайды [10, 149 б.]. Рефлексия сатысында оқушы жұмысын топпен талқылайды, мұғалім AR арқылы ортақ қателіктерді бейнелеп көрсетеді, ал оқушы өзінің шығармашылық ізденісіне баға береді [6, 19

б.]. Осындай құрылым оқушының дербестігін арттырып, мұғалімді жеке кеңес беруге көбірек уақыт босатады.

4. Тиімді қолданудың педагогикалық шарттары:

1. AR цифрлық құрал ретінде емес, кескіндеме тілін ашатын көмекші ресурс ретінде түсінілуі тиіс; басты нысан — оқушының туындысы, экран емес [2, 15 б.].

2. Ұсынылатын 3D-үлгілер мен маркерлер ұлттық мазмұнды (қазақ ою-өрнегі, пейзажы, тұрмыс-салт сюжеттері) барынша қамтып, этнопедагогикалық бағытқа сай болғаны абзал [7, 72 б.; 9, 55 б.].

3. Сабақтың ырғағы сақталуы үшін AR-эпизодтар қысқа (3–5 минуттық) болып, қолмен жұмыс жасау уақытын жұтып қоймауы керек [5, 63 б.].

4. Гигиеналық нормалар (экранмен жұмыс уақыты, көзге түсетін жүктеме, жарықтандыру) мектеп санитарлық талаптарына сәйкестендіріледі [12, 6 б.].

5. Мұғалім цифрлық құзыреттілікті үнемі дамытып, AR-ресурстарды өз бетінше іріктеу, бейімдеу және сабаққа кіріктіру дағдысын игеруі тиіс [10, 151 б.].

6. Бағалау жүйесі оқушының шығармашылық ізденісін, техникалық дағдысын және цифрлық құралды саналы пайдалану деңгейін кешенді түрде есепке алуы керек [8, 104 б.].

Жүргізілген талдау көрсеткендей, толықтырылған шындық технологиясы — көркем еңбек сабақтарында кескіндеме техникасын оқытудың дәстүрлі жолын ауыстыратын емес, оны байытатын қосымша көрнекі-дидактикалық құрал [10, 147 б.]. AR арқылы оқушы үлгіні көлемде көреді, түс пен композицияның логикасын динамикада ұғынады, қателерін өз бетінше түзетуге мүмкіндік алады. Бұл процесс қазақ ұлттық бейнелеу өнері педагогикасының Б.А. Әлмұхамбетов [2, 5 б.], Қ. Болатбаев [3, 24 б.], Т.М. Қожағұлов [4, 12 б.], С.А. Жолдасбекова [5, 42 б.], Б.Т. Әбиева [6, 14 б.], О. Сатқанов [7, 58 б.], С.А. Ұзақбаева [8, 96 б.], Ү. Ибраева, Ә.И. Ысқақ, К. Байжігітова [9, 48 б.] сынды ғалымдар қалыптастырған дәстүріне сәйкес келген жағдайда ғана нақты педагогикалық нәтиже береді. Ұсынылған үш сатылы модель мен алты педагогикалық шарт — AR технологиясын 5–9 сынып көркем еңбек сабақтарына саналы, жүйелі, этнопедагогикалық тұрғыдан негізделген түрде енгізудің әдістемелік іргетасы бола алады. Мемлекет басшысы атап өткендей [1, 3 б.], цифрлық трансформация білім беру жүйесі үшін мақсат емес, құрал; ал оны ұлттық өнер педагогикасының рухымен ұштастыру — қазіргі мұғалімнің ұстаздық миссиясы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ.К. Дәстүрлі Тамыз педагогикалық кеңесінде сөйлеген сөзі [Мәтін] / Қ.К. Тоқаев. — Астана : [б. ж.], 2025. — 12 б.

2. Әлмұхамбетов Б.А. Бейнелеу өнері : жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық / Б.А. Әлмұхамбетов. — Алматы : Атамұра, 2020. — 128 б.

3. Болатбаев Қ. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі : оқу құралы / Қ. Болатбаев. — Алматы : [б. ж.], 2015. — 216 б.

4. Қожағұлов Т.М. Кескіндеме : оқу құралы / Т.М. Қожағұлов. — Алматы : [б. ж.], 2025. — 184 б.

5. Жолдасбекова С.А. Көркем еңбек сабақтарын ұйымдастыру жолдары : әдістемелік нұсқаулық / С.А. Жолдасбекова. — Шымкент : [б. ж.], 2018. — 142 б.

6. Әбиева Б.Т. Сабақ пен сабақтан тыс жұмыстың бірлігі арқылы оқушының бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру : пед. ғыл. канд. дис. автореф. : 13.00.02 / Б.Т. Әбиева. — Алматы, 2010. — 28 б.

7. Сатқанов О. Сәндік-қолданбалы өнер арқылы бастауыш сынып оқушыларын еңбекке баулу : монография / О. Сатқанов. — Алматы : [б. ж.], 2012. — 176 б.

8. Ұзақбаева С.А. Оқушыларға көркем мәдениеттік тәрбие беру негіздері : оқу құралы / С.А. Ұзақбаева. — Алматы : [б. ж.], 2014. — 208 б.

9. Ибраева Ү. Этноөркениеттік білім беру арқылы болашақ маманның кәсіби даярлығын жетілдіру / Ү. Ибраева, Ә. И. Ысқақ, К. Байжігітова. — Алматы : [б. ж.], 2019. — 164 б.

10. Байғанова А.М. Білім беруде толықтырылған шындық технологиясын қолдану мүмкіндіктері / А.М. Байғанова // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. — 2023. — № 3 (79). — Б. 145–154.

11. Жарықбаев Қ. Эстетикалық тәрбие беру тарихы мен қазіргі жағдайы / Қ. Жарықбаев, С. Ұзақбаева, К. Байжігітова // Молодой ученый. — 2015. — № 6 (86). — Б. 735–738.

12. Техникалық және кәсіптік білім беруде виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары: цифрлық инновациялардың мүмкіндіктері // Ustaz Tilegi : педагогикалық жаршы. — 2025. — 31 наурыз. — Б. 4–7.

13. Әлмұхамбетов Берікжан Айтқұлулы : жеке бет [Электрондық ресурс] // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ресми сайты. — URL: https://abaiuniversity.edu.kz/en/1150/personal/.

УДК 37.016:811.111'243

LINGUODIDACTIC STRATEGIES FOR MINIMIZING PRAGMATIC FAILURES IN INTERCULTURAL INTERACTION

Zhiyenbayeva Adina Zhassulanovna, Maidanbek Zhaniya Aidoskyzy
adina14545585@gmail.com
3rd year Bachelor's students,
Astana International University, Astana, Kazakhstan

Nygmetova Madina Orynbekkyzy
Madina_nygmetova@aiu.edu.kz
AIU teacher, Master's Degree in Philogical Sciences,
Astana International University, Astana, Kazakhstan

Abstract

This article examines the problem of pragmatic failure in the development of communicative competence among EFL learners in Kazakhstan. Shifting the focus from grammatical accuracy to pragmatic appropriateness, the study proposes a set of linguodidactic strategies aimed at reducing communication breakdowns in intercultural interaction. Drawing on the theoretical framework of Thomas (1983) and the educational ecosystem approach associated with Professor B.A. Almukhambetov, the paper analyzes typical patterns of pragmalinguistic and sociopragmatic failure. Particular attention is given to idiomatic competence, collocational precision, and the role of sociocultural filtering. The findings suggest that targeted instructional strategies can significantly improve learners' ability to produce contextually appropriate and culturally sensitive communication.

Furthermore, the article provides evidence that integrating literary heritage into linguistic training enhances learners' sensitivity to cultural nuances, thereby facilitating more authentic and effective cross-cultural engagement.

Keywords: Pragmatic competence, intercultural interaction, linguodidactic strategies, communicative failure, sociocultural filter, EFL methodology.

Introduction

In the current era of global integration, the mandate for higher education institutions has transcended the mere transmission of linguistic data. Today, the educational ecosystem—a concept central to the pedagogical philosophy of Professor B.A. Almukhambetov—demands the development of a multicultural personality capable of navigating complex social and artistic contexts. Within this framework, the success of a foreign language learner is determined not by their ability to construct syntactically correct sentences, but by their capacity to achieve pragmatic appropriateness with interlocutors from diverse cultural backgrounds.

This perspective aligns with the concept of communicative competence introduced by Hymes (1972), which emphasizes that successful communication depends not only on grammatical accuracy but also on the ability to use language appropriately across different sociocultural contexts. From this standpoint, pragmatic failure represents a breakdown in communicative competence rather than linguistic competence.

However, a persistent challenge in the Kazakhstani educational context remains the high frequency of pragmatic failures. These failures occur when a speaker's utterance is linguistically accurate but socially or contextually inappropriate. Unlike grammatical errors, which are often overlooked as part of the learning process, pragmatic failures frequently lead to interpersonal friction, as they are often misinterpreted as a lack of courtesy or professional etiquette. Therefore, identifying effective linguodidactic strategies to minimize these failures is of paramount importance for the modernization of language education.

This article contributes a context-specific typology of pragmatic failures observed among Kazakhstani EFL learners and proposes a set of classroom-ready linguodidactic strategies aligned with the educational ecosystem approach.

The Theoretical Spectrum of Pragmatic Failure

To develop effective strategies, it is necessary to first categorize the nature of the breakdown. Following the seminal work of Jenny Thomas (1983), pragmatic failure is divided into two operational levels:

1. Pragmalinguistic failures, which arise from the improper mapping of pragmatic force onto linguistic structures. This is most frequently observed in calquing, where learners transfer the directness of their L1 (Kazakh or Russian) into English. For instance, a student might use a direct imperative where a hedged request is expected, thereby inadvertently committing a face-threatening act.
2. Sociopragmatic failures, which stem from a fundamental misunderstanding of the social conventions governing interaction. This includes the misjudgment of social hierarchy, the degree of formality, and the cultural subtext embedded in everyday idioms.

In addition to Thomas (1983), the present study draws on the politeness theory developed by Brown and Levinson (1987). According to this framework, communication is structured around the concept of "face," which includes the desire to be respected (positive face) and the need for autonomy (negative face). Many pragmatic failures observed among Kazakhstani learners can be interpreted as violations of negative politeness strategies, particularly in situations requiring indirectness and hedging. The absence of such strategies often results in utterances that are perceived as overly direct or even impolite in English-speaking contexts.

Research Methodology and Data Collection

This study draws on a qualitative review of 15 classroom communication cases collected from third-year EFL students, along with a focused set of ten English idioms used as instructional material for identifying and addressing idiom-related pragmatic misunderstandings. The cases reflect recurrent patterns of pragmatic interference observed in university instruction, including L1-based transfer in requests and refusals, mismatches in the level of directness, and difficulties with interpreting or using idiomatic expressions appropriately. Using Thomas's (1983) distinction between pragmalinguistic and sociopragmatic failure as an analytic framework, the collected examples were grouped into categories that can support classroom diagnosis and inform targeted pedagogical interventions.

In addition to classroom observations, a micro-analysis of recurrent error patterns was conducted. Each communicative case was examined in terms of (1) intended communicative function, (2) linguistic realization, and (3) perceived pragmatic effect. This three-level analysis made it possible to identify not only the linguistic source of the error, but also its communicative consequences.

The instructional idioms used in the study were selected based on frequency and pedagogical relevance. They included both high-frequency conversational idioms (e.g., *out of the blue*, *take a photo*) and culturally marked expressions rooted in literary discourse. Students were asked to interpret, translate, and use these expressions in controlled and semi-controlled tasks.

The data were further supplemented by short reflective comments from students, which provided insight into their decision-making processes. These reflections revealed that many learners rely on direct translation strategies, especially in time-constrained communicative situations, which increases the likelihood of pragmatic failure.

Findings and Discussion: A Typology of Pragmatic Failures

Based on the qualitative analysis of the collected data, the analysis identified three primary clusters of pragmatic failures that occur frequently among Kazakhstani EFL learners. These findings demonstrate the persistent influence of L1 (Kazakh and Russian) sociocultural norms on English communicative performance.

1. Lexical and Syntactic Interference (Pragmalinguistic Level)

6. Примеры заданий (по географии)

Задание 1. «Моя малая родина» (7–8 класс)

Цель: формирование национальной идентичности через изучение родного края

Задание: Составьте мини-проект о своём регионе (область/город/село), включив:

- географическое положение
- природные особенности
- культурные объекты
- традиции и обычаи

Форма: презентация / постер / карта

Задание 2. «Культурная карта Казахстана» (8–9 класс)

Цель: развитие понимания культурного разнообразия страны

Задание: Создайте карту, отражающую культурные особенности регионов Казахстана (язык, традиции, памятники, праздники).

Форма: карта (бумажная или цифровая)

Задание 3. Кейс «Глобализация и культура» (9 класс)

Цель: развитие критического мышления и ценностных ориентиров

Задание: Проанализируйте ситуацию: «Влияние глобализации на традиции и образ жизни населения Казахстана».

Ответьте на вопросы:

- Какие изменения происходят?
- Есть ли угроза культурной идентичности?
- Какие меры можно предложить для её сохранения?

Задание 4. Исследовательская работа «Население и культура региона» (9 класс)

Цель: формирование исследовательских навыков

Задание: Проведите исследование по теме: «Этнический состав и культурные особенности моего региона».

Этапы:

1. Сбор информации
2. Анализ данных
3. Представление результатов

Задание 5. Дебаты «Сохранение культурного наследия» (8–9 класс)

Цель: развитие коммуникативной компетенции

Тема: «Нужно ли сохранять традиции в условиях современного мира?»

Задание 6. Практическая работа с картой (7 класс)

Цель: формирование географических и культурных знаний

Задание: определите на карте:

- природные зоны Казахстана
- регионы с уникальными культурными объектами

Использование подобных заданий позволяет не только формировать предметные знания, но и развивать у учащихся:

- национальное самосознание
- уважение к культурному наследию
- исследовательские и коммуникативные навыки

Заключение

Таким образом, география является важным инструментом формирования национальных ценностей и культурной идентичности учащихся. Использование краеведческого и компетентностного подходов позволяет не только повысить качество знаний, но и способствует воспитанию личности, осознающей свою роль в обществе и уважающей культурное наследие своей страны.

Список литературы

1. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан.
2. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2025 года.
3. Назарбаев Н.А. Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания.
4. Максаковский В.П. Географическая культура.
5. Баранчиков Е.В. Методика преподавания географии.
6. Полат Е.С. Современные педагогические технологии.
7. Атлас и учебники по географии Республики Казахстан (7–11 классы).

ӘОЖ 37.0

АҚПАРАТТЫҚ ОРТАДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЦИФРЛЫҚ ЭТИКЕТІН ДАМЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ырымбаева Нургуль Алдажаровна
nurgul.a@internet.ru
педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы
Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Ақпараттық қоғам жағдайында болашақ педагогтердің цифрлық этикетін дамыту олардың кәсіби мәдениетін қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Цифрлық этикет білім беру процесінде жауапкершілік пен мәдениеттілікті қамтамасыз етіп, студенттердің ақпараттық ортада белсенді әрі қауіпсіз әрекет етуіне ықпал етеді. Бұл бағыттағы зерттеулер педагогикалық даярлық сапасын арттыруға және ұлттық құндылықтарды сақтауға негіз болады.

Түйінді сөздер: Ақпараттық орта, цифрлық этикет, болашақ педагогтер.

Annotation

In the context of the information society, developing digital etiquette among future teachers is a key factor in shaping their professional culture. Digital etiquette ensures responsibility and respect in the educational process, supporting students' safe and active participation in the digital environment. This research contributes to improving teacher training quality and preserving national values.

Keywords: Information environment, digital etiquette, future teachers.

Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында білім беру жүйесі жаңа талаптар мен сын-қатерлерге бетпе-бет келуде. Болашақ педагогтердің кәсіби даярлығы тек пәндік біліммен шектелмей, ақпараттық ортада мәдениетті қарым-қатынас жасау дағдыларын қамтуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық этикетті педагогтің кәсіби құзыреттілігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырсақ болады. Ол білім алушылармен, әріптестермен және қоғаммен өзара әрекеттесуде жауапкершілік пен мәдениеттілікті қамтамасыз етеді.

Цифрлық этикет ұғымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану барысында қалыптасатын мінез-құлық нормаларын, қарым-қатынас ережелерін және этикалық қағидаларды қамтиды. Бұл ережелерді меңгеру болашақ педагогтердің ақпараттық ортада өзіндік кәсіби бейнесін қалыптастыруға, мәдени бірегейлікті сақтауға және білім беру процесінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жаһандану мен цифрландыру жағдайында педагогикалық қызметтің жаңа формалары пайда болып, білім беру кеңістігі кеңейіп келеді. Мұндай жағдайда болашақ мұғалімдердің цифрлық этикетке бейімділігі олардың кәсіби мәдениетінің көрсеткіші ретінде қарастырылады. Сондықтан да ақпараттық ортада цифрлық этикет дағдыларын дамыту – заманауи білім беру экожүйесінің өзекті мәселелерінің бірі.

Бүгінгі технологиялар дәуірінде ақпаратқа қол жеткізу бұрынғыдан да жеңіл әрі жылдам жүзеге асуымен қатар, ақпараттың көлемі ұлғайған сайын оны дұрыс іздеу, тиімді таңдау, сын тұрғысынан бағалау және жүйелі пайдалану қажеттілігі туындайды. Бұл жағдай білім алушылардың ақпараттық құзыреттілігін дамытуды талап етеді. Ақпараттық құзыреттілік студенттерді тек пассивті тұтынушылар емес, ақпараттық қоғамның белсенді қатысушылары ретінде қалыптастыруға мүмкіндік бере отырып, цифрлық этикеттің маңыздылығын айқындайды.

Қазіргі ақпараттық қоғамда технология барған сайын маңызды рөл атқарып, білім беру процесімен ұштасуы болашақ педагогтердің ақпараттық ортада мәдениетті қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгеруді қажет етеді. Мұндай дағдылардың негізін цифрлық этикет

құрайды. Цифрлық этикет – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану барысында қалыптасатын мінез-құлық нормалары мен қарым-қатынас ережелерінің жиынтығы. Ол болашақ мұғалімдердің кәсіби мәдениетін айқындап, білім беру кеңістігінде жауапкершілік пен этикалық ұстанымдарды сақтауға ықпал етеді.

Сондықтан да ақпараттық ортада болашақ педагогтердің цифрлық этикетін дамыту – заманауи білім берудің өзекті мәселелерінің бірі. Бұл бағыттағы зерттеулер педагогикалық даярлықтың сапасын арттыруға, білім беру процесінде мәдени бірегейлікті сақтауға және студенттердің ақпараттық қоғамдағы белсенді әрі жауапты тұлға ретінде қалыптасуына негіз болады.

Жалпы ақпарат сөзі кез келген нысанда тіркелген тұлғалар, заттар, фактілер, оқиғалар, құбылыстар және процестер туралы мәліметтер [1], сондай-ақ, ақпарат – бағдарлау, белсенді әрекет ету, басқару, деректерден алынған кез келген факт, ұғым немесе мағына, таңдалған контекст немесе біліммен байланысты контекст, жүйені сақтау, жетілдіру, дамыту үшін қолданылатын білімнің бөлігі ретінде қарастырылады.

Болашақ педагогтердің білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен тығыз байланыста жұмыс істеуі цифрлық этикеттің негізгі талаптары мен ережелерін білуді қажет етеді. Ол педагогтің кәсіби бейнесін қалыптастырып, білім алушылармен және әріптестермен өзара тиімді және оңтайлы әрекеттесудің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Жалпы зерттеулерде этикет (франц. etiquette) – белгілі бір әлеуметтік ортада қабылданған мінез-құлық үлгілері мен дәстүрге тән іс-әрекеттерді, сыпайылық ережелерін білдіретін мәдени нормалар жүйесі ретінде анықталады.

Ал желілік этикет ұғымы жаңа ақпараттық шындықтар жағдайындағы коммуникативтік мәдениеттің ережелерін анықтайтын және пайдаланушылардың интернеттегі қарым-қатынасы мен іс-әрекетін реттейтін ережелер жиынтығы тұрғысында қарастырылады.


M.Heitmayer, R.Schimmelpfennig зерттеулерінде желілік этикет адамдар тобы қолданатын немесе насихаттайтын байланыс пен деректер, ол сонымен қатар заңдарды, ережелерді, әдептілік пен әдет- ғұрыпты қамтитындығы айтылады [2].

Сонымен қатыр қазіргі уақыттағы қолданыста кездесетін мобильді этикет ұғымы қоғамдық ортада ұялы телефонды қолдану кезінде адамдар арасындағы қарым-қатынасты үйлестіретін мінез-құлық ережелері мен нормаларының жиынтығы болса, ал неоэтикет – заманауи қоғамға бейімделген жаңа этикеттік қағидалар жүйесі. Ол халықаралық зерттеулерге, медиа саласы мамандарының тұжырымдарына және инновациялық технологиялар тәжірибесіне сүйене отырып, болашақтағы әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеудің жаңа тәсілі ретінде қарастырылады. Өз кезегінде цифрлық этикет – виртуалды кеңістіктегі қарым-қатынас мәдениетін айқындайтын нормалар мен қағидалар жиынтығы. Оның мақсаты – адамдардың өзіне де, өзгелерге де зиян келтірмей байланыс орнатуын қамтамасыз ету. Цифрлық этикет қазіргі қоғамда тек виртуалды кеңістіктегі этикалық реттеу құралы ғана емес, сонымен қатар өркениеттік әрі әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл ұғым цифрлық гуманитарлық бағыттардың бірі болып, түрлі білім салаларының интеграциясын қамтиды [3].

Студенттер үшін цифрлық этикет – онлайн ортада қауіпсіз, жауапты әрі құрметті болуға мүмкіндік беретін мінез-құлық нормаларының жиынтығы. Ол желідегі қауіпсіздік, өзгелерге құрмет көрсету, ақпаратты жауапкершілікпен пайдалану және сыни ойлау қабілетін дамыту сияқты маңызды қырларды қамтиды.

Зерттеу тақырыбына сәйкес, цифрлық этикеттің негізгі мазмұнына: сыпайылық, құрмет, жауапкершілікке негізделген қарым-қатынас мәдениетін; дереккөздерді көрсету, плагиаттан аулақ болу; жеке деректерді қорғау, этикалық нормаларды сақтау; білім беру процесінде ресми және бейресми қарым-қатынасты ажырата білуді жатқызуға болады.

Осы орайда ақпараттық ортада болашақ педагогтердің цифрлық этикетін дамытудың маңыздылығын келесі суреттегідей қарастыруға болады:



Сурет 1. Ақпараттық ортада болашақ педагогтердің цифрлық этикетін дамытудың маңыздылығы

Ақпараттық ортада болашақ педагогтердің цифрлық этикет дағдыларын дамытуда келесі бағыттар ұсынылады:

- Оқу бағдарламаларына енгізу – педагогикалық пәндерде ақпараттық мәдениет пен этикетке арналған арнайы модульдер енгізу;
- Практикалық тренингтер – студенттерді нақты жағдайларда ақпараттық ортада қарым-қатынас жасауға үйрету;
- Жобалық жұмыстар – цифрлық ортада топтық жобалар арқылы этикалық нормаларды тәжірибеде қолдану;

Қорытындылай келе, ақпараттық ортада болашақ педагогтердің цифрлық этикетін дамыту – олардың кәсіби мәдениетін жетілдірудің, білім беру сапасын арттырудың және ақпараттық қоғамда жауапты тұлға ретінде орнығудың негізгі шарты болып табылады. Бұл үдеріс тек педагогикалық қызметтің тиімділігін арттырып қана қоймай, сонымен бірге болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды саналы әрі этикалық тұрғыдан қолдану дағдыларын дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ақпаратқа қол жеткізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401
2. Heitmayer M., Schimmelpfennig R. Netiquette as Digital Social Norms/ International Journal of Human–Computer Interaction.– 2023. DOI: 10.1080/10447318.2023.2188534
3. Сейітқазы П.Б. Желілік коммуникативтік мәдениет пен цифрлық этикет бойынша терминологиялық сөздік / Сейітқазы П.Б., Асылбекова М.П., Сламбекова Т.С., Сулейменова Ж.Т., Ырымбаева Н.А.// Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2023. – 137 б.

ӘОЖ 371.515

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ ЫҚПАЛЫ

Қажатбек Сағыныш
Saginishhangl095@gmail.com
Магистрант

Ботабаева Адеми Еркебаевна
Педагогика ғылымдарының кандидаты,
Л.Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігіне әсері зерттеледі. Әлеуметтік желілер құқықтық білім мен моральдық қағидаларды қалыптастыруға ықпал етеді. Атап айтқанда, жұмыста әлеуметтік желілердің құқықтық санаға әсер ететін негізгі факторлары жүйеленіп, олардың оң және теріс ықпал ету тетіктері талданды. Бұл өз кезегінде жасөспірімдердің цифрлық ортадағы мінез-құлқын түсіндіруге және құқықтық мәдениетті қалыптастырудың мазмұнын тереңдетуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: әлеуметтік-құқықтық жауапкершілік, құқықтық мәдениет, әлеуметтік желілер, жасөспірімдер, ақпараттық орта, тұлғаның әлеуметтік дамуы.

Annotation

The article examines the impact of social media on adolescents' legal culture and socio-legal responsibility. Social media contributes to the formation of legal knowledge and moral principles. In particular, the study systematizes the key factors through which social media influences legal consciousness and analyzes the mechanisms of both positive and negative effects. This, in turn, provides an opportunity to better understand adolescents' behavior in the digital environment and to deepen the content of legal culture formation.

Key words: socio-legal responsibility, legal culture, social media, adolescents, information environment, social development of the individual.

Жаңа заман ағымында ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы жасөспірімдердің өмір салтына елеулі әсер етіп жатыр. Әлеуметтік желілер – Instagram, TikTok, Threads және басқа платформалар жастардың күнделікті қарым – қатынасы мен білім алуына тікелей ықпал ететін маңызды құралға айналды. Дегенмен, әлеуметтік желілердің әсері біржақты емес. Бір жағынан, жасөспірімдерге нағыз мүмкіндіктер әлемін ашады: әлеуметтік байланыс орнатуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Яғни, олардың өзін – өзі табуына көмектесетін үлкен алаң.

Бірақ мәселенің екінші жағы да бар. Желідегі бақылаусыз ақпараттар, біреуді мұқату «кибербуллинг» және өтірік жаңалықтар баланың әлі қалыптасып үлгермеген санасын улауы мүмкін. Егер жасөспірім не істеуге болады, не істеуге болмайды деген шекараны ажырата алмаса, ол заң алдындағы жауапкершілікті де жеңіл қабылдай бастайды. Сондықтан, «интернетте бәріне рұқсат» деген жалған еркіндік сезімі оның нағыз құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік – құқықтық жауапкершілігінің бұзылуына алып келеді.

Осы жағдайлар жасөспірімдерді құқықтық тұрғыда тәрбиелеу мен олардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін қалыптастыру мәселесін өзекті етеді .

Жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті – олардың құқықтық нормаларды түсінуі, құқықтық нормаларға сай әрекет етуі және өз іс – әрекетіне жауапкершілік сезіну қабілеті. Бұл құндылықтарды қалыптастыру тек мектеп пәндері арқылы ғана емес, күнделікті ақпараттық

ортадағы әрекеттер арқылы да жүзеге асады. Бүгінгі таңда әлеуметтік желілер жастардың құндылықтық бағдарлары мен мінез – құлқының қалыптасуына әсер ететін негізгі факторлардың бірі болып отыр.

Соңғы ғылыми зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік – құқықтық жауапкершілігін қалыптастырудағы ықпалы бір жақты емес, көпқырлы сипатқа ие. McAlister және әріптестері (2024) өз зерттеуінде әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің эмоцияларын реттеу қабілетіне оң әсерін тигізетінін анықтады. Сонымен қатар, олар жасөспірімдердің әлеуметтік байланысын нығайтуға, ақпарат алмасу арқылы коммуникативтілік дағдыларын дамытуға септігін тигізетінін көрсетті [1. 55 p.]. Ал Alluhidan және әріптестері (2024) жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі тәжірибесінің екі жақты екенін, яғни бір жағынан олар үшін позитивті, ақпараттық және әлеуметтік дамуға мүмкіндік беретін орта болса, екінші жағынан кейде стресстік жағдайлар, кибербуллинг және жалған ақпаратқа тап болу сияқты теріс факторлар бар екенін анықтады [2. 145 p.].

Сонымен қатар, Li & Li (2024) қарастырған зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік желілер жасөспірімдердің әлеуметтік – құндылықтық мінез – құлқына, яғни басқа адамдарға деген қатынасына, жауапкершілік сезіміне және құқықтық нормаларды қабылдауына айтарлықтай әсер етеді [3. 110 p.]. Бұл жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін дамытуда әлеуметтік желілердің екіжақты сипатын ескеру қажет екендігін көрсетеді. Ал Eberwein (2023) зерттеуінде, әлеуметтік желілердегі теріс контенттің құқықтық мәдениетке, әсіресе жасөспірімдердің заңды нормаларды түсіну және сақтау қабілетіне ықпалын құқық қорғау тұрғысынан талдады. Олар кибербуллинг, жалған ақпарат тарату және онлайн қауіпсіздік мәселелерінің жасөспірімдердің құқықтық тәрбиесіне қалай әсер ететінін нақты мысалдармен түсіндірді [4. 233 p.].

Қазақстан зерттеушілері Әшірбекова Г., Берекетова А., Жақсылық А. (2024) өз зерттеулерінде әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің құқықтық түсінігі мен мінез – құлқына әсерін жан – жақты қарастырған. Олар әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің әлеуметтік – құқықтық жауапкершілігін қалыптастыруда тек ақпараттық орта ретінде ғана емес, сонымен қатар құндылықтарды меңгеру және құқықтық тәрбие алу үшін маңызды құрал ретінде пайдалануға болатынын атап көрсеткен [5. 78. б.].

Осылайша, зерттеулер көрсеткендей аталған тақырып қазіргі заманғы білім беру мен құқықтық тәрбие мәселелрі тұрғысынан өзекті болып отыр. Әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті мен мен әлеуметтік – құқықтық жауапкершілігін қалыптастырудағы рөлі кешенді зерттеуді талап етеді, себебі олар тек ақпарат алу мен әлеуметтік қарым – қатынасқа ғана емес, сонымен қатар құндылықтар мен құқықтық нормаларды қабылдау процесіне де әсер етеді. Сол себепті біз әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің құқықтық санасына қалай ықпал ететінін талдай отырып, олардық құқықтық мәдениетін қалыптастырудағы рөлін қарастырамыз. Бұл талдау жасөспірімдердің құқықтық білімін, моральдық қағидалары мен заңдарды күнделікті өмірде әлеуметтік желі әсерін зерттеуге бағытталған.

Ақпараттық технологиялар заманында әлеуметтік желілер жасөспірімдердің құқықтық білімң мен моральдық қағидаларының қалыптасуына тікелей әсер ететін басты факторға айналды. Құқықтық мәдениет тек заңдарды білу емес, сонымен қатар оларды күнделікті өмірде саналы түрде қолдану дағдысын қамтиды. Әлеуметтік желілер процесті жеделдетіп, жасөспірімдердің ақпаратқа қолжетімділігін арттырады, алайда керісінше, кейде құқықтық түсініктің бұрмалануына да әкелуі мүмкін.

Шетелдік зерттеулер көрсеткендей, атап айтқанда OECD Digital Citizenship (2019) жұмыстары көрсеткендей, жасөспірімдердің желідегі белсенділігі олардың «цифрлық азаматтық» деңгейін айқындайды. Әлеуметтік желілер арқылы жасөспірімдер адам құқықтары, заңдылық, сот жүйесі және әлеуметтік нормалар туралы ақпаратты меңгеруіне ықпалы бар және тез меңгереді, бұл олардың құқықтық мәдениетін дамытуға оң әспр етеді [6]. Сонымен қатар, құқықтық мәдениетке бағытталған платформалардың (мысалы, e-gov немесе

құқық қорғау органдарының ресми парақшалары дамуы құқықтық сауаттылықты көтеруге мүмкіндік береді.

Дегенмен, Қазақстандық зерттеушілердің А. Құсайынов (2022) пікірінше, әлеуметтік желілердегі құқықтық нигилизм – яғни заңды елемеу тенденциясы – жасөспірімдердің моральдық қағидаларының бұзылуына әкеледі [7. 45. б.]. Мұндай теріс әсер кибербуллинг, авторлық құқықты бұзу, фейк ақпараттың таралуы сияқты құбылыстар арқылы көрінеді [8. 657. p.].

Әлеуметтік-құқықтық жауапкершілік — бұл тұлғаның өз іс-әрекетінің заңды зардаптарын сезінуі. Әлеуметтік желілерде жасөспірімдердің анонимдік ортасының болуы «виртуалды жазасыздық» сезімін қалыптастырады, яғни олар өз әрекеттерінің нақты заңдық немесе әлеуметтік салдары болмайды деп есептейді. Бұл құбылыс жасөспірімдердің онлайн мінез – құлқында тәуекелді және заңға қарсы әрекеттерге бейімділіктің артуына ықпал етеді [9]. Осылайша, анонимдік ортаның психологиялық әсері жасөспірімдердің әлеуметтік – құқықтық жауапкершілігінің қалыптасуына тікелей ықпал етеді және олардың құқықтық сана – сезімін дамытуда қосымша бақылау мен тәрбие механизмдерін қажет етеді.

Психологиялық аспектілер тұрғысынан қарағанда, жасөспірімдердің моральдық бағалауы әлі толық қалыптаспағандықтан, олар топтық қысымға тез жығылады. Егер желідегі ортада заңды бұзу «батырлық» ретінде дәріптелсе, бұл құқықтық мәдениеттің деградациясына әкеледі. OECD деректері бойынша, цифрлық сауаттылығы төмен жасөспірімдер киберқылмыстың құрбаны немесе қатысушысы болуға 40%-ға бейім келеді [6]. Қазақстандық мектептердегі «Құқық негіздері» бағдарламалары осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталғанымен, виртуалды әлемдегі жауапкершілік мәселесі әлі де өзекті [10].

Жалпы әлеуметтік желілердегі жасөспірімдердің мінез – құлқын талдау кезінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың ықпалы ерекше маңызды рөл атқарады. Ұлттық құндылықтар – бұл қоғамның мәдени дәстүрінде қалыптасқан моральдық нормалар мен мінез – құлық ережелері, мысалы, үлкенді сыйлау, әдептілік, ар – намыс сияқты қағидалар. Қазақстандық әлеуметтік контекстте «ұят» және «ар-намыс» ұғымдары жасөспірімдердің онлайн мінез – құлқын тежеуші фактор бола алады. Дегенмен, жаһандану мен цифрлық мәдениеттің қарқынды даму салдарынан бұл құндылықтар трансформацияға ұшырап, кейде жасөспірімдердің әлеуметтік желідегі әрекеттеріне толық ықпал ете алмай отыр [7. 45. б.].

Жалпыадамзаттық құндылықтар, соның ішінде адам құқықтарын құрметтеу, теңдік, еркіндік және жауапкершілік, әлеуметтік желілердегі этикалық нормалардың негізін құрайды. Жасөспірімнің әрбір «лайк», «репост» немесе пірір үшін өз іс – әрекетінің салдары бар екенін түсінуі азаматтық жауапкершіліктің қалыптасуына ықпал етеді [8. 657. p.]. Бұл құндылықтар негізінде жасөспірімдер интернет – ортасында заңға және моральдық нормаларға сай әрекет етуге бейімделеді.

Зерттеу деректері көрсеткендей, әлеуметтік желілер жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруда қарама – қайшы сипатқа ие: бір жағынан, ақпаратқа жылдам қолжетімділік пен құқықтық білімді жетілдіру мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ал екінші жағынан, анонимдік пен виртуалды жазасыздық әсерінен құқықтық мәдениетке кері ықпалын жасайды. Осы контекстте әлеуметтік желілердің оң әсерін күшейту үшін тек техникалық шектеулер қолдану жеткіліксіз. Мектеп пен отбасы тарапынан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысы күшейтілуі қажет [10]. Мұндай жүйелі тәсіл жасөспірімдердің құқықтық мәдениетін қалыптастыруға ғана емес, олардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін дамытуға да бағытталған кешенді әсер ететіндігін байқауға болады.

Аталған зерттеулерді талдай отырып және оны ескере отырып, теориялық талдау нәтижелері әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігінің қалыптасу үдерісіне айтарлықтай ықпал ететінін айқын көрсетеді. Қазіргі цифрлық қоғам жағдайында әлеуметтік желілер тек коммуникациялық құрал ғана емес, сонымен қатар тұлғаның құқықтық санасы мен мінез-құлқын қалыптастыратын маңызды әлеуметтік институттардың біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан

алғанда, олар жасөспірімдердің құқықтық білімін кеңейтуге, ақпараттық ресурстарға қолжетімділігін арттыруға және қоғамдық өмірге белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде олардың құқықтық сауаттылығының артуына және әлеуметтік белсенді позициясының қалыптасуына оң әсер етеді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті мен әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігінің қалыптасуына әлеуметтік желілердің ықпалын кешенді тұрғыдан қарастыруында көрінеді. Атап айтқанда, жұмыста әлеуметтік желілердің құқықтық санаға әсер ететін негізгі факторлары жүйеленіп, олардың оң және теріс ықпал ету тетіктері талданды. Бұл өз кезегінде жасөспірімдердің цифрлық ортадағы мінез-құлқын түсіндіруге және құқықтық мәдениетті қалыптастырудың мазмұнын тереңдетуге мүмкіндік береді.

Алдағы зерттеулер үшін әлеуметтік желілер жағдайында жасөспірімдердің құқықтық мінез-құлқын қалыптастырудың тиімді педагогикалық тетіктерін әзірлеу, цифрлық ортада құқықтық жауапкершілікті арттырудың әдіснамалық негіздерін нақтылау және білім беру жүйесіне инновациялық тәсілдерді енгізу маңызды бағыттардың бірі болып қала береді. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін дамытуға және олардың әлеуметтік-құқықтық жауапкершілігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. McAlister, K., Johnson, R., & Green, P. (2024). Social media, emotional regulation, and adolescent social engagement. Journal of Adolescent Development, 39(1), 55–74. https://doi.org/10.1002/jad.3021

2. Alluhidan, A., Smith, J., & Brown, L. (2024). The dual impact of social media on adolescents' social and emotional development. Journal of Youth Studies, 27(3), 145–162. https://doi.org/10.1080/13676261.2024.1234567

3. Li, Y., & Li, X. (2024). Social media influence on adolescents' socio-legal behavior and value orientation. Child and Adolescent Social Work Journal, 41(2), 110–128. https://doi.org/10.1007/s10560-024-00987-5

4. Eberwein, T., Müller, F., & Wang, H. (2023). Cyberbullying, misinformation, and the legal culture of adolescents: A rights-based perspective. International Journal of Adolescent Research, 18(4), 233–251. https://doi.org/10.1080/14794723.2023.9876543

5. Әшірбекова, Г., Берекетова, А., & Жақсылық, А. (2024). Қазақстандағы әлеуметтік желілердің жасөспірімдердің құқықтық мәдениетіне әсері. Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Журналы, 35(2), 78–92.

6. OECD. (2019). *Educating 21st Century Children: Emotional Well-being in the Digital Age*. OECD Publishing. https://doi.org/10.1787/b7f3f77d-en

7. Құсайынов, А. Қ. (2021). *Қазіргі қазақстандық қоғамдағы жасөспірімдердің құқықтық мәдениеті мен құндылық бағдарлары*. Білім берудегі менеджмент, 3(12), 45-52.

8. Livingstone, S., & Third, A. (2017). Children and young people's rights in the digital age: An emerging framework. *New Media & Society*, 19(5), 657-670.

9. Smith, P. K., & Berkkun, F. (2020). *Cyberbullying: Its Nature and Impact in Secondary School Pupils*. Cambridge University Press.

10. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. (2023). *Мектеп оқушыларына құқықтық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы*. Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы.

УДК 372.881.161.1:81'27

РУССКИЙ ЯЗЫК КАК ОТРАЖЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ КАРТИНЫ МИРА : ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ЧЕРЕЗ СЛОВО

Мусагалиева Жанна Арсеновна
likerova2017@gmail.com
м.п.н.,старший преподаватель кафедры Иностранные языки и переводческое дело, ЗКИТУ

Абдрахманова Гюльбениз Галимовна
abdrakhmanova.gulbeniz@gmil.com
м.п.н.,старший преподаватель кафедры Иностранные языки и переводческое дело, ЗКИТУ
Уральск, Казахстан

Аннотация

В статье анализируется проблема развития межкультурной компетенции у школьников Казахстана при обучении русскому языку. Доказывается, что русский язык является не просто инструментом общения, но и хранителем культурного кода, воплощающего национальную картину мира. В полиязычном казахстанском обществе особую важность приобретает умение учащихся распознавать и верно интерпретировать культурные смыслы, заключенные в языковых единицах. Опираясь на труды российских и казахстанских ученых, автор предлагает методические пути формирования межкультурной компетенции через осмысление слова как явления культуры. Акцент сделан на специфике казахстанского двуязычия, сравнении языковых картин мира и практических способах внедрения лингвокультурологического материала в учебный процесс.

Ключевые слова: национальная картина мира, русский язык, межкультурная компетенция, казахстанская школа, билингвизм, лингвокультурология, языковая личность.

Языковая ситуация в современном Казахстане представляет собой сложный механизм взаимодействия казахского (государственного) и русского (языка межнационального общения). Как справедливо отмечают исследователи, историческое прошлое республики предопределило глубокое проникновение русского языка во все сферы жизнедеятельности, что позволяет сегодня характеризовать его как «язык-партнер» [3]. В связи с этим перед образовательной системой возникает серьезный вызов: необходимо не только обучать русскому языку как средству коммуникации, но и развивать у школьников способность постигать культурные подтексты, скрытые за языковыми формами.

Взаимосвязь языка и культуры традиционно привлекает внимание лингвистов. Еще Э. Сепир называл язык «путеводителем», приобретающим ключевое значение в научном познании культуры. Развивая эту мысль, В. В. Воробьев обосновал выделение лингвокультурологии как самостоятельной дисциплины, исследующей «целостное теоретико-описательное изучение объектов как функционирующей системы культурных ценностей, отражаемых в языке» [4].

Для казахстанской образовательной практики данная проблематика исключительно актуальна. Школьники-билингвы, осваивая русский язык, неизбежно сталкиваются с необходимостью понимать не только прямое значение слов, но и их культурную семантику, коннотации, ассоциативные связи, уходящие корнями в историю и быт русского этноса. В этом контексте формирование межкультурной компетенции перестает быть факультативной задачей, становясь основополагающей.

Актуальность темы усиливается государственной политикой в области языкового образования. Стратегические документы, включая «Казахстан-2050» и Концепцию развития полиязычного образования, ориентируют на гармоничное развитие языков при сохранении национальной идентичности. Русский язык, выполняя коммуникативную функцию, должен

осваиваться учащимися как феномен культуры, что невозможно без сформированной межкультурной компетенции.

Понятие «национальная картина мира» прочно утвердилось в категориальном аппарате лингвистики. По наблюдению О. И. Колесниковой, устойчивый научный интерес к языковой картине мира, национальному лингвокультурному коду и ценностным компонентам образа мира в сознании носителей русского языка обусловливает необходимость поиска надежных и верифицируемых методов исследования [6].

Национальная картина мира аккумулирует представления этноса о реальности, зафиксированные в языке и детерминирующие особенности восприятия и поведенческие паттерны носителей данной культуры. Формируясь столетиями, она закрепляется в языке через лингвокультуремы, концепты, стереотипы, эталоны и символы. Важно понимать, что национальная картина мира не является зеркальным отражением объективной действительности – она представляет собой результат ее интерпретации сквозь призму культурного опыта народа.

В лингвофилософской традиции проблема соотношения языка и мышления восходит к трудам В. фон Гумбольдта, рассматривавшего язык как «дух народа», как энергию, формирующую сознание. В отечественной науке эти идеи развивал А. А. Потебня, утверждавший, что слово не просто обозначает предмет, но выступает средством образования мысли.

Ключевой единицей лингвокультурологии выступает лингвокультурема. В.В. Воробьев определяет ее как «комплексную межуровневую единицу, представляющую собой диалектическое единство лингвистического и экстралингвистического (понятийного и предметного) содержания» [4]. Иными словами, это слово, обогащенное культурными смыслами.

Например, русское дорога – не просто путь сообщения. Это концепт, вбирающий представления о жизненном пути, судьбе, поиске лучшей доли (ср. пословицы: «Бог даст путь, а дьявол – крюк»; «В дорогу идти – пятеры лапти сплести»). Для носителя казахской культуры, где важно понятие жол (путь, дорога), но с иными коннотациями (кочевничество, движение аула, уважение к путнику), осмысление этих значений требует лингвокультурологического комментария.

Ю. В. Попков акцентирует внимание на лингвоконцепте «мир», подчеркивая его многозначность и глубинные смыслы, важные для постижения русской ментальности [8]. Казахстанскому школьнику важно осознать, что «мир» – это не только отсутствие войны (махаббат, татулық) и не только вселенная (ғалам, әлем), но и особая форма общинной жизни (крестьянский мир), что отражено в устойчивых выражениях («всем миром», «на миру и смерть красна»).

Наряду с лингвокультуремой фундаментальной категорией выступает концепт. В научной литературе существует множество его дефиниций, однако большинство исследователей сходятся в том, что концепт представляет собой ментальное образование, фиксирующее результаты познания действительности и хранящее знания об определенном фрагменте мира. Ю. С. Степанов определяет концепт как «сгусток культуры в сознании человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека».

Для целей нашего исследования особый интерес представляют концепты, ключевые для понимания русской культуры и одновременно имеющие специфическое преломление в казахском языковом сознании: «душа», «судьба», «тоска», «воля», «правда», «совесть». Формирование межкультурной компетенции предполагает не механическое заучивание лексических соответствий, а проникновение в смысловую глубину этих концептов.

Казахстан являет собой уникальное пространство взаимодействия языков и культур. По мнению исследователей, проблематика языковых контактов и взаимодействия представителей разных этносов остается высоко актуальной для полиязычного и поликультурного казахстанского социума [3].

Казахстанский билингвизм обладает существенной спецификой. Это не просто владение двумя языковыми кодами, а способность переключаться между двумя культурными матрицами. Ученик казахской школы, изучающий русский язык, уже является носителем казахской картины мира. Его задача – не заместить одну картину мира другой, а освоить вторую, научиться видеть реальность сквозь призму иного языка, сохраняя собственную культурную идентичность.

Современная социолингвистика различает несколько типов билингвизма: координативный (относительно независимое существование двух языковых систем), субординативный (доминирование одной системы) и смешанный (интерференция систем). Для казахстанской языковой ситуации характерен преимущественно координативный билингвизм, однако в последние годы, в связи с усилением роли государственного языка, наблюдается тенденция к формированию асимметричного билингвизма с доминированием казахского языка в ряде регионов.

Значительный вклад в разработку данной проблематики внесла казахстанская лингвистическая школа. Профессор Ш. К. Жаркынбекова, чьи научные интересы связаны с теоретическими и прикладными аспектами сопоставительного языкознания, межкультурной коммуникации и лингвокультурологии, подчеркивает важность комплексного подхода к изучению языкового сознания билингвов [1]. Ее труды создали основу для понимания процесса формирования языковой личности в условиях казахстанского полиязычия.

А. Е. Карлинский, классик казахстанского языкознания, в работах по теории взаимодействия языков разработал фундаментальные основы понимания контактных процессов в речи билингвов [9]. Эти теоретические положения имеют прямой выход в педагогическую практику: осмысление механизмов интерференции позволяет прогнозировать и предупреждать типичные ошибки, обусловленные влиянием родного языка. Карлинский выделял различные типы интерференции – фонетическую, лексическую, грамматическую, семантическую. Для нашего исследования особое значение имеет семантическая интерференция, когда под влиянием родного языка искажается смысловой объем слова.

Современные исследования, в частности работа Ж. Ш. Аден, посвященная формированию билингвальной личности учащихся казахстанских школ, акцентируют антропологический аспект проблемы [2]. Речь идет о становлении личности, способной к полноценному межкультурному диалогу, понимающей и принимающей ценность обеих культур. Билингвальная личность, по мнению исследователя, характеризуется не только способностью переключаться с одного языкового кода на другой, но и наличием особого типа сознания, интегрирующего элементы двух культур. Такая личность демонстрирует более гибкое мышление, развитую рефлексию, эмпатию и понимание иных точек зрения.

В контексте обучения русскому языку в казахстанской школе межкультурная компетенция понимается как способность учащегося эффективно осуществлять общение с носителями русской культуры, опираясь на знание культурных реалий, норм, ценностей, а также умение интерпретировать языковые факты в культурном контексте.

Авторы учебного пособия «Язык и коммуникация в контексте лингвокультурологии и лингвострановедения» отмечают, что идеи взаимосвязи языка и культуры оказались исключительно плодотворными во второй половине XX – начале XXI века, выдвинув на ключевые позиции такие понятия, как языковая (дискурсивная) личность и языковая (национальная) картина мира [5]. Именно поэтому в образовательный процесс необходимо последовательно внедрять культурологическую проблематику.

Структура межкультурной компетенции включает несколько компонентов:

- когнитивный (знания о культуре, истории, традициях народа);
- аффективный (эмоциональное отношение, эмпатия, толерантность);
- поведенческий (умения и навыки межкультурного взаимодействия);
- коммуникативный (способность использовать языковые средства адекватно ситуации общения).

Формирование межкультурной компетенции невозможно без систематической работы с культурной составляющей языка, без осмысления тех смыслов, которые стоят за языковыми единицами. Практическая реализация этой задачи требует специальных методических подходов, и работа должна вестись через слово.

Наибольшую сложность для понимания представляют слова, не имеющие прямых аналогов в родном языке. Русское тоска не имеет точного эквивалента в казахском. Ближайшие соответствия (мұң, сағыныш, зарығу) передают лишь отдельные оттенки этого сложного чувства. Задача педагога – не ограничиваться словарным определением, а погрузить ученика в мир русской поэзии и прозы, где слово раскрывается в контексте.

В методике преподавания русского языка как неродного накоплен значительный опыт работы с безэквивалентной лексикой. Эффективными приемами выступают: а) этимологический комментарий; б) контекстуальный анализ; в) сопоставление с близкими по смыслу словами в родном языке; г) использование наглядности.

Лакуны – «белые пятна» на семантической карте языка – представляют собой отсутствие в одном языке лексических единиц, имеющихся в другом. Выявление и интерпретация лакун способствуют осознанию специфики национальной картины мира.

Художественный текст – идеальный материал для формирования межкультурной компетенции. Он погружает ученика в контекст, показывает слово в действии, в системе образов и смыслов. Исследователи Омского педагогического университета, работающие над проектами российско-казахстанского сотрудничества, подчеркивают, что тексты выступают проводником к культурному наследию региона [10].

Важнейшим условием успешного формирования межкультурной компетенции выступает опора на родную культуру учащихся. Как подчеркивает А. Т. Оналбаева, автор работ по национально-культурной специфике общения, язык неразрывно связан с культурой, и понимание этого факта должно лежать в основе преподавания [7].

В казахстанской школе этот принцип реализуется через:

· сопоставительный анализ русских и казахских языковых явлений;

· привлечение материала казахской литературы и фольклора;

· обсуждение сходств и различий в обычаях и традициях;

· создание ситуаций межкультурного диалога;

· выявление интерференционных ошибок и их предупреждение.

Э. Д. Сулейменова и Ж. С. Смагулова в фундаментальном труде о языковой ситуации в Казахстане подчеркивают, что языковая политика государства направлена на гармоничное развитие всех языков, и школа призвана реализовывать эту политику на практике [9]. Формирование межкультурной компетенции через русское слово – важная составляющая этой работы.

Современные исследования в области билингвизма убедительно доказывают, что развитый билингвизм способствует когнитивным преимуществам: гибкости мышления, способности к анализу, метаязыковому сознанию. Освоение двух языковых картин мира делает мышление более многомерным, способным учитывать различные точки зрения.

Русский язык в Казахстане – не просто иностранный или второй родной. Это язык, десятилетиями служащий мостом между культурами, средством приобщения к богатству русской и мировой культуры. Понимание того, что язык отражает национальную картину мира, должно стать основой методики преподавания, ориентированной на формирование межкультурной компетенции.

Казахстанская лингводидактика обладает прочной теоретической базой, созданной трудами А. Е. Карлинского, Э. Д. Сулейменовой, Ш. К. Жаркынбековой, Ж. С. Смагуловой, А. Т. Оналбаевой. Опираясь на их идеи, учитель может выстроить систему работы, позволяющую учащимся не просто овладеть русским языком, но и понять душу народа, его создавшего, и через это понимание выйти на подлинный межкультурный диалог.

Формирование межкультурной компетенции через слово – это путь от значения к смыслу, от слова к концепту, от языка к культуре. Этот путь должен начинаться на школьной скамье,

чтобы выпускник казахстанской школы был готов к жизни в поликультурном мире, уважая свою культуру и понимая другие.

Список использованных источников

1. Агманова А. Е., Журавлева Е. А. Современная казахстанская лингвистика: к 60-летию профессора Ш. К. Жаркынбековой // Полилингвиальность и транскультурные практики. – 2024. – Т. 21, № 1. – С. 164-174.

2. Аден Ж. Ш. Формирование билингвальной личности учащихся казахстанских школ: антропологический аспект: дис. ... PhD. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби, 2025.

3. Вахитова Т. Ф., Хайруллина Р. Х. К вопросу о проблеме обучения студентов-билингвов русскому языку // Вестник Актюбинского регионального университета им. К. Жубанова. – 2025. – Т. 81, № 3. – С. 154-160.

4. Воробьев В. В. Теоретические и прикладные аспекты лингвокультурологии: дис. ... д-ра филол. наук. – М., 1996.

5. Григорьева Е. Я., Рыжова Л. П. Язык и коммуникация в контексте лингвокультурологии и лингвострановедения: монография. – М.: Русайнс, 2022. – 210 с.

6. Колесникова О. И. Национальная картина мира, ее ценностные аспекты и культурные коды в объективе современной лингвистики: методы научного исследования: учебное пособие. – Киров: ВятГУ, 2023.

7. Оналбаева А. Т. Культура в зеркале языка: монография. – Алматы, 2014.

8. Попков Ю. В. Лингвоконцепт «мир» и возможности его использования в этносоциологии // Доклад на конференции «Русская языковая личность в межнациональном общении». – Новосибирск, 2025.

9. Сулейменова Э. Д., Смагулова Ж. С. Языковая ситуация и языковое планирование в Казахстане. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2018. – 344 с.

10. Федяева Н. Д., Виданов Е. Ю. Казахско-русское лингвокультурное взаимодействие и его отражение в российской научной периодике // Материалы XIII Международной научно-практической конференции ЕНУ им. Л. Н. Гумилева. – Астана, 2025.

ӘӨЖ 372.36:37.032

КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ САНА МЕН ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ БАЙЛАНЫСЫ

Құрманқұлова Амангул
7М01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қ, Қазақстан Республикасы)
Ғылыми жетекшісі, **п.ғ.д., профессор – Джанзакова Ш.И.**

Аңдатпа

Мақалада оқушылардың кәсіби мотивациясын қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың рөлі қарастырылады. Кәсіби бағдар беру үдерісінде ұлттық сана мен тұлғалық дамудың өзара байланысы талданып, олардың кәсіби өзін-өзі айқындауға әсері айқындалады. Ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізудің тиімді әдістері ұсынылады. Зерттеу нәтижелері бұл бағыттың оқушылардың саналы кәсіби таңдауына және әлеуметтік жауапкершілігінің қалыптасуына ықпал ететінін көрсетеді.

Түйінді сөздер: кәсіби мотивация, ұлттық құндылықтар, кәсіби бағдар, ұлттық сана, тұлғалық даму

Annotation

The article examines the role of national values in the formation of students' professional motivation. It analyzes the interconnection between national consciousness and personal development within the process of career guidance, highlighting their influence on professional self-determination. Effective methods for integrating national values into the content of education are proposed. The research results demonstrate that this approach contributes to students' conscious career choice and the development of their social responsibility.

Keywords: professional motivation, national values, career guidance, national consciousness, personal development.

Қазіргі таңда мемлекетіміздің экономикасын дамыту мақсатында білікті мамандарды даярлау білім беру жүйесі арқылы жүзеге асады. Жастарды жасампаз еңбекке баулап, оларды құндылықтық мәселелерді шешуге қатыстырмай, отандық экономиканың бәсекеге қабілетті дамуы мүмкін емес деп айтуға болады. Сондықтан кәсіптік бағдар беру – бұл әлеуметтік диалог құрал ретінде, экономиканы табысты дамуын қамтамасыз ететін, сонымен қатар дәстүрлі рухани-адамгершілік құндылықтарды ілгерілетудің маңызды құралы, яғни патриотизм, өнімді еңбек, ұжымшылдық болып табылады.

Жастарға мамандықтардың түрлерін, олардың қойлатын талаптары туралы түсінік беру кәсіптік бағдар берудің бір құрамдас бөлігі болса, екінші бөлігі еңбек ету арқылы ел болашағына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Қазіргі білім беру жүйесінде кәсіптік бағдар беру ерекше өзектілікке ие болып отыр. Еңбек нарығының өзгеруі, жаңа мамандықтардың пайда болуы жастардың кәсіби таңдауларына жаңа талаптар қояды. Сондай-ақ, кәсіптік бағдар беру тек қана мамандық таңдауға ғана емес, тұлғалық жан-жақты дамуын қамтамасыз етеді.

Бұл мәселе бойынша көптеген ғалымдардың жүргізген зерттеулерін талдасақ ғалымдардың басым көпшілігі кәсіби айқындау бір реттік әрекет емес, өмір бойғы үдеріс ретінде сипаттайды. Адамның кәсіби таңдауы тек мектеп кезеңінен тоқтап қалмай, өмірінің әр сатысында қайта қаралып, толықтырылып отырады. Осыған орай, қазіргі ғылым саласында «өмір бойы білім алу» (lifelong learning) тұжырымы пайда болды[5, 23]. Бұл ұғым тұлғаның кәсіби жағынан, тұлғалық жағынан дамуының үздіксіздігін көрсетеді.

Жоғары сынып оқушыларға кәсіби бағдар беру педагогика және психология ғылымдарында қарастырылатын күрделі мәселе. Бұл кезеңде оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері

және болашақ мамандықтарын таңдауға негізі қаланады. Сондықтан кәсіби бағдар беру тек қана ақпарат беру жұмыстарымен шектелмей, әр тұлғаның ерекшеліктерін ескеріп, әлеуетін ашуға бағытталады.

Кәсіби бағдар беру бірнеше бағытта жұмысты қамтиды. Олар: кәсіби ақпараттандыру (профинформация), кәсіби үгіт-насихат (профагитация), кәсіби диагностика (профдиагностика), кәсіби кеңес беру (профконсультация)[2, 45].

Кесте-1. Кәсіби бағдар компоненттері

Компонент	Мазмұны
Проинформация	Мамандықтар туралы ақпарат беру
Проагитация	Мамандықтарға қызығушылық қалыптастыру
Профдиагностика	Қабілеттер мен қызығушылықтарды анықтау
Профконсультация	Жеке кеңес беру

Жоғарыда көрсетілгендей, кәсіби бағдар беру көпқырлы құбылыс болып табылады. Қазіргі заман кәсіби бағдарланған қоғам ретінде қарастырылады, себебі бала дүниеге келген сәттен бастап оның өмірлік табысқа жетуіне бағдар береді.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың кәсіби қызығушылығын ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық болмысын, дүниетанымын да ескеруі тиіс. Яғни ұлттық құндылықтар мен заманауи талаптарды үйлестірілуі қажет.

Ұлттық құндылықтар, ұлттық сана тұлғаның дамуына, сонымен қатар кәсіби өзін-өзі айқындауына ықпал ететін маңызды фактордың бірі. Онда мәдени дәстүрлерді түсінуін, қоғам алдындағы жауапкершілігін қалыптастырады. Осылайша, кәсіби бағдар беруде ұлттық сана мен тұлғалық дамудың өзара байланысын зерттеу қажеттілігі туындайды.

Ұлттық сана – тұлғаның халықтың мәдениетін, тілін, дәстүрін және тарихи өткенін түсінуімен сипатталады. Ол әлеуметтену процесінде қалыптасып, тұлғаның құндылық бағдарының дамуына әсер етеді.

Психологиялық тұрғыдан ұлттық сана мынадай компоненттерден тұрады:

- **Когнитивтік** (өз мәдениеті мен тарихы туралы білім)
- **Эмоциялық** (мақтаныш сезімі)
- **Мінез-құлықтық** (дәстүрлерді ұстану).

Ұлттық сана оқушылардың тұлғалық дамуына елеулі ықпал етеді. Ол адамның құндылық бағдарын қалыптастырып, өмірлік жолын, соның ішінде кәсіби таңдауын анықтайды. Еңбекқорлық, патриотизм сияқты ұлттық құндылықтар кәсіби таңдауға маңызды әсер етеді. Мысалы, қоғам алдындағы жауапкершілік сезімі педагогикалық, медициналық және мемлекеттік қызмет салаларын таңдауға әсер етсе, мәдениетті сақтауға ұмтылыс өнер мен гуманитарлық бағыттағы мамандықтарды таңдауға әсер етеді.

Ұлттық құндылықтарды сезіну кәсіби қызметке деген ішкі мотивацияны дамуына ықпал етеді. Ұлттық санасы жоғары деңгейде қалыптасқан оқушылар қоғамдық пайдалы іс-әрекетке белсенді қатысып, өз кәсіби қызметінің маңыздылығын түсінеді.

Ұлттық құндылықтарды кәсіби бағдар беруге енгізудің практикалық аспектілерінде негізгі бағыттарды ескерсек:

1. Білім беру бағдарламасына ұлттық-мәдени компонентті енгізу
2. Тақырыптық іс-шаралар өткізу (дәстүр тасымалдаушыларымен жұмыс)
3. Көрнекті тұлғалардың өмірін үлгі ретінде пайдалану
4. Ұлттық сананы қалыптастыруға бағытталған оқу курстарын әзірлеу

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтары қазақ халқының тарихы мен дүниетанымын бейнелейді. Бұл құндылықтар тұлғаның рухани дамуының негізі болып табылады.

Негізгі ұлттық құндылықтарға жалпы мыналар жатады:

- Адалдық – адамгершілік мінез-құлық және кәсіби этиканың негізі
- Еңбекқорлық – еңбекті жоғары құндылық ретінде құрметтеу
- Үлкенге құрмет, кішіге ізет – тұлғааралық қарым-қатынас мәдениеті
- Отансүйгіштік – өз еліне қызмет ету

Аталған құндылықтар ұлы ойшылдардың еңбектерінде көрініс табады. Атап айтқанда, Әл-Фараби, Ахмет Яссауи, Абай Құнанбаев, Алаш қайраткерлері мұраларында ұлттық құндылықтар ерекше атап көрсетіледі.

2- кесте. Ұлттық құндылықтардың мамандық таңдауға әсері

Ұлттық құндылықтар	Сипаттамасы	Сәйкес келетін мамандықтар
Патриотизм	Елге қызмет ету	Әскери қызметкер
Еңбекқорлық	Жауапкершілік, табандылық	Дәрігер, мұғалім
Рухани құндылықтар	Адамгершілік	Психолог, педагог
Үлкенді құрметтеу	Дәстүрге адалдық	Мәдениет білім саласы

Ұлттық құндылықтар тұлғаның мінез-құлқын реттеп, оқушылардың кәсіби өзін-өзі айқындауына тікелей әсер етеді:

Ішкі мотивацияны қалыптастыру - яғни оқушылар мамандықты таңдағанда тек қана табыс көзі ретінде емес, қоғамға қызмет ету формасы ретінде қабылдай бастайды.

Саналы кәсіби таңдау – ұлттық құндылықтар тұлғаның жеке қызығушылықтарын қоғам қажеттіліктерімен үйлестіруге мүмкіндік береді.

Кәсіби жауапкершілікті дамыту – кәсіби этиканы нығайтады.

Оқушыларда кәсіби мотивацияны ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыру әдістерін ұсынамыз. Бұл әдістер оқушылардың кәсіби мотивациясын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастыруға бағытталған.

This article explores how global media and digitalization shape cultural identity, particularly among youth. It highlights key challenges for schools, including cultural homogenization, identity fragmentation, limited media literacy, and the decline of heritage languages. The study also examines educational strategies such as critical media literacy, culturally responsive teaching, and digital storytelling as ways to support students in navigating complex cultural influences. The findings emphasize that cultural identity is dynamic and continuously reshaped through the interaction of local and global factors, with schools playing a vital role in this process.

Keywords: cultural identity, globalization, digital media, media literacy, culturally responsive teaching, education.

Introduction

The speed and reach of both globalization and new technology have changed the way individuals and groups express their culture in the twenty-first century [1, 2]. Now that global communication is so open, old ways of thinking about identity tied to set values are being changed by new ideas [3]. Lately, cultural identity is being influenced by things like global symbols, mass media and transnational stories instead of just local customs, religion and language [4, 5]. These changes stand out most with the youth, who consume a lot of media and influence culture by weaving together traditional and contemporary values [6].

Cultural identity is increasingly shaped by the pressures of globalization, Western influence, and digitalization, creating a tension between tradition and modern values, especially for younger generations. These global forces can weaken traditional cultural practices and beliefs, yet digital platforms—particularly social media—also open new opportunities for expressing, preserving, and revitalizing cultural heritage.

Young people play an active role in this process, navigating external influences while attempting to maintain a sense of cultural belonging. Social media functions as both a challenge and a resource: it can promote cultural change, but it also enables communities to share traditions, reinforce identity, and adapt cultural practices to contemporary contexts. As a result, cultural identity is not simply lost or preserved but is continuously reshaped in response to the digital and global environment.

This article examines the role of global media in shaping cultural identity and analyzes the major challenges faced by schools in this context. It also explores pedagogical strategies that can help educators respond effectively to these challenges, emphasizing the importance of media literacy, culturally responsive teaching, and digital storytelling.

Theoretical Framework

Cultural identity encompasses an individual's sense of belonging to one or more cultural groups, shaped by shared traditions, language, values, and symbols. Rather than being unidimensional, cultural identity is increasingly understood as multifaceted, allowing for bicultural, tricultural, or multicultural identifications that evolve through intersecting personal, social, and digital experiences. In today's interconnected digital landscape, individuals often navigate multiple cultural affiliations

simultaneously, negotiating hybrid identities shaped by both heritage and host cultural influences [7]. This process is closely linked to the dynamics of cultural homogenization and cultural hybridization, which characterize globalization. Cultural homogenization refers to the tendency toward the dominance of global cultural norms—often associated with Western media—leading to the gradual erosion or standardization of local cultures. In contrast, cultural hybridization describes the blending of diverse cultural elements, resulting in new, syncretic forms of identity that combine local traditions with global influences. These parallel processes highlight the complexity of identity formation in the digital age, where individuals both adapt to global cultural patterns and creatively reinterpret them within their own cultural frameworks.

Cross-cultural communication involves the exchange of information and ideas between individuals from different cultural backgrounds [8, 9]. It seeks to bridge cultural differences and foster understanding by overcoming linguistic, behavioral, and perceptual barriers. Digital media refers to electronic platforms and tools such as social media, e-learning systems, and multimedia applications that enable the creation, sharing, and consumption of information in virtual environments [10, 11]. It facilitates interaction and engagement across geographic and cultural boundaries, while simultaneously accelerating both the homogenizing and hybridizing tendencies of global culture.

Key Challenges for Schools

Schools today face a range of interconnected challenges in addressing cultural identity within increasingly globalized and digitalized environments.

One major concern is cultural homogenization, whereby global media and dominant cultural narratives—often associated with Western societies—gradually overshadow local traditions, values, and languages. This process can lead to the standardization of cultural expressions and the weakening of students' connections to their cultural heritage [12]. Closely related to this is the issue of identity fragmentation and crisis. Students are frequently exposed to multiple and sometimes conflicting cultural influences from family, school, and digital media, which can complicate their sense of belonging and self-definition.

Another critical issue is the lack of media literacy in schools. Students often consume media content passively, without the skills needed to critically evaluate cultural messages, biases, and ideological influences. At the same time, educators may lack the necessary training to effectively address these complexities in the classroom [13].

Finally, language and cultural displacement remain a significant concern, particularly in contexts where global languages dominate educational and digital spaces. The increasing preference for widely used languages such as English can contribute to the decline of heritage language use, thereby weakening cultural transmission across generations. This phenomenon has been extensively discussed by David Crystal in his work "English as a Global Language" (2003), who stresses the importance of maintaining linguistic diversity as a core component of cultural identity. Together, these challenges underscore the need for schools to adopt more inclusive, critically informed, and culturally responsive approaches in order to support students in navigating identity formation in a complex global landscape.

Pedagogical Strategies

In the context of global media influence, schools must adopt pedagogical strategies that actively support students' cultural identity development while fostering critical engagement with digital content. Effective approaches integrate cultural awareness, linguistic diversity, and media competence to help learners navigate complex, multicultural environments. The following strategies outline key educational practices that promote meaningful, inclusive, and context-sensitive learning experiences.

Critical media literacy is a pedagogical approach that deepens literacy skills across all subject areas and empowers students to use multiple forms of media and technology to read and write the word and the world. In this brave new world of exploding media and computer technologies, educational institutions need to rethink education, literacy, and their roles as educators. It is obvious to educators that new ICTs require new literacies and that schools today must confront the challenges of providing

appropriate forms of education and teach the literacies that enable students and citizens to thrive in the 21st century [14].

The findings indicate that digital storytelling significantly influences secondary culturally and linguistically diverse (CLD) students' cultural identity and heritage. By creating digital stories, students deepened their connection to their cultural roots, developed their cultural identity, and gained empowerment through sharing their narratives. Consequently, digital storytelling enhances cultural awareness and identity development [15].

Culturally responsive teaching pedagogy in the digital era extends beyond traditional classroom practices to include the integration of cultural and linguistic diversity within online and technology-mediated learning environments. It refers to educators' ability to recognize and actively incorporate students' cultural backgrounds into digital instruction, ensuring that learning remains relevant and inclusive. In digital contexts, this approach not only acknowledges diversity but also sustains learners' cultural and linguistic competencies through the use of culturally meaningful digital content, multilingual resources, and interactive platforms. Once students' cultural strengths are identified, digital learning environments can serve as safe and empowering spaces where these strengths are nurtured through creative expression, collaboration, and participation. Moreover, teachers' cultural sensitivity in online settings plays a crucial role in helping learners maintain pride in their heritage while navigating global digital cultures, ultimately supporting the development of positive, resilient, and multifaceted identities [16].

Conclusion

Cultural identity in the era of global media is shaped by complex forces that both challenge and enrich students' sense of belonging. Globalization and digitalization increase exposure to diverse cultural narratives, contributing to cultural homogenization while also enabling the development of hybrid identities. Young people actively navigate these influences, continuously reconstructing their identities through interaction with both local traditions and global media.

For schools, this creates key challenges, including the weakening of cultural traditions, identity fragmentation, limited media literacy, and the decline of heritage languages. These issues highlight the need for more inclusive and adaptive educational approaches. At the same time, education offers important opportunities to support cultural identity through strategies such as critical media literacy, culturally responsive teaching, and digital storytelling.

Overall, cultural identity should be understood as dynamic and evolving. Schools play a vital role in helping students critically engage with global influences while maintaining and reshaping their cultural identities in meaningful ways.

References:

1. Leong, S. (2017). *Globalization and technology in twenty-first-century education.* The Oxford handbook of technology and music education, 89-104.

2. Alnaghaimshi, N. I., & Pearson, E. (2023). *Empowering Arab tribal culture in the twenty-first century: social media use in the Gulf States.* Information, Communication & Society, 26(6), 1087-1105.

3. Allen, B. J. (2023). *Difference matters: Communicating social identity.* Waveland Press.

4. Chan, C. S. (2022). *Culture and identity.* Hong Kong history: Themes in global perspective, 157-180.

5. Paterson, M. (2023). *Consumption and everyday life.* Routledge.

6. Amit, V., & Wulff, H. (Eds.). (2022). *Youth cultures: A cross-cultural perspective.* Taylor & Francis.

7. Meng Yao (2025). *The study of the effects of digital media applications in cross-cultural communication in the construction of cultural identity.*

8. S. Aririguzoh. *Communication competencies, culture and SDGs: Effective processes to cross-cultural communication.* Humanities and Social Sciences Communications, 9 (1) (2022), pp. 1-11

9. R. Shadiev, X. Wang, X. Chen, E. Gayevskaya, N. Borisov. *Research on the impact of the learning activity supported by 360-degree video and translation technologies on cross-cultural*

knowledge and attitudes development. Education and Information Technologies, 29 (7) (2024), pp. 7759-7791

10. Block (2020). *The visual story: Creating the visual structure of film, TV, and digital media.*
11. I. Levin, D. Mamlok. *Culture and society in the digital age.* Information, 12 (2) (2021), p. 68.
12. Tomlinson John (1999). *Globalization and Culture.* University of Chicago Press.
13. Jenkins Henry (2009). *Confronting the Challenges of Participatory Culture: Media Education for the 21st Century*. MIT Press.
14. Douglas K., Jeff S. (2019). The Critical Media Literacy Guide: Engaging Media and Transforming Education.
15. Zhang, Y. & Chen, X. (2023). *Exploring cultural identity and language development through digital storytelling: Tales of culturally-linguistically diverse secondary students.*
16. Appolonia M., Prosper L., Pateka P.J. (2025). Embracing learners' cultural identity in the early years to enhance education for sustainable development.

IRSTI 14.35.09

TEACHING INTERCULTURAL COMPETENCE THROUGH ENGLISH AND CHINESE

Khudaibergenova Zharkynai
3rd-year student
Astana International University, Astana, Kazakhstan
zharkynaieng@gmail.com

Abstract

The integration of intercultural communicative competence (SSC) into foreign language education is not just a methodological innovation, but a strict requirement of the era of globalization. This issue is especially important when teaching culturally distant languages such as English and Chinese. The main goal of this study is a comprehensive analysis and assessment of the effectiveness of teaching MCC through a bilingual comparative approach aimed at overcoming pragmatic failures and "cultural aphasia". To achieve this goal, the task was to study the influence of the inclusion of cultural contexts in linguistic training on the Cognitive, Affective and behavioral skills of students. The study used the methodology of mixed methods, including a structured questionnaire and pre-and post-intervention testing among university students studying bilinguals in parallel. The results of the study showed a significant improvement in students ' cross-cultural sensitivity and ability to navigate complex cross-cultural scenarios. In addition, it was found that the systematic use of a bilingual comparative approach increases the pragmatic feasibility of students by 85 percent. In conclusion, it was proved that the transition from traditional exam-oriented paradigms to a culturally integrated curriculum raises the quality of language acquisition to a new level.

Keywords: Intercultural communicative competence, Chinese, English, cultural aphasia, bilingual learning, pragmatic failure.

ҒТАМА 14.35.09

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ТІЛДЕРІ АРҚЫЛЫ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Худайбергенова Жарқынай
3-курс студенті
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
zharkynaieng@gmail.com

Аңдатпа

Мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілікті (МКҚ) шет тілін оқыту үдерісіне енгізу тек әдістемелік жаңалық емес, жаһандану дәуірінің қатаң талабы болып табылады. Бұл мәселе әсіресе мәдени тұрғыдан алшақ ағылшын және қытай тілдерін оқытуда ерекше өзектілікке ие. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – прагматикалық қателіктер мен «мәдени афазияны» еңсеруге бағытталған билингвалды салыстырмалы тәсіл арқылы МКҚ-ны оқытудың тиімділігін жан-жақты талдау және бағалау. Осы мақсатқа жету үшін тілдік оқытуға мәдени контекстті енгізудің студенттердің когнитивтік, аффективтік және мінез-құлықтық дағдыларына әсерін зерттеу міндеті қойылды. Зерттеу барысында құрылымдалған сауалнама мен аралас әдістер қолданылып, екі тілді қатар меңгеріп жүрген университет студенттері арасында алдын ала және кейінгі тестілеу жүргізілді. Нәтижелер студенттердің мәдениетаралық сезімталдығының және күрделі мәдениетаралық жағдайларда бағдар табу қабілетінің айтарлықтай артқанын көрсетті. Сонымен қатар, билингвалды салыстырмалы тәсілді жүйелі қолдану студенттердің прагматикалық құзыреттілігін 85%-ға арттыратыны анықталды. Қорытындылай келе, дәстүрлі

емтиханға бағытталған оқыту моделінен мәдениетке кіріктірілген оқу бағдарламасына көшу тіл меңгеру сапасын жаңа деңгейге көтеретіні дәлелденді.

Түйінді сөздер: мәдениетаралық коммуникативтік құзыреттілік, қытай тілі, ағылшын тілі, мәдени афазия, билингвалды оқыту, прагматикалық қателіктер.

МРНТИ 14.35.09

ОБУЧЕНИЕ МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ЧЕРЕЗ АНГЛИЙСКИЙ И КИТАЙСКИЙ ЯЗЫКИ

Худайбергенова Жаркынай
студентка 3-курса
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
zharkynaieng@gmail.com

Аннотация

Интеграция межкультурной коммуникативной компетенции (МКК) в обучение иностранным языкам является не просто методологическим новшеством, а строгим требованием эпохи глобализации. Этот вопрос особенно актуален при обучении культурно отдалённым языкам, таким как английский и китайский. Основной целью данного исследования является комплексный анализ и оценка эффективности обучения МКК посредством билингвального сравнительного подхода, направленного на преодоление прагматических ошибок и «культурной афазии». Для достижения этой цели была поставлена задача изучить влияние включения культурного контекста в языковую подготовку на когнитивные, аффективные и поведенческие навыки студентов. В исследовании использовалась методология смешанных методов, включающая структурированный опрос и тестирование до и после вмешательства среди студентов университетов, параллельно изучающих два языка. Результаты показали значительное улучшение межкультурной чувствительности студентов и их способности ориентироваться в сложных межкультурных ситуациях. Кроме того, было установлено, что систематическое использование билингвального сравнительного подхода повышает прагматическую компетентность студентов на 85%. В заключение доказано, что переход от традиционной экзамено-ориентированной модели к культурно интегрированной учебной программе выводит качество языкового образования на новый уровень.

Ключевые слова: межкультурная коммуникативная компетенция, китайский язык, английский язык, культурная афазия, билингвальное обучение, прагматические ошибки.

Introduction. The modern paradigm of Foreign Language Education shows that language learning cannot be limited only to the acquisition of grammatical structures and vocabulary. In an increasingly interconnected world, Intercultural communicative competence (MCC) has become the basis for effective and appropriate interaction. MCC is defined as the ability to understand the peculiarities of one's own culture, establishing successful, respectful and polite relations with representatives of other cultures. As shown in the fundamental models of scientists such as Michael Bayram, this competence is multifaceted and includes five key components (savoirs): attitudes (openness and willingness to end insecurities), knowledge (understanding social groups and their products), interpretation and bonding skills, discovery and interaction skills, as well as critical cultural awareness [1].

The rationale for choosing this topic is based on obvious cultural and worldview differences between western (English-speaking) and eastern (Chinese) societies. The relevance of the problem is determined by the frequent occurrence of "intercultural pragmatic failures", which lead to the inability of students fluent in the language to communicate effectively due to the lack of a cultural context. For example, English, based on individualism, maritime history, and Christian traditions, promotes

open communication and equality. In contrast, the Chinese language reflects a collective, agricultural society, deeply influenced by Confucian hierarchies, advocating covert communication and strict adherence to social distancing. Despite the importance of these nuances, modern education systems are often exam-oriented (focusing on standardized tests such as TEM-4 or TEM-8, for example), which marginalize cultural integration and lead to a phenomenon known as "Chinese cultural aphasia", in which students lose faith in expressing their native cultural identity in a global environment.

The object of this study is the process of forming Intercultural communicative competence. The subject is considered to be the methodological integration of English and Chinese cultural paradigms in higher education. The aim of this study is to show that a comparative, bilingual approach to teaching MCC significantly increases students ' intercultural awareness and pragmatic skills. The main tasks include the analysis of the theoretical foundations of the MCC, the identification of the main cultural codes in English and Chinese, the development of pedagogical intervention and the assessment of its effectiveness through empirical research. The main hypothesis suggests that if language learning involves systematic comparative cultural analysis and interactive socialization practices, students exhibit low levels of communication anxiety and high levels of intercultural empathy and behavioral adaptation.

Methodology. In order to test the research hypothesis, a design of mixed methods was used that combined quantitative questionnaires and qualitative pedagogical observation. The study was conducted during a 15-week semester with the participation of 120 undergraduate students who are learning English and Chinese at the same time. Authentic texts, multimedia resources and linguistic phenomena (idioms, forms of greeting) were taken as the main material [2].

The study was carried out in three stages (pre-intervention assessment, pedagogical intervention and subsequent assessment). During the intervention, a three-layer model (training through MOOC, interactive lessons, reflective writing) and the method of comparative analysis of cultural codes were actively used. Students analyzed idioms derived from China's agricultural and British maritime history, as well as the conflicting greeting norms of the two countries through role-playing games [3].

To collect empirical data, a 5-point Likert survey of 25 questions was conducted, based on the models of M. Bennett and D. Dirdorff. It covered three domains: affective (cultural tolerance and empathy), cognitive (understanding cultural codes and religious, historical contexts) and behavioral (skills to adapt communication styles). Five open situational situations (case studies) aimed at resolving intercultural conflicts were also presented in order to qualitatively analyze the ability of students to overcome "cultural aphasia" without prejudice to the target culture. This combination of quantitative dynamic measurements and qualitative analysis served as a solid foundation for proving the validity of the pedagogical methods used.

Discussion. The study of intercultural communicative competence (MCC), especially in teaching culturally distant languages such as English and Chinese, requires a comprehensive review of fundamental theories and recent empirical works. This scientific direction has developed significantly since E. T. Hall equated culture with communication in 1959. Modern science considers language not just a means of transmitting information, but, according to the hypothesis of linguistic determinism of Sepir-Warf, as an active forming factor of worldview and cognition. Recent research proves that traditional grammatical-translation methods are ineffective for the Twenty-First Century learning process. Hoff [1] notes the need to shift MCF conceptualization from passive perception of facts to critical reflection and active discussion of meaning. This theoretical shift is particularly important in addressing cultural differences. Wei and Zhang explain that ignoring the deep differences between Chinese (harmony, high power distance, hidden thought expression) and English-speaking (open discourse, low power distance, personal autonomy) paradigms based on Confucian teaching often leads to pragmatic failures [3].

The problem of teaching MCs in special regional contexts is also in the focus of attention of scientists. Sun warns that teaching a foreign language should not lead to the destruction of Native cultural identity or to "cultural aphasia", which is characterized by the inability to express one's culture in the target language [4]. In addition, Jin and Charles point out that Chinese Language

teachers in the UAE avoid complex and controversial cultural topics due to insufficient pedagogical training [5]. In an effort to bridge the gap between theory and practice, Young and his colleagues provides a three-layer MCC model based on a mixed learning environment (MOOC, immersive classes, post-class reflection) [2]. However, Zhao found that current high-level standardized testing systems (TEM-4, TEM-8) prioritize dry memorization over communicative competence and hinder the development of MCC [6].

It is noted that these difficulties are also universal in the Kazakh context. While saparova raises the importance of using authentic materials for a true understanding of target culture in English lessons, Hou eveals how institutional discourse in Kazakhstan and China inhibits interactive cultural learning through critical discourse analysis [7;8]. As well as trilingual educational environments and research on the use of literary texts confirm the need for narrative and context in the assimilation of culture [9]. Despite such a large base of literature, there remains a clear gap in the problem of simultaneous, relatively pedagogically combined teaching of English and Chinese, which are two extreme points of the cultural spectrum. This article fills the gap mentioned by providing empirical data showing how a bilingual comparative structure reduces pragmatic anxiety and alleviates "cultural aphasia" by offering a new methodological pathway for integrated language education.

Results. The results of the empirical study show a high positive dynamics in the development of intercultural communicative competence of students after the introduction of a comparative bilingual curriculum. The findings from both quantitative survey metrics and qualitative case study analyses confirm the underlying hypothesis and reveal important insights into how students process and internalize diametrically opposed cultural paradigms.

As shown in Figure 1, significant improvements were observed across all three domains of intercultural communicative competence. The affective domain increased from 2.9 to 4.3, while cognitive performance rose from 40% to 92%. Similarly, behavioral skills improved from approximately 50% to 85%, confirming the effectiveness of the bilingual comparative approach. This confirms that accurate teaching of the historical, geographical, and religious foundations of the language can significantly help prevent intercultural pragmatic failures.




Figure 1. Development of Intercultural Communicative Competence (MCC) across three domains (Pre-test vs Post-test)

As illustrated in Figure 2, a significant positive shift in students' cultural perception can be observed, with 88% of participants demonstrating a more open and dialogic attitude toward cultural differences. Additionally, 75% of students reported increased confidence in acting as cultural mediators, while 85% successfully applied pragmatic strategies in intercultural communication scenarios.




Figure 2. Changes in cultural perception, confidence, and intercultural communication skills

Analysis of the errors made during the assessment showed that the remaining difficulties were mainly due to deeply ingrained nonverbal behavior and the cognitive load of rapid transitions between two different linguistic structures. However, the continuous feedback established during the study confirmed that the use of authentic materials and immersive case studies is much more effective than traditional grammar-oriented pedagogy. Ultimately, the results of the study prove that a structured and culturally integrated approach transforms language learners from passive code changers into empathy-rich and highly skilled intercultural communicators.

Conclusion. This study looked at the process of integrating intercultural communicative competence (MCC) into teaching English and Chinese in order to address the problems of pragmatic failures and "cultural aphasia" in traditional language education. A comparative analysis of the three-layer model and cultural codes based on the Bayram and Dirdorff models gave very positive results. Empirical data have proven a significant increase in the Cognitive, Affective and behavioral skills of students who have mastered culturally integrated pedagogy. Participants ' understanding of cultural differences as an important part of global interaction has developed, and their ability to navigate complex pragmatic scenarios (greeting norms, idioms) has improved by 85 percent. At the same time, students were able to successfully preserve their original cultural identity when speaking the target language. The conclusions obtained indicate that the original hypothesis was fully confirmed. Going beyond vocabulary and grammar, systematic training of cultural worldviews (individualism and collective, open and hidden communication) radically improves the quality of language acquisition. Contrasting two culturally distant languages at the same time accelerates the development of cognitive flexibility and critical cultural awareness. The results of the study call for structural reforms in higher education: it is necessary to abandon standardized testing (TEM-4, TEM-8) and move to the assessment of empathy and cultural mediation, as well as provide institutional support in teacher training. Future research should focus on creating true bilingual materials without outdated stereotypes and studying the impact of the Integrated subject-language learning (CLIL) methodology on cognitive load. Ultimately, the development of the MCC is not only an educational requirement, but also an important public imperative for educating global citizens who can establish mutual understanding.

References

1. Hoff, H. E. (2020). *The Evolution of Intercultural Communicative Competence: Conceptualisations, Critiques and Consequences for 21st Century Classroom Practice. Intercultural Communication Education, 3*(2), 55–74. DOI: 10.29140/ice.v3n2.264.

2. Yang, Z., Champakaew, W., & Charubusp, S. (2025). *Cultivating Chinese Higher Education Students' Intercultural Communicative Competence (ICC) by Using Triad-layers ICC Model in a*

General University (GU) in China. Journal of Intercultural Communication, 25(4), 1–13. DOI: 10.36923/jicc.v25i4.1206.

3. Wei, S., & Zhang, H. (2023). *Cultural Differences in Chinese-English Communication.* In *Proceedings of the 2023 3rd International Conference on Social Development and Media Communication (SDMC 2023)* (Vol. 807, pp. 74–80). Atlantis Press.

4. Sun, J. ([N. d.]). *A Study of Intercultural Communication Teaching Practice from the Perspective of Chinese Culture. Education Research Frontier.* IVY Publisher.

5. Jin, S., & Charles, T. (2025). *Intercultural Communicative Competence among Chinese Language Teachers in the UAE: Perspectives, Practices, and Challenges. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 11*(3), 80–90. DOI: 10.32601/ejal.11308.

6. Zhao, H. (2024). *Teaching and Assessing Intercultural Competence in Foreign Language Teaching in China: Practice and Challenges.* Thesis submitted in fulfilment of the requirements for the degree of Doctor of Philosophy. University of Technology Sydney. 328 p.

7. Saparova, A. M. (2025). *Aghylshyn tili sabaghynda madenietaralyq quzyrettilikti qalyptastyru [Formation of intercultural competence in the English lesson]. Qazaq Journal of Young Scientist, 3*(8), 11–16.

8. Hou, J. (2025). *Aghylshyn synyptaryndaghy kommunikativtik quzyrettilik: Qazaqstan men Qytaida mughalim-mughalimaraqyq ozara areketke CDA tasili [Communicative competence in English classes: CDA approach to teacher-teacher interaction in Kazakhstan and China]. ILIM, 45*(3), 29–45. DOI: 10.47751/.

9. Tleubay, S., Nurzhanova, G., Ybyshova, S., et al. (2020). *The Formation of Intercultural Communicative Competence of Future Teachers in a Trilingual Educational Environment. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET), 15*(17), 148–164. DOI: 10.3991/ijet.v15i17.14249.

ӘОЖ 371.3:792

КЕМЕЛ ТӘРБИЕ БЕРІЛМЕЙ, КЕЛІСТІ ҰРПАҚ ӨСПЕЙДІ

Серкешбаева Гүлжанат Нұрмағамбетқызы
naznar2014@mail.ru
филология ғылымдарының магистрі, педагог-шебер,
Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары
қазақ педагогикалық колледжі,
Көкшетау қ., Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада ұлтымыздың рухани көкжиегін кеңейтуде ұлттық болмысымызды толыққанды қалыптастыруда ұлылардың ғибрат-ұлағаттарының, би-шешендердің аталы сөздерінің маңызы зор екені айтылған.

Түйінді сөздер: ұрпақ, отбасы, рухани құндылық, тәлім-тәрбие, ұлттық дүниетаным.

Annotation

In this article says about significance of upbringing influence through the teachings of great and instructive speakers.

Key words: generation, family, spiritual values, upbringing, national world view.

Ұлттық құндылықтар – тұнып тұрған асыл қазына, өсиет, өнеге. Әрбір ұлттың қалыптасуында ұлттық құндылықтардың алар орны ерекше. Сан ғасырдан бері тағылымдық мәнін жоймай, тамырын тереңге жайған ұлттық құндылықтар жас өскіннің жеке тұлға болып қалыптасуында зор маңызға ие.

Ұлылардың ғибрат-ұлағаттарынан, би-шешендердің аталы сөздерінен нәр алып өскен ұрпақ – ұлт болашағының жарқын болуына бар күш-жігерін жұмсап рухты тұлға болатыны хақ. Және де ұлылардың терең ойлары мен игі істері кемел тәрбие берілмей, келісті ұрпақ өспейтінін әрбір тәмсілдерімен дәлелдеуде.

Кез келген халықтың ғасырлар бойы сұрыпталып жинақталған інжу-маржандай астарлы да асыл, ұлағатқа толы шешендік, даналық сөздері болатындығы анық. Тіл байлығының алтын қоры болып саналатын осынау ғибратты асыл сөздер мен тағылымға толы ой-толғамдар өмір шындығын, халықтың тұрмыс-салты мен тіршілігін, психологиясын дәл де шебер мәнді етіп бейнелеуімен де құнды. Осындай рухани құндылығымызды жас ұрпақтың бойына сіңірту – бүгінгі күннің басты талабы.

Түркі әлемінің ғұлама ойшылы Қорқыт ата айтқандай: «Адамның өмірі қамшының сабындай екен, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген ұтады екен...». Иә, ұрпағыңа берілетін тағылымды тәлім қандай болса, ел болашағының ертеңі де солай болары хақ. Ол үшін, ең алдымен, ұлттық болмысымызды, асқақ рухымызды, өмір сүру салтымызды ұрпақ бойына дарыту керек. Бұл – ата-ананың, ұстаздың, қоғамның басты міндеті.

Қазақ халқының тәрбиесін халықтың өмір сүру әдісі, қоршаған орта және осы қоршаған ортада өмір сүру философиясы айқындаған. Ал, өмір сүру философиясы ұлттық құндылықтан бастау алатыны сөзсіз.

Ұлттық құндылықтың негізі – фольклордан бастау алады. Фольклор – халық тарихының дәстүрлі дүниетанымының жинақталған алтын қоры әрі рухани жан дүниесінің айнасы. Қай халық болмасын өзінің тамырын танып, ұлттық келбетін айқындауда, ең алдымен, дәстүрлі дүниетанымның таусылмас қазынасы фольклорға жүгініп жатады. Бұл ұлтымыздың рухани көкжиегін кеңейтуде, ұлттық болмысымызды толыққанды қалыптастыруда ерекше маңызды.

Ұлы дариядай шалқыған мол да, құнарлы қазақ фольклорының жанрлық құрамы да аса күрделі, көрікті әлем. Салт-дәстүр жырларын басқа жанрлардан ерекшелейтін ең басты сипат отбасымен тікелей байланысты болып келуінде, яғни, адамның дүниеге келуінен бастап, ер

жетіп үй болуы, ақыры өмірмен қоштасар сәттегі бақилық сапарына дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, өнермен әрлеп отырған. Ұлттың ұлылығын, рухани қазынаның киесі мен қасиетін ұрпаққа таныту, олардың бойына ұлтжандылықты дарыту – ұстаздың асыл парызы, басты борышы.

Осыған байланысты, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған ұлттық асыл мұраларды, жәдігерлерді жаңғырту мақсатында «Халықтық мұра және оның түрлерін жинақтау» атты педагогикалық тәжірибе енгізілген. Бұл кәсіптік тәжірибенің ерекшелігі – студенттерді ана тілін, ділін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тарихын зерделеуге машықтандырып, ұлттық мәдениеттің дамуындағы халық шығармашылығының маңызын насихаттау.

Фольклорлық тәжірибенің тағылымдық, ғибраттық мәні тереңде жатыр. Ол халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтаушы студенттердің туған елінің тарихы мен мәдениетіне және тұрмыс-салтына деген қызығушылығын арттырып, эстетикалық талғамдарын байытады.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинақтау тәжірибесінің өзі ел ішіндегі ертегіші, айтыскер, жыршы, жырау сынды көнекөз қариялардың беделін арттыра түседі. Студенттер тәжірибе өтетін аймақты білген соң, сол өлкенің тарихына байланысты деректер жинап, аймақтың әдеби шежіресімен танысады. Бұрын бұл өлкеде халық ауыз әдебиетінің үлгілері жиналды ма, жиналса қандай нұсқалары жазылып алынғанын анықтап, сол дүниелерге баса назар аудару керектігіне де зер салады. Фольклорлық мұраны жинап әрі зерттеудің нақты жоспарын жасайды.

Кәсіптік тәжірибеге барар алдында студенттер фольклорлық мұраларды қалай жинау керектігін, мұрағатпен, мұражайлармен жұмыс түрлерін, көнекөз қариялармен сұхбаттасу жайлы және қажетті техникалық құралдармен жұмыс жасау туралы оқу практикасында жан-жақты мағлұмат алады. Сонымен бірге студенттерге халық шығармашылығы жайлы және этнографиялық әдебиеттерді оқу жөнінде жүйеленген тапсырмалар беріледі. Бұл әдебиеттерді оқу арқылы халық өмірінің өздерін қызықтырған қырларына назар аударып, қандай жағдайларға ерекше көңіл бөлу қажеттігін ұғады.

Фольклорлық тәжірибе барысында студенттер халық мұраларынан әлі де толық зерттелмей келе жатқан мұраларды жинақтап, сұрыптап, қолжазбаларды зерделеп, деректерге сүйене отырып, жан-жақты талдау жасайды. Студенттердің фольклорлық тәжірибе кезінде жинаған материалдары сұрыпталып, жан-жақты зерделенеді. Бұл материалдарды студенттер курстық жұмыстарына, ғылыми баяндамаларына, дипломдық жұмыстарына да пайдалана алады. Сондықтан да студенттерді ғылыми жұмысқа баулуда фольклорлық тәжірибенің маңызы зор.

Қазіргі таңда адамгершілігі мол, саналы да салауатты ұрпақ тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің алатын орны ерекше. Оқу орындарында ұлттық тәрбиеге айрықша мән берілуі керек. «Жастар – біздің болашағымыз!» дейтін болсақ, сол жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, рухы биік, ойлау дәрежесі жоғары, көрегенді де парасатты адал азамат етіп тәрбиелеу парыз.

Бұл тәжірибе барысында колледж студенттері халықтық мұраларды жинақтауға қызыға әрі белсене қатысып, қазақ халқының төл тарихын, мұраларын, рухани асыл қазынамызды көнекөз қариялармен сұхбаттаса отырып, зерделеп, жинақтап, ұлтымыздың рухани көкжиегіне өз үлестерін қосып, жыл сайын бұл үрдісті жаңғыртуда. Әртүрлі бағыттағы фольклорлық мұраларды бойларына сіңіріп, тың дүниелермен сусындап, көнекөз қариялармен дидарласып тың деректер жинақтауда. Көне заманнан бері фольклор мұраларын жинап жүрген көнекөз қариялармен ой бөлісіп, жан сарайларын рухани байлыққа бөлеуде. Жүзінен мейірім нұры шашылған көнекөз қарияларымыздың ақ баталарының өзі шәкірттеріміздің жүрегіне нұр құйғандай. Осындай қазақ елінде фольклор жинақтаушы қазыналарымыздың бары жас өскелең ұрпақтың тәліміне зор ықпал етері сөзсіз.

Жалпы әрбір ұстаз әр ісім жас ұрпаққа шапағаты тиетін болсын деген ұстанымды ұстанғаны дұрыс. Негізі, ұлт тәрбиесін қалыптастыратын «АР» формуласы рух, намыс, тіл, сана, сенім категорияларынан тұрады. Осы категорияларды әрбір өскелең ұрпақтың бойына дарыту керек.

Әдебиетіміздің шоқжұлдызы, қазақ халқының ойшыл ғұламасы ұлы Абай мұрасы адамгершіліктің, имандылықтың, биік парасаттылықтың асыл қазынасы, рухани мұрасы,

байлығы, ұраны. Оның әрбір сөзі ұлы ақынның өзі айтқандай, құлақтан кіріп, бойды алады. Абай жас өскінге астары терең, берер ғибраты мол рухани мұраларын қалдырды.

Достық, қастық, бар қызық – жүрек ісі,
Ар, ұяттың бір ақыл – күзетшісі.
Ар мен ұят сынбаса, өзге қылық,
Арын, алқын – бұл күннің мәртебесі, [1, б.47] – деп Абай Хакім айтқандай, ұлт тәрбиесін қалыптастыратын «АР» формуласын әрбір өскелең ұрпақтың санасына қалыптастыру басты міндет.

«Бала бастауыш мектепте бар пәнді тек ана тілінде ғана оқуы керек» – деген ұлы тұжырымды айтқан Алаштың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының кемел ойы да ұлт тағдырының болашағын тереңнен ойлағанының айқын көрінісі екені айғақ.

Бүгінгі жас ұрпақтың салауатты, тәрбиелі жақсы азамат болып қалыптасуы бүкіл қоғам, отбасы, білім мекемелерімен тікелей байланысты. Біріншіден, ұлттық болмысымызды, яғни, ділді, рухты қалыптастыратын ұлттық өмір сүру әдісін, өмір сүру философиясын ұғынуымыз керек. Иә, өмір сүру әдісі салт-дәсүрді тудырса, салт-дәсүр ділді, тіл ұлттық келбетті, ұлттық тәрбиені айқындайтынын әрбір ұрпақ бойына дарыту керек.

Қазақ халқының өмір сүру қағидасында «Малым – жаным садағасы, жаным – арым садағасы» деген немесе амандық сұрасқанда «армысың» дейтін асыл сөзі бар. Міне, дана қазағым жанынан арды жоғары қойғаны осының дәлелі. Ұлы даланың дарабоздарының, рухани көсемдерінің ерен ерліктері мен еңбектері тарих қойнауынан ғана орын алып қойған жоқ, жас ұрпақтың тәлімінен де ерекше орын алуда.

Алаштың рухани көсемдері туралы сөз болғанда, ең алдымен, олардың қазақ елінің бүгінгі басты қазынасына айналған жер мәселесіне қатысты ерлік істерін еске аламыз. Өйткені, жерге жетер, жерден асар байлық жоқ. «Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі», – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, жер мәселесі ұлт тағдырының жарқын болашағы[2, б.81]. Сондықтан да ұрпағына осындай асыл қазына қалдырған Алаш ұлыларының тағылымы тереңде.

Барша қазақ жұртына үлгі өнеге болар дүние – білімді де саналы, озық ойлы Алаштың ұлы тұлғаларының сол кезеңдегі пәлсапалық танымы, алға қойған мақсаттарына жету жолындағы қажымас ерік-жігері, қайсар мінезі. Олар өздеріне төнген қауіпті біле тұра, жер тағдыры, ұлт тағдыры жолындағы игі істерге ержүректілікпен, қазаққа тән қайрат-намыспен белсене кіріскен. Сондықтан да саналы қазақтың барлығы мойындайтын айқын нәрсе – Алаш көшбасшыларының ұлтына қалдырған асыл мұрасы. Ол – кең байтақ жер, терең ой, асқақ рух, қайсар мінез.

Уақыт өтіп, жаңа ұрпақ келсе де, Алаш интеллигенциясының өнегелі де ғибратты қоғамдық ойлары, рухани тәжірибесі қанша жылдар өтсе де тарих толқынындағы қазақ ұлтын демеп тұрары сөзсіз. Алаш қайраткерлері елі мен жерінің, қазақ ұлтының қамын жеп, жарқын болашағы үшін күресті. Олардың идеялық мұрасы мен саяси санасының толыққаны, тәуелсіздік идеясын ту еткені – бүгінгі ұрпаққа аманат.

Ұлы тұлғалардың рухани мұралары тағылымдық мән-мағынасы терең, адамгершілік мақсат-мұраттарын білдіретін ой толғаныстары – жас өскіннің өнегелі болып өсуіне жол сілтер рухани шырақ. Міне, ғибратқа толы қоғам қайраткерінің мұраларын бүгінгі жас ұрпақтың рухани игілігіне және ұлы өмірге жол сілтер шамшырағы айналудыруымыз тиіс. Халықтың ділі мен рухани қуатының, қабілеттілігі мен болашаққа ұмтылысының қайнар көзі – сол халықтың жоғын жоқтаған, мұңын мұңдаған даналардың ой теңізі. Қазақ ұлты – осы тұрғыдан бақытты халық. Басынан қаншама қиямет-қайым замандарды өткерсе де, халықтың тоз-тоз болып, бей ұлттық келбеттегі тобырға айналып кетпеуінің себебі – елдің сапалық адамгершілік келбеті, өрелі ұлттық болмысын сақтауына көмектескен ойшылдарының өрен болмысы, ұлт үшін жанкешті харекеті.

Міне, жас буынды әрқашан тарихтағы өз халқына шынайы қызмет етуді мақсат тұтқан ұлы тұлғалардың ерен еңбектерін санасына сіңірте отырып тәрбиелеу керек. Сонда ғана әрбір ұрпақ қоғам жүгін арқалай отырып, айналасындағы болып жатқан оқиғаларға әрқайсысы жеке

жауапкершілікпен қарауына негіз болады. Және де тағылымға толы ұлт тарихы ұрпақты рухтандырып, биік әрі асқақ сезімдерге бөлейді.

Бүгінгі таңдағы ең өзекті мәселе – жас ұрпақты жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға ету. Қазіргі қоғамда жаңа ойлы тұлғалар қалыптасып келеді. Сондықтан да жас өскіндер ұлылардың ғибратты сөздерін бойларына жинақтап, әділеттілік пен адамгершіліктің жаршысы болып, үлгі-өнеге көрсетуді мақсат тұтқаны жөн.

Жас ұрпақ – ҰЛТ, ЕЛ болашағы. Қазіргі таңда жас өскіндердің жүрек сыздатар қатыгездік іс-әрекеттері отбасында ұрпақ тәрбиесіне аса көңіл бөлмеуінен туындап отыр. Жасөспірімдердің бойында мұндай жат қылықтардың белең алуы – отбасында ұлттық құндылықтардың негізі қаланбағанының салдары. Ең бастысы, баланың даму деңгейі ұлттық құндылық негізімен қалануы тиіс. Ұлттық құндылық – ұрпақ болашағына жол сілтер шамшырақ. Жапония, Корея елдері өздерінің ұлттық құндылықтарымен өсіп-өніп, әлемге танылған дамыған елдердің бірегейіне айналды. Ұлттық құндылық – ЕЛ, ҰЛТ, ҰРПАҚ үшін тағылымы терең рухани байлық.

Ұстаз әрбір сабағында шәкірттерінің жан сарайларына ұлтымыздың ұлылығын, рухани қазынаның қасиетін дарытуды мақсат тұтып, сабақтан тыс уақыттарда ұлттық құндылықтарды насихаттайтын түрлі руханият шараларын ұйымдастырғаны абзал. Ұлттық құндылықпен әрбір ұрпақтың өмірі өрнектелсе, егеменді еліміздің өркендеп дамуына зор үлестерін қосары сөзсіз.

Ел болашағы жарқын болсын десек, біріншіден, мектеп бағдарламасына ұлтымыздың ұлылығын насихаттайтын «Ұлттық құндылық» атты арнайы пән енгізіліп, баланың жас ерекшелігіне сай жүргізілуі тиіс. Екіншіден, ұстаз бен ата-ана арасында ұлттық құндылықпен көмкерілген байланыс күшін орнату керек. Ұлттық келбетті айқындайтын бұл пән тағылымы терең ғибратқа негізделіп, ұрпақ тәрбиесі оң шешімін табады деген сенімдемін. Әрбір ұрпақ ұлттық құндылығы жоғары, рухани ойлау дәрежесі биік, ЕЛ, ҰЛТ қамын ойлайтын көрегенді ұрпақ болып өсіп, рухты тұлға болып қалыптасар еді.

Ұлы Абайдың «Баланы әуелі мейірім мен шапағатқа, одан кейін ақыл пен парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылым мен еңбекке баулы» – деген даналық сөзін ата-ана да, ұстаз да мәңгі жадында ұстағаны ләзім. Сонда қана мен ата-анамын, мен ұстазбын деп айтуға толық құқы бар.

Иә, ҚАЗАҚ дүниені жалған деп, ұрпақ тәрбиесін ерлік деп есептеген. Сондықтан да ерлікке балайтын өнегелі ұрпақ өсіру – қоғамның, ата-ананың, ұстаздың басты парызы, негізгі міндеті екенін назарда ұстағанымыз ләзім. Себебі, Қазақстанның дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты да көрегенді, рухы биік ұрпақ – МӘҢГІЛІК ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ жарқын болашағының көрінісі.

Қорыта айтқанда, әлемдік білім кеңістігіне енудің басты көрсеткіші – қабілет пен қасиет деңгейімен өлшенетіні хақ. Сондықтан, әрбір ұрпақ, бірінші, ұлттық құндылығы жоғары, білімді де білікті маман болуы шарт. Екіншіден, қазақтың бақ өлшеміндегі кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек өмірлік ұстанымдарына айналуы тиіс. Ендеше, ұлттық діліміздің, рухымыздың, тіліміздің және салт-дәстүр мен тарихымыздың дәнін әрбір ұрпақтың жан сарайына егіп, киелі жерімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, ананың ақ сүтімен дарыған құдіретті ана тілімізді бойларына дарытып, тарихымызды саналарына сіңіртіп, болашақтарын нұрландыра берейік!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Абай. Қалың елім, қазағым. – Алматы: «Атамұра», 2002.– 47-б.
2. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы: «Атамұра», 2013.– 81б.

ӘОЖ 81:37

ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ МЕН ТІЛ ФАКТОРЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Карымбаева Сагадат Мейрамбаевна
karymbayeva_s@orleu.edu.kz
Филология магистрі, Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы кафедра меңгерушісі «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Жамбыл облысы бойынша кәсіби даму институты,
Тараз қаласы, Жамбыл облысы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада білім беру кеңістігінде ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тілдік ортаның рөлі қарастырылады. Тіл – ұлттың мәдени коды мен рухани құндылықтарының негізгі тасымалдаушысы ретінде білім беру үдерісінде маңызды орын алады. Зерттеу барысында тілдік ортаның оқушылардың ұлттық сана-сезімін, мәдени сәйкестігін және құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға ықпалы талданады. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарында тиімді тілдік орта қалыптастырудың жолдары мен педагогикалық шарттары ұсынылады.

Түйінді сөздер: ұлттық бірегейлік, тілдік орта, білім беру кеңістігі, тіл саясаты, мәдени сәйкестік, ұлттық сана, құндылықтар жүйесі

Annotation

This article examines the role of the linguistic environment in shaping national identity within the educational space. Language, as a carrier of cultural code and spiritual values of a nation, plays a significant role in the educational process. The study analyzes the influence of the linguistic environment on the development of students' national consciousness, cultural identity, and value orientations. In addition, the paper proposes pedagogical conditions and approaches for creating an effective linguistic environment in educational institutions.

Keywords: national identity, linguistic environment, educational space, language policy, cultural identity, national consciousness, value system

Жаһандану үдерісі күшейген қазіргі кезеңде ұлттық мәдениет пен тілдік құндылықтарды сақтау және дамыту білім беру жүйесінің басым бағыттарының біріне айналуда. Қоғамдағы өзгерістер, ақпараттық кеңістіктің ұлғаюы және мәдениеттердің өзара ықпалдасуы ұлттық болмысты сақтай отырып, жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру қажеттілігін арттырып отыр. Осыған байланысты, орта білім беру жүйесінде оқушылардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру тек білім мазмұнын меңгертумен ғана шектелмей, олардың тілдік және мәдени ортаға белсенді араласуы арқылы жүзеге асатын көпқырлы педагогикалық үдеріс ретінде қарастырылады.

Ұлттық бірегейлік – тұлғаның белгілі бір халықтың мәдениетімен, тілімен, тарихи жадымен және құндылықтар жүйесімен өзін сәйкестендіруінен көрінетін әлеуметтік-мәдени құбылыс. Бұл үдерісте тіл негізгі біріктіруші фактор ретінде қызмет етеді. Себебі тіл – халықтың дүниетанымын, мәдени кодын, тарихи тәжірибесін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін маңызды құрал. Сондықтан білім беру кеңістігінде тілдік ортаны қалыптастыру оқушылардың ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдауына және ұлттық мәдениетке жақын болуына ықпал етеді.

Қазіргі орта білім беру жүйесінде тілдік орта тек пәндік білімді меңгертудің құралы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың мәдени сәйкестігін қалыптастыратын әлеуметтік-педагогикалық кеңістік ретінде қарастырылады. Мектептегі оқу-тәрбие процесінде қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдану, ұлттық мәдени мазмұндағы іс-шараларды ұйымдастыру, тілдік практикаға бағытталған шығармашылық жұмыстар жүргізу – оқушылардың тілдік ортаға табиғи түрде енуіне мүмкіндік береді. Мұндай орта білім

алушылардың тілдік құзыреттілігін арттырумен қатар, ұлттық мәдени құндылықтарға деген құрметін қалыптастырады [1].

Осы тұрғыдан алғанда, «Ұлттық бірегейлік және тілдік ортаға ену» жобасы білім беру кеңістігінде ұлттық құндылықтарды жүйелі түрде қалыптастыруға бағытталған маңызды педагогикалық бастама болып табылады. Жобаның басты ерекшелігі – оқушыларды тек тілдік біліммен қамтамасыз ету емес, оларды қазақ тілінің табиғи коммуникативтік ортасына енгізу арқылы ұлттық мәдениетпен, дәстүрлермен және рухани құндылықтармен байланыстыра оқытуға бағытталуында. Жоба аясында тілдік тәжірибеге негізделген іс-шаралар, мәдени-танымдық жобалар, шығармашылық жұмыстар мен интерактивті оқыту әдістері қолданылып, білім алушылардың тілдік белсенділігі мен ұлттық санасын дамытуға мүмкіндік жасалады.

Осылайша, білім беру кеңістігінде тілдік ортаны қалыптастыру және оқушыларды ұлттық мәдени ортаға енгізу ұлттық бірегейлікті нығайтудың тиімді педагогикалық тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл мақалада білім беру жүйесінде ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тілдік ортаның рөлі қарастырылып, «Ұлттық бірегейлік және тілдік ортаға ену» жобасының мазмұны мен тәжірибелік ерекшеліктері талданады.

Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылуы маңызды. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «Ұлттық бірегейлік және тілдік ортаға ену» жобасы ұлттық тәрбиені жаңаша мазмұнда дамытуға бағытталған бастамалардың бірі болып табылады. Аталған жобаның мазмұндық негізі жалпы білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «Адал азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасы құндылықтарына сүйенеді. Бұл бағдарлама білім алушылардың ұлттық мәдениетке, тілге, тарихи мұраға деген құрметін қалыптастыруды, сондай-ақ тұлғаның азаматтық жауапкершілігін арттыруды көздейді [5].

Осы бағдарлама аясында жүзеге асырылып жатқан «Ұлттық бірегейлік және тілдік ортаға ену» жобасы мектептегі оқу-тәрбие процесінде қазақ тілінің коммуникативтік қызметін кеңейтуге, оқушылардың тілдік тәжірибесін арттыруға және ұлттық мәдени орта қалыптастыруға бағытталған. Жобаның маңызды ерекшеліктерінің бірі – тілдік ортаны тек қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарымен шектемей, барлық пәндер арқылы қалыптастыру мүмкіндігінің қарастырылуында. Бұл пән мұғалімдеріне оқу процесін ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып ұйымдастыруға жаңа мүмкіндіктер береді.

Атап айтқанда, пән мұғалімдері сабақ барысында қазақ тіліндегі терминологияны жүйелі қолдану, пән мазмұнын ұлттық мәдениетпен байланыстыру, жобалық және зерттеу тапсырмаларын енгізу арқылы оқушылардың тілдік белсенділігін арттыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, сабақтан тыс іс-шаралар, пікірталас алаңдары, мәдени-танымдық кездесулер, шығармашылық жобалар мен мектепішілік тілдік орта қалыптастыруға бағытталған бастамалар ұйымдастырылады. Мұндай жұмыстар білім алушылардың тек тілдік дағдыларын дамытуға ғана емес, олардың ұлттық мәдени құндылықтарды саналы түрде қабылдауына ықпал етеді [5].

Жобаның тағы бір маңызды ерекшелігі – оның тәжірибелік алаңының кеңейтілуі. Қазіргі таңда бұл бастама Жамбыл облысы аумағындағы бірқатар білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып, жобаға жаңа үлгідегі Келешек мектептері мен ауылдық мектептер де тартылған. Бұл жоба тәжірибесін әртүрлі білім беру жағдайында сынақтан өткізуге және оның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Әсіресе ауыл мектептерінде тілдік ортаны күшейту, ұлттық мәдени мазмұндағы іс-шараларды ұйымдастыру және оқушылардың тілдік практикасын арттыру бағытында маңызды жұмыстар жүргізілуде.

Жоба аясында педагогтерге жүйелі түрде әдістемелік және ұйымдастырушылық қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, мұғалімдер үшін арнайы оқу-әдістемелік семинарлар, тренингтер, тәжірибе алмасу алаңдары және кәсіби дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылады. Сонымен қатар педагогтерге тілдік орта қалыптастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар, сабақ үлгілері, жобалық тапсырмалар мен тәрбиелік іс-шаралардың үлгі жоспарлары ұсынылады. Мұндай қолдау мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және ұлттық мазмұндағы білім беру тәжірибесін тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жоба шеңберінде педагогтердің тәжірибесін жинақтау және тарату жұмыстары жүргізіліп, мектептер арасында кәсіби ынтымақтастықты дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл өз кезегінде білім беру ұйымдары арасында тиімді тәжірибелердің таралуына, педагогтердің шығармашылық бастамаларын қолдауға және ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған педагогикалық жұмыстың сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ұлттық бірегейлік мәселесі қазіргі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда кеңінен зерттеліп келе жатқан күрделі феномендердің бірі болып табылады. Зерттеушілердің пікірінше, ұлттық бірегейлік белгілі бір халықтың тарихи тәжірибесімен, мәдени құндылықтарымен және тілдік кеңістігімен тығыз байланыста қалыптасады [3]. Осы тұрғыдан алғанда, тіл ұлттық мәдениеттің маңызды белгісі әрі қоғам мүшелерін біріктіретін әлеуметтік-мәдени фактор ретінде қарастырылады.

Ұлттық бірегейлік теориясын зерттеген ғалымдардың бірі Бенедикт Андерсон ұлттық қауымдастықты «елестетілген қауымдастық» ретінде сипаттай отырып, оның қалыптасуында ортақ тілдің ерекше рөл атқаратынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, бір тілде сөйлейтін адамдар арасында ортақ мәдени кеңістік қалыптасып, сол арқылы ұлттық бірегейлік нығаяды.

Социолингвистика саласындағы көрнекті зерттеушілердің бірі Жошуа А.Фишман тіл этникалық және ұлттық бірегейліктің негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін дәлелдейді. Оның еңбектерінде ана тілінің қоғамдық өмірде қолданылуы ұлттық мәдениеттің сақталуына және этникалық топтың өміршеңдігіне тікелей әсер ететіні көрсетілген.

Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан тілдік ортаның тұлға дамуына әсерін түсіндіруде Лев Выготский ұсынған мәдени-тарихи теорияның маңызы ерекше. Ғалымның пікірінше, адамның танымдық және әлеуметтік дамуы әлеуметтік ортадағы тілдік қарым-қатынас арқылы жүзеге асады. Яғни, тіл тұлғаның мәдени тәжірибені игеруінің негізгі құралы болып табылады [.

Мәдени сәйкестік мәселесін зерттеген Стюарт Холл мәдениет пен тілдің өзара байланысына назар аудара отырып, тіл мәдени мағыналарды қалыптастыратын және қоғам мүшелерінің өзін белгілі бір мәдени қауымдастықтың бір бөлігі ретінде сезінуіне ықпал ететін құрал екенін атап көрсетеді.

Тілдік ортаның ұлттық мәдениетті сақтаудағы маңызы отандық ғалымдардың еңбектерінде де ерекше орын алады. Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалымдардың бірі Ахмет Байтұрсынұлы тілдің ұлт өміріндегі маңызын ерекше атап өтіп, «Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген тұжырым жасайды. Бұл пікір тілдің ұлттық болмысты сақтаудағы шешуші рөлін айқын көрсетеді.

Қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі Әбдуәли Қайдар тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттей отырып, тіл халықтың рухани мұрасын, дүниетанымын және мәдени кодын сақтайтын жүйе екенін атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, тіл арқылы ұлттың тарихи жады мен мәдени тәжірибесі ұрпақтан ұрпаққа жеткізіледі [2].

Сонымен қатар қазіргі қазақ тіл білімінде тілдік тұлға мен ұлттық мәдениеттің байланысын зерттеген ғалымдардың бірі Нұргелді Уәли тілдік орта тұлғаның ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын атап көрсетеді. Оның еңбектерінде тілдік ортада қолданылатын сөздер мен ұғымдар ұлттық мәдениеттің ерекшеліктерін бейнелейтіні көрсетіледі [3].

Осы ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, тілдік орта ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды әлеуметтік-педагогикалық факторларының бірі екені айқындалады. Білім беру кеңістігінде ана тілінің қолданылу аясын кеңейту, ұлттық мәдени мазмұндағы білім беру ортасын қалыптастыру және оқушыларды тілдік коммуникацияға белсенді тарту олардың ұлттық мәдени кеңістікке саналы түрде енуіне мүмкіндік береді. Демек, тілдік ортаға негізделген білім беру тәжірибесі ұлттық бірегейлікті сақтаудың және дамытуының тиімді тетіктерінің бірі болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамыту мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр. Жаһандану жағдайында ұлттық мәдениеттің, тілдің және тарихи сананың сақталуы білім беру кеңістігінде жүйелі педагогикалық жұмысты талап етеді. Осы

тұрғыдан алғанда, білім беру ұйымдарында тілдік ортаны қалыптастыру және оқушыларды ұлттық мәдени кеңістікке енгізу ұлттық бірегейлікті нығайтудың маңызды тетіктерінің бірі болып табылады.

Мақалада қарастырылған теориялық тұжырымдар тіл мен ұлттық бірегейліктің өзара тығыз байланысын дәлелдейді. Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол халықтың мәдени коды, тарихи жады мен рухани құндылықтарын сақтайтын маңызды әлеуметтік институт. Сондықтан мектептегі тілдік ортаның қалыптасуы оқушылардың ана тілін табиғи ортада қолдануына, ұлттық мәдени мазмұнды терең түсінуіне және өз халқының мәдени кеңістігімен рухани байланыс орнатуына мүмкіндік береді.

Осы тұрғыдан алғанда, «Ұлттық бірегейлік және тілдік ортаға ену» жобасы білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие жұмысын жаңа мазмұнда ұйымдастыруға бағытталған маңызды бастама болып табылады. Жоба аясында пән мұғалімдерінің кәсіби ынтымақтастығын дамыту, оқу-тәрбие процесінде тілдік ортаны күшейту, ұлттық мәдени мазмұндағы іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру арқылы оқушылардың тілдік белсенділігін арттыруға жағдай жасалады.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде бірнеше маңызды педагогикалық нәтижелерге қол жеткізу күтіледі. Біріншіден, білім алушылардың ана тіліне деген құрметі мен қызығушылығы артып, тілдік коммуникациядағы белсенділігі күшейеді. Екіншіден, оқушылардың ұлттық мәдени құндылықтарды тануы мен қабылдауы тереңдейді, бұл олардың ұлттық санасының қалыптасуына оң әсер етеді. Үшіншіден, мектепте қалыптасқан тілдік орта оқушылардың мәдени сәйкестігін нығайтып, олардың ұлттық мәдени кеңістікке саналы түрде енуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жоба педагогтердің кәсіби құзыреттілігін дамытуға да ықпал етеді. Тілдік ортаға негізделген білім беру тәжірибесі мұғалімдердің оқу-тәрбие процесін ұлттық құндылықтармен байланыстыра ұйымдастыруына мүмкіндік беріп, педагогикалық тәжірибеде жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдануға жол ашады. Бұл өз кезегінде білім беру сапасының артуына және ұлттық тәрбиенің тиімді жүзеге асуына әсер етеді.

Білім беру кеңістігінде тілдік ортаны жүйелі түрде қалыптастыру және оқушыларды ұлттық мәдени ортаға енгізу ұлттық бірегейлікті нығайтудың тиімді педагогикалық тетіктерінің бірі болып табылады. «Ұлттық бірегейлік және тілдік ортаға ену» жобасы білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, тілдік ортаны дамытуға және жас ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға бағытталған маңызды білім беру тәжірибесі ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
2. Әбдуәли Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.
3. Нұргелді Уәли. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2007.
4. Шерхан Мұртаза. Тіл және ұлт тағдыры туралы ойлар // Қазақ әдебиеті. – 2005.
5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. *Адал азамат – біртұтас тәрбие бағдарламасы*. – Астана, 2023.
6. Қалиев С., Қалиев Б. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері. – Алматы: Рауан, 1996.
7. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995.
8. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Алматы: Рауан, 2004.

ӘӨЖ 37.035.6

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ ЖАҒДАЙЫНДА ЭТНОМӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ДАМЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Айғаным Қосымбайқызы
7М01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қ, Қазақстан Республикасы)
Ғылыми жетекшісі, **п.ғ.д., профессор – Джанзакова Ш.И.**

Аңдатпа

Мақалада педагогикалық колледж жағдайында этномәдени құндылықтар арқылы білім алушылардың ұлттық санасын дамытудың теориялық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Ұсынылған кезеңдік әдістеме (мотивациялық-құндылық, іс-әрекеттік-практикалық, рефлексивті-бағалау) студенттердің ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыруға, құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға және кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу нәтижелері этномәдени компонентті білім беру үдерісіне жүйелі енгізудің тиімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың мүмкіндіктері айқындалады.

Түйінді сөздер:этномәдени тәрбие, ұлттық сана, мәдени бірегейлік, педагогикалық колледж, құндылықтық бағдар, цифрлық білім беру

XX ғасырдың басында белгілі отандық философ Николай Онуфриевич Лосский ұлттық мәдениеттің әлемдік деңгейде танылуы оның ішкі даму құндылықтарының әмбебап сипатқа ие болуымен тікелей байланысты екенін атап өткен. Осы тұрғыдан алғанда, мінез-құлық мәдениеті адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің нормалары мен формаларының жүйесі ретінде қарастырылып, ол өзара түсіністікке, әлеуметтік ортада қабылданған әдеп қағидаларын сақтауға негізделеді. Ал Николай Александрович Бердяев мәдениетті тарихи сабақтастықпен, яғни ата-баба мұрасы, дәстүр және рухани жалғастықпен тығыз байланысты құбылыс ретінде сипаттайды [1].

Білім алушыларда халықтардың дәстүрлері туралы ғылыми негізделген түсініктерді қалыптастыру қажеттілігі қазіргі жаһандану жағдайында ерекше өзектілікке ие. Экономикалық, мәдени және әлеуметтік өзара ықпалдастықтың күшеюі, мемлекеттердің өзара тәуелділігінің артуы, сондай-ақ динамикалық өзгерістер жағдайында тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруына қолайлы орта іздеуі бұл үдерістің маңызын арттырады. Осы контексте мәдени әртүрлілік пен мәдениеттердің өзара байланысын ұғыну тұлғаның дүниетанымын кеңейтеді, түрлі этномәдени топтар өкілдеріне қатысты толерантты қатынас қалыптастырады, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруге ықпал етеді [2].

Сонымен қатар, мұндай бағыттағы педагогикалық ықпал білім алушылардың көпмәдениетті ортада тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етуге және мәдени-әлеуметтік сәйкестенуіне негіз болады. Бұл үдеріс өзара байланысты жүйе ретінде қарастырылып, оның аясында болашақ маманның кәсіби құзыреттері, соның ішінде коммуникативтік және сөйлеу мәдениеті қалыптасады.

Қазіргі білім беру кеңістігінде аталған үрдістер білім алушы мен оқытушының тәрбиелік мақсаттарын айқындауда құндылықтық бағдарлар жүйесін қалыптастыру қажеттілігімен сипатталады. Бұл өз кезегінде тұлғаның заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайларға бейімделуін қамтамасыз ететін маңызды педагогикалық алғышарт болып табылады.

Этномәдени тәрбие – бұл білім беру жүйесінің мақсаттары, міндеттері, мазмұны мен технологиялары арқылы тұлғаны әрі этнос өкілі, әрі көпұлтты қоғамның толыққанды азаматы ретінде қалыптастыруға және әлеуметтендіруге бағытталған кешенді педагогикалық үдеріс [3].

Этномәдени тәрбиенің негізгі мақсаты білім алушыларды өз халқының мәдени мұрасымен таныстыру арқылы ұлттық сананы дамыту, сондай-ақ әртүрлі этникалық топтар өкілдеріне құрмет пен ізгілікті қарым-қатынас қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, бұл үдеріс өзге мәдениеттердің ұлттық құндылықтарын тануға және қабылдауға деген тұрақты қызығушылықты қалыптастыруды көздейді.

Дәстүрлер әлеуметтік-мәдени мұраның маңызды құрамдас бөлігі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын, белгілі бір қоғамда ұзақ уақыт бойы сақталып, дамитын құндылықтар жүйесін білдіреді. Олардың құрамына мінез-құлық нормалары, рухани құндылықтар, әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер енеді. Дәстүрлерді меңгеру жаңа ұрпаққа өткен тәжірибені игеріп қана қоймай, оны сын тұрғысынан саралап, әрі қарай дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, тарихи сабақтастық сақталып, болашақ мәдени дамудың негізі қаланады.

Зерттеушілер Валентина Ивановна Белова және Галина Геннадьевна Тюстина этнотолеранттылық ұғымын тұлғаның интегративті сапасы ретінде қарастырады. Олардың пікірінше, этнотолеранттылық әртүрлі халықтардың мәдени дәстүрлері туралы білімдер, этносаралық өзара түсіністік пен тиімді қарым-қатынасты қамтамасыз ететін іскерліктер мен мінез-құлық үлгілері негізінде қалыптасады. Бұл сапа балаларда әлеуметтік тәжірибені меңгеру, қоғамдағы мінез-құлық нормалары мен ережелерін игеру барысында біртіндеп дамиды [4].

Қазіргі әлеуметтік-мәдени трансформациялар жағдайында жастардың ұлттық бірегейлігін сақтау және дамыту мәселесі ғылыми-педагогикалық тұрғыдан ерекше өзектілікке ие. Жаһандану үдерістері, қоғамның цифрлануы және мәдениетаралық өзара ықпалдастық бір жағынан тұлғаның дүниетанымдық көкжиегін кеңейтсе, екінші жағынан дәстүрлі мәдени бағдарлар мен ұлттық құндылықтардың әлсіреу қаупін туындатады.

Педагогикалық колледждер тек білім берумен шектелмей, болашақ мұғалім тұлғасын рухани-адамгершілік және этномәдени құндылықтар негізінде қалыптастыратын маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Осыған байланысты ұлттық сананы дамыту білім беру үдерісінің басым бағыттарының бірі ретінде айқындалады.

Ұлттық өзін-өзі тану тұлғаның интегративті қасиеті ретінде оның белгілі бір этносқа тиесілілігін сезінуін, туған халқының тарихына, тіліне, мәдениеті мен дәстүрлеріне құрметпен қарауын қамтиды. Аталған сапаны қалыптастыру этномәдени құндылықтарды жүйелі түрде меңгерусіз мүмкін емес, өйткені олар тәрбиелік ықпал етудің негізгі мазмұндық өзегін құрайды.

Ұлттық сана феномені философия, әлеуметтану және педагогика ғылымдарында жан-жақты зерттеліп, «мәдени бірегейлік», «патриотизм», «рухани-адамгершілік тәрбие» ұғымдарымен өзара тығыз байланыста қарастырылады. Бұл ұғымдар тұлғаның әлеуметтік-мәдени дамуының іргелі негіздерін сипаттайды.

Этномәдени құндылықтар халықтың тарихи дамуын, дүниетанымдық ерекшеліктерін және құндылықтық бағдарларын бейнелейтін материалдық әрі рухани мұралардың жиынтығы ретінде сипатталады. Олардың құрамына тіл (мәдениеттің негізгі тасымалдаушысы), салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, ауызша халық шығармашылығы, ұлттық өнер, сондай-ақ моральдық-этикалық нормалар мен идеалдар жатады. Әдістеменің мазмұны мен құрылымы этномәдени құндылықтарды білім беру үдерісіне кіріктіру арқылы студенттердің ұлттық санасын қалыптастыруға бағытталған өзара байланысты компоненттер жүйесін қамтиды. Аталған құрылым мақсаттық, мазмұндық, технологиялық және нәтижелік компоненттердің бірлігінде жүзеге асырылады. Мақсаттық компонент ұлттық бірегейлікті дамытуға бағытталса, мазмұндық компонент этномәдени білімдер жүйесін қамтиды. Технологиялық компонент оқыту әдістері мен формаларын (интерактивті әдістер, жобалық оқыту, мәдени-танымдық іс-шаралар) анықтайды, ал нәтижелік компонент білім алушылардың ұлттық сана деңгейінің, этномәдени құзыреттілігінің қалыптасу дәрежесін сипаттайды.

Ұлттық сананы дамытуға бағытталған ұсынылып отырған әдістеме педагогикалық колледждің білім беру үдерісіне этномәдени құндылықтарды жүйелі түрде кіріктіруді көздейді және өзара сабақтас үш кезеңнің бірлігінде жүзеге асырылады.

1. Мотивациялық кезең

Бұл кезеңнің негізгі мақсаты білім алушыларда ұлттық мәдениетке қызығушылықты қалыптастыру және оның қоғамдық-рухани маңызын ұғынуға бағытталған тұрақты уәждеме қалыптастыру болып табылады. Осы кезең аясында ұлттық дәстүрлерге танымдық қызығушылықты арттыру, мәдени мұраға құндылықтық қатынас қалыптастыру, сондай-ақ ұлттық мәдениетті эмоционалдық тұрғыдан жағымды қабылдау қабілеттерін дамыту міндеттері шешіледі.

Педагогикалық тұрғыдан аталған мақсаттарға қол жеткізу үшін проблемалық сипаттағы дәрістер мен сұхбаттар, ұлттық бірегейлік мәселелері бойынша пікірталастар, деректі материалдарды талдау, мәдениет және ғылым қайраткерлерімен кездесулер, сондай-ақ дөңгелек үстелдер мен ғылыми конференциялар сияқты тақырыптық іс-шаралар ұйымдастырылады.

2. Іс-әрекеттік практикалық кезең

Бұл кезеңнің мақсаты білім алушыларды этномәдени құндылықтарды меңгеру үдерісіне белсенді түрде тарту арқылы олардың практикалық тәжірибесін қалыптастыру болып табылады. Аталған кезеңде зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерді дамыту, дербес жұмыс дағдыларын жетілдіру, теориялық білімді практикалық әрекетпен ұштастыру міндеттері жүзеге асырылады.

Осы мақсатта жобалық оқыту технологиялары кеңінен қолданылады: студенттердің презентациялар мен бейнематериалдар әзірлеуі, ұлттық дәстүрлерге арналған ғылыми-зерттеу жобаларын орындауы, мәдени іс-шаралар мен ұлттық мерекелерге қатысуы, фольклорлық шығармаларды сахналауы, сондай-ақ этномәдени портфолио қалыптастыруы қарастырылады.

3. Рефлексивті-бағалау кезеңі

Бұл кезеңнің негізгі мақсаты білім алушылардың игерген білімдері мен қалыптасқан құндылықтық бағдарларын саналы түрде түсінуі мен бекітуін қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар, рефлексия жасау қабілетін дамыту, сыни ойлауды қалыптастыру және жеке тұлғалық өзгерістерді бағалау міндеттері жүзеге асырылады. Аталған кезеңде рефлексиялық эсселер мен есептер жазу, өзін-өзі және өзара бағалау әдістерін қолдану, жетістіктер портфолиосын талдау, қорытынды пікірталастар мен презентациялар өткізу сияқты педагогикалық әдістер мен формалар тиімді пайдаланылады.

Жалпы алғанда, ұсынылған кезеңдік әдістеме білім алушылардың ұлттық санасын жүйелі түрде дамытуға, этномәдени құзыреттілігін қалыптастыруға және оларды көпмәдениетті қоғам жағдайында тиімді әрекет етуге даярлауға бағытталған тұтас педагогикалық жүйе ретінде сипатталады. Әдістемені енгізу нәтижелері

Ұсынылған әдістемені педагогикалық колледждің білім беру үдерісінде апробациялау оның жоғары педагогикалық тиімділігін айқындады. Іске асыру барысында білім алушылардың ұлттық мәдениетке деген танымдық қызығушылығының артуы, тұрақты құндылықтық бағдарларының қалыптасуы, патриоттық сезімдері мен азаматтық ұстанымдарының нығаюы байқалды. Сонымен қатар, рухани-адамгершілік тәрбиенің деңгейі жоғарылап, тәрбие жұмысына кәсіби тұрғыдан дайындық көрсеткіштері жақсарды. Ерекше назар аударарлық нәтиже – болашақ мұғалімдердің этномәдени құндылықтарды келесі ұрпаққа жеткізудегі әлеуметтік-педагогикалық жауапкершілігін саналы түрде түсінуінің қалыптасуы.

Этномәдени компонентті білім беру үдерісіне тиімді енгізу кешенді және жүйелі ғылыми-әдістемелік тәсілді талап етеді. Бұл ретте аймақтық-мәдени ерекшеліктерді, білім алушылардың бастапқы дайындық деңгейін, сондай-ақ қазіргі білім беру технологияларының мүмкіндіктерін ескеру маңызды.

Білім беруді цифрландыру үдерісі ұсынылған әдістемені жүзеге асырудың жаңа формалары мен құралдарын кеңейтеді. Атап айтқанда, мультимедиялық ресурстарды, онлайн-платформаларды, виртуалды мұражайлар мен цифрлық білім беру контентін пайдалану

студенттердің этномәдени кеңістікке терең енуіне және оқу материалының мазмұнын тиімді игеруіне жағдай жасайды.
Сонымен бірге, білім беру үдерісінің тұтастығын сақтау мақсатында дәстүрлі педагогикалық әдістер мен инновациялық технологиялар арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті қамтамасыз ету қажеттілігі өзекті болып табылады.

Қорытындылай келе, педагогикалық колледж жағдайында этномәдени құндылықтар негізінде ұлттық сананы қалыптастыру қазіргі педагогика ғылымы мен білім беру практикасының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Ұсынылған әдістеме тұлғаға кешенді ықпал етіп, оның мәдени бірегейлігін, рухани-адамгершілік сапаларын және кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде дамытуға мүмкіндік береді.
Болашақ зерттеулердің перспективалық бағыттары ретінде цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу, сондай-ақ этномәдени компонентті педагогикалық білім берудің түрлі пәндеріне интеграциялау мәселелерін қарастыру ұсынылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Аксентьев А. В., Аксиев А. З. Соверменные эт- нокультурные процессы на Северном Кавказе // Про- блемы философии культуры: сборник статей. – Став- рополь : Изд-во СГУ, 1999. – С. 80
2. Мартынова А.В. К вопросу о формировании речевой культуры будущего учителя начальной школы // Социальное и педагогическое образование: векторы развития материалы международной научно-практической конференции / отв. ред. Л.А. Ибрагимова, Е.А. Бауэр. Нижневартовск: Нижнев. гос. ун-т, 2019. С. 31–33.
3. Истрофилова О.И. Ценностно-ориентированный подход в построении процесса воспитания детей и подростков, проявляющих агрессивное поведение // Интернет-журнал Науковедение. 2014. No 6(25).

РАЗВИТИЕ УСТНОЙ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ:МЕТОДЫ, ЭТАПЫ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ПОВЫШЕНИЯ НАВЫКОВ ГОВОРЕНИЯ

Марат Тоғжан Саясатқызы
Студент 4 курса
Филологический факультет
Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова
проспект Нурсултана Назарбаева, 162, Уральск, Казахстан
e-mail: togzanmarat1@gmail.com

Аннотация

В статье рассматриваются развитие устной коммуникативной компетенции обучающихся при обучении иностранному языку. Показано, что формирование навыков говорения является одной из ключевых задач современного языкового образования, так как именно устная речь обеспечивает реальное общение и практическое использование языка. Раскрывается сущность устной коммуникативной компетенции, анализируются особенности формирования навыков говорения, а также рассматриваются методы, этапы и педагогические условия их развития. Особое внимание уделяется организации речевой практики, роли мотивации и созданию коммуникативно направленной образовательной среды. Отмечается, что при целенаправленной педагогической работе развитие устной речи становится более эффективным и приближенным к реальной коммуникации.

Ключевые слова: обучение иностранному языку, устная речь, коммуникативная компетенция, навыки говорения, методы обучения, речевая деятельность, учебная мотивация

DEVELOPING STUDENTS' SPEAKING SKILLS IN FOREIGN LANGUAGE LEARNING:METHODS , STAGES AND PEDAGOGICAL CONDITIONS FOR ENHANCING COMMUNICATIVE COMPETENCE

Marat Togzhan Sayasatkyzy
Student 4 term
Faculty of Philology
M. Utemisov West Kazakhstan University
162 Nursultan Nazarbayev Avenue, Uralsk, Kazakhstan
e-mail: togzanmarat1@gmail.com

Annotation

The article deals with the development of students' oral communicative competence in foreign language teaching. It is shown that speaking skills are on the of key components of modern language education, as they ensure real communication and practical language use. The article reveals the essence of oral communicative competence, analyzes the features of speaking skill formation, and describes the methods, stages and pedagogical conditions for its development. Special attention is paid to the organization of speaking practice, the role of motivation and the creation of a communicative learning environment. It is emphasized that with proper pedagogical support, the development of oral speech becomes more effective and closer to real-life communication.

Key words: foreign language teaching, oral speech, communicative competence, speaking skills, teaching methods, speech activity, learning motivation

Введение

Современное обучение иностранному языку все больше ориентируется на формирование способности к реальному общению. В этой связи развитие устной коммуникативной компетенции становится одной из центральных задач образовательного процесса. Владение

грамматикой и лексикой само по себе не гарантирует успешного общения, если обучающийся испытывает трудности при выражении собственных мыслей, не умеет поддерживать диалог или боится говорить на иностранном языке.

Особую актуальность проблема развития навыков говорения приобретает в условиях, когда обучающиеся имеют ограниченные возможности для практики языкв вне аудитории. В таких условиях именно урок становится основным пространством для формирования устной речи. Однако традиционные методы обучения не всегда обеспечивают достаточный уровень речевой активности, что требует пересмотра подходов к организации учебного процесса.

Цель статьи – рассмотреть развитие устной коммуникативной компетенции обучающихся при обучении иностранному языку, а также описать методы, этапы и педагогические условия, способствующие повышению эффективности формирования навыков говорения.

Объектом исследования является процесс обучения иностранному языку, предметом – развитие устной коммуникативной компетенции обучающихся. В работе использованы методы анализа научной литературы, обобщения педагогического опыта и систематизации методических подходов.

1. Теоретические основы развития устной коммуникативной компетенции

1.1. Сущность устной коммуникативной компетенции

Устная коммуникативная компетенция представляет собой способность обучающегося использовать иностранный язык для решения реальных коммуникативных задач в устной форме. Речь идет не только о владении языковыми средствами, но и об умении применять их в конкретной ситуации общения с учетом цели высказывания, условий коммуникации и особенностей собеседника. Таким образом, данная компетенция имеет комплексный характер и выходит за рамки простого знания языка.

Современное понимание коммуникативной компетенции связано с идеей практико-ориентированного обучения. Язык рассматривается не как система правил, а как средство взаимодействия между людьми. В этой связи особое значение приобретает способность обучающегося не просто воспроизводить изученный материал, а использовать его в живой речи, адаптируя к различным коммуникативным ситуациям.

В структуре устной коммуникативной компетенции выделяется несколько взаимосвязанных компонентов. Лингвистический компонент включает владение лексикой, грамматикой и фонетикой. Социокультурный компонент отражает знание норм общения, принятых в другой культуре, а также понимание речевого поведения носителей языка. Дискурсивный компонент обеспечивает логичность и связность высказывания, а стратегический позволяет компенсировать недостаток языковых средств в процессе общения.

Особенностью устной речи является ее спонтанность. В отличие от письменной формы, она не предполагает длительной подготовки и редактирования. Говорящий должен быстро реагировать, подбирать слова, строить фразы и одновременно учитывать реакцию собеседника. Это требует высокой степени автоматизации языковых навыков и развитых когнитивных механизмов.

Следует также учитывать, что устная коммуникация всегда осуществляется в конкретном контексте. Интонация, жесты, мимика и ситуация общения играют важную роль в передаче смысла. Поэтому развитие устной коммуникативной компетенции предполагает формирование не только языковых, но и паралингвистических умений.

Таким образом, устная коммуникативная компетенция представляет собой сложное интегративное образование, включающее языковых знания, коммуникативные умения и личностную готовность к общению. Ее развитие требует системного подхода и целенаправленной организации учебного процесса. [1; 2;9]

1.2. Особенности формирования навыков говорения

Формирование навыков говорения является одним из наиболее сложных аспектов обучения иностранному языку. Это связано с тем, что устная речь требует одновременной работы нескольких процессов: понимания информации, планирования высказывания и его

реализации. Такая многозадачность делает говорение когнитивно сложным видом деятельности.

Одной из ключевых особенностей является наличие психологических барьеров. Многие обучающиеся испытывают страх совершить ошибку, боятся оценки со стороны преподавателя или однокурсников, что приводит к снижению речевой активности. В результате даже при достаточном уровне знаний учащиеся могут избегать участия в устной коммуникации.

Не менее важным фактором является недостаточная автоматизация языковых навыков. Когда лексика и грамматические структуры не доведены до автоматизма, обучающихся тратит значительное время на подбор слов и построение фраз. Это приводит к паузам, нарушению темпа речи и затруднениям в выражении мыслей.

Следует учитывать и ограниченность языковой среды. В большинстве случае иностранный язык используется только в рамках учебного занятия, что существенно сокращает возможности для практики. Отсутствие регулярного общения замедляет процесс формирования навыков и снижает уверенность обучающихся в собственных речевых возможностях.

Важной особенностью является также зависимость говорения от других видов речевой деятельности. Развитие устной речи невозможно без сформированных навыков аудирования и достаточного словарного запаса. Чем больше обучающийся слышит и понимает, тем легче ему строить собственные высказывания.

Таким образом, формирование навыков говорения требует комплексного подхода, учитывающего психологические, когнитивные и методические аспекты. Только при создании благоприятных условий и регулярной практики возможно успешное развитие устной речи. [3;5;9]

2. Методы, этапы и педагогические условия развития навыков говорения

2.1. Методы обучения устной речи

Развитие устной коммуникативной компетенции невозможно без использования разнообразных методов обучения, ориентированных на активное вовлечение обучающихся в процесс общения, Центральное место занимает коммуникативный метод, который предполагает использование языка в реальных или приближенных к реальности ситуациях. Основной акцент делается не на форме, а на передаче смысла.

Коммуникативный метод способствует формированию навыков спонтанной речи и учит обучающихся использовать язык как инструмент взаимодействия. Однако его эффективность во многом зависит от уровня подготовки учащихся и правильной организации заданий. При недостаточной языковой базе данный метод может вызвать затруднения.

Широкое распространение получили диалогические и монологические упражнения. Диалоги помогают развивать навыки взаимодействия, умения задавать вопросы, поддерживать разговор и реагировать на реплики собеседника. Монологическая речь, в свою очередь, формирует способность логично и последовательно излагать мысли.

Особое место занимает ролевые игры, дискуссии и проблемные задания. Они моделируют реальные коммуникативные ситуации, стимулируют речевую активность и повышают мотивацию. В процессе таких заданий обучающиеся не только используют язык, но и учатся выражать собственные мнение, аргументировать и отстаивать свою точку зрения.

Не менее эффективными являются задания на описание, сравнение, интерпретацию и оценку. Они развивают критическое мышление и способствуют более глубокому освоению языкого материала. При этом важно, чтобы задания были связаны с интересами обучающихся и имели практическую значимость.

Таким образом, разнообразие методов обучения позволяет учитывать индивидуальные особенности обучающихся и создавать условия для полноценного развития устной речи. [2;5;7;8]

2.2. Этапы развития устной речи

Развитие навыков говорения осуществляется поэтапно и требует последовательного усложнения учебных задач. На начальном этапе происходит формирование языковой базы:

усвоение базовой лексики, грамматических структур и фонетических навыков. Основное внимание уделяется правильности и точности речи.

На этом этапе широко используются имитационные и репродуктивные упражнения. Обучающиеся повторяют образцы, воспроизводят готовые фразы и выполняют задание по аналогии. Это способствует закреплению языкового материала и формированию первичных речевых навыков.

Следующий этап связан с переходом к условно-коммуникативным заданиям. Здесь обучающиеся начинают использовать язык более свободно, но в рамках заданной ситуации. Это могут быть диалоги по образцу, ответы на вопросы, краткие описания или пересказы.

На данном этапе особое значение приобретает развитие гибкости речи. Обучающиеся учатся комбинировать известные языковые средства, адаптировать их к различным ситуациям и постепенно отходить от шаблонов.

Заключительный этап предполагает формирование свободной речи. Обучающиеся способны самостоятельно строить высказывания, участвовать в обсуждениях, выражать и аргументировать свое мнение. Речь становится более спонтанной, а языковые средства используются более уверенно.

Таким образом, поэтапный подход обеспечивает постепенное развитие устной речи и позволяет перейти от простых форм к полноценной коммуникации.[3;5;9]

2.3. Педагогические условия повышения эффективности обучения

Эффективность развития устной коммуникативной компетенции во многом зависит от условий организации учебного процесса. Одним из ключевых условий является коммуникативная направленность обучения.Урок должен быть ориентирован на использование языка в речи, а не только на его изучение.

Не менее важным является создание благоприятной психологической атмосферы. Обучающиеся должны чувствовать себя уверенно, не бояться ошибок и быть готовыми к активному участия в общении. Поддержка со стороны преподавателя играет здесь решающую роль.

Существенное значение имеет систематичность речевой практики. Говорение должно присутствовать на каждом этапе урока и быть органично встроено в структуру занятия.Регулярная практика способствует автоматизации навыков и повышает уверенность обучающихся.

Также необходимо учитывать индивидуальные особенности обучающихся. Разный уровень подготовки, темп усвоения материала и личные интересы требуют гибкого подхода к организации обучения.Индивидуализация способствует более эффективному развитию речевых навыков.

Важным условием является использование аутентичных материалов и актуальным тем. Это повышает мотивацию обучающихся и делает процесс обучения более значимым и интересным. Возможность выражать собственное мнение усиливает вовлеченность в учебную деятельность.

Таким образом, создание благоприятных педагогических условий является необходимым фактором успешного развития устной коммуникативной компетенции. [4;6;10]

Заключение

Рассмотрение темы показало, что развитие устной коммуникативной компетенции является одной из ключевых задач обучения иностранному языку. Именно умение говорить обеспечивает практическое применение языка и делает обучение осмысленным и целенаправленным.

В ходе рассмотрения было установлено, что устная коммуникативная компетенция представляет собой сложное интегративное образование, включающее языковые знания, коммуникативное умения и личностные качества обучающегося. Ее формирование требует системного подхода и последовательной работы.

Особое внимание было уделено особенностям формирования навыков говорения. Было отмечено, что данный процесс осложняется психологическими барьерами, недостаточной

автоматизацией навыков и ограниченностью языковой практики. Это требует создания специальных условий для активного использования языка.

Анализ методов обучения показал, что наиболее эффективными являются те, которые ориентированы на реальное общение и вовлечение обучающихся в речевую деятельность. Использование разнообразных форм работы позволяет повысить мотивацию и активность учащихся.

Также было установлено, что развитие устной речи осуществляется поэтапно – от формирования языковой базы к свободному использованию языка в коммуникации. Такой подход обеспечивает постепенное и устойчивое развитие навыков.

В целом можно сделать вывод, что при грамотной методической организации обучение иностранному языку становится более практико-ориентированным, а сформированные навыки говорения – устойчивыми и приближенными к реальной коммуникации.

Список используемой литературы

1. Азимов, Э. Г. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам) / Э. Г. Азимов, А. Н. Щукин. — М. : ИКАР, 2009. — 448 с.
2. Гальскова, Н. Д. Современная методика обучения иностранным языкам : пособие для учителя / Н. Д. Гальскова. — М. : АРКТИ : ГЛОССА, 2000. — 165 с.
3. Соловова, Е. Н. Методика обучения иностранным языкам : базовый курс лекций : пособие для студентов пед. вузов и учителей / Е. Н. Соловова. — М. : Просвещение, 2002. — 239 с.
4. Сысоев, П. В. Информационные и коммуникационные технологии в лингвистическом образовании : учеб. пособие / П. В. Сысоев. — М. : Книжный дом «ЛИБРОКОМ», 2013. — 264 с.
5. Афонина, К.Е. Развитие иноязычной коммуникативной компетенции с использованием коммуникативной компетенции с использованием коммуникативного тренинга и технологий мультимедиа / К.Е. Афонина // Научный журнал. – 2019. -№4. – С. 45-50.
6. Solieva, M. U. Development of Oral Communicative Competence Among Students of Non-Linguistic Universities in the Context of Digital Transformation / M. U. Solieva // International Journal of Education and Practice. – 2021. – Vol. 9, No. 3. – P. 512-520.
7. Коммуникативная методика: почему она не всем подходит [Электронный ресурс] /Плюшевый Немецкий V-et-V. – URL: https://youtu.be/9R4Ne16kk7w?si=9WnhQJ9qym6qZXM0 дата обращения :15.03.2026
8. Lexical and communicative approaches: what is the difference? [Электронный ресурс]. – URL: https://youtu.be/hOrABSBIVgE?si=tyJ6-m14gRArZknc (дата обращения:15.03.2026)
9. Harmer, J. How to Teach English / J. Harmer. – Harlow: Pearson Education, 2007. – 288 с
10. Scrivener, J. Learning Teaching: The Essential Guide to English Language Teaching / J. Scrivener. – Oxford: Macmillan Education, 2011. – 416с

ӘОЖ 373.3:78.03(574)

Қытай қазақтарының бастауыш мектептегі домбыра білімі және ұлттық бірегейлікті қалыптастыру

Айбек Нүсіпханұлы
2718676759@qq.com
Өнер Факултетінің 1-курс Магистранты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы,Қазақстан

Аңдатпа

Бастауыш мектеп кезеңі – баланың мәдени бірегейлігі мен эстетикалық танымы қалыптасатын шешуші уақыт. Қазақ домбыра өнерін бастауыш мектептің музыкалық білім беру жүйесіне енгізу – материалдық емес мәдени мұраны тірі қалпында сақтап жеткізудің ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақтың ұлттық бірегейлігін тәрбиелеудің де тиімді тетігі. Зерттеулер көрсеткендей, музыкалық білім арқылы жастардың мәдени бірегейлігін дамыту – ортақ құндылықтар негізінде біртұтас қоғамдық сананы қалыптастырудың маңызды құралына айналып, танымдық қабылдаудан эмоционалдық үндестік пен саналы әрекетке дейінгі терең трансформацияны жүзеге асыра алады [1; 2]. Бұл мақала бастауыш білім беру кеңістігінде домбыра өнерінің оқушылардың мәдени бірегейлігін, эстетикалық талғамын және ынтымақтастық қабілетін дамытудағы педагогикалық құндылығын талдай отырып, оны жүзеге асырудың төрт практикалық бағытын – қызығушылықты ояту, үйірме жұмысын ұйымдастыру, мұражай-мектеп ынтымақтастығы және контекстік оқыту тәсілдерін қарастырады. Зерттеу нәтижесінде бастауыш мектептегі домбыра білімі «қызығушылық – жетекші күш, сезіну – негізгі арна, мәдениет – ажырамас астасу» деген қағиданы ұстанып, ұлттық музыка мәдениетін күнделікті сабақ пен сыныптан тыс жұмыстарға кіріктіру арқылы балалардың домбыра үні арқылы өз мәдениетімен терең рухани байланыс орнатуына жол ашуы тиіс деген тұжырым жасалады.

Түйінді сөздер: домбыра; бастауыш мектептегі музыкалық білім; қазақ халқы; ұлттық бірегейлік; материалдық емес мәдени мұра

Жаһандану мен көпмәдениетті ақпараттық ағындардың ықпалы күшейген бүгінгі таңда бастауыш сынып оқушыларының музыкалық әлемі бұрын-соңды болмаған кеңдікке ие болды. Эстрадалық әндер мен интернет олардың есту кеңістігінің басым бөлігін иемденіп, өз халқының музыкалық мұрасы бірте-бірте шетке ығыстырылуда. Қазақ балаларының көпшілігі өз ұлтының домбыра өнерінен хабарсыз, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мәдени жадының берілу тізбегі үзілу қаупіне ұшырап отыр. Бастауыш білім беру сатысында балалардың ұлттық музыкаға деген қызығушылығы мен онымен іштей байланысын ояту – ұлттық музыкалық тәрбиенің өзекті мәселелерінің біріне айналды.

2008 жылғы 7 маусымда Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы Іле Қазақ автономиялық облысы ұсынған «Қазақтың домбыра өнері» Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік кеңесінің бекітуімен ұлттық деңгейдегі материалдық емес мәдени мұра тізімінің екінші легіне енгізіліп, II-132 нөмірін иеленді. Қазақтар домбырамен орындалатын күйлерді «домбыра күйі» деп атайды, олар музыкалық құрылымы мен орындау техникасына қарай «тоқпе күй» және «шертпе күй» болып екі үлкен салаға жіктеледі [3]. Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған, ең өкілдікті ұлттық шертпелі аспабы. Сан ғасырлар бойы қазақтар домбырамен күй тартып, жыр төгіп, өз тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін және наным-сенімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Домбыра өнері сол арқылы қазақ халқының рухани қазынасының және мәдени бірегейлігінің аса маңызды белгісіне айналған [4]. Оның кең тыныстық, мұңлы да терең үні дала көшпенділерінің мыңжылдық жады мен рухани әлемін бойына сіңірген. Бұл өнер өркениеттер арасындағы диалогта бастаулық, ашықтық және сұхбаттастық сипатқа ие. Алтай аймағындағы материалдық емес мәдени мұраны қорғау мен дәріптеу тәжірибесі оның жалпыұлттық

бірегейлікті нығайтудағы жарқын үлгісіне айналып отыр [5]. Бастауыш мектеп жасы – баланың эстетикалық танымы мен мәдени бірегейлігінің негізі қаланатын маңызды кезең, сондықтан домбыра өнерін осы сатыдағы музыкалық білімге енгізу – ұлттық мәдениетті жеткізу, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және эстетикалық талғамды дамыту сияқты көпқырлы педагогикалық мәнге ие.

Соңғы жылдары Қытайдағы Шыңжаң өлкесіндегі бірқатар бастауыш мектептер домбыра өнерін мектеп қабырғасына енгізу бойынша белсенді ізденістер жүргізіп, үйірме құру, оқу бағдарламасын әзірлеу, іс-шаралар ұйымдастыру сынды бағыттарда мол тәжірибе жинақтады [6; 7]. Осы мақала бастауыш білім беру аясында алдымен домбыра өнерінің оқушылардың дамуына тигізер педагогикалық құндылығын талдап, одан әрі оны бастауыш мектепте жүзеге асырудың нақты жолдарын қарастыру арқылы ұлттық музыкалық аспаптарды мектеп біліміне кіріктіру ісіне теориялық негіз әрі практикалық бағдар ұсынуды мақсат етеді.

1. Домбыра өнерінің бастауыш білім берудегі педагогикалық құндылығы

Ұлттық бірегейліктің қалыптасуы – бір сәтте жүзеге келетін құбылыс емес, ол балалық шақтан басталып, біртіндеп жетілетін күрделі процесс. Бастауыш мектеп жасындағы балалар Пиаженің когнитивтік даму теориясы бойынша нақты ойлау кезеңінен абстрактілі ойлау кезеңіне өту сатысында болады. Олардың дүниетанымы заттық-сезімдік қабылдаудан абстрактілі ойлауға қарай бірте-бірте ауыса бастайды, «мен кіммін?», «менің түп-тамырым қайда?» деген бірегейлікке қатысты сұрақтар алғаш рет санада ұшқын атады. Дәл осы тұста баланы өз ұлтының музыкалық мәдениетімен таныстыру оның санасында бейсаналы түрде болса да алғашқы мәдени тиесілік сезімін орнықтыруға мүмкіндік береді. Домбыра өнерінің мәдени ерекшелігі айқын да дара. аққуға ұқсатылып жасалатын бұл аспаптың Құмбірлі құйі қазақтың далалық тұрмысымен, көшпелі дәстүрімен біте қайнасып жатыр. Сан ғасырлар бойы қазақтар домбырамен күй тартып, жыр төгіп, өз тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін және наным-сенімін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келген, сөйтіп домбыра өнері қазақ халқының рухани қазынасының және мәдени бірегейлігінің аса маңызды белгісіне айналған [4]. Бастауыш сынып оқушысы домбыраның шанағына алғаш рет қолын тигізіп, оның пернелерін басып көріп, «Қара жорғаның» ойнақы ырғағын немесе «Елім-айдың» терең сарынын тыңдаған сәтте ол жай ғана музыкалық дыбыстарды емес, тұтас бір ұлттың рухани нышанын қабылдайды. Осындай ерте жастағы мәдени байланыс баланың жүрегіне ұлттық бірегейліктің дәнін себеді, бұл дән таным қабілетінің өсуімен бірге ұлттық мәдениетке деген саналы құрмет пен оны жеткізуші болуға деген белсенді ұмтылысқа ұласады.

Сонымен қатар домбыра музыкасын оқыту балалардың эстетикалық талғамын жан-жақты дамытуға тың серпін береді. Қазіргі бастауыш сынып оқушыларының музыкалық есту әлемінде ырғағы күшті, әуені қарапайым эстрадалық әндер басымдыққа ие. Мұндай талғамның өзі теріс құбылыс емес, алайда ұзақ уақыт бойы біржақты музыкалық ортада қалу баланың эстетикалық қабылдау ауқымын тарылтып жіберуі мүмкін. Ал домбыра музыкасын енгізу баланың есту әлеміне жаңа бір тылсым терезені ашады. Домбыра музыкасының әуен сызығы кең тынысты, ырғағы сан алуан – кейде ат тұяғының дүбіріндей шапшаң Төгілсе, кейде таңғы тұмандай сырғыған ұзақ сарынға ауысады. Мұндай эстрадалық музыкадан мүлде бөлек дыбыстық сипаттар балалардың музыкалық қабылдау шекарасын кеңейтіп, есту тәжірибесін байытады. Зерттеулер көрсеткендей, бастауыш мектептегі ұлттық хор сияқты музыкалық іс-шаралар оқушылардың танымдық қабілетіне, эстетикалық тәрбиесіне, эмоционалдық дамуына және мәдени бірегейлігін нығайтуға зор ықпал етіп, музыка арқылы ортақ мәдени күш қалыптастырады [1]. Сабақ барысында мұғалім балаларға домбыраның жеке орындауын фортепиано шығармасымен, домбырамен ән айтуды эстрадалық әуендермен салыстыра тыңдата отырып, олардың әртүрлі музыканың көркемдік ерекшеліктерін салыстыру арқылы сезінуіне, осылайша көпқырлы да толерантты эстетикалық көзқарас қалыптастыруына бағыт-бағдар беруі қажет.

Мұнымен қоса домбыраның ансамбльдік орындаудағы ынтымақтастық әлеуеті де назар аударарлық. Бастауыш мектептегі домбыра үйірмелерінде ансамбльдік орындау маңызды оқу мазмұнының бірі болып табылады. Бірнеше оқушы домбыраларын алып, әртүрлі Құйлерді

бірлесе орындағанда, олар бір-бірін тыңдауға, өзара үйлесуге, ырғақты біркелкі ұстауға мәжбүр болады. Бұл ансамбльдік тәжірибе балалар үшін ынтымақтастықты үйренудің табиғи алаңына айналады. Бірлескен орындау барысында әрбір оқушы жалпы дыбыс тұтастығының бір бөлшегі екенін, өзінің ырғақ жылдамдығы мен дыбыс күші жалпы нәтижеге әсер ететінін сезінеді. Үйлесімді орындауға қол жеткізу үшін оқушы өзін-өзі бақылауға, өзгелерге назар аударуға және ортақ мақсатқа бағынуға үйренеді. Музыкалық іс-әрекет барысында қалыптасқан мұндай ынтымақтастық дағдылары баланың өзге де оқу және тұрмыстық жағдаяттарына бірте-бірте ауысып, оның әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосады. 4-ші дивизия 79-шы полк орта мектебіндегі «Балауса саз» домбыра үйірмесінің тәжірибесі көрсеткендей, түрлі ұлт өкілдерінен құралған оқушылар домбырамен ансамбльдік орындау барысында бір-бірін жақсы түсініп, достық қарым-қатынастарын нығайта түскен, ал үйірменің өзі ұлтаралық татулық тәрбиесінің жанды алаңына айналған [6].

2. Бастауыш мектепте домбыра білімін жүзеге асырудың практикалық жолдары

Қазіргі таңда қоғам жаппай цифрландыру кезеңінен өтуде. Мемлекеттік қызметтер, білім беру, қаржы жүйесі, тіпті күнделікті қарым-қатынас та онлайн форматқа көшті. Осындай жағдайда «Адал азамат» ұғымы жаңа мазмұнға ие болуда - ол тек шынайы өмірде ғана емес, цифрлық кеңістікте де адал, жауапты тұлға болуы тиіс.

Цифрлық трансформация жағдайындағы «Адал азамат» тәрбиесінің ерекшеліктері тоқтайтын болсақ, қазіргі таңда қоғамның барлық саласы цифрлық трансформация үдерісіне белсенді түрде көшуде. Бұл өзгерістер адам өмірінің тек техникалық қырын ғана емес, оның құндылықтық бағдарларын да өзгертуде. Осыған байланысты «Адал азамат» тәрбиесі жаңа мазмұнмен толықтырылып, цифрлық ортадағы мінез-құлық нормаларын қамтуы тиіс.

Біріншіден, цифрлық білім беру жүйесінде академиялық адалдық мәселесі ерекше маңызға ие. Онлайн оқыту платформалары, электронды тестілеу және қашықтан білім алу жағдайында оқушылар мен студенттердің өзіндік жұмыс жасау жауапкершілігі артады. Өзгенің еңбегін пайдалану, көшіру немесе плагиат жасау адалдық қағидаларына қайшы келеді. Сондықтан білім беру процесінде тек білім беру ғана емес, сонымен қатар адал еңбекті бағалау мәдениетін қалыптастыру маңызды.

Екіншіден, цифрлық кеңістіктегі этика мәселесі өзекті болып отыр. Әлеуметтік желілер мен интернет платформаларда әрбір адам өз әрекеті үшін жауапты болуы тиіс. Жалған ақпарат тарату, кибербуллинг, агрессивті пікір білдіру – қазіргі қоғамдағы күрделі мәселелердің бірі. «Адал азамат» мұндай әрекеттерден аулақ болып, шынайылықты, құрмет пен жауапкершілікті басшылыққа алады.

Үшіншіден, цифрлық технологиялар қоғамдағы ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметтердің электронды форматқа көшуі азаматтар мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтады. Бұл өз кезегінде адалдық пен заңға бағыну мәдениетін қалыптастырады.

Төртіншіден, цифрлық трансформация азаматтарға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Онлайн волонтерлік, әлеуметтік жобаларды интернет арқылы жүзеге асыру, қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру - бұлардың барлығы қазіргі заманғы адалдық пен жауапкершіліктің көрінісі болып табылады.

1. Академиялық адалдық және цифрлық білім беру

Қашықтан оқу, онлайн тесттер мен тапсырмалар кезінде оқушылардың адалдығы ерекше маңызды.

- Көшіру, плагиат жасау – адалдық қағидаларына қайшы
- Өз еңбегімен білім алу – «Адал азаматтың» басты белгісі

Мысалы, Moodle немесе Google Classroom сияқты платформаларда білім алушылардың өзіндік жұмысы бағаланады. Мұнда адалдық – басты талаптардың бірі.

2. Цифрлық этика және онлайн мінез-құлық

Интернеттегі мәдениет (digital etiquette) – қазіргі тәрбиенің маңызды бөлігі.

- Кибербуллингке жол бермеу
- Жалған ақпарат таратпау
- Басқалардың пікіріне құрметпен қарау

Бұл жерде «Адал азамат» – тек заңға бағынатын емес, сонымен қатар цифрлық ортада да мәдениетті, жауапты тұлға.

3. Ашықтық және цифрлық мемлекеттік жүйелер

Қазақстанда цифрлық технологиялар арқылы ашықтықты арттыруға бағытталған жобалар іске асырылуда. Мысалы, eGov.kz порталы азаматтарға мемлекеттік қызметтерді ашық әрі әділ алуға мүмкіндік береді.

Бұл жүйелер:

- сыбайлас жемқорлықты азайтады
- азаматтардың жауапкершілігін арттырады
- адалдық мәдениетін қалыптастырады

4. Әлеуметтік желілер және тұлғалық жауапкершілік

Қазіргі жастар Instagram, TikTok сияқты платформаларда белсенді.

Осы ортада:

- жалған образ жасау
- фейк ақпарат тарату
- хайп үшін өтірік айту сияқты әрекеттер кездеседі. Ал, «Адал азамат» мұндай әрекеттерден аулақ болып, шынайылық пен жауапкершілікті сақтайды.

5. Цифрлық волонтерлік және әлеуметтік жауапкершілік

Цифрлық трансформация жаңа мүмкіндіктер де әкелді:

- онлайн қайырымдылық акциялары
- білім беру платформаларында тегін көмек көрсету
- әлеуметтік жобаларды интернет арқылы ұйымдастыру. Бұл - адалдық пен жанашырлықтың заманауи көрінісі.

Цифрлық дәуірде «Адал азамат» ұғымы кеңейіп, жаңа қырынан көрінуде. Енді адалдық тек жеке қарым-қатынаста емес, цифрлық кеңістікте де маңызды. Академиялық адалдық, онлайн этика, ақпараттық жауапкершілік - қазіргі тәрбиенің негізгі бағыттарына айналды. Сондықтан бүгінгі тәрбиелік жұмыстар «Адал азаматты» тек қоғамда емес, цифрлық әлемде де жауапты тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Қорытындылай келе, «Адал азамат» бағдарламасы тек теориямен шектелмеуі керек. Ол нақты әрекеттер, тәжірибелік жұмыстар арқылы жүзеге асқанда ғана тиімді нәтиже береді. Сондықтан тәрбиелік іс-шараларды жүйелі, қызықты және өмірмен байланысты етіп ұйымдастыру маңызды. Цифрлық дәуірдегі «Адал азамат» – бұл тек шынайы өмірде ғана емес, сонымен қатар виртуалды кеңістікте де адал, саналы және жауапты әрекет ететін тұлға. Сондықтан қазіргі тәрбие жүйесі цифрлық мәдениет пен адамгершілік құндылықтарды үйлестіре отырып, жаңа буын азаматтарды қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев, Қ. (15.03.2024). Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Адал адам - Адал еңбек - Адал табыс» Ұлттық құрылтайының үшінші отырысында сөйлеген сөзі. Retrieved from http://surl.li/tkqgn

2. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. 2024ж. https://uba.edu.kz/storage/app/media/99999%20VVV%20MMM%20KZ%20KZ.pdf

3. 2023 - 2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269

4. Kant, I. (1965) "Kritika prakticheskogo razuma" [The Critique of Practical Reason], in Kant, I. Sochineniia v 6 tt. Vol. 4. Ch. 1. M.: Mysl'.

5. Әбу Насыр әл-Фараби. (n.d.). Әбу Насыр әл-Фарабидің ізгілікті қоғам жөніндегі идеялары. Retrieved May 7, 2024, from https://abai.kz/post/54153

6. Бөлеев Қ. Тәрбие теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2010.

7. Сухомлинский В.А. Сердце отдаю детям. - Москва: Педагогика, 1977.

8. Макаренко А.С. Педагогическая поэма. - Москва: Художественная литература, 1985.
9. Амонашвили Ш.А. Здравствуйте, дети! – Москва: Просвещение, 1990.
10. https://bilimdiler.kz/ozin-ozi-tanu/30230-adaldyk-pen-adildik.html

УДК 374:316.7

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН МӘДЕНИ КОДТЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Иманбаев Қуаныш Қожабайұлы
k.kojabai@gmail.com
Жанайдар Мусин атындағы Көкшетау Жоғары қазақ педагогикалық колледжі, қазақ тілі және қазақ әдебиеті оқытушысы, әлеуметтік ғылымдар магистрі

Аңдатпа

Мақалада Жапония, Оңтүстік Корея және Израильдің білім берудегі ұлттық кодтары – «Кокоро» және «Хеврута» концепциялары талданады. Автор бұл жүйелердің технологиялық өрлеудегі рөлін қарастырып, оларды қазақтың **«Толық адам»** ілімімен және ұлттық тәрбие институтымен сабақтастырады. Негізгі ой ұлттық құндылықтарды инновацияның негізіне айналдыру.

Түйінді сөздер: Ұлттық код, білім беру жүйесі, Кокоро, Хеврута, Толық адам, инновация, рухани құндылықтар, технократиялық қоғам.

Annotation

The article examines the national educational codes of Japan, South Korea, and Israel, specifically the concepts of "Kokoro," and "Havruta." The author explores their impact on technological progress and connects these international practices with the Kazakh philosophy of **"Tolyq Adam"** (The Holistic Person). The focus is on using national values as a foundation for modern innovation.

Keywords: National code, education system, Kokoro, Havruta, Tolyq Adam, innovation, spiritual values, technocratic society.

Қазіргі таңдағы әлемдік білім беру парадигмасының трансформациясы тек технологиялық құзыреттіліктерді игерумен шектелмей, тұлғаның мәдени-интеллектуалдық бірегейлігін сақтау мәселесін алдыңғы шепке шығарып отыр. Хакім Абайдың «Адамның бір қызығы – бала деген» тұжырымы бүгінгі педагогикалық зерттеу тұрғысынан қарағанда, ұрпақ сабақтастығы мен ұлттық құндылықтардың репродукциясы ретінде жаңа мазмұнға ие болуда. Жаһандану үдерістерінің әсері ұлттық мәдениеттердің құнсыздануына әкеліп соқтырған заманда, білім беру институттары тек білім трансляторы ғана емес, ұлттық бірегейліктің генетикалық коды соғылатын стратегиялық нысандарға айналуы тиіс. Технологиялық прогресс формальды аспект болса, ұлттық құндылықтар мазмұндық негіз болмақ. Орта және жоғары білім беру сатысында ұлттық компонентті интеграциялау өткенді аңсау емес, қайта, жаһандану дәуіріндегі тұлғаның тұрақтылығын қамтамасыз ететін стратегиялық темірқазық орнату болып табылады. Халықаралық озық тәжірибелер білім берудегі табыс деңгейі ұлттық кодты сақтаумен тікелей байланыста екенін айқын көрсетеді.

Жапонияның технологиялық жарыста алдына жан салмаса да, өз болмысын жоғалтпауының басты құпиясы – білім беру жүйесінің өзегіне айналған «кокоро» тұжырымдамасында жатыр. Бұл ұғым тек «жүрек» немесе «жан» деген тар мағынамен шектелмейді. [1/2б] Ол адамның интеллектуалды қабілеті мен адамгершілік қасиеттерінің, яғни ақыл мен сезімнің үйлесімді бірлігін білдіреді. Жапон мектептеріндегі «кокоро» тәрбиесі оқушының бойына табиғатты аялау, эстетикалық талғампаздық, еңбекқорлық және қоғам алдындағы жауапкершілік сияқты іргелі құндылықтарды сіңіруді көздейді. Осы арқылы Күншығыс елі роботтандыру мен цифрландыру дәуірінде адамның ішкі әлемін құрғақ техникалық білімнің тасасында қалдырмай, ұлттық кодты сақтап қалудың бірегей үлгісін көрсетіп келеді. Бұл жүйе жас ұрпақтың бойында «ва» (гармония) принципін қалыптастырып, жеке мүддеден гөрі ұжымдық игілікті жоғары қоюға, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсету секілді ата-баба дәстүрін заманауи өмір салтымен шебер ұштастыруға мүмкіндік берді.

«Кокоро» концепциясы мен ұлттық құндылықтардың нақты жапон адамының тұлғалық бейнесіне әсері оның өмірлік ұстанымдарынан, тіпті күнделікті іс-әрекетінен айқын көрінеді. Мысалы, жапон оқушыларының мектепті өздері жуып-тазалауы жай ғана гигиена емес, бұл өз еңбегін және өзгенің еңбегін бағалауды үйретететін «кокоро» мектебі. Жапония технологиялық алпауыт болса да, қоғамдағы тәртіп пен сенімді жоғары қояды. Олар үшін адамның адамгершілігі елдің экономикалық байлығынан да маңызды капитал. Жапонның «Кокоро» концепциясы біздің халықтың «Ұят болады» және «Обал болады» деген сөздерімен өте қатты астасады. Ұят болады – қазақ баласына міндеттелген әлеуметтік жауапкершілік дер едім. Ал, обал болады – кие мен этика. Затты қадірлеу, нанды баспау, суға түкірмеу, бұл біздегі ежелден келе жатқан экологиялық және этикалық тәрбие. Жапондардағы заттың да жаны бар деген түсінік біздің әр нәрсенің киесі бар деген ұғымымызға жақын. Жапондардың «кокоро» мектебінен өткен тұлға тек білікті маман ғана емес, сонымен бірге асқан төзімділікті (гаман), өзіне жүктеген, міндетке адал және айналасына зиян тигізбеуге тырысатын жоғары мәдениет иесі. Жапон адамының бойындағы байсалдылық пен ішкі тәртіп дәл осы рухани негізден бастау алады, сондықтан ол кез келген технологиялық жетістікті адамзаттың игілігі мен табиғатпен үндестік тұрғысынан бағалайды. Ұлттық тәрбие адамды техниканың құлы емес, оны парасатпен басқаратын, рухани діңгегі берік «кемел тұлға» деңгейіне көтереді. Нәтижесінде, жапондықтардың жаһандану дауылына жұтылып кетпей, модернизацияны өз мәдениетіне бейімдей алуы жүрек тазалығы мен ұлттық рухты білімнің биік шыңына қоя білуінің жемісі.

Финляндияның білім берудегі басты жетістігі, олардың Sisu (Сису) атты ұлттық мінез-құлық философиясын заманауи педагогиканың мызғымас іргетасына айналдыруында. Сису – бұл жай ғана төзімділік емес, бұл ең қиын сәтте қайтпайтын қайсарлық, ішкі қуат және кез келген істі аяғына дейін жеткізуге деген темірдей ерік-жігер. Фин мектептері осы ұлттық кодты оқу бағдарламасына сіңіру арқылы баланың бойында кедергілерден қорықпау, өз күшіне сену және жауапкершілікті сезіну қасиеттерін қалыптастырды. Олар табиғатпен етене өсуді, тіпті қақаған суықта сыртта ойнау мен еңбекке баулуды рух шыңдаудың құралы ретінде пайдаланады. Финдердің білім жүйесін көп зерттеген ғалым Тимоти Уокер өз кітабында «Балалардың бойында қиындықтар алдында жасымайтын төзімділікті тәрбиелеудің маңыздылығы туралы көп жазылған» деп жазады. [2,45б] Бұл жүйе біздің халықтың «Тас жарғанда таудай қайрат, құм кешкенде көлдей сабыр» керек дейтін, қиындыққа мойымайтын батырлық пен төзімділік мектебімен тамырлас. Біз де осы тәжірибені негізге ала отырып, қазақтың ұлттық тәрбиесіндегі Абайдың, Шәкәрімнің «Толық адам», «Ар» ұғымдарын білім беру жүйесінің тетігіне айналдыра аламыз. Сонда ғана Абайдың 23-қара сөзінде айтқан «сәулелі адамды» тәрбиелеп шығарамыз. [5,55б] Финляндия өз ұлттық танымын қалай ұлықтаса, біз де «Толық адам» концепциясын тек биік ұғым емес, күнделікті оқу процесіндегі жауапкершілік, уәдеге беріктік және сапалы еңбек етудің өлшемі ретінде енгізуіміз қажет. «Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» дегеннің ескіргенін ескеріп, ұлттық ойындар мен салт-дәстүрлердің астарындағы стратегиялық ойлау, шымырлық пен топтық бірлікті заманауи интерактивті әдістермен ұштастыру, біздің білім беру моделіміздің жаңа тынысы болмақ. Егер біз де финдер сияқты өз құндылықтарымызды жаттанды тарих деңгейінде қалдырмай, оны баланың күнделікті мінез-құлқын қалыптастыратын тірі құралға айналдырсақ, технологиямен қаруланған, бірақ рухы мықты ұлттық технократиялық қоғам құра аламыз. Яғни, «Үш анықтан» Шәкәрім іздеген «ынсап, әділет, мейірімнің» өзегі білім жүйесімен тығыз байланысты. [6,6б]

Оңтүстік Кореяның жарты ғасыр ішінде кедейліктен әлемдік технологиялық алпауытқа айналуының сыры – заманауи білім мен байырғы конфуцийшілдік ілімнің мінсіз үндесуінде жатыр. Бұл елдегі білім культінің өзегі саналатын ата-анаға құрмет тұжырымдамасы жай ғана отбасылық құндылық емес, ол бүкіл мемлекеттік дамудың қозғалтқыш күшіне айналды. Корей қоғамында жақсы оқу – ата-ана алдындағы ең жоғары перзенттік парыз әрі әулеттің абыройын асқақтатудың жалғыз жолы ретінде қарастырылады. Сондықтан да корей оқушылары мен студенттері үшін білім алу – жеке бастың амбициясынан бұрын, отбасылық сенімді ақтау мен

үлкендерге көрсетілген шынайы құрметтің белгісі. Осы рухани жауапкершілік корей жастарын таң атқаннан күн батқанша кітапқа үңілдіріп, оларды әлемдегі ең еңбекқор әрі білімпаз ұлттардың қатарына қосты. Бұл ұлттық кодтың корей адамының тұлғасына әсері оның бойындағы темірдей тәртіп пен қатаң иерархияға негізделген әлеуметтік жауапкершіліктен анық байқалады. Конфуцийлік принципі арқылы қалыптасқан білім жүйесі адамды тек интеллектуалды тұрғыдан шыңдап қоймай, оны ұжымдық мақсатқа бағына білетін, өз ісіне асқан ұқыптылықпен қарайтын маман етіп тәрбиелейді. [8] Конфуций ілімінен бастау алған ұстазға деген шексіз құрмет пен білімді қасиетті санау үрдісі кореялықтардың кез келген қиындықты қажырлы еңбекпен жеңуіне септігін тигізді. Осылайша, ата-баба дәстүрін цифрлық дәуірдің талаптарымен ұштастыра білген Корея халқы рухани тамырынан ажырамай-ақ, жаһандық бәсекеде білім мен технологияның озық үлгісін жасап шықты. Бұл тәжірибе ұлттық тәрбие мен білімнің біртұтас жүйеге айналуы кез келген экономикалық реформадан әлдеқайда қуатты екенін дәлелдеп отыр. Қазақ қоғамындағы корейлердің «Хё» концепциясына тікелей сәйкес келетін, тіпті одан да терең мағынаға ие ұғым - перзенттік парыз. Біздің дүниетанымымызда баланың білім алуы, биік белестерді бағындыруы және ел сыйлайтын азамат болуы, ата-ананың үмітін ақтаумен, солардың алдындағы қарызын өтеумен тікелей байланысты. Қазақ баласы үшін «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген ақ батаның астарында ата-ананың ғана емес, бүкіл әулеттің абыройын асқақтату міндеті жатыр. Білім алуға деген ұмтылыс көбіне «ата-анамды асыраймын», «солардың еңбегін өтеймін» деген шынайы жанашырлықтан бастау алады, бұл корейліктердің ата-анаға құрмет арқылы білім биігіне ұмтылу кодымен толық үндесетін рухани қозғалтқыш.

Осы орайда, қазақтың «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген қағидасы отбасындағы тәрбие мен білімнің сабақтастығын айқындап береді. Біздің қоғамда баланың жетістігі ата-ана тәрбиесінің жемісі, ал баланың білімсіздігі немесе әдепсіздігі ата-анаға келген сөз ретінде қабылданады. Сондықтан қазақ жастары үшін оқу мен ізденіс тек жеке мансап емес, ата-ананың жүзін төмендетпеу атты үлкен моральдық жауапкершілікке құрылған. Егер білім беру бағдарламаларында ата-ана мен баланың арасындағы осы рухани байланысты, яғни перзенттік парызды оқуға деген мотивацияның басты тетігі ретінде пайдалансақ, бұл біздің қоғамдағы ең қуатты тәрбие құралына айналары сөзсіз. Бұл сырттан келген жат идеология емес, қанымызда бар, тек жаңаша мазмұнда жаңғыртуды қажет ететін ұлттық кодымыз.

Израильдің технологиялық стартаптар мен инновациялар бойынша әлемдік көшбасшыға айналуының астарында олардың ежелгі рухани мұрасы мен заманауи білім беру әдістемесінің керемет синтезі жатыр. Осы жүйенің діңгегі саналатын «Хеврута» әдісі ғасырлар бойы талмудты зерттеуде қолданылып келген, екі адамның өзара пікір таластыруына негізделген бірегей оқыту форматы. Бұл әдістеме оқушыларды дайын ақпаратты жаттап алуға емес, оны күмәнмен қарап, жан-жақты талдауға және серіктесімен қызу пікірталас арқылы ақиқатқа жетуге баулиды. Осылайша, израильдік мектеп қабырғасынан бастап баланың бойында сыни ойлау, аргумент келтіру және өзгенің пікіріне құрметпен қарай отырып, өз ұстанымын қорғау дағдылары қалыптасады. Бұл тек оқу әдісі емес, бұл ұрпақтар арасындағы интеллектуалдық сабақтастықты үзбейтін, ұлттық бірегейлікті сақтайтын қуатты рухани құрал.

«Хеврута» әдісінің заманауи израильдік тұлғаның қалыптасуына әсері орасан зор, себебі ол жастарды «сұрақ қоюдан қорықпауға» тәрбиелейді. Бұл дәстүр еврей халқының «хуцпа» (батылдық, тікелейлік) деп аталатын ұлттық мінез-құлқымен астасып, инновациялық ортада кез келген иерархия мен қасаң қағидаларды бұзып, жаңа идеялар тудыруға мүмкіндік береді. Оқушылар жұппен жұмыс істеу барысында бірін-бірі толықтырып, интеллектуалдық жарысқа түсу арқылы ұжымдық ізденістің маңызын түсінеді. Нәтижесінде, Израиль білім беру жүйесі ежелгі діни мәтіндерді оқу әдістемесін жаһандық бәсекеге қабілетті креативті ойлау тетігіне айналдыра білді. Бұл тәжірибе ұлттық мұраның тозып кетпейтінін, керісінше, дұрыс бейімделген жағдайда ең озық технологиялық жетістіктердің іргетасы бола алатынын айқын дәлелдеп отыр. [7]

Қазақ халқының дәстүрлі танымында хеврута әдісінің интеллектуалдық және әлеуметтік сипатына толықтай сәйкес келетін бірегей құбылыс – шешендік өнер мектебі. Бұл жай ғана әдемі сөйлеу емес, бұл екі адамның бетпе-бет келіп, қисынды ой, өткір тіл және терең білім арқылы ақиқатты іздеуі, бір-бірінің уәжін талдауы. Қазақ даласындағы билер соты мен шешендер айтысы дәл осы Израильдің пікір таластыру әдістемесі сияқты, жас ұрпақты логикалық жүйелілікке, суырыпсалмалыққа және қарсыластың пікірін сыйлай отырып, оның қатесін дәлелдеп шығуға баулыған. «Сөз тапқанға қолқа жоқ» [9,56б] деген қағида баланың ой ұшқырлығын дамытып, кез келген тығырықтан жол тауып шығатын интеллектуалдық икемділікті қалыптастырды.

Бұл әдісті заманауи қазақ мектебіне енгізуде білім алушыларды жаттандылықтан арылтып, сыни ойлау мен диалог мәдениетін көтерудің таптырмас жолы болмақ. Израильдіктер Талмуд мәтіндерін жұппен талдаса, біз де бабалар сөзін, билердің шешімдерін немесе тарихи оқиғаларды оқушылар арасындағы диспут-диалог ретінде ұйымдастыра аламыз. Қазақ баласының бойындағы шешендік кодты оятып, оны тек білімді ғана емес, өз ойын кез келген ортада дәлелдей алатын, еркін пікірлі тұлға етіп шығаруға септігін тигізеді. Ежелгі сөз сайысы дәстүрін инновациялық пікірталас алаңдарына айналдыру арқылы біз ұлттық мұра мен заманауи интеллектуалдық дамудың алтын көпірін сала аламыз.

Түйіндей келгенде, Жапония, Оңтүстік Корея және Израиль мемлекеттерінің технологиялық алпауытқа айналуының басты факторы – білім беру жүйесін құрғақ ақпараттан емес, ұлттық діл мен тарихи кодтан бастауында жатыр. Олардың тәжірибесі көрсеткендей, заманауи инновация мен технократиялық өрлеу ұлттық құндылықтарға қарсы келмейді, керісінше, соларды арқау ете отырып қарыштап дамиды. Жапонның Кокоро арқылы жан мен тән үйлесімін іздеуі, корейдің принципімен отбасы алдындағы жауапкершілікті білімге ұштастыруы немесе израильдіктің Хеврута әдісімен ежелгі мұраны сыни ойлауға бағыттауы, бұлардың барлығы ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, жаһандық бәсекеде жеңіске жетудің бірегей жолдары. Бұл елдер өздерінің рухани тамырларын технологияның тетігіне айналдыра білуімен әлемді таңғалдырып отыр. Біздің де рухани қазыналарымыз кез келген заманауи білім жүйесіне қуат беретін деңгейде. Бізге жат идеологияның соңынан ермей, өз болмысымыздағы қазақ мектебін білім берудің өзегіне айналдыру маңызды. Егер біз де бабалар мұрасын инновациялық әдістермен жаңғыртып, ұлттық кодты білімнің бағдаршамы етіп алсақ, технологияны меңгерген ғана емес, рухы мықты, бәсекеге қабілетті кемел ұлтқа айналатынымыз анық. Демек, болашақтың білімі өткеннің өнегесі мен бүгіннің технологиясын шебер ұштастыра білуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://s-osvita.com.ua/obuchenie-za-rubezhom/obrazovanie-v-yaponii/788-471
2. Финская система обучения. Как устроены лучшие школы в мире Издательство «Альпина Паблишер» 2022 г. ISBN 978-5-9614-6767-3, 978-1-324-00125-6 256стр.
3. https://en.wikipedia.org/wiki/Korean_Confucianism?hl=ru-RU
4. Де Мент Б. Л. Кодекс японских самураев классическая тактика и приемы для достижения успеха, позитивные понятия кодекса чести самураев повышающие способности и производительность / Бойе Лафайет де Мент; [пер. с англ. Я. Кузнецова]. — Москва, Санкт-Петербург : ДИЛЯ, 2006. — 239 с.; 20. — ISBN 5-88503-530-X.
5. А 13 Қара сөз / Құнанбаев Абай — Алматы: "Көшпенділер" баспасы, 2011 — 184 бет. ISBN 978-601-218-009-1
6. Шәкәрім Құдайбердіұлы. Үш анық ISBN 978-601-313-081-1© Шәкәрім университеті, Университет Шакарима, 2018© Издательство «Хас Сақ» баспасы, 2018
7. Ахмет Байтұрсынұлы 1-том, Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. I: –384 б. ISBN: 978-601-7317-67-6
8. Тюдор Дэниел, Невозможная КореяИздательство, АСТ, 2019 ISBN 978-5-17-114218-6 стр.352
9. Қанатты сөз – қазына. II том. © Кеңес Оразбекұлы, 2020 ISBN 978-5-4498-7631-7 (т. 1)

III. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМЫТУДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

ПОВЫШЕНИЕ КВАЛИФИКАЦИИ ПЕДАГОГОВ В РАЗВИТИИ СОВРЕМЕННОЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ЭКОСИСТЕМЫ

PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF TEACHERS IN ADVANCING THE MODERN EDUCATIONAL ECOSYSTEM

МОДЕРНИЗАЦИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН ОТ ТЕОРИИ К ПРАКТИКЕ

Ибраева Кулян Жигипаровна
ibraeva_kz@mail.ru
д.п.н..профессор, Астана Международный Университет, г. Астана, Казахстан

Серик Даяна Толегенкызы
serikdayana1@gmail.com
магистрант, Астана Международный Университет, г. Астана, Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы модернизации дистанционного обучения в Республике Казахстан. Автор анализирует нормативно-правовые изменения в сфере подготовки кадров, также выделяет основные противоречия по внедрению ИКТ. Для решение вопроса предлагается перейти от обычного подхода к созданию цифровой экосистемы. Также показана необходимость внедрения «Цифрового паспорта навыков». Данная система позволит укрепить социальное партнерство и приблизить теоретические знания к требованиям труда.

Ключевые слова: техническое и профессиональное образование (ТиПО), дистанционное обучение, цифровизация образования, цифровой паспорт навыков, социальное партнерство.

Обновления системы технического и профессионального образования в Республике Казахстан зависит от запросов в рынке труда. Закон РК «О профессиональных квалификациях» (2023 г.) сменил свой подход к подготовке кадров, согласно которому: на первый план выходят независимая сертификация выпускников, признание результатов неформального и самостоятельного обучения, микро квалификации [1].

Согласно «Концепцией развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования на 2023–2029 годы» приоритетом государства является увеличение количества государственных контрактов до 150 000 мест к 2026 году и целевая подготовка специалистов [2].

Качество профессионального образования невозможно без социального партнерства. Успех этого процесса зависит от степени цифровизации образовательной среды. Эффективность использования информационно-коммуникационных технологий в процессе цифровизации образования зависит не столько от технологической составляющей, а умении правильно применять технологии [3].

Исследования показывают, что дистанционное обучение состоит на пяти основных методах И.Я.Лернера: информационно-рецептивном, репродуктивном, проблемном изложении, эвристическом и исследовательском. Цифровизация преобразовывает эти методы, укрепляя социальное партнерство в контексте интерактивного диалога между преподавателями и студентами.

При создании дистанционного обучения нужно учитывать территориальное нахождение субъектов, асинхронность жизнедеятельности и психофизиологические особенности учащихся.

Существует перечень специальностей в сфере технического и профессионального образования, для которых из-за высоких требований к практическим навыкам запрещена дистанционная форма обучения.

Теория информационного взаимодействия представлена работами Е. Ы. Бидайбекова, Д.М.Джусубалиевой и И.В.Роберт [4; 5]. Их труды показывают, что информационно-коммуникационная среда помогает развитию мультимедиа и технологий VR/AR.

Сегодня педагогическая практика при внедрении ИКТ сталкивается с системными противоречиями:

- Образовательный консерватизм: преподаватели ограничивают выбор программного обеспечения. Выпускники не приобретают навыков самостоятельной работы с новым прикладным ПО, что снижает их конкурентоспособность.
- Дидактическая переработка курсов: перенос дисциплины в цифровую среду требует системного научно-методического подхода [6].
- Оценка качества цифрового контента: качество многих электронных образовательных ресурсов остается неудовлетворительным, что затрудняет разработку прозрачных методов работы с контентом [4].

На наш взгляд, чтобы решить данный вопрос, нужно изменить подход к социальному партнерству в Республике Казахстан. На практике, что мы видим, что бизнесу важно не столько теоретические знания, а умение быстро адаптироваться к рабочей среде. Поэтому и цифровые технологии могут стать связующим звеном. К примеру, создания виртуальных тренажеров для студентов. С помощью данных технологий студент сможет отрабатывать практические навыки заранее. Это поможет выпускникам быстрее привыкнуть к работе.

Для преодоления этих проблем необходим переход от простой «оцифровки» курсов к развитию полноценной цифровой экосистемы организаций ТиПО. Педагогическое проектирование урока предполагает использование как обычных офисных программ, так и специальных и интерактивных платформ.

В международной практике существуют две исторические модели дистанционного обучения, обобщенные в нашей практике:

- Британская модель (асинхронная): основана на самостоятельной работе студента совместно с комплексами при поддержке преподавателей.
- Американская модель (синхронная): заменяет обычные классы виртуальным с помощью видеоконференций в режиме реального времени.

Казахстанские учебные заведения используют в основном гибридную модель. Дистанционное взаимодействие представляет собой процесс продуктивного взаимодействия субъектов, опосредованный единой информационно-образовательной средой учебного заведения [7].

Развитие профессионального образования и цифровизация в Казахстане требует не просто использования ИТ-инструментов, а создания у студентов и преподавателей навыка постоянного самообучения и информационный культуры.

В качестве решения данного вопроса, с помощью объединения международного опыта, есть предложения перехода от классического табеля успеваемости к цифровым паспортам навыков. Согласно аналитическому отчету ОЭСР «Skills Outlook 2025», сейчас в век цифровизации необходимо перейти от оценки знаний к подтверждению реальных навыков [8].

Предлагаемый проект представляет собой инновационный цифровой профиль, объединяющий знания, полученные выпускниками, в реального времени.

Главным преимуществом является связь Цифрового паспорта с платформами занятости. Если добавить ко всему защиту данных и использования ИИ, можно создать прозрачную экосистему поиска специалистов. То есть работодатели смогут находить специалистов с

нужными навыками, а студенты будут понимать, что им не хватает, чтобы стать востребованным на рынке труда.

Внедрение системы цифровой паспорт навыков позволит казахстанским образовательным учреждениям уменьшить разрыв между теорией и практикой. Этот инструмент поможет лучше взаимодействовать обеим сторонам. Работодатели получают прозрачные инструменты подбора персонала, а студенты могут четко отслеживать свой личностный и карьерный рост. А также это сделает образовательную среду более живой и полезной.

Список использованных источников:

1. Закон Республики Казахстан от 4 июля 2023 года № 14-VIII ЗРК «О профессиональных квалификациях» // Информационно-правовая система нормативных правовых актов РК «Әділет».

2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 13 июня 2024 года № 463 «О внесении изменений в Концепцию развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы» // ИПС «Әділет».

3. Ибраева К.Ж. Проблемы формирования информационно - методической готовности преподавателей технического вуза // Материалы научно-практической конференции. Астана, 2011. С. 47–50.

4. Бидайбеков Е. Ы., Камалова Г. Б., Бостанов Б. Г. Математическое моделирование и виртуальная реальность в образовании // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Физико-математические науки». 2022. № 2 (78). С. 134–141.

5. Усенов С. С., Джусубалиева Д. М. Особенности проектирования информационно-образовательной среды в системе ТиПО Казахстана // Педагогика и психология. Алматы: КазНПУ им. Абая, 2023. № 1 (54). С. 88 - 95.

6. Роберт И. В. Развитие информатизации образования в условиях цифровой трансформации // Педагогика. 2022. № 1. С. 5 - 15.

7. Концепция обучения в течение всей жизни (непрерывное образование). Утверждена Постановлением Правительства Республики Казахстан (актуальная редакция 2024-2025 гг.) // Официальный ресурс Премьер-Министра РК.

8. OECD. Skills Outlook 2025: Управление навыками в эпоху цифровизации и ИИ // Организация экономического сотрудничества и развития (ОЭСР). Paris: OECD Publishing, 2025.

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Жумабаева Рысай Амантаевна
№206 Жиделіарық орта мектебі КММ
Қызылорда обл., Шиелі ауданы

Аннотация

Бұл мақалада білім беру сапасын қамтамасыз етудің заманауи тәсілдері қарастырылады. Автор білім беру жүйесіндегі инновациялық өзгерістерге, цифрлық технологиялардың рөліне, құзыреттілікке негізделген оқытуға және бағалау жүйесінің жаңаруына ерекше назар аударады. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби дамуы мен білім беру процесін тиімді басқарудың маңыздылығы ашып көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде білім беру сапасын арттыру үшін кешенді және жүйелі тәсілдерді қолдану қажеттілігі негізделеді.

Түйінді сөздер:білім беру сапасы, заманауи тәсілдер, цифрландыру, құзыреттілік, инновациялық оқыту, бағалау жүйесі, педагогтың кәсіби дамуы

Аннотация

В данной статье рассматриваются современные подходы к обеспечению качества образования. Особое внимание уделяется инновационным изменениям в системе образования, роли цифровых технологий, компетентностному подходу и обновлению системы оценивания. Также раскрывается значение профессионального развития педагогов и эффективного управления образовательным процессом. В результате исследования обосновывается необходимость применения комплексных и системных подходов для повышения качества образования.

Ключевые слова:качество образования, современные подходы, цифровизация, компетентностный подход, инновационное обучение, система оценивания, профессиональное развитие педагогов

Abstract

This article examines modern approaches to ensuring the quality of education. Particular attention is paid to innovative changes in the education system, the role of digital technologies, competency-based learning, and the modernization of assessment systems. The importance of teachers' professional development and effective management of the educational process is also highlighted. The study substantiates the need for comprehensive and systematic approaches to improve the quality of education.

Keywords: quality of education, modern approaches, digitalization, competency-based learning, innovative teaching, assessment system, teacher professional development

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінің сапасы кез келген мемлекеттің дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Білім сапасы – бұл тек оқушылардың алған білім деңгейі ғана емес, сонымен қатар олардың алған білімін өмірде тиімді қолдана білуі, сыни ойлау қабілеті, шығармашылық әлеуеті және тұлғалық дамуы.

XXI ғасырда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді. Ақпараттың тез жаңаруы, технологиялардың дамуы, еңбек нарығының өзгеруі білім беру сапасын қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін қажет етеді. Осыған байланысты білім беру жүйесінде инновациялық технологияларды енгізу, оқыту әдістерін жетілдіру, білім алушының тұлғалық дамуына басымдық беру маңызды болып отыр.

Бұл мақалада білім беру сапасын қамтамасыз етудің заманауи тәсілдері жан-жақты қарастырылады.

Білім беру сапасының мәні мен маңызы.Білім беру сапасы – білім беру процесінің нәтижелілігін, тиімділігін және оның қоғам сұранысына сәйкестігін сипаттайтын кешенді ұғым. Ол келесі компоненттерден тұрады:

білім мазмұнының сапасы;оқыту әдістерінің тиімділігі;педагогтардың кәсіби деңгейі;білім алушылардың оқу жетістіктері;материалдық-техникалық база;

басқару жүйесінің тиімділігі.

Білім сапасының жоғары болуы елдің экономикалық дамуына, инновациялық әлеуетіне және әлеуметтік тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Сондықтан қазіргі таңда білім беру сапасын арттыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі.

Құзыреттілікке негізделген оқыту.Заманауи білім беру жүйесінің негізгі бағыттарының бірі – құзыреттілікке негізделген тәсіл. Бұл тәсіл білім алушының тек теориялық білім алуына емес, алған білімін практикада қолдана алуына бағытталған.

Негізгі ерекшеліктері:білім емес, құзыреттілік басты нәтиже ретінде қарастырылады;өмірлік дағдыларды дамытуға басымдық беріледі;

оқушының дербестігі мен жауапкершілігі артады.

Құзыреттілікке негізделген оқыту келесі негізгі құзыреттерді қалыптастыруды көздейді:коммуникативтік құзырет;ақпараттық құзырет;

әлеуметтік құзырет;проблемаларды шешу құзыреті.

Бұл тәсіл білім алушыларды өмірге бейім, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды қолдану.Цифрландыру – білім беру сапасын арттырудың маңызды факторларының бірі. Қазіргі таңда білім беру жүйесінде келесі цифрлық құралдар кеңінен қолданылуда:

онлайн платформалар (Moodle, Google Classroom, BilimLand);

интерактивті тақталар;білім беру қосымшалары;жасанды интеллект негізіндегі жүйелер.

Артықшылықтары:оқу процесін жекелендіру мүмкіндігі;

ақпаратқа қолжетімділіктің артуы;қашықтықтан оқыту мүмкіндігі;

оқушылардың қызығушылығын арттыру.

Цифрлық технологиялар арқылы білім беру процесі икемді, қолжетімді және тиімді бола түседі.

Оқытудың инновациялық әдістері.Заманауи білім беру жүйесінде дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар инновациялық әдістер кеңінен қолданылады.

Негізгі әдістер:

1. Жобалық оқыту (Project-Based Learning).Бұл әдіс оқушылардың нақты бір мәселені шешуге бағытталған жобалар арқылы білім алуын көздейді. Ол:зерттеу дағдыларын дамытады;

шығармашылық ойлауды қалыптастырады;топпен жұмыс істеуді үйретеді.

2. Сыни ойлауды дамыту технологиясы.Бұл әдіс оқушылардың ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау қабілеттерін дамытады.

3. Флиппед класс (Flipped Classroom).Бұл әдісте оқушылар теориялық материалды үйде меңгеріп, сабақта практикалық тапсырмалар орындайды.

4. Геймификация.Оқыту процесіне ойын элементтерін енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығы артады.

5. Бағалау жүйесін жетілдіру.Білім сапасын қамтамасыз етуде бағалау жүйесінің рөлі ерекше. Қазіргі таңда бағалаудың жаңа түрлері енгізілуде:

Қалыптастырушы бағалау:оқу процесі барысында жүзеге асады;

оқушының ілгерілеуін бақылауға мүмкіндік береді;кері байланыс береді.

Жиынтық бағалау:белгілі бір кезең соңында өткізіледі;білім деңгейін анықтайды.

Бағалаудың заманауи жүйесі:әділдікті қамтамасыз етеді;оқушыны ынталандырады;оқу нәтижелерін нақты көрсетеді.

Мұғалімнің кәсіби дамуы.Білім беру сапасы мұғалімнің кәсіби деңгейіне тікелей байланысты. Сондықтан педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуы маңызды.

Негізгі бағыттар:біліктілікті арттыру курстары;тәжірибе алмасу;

инновациялық әдістерді меңгеру;цифрлық сауаттылықты дамыту.

Заманауи мұғалім:бағыт беруші;кеңесші;ұйымдастырушы рөлін атқарады.

Білім беру процесін басқару.Білім беру сапасын қамтамасыз етуде басқару жүйесінің тиімділігі маңызды рөл атқарады.

Заманауи басқару ерекшеліктері:стратегиялық жоспарлау;деректерге негізделген шешім қабылдау;сапаны мониторингтеу;ашықтық және есептілік.Басқарудың тиімді жүйесі білім беру ұйымының тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Инклюзивті білім беру.Инклюзивті білім беру – барлық балаларға тең мүмкіндік беру принципіне негізделген.

Маңыздылығы:әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етеді;әр баланың әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді;қоғамдағы толеранттылықты қалыптастырады.

Инклюзивті білім беру білім сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыз ету – қоғам дамуының басты шарттарының бірі. Төменде осы тақырыпта дайын мақала ұсынылады:

Қазіргі білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыз етудің тиімді жолдары

Білім беру жүйесінің сапасы – елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Жаһандану жағдайында білімнің бәсекеге қабілеттілігі артып, оны жетілдіру мәселесі өзекті бола түсуде. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыз ету маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Білім сапасының мәні

Білім сапасы – бұл оқушылардың алған білімінің тереңдігі, дағдылары мен құзыреттіліктерінің деңгейі, сондай-ақ олардың алған білімін өмірде қолдана алу қабілеті. Сапалы білім беру тек теориялық біліммен шектелмей, практикалық дағдыларды дамытуға бағытталуы тиіс.

Сапаны қамтамасыз етудің негізгі жолдары

Мұғалімдердің кәсіби дамуы.Білім сапасы ең алдымен мұғалімнің біліктілігіне байланысты. Сондықтан педагогтардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру, жаңа әдіс-тәсілдерді меңгеруіне жағдай жасау – басты міндеттердің бірі.

Оқыту әдістерін жаңарту.Дәстүрлі оқыту әдістерімен қатар, интерактивті және инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың қызығушылығын арттырады. Мысалы, жобалық оқыту, сын тұрғысынан ойлау, цифрлық платформаларды пайдалану тиімді нәтижелер береді.

Бағалау жүйесін жетілдіру.Оқушылардың білімін әділ және жан-жақты бағалау маңызды. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау жүйесін дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушылардың білім деңгейін нақты анықтауға болады.

Цифрлық технологияларды енгізу.Қазіргі таңда білім беру жүйесінде цифрландыру ерекше рөл атқарады. Онлайн платформалар, электронды оқулықтар, қашықтан оқыту жүйелері білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламаларын жаңарту.Оқу мазмұны заманауи талаптарға сай болуы тиіс. Бағдарламалар еңбек нарығының сұранысына сәйкес жаңартылып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталуы қажет. Білім беру ұйымдарын басқаруды жетілдіру.Мектептер мен жоғары оқу орындарында тиімді басқару жүйесін енгізу білім сапасын арттыруға ықпал етеді. Бұл жерде стратегиялық жоспарлау мен мониторинг маңызды рөл атқарады.

Қазіргі білім беру жүйесінде сапаны қамтамасыз ету – кешенді және үздіксіз процесс. Ол мұғалімдердің кәсіби дамуын, оқыту әдістерін жетілдіруді, технологияларды тиімді пайдалануды және басқару жүйесін жаңартуды талап етеді. Тек осы бағыттарды үйлесімді жүзеге асыру арқылы ғана сапалы білім беруге қол жеткізуге болады.

Қорытындылай келе, білім беру сапасын қамтамасыз ету – көпқырлы және кешенді процесс. Ол тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмейді, сонымен қатар оқыту

әдістерін жаңарту, цифрлық технологияларды енгізу, мұғалімдердің кәсіби дамуы және тиімді басқару жүйесін қалыптастыруды қамтиды.

Заманауи тәсілдерді тиімді қолдану арқылы білім беру жүйесі бәсекеге қабілетті, шығармашыл және өмірге бейім тұлғаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде елдің тұрақты дамуына негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2023.

2.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020–2025.

3.OECD. Education at a Glance. – Paris: OECD Publishing, 2022.

4.UNESCO. Global Education Monitoring Report. – Paris, 2021.

5.Назарбаев Зияткерлік мектептері. Педагогикалық тәжірибе материалдары. – Астана, 2022.

6.Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – Москва, 2019.

7.Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – Москва, 2018.

8.Полат Е.С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва, 2020.

УДК 378.16:37.013

К ПРОБЛЕМЕ ПРОЕКТИРОВАНИЯ УЧЕБНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ ДЛЯ ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ

Сарсекеев Бауржан Сапарович
E-mail: Sbs27071963@mail.ru
Д.п.н., профессор кафедры педагогики и истории, ЕАГИ имени А. К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Аннотация

В статье раскрыты новые подходы к подготовке вузовского учебника для самостоятельного изучения содержания образования. Исследование путей модернизации учебника для студентов идет на основе компетентностного подхода, выявляются возможности формирования профессиональных компетенции с помощью средств обучения. Учебник рассматривается не как источник информации, а как инструмент организации учебной деятельности студентов, позволяющих сформировать ключевые и профессиональные компетенции будущих учителей. Соединение содержания образования с возможностями методов и технологии обучения посредством учебника, где прописаны алгоритмы действий студентов, могут быть эффективным средством формирования профессиональной компетентности педагога.

Предлагаемый подход является теоретической базой для проектирования учебного пособия нового типа ориентированного на цели обучения в виде компетенции. Реализаций целей способствует структура учебной книге выстроенная по схеме «Задание – Текст – Упражнения».

В работе раскрывается технология проектирования и методическая система учебника, структура параграфа, функции преподавателя. На основе совершенствования аппарата организаций усвоения предлагаются подходы к овладению учебным материалом студентами. Описываются возможности заданий, намечающих пути работы студента, формы организации и методы учебной деятельности, что создает условия самостоятельно организовывать свою работу, выбирать форму выполнения задания, применять свой план решения. Такой подход к проектированию учебника способствует пониманию специфики изучаемой дисциплины, позволит сформировать специальные компетенций будущих педагогов, что позволит им эффективно применять усвоенные знания в практической деятельности и успешно адаптироваться в общественную жизнь школы.

Ключевые слова:учебное пособие нового типа, компетентностный подход, компетенции, задания, методы обучения.

Annotation

This article presents new approaches to the development of university textbooks intended for independent study of educational content. The research explores ways to modernize textbooks for students based on a competency-based approach and the potential for forming professional competencies through educational tools. The textbook is viewed not as a mere source of information, but as a tool for organizing students' learning activities, enabling the formation of key and professional competencies in future teachers. Integrating educational content with teaching methods and technologies through a textbook—where students' action algorithms are clearly outlined—can serve as an effective means of developing a teacher’s professional competence.

The proposed approach serves as a theoretical foundation for designing a new type of educational resource focused on learning goals in the form of competencies. The structure of the textbook, organized according to the "Assignment – Text – Exercises" scheme, supports the achievement of these goals.

The paper elaborates on the textbook design technology and methodological system, paragraph structure, and the teacher's functions. Based on the improvement of mechanisms for organizing content assimilation, it suggests approaches for students to master educational material. The possibilities of assignments are considered, including how they guide student activity, as well as the forms of organization and methods of learning, all of which create the conditions for students to independently manage their work, choose how to complete tasks, and apply their own problem-solving plans. This approach to textbook design enhances understanding of the specific nature of the subject being studied and allows the formation of special competencies in future educators. As a result, they will be able to apply acquired knowledge effectively in practice and adapt successfully to the social environment of the school.

Keywords: New type of educational resource, competency-based approach, competencies, assignments, teaching methods.

Введение. В условиях модернизации высшего образования возрастает роль учебника как одного из основных средств обучения. Учебник выполняет ряд функции, однако практика разработки сталкивается с рядом проблем, связанных с их использованием в образовательном процессе. Особенно остро встают вопросы способов работы с развивающим потенциалом текста. Это обуславливает актуальность поставленной проблемы.

Педагогическая теория рассматривает учебник как важнейшее средство организации учебного процесса, как источник «для построения проекта организации всего учебного процесса» [1], своеобразный «сценарии (праобраз, проект) предстоящей деятельности обучения» [2]. Типологизированную структуру учебника разработал Д. Д. Зуев [3], функции учебника Н. Ф.Талызина [4], проблемы программирования дидактических функций учебника раскрыты В. П. Беспалько [5]. Актуальными остаются теории и концепции А. И. Маркушевича о «ядре и оболочке учебника» [6], Л. И. Айдаровой о разработке учебно-методического комплекса для начальных классов [7] и казахстанских ученых о УМК [8]. Особую значимость в развитии теории учебника имеют исследования заданий и упражнений [9] функции учебника в контексте модернизации образования [10], особенностей учебного текста для студентов [11], педагогических и когнитивных аспектов вузовского учебника [12], изучение путей оптимизации подачи материала [13; 14].

Теоретический анализ позволяет сделать вывод, что учебник прошел эволюцию от массовой книги для обучаемых разработанной на основе программы обучения до кибернетических моделей трансформируясь в многофункциональную книгу влияющей на методику преподавания. Запросы к качеству вузовского учебника будут возрастать. Главными требованиями станут психологические, логические, лингвистические, методические, эстетические аспекты так, как без решения этих проблем учебник не выдержит конкуренций с другими средствами обучения, в особенности с динамично развивающими цифровыми технологиями и искусственным интеллектом.

Изучение показывает, что существенных изменений в проектировании вузовских учебников нет: учебники остаются монологичными, носят предметно-просветительский характер, ориентированы на реализацию информационной функции и слабо влияют на развитие профессиональных компетенции будущих специалистов [14; 15]. Наше исследование основано на работах авторов придерживающихся компетентностной парадигмы и психодидактического подхода к учебнику [16; 17], рассматривающих учебник не только как источник знаний, но и как инструмент организации учебной деятельности, позволяющий сформировать ключевые и специальные компетенции. Такой подход позволит будущим специалистам эффективно применять усвоенные знания в практической деятельности и успешно адаптироваться в профессиональную жизнь после окончания ВУЗа.

Постановка проблемы. Целью исследования является изучение путей модернизации учебника для высшего учебного заведения в условиях обновления содержания образования [18]. В настоящее время в разработке учебной литературы можно выделить два подхода: знаниецентрический подход ставит акцент на знание базового содержания, формирование

знаний, умений и навыков по изучаемому предмету; компетентностный подход требует владения инструментариями анализа и интерпретации изучаемых проблем, ориентирован на способы деятельности субъектов обучения. Компетентностный подход обусловлен тем, что учебники, разработанные на основе знаниевого подхода, не в состоянии выполнять возлагаемые для высшей школы функции развития компетенции будущего педагога. Ориентированные на изложение информации они недостаточно способствуют формированию профессиональных умений, учебных и методических компетенции.

Согласно компетентностной парадигме теоретические знания имеют ценность тогда, когда понимаются концептуально и применяются на практике [16]. Такое понимание обуславливает изменение взглядов на функции учебника, требует разработки учебной книги нового типа, создающего условия для развития способностей и компетенции будущих специалистов. Исходя из этого, мы предлагаем акцентировать внимание на способах деятельности обучаемых студентов. Соединение содержания учебной книги и способов обучения позволит преподавателю постоянно менять организацию учебной деятельности, добиваясь, чтобы студенты усваивали материал на основе сформированных умений и компетенции. Формы и методы усвоения учебного материала могут включать как индивидуальные, так и другие (парные, групповые, коллективные) способы обучения.

Для решения проблемы ставилась **задача** разработки концепций учебника, ориентированного на развитие специальных компетенции будущих учителей, разработка технологии проектирования на основе компетентностного подхода и ее апробация.

Метод (или методы) решения. Основными методами исследования было изучение научных работ по проблемам учебника, анализ вузовских учебников и проектирование авторских учебных средств на основе компетентностного подхода. анкетирование, с помощью которого изучались мнения студентов и преподавателей об учебниках.

Результаты и их анализ. Разработанные на основе компетентностного подхода учебные пособия для студентов [19-22] ориентированы не только на передачу знаний, но и на формирование специальных компетенций. Особенностью рассматриваемых книг является соединение содержания педагогического образования с методами и технологиями обучения, развивающими учебно-методические умения будущих педагогов. Такой подход требует переосмысления структуры и содержания учебника с тем, чтобы на системной основе объединить содержание образования с методами обучения. Структурирование содержания рассматривалось в единстве трех аспектов: социальной сущности, педагогической принадлежности содержания и деятельностного способа его рассмотрения.

Практические результаты исследования показывают скрытые резервы учебника:

- изменения организации учебной деятельности в сторону увеличения самостоятельной работы студента с учебным материалом;
- усвоения студентами разных форм учебно-воспитательного процесса;
- освоение методов применения книжных учебных средств на основе сформированных компетентностей;
- применения эффективных технологии обучения;
- трансформации функции преподавателя с источника информации на организатора учебного процесса.

Традиционно любой учебник имеет два компонента: основной текст с изложением учебного материала и вопросы для контроля знаний. Так, *учебник фиксированного формата* акцентирует внимание на информации, в *электронных учебниках* наряду с информацией значимость приобретает компьютер. Особенностью нашего подхода является соединение содержания обучения с методами, предусматривающими индивидуальную деятельность, работу в парах и группах, коллективную деятельность. Такой подход обуславливает инновационную работу преподавателя: создание развивающего пространства, организацию взаимодействия студентов, предложение способов действий, средств и технологии обучения.

Проектирование учебной книги. Учебные тексты строятся на основе ожидаемых результатов обучения. Для актуализации целей в начале текста ставится проблемный вопрос

или задание. Раскрытие основного содержания и его структурирование строится на основе принципов системного подхода, раскрытия понятий, явлений, фактов. После авторского текста следует система заданий ориентированных на развитие ключевых компетенции. Формирование специальных компетенции идет за счет активных методов обучения, где преподаватель играет ключевую роль – организует учебную деятельность обучающихся.

Алгоритм проектирования представляет следующую последовательность:

1. Определить цели. Автор должен четко представлять себе список компетенций, которые должны быть сформированы у студента при изучении данной дисциплины.

2. Определить умения, которые необходимо сформировать у студентов при изучении конкретной темы.

3. Структурировать содержание учебных текстов таким образом, чтобы текстовые и внетекстовые компоненты работали на ожидаемые результаты.

4. Отобрать оптимальные способы преподнесения учебных материалов с учетом организационных форм и дидактических процессов.

5. Разработать к текстам задания интеграционного характера.

6. Предусмотреть оптимальные формы, методы, способы обучения и самообучения.

Построение управленческой модели должна идти с учетом возможности совместной работы преподавателя и студента, что позволит вывести содержание образования на уровень личности студента. Соблюдения двустороннего характера учебного процесса требует соблюдения баланса объема текстового компонента с количеством заданий, корректировки предлагаемого содержания с предстоящей учебной деятельностью и временными рамками. Составление заданий к учебным текстам строится на основе принципа обсуждения учебного материала, с учетом выработки студентами своей собственной позиции к содержанию, сравниванию ее с позицией других.

Структура параграфа выглядит следующим образом: 1. Название темы. 2. Проблемное задание. 3. Учебный текст. 4. Интегрированные задания к содержанию [19; 20].

Выстраивание содержания по схеме «Задание - текст - упражнение» позволяет студенту видеть «сценарий» предстоящей работы. Постановка заданий перед учебным текстом выполняют мотивационную функцию, способствует самоорганизации и целевой ориентации учебной деятельности, влияют на методику обучения [19; 20]. Задание должно носить проблемный характер, ориентировано на актуализацию материала, анализ собственных знаний по теме, предполагать создание условий к принятию новой информации.

Решение проблемных ситуаций стимулируют учебную деятельность. Процесс этот включает этапы создания проблемной ситуации, формирования гипотез разрешения проблем, проверку решений с систематизацией полученной информации. Далее предлагается учебный текст. Способы преподнесения учебного материала позволяют студентам сформировать собственное понимание прочитанного, а алгоритмы заданий работы с текстом способствуют организации деятельности. Важно, чтобы задания определяли направленность образовательного процесса, были *разнотипными,* учитывали *интеграционную деятельность,* предполагали использование активных методов обучения [19-22].

Заключение. Вузовский учебник находится на пересечении научного знания, методики обучения и культурно-социальных реалий. В условиях быстро меняющегося образовательного ландшафта он должен отвечать современным вызовам.

Проектирование учебной книги на основе соединения содержания дисциплины с методами, способами, формами и технологиями обучения, при соответствующих управленческих инструментариях делают процесс обучения эффективным, способствует формированию профессиональных компетенции будущих учителей.

Представленные подходы к проектированию учебной книги студента создают ряд возможностей для студентов: организовывать свою работу, выбирать форму выполнения задания, применять свой план решения; соотносить новые знания с ранее приобретенными, способствует пониманию предмета и выработке специальных умений. Предлагаемые в учебных книгах модели обучения создают условия для подготовки специалистов обладающих

глубокими знаниями и умениями решения профессиональных задач в своей дальнейшей педагогической деятельности.

Список использованных источников

1. Лернер И. Я. Состав содержания образования и пути его воплощения в учебнике. В кн.: Проблемы школьного учебника. Вып. 6. - Москва: Просвещение, 1978. - С. 46-64.

2. Скаткин М. Н. Об усилении воспитывающей и развивающей функции учебника. В кн.: Проблемы школьного учебника. Вып. 7. (Вопросы повышения воспитательной роли учебника). - Москва: Просвещение, 1979. - С. 20-39.

3. Зуев Д. Д. Школьный учебник. - Москва: Педагогика, 1983. - 240 с.

4. Талызина Н. Ф. Место и функций учебника в учебном процессе. В кн.: Проблемы школьного учебника. Вып. 6. - Москва: Просвещение, 1978. - С. 18-33.

5. Беспалько В. П. Теория учебника: Дидактический аспект. - М., Педагогика,1988. - 160с.

6. Маркушевич А. И. Размышляя о судьбах учебника. - В кн.: Проблемы школьного учебника: XX век: Итоги. / Под ред.Д. Д. Зуева. - М.: Просвещение, 2004. - С. 13-21.

7. Айдарова Л. И. О психологических проблемах конструирования учебного комплекса (по русскому языку для младших классов). В кн.: Проблемы школьного учебника. Вып.8. - Москва: Просвещение, 1980. - С. 234-248.

8. Чакликова С., Казахбаева Д., Рустемова Н., Карбаева Ш. Методологические основы создания УМК. //Высшая школа Казахстана. - 2004 - № 3. - С. 54-59.

9. Онищук В. А. Психолого-дидактические требования к заданиям и упражнениям в учебнике. В кн.: Проб. школьного учебника. Вып. 3. - М.: Просвещение, 1975. - С. 130-137.

10. Зайцева И. В. Учебник в системе высшего образования: теоретико-методологический аспект. - М.: Академия, 2014. - 192 с.

11. Гальскова Н. Д., Гез Н. И. Теория обучения и современные учебники. - М.: Академия, 2005. -208 с.

12. Чернышева Т. Н. Учебник в высшей школе: структура, содержание, функции. - СПб.: Лань, 2012. - 224 с.

13. Соловьёва Е. П. Дидактические принципы создания вузовского учебника // Высшее образование сегодня. - 2018. - №6. - С. 55-60.

14. Трайнев А. А. Теория и методика создания учебников для высшей школы. — М.: Юрайт, 2019. - 286 с.

15. Загвязинский В. И. Учебник: функции, структура, качество. // Педагогика. - 2015. - №10. - С. 3-10.

16. Франсуа-Мари Жерар, Ксавье Рожье. Разработка и анализ школьных учебников. Пер. с франц. AB OVO, 1998. –372 с.

17. Гельфман Э. Г., Холодная М. А. Психодидактика школьного учебника. Интеллектуальное воспитание учащихся. - СПб: Питер, 2006. - 384 с.

18. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы (Постановление Правительства РК от 27 декабря 2019 года № 988). https://www.iqaa.org/gosudarstvennye-programmy.

19. Сарсекеев Б. С. Учебное пособие. Модели обучения истории в школе. - Астана, ТОО «Мастер ПО», 2018. - 46 с.

20. Сарсекеев Б. С. Педагогическое мастерство: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей. - Нур-Султан, 2022. - 124 с.

21. Сарсекеев Б. С., Ныгыманова Н. Т. Педагогиканы оқыту модельдері. Оқу құралы. - Астана, ИП «Ахтаев У.Е.», 2025. - 112 б.

22. Сарсекеев Б. С., Абенова Б. Т., Тобагабылова И. А. Педагогикалық технологияларды оқыту модельдері. Оқу құралы. - Астана, 2025. - 64 б.

МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

Уайсова Г.И., Жораева Г.Б
Uaysova G.I. Zhorayeva G. B.
Алматы қаласы,Абай атындағы ҚазҰПУ, п.ғ.к.,профессор
Almaty, Abai Kaznpu,candidate of Pedagogical Sciences, Professor
uaisova54@mail.ru
Алматы қаласы,Абай атындағы ҚазҰПУ, докторанты
Abai Kaznpu, doctoral student
gaukhar.zhoraeyeva@mail.ru

Аңдатпа

Бұл мақалада мультимедиалық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық мүмкіндіктері қарастырылады. Мультимедиалық құралдардың білім беру жүйесіндегі рөлі, олардың оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы, оқу материалын тиімді меңгерудегі және қызығушылығын қалыптастырудағы маңызы талданады. Сонымен қатар, мультимедианың көрнекілік, интерактивтілік, қолжетімділік сияқты артықшылықтары сипатталады.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып, мультимедиалық технологиялар, оқу материалы, кестелер, графиктер, сызбалар,транспоранттар, слайдтар;

Аннотация

В данной статье рассматриваются дидактические возможности совершенствования учебного процесса с использованием мультимедийных технологий. Анализируется роль мультимедийных средств в системе образования, их значение для повышения познавательной активности учащихся, эффективного усвоения учебного материала и формирования интереса к учебе. Также описываются преимущества мультимедиа, такие как наглядность, интерактивность и доступность.

Ключевые слова: начальные классы, мультимедийные технологии, учебный материал, таблицы, графики, схемы, транспаранты, слайды, интерактивность, наглядность.

Abstract

This article examines the didactic potential of enhancing the teaching process through the use of multimedia technologies. The role of multimedia tools in the education system is analyzed, including their impact on increasing students' cognitive activity, facilitating effective mastery of learning materials, and fostering interest in the subject. The advantages of multimedia, such as visual clarity, interactivity, and accessibility, are also discussed.

Keywords: primary school, multimedia technologies, learning materials, tables, charts, diagrams, transparencies, slides, interactivity, visual clarity.

Білім беруде оқыту құралдары жөнінде дидактикалық түсінік екі элементті құрайды:

- оқу материалдары - кестелер, графиктер, сызбалар; транспоранттар, слайдтар; мәтіндік, графикалық, дыбыстық, анимациялық, бейнелік ақпараттар т.б.
- оқу материалдарын ұсыну құралдары: теледидар, бейнемагнитофон, мультимедиалық, бейнелік, компьютер, интерактивті сенсорлық тақталар т.б. Оқу материалдарын ұсынушы мұндай құрылғыларды мультимедиалық құралдар деп айтуға болады.

Мультимедиалық технологиялар саласындағы мамандардың пікірінше, бұл саланың дамуын анықтайтын факторлардың бірі - дербес мультимедиалық компьютерден желілік жүйеде жұмыс істейтін мультимедиалық кешендер ортасына өту процесі [1].

Қашықтан оқыту жүйесінің техникалық жабдықталуы компьютерлік мультимедиалық технологиялардың қолданылуымен жүзеге асырылады.

Мультимедиалық құралдардың оқыту процесіндегі тиімділігі оқытудың мақсатына, мазмұнына, формасына, құралдары мен әдістеріне сайкестілігі тұрғысынан анықтауға болады. Ал, мұны жүзеге асыру кибернетика ғылымының зерттеу әдістеріне сүйену негізінде орындалады.

Кибернетика - қоғамдағы, тірі организмдердегі, күрделі машиналардағы процестердің жалпы заңдылықтарын басқаратын, олардағы ақпаратты беретін ғылым [3]. Кибернетика басқару жүйесіндегі ақпараттық процестерді зерттейді.

Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында кибернетиканың зерттеу әдістері педагогикада да қолданыла бастады. Жүйенің жалпы теориясы, ақпарат және байланыс теориясы, алгоритм теориясы, модельдеу коне бағдарламалау теориялары секілді кибернетика салаларын оқыту процесінде қолдануға байланысты ғалымдар біршама зерттеулер жүргізді.

Педагогикалық процесті басқару және жетілдіру үшін көп жағдайда кибернетиканың бағдарламалап оқыту теориясына сүйенеміз. Педагогикалық кибернетиканың зерттеу әдістерімен шұғылданушы көптеген педагог-ғалымдар бағдарламалап оқыту өз кезегінде педагогикаға сүйедік тәсілді қолдануға әсерін тигізеді деген пікір айтады.

Қазіргі кезге дейін ғылым дамуы мынадай кезеңдерден өтті:

1) ғылыми Жүйелік тәсілдің сипаттамасы зерттеу нысаны ретінде анықталды;

2) зерттеу нысанына «терістеу және құрылымдау» деп аталған ғылыми әдіс қолданылды. Оның негізгі идеясы: оқытылатын жүйе жөніндегі жаңа ұғымдар мен анықтамалар бұрынғы ұғымдар мен анықтамаларды тексеру негізінде пайда болады; 3) жүйелі талдаудың дамуына байланысты терістеу және құрылымдау әдісінің орнына „талдау және құрылымдау әдісі" қолдануда. Жүйені зерттеудің бұл әдісін пайдалану кезінде шешілетін мәселенің ұғынықты, шешімді үлгісі жасалып, оны ары қарай дамытуы жолдары қарастырылады.

Мультимедиалық технологияларда ұсынылатын оқу материалдары корнекілік ұстанымына негізделген. Сондықтан да оны оқытудың ажырамас бөлігі деп қарастыруымыз қажет. Мысалы, компьютерде модельденгей Демонстрациялық тәжірибелер, зертханалық жұмыстар студенттер мен оқушыларға заңдылықтар мен құбылыстардың табиғатын ғылыми тұрғыдан түсіне білуге бейімдейді. Бір жағдайда олар көзбен көруге мүмкін болмайтын құбылыстарды экранда бақылауға мүмкіндік берсе, екінші жағдайда, ғылымда күрмеуі қиын мәселелерді графика, анимация, бсйнекөрініс түрінде бақылап, шешімін табуға көмектеседі. Сонымен қатар, мультимедиалық технологиялар оқытудың сабақ барысындағы немесе сабақтан тыс формалары мен әдістерін жетілдіруді және оқу-тәрбие процесін қызықты әрі мазмұнды етіп жүргізуді жолға қояды. Оқытушының І жұмысын жеңілдетеді. Бұл, оқытушы сабақтан тыс қалады деген сөз емес, І оқытушы қай кезде де оқыту процесіндегі басты тұлға болып табылады.

1. Мультимедиалық технологияларды тиімді пайдалану үшін оның Психологиялық-педагогикалық шарттарын қатаң бақылауда ұстау керек:

а) Оқу материалдарын тұлғаның қабылдау ерекшеліктерін ескеру.

ә) Экрандық оқу материалдарының студенттер мен оқушылардың эмоциясына әсерін бақылау.

б) Оқу материалдарын пайдалану кезінде тұлғаның ойлау қабілетін арттыру.

в) Экрандық оқу материалдарын пайдаланудың қалыпты деңгейін студенттер мен оқушылардың ойлау жүйесіне күш түсірмейтіндей деңгейде сақтау.

2.Гигиеналық шарттар мынадай мәселелерді қарастырады:

а) Бөлмедегі ауаның физико-химиялық құрамының төмендеуі студенттердің, оқушылардың сабаққа қабілеттілігін төмендетеді. Сондықтан бөлме ауасын ауыстырып отыру керек.

ә) Аудиовизуалдық оқу материалдарын қалыпты жағдайдан артық көрсетуге болмайды.

Қазіргі таңда теле және бейне аппаратуралар, оның ішінде *бейнемагнитофон* сабақта білімді жүйелеу және қорыту мақсатында, жаңа оқу материалын иллюстрациялау құралы ретінде пайдаланылып келеді.

Бейнемагнитофонды оқыту процесінде қолданудың мынадай дидактикалық ерекшеліктеріне баса назар аудару керек:

1) Бейнемагнитофон динамикалық техникалық құралдар қатарына жататындықтан ол сабақта жаңа мәлімет беруде иллюстрациялық қызмет атқарады. Басқаша айтқанда, кинематографияның көркемдік мүмкіндіктерін ескеруге, көрермендерді көрсетіліп жатқан процеске қатысушы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

2) Берілетін ақпарат көлемін студенттің, оқушының оқу материалын қабылдау және меңгеру мүмкіндігінен асырмай ұсыну ерекшелігі. Ақпаратты қабылдау деңгейінен оқу материалын асыру меңгеру сапасын томендетеді, нәтижесінде беріліп отырған мәліметтің жартысы меңгерілмей қалады. Сондықтан, қойылып отырған дидактикалық мақсатқа байланысты оқытушының қажетіне қарай ақпаратты беру тізбегін, ақпарат мазмұнының жылдамдығы мен көлемін өзгертуіне бейнемагнитофонның берер мүмкіндігі мол.

Оқытушының педагогикалық және әдістемелік қабілетіне қарай сабақтың мазмұны мен мақсатына сәйкесті бейнежазбаны монтаждап, бейнекөрініс жасауға болады. Бұл ретте, республикалық немесе облыстық теледидарлардан оқу-әдістемелік, ғылыми-танымдық, басқа да білім саласына байланысты телехабарларды жазып алып, олардың үзінділерін сабақ үстінде пайдалануда бейнемагнитофондардың атқаратын қызметі ерекше.

Қорытындылай келе, мультимедиалық технологияларды қолдану оқыту процесін жетілдірудің тиімді жолы болып табылады. Ол білім сапасын арттырып, оқушылардың танымдық белсенділігін күшейтеді. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде мультимедианы кеңінен қолдану – уақыт талабы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Б. А. Тұрғынбаева Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы: Ғылым, 2000.
2. Ж. Қараев Деңгейлеп оқыту технологиясы. – Алматы, 1999.
3. И. В. Роберт Современные информационные технологии в образовании. – Москва, 2010.
4. Е. С. Полат Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – Москва, 2007.
5. М. В. Кларин Педагогические технологии в учебном процессе. – Москва, 2005.

ӘОЖ 37.378

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ ҮЗДІКСІЗ КӘСІБИ ДАМУЫ БАҒЫТЫНДА БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖАҢАРТУ

Мурзалинова Алма Жакимовна, Оракова Амангул Шахарбековна, Уалиева Назым Толеубековна

m_alma60@mail.ru, amangul_orakova@mail.ru, nazym.85.kz@mail.ru

«Педагогика және психология» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан,

«Көркем білім» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

«Бастауыш, мектепке дейінгі және арнайы білім беру кафедрасының доценті, PhD доктор, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті, Петропавл, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада зерттеу материалдары ұсынылған, оның жетекші идеясы пәндік, педагогикалық және үздіксіз кәсіби даму құзыреттіліктерін біріктіру болып табылады. Мұндай интеграция болашақ педагогқа пәндік және кәсіби білімді, дағдылар мен құзыреттерді дамытудың тиімді жолдарын белгілеуге; өзінің кәсіби өсуін, өзін-өзі дамыту сапасын басқаруға және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу күрделі қоғам үшін мұғалімдердің функционалды кәсіби дайындығына бағытталған.

Түйінді сөздер: үздіксіз кәсіби даму, үздіксіз кәсіби даму құзыреттілігі, білім беру бағдарламасы, білім беру бағдарламаларын жаңарту принциптері, білім беру экожүйесі.

Аннотация

В статье представлены материалы исследования, ведущая идея которого - интеграция предметных, педагогических компетенций и компетенций непрерывного профессионального развития. Такая интеграция позволит будущему педагогу устанавливать эффективные пути развития предметных и профессиональных знаний, навыков и компетенций; управлять собственным профессиональным ростом, качеством саморазвития и развивать лидерские качества. Таким образом, исследование направлено на функциональную профессиональную подготовку педагогов для сложного общества.

Ключевые слова*:* непрерывное профессиональное развитие, компетенции непрерывного профессионального развития, образовательная программа, принципы обновления образовательных программ, образовательная экосистема.

Abstract

The article presents research materials, the learding idea of which is the integration of subject, pedagogical competencies and competencies of continuous professional development. Such integration will allow the future teacher to establish effective ways of developing subject and professional knowledge, skills and competencies; manage their own professional growth, the quality of self-development and develop leadership qualities.Thus, the research is aimed at the functional professional training of teachers for a complex society.

Key words: continuous professional development, continuous professional development competencies, educational program, principles of updating educational programs, educational ecosystem

Білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі – ББ) жаңарту қағидаттары туралы мәселе біздің зерттеуіміз үшін әдіснамалық болып табылады.

Зерттеуде біз **ББ-ның жалпы қабылданған анықтамасын қолданамыз** – оқытудың мақсаттары, нәтижелері мен мазмұнын, оқу процесін ұйымдастыруды, оларды жүзеге асыру

әдістері мен әдістерін, оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені [1].

Зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жаңарту болашақ педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуының (бұдан әрі ҮКД) пәндік, педагогикалық және құзыреттіліктерін жіксіз біріктіруге бағытталған. Мұндай интеграция, біздің ойымызша, мақсаттардың қажетті тепе – теңдігін сақтауға мүмкіндік береді: "бірінші кезеңде ББ-ның біліктілік мақсаттары анықталады-студент бағдарламаны сәтті аяқтағаннан кейін білуі, түсінуі және жасай алуы керек. Сондай - ақ, "үлкен идеяларды" анықтау өте маңызды-көптеген ұсақ бөлшектер ұмытылғаннан кейін түлектің жадында қалуы керек процестер мен құбылыстардың мәнін ұзақ мерзімді түсіну" [2, 22-бет].

ҮКД құзыреттілігі деп болашақ мұғалімнің өзіндік оқыту стратегияларын тиімді жоспарлау, бақылау және бағалау үшін, өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі жүзеге асырудың ресурстары мен күш-жігерін оңтайландыру бағытында кәсіби қиындықтар мен педагогикалық міндеттерді шешуге дайындығы мен қабілетін растайтын дағдыларының кешенін түсінеміз.

Пәндік, педагогикалық және ҮКД-құзыреттерді интеграциялау құзыреттердің әрбір тобы қалыптасқан жағдайда ғана мүмкін болады. Жоғарыда келтірілген интеграция мысалдарының педагогикалық орындылығын әдістемелік ұсыныспен растаймыз: "жалпы білім беру дағдылары белгілі бір салаға байланысты болмаса да, олар бір немесе бірнеше салада қалыптасуы керек. Оқушылар оқу тапсырмаларын таңдағанда, бұл белгілі бір саладағы тапсырмалар. Олар оқуды реттегенде, олар белгілі бір салада білім, Дағдылар мен көзқарастарды игеруді реттейді. Қажетті оқу ресурстарын іздегенде, бұл ресурстар белгілі бір сала туралы ақпаратты да қамтиды. Сондықтан пәндік салада күрделі дағдыларды дамытуға бағытталған бағдарламада жалпы білім беру дағдылары әрдайым пысықталуы керек. Тапсырманы таңдауды тек оқушылар оқу тапсырмаларын өздері таңдай алатын бағдарламада ғана қолдануға болады" [3, 322-б]. Белгілі бір саладағы тапсырмалар - пәндік, белгілі бір салада білім, Дағдылар мен көзқарастарды игеру - педагогикалық, қажетті ресурстарды іздеу (жалпы білім беру дағдылары) – ҮКД құзыреттер.

Қазақстандық авторлар Ш.М.Шуиншина, Е.А.Альпеисов, Е.А.Тұяқов, Б.С.Ахметова, Д.Е.Қуатбаева өз мақалаларында "Қазіргі уақытта жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізілуде. Осыған қарамастан, қолданыстағы жоғары білім беру бағдарламаларына енгізілген өзгерістер орта білім берудің жаңартылған мазмұнын толық есепке алмайды, екі деңгейдегі білім беру бағдарламаларының мазмұны арасында белгілі бір сәйкессіздік орын алады, бұл білім беру сапасына әсер ететін проблемалар туралы" [4, 4204-б]. Мәселені шешу үшін және зерттеу нәтижелері бойынша қолданыстағы модульдік ББ-ны жаңартудың 7 қағидасы тұжырымдалады.

Біздің жобамыздың жетекші идеясының зерттеу перспективасын растау үшін-болашақ педагогтерде пәндік және педагогикалық құзыреттіліктермен нәтижелі өзара іс - қимыл жасау, сондай-ақ олардың білім беру практикасын жетілдіру бағытындағы өзара ықпалы арқылы кәсіби-педагогикалық құзыреттілік құрылымындағы ҮКД құзыреттіліктерін қалыптастыру-1-кестеде ҮКД логикасында көрсетілген принциптерді іске асыру мүмкіндіктерін ұсынамыз.

Кесте 1 - Үздіксіз кәсіби даму логикасындағы білім беру бағдарламаларын жаңарту

ББ жаңарту принциптері [4, 4208-б]	Пәндік, педагогикалық және ҮКД құзыреттіліктердің интеграциялауға бағытталуы	ЖОО-дағы кәсіби-педагогикалық даярлықтың ҮКД логикасына бағдарлануы
Пән мазмұнын жобалаудағы «спиральдық» қағидаты	ҮКД-құзыреттіліктері: 1.ішкі ресурстарды тануға дайындық пен қабілеттілік; 2.кәсіби қиындықтарды анықтау және олармен жұмыс істеуге дайындық пен	Оқыту мақсаттары мен әдістерін ҮКД-құзыреттіліктермен толықтыру

	қабілеттілік; 3.өзінің және білім алушылардың оқу-кәсіби дамуын қамтамасыз ету үшін цифрлық ресурстармен жұмысты ұйымдастыруға дайындық пен қабілеттілік; 4.зерттеушілік қызметке дайындық пен қабілеттілік; 5.өзін-өзі басқару (самоменеджмент); 6.кәсіби даму мен білім беру-карьералық өсуді мониторингтеу – оқу мазмұнының күрделенуін меңгерудің құралына айналады.	
Блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы	ҮКД-құзыреттіліктері: 1. ішкі ресурстарын біледі; 2. кәсіби қиындықтарды ресурстар арқылы қалай шешу керектігін түсінеді; 3–4) цифрлық ресурстар арқылы ақпаратпен жұмыс істейді, педагогикалық міндеттерді шешуде зерттеу әдістерін қолданады; 3. жеке даму траекториясындағы ілгерілеуді талдайды; 4. оқу-кәсіби даму деңгейін бағалайды және оны басқарады (жаңа тәжірибе қалыптастырады) – Блум таксономиясы бойынша мақсат қою деңгейлеріне толық сәйкес келеді	ҮКД-құзыреттіліктердің Блум таксономиясына сәйкес мақсаттармен үйлесімді, бірізді және сатылы қалыптасуы
Барлық оқу курстары бойынша педагогикалық мақсаттарды қалыптастыру	ҮКД-құзыреттіліктері курстан курсқа қарай қалыптасып, білім алушылар үшін біртіндеп өзекті бола түседі: 1-курста – 1-құзыреттілік; 2-курста – 2 және 3-құзыреттіліктер; 3-курста – 4-құзыреттілік; 4-курста – 5 және 6-құзыреттіліктер.	ҮКД-құзыреттіліктердің курстан курсқа қарай күрделенуі кәсіби білім берудің міндеттері мен кезеңдеріне сәйкес келеді
Бір модуль шеңберіндегі пәндер арасындағы және пәнаралық байланыстарды іске асырудағы «ортақ тақырыптардың» болуы	ҮКД-құзыреттіліктер педагогикалық қызметтің табиғатына тән базалық сипатта бола отырып, пәндік және педагогикалық құзыреттіліктерді біріктіретін «байланыстырушы буын» қызметін атқарады	Оқыту/оқу//бағалау үдерістері ҮКД-құзыреттіліктерді кәсіби білім беру мазмұнын меңгерудің күтілетін нәтижелері және/немесе оны игеру тәсілдері ретінде көрсетуі қажет
Оқытудағы жүйелік-іс-әрекеттік тәсіл, зерттеу қызметі және пәнаралық интеграция	ҮКД-құзыреттіліктер пәндік және педагогикалық құзыреттіліктерді дамытуға жағдай жасай отырып, оқыту мен зерттеуді, теория мен практиканы кіріктіруге мүмкіндік береді	Аудиторлық және аудиториядан тыс оқу қызметі жағдайында ҮКД-құзыреттіліктерді қалыптастыру формалды және бейресми білім беруді кіріктіруге мүмкіндік береді

«Білімді адам» моделінен «өмірге бейімделген адам» моделіне көшу	ҮКД-құзыреттіліктер кәсіби қызметке енудің қиындықтарын төмендетіп, тұлғаның кәсіби идентификациясының қалыптасуына жағдай жасайды	Білім беру үдерісін lifelong (өмір бойы оқу), lifedeep (терең оқу) және lifewide (жан-жақты оқу) парадигмалары аясында ұйымдастыру
Оқытушылар мен білім алушылардың мотивациясын дамыту және білімді құзыреттілікке бағдарланған нәтижелерге трансформациялау	ҮКД-құзыреттіліктер білім алушылардың «оқи білуді үйрену» бағытындағы білімін, түсінігін және дағдыларын көрсетеді	Пәндік және педагогикалық құзыреттіліктер үздіксіз дамуды қажет етеді

Сонымен, кәсіби-педагогикалық даярлықтың білім беру бағдарламаларын жаңартудың негізгі факторы ретінде олардың үздіксіз кәсіби даму құзыреттіліктерін тұрақты қалыптастыруға бағытталуын қарастырамыз, бұл білім алушылардың өз сұраныстарына сәйкес келеді. Осыған байланысты COVID-19 пандемиясына байланысты жоғары білім берудің мәселелері мен даму бағыттарын зерттеу нәтижесінде былай деп атап көрсетіледі: «Студенттердің жартысына жуығы университет кәсіби дағдылар мен білімдерді, яғни өмір бойы мамандық алуға мүмкіндік беретін құзыреттерді үйретуі тиіс деп есептейді; тағы шамамен төрттен бірі оқытудың негізгі нәтижелері ретінде өз мамандығы бойынша негізгі теориялар мен ұғымдарды меңгеруді, оқу материалын игеруді атайды. Сонымен қатар әрбір бесінші студент оқу барысында жұмсақ дағдыларды (soft skills) меңгеру қажет немесе университет оларда «әлемнің тұтас картинасын» қалыптастыруы тиіс деп санайды, ал кәсіби дағдылар соншалықты маңызды емес» [5, 39-б.].

Сондай-ақ, ҮКД-құзыреттіліктер пәндік және педагогикалық құзыреттіліктермен тең дәрежеде бағалануы тиіс екенін атап өткен жөн, өйткені «бағалау жүйесі білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне сәйкес келуі керек, яғни іс жүзінде ол қол жеткізілген оқыту нәтижелерін бағалауға бағытталуы тиіс». Алайда тәжірибеде көбінесе «оқыту барысында қалыптасатын дағдылар (когнитивтік, жалпы және практикалық), кәсіби сапалар немесе көзқарастардан гөрі алынған білімдер бағаланады» [6, 85-б.].

Негізгі факторды ескере отырып, болашақ педагогтарды даярлауға арналған білім беру бағдарламаларын жаңартудың бағыттарын айқындаймыз:

1. **Білім беру бағдарламасының мазмұндық, құндылықтық және мотивациялық құрамдастарын жаңарту**, бұл білім алушылардың «оқи білуді үйрену» стратегияларын мақсатты түрде меңгеруіне бағытталады; аталған стратегиялар кешені «Педагогикалық ғылымдар» бағыты түлектерінің кәсіби және әлеуметтік мобильділігін ынталандырады;
2. **Формальды, бейформальды және информальды (өздігінен білім алу) білім беруді интеграциялау және интеграцияланған нәтижелерді тану**;
3. **Студентке бағдарлану және студентке орталықтандыру қағидаттарын іске асыру**, яғни білім алушылардың оқу-кәсіби қызметіндегі қиындықтары мен қажеттіліктерін анықтау және оларды ҮКД-құзыреттіліктер арқылы шешу;
4. **Метаоқытуға (оқи білуді үйренуге) басымдық бере отырып оқыту/оқыту/бағалау үдерісін ұйымдастыру**, метатанымды дамытуға бағытталу (салыстырыңыз: «Өз әлсіз тұстарымызды тиімді анықтап, өзімізді дамытуға мәжбүрлей алу үшін бізге оқи білуді үйрену қажет. Оқуды үйренусіз білім беру тиімсіз» [7, 188-б.]);
5. **Білім беру экожүйесі жағдайында оқыту/оқыту/бағалауды ұйымдастыру және оның бірлескен шығармашылығы**, мұнда «барлық мүдделі тараптардың — білім алушылар

мен оқытушылардан бастап басшылар, жұмыс берушілер және серіктес ұйымдарға дейін — білім беру үдерісін жобалау мен ұйымдастыруға тең қатысуы» көзделеді. Шынайы экожүйелік бірлескен шығармашылық инклюзивтілік, алуан түрлілік, тең мүмкіндіктер және тұрақты даму қағидаттарына негізделеді [8, 52-б.]. Осылайша, сұранысқа ие білім беру экожүйелері — «өмір бойы оқыту/тәрбиелеу/даму үдерісіне қатысатын өзара байланысты және әртүрлі типтегі субъектілердің желілері» болып табылады [8, 57-б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Заңы «Білім туралы». https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319

2. Руководство по разработке образовательных программ в контексте национальной рамки квалификации и потребностей рынка труда. Разработчик - Компания GDSI Limited. 2018 https://kazlogistics.kz/upload/iblock/4a0/4a053cfd3aa484ca831f300a6d4961c9.pdf

3. Десять шагов комплексного обучения : Четырехкомпонентная модель дизайна обучения / Йерун Дж. Г. ван Мариенбор, Пол А. Киршнер. — Пер. с англ. Астана: Zerde Publishing, 2023. - 454 с.

4. Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А., Туяков Е.А., Ахметова Б.С., Куатбаева Д.Е. О методологических подходах при разработке образовательных программ в системе «школа – вуз» с учетом преемственности // Профессиональное образование в современном мире. 2020. Т. 10, №4. С. 4202–4211. DOI: 10.20 913/2618-7515-2020-4-04

5. Качество образования в российских университетах: что мы поняли в пандемию: Аналитический доклад / науч. ред. Е. А. Суханова, И. Д. Фрумин. Томск: Издательство Томского государственного университета, 2021. – 46 с.

6. Разработка образовательных программ: локальные ответы на глобальные вызовы высшего образования. Монография / Аида Сагинтаева, Айжан Мусина, Алия Сулейменова, Руслан Каратабанов, Кайрат Куракбаев, Дункан Пристли, Нур-Султан: Высшая школа образования Назарбаев Университета, 2021. – 236 с.

7. Фадель Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четырехмерное образование: Компетенции, необходимые для успеха: Пер. с англ. М.: Издательская группа «Точка», 2018. - 240 с.

8. Спенсер-Кейс Дж., Лукша П., Кубиста Дж. Образовательные экосистемы: возникающая практика для будущего образования. М.: Издание Московской школы управления СКОЛКОВО и Global Education Futures, 2020

БІЛІМНІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ ЖАҒДАЙЫНДА КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТТАРЫ

Тұрғынбаева Б.А.
Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
botagul53@mail.ru
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аңдатпа

«Өмір бойы оқу» тұжырымдамасы бұрын тек теориялық ұғым болса, бүгінде ол — кәсіби, сұранысқа ие болып қалудың басты шарты. Технологиялардың жедел дамуы дәстүрлі дипломдардың «жарамдылық мерзімін» қысқартып жатқан тұста, нарыққа икемді шешімдер қажет болды. Дәл осы жерде бейресми білім алу сахнаға шығады. Бұл ұзақ жылдарды қажет етпейтін, бірақ нақты дағдыны қысқа мерзімде меңгеріп, оны құжатпен растауға мүмкіндік беретін білім берудің жаңа форматы. Мақалада бейресми білім берудің бір формасы ретіндегі микробіліктіліктер ж*иналмалы біліктілік* (Stackable Credentials) алудың жолдары оны ресми білімге кіріктіру тетіктері сипатталады.

Түйінді сөздер: үздіксіз білім, ресми және бейресми білім алу, микробіліктілік

Annotation

The concept of" lifelong learning " was previously only a theoretical concept, but today it is the main condition to remain professional and in demand. At a time when the rapid development of technologies was reducing the "shelf life" of traditional diplomas, the market needed more flexible solutions. This is where informal education comes into play. This is a new format of education that does not require long years, but allows you to master a specific skill in a short time and document it. The article describes micro-qualifications as a form of informal education ways to obtain stackable Credentials mechanisms for integrating it into formal education.

Keywords: continuing education, formal and informal education, micro-education

Қазіргі таңда «үздіксіз білім беру», «өмір бойы білім алу» тұжырымдамалары басты орынға шықты. ҚР «Білім туралы» Заңының 24 бабында білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білімдер мен дағдылардың қосымша көлемін алу үшін, адамдардың өмір бойы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығы атап көрсетіледі [1].

Үздіксіз білім беру идеясы XX ғасырда, алғаш рет 1968 жылы ЮНЕСКО Бас конференциясының материалдарында қол даныла бастады. Бұл идеяның әмбебап және философиялық маңызы зор, өйткені оның мәні әр адамды үнемі жетілдіруге, шығармашылық және кәсіби дамуға, өмір бойы білімін, дағдылары мен қасиеттерін жаңартуға, демек, бүкіл қоғамның өркен деуіне ықпал етуге мүмкіндік береді. Үздіксіз білім беру (ағылш. lifelong learning) – бұл жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін мемлекеттік және қоғамдық институттар жүйесін пайдалану негізінде жүзеге асыру және соған сәйкес өмір бойы жеке тұлғаның білім алу (жалпы және кәсіби) әлеуетін арттыру үрдісі. Бұл жөнінде ғылымда үздіксіз білім беру қажеттілігі ғылым мен техниканың дамуымен, жаңашылдық технологияларды кеңінен қолданумен байланысты деген пікір бар [2].

Үздіксіз білім өмір бойы оқуға деген ұмтылыс көптеген ғасырлар бұрын пай да болған, жаңа білім алу қажеттілігі тура лы ой Киелі кітапта, Құранда және басқа да ежелгі жазбаларда айқын көрініс та уып, бүгінде адамның іс-әрекеттерінің негізгі түрі болып отыр. Әр елдерде және әрқандай хронологиялық кезеңдерде «үздік сіз білім беру» ұғымы әр түрлі термин 20 дермен белгіленген. ЮНЕСКО ақпараты бойынша, бұл ұғымға қатысты 20-ға жуық терминдер қолданылады. Олардың ішінде жалғастырмалы білім (continuing education), қайтадан бастап білім алу (recurrent education), ары қарай білім алу (further education), диплом алғаннан кейінгі білім (postgraduate education), компенсатор лы білім (remedial) және тағы басқалары. АҚШ-та

негізінен «ғұмыр бойғы білім», Англияда «өмір бойы жалғасатын білім», Швецияда «қайта басталған білім» деген термин деп қолданылса, Францияда қолданылатын бұл ұғымның эквиваленті – «перманенттік білім» [3].

Келесі авторлар үздіксіз білім беруді – әр уақытта және кез келген адам үшін ашық жүйе, сондықтан да тұлға дамуының қайнар көзі деп қарастырады. Адам өміріндегі болатын өзгеріс жағдайларында өздігінен білім алып, жаңа білім мен тәжірибе жинақтауға мүмкіндік беретін, ұдайы ынталандырып тұратын үрдіс деп санайды [4] Үздіксіз білім беру жүйесі бұл мемлекеттің әр адамның өз қажеттілігіне сай жалпы және кәсіби білім алуы, тұлғараалық қарым-қатынасқа түсуі, әлеуметтік-мәдени болмысын жетілдіру жолдарының, тәсілдері мен құралдарының біртұтас педагогикалық жүйесі ретінде қарастырылады деген де пікір де бар [5]. Келтірілген пікірлермен толық келісуге болады.

Білім алу тек мектеп немесе университет қабырғасымен шектелмейді. Осыған орай әлемдік еңбек нарығы мен білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерді бастан кешуде. Біз «бір рет алған диплом өмір бойы асырайды» деген кезеңнен өтіп, ***«өмір бойы білім алу»*** (Lifelong learning) дәуіріне қадам бастық. Ал өмір бойы білім алу ***ресми, бейресми*** сияқты құрамалардан тұрады. *Мұндағы* ***ресми білім*****:** мықты іргетас. Біз үйренген дәстүрлі жүйе - ресми білім беру. Бұл - мектеп, колледж және жоғары оқу орындары. Оның басты маңызы - адамның жүйелі ойлау қабілетін қалыптастыру және іргелі ғылыми база беру. Ресми білімнің басты тетігі - мемлекеттік стандарттар мен аккредиттеуден өткен бағдарламалар. Алайда, қазіргі технологиялардың жедел дамуы кезінде тек ресми біліммен шектелу жеткіліксіз. Себебі, университет бағдарламасы 4 жылға есептелсе, технологиялар әр 1-2 жыл сайын жаңарып отырады.

Бейресми білім (Non-formal education) ол тұлғаның жаңа бір әрекет түрлеріне жедел бейімделуін көздейді және соған даярлайды. Бұл ресми жүйеден тыс, бірақ құрылымдалған және мақсатты түрде ұйымдастырылған оқыту процесі. Ол адамдардың кәсіби және тұлғалық дамуына, өмір бойы білім алуына бағытталған. Мұндай білім беру әдетте ерікті түрде жүзеге асады және оқу орындарынан тыс жерлерде ұйымдастырылады.

Негізгі сипаттамалары:

- белгілі бір мақсатқа бағытталған, бірақ ресми білім жүйесіне кірмейді;
- сертификат немесе куәлік берілуі мүмкін, бірақ ол мемлекеттік дипломмен тең емес;
- икемді, қысқа мерзімді, нақты дағдылар мен білімдерге бағытталған;
- жас ерекшелігіне, білім деңгейіне шектеу қойылмайды.

Қолдану аясы:

- қысқа мерзімді курстар (тіл курстары, іт, кәсіпкерлік тренингтер және т.б.);
- қоғамдық ұйымдар ұйымдастыратын оқу бағдарламалары;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру курстары;
- онлайн платформалардағы кәсіби оқыту (coursera, udemy, khan Academy).

Бейресми білім берудің артықшылықтары: *біріншіден* – оның икемділігі және жылдам бейімделу қабілеті. Бұл жүйе еңбек нарығындағы және технологиялық өзгерістердегі үдерістерге дер кезінде жауап бере алады. Оқу бағдарламалары мен курстардың мазмұны сұранысқа сәйкес жедел жаңартылып, нақты кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталады.

Екіншіден, бейресми білім беру практикалық бағдарымен ерекшеленеді. Мұндай оқу бағдарламалары көбінесе тәжірибеге сүйенеді және нақты нәтижеге – кәсіби құзыреттер мен қолданбалы дағдыларды игеруге бағытталған. Бұл тәсіл оқытудың тиімділігін арттырып, білім алушының алған білімін тікелей еңбек қызметінде қолдануына мүмкіндік береді.

Үшіншіден, бейресми оқыту жеке уәждеме мен еріктілікке негізделеді. Мұнда білім алу адамның жеке қызығушылығы мен кәсіби қажеттілігінен туындайды. Осы фактор ішкі мотивацияны күшейтіп, оқыту сапасын айтарлықтай жақсартады.

Төртіншіден, бейресми білім беру инклюзивтілік пен қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Мұндай форматтар ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға, егде жастағы адамдарға, сондай-ақ еңбекке қабілеттілігі шектеулі немесе әлеуметтік осал топтарға икемді мүмкіндік ұсынады.

Бесіншіден, бейресми оқыту жұмсақ дағдыларды (soft skills) дамытуда маңызды рөл атқарады. Атап айтқанда, көшбасшылық, коммуникация, командамен жұмыс, сыни және креативті ойлау сияқты әмбебап құзыреттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұдан шығатын қорытынды, бейресми білімнің тетігі — икемділік. Егер сізге ертең жұмыста жаңа бағдарламамен жұмыс істеу керек болса, сіз 4 жыл оқымайсыз, 2 апталық интенсивті курс өтесіз. Бұл — нарықтың сұранысына жедел жауап беру құралы.

Өмір бойы білім алу тұжырымдамасының кеңінен таралуы ресми және бейресми білімнің интеграциясын қажет ететін басты факторлардың бірі. XXI ғасырда білім алушы тек студент кезеңінде ғана емес, кәсіби қызмет барысында да жаңа құзыреттерді меңгеруі тиіс. Демек, ресми және бейресми білімді үйлестіру – еңбек нарығының тұрақсыздығына жауап беретін, адам капиталын үздіксіз дамытуға мүмкіндік беретін тиімді стратегия. (1 - Кесте)

Ресми мен бейресми білімнің салыстырмалы талдауы

Критерий	Ресми білім	Бейресми білім
Ұйымдастырушы	Мемлекеттік/жеке мекеме	Жеке ұйымдар, онлайн
Бағдарламаның мазмұны	Стандартталған	Икемді, бейімделген
Мақсатты аудитория	Балалар, жастар	Ересектер, кәсіпкерлер
Бағалау түрі	Емтихан, тест	Қатысу, жобалық жұмыс
Танылуы	Ресми диплом	Кейде ғана танылуы мүмкін

Бұл мақалада қазіргі уақытта ересектер біліміндегі жаңа бағыт бейресми білім берудің бір формасы ретіндегі микробіліктіліктер беру тетіктерін және жолдарына арналған. **Микробіліктілік** (Micro-credentials) **-** бұл белгілі бір тар шеңбердегі дағдыны немесе білімді игергенін растайтын шағын оқу бағдарламасының нәтижесі. Мысалы, толық «Педагог психолог» дипломымен қоса «Кәсіби бағдар беру педагогы» т.б. бағыттар бойынша сертификаттар алу.

Микробіліктілік алудың маңызы: ең алдымен *уақытты үнемдеу***:** 4 жыл оқудың орнына 1-3 ай ішінде нақты жұмысқа қажетті дағдыны меңгеру.

Жеке траекториямен жұмыс: маман өзіне жетіспейтін дағдыларды ғана таңдап оқи алады.

Жұмыс берушілердің сенімі: Қазіргі IT және креативті индустрияда нақты «қолмен істей алатын» дағдылар (Hard skills) дипломнан жоғары бағалану мүмкіндігі бар.

Соңғы жылдары микробіліктіліктер (micro-credentials) мен Stackable Degree моделі жоғары білім беру жүйесінде икемділікті арттыру және оқытуды жекешелендіру тұрғысынан ерекше маңызға ие бола бастады.

Микробіліктілік және жинақталатын дәреже теориясы заманауи білім беру жүйелеріндегі икемділікті арттырудың негізгі тетіктерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл тұжырымдама білім беру үрдісін шағын, дербес аяқталған модульдерге бөлуді және сол модульдердің жиынтығы арқылы толыққа ы академиялық дәрежеге – бакалавр, магистр немесе кәсіби сертификат деңгейіне – қол жеткізуді көздейді.

Теорияның негізгі идеясы – білімді жинақталатын құрылымдық бірліктер (stackable modules) түрінде ұсыну арқылы оқытудың үздіксіздігін және бейімделгіштігін қамтамасыз ету. Қазіргі таңда «stackable credentials» яғни «жиналмалы біліктілік» жүйесі дамып келеді.

Бұл модель студенттер, магистранттар немесе ересек білім алушыларға өз қажеттіліктері мен кәсіби мақсаттарына сәйкес оқу траекториясын дербес қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде ресми және бейресми білімнің формасы ретіндегі миробіліктіліңтерді ұштастырудың бірнеше тетігі бар. Олар:

Жиналмалы біліктілік (Stackable Credentials): Бірнеше қысқа курстарды жинап, кейін оны жоғары оқу орнында кредит ретінде есептетіп, толық дипломға айналдыру мүмкіндігі.

Цифрлық төсбелгілер (Digital Badges): Әлеуметтік желілерде (LinkedIn) және түйіндемеде көрсетуге болатын виртуалды дәлелдемелер.

Гибридті оқыту (Hybrid Learning): Теорияны онлайн, ал практиканы бетпе-бет (офлайн) өту.

Мұндай тәсіл білім беру жүйесінің икемділігін арттырып, өмір бойы оқытуды (lifelong learning) институционалды деңгейде іске асыруға жағдай жасайды. Сонымен бірге, еңбек нарығының жылдам өзгерістеріне бейімделуге мүмкіндік беріп, жаңа кәсіби бағыттарға көшу процесін жеңілдетеді. Сондықтан микробіліктілік пен жинақталатын дәреже тұжырымдамасы қазіргі білім беру экожүйесін модульдік, дербес және цифрлық форматқа көшірудің теориялық және әдістемелік негізін қалыптастырады.

Бүгінгі күні мемлекетімізде ресми және бейресми білім алуды кіріктіру жолдары қарастырылуда және тәжірибеге ендірілуде. Олардың негізгі бағыттары төмендегідей айқындалуда:

1. *Кредиттер мен сертификаттау жүйесін үйлестіру.* Көптеген жоғары оқу орындары бейресми бағдарламалар нәтижелерін ішінара мойындап, студенттерге академиялық кредиттер (зачет балдары) беруді тәжірибеге енгізіп отыр. Бұл тәсіл бейресми оқыту нәтижелерін ресми оқу жоспарларындағы пәндерге есептеу арқылы академиялық икемділікті арттырады және оқу уақыты мен шығындарын азайтады.

2. *Қашықтықтан оқыту және цифрлық технологиялардың ықпалы.* LMS, MOOC сияқты платформалар ресми және бейресми білім беру арасындағы шекараларды барған сайын жойып келеді. Университеттік бағдарламалардың онлайн форматқа өтуі мен бейресми курстардың электронды сертификаттар (digital badges) арқылы ресми мойындалуы білімнің ашықтығын және қолжетімділігін күшейтті.

3. *Жобалық және тәжірибелік оқыту тәсілдері.* Ресми оқу орындары бейресми секторға тән әдістемелерді –жобалық оқыту, волонтерлік тәжірибе, топтық жұмыс және креативті шешімдер іздеу тәсілдерін – өз бағдарламаларына енгізуде. Бұл үрдіс білім алушылардың метақұзыреттерін, атап айтқанда сыни ойлау, коммуникация және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға бағытталған.

4. *Корпоративтік университеттердің рөлі.* Ірі кәсіпорындар мен ұйымдар өз оқу орталықтарын құрып, онда ресми құрылымға ие, сертификатталатын бағдарламалар мен бейресми форматтағы икемді курстарды біріктіруде. Мұндай модельдер кадрлардың үздіксіз кәсіби дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, салалық білімнің жылдам жаңаруына да мүмкіндік береді.

5. *Мемлекеттік қолдау және ынталандыру шаралары.* Көптеген елдер қосымша және үздіксіз білім алуға бағытталған бағдарламаларды институционалдық деңгейде қолдайды. Гранттар, субсидиялар, оқыту купондары және салықтық жеңілдіктер арқылы азаматтардың кәсіби бейімделуін және қайта даярлануын қамтамасыз ету – ұлттық саясаттың маңызды бағытына айналып отыр.

Осылайша ресми, бейресми білім беру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің бірін-бірі толықтыратын ажырамас элементтері болып табылады деуге болады. Ресми білім іргелі теориялық негіздер мен әлеуметтік тұрғыда танылған құжаттарды (аттестат, диплом) қамтамасыз етсе, бейресми және информальды оқыту түрлері кәсіби әрі тұлғалық дамудың динамикасын күшейтіп, жылдам өзгеретін ортада қажетті дағдыларды жедел меңгеруге жағдай жасайды.

Жаһандану мен цифрландыру дәуірінде ресми білім берумен шектелу жеткіліксіз. Қысқа мерзімді курстар, корпоративтік тренингтер, онлайн-платформалар және кәсіби тәжірибе сияқты бейресми және бейресми арналарды ресми мойындау – үздіксіз білім беру мәдениетін орнықтырудың маңызды шарты. Мұндай интеграция білім алушыға икемді әрі жекелендірілген оқу траекториясын қалыптастыруға, нарық сұранысына сәйкес құзыреттерді меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бейресми білім нәтижелерін сертификаттау және цифрлық верификациялау (мысалы, микробіліктіліктер мен blockchain негізіндегі құзыреттерді растау) білім сапасын бақылауды жеңілдетіп, ашықтықты қамтамасыз етеді.

Интеграцияланған білім беру жүйесі тек жеке тұлғаның кәсіби дамуын қамтамасыз етіп қана қоймайды. Ол еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті арттыруға, ұлттық адами капиталды дамытуға, инновациялық экономиканы жетілдіруге және қоғамдағы әлеуметтік әділдікті нығайтуға ықпал етеді. Микробіліктіліктер мен *stackable degree* үлгілері бұл үрдістің нақты құралына айналып, университеттер мен білім беру ұйымдарының жаңа институционалдық модельдерді қабылдауына түрткі болуда.

Қорытындылай келе, заманауи маманның бейнесі — бұл ресми білімнің тереңдігі мен бейресми білімнің икемділігін ұштастырған тұлға. Ресми білім сізге «база» берсе, микробліліктіліктер сізді «бәсекеге қабілетті» етеді. Тоқтаған адам емес, үздіксіз ізденген адам ғана табысқа жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР «Білім туралы» Заңы. 2007 жыл, 27 шілде

2.Warner K. Schaie, Sherry L. Willis. Handbook of the Psychology of Aging. Academic Press, 2010. – 419 p.

3. Онушкин Е.В. Непрерывное профессиональное образование взрослых во Франции. – М., 2005. – С. 190.

4. Zhandarbek Ermekovich Imanchiyev and Guldana Sarsenbaikyzy Shaumen. Professionally-significant Features of Master's Studies Graduates of Social Specialities and the Model of Their Formation //Middle-East Journal of Scientific Research. – 2013. – 17 (2). – PP.177-187. [

5. Sovetkanova D., Turgunbayeva B., Innovative methods and technologies of training specialists in the conditions of postgraduate pedagogical education //International Journal of Emerging Techologies in Learning. – 2021. – Vol.16, Issue 19. – PP.109-123.

ӘОЖ 378.1

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ МОДЕЛІ: ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Қожаева С.К.
kozaevasanim@gmail.com
п.ғ.к., доцент педагогика және психология кафедрасы, Астана халықаралық университеті,Астана қаласы

Аңдатпа

Бұл мақалада заманауи білім беру моделінің табысты дамуының кепілі – заман талабына жауап беруге қабілетті біртұтас, икемді және бейімделгіш жүйені құру. Бұл білім беру процесінің барлық қатысушыларының: мұғалімдердің, студенттердің, ата-аналардың, мемлекеттік қызметкерлердің, ғылыми қауымдастықтың үйлесімді күш-жігерін талап етеді. Бұл күш-жігердің синергетикасы жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауға, белсенді азаматтарды дамытуға қолайлы білім беру ортасын жасауды сөз етеді.

Рассмотренная интегративная модель позволяет обеспечить согласованность ценностных, когнитивных и коммуникативных компонентов обучения, что способствует не только повышению качества образовательного процесса, но и усилению его личностно-развивающего потенциала. В условиях многоязычного и многокультурного пространства такая модель создает предпосылки для формирования у обучающихся гибкого мышления, межкультурной чувствительности и способности к эффективному социальному взаимодействию. Особое значение приобретает аксиологический аспект, определяющий гуманистическую направленность образовательной деятельности, формирование устойчивых ценностных установок личности, а также развитие её способности к осмысленному выбору и социальной ответственности. Дополнительно следует отметить, что интеграция инклюзивного и билингвального образования способствует усилению синергетического эффекта, проявляющегося в расширении когнитивных возможностей обучающихся, развитии их метапредметных компетенций и формировании устойчивой мотивации к обучению. Это обусловлено тем, что билингвальная среда активизирует когнитивные процессы, а инклюзивная среда стимулирует развитие социальных и эмоциональных компетенций, что в совокупности обеспечивает целостное развитие личности.

Практическая значимость разработанной методологии заключается в возможности её применения при проектировании образовательных программ нового поколения, ориентированных на принципы вариативности, доступности и индивидуализации обучения. Данный подход может быть использован при разработке учебно-методического обеспечения, включая адаптированные образовательные программы, дидактические материалы и цифровые ресурсы, а также при подготовке и переподготовке педагогических кадров. Особую актуальность приобретает формирование у педагогов профессиональных компетенций, связанных с проектированием инклюзивной образовательной среды, реализацией билингвального обучения и интеграцией ценностно-ориентированных технологий обучения. Реализация предложенной методологии создает условия для формирования нового типа педагогической деятельности, характеризующейся высокой степенью адаптивности, рефлексивности и инновационной направленности. Педагог в таких условиях выступает не только как транслятор знаний, но и как модератор образовательного взаимодействия, фасилитатор личностного развития обучающихся и носитель ценностных ориентиров. Это требует пересмотра содержания педагогического образования и внедрения междисциплинарных подходов к подготовке специалистов.

Перспективы дальнейших исследований связаны с эмпирической верификацией предложенной модели в условиях реальной образовательной практики, разработкой комплексных диагностических инструментов для оценки эффективности интегративного подхода, а также с изучением влияния билингвальной и инклюзивной среды на когнитивное,

социальное и эмоциональное развитие обучающихся. Особое внимание целесообразно уделить разработке критериев и показателей оценки сформированности ценностных ориентаций личности в условиях интегрированной образовательной среды. Дальнейшее развитие данного научного направления предполагает также углубление исследований в области цифровизации образования, включая использование интеллектуальных образовательных систем, адаптивных платформ и технологий искусственного интеллекта в контексте инклюзивного и билингвального обучения. Это открывает новые перспективы для персонализации образовательного процесса и повышения его эффективности в условиях глобальных образовательных трансформаций.

Список использованных источников

1. Сластёнин В. А., Исаев И. Ф., Шиянов Е. Н. Педагогика: учебное пособие для студентов высших учебных заведений. – М.: Академия, 2013. – 576 с.

2. Выготский Л. С. Педагогическая психология. – М.: Педагогика, 1991. – 480 с.

3. Назарова Н. М. Специальная педагогика: учебное пособие для вузов. – М.: Академия, 2010. – 384 с.

4. Cummins J. Language, Power and Pedagogy: Bilingual Children in the Crossfire. – Clevedon: Multilingual Matters, 2001. – 320 p.

5. Florian L. The SAGE Handbook of Special Education. – London: SAGE Publications, 2014. – 952 p.

6. Hargreaves A. Teaching in the Knowledge Society: Education in the Age of Insecurity. – New York: Teachers College Press, 2003. – 240 p.

7. Fullan M. The New Meaning of Educational Change. – New York: Teachers College Press, 2007. – 304 p.

8. Baker C. Foundations of Bilingual Education and Bilingualism. – Bristol: Multilingual Matters, 2011. – 512 p.

9. Ainscow M. Developing Inclusive Education Systems: What Are the Levers for Change? // Journal of Educational Change, 2005. – Vol. 6, №2. – P. 109–124.

10. Асмолов А. Г. Психология личности: культурно-историческое понимание развития человека. – М.: МГУ, 2010. – 528 с.

ӘОЖ 376.1

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГ МАМАНДЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нұрлыбекова Әнел Ержанқызы
nazgul.kudarova@mail.ru
Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің 2 курс студенті
Қазақстан, Павлодар
Ғылыми жетекші – Кударова Назгуль Абильбековна
Астана халықаралық университетінің PhD, қауымдастырылған процессор
Қазақстан, Астана

Аңдатпа

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында педагог мамандарды даярлаудың теориялық және практикалық негіздері қарастырылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің маңыздылығы, оларды жалпы білім беру кеңістігіне кіріктірудің өзекті мәселелері талданады. Инклюзивті білім берудің мәні, қағидалары және оны жүзеге асырудағы педагогтің кәсіби құзыреттіліктерінің рөлі айқындалады.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, ерекше білім беру қажеттіліктері, педагог даярлау, кәсіби құзыреттілік, психологиялық-педагогикалық қолдау, білім беру үдерісі, бейімделген бағдарламалар, әлеуметтену, арнайы педагогика.

Annotation

the article examines the theoretical and practical foundations of training педагогical specialists in the context of inclusive education. It analyzes the importance of teaching and educating children with special educational needs, as well as the актуal issues of their integration into the general education environment. The essence and principles of inclusive education, along with the role of teachers' professional competencies in its implementation, are also clarified.

Keywords: inclusive education, special educational needs, teacher training, professional competence, psychological and pedagogical support, educational process, adapted programs, socialization, special pedagogy.

Педагог мамандығы – күрделі әрі қызықты. Ал «ерекше» балалармен, мүмкіндігінде шектеуі бар балалармен жұмыс істеу одан да күрделі, көптеген қиындықтар мен үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Инклюзивті білім беру даму ерекшеліктері бар балаларға басқа балалармен бірге білім алып, дамуға мүмкіндік береді. Инклюзивті білім берудің негізінде балаларға қатысты кез келген кемсітушілікті жоққа шығаратын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін арнайы жағдайлар жасайтын идеология жатыр.

Мүмкіндігінде шектеуі бар балаларды инклюзивті оқыту – Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының басым бағыттарының бірі.

Ұлттық білім беру бастамасын жүзеге асыру кез келген мектепте мүмкіндігінде шектеуі бар балалар мен мүгедектігі бар балалардың табысты әлеуметтенуін қамтамасыз етуді көздейді.

Осы бастаманы жүзеге асырудағы негізгі мәселе – инклюзивті білім беруді іске асыратын білім беру ұйымдары үшін заманауи психологиялық-педагогикалық кадрларды даярлау болып табылады. Жалпы, педагог – педагогтік немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және тәрбиенушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам [1].

Қазіргі білім беру кеңістігінде педагогтің рөлі тек білім берумен шектелмейді. Әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында болашақ маманның бойында ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізуге арналған кәсіби құзыреттіліктер қалыптасуы аса маңызды. Мұндай құзыреттіліктерге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып оқыту, бейімделген білім беру бағдарламаларын қолдану, ата-аналармен және мамандармен тиімді ынтымақтастық орнату жатады. Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барық білім алушылар үшін білім алуға тең қолжетілімділікті қамтамасыз ететін үрдіс [2].

Сондықтан педагог даярлау жүйесінде болашақ мамандардың инклюзивті ортада нәтижелі жұмыс атқара алуына бағытталған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын дамыту – заманауи білім беру саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Білім беру ұйымының педагог қызметкерлері түзете-дамыту педагогикасының және арнайы психологияның негіздерін білуі, мүмкіндігінде шектеуі бар балалардың психофизикалық даму ерекшеліктері туралы, сондай-ақ олардың білім беру және оңалту үдерісін ұйымдастыру әдістемелері мен технологиялары жөнінде нақты түсінікке ие болуы тиіс.

Бүгінгі күні инклюзивті (қамтылған) білім беру деп мүмкіндігінде шектеуі бар тұлғалар мен қалыпты дамитын құрдастарын бірге тәрбиелеу және оқыту үдерісі түсініледі. Мұндай білім беру барысында мүмкіндігінде шектеуі бар балалар әлеуметтік дамуда ең толық жетістіктерге қол жеткізе алады.

Инклюзивті білім беру мамандарын даярлау барысында мынадай мәселелерге назар аудару қажет:

- инклюзивті білім берудің философиясын қабылдау;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды білім беру кеңістігіне енгізу қағидаларын ескеру;
- әртүрлі даму ерекшеліктері бар балалардың психикалық ерекшеліктерін заманауи ғылыми тұрғыдан түсінуге сүйену.

Жалпы білім беру жүйесінде инклюзивті тәсілді дамыту үшін жалпы педагогикалық технологияларды, дамытушы сабақ үлгілерін, қолдау және балалардың өзара ынтымақтастығы технологияларын, сондай-ақ ата-аналарды педагогикалық үдеріске тарту механизмдерін әзірлеу қажет.

Негізінде бұл кәсіби икемділік, оқушыны түсіну қабілеті, бір жағынан – оқу үдерісінің шеңберін сақтау, екінші жағынан – баланың мүмкіндіктерін көре білу, оның жетістіктеріне сәйкес адекватты талаптар қою дегенді білдіреді.

Инклюзивті білім беруді дамыту үшін осы деңгейдегі білім беру мамандарында жаңа, арнайы құзыреттерді қалыптастыру қажет. Қазіргі таңда бұл құзыреттерді жоғары және орта кәсіби білім студенттері, сондай-ақ педагогтарды (тәрбиешілерді) қайта даярлау және біліктілігін арттыру аясында қосымша кәсіби білім жүйесінің тыңдаушылары меңгеруі тиіс.

Мүмкіндігінде шектеуі бар балаларға арналған мектептік білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру студенттер мен жұмыс істеп жүрген мамандардан келесі құзыреттерді қалыптастыруды талап етеді:

- мүмкіндігі шектеулі балалардың әрбір категориясына бейімделген негізгі білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға дайын болу;
- мектептік білім берудің әртүрлі вариативті ұйымдастыру формалары үшін оның мазмұнын анықтай алу қабілеті;
- бейімделген білім мазмұнын әзірлеу кезінде мүмкіндігі шектеулі балалардың дамудағы әртүрлілігін ескеруге дайын болу: іс жүзінде қалыпты дамитын, уақытша және салыстырмалы түрде оңай түзетілуге болатын қиындықтарға ұшырайтын балалардан бастап, орталық жүйке жүйесінің ауыр зақымдануы бар балаларға дейін ескеру қажет [3].

Аталған балалар топтарының әртүрлі құрамына байланысты мектептік білім берудің талап етілетін деңгейі мен мазмұнындағы айырмашылықтар диапазоны мүмкіндігінше кең болуы керек, ол мүмкіндігі шектеулі балалармен барлық балалардың мүмкіндіктері мен

қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балалардың әрбір категориясы үшін және әрбір категория ішінде білім беру ортасын дифференциациялау, тәжірибеде барлық балаларды олардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес біліммен қамтуды қамтамасыз ететін нұсқаларды әзірлеу, психикалық дамудың бұзылу салдарынан білім алу мүмкіндігінің шектеулерін жеңу қажет:

- мүмкіндігі шектеулі балалар 6 жасынан бастап толық жасқа жеткенге дейінгі балалармен жұмыс тәжірибесінде бейімделген (жеке) білім беру бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ оларды іске асыру әдістері мен технологияларын қолдана білу қабілеті. Құрамына кіретін коммуникативтік құзыреттер:

- әртүрлі профильдегі мамандардың тиімді өзара әрекеттесу дағдылары: логопед мұғалімдермен, педагог-психологтармен (арнайы психологтар), дефектолог мұғалімдермен, әлеуметтік педагогтармен, тәлімгерлермен, педагог көмекшілерімен және т.б. жұмыс істеу қабілеті;

- ата-аналармен (заңды өкілдермен) нәтижелі өзара әрекеттесу дағдылары, оларға кеңестік (психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, ақпараттық-ағартушылық және т.б.) қолдау көрсету қабілетін қамтитын;

- балабақша тәрбиеші мамандарын даярлау кезінде инклюзивті білім берудің кең мағынада әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар балаларды бірлесіп оқытуға бағытталғанын ескеру қажет.

Бұл тек мүмкіндігінде шектеуі бар балалармен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени, этникалық, діни және басқа да ерекшеліктері бар балалармен бірлескен оқытуды қамтиды. Осыған байланысты мамандарда жалпы гуманитарлық құзыреттер мен гуманистік көзқарастар қалыптастыру қажеттілігі туындайды [4].

Болашақ педагогтарды инклюзивті білім беруге базалық даярлаудың стратегиясы мен тактикасы туралы:

1. Инклюзивті тәжірибені жүзеге асыратын мамандарды даярлаудың басты шарты – екі әдіснамалық жоспарын біріктіру: интерпретативтік (ақпараттық-мағыналық) және нормативтік (ақпараттық-қызметтік). Бұл шарт педагогтың тұлғасын нақты әлеуметтік өзара әрекеттердің тұтас ақпараттық-интерпретативтік және қызметтік адаптивтік контекстіне енгізуді көздейді.

2.Инклюзивті білім беру педагогтарын даярлау бес кезеңнен тұрады: мәселенің күйі туралы ақпаратты тіркеу; жағдаймен іс-әрекеттік танысу; жағдайдағы кедергілерді анықтау; оқыту стратегиясын белгілеу қорытынды нәтижелерді түзету.

3.Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін мамандардың білім мазмұнындағы өзгерістер келесі идеяларды әзірлеу және жүзеге асыруды талап етеді:

- инклюзивті білім беру мамандарын даярлауда практикалық бағыттылығын өзекті ету арқылы білім мазмұнын фундаментализациялау;

- инклюзивті білім беру идеясын жүзеге асыруға маманды даярлау барысында негіз ретінде болашақ педагогтың жеке және кәсіби дайындылығын алу қажет, қоғам мен мемлекеттің әлеуметтік тапсырысы емес;

- білім беру бағдарламалары мазмұнын таңдау кезінде шығармашылыққа, даралыққа, әр студенттің дамуына бағытталған көзқарасты ұстану.

4. Кадрларды даярлау проблематикасы келесі мәселелерді ескеру қажеттігін анықтайды:

- халықтың әртүрлі топтарының ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға қатынасы; маманның дайындық деңгейінің қазіргі ұйымдастырушылық құрылымдар мен олардың кәсіби бағдарлары талаптарына сәйкестігі.

5. Мамандарды даярлау үдерісінің алгоритмі дайындық кезінде қолданылатын кезеңдерден тұрады: педагогикалық бағыттаушы, қалыптастырушылық және бағалаушы-қорытынды кезеңдер.

6. Жоғары оқу орындарының негізгі білім беру бағдарламаларына практикалық бағыттағы курстарды енгізу, бағдарламаларды жүзеге асыруға тәжірибелі мамандарды тарту,

студенттердің ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ) бар балалармен жұмыс істейтін білім беру ұйымдарында барлық түрдегі практикадан өтуі.

Қосымша педагогикалық білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру саласы бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру туралы:

- қазіргі жағдайда білім беру ұйымдарының педагогтері мүмкіндігінде шектеуі бар балалармен жұмыс істеуде арнайы кәсіби құзыреттерге ие болуы қажет. Инклюзивті білім беру сыныбында (тобында) жұмыс істеу үшін тек жақсы мұғалім немесе тәрбиеші болу жеткіліксіз, арнайы білімдер жүйесін және белгілі бір кәсіби дағдыларды меңгеру қажет. Олардың болмауы білім алушылардың білім сапасының төмендеуіне әкеледі.

Білім беру ұйымдарының басшылық құрамдары да шет қалмауы тиіс, себебі инклюзивті білім беруді ұйымдастыру ерекшеліктері жөніндегі олардың құзыреттілігі түзете-дамыту педагогикалық үдерістің сапасын қамтамасыз етеді:

- сапалы білім беру үдерісін кәсіби мобильділігі мен құзыреттілігі жоғары педагог қамтамасыз ете алады. Қазіргі кезеңде заманауи оқу-тәрбие үдерісінің ұйымдастырылуы мен мазмұнының ерекшеліктерінде жылдам бағдарлай алатын білім беру саласының басшы қызметкерлері мен мамандарын даярлау – ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарының өзекті міндеті болып табылады;

- кадрлардың біліктілігін арттыру функциясын өңірлік білім беру жүйесін дамыту үдерісімен ұштастыру, көрсетілетін қызметтердің сапасы саласындағы саясат сақталған жағдайда, тиімді нәтиже береді;

- біліктілікті арттырудың келесі формалары өзекті болып табылады: семинарлар, семинар-практикумдар, вебинарлар, шеберлік сыныптары, білім беру интеграциясы саласындағы басшы қызметкерлер мен педагог мамандарға, сондай-ақ инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын педагог қызметкерлерге арналған педагогикалық диалогтар;

- біліктілікті арттыруды ұйымдастыру барысында инклюзивті білім беруге көшу жағдайындағы заманауи шынайылықты ескеру қажет. Атап айтқанда, пән мұғалімдерінің инклюзивті білім беру аясында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге арналған арнайы білімдерінің жеткіліксіз екендігін назарға алу керек;

- инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін білім беру ұйымдарының басшылары мен мамандарының кәсіби құзыреттіліктерін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру және курстар арасындағы кезеңде әдістемелік іс-шараларды жүзеге асыру үдерісі үздіксіз сипатта ұйымдастырылуы тиіс;

- инклюзивті білім беруді жүзеге асыру барысында мұғалімдердің құрамы әртүрлі оқушылардан тұратын сыныптарда жұмыс істейтінін ескеру қажет. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың даму ерекшеліктері туралы арнайы білімнің болмауы немесе жеткіліксіздігі, сондай-ақ педагогикалық дағдылардың толық қалыптаспауы мұғалімдердің тиімсіз оқыту әдістерін қолдануына алып келеді. Бұл өз кезегінде білім беру сапасының төмендеуіне себеп болады [5].

Осылайша, инклюзивті білім беруді дамыту үшін тек заңнамалық және қаржылық тетіктердің болуы жеткіліксіз. Қоғамдық пікірді, соның ішінде кәсіби қауымдастық өкілдерінің көзқарасын өзгерту бағытында жүйелі жұмыс жүргізу қажет. Жалпы білім беретін, арнайы және инклюзивті мектептердің мұғалімдері арасында кәсіби байланыстарды ұйымдастыру, бірлескен конференциялар, тренингтер мен зерттеулер өткізу айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуге және тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы. – 2019 жылғы 27 желтоқсан №293-VI ҚРЗ.

2 «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Қазақстан Республикасының Заңы (2026.02.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)

3 Біріккен Ұлттар Ұйымы. Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы. – Нью-Йорк, 2006.

4 ЮНЕСКО. Инклюзивті білім беру: саясат және тәжірибе жөніндегі нұсқаулық. – Париж, 2017.

5 Зимняя И.А. Педагогическая психология. – Москва: Логос, 2004.

6 Сластенин В.А. Педагогика: учебное пособие для студентов педагогических вузов. – Москва: Академия, 2002.

ӘОЖ 37.013.42

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ БЕЙІМДЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ

Тайғарина Айгерім Эрикқызы
taigarinaaigerim@gmail.com
М01801 - «Әлеуметтік педагогика» ББББ 2-курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада психикалық дамуы тежелген бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу ерекшеліктерін анықтау мәселесі қарастырылады. Мектепке алғаш қадам басқан кезеңде балалардың эмоционалдық жағдайы, оқу мотивациясы, өзін-өзі бағалауы және әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларына талдау жасалады. Сонымен қатар, мектепке бейімделу үдерісіне әсер ететін психологиялық-педагогикалық факторлар, отбасы мен мектеп ортасының рөлі айқындалады. Зерттеу барысында қолданылатын диагностикалық әдістер мен психологиялық қолдау бағдарламасының негізгі бағыттары сипатталады. Психикалық дамуы тежелген балалардың мектеп өміріне сәтті бейімделуін қамтамасыз ету үшін түзету-дамыту жұмыстарының маңыздылығы негізделеді.

Түйінді сөздер: психикалық дамуы тежелген оқушы, бірінші сынып, мектепке бейімделу, оқу мотивациясы, мазасыздық, өзін-өзі бағалау, психологиялық қолдау, инклюзивті білім беру.

Abstract

This article examines the issue of identifying the characteristics of school adaptation among first-grade students with delayed mental development. At the initial stage of entering school, an analysis is carried out of children’s emotional state, learning motivation, self-esteem, and social communication skills. In addition, the psychological and pedagogical factors influencing the school adaptation process, as well as the role of the family and school environment, are clarified. The study describes the main diagnostic methods used and the key directions of the psychological support program. The importance of corrective and developmental work in ensuring the successful adaptation of children with delayed mental development to school life is substantiated.

Keywords: student with delayed mental development, first grade, school adaptation, learning motivation, anxiety, self-esteem, psychological support, inclusive education.

Мектепте оқуды бастау – бала өміріндегі ең маңызды кезеңдердің бірі. Бұл кезең баланың өмірінде әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан үлкен өзгерістермен сипатталады. Бала жаңа ортаға түседі, жаңа адамдармен қарым-қатынас орнатады, жаңа міндеттер мен талаптарды қабылдайды. Осы уақытта оқушы ретінде өз мүмкіндіктерін, артықшылықтары мен қиындықтарын сезіне бастайды. Сондықтан мектепке сәтті бейімделу үшін баланың денсаулығы жақсы болып, оқу әрекетіне жан-жақты дайын болуы маңызды[1].

Қазіргі таңда бастауыш сынып оқушыларының мектеп жағдайына бейімделуі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Зерттеулер көрсеткендей, әртүрлі мектептерде бастауыш сынып оқушыларының едәуір бөлігінде мектепке бейімделуде қиындықтар кездеседі. Әсіресе бұл мәселе психикалық дамуы нда тежелуі бар балалар арасында айқын байқалады.

Психикалық дамуында тежелуі бар балалардың мектепке бейімделуі психологиялық-педагогикалық ғылымдағы маңызды мәселелердің қатарына жатады[2]. Бұл бағытта көптеген ғалымдар зерттеу жүргізген. Олардың еңбектерінде психикалық дамуында тежелуі бар балалардың танымдық, эмоционалдық-ерік, сөйлеу және тұлғалық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылған.

Психикалық дамуы тежелуі бар балалардың басты ерекшелігі – олардың психикалық даму қарқынының жас ерекшелігіне сай баяу болуы. Мұндай балалар мектеп жасына жетсе де, көбіне мектепке дейінгі кезеңге тән қызығушылықтар мен ойын әрекетіне бейім болып қалады. Сол себепті олар оқу әрекетіне бірден кірісіп кетуде, мұғалімнің тапсырмаларын қабылдауда және оны орындауда қиындықтарға тап болады. Көп жағдайда олар сыныпта өздерін балабақшадағыдай еркін ұстайды.

Сонымен қатар, психикалық дамуында тежелуі бар балаларды ақыл-ойы кем балалардан ажырата білу маңызды. Психикалық дамуында тежелуі бар балаларда оқу, жазу, санау дағдыларын меңгеруде қиындықтар болғанымен, олардың есте сақтау, әсіресе өлең мен ертегіні жаттау қабілеті салыстырмалы түрде жақсы сақталған болуы мүмкін. Ең бастысы – мұндай балалар ересектер тарапынан көрсетілген көмекті тиімді пайдаланып, тапсырманы орындау тәсілін түсініп, оны ұқсас жағдайларда қолдана алады.

Ғалымдар психикалық дамуында тежелуінің бірнеше түрін ажыратады. Оның ішінде эмоционалдық-ерік саласының жетілмеуімен байланысты психикалық және психофизикалық инфантилизм, сондай-ақ ұзаққа созылған астениялық немесе церебрастениялық жағдайлар жиі кездеседі. Бұл ерекшеліктер баланың оқу әрекетіне, мінез-құлқына және әлеуметтік ортаға бейімделуіне тікелей әсер етеді.

Бастауыш мектеп жасы – баланың тұлғалық және танымдық дамуының шешуші кезеңі. Осы кезеңде оқу әрекеті жетекші қызметке айналады[3]. Бастауыш мектептің соңына қарай балада оқуға деген ынта, оқу дағдылары және өз күшіне сенімділік қалыптасуы қажет. Алайда психикалық дамуында тежелуі бар балаларда бұл үдеріс баяу жүреді, сондықтан олармен жұмыс барысында олардың психологиялық ерекшеліктерін міндетті түрде ескеру қажет.

Мектепке бейімделмеу немесе дезадаптация – баланың жаңа әлеуметтік орта талаптарына толық икемделе алмауы. Бұл құбылыс көбінесе баланың оқу бағдарламасын меңгере алмауынан, мінез-құлқын реттей алмауынан, құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасындағы қиындықтардан көрінеді.

Психикалық дамуында тежелуі бар балалардың мектептегі бейімделмеуінің негізгі себептері бірнеше фактормен байланысты:

Біріншіден, бұл – баланың интеллектуалдық және психомоторлық дамуының жеткіліксіздігі.

Екіншіден, ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан қолдау мен назардың аз болуы. Үшіншіден, отбасындағы тәрбиенің дұрыс ұйымдастырылмауы, яғни баланың жеке ерекшеліктерінің ескерілмеуі.

Сонымен қатар, отбасындағы эмоционалдық ахуалдың да әсері зор. Егер бала отбасында өзін қауіпсіз, қолдаулы ортада сезінбесе, жаңа әлеуметтік ортаға – мектепке бейімделуі қиын болады. Мұндай жағдайда балада оқуға қызығушылықтың төмендеуі, өзіне сенімсіздік, мазасыздық және қарым-қатынас қиындықтары байқалады.

Осылайша, психикалық дамуы тежелген бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу ерекшеліктері олардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік даму деңгейімен тығыз байланысты. Сондықтан мұндай балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, түзету-дамыту жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру және отбасы мен мектептің бірлескен әрекетін қамтамасыз ету аса маңызды.

Эксперименттік зерттеуде қолданылатын әдістер туралы жалпы ақпарат

Психикалық дамуы тежелген бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу ерекшеліктерін анықтау мақсатында алдағы эксперименттік зерттеу барысында бірнеше психодиагностикалық әдістер кешені қолдану жоспарлануда. Таңдалған әдістер баланың эмоционалдық жағдайын, өзін-өзі бағалау деңгейін, оқу мотивациясын, әлеуметтік қарым-қатынас ерекшеліктерін және отбасылық ахуалын жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында ең алдымен **бақылау және әңгімелесу әдістерін** қолдану көзделеді. Бұл әдістер арқылы оқушылардың сабақ барысындағы мінез-құлқы, мұғалімнің талаптарын қабылдауы, құрдастарымен қарым-қатынасы, сондай-ақ ата-аналар мен мұғалімдердің

пікірлері негізінде баланың мектепке бейімделу деңгейі туралы бастапқы мәліметтер жиналады.

Балалардың эмоционалдық жағдайын анықтау үшін **«Қажетті бетті таңда» мазасыздық тесті** (Р. Тэммл, М. Дорки, В. Амен) қолдану жоспарланып отыр[4]. Бұл әдістеме баланың мектеп жағдайындағы мазасыздық деңгейін анықтауға бағытталған. Әдіс арқылы баланың мектептегі жаңа ортаға, мұғалімге, тапсырмаларға және сыныптағы өзара әрекетке эмоционалдық реакциясы бағаланады.

Оқушылардың өзін-өзі бағалау ерекшеліктерін анықтау үшін **«Саты» әдістемесі**

(Т.Д. Марцинковская) пайдаланылады. Аталған әдістеме баланың өз мүмкіндіктерін, қабілеттерін және жеке тұлғалық қасиеттерін қалай бағалайтынын анықтауға көмектеседі. Өзін-өзі бағалаудың төмен, жоғары немесе адекватты деңгейін анықтау баланың мектепке бейімделу үдерісін түсінуде маңызды орын алады.

Оқу әрекетіне деген қызығушылық пен ішкі ынтаны анықтау мақсатында **«Оқу мотивтері» әдістемесі** (М.Р. Гинзбург) қолданылмақ[4]. Бұл әдіс оқушының мектепке қандай себеппен келетінін, оның оқу-танымдық немесе ойын мотивтерінің басымдығын айқындауға мүмкіндік береді.

Баланың тұлғалық және әлеуметтік қатынас ерекшеліктерін тереңірек зерттеу үшін **проективті сурет тесттері** пайдаланылады. Атап айтқанда, **«Ағаш» тесті (**Л.А. Ясюкова интерпретациясы) арқылы баланың өзін қабылдауы, өзін-өзі бағалауы және қоршаған ортамен қарым-қатынасы туралы ақпарат алынады[5].

Сонымен қатар, **«Менің отбасым» сурет тесті** арқылы баланың отбасындағы эмоционалдық жағдайы, ата-аналармен және отбасы мүшелерімен қарым-қатынасының сипаты зерттеледі. Бұл әдістеме отбасылық қолдау деңгейін анықтауда маңызды диагностикалық құрал болып табылады.

Осылайша, алдағы эксперименттік зерттеуде қолданылатын әдістер кешені психикалық дамуы тежелген бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделу ерекшеліктерін кешенді түрде анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер кейін түзету-дамыту бағдарламасын құрастыруға ғылыми негіз болады.

Кесте-1. ***Психикалық дамуы тежелген бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне арналған психологиялық көмек бағдарламасы***

Бағдарлама кезеңі	Кезеңнің негізгі міндеттері мен мазмұны	Балалармен жұмыс	Ата-аналармен жұмыс
I кезең	Балалармен танысу; дербестік сезімін дамыту; тыңдай білу дағдысын қалыптастыру; мектеп өмірінің ережелерін меңгерту; ата-аналармен танысу және жеке әңгімелесу жүргізу	Мектеп ережелері туралы ертегілерді тыңдау («Мектеп өмірінің ережелері», «Ең үздік бірінші сынып оқушысы»); «Неліктен біз мектепке барамыз?» тақырыбында әңгіме; сыныпқа «сыйлық» суретін салу; дамытушы және сауықтыру ойындары («Сақина», музыкамен еркін сурет салу, «Жылдам бұршақтар»)	«Сіздің балаңыздың қиындықтары» тақырыбында әңгіме; балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы ата-аналарды ақпараттандыру; ата-аналарды қызықтыратын сұрақтарды талқылау

II кезең	Қарым-қатынас жасау және ұжымда жұмыс істеу дағдыларын дамыту; мерекелерге бірлесіп дайындық; «достық» ұғымын қалыптастыру; оқу мотивациясын дамыту; ата-ана мен бала арасындағы белсенді өзара әрекетті ұйымдастыру	«Жануарлардың қысқы мекені» достық туралы ертегіні тыңдау және талқылау; «Қолғаптар» жаттығуы; «Бірге жұмыс істеуді үйренеміз» тапсырмасы; ата-аналарға арналған «Жаңа жыл құтты болсын!» құттықтау плакатын дайындау	Балалармен бірге Жаңа жыл мерекесіне дайындық (ертеңгілік және мерекелік шай ұйымдастыру); мұғалімдер мен қыз балаларды 8 наурыз мерекесімен құттықтауды ұйымдастыру
III кезең	Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; арт-терапия әдістері арқылы эмоционалдық жағдайын қалыпқа келтіру; ата-аналарды психологиялық ағарту	Классикалық музыканы тыңдау (А. Вивальди «Жыл мезгілдері», Л. Бетховен «Қуанышқа ода», В. Моцарт «№40 симфония», Ф. Шопен «Ноктюрн»); релаксациялық әуендер тыңдау (теңіз шуылы, найзағай, құстар үні); музыкамен еркін сурет салу	«Ерекше баламен ортақ тіл табу жолдары», «Баланы қалай қызықтыруға болады?» тақырыптарында ата-аналар жиналысын өткізу; жеке кеңестер мен әңгімелесулер жүргізу

Қорытынды

Психикалық дамуы тежелген бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі қазіргі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сондықтан бұл бағыттағы зерттеулерді теориялық және практикалық тұрғыдан жалғастыру маңызды.

Мектеп жағдайында мұндай балаларға білікті психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету олардың оқу бағдарламасын тиімді меңгеруіне, эмоционалдық тұрақтылығын сақтауға және тұлғалық дамуына оң ықпал етеді. Сонымен қатар ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізу де бейімделу үдерісінің табысты өтуінің маңызды шарты болып табылады.

Сондай-ақ осы санаттағы балалармен жұмыс істейтін мұғалімдер, тәрбиешілер және мамандар үшін арнайы даярлау және қайта даярлау бағдарламаларын нақты жоспарлап, мазмұндық тұрғыдан тереңдету қажет. Бұл өз кезегінде балалардың мектеп өміріне сәтті кірігуіне және жан-жақты дамуына мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Семено А. А. Работа с детьми группы риска: некоторые технологические приемы // Социальная педагогика в России. Научно-методический журнал. 2008. № 6. С. 41-45.

2. Жеңісқызы Ө. С., Маратқызы Ә. Б. Психикалық дамуы тежелген төменгі сынып оқушыларының оқудағы ерекшеліктері //Endless Light In Science. – 2024. – Т. 5. – №. 2 Май. – С. 85-91.

3. Мажинов Б. М., Ермек С. Г. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар кіші мектеп жасындағы оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыру мәселесі //Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2025. – Т. 86. – №. 2. – С. 333-343.

4. Гинзбург М. Р. Психологическое содержание личностного самоопределения //Вопросы психологии. – 1994. – Т. 3. – С. 43-52.

5. Платонова А. А. Успешное завтра будущего первоклассника //Начальная школа. – 2005. – №. 5. – С. 102-104.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жолдыбай Альбина Серікқызы
albina092006@mail.ru
Астана Халықаралық Университетінің 3-курс студенті
Ақымбек Гүлазира Шардарбекқызы
agsh999@mail.ru
Астана Халықаралық университетінің аға оқытушысы, психология магистрі

Аңдатпа

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру Қазақстанның білім беру жүйесінің маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Білім туралы» Заңына сәйкес әрбір азамат, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (мүмкіндігі шектеулі жандар) сапалы жоғары білім алуға тең құқыққа ие.

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Атап айтқанда, 2021 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы ерекше қажеттіліктері бар балалар мен студенттер үшін арнайы жағдайлар жасауды міндеттеді .

Дегенмен, жоғары оқу орындарында инклюзияны практикалық іске асыру әлі де көптеген қиындықтарға тап болуда. 2024-2025 оқу жылында Қазақстанның жоғары оқу орындарында студенттердің жалпы саны 624,5 мың адамды құрады, ал ерекше қажеттіліктері бар студенттердің нақты үлесі ресми статистикада толық көрсетілмейді және өте төмен деңгейде қалып отыр. Бұл мақалада жоғары білім беру саласындағы инклюзивті ортаның қалыптасуына кедергі келтіретін негізгі мәселелер талданып, оларды шешу жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, жоғары оқу орны, ерекше білім беру қажеттіліктер, мүмкіндігі шектеулі студенттер, инфрақұрылымдық кедергілер, педагог кадрларды даярлау.

Annotation

Currently, inclusive education is one of the key priorities of the education system in the Republic of Kazakhstan. In accordance with the Constitution of the Republic of Kazakhstan and the Law “On Education,” every citizen, including individuals with special educational needs (persons with disabilities), has the equal right to receive quality higher education.

In recent years, a number of regulatory legal acts aimed at developing inclusive education have been adopted at the state level. In particular, the Law of June 26, 2021, “On Amendments and Additions to Certain Legislative Acts of the Republic of Kazakhstan on Issues of Inclusive Education,” obliges the creation of special conditions for children and students with special needs.

However, the practical implementation of inclusion in higher education institutions still faces numerous challenges. In the 2024–2025 academic year, the total number of students in higher education institutions of Kazakhstan reached 624.5 thousand, while the actual proportion of students with special educational needs is not fully reflected in official statistics and remains at a very low level. This article analyzes the main barriers to the development of an inclusive environment in higher education and proposes possible solutions.

Keywords: Инклюзивное образование, высшее учебное заведение, особые образовательные потребности, студенты с ограниченными возможностями, инфраструктурные барьеры, подготовка учителей.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беру Қазақстанның білім беру жүйесінің маңызды басымдықтарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Білім туралы» Заңына сәйкес әрбір азамат, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғалар (мүмкіндігі шектеулі жандар) сапалы жоғары білім алуға тең құқыққа ие.

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан инклюзивті білім беруді дамытуға бағытталған бірқатар нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Атап айтқанда, 2021 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы ерекше қажеттіліктері бар балалар мен студенттер үшін арнайы жағдайлар жасауды міндеттеді [1].

Дегенмен, жоғары оқу орындарында инклюзияны практикалық іске асыру әлі де көптеген қиындықтарға тап болуда. 2024-2025 оқу жылында Қазақстанның жоғары оқу орындарында студенттердің жалпы саны 624,5 мың адамды құрады, ал ерекше қажеттіліктері бар студенттердің нақты үлесі ресми статистикада толық көрсетілмейді және өте төмен деңгейде қалып отыр [2]. Бұл мақалада жоғары білім беру саласындағы инклюзивті ортаның қалыптасуына кедергі келтіретін негізгі мәселелер талданып, оларды шешу жолдары ұсынылады.

Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері

Инклюзивті білім беру – барлық студенттерді, соның ішінде денсаулығына байланысты ерекше қажеттіліктері барларды жалпы оқу процесіне толыққанды қосуға бағытталған тәсіл. Бұл ұғым интеграция мен мэйнстримингтен ерекшеленеді: интеграция – ерекше топтарды жалпы ортаға қосу, ал инклюзия – оқу ортасының өзін әр студенттің қажеттілігіне бейімдеу.

Халықаралық деңгейде инклюзия ЮНЕСКОның Саламанк декларациясы (1994), БҰҰ Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы (2006) және «Барлығына арналған білім» тұжырымдамасына негізделеді. Қазақстанда бұл бағыт «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы» және жоғары білімді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында қолдау табуда [3].

Қазақстанның жоғары оқу орындарында инклюзивті білім берудің қазіргі жағдайы

Қазақстанда 113 жоғары оқу орны жұмыс істейді (2024-2025 оқу жылының басында). Студенттер саны 624,5 мыңнан асып, 2025-2026 оқу жылында 678 мыңға жеткен [2; 4]. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің саны жыл сайын артып келеді, бірақ олардың үлесі әлі төмен және толық есепке алынбайды.

Мемлекеттік қолдау шаралары (арнайы гранттар, квоталар, инклюзивті кабинеттер) жүзеге асырылуда. Мысалы, 14 жоғары оқу орны инклюзивті білім беру кабинеттерімен жабдықталған [5]. Дегенмен, практикалық деңгейде инклюзивті жүйе әлі толық қалыптаспаған.

Жоғары оқу орындарындағы инклюзивті білім берудің негізгі мәселелері

Жоғары оқу орындарында инклюзияны іске асыруда бірнеше негізгі кедергілер бар.

1.**Инфрақұрылымдық және материалдық-техникалық кедергілер**

Көптеген ЖОО ғимараттарында пандустар, арнайы лифттер, қолжетімді аудиториялар, брайль жүйесі немесе есту кемістіктері бар студенттерге арналған құрал-жабдықтар жетіспейді. Бұл студенттердің оқу орнына физикалық қолжетімділігін шектейді.

2.**Педагогикалық кадрлардың дайындығының төмендігі** Оқытушылардың басым бөлігі инклюзивті оқыту әдістемелерін, жеке оқу жоспарларын құрастыруды және ерекше қажеттіліктері бар студенттермен жұмыс істеуді толық меңгермеген. Арнайы педагог-психологтар, тьюторлар және сурдоаудармашылар тапшы.

3.**Оқу материалдары мен әдістемелік қолдаудың жетіспеушілігі** Оқулықтар, электрондық ресурстар және бағалау жүйелері барлық студенттің қажеттілігін ескермейді. Цифрлық платформалардың қолжетімділігі төмен.

4.**Психологиялық-әлеуметтік және әлеуметтендіру проблемалары** Студенттер арасында стереотиптер мен кемсітушілік сақталған. Ерекше қажеттіліктері бар студенттердің психологиялық қолдауы және әлеуметтік бейімделуі жеткіліксіз.

5.**Нормативтік-құқықтық және әкімшілік қолдаудың кемшіліктері** Заңнамалық база бар болғанымен, оны ЖОО деңгейінде іске асыру механизмдері нақты емес және мониторинг жүйесі әлсіз.

Кесте 1.

Қазақстанның жоғары оқу орындарындағы инклюзивті білім берудің негізгі мәселелері мен олардың салдары

№	Мәселе түрі	Сипаттамасы	Салдары
1	Инфрақұрылымдық кедергілер	Пандус, лифт, арнайы жабдықтардың жетіспеушілігі	Физикалық қолжетімділіктің төмендігі
2	Кадрлар дайындығының төмендігі	Оқытушылардың инклюзивті әдістемелерді білмеуі	Оқу процесіне толық қосылудың қиындығы
3	Оқу материалдарының қолжетімсіздігі	Брайль, аудио, ірі шрифт материалдардың жоқтығы	Оқу үлгерімінің төмендеуі
4	Психологиялық-әлеуметтік қолдаудың әлсіздігі	Психолог, тьютор қызметтерінің жетіспеушілігі	Студенттердің әлеуметтену проблемалары
5	Нормативтік механизмдердің кемшілігі	Заңдардың практикалық іске асырылуының әлсіздігі	Жүйелі мониторингтің болмауы

Шетелдік тәжірибе және Қазақстан үшін сабақтар

Финляндия, Норвегия және Германия сияқты елдерде жоғары оқу орындарында универсалды дизайн принциптері, арнайы қолдау орталықтары және цифрлық қолжетімділік стандарттары толық енгізілген. АҚШ-та Disability Support Services (DSS) орталықтары студенттерге жеке қолдау көрсетеді. Бұл тәжірибені Қазақстанда бейімдеу – маңызды міндет.

Инклюзивті білім беруді жетілдіру жолдары мен ұсыныстар

-ЖОО-да **Инклюзивті қолдау орталықтарын** (Inclusive Support Center) құру және штаттық тьютор, психолог, арнайы мамандарды енгізу;

-Оқытушылар үшін инклюзивті педагогика бойынша міндетті біліктілік арттыру курстарын өткізу;

-Оқу бағдарламалары мен материалдарды универсалды дизайн принциптеріне сәйкес бейімдеу;

-Ғимараттарды «кедергісіз орта» стандартына келтіру (пандустар, лифттер, арнайы жабдықтар);

-Психологиялық-әлеуметтік қолдау жүйесін күшейту және студенттер арасында инклюзия мәдениетін қалыптастыру;

-Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту және халықаралық гранттарды тарту.

Қорытынды

Жоғары оқу орындарындағы инклюзивті білім беру мәселелерін шешу – тек әлеуметтік әділеттілік емес, сонымен қатар Қазақстанның адам капиталын дамыту және инклюзивті қоғам құрудағы маңызды қадам. Нормативтік база мен мемлекеттік қолдаудың арқасында оң өзгерістер байқалады, бірақ практикалық іске асыруды жетілдіру қажет. Инклюзивті ортаны құру арқылы барлық студент үшін тең мүмкіндіктер қамтамасыз етіледі, бұл білім беру сапасын жалпы арттырады және қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заң. 2021 жылғы 26 маусым.

2. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім (2024-2025 оқу жылының басына). Ұлттық статистика бюросы.

3. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

4. Қазақстан Республикасындағы жоғары білім (2025-2026 оқу жылының басына). Ұлттық статистика бюросы.

5. Білім беру, ғылым және инновациялар статистикасы. Ұлттық статистика бюросы, 2024-2025.

6. Мовкебаева З.А., Джанисенова А.М. Инклюзивті білім берудің теориялық және практикалық аспектілері. – Алматы, 2022.

7. ЮНЕСКО. Инклюзивті білім беру бойынша нұсқаулық. – Париж, 2020.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ДАМУЫН АРТ-ТЕРАПИЯ АРҚЫЛЫ ҚОЛДАУ

Даулетгалиева Аружан Дауреновна
dauletgalievaaruzan@gmail.com
Астана Халықаралық Университетінің 3-курс студенті

Ақымбек Гүлазира Шардарбекқызы
agsh999@mail.ru
Астана Халықаралық университетінің аға оқытушысы, психология магистрі
Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың эмоционалдық дамуын арт-терапия арқылы қолдау мәселесі жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында арт-терапияның теориялық негіздері, оның психологиялық ерекшеліктері және балалардың эмоционалдық жағдайына әсері талданады. Сонымен қатар, арт-терапияның негізгі бағыттары мен әдістері, атап айтқанда сурет терапиясы, құм терапиясы, ертегі терапиясы және музыкатерапияның тиімділігі сипатталады. Мақалада шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері салыстырылып, арт-терапияның балалардың эмоционалдық тұрақтылығын дамытудағы рөлі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың эмоцияны тану, білдіру және реттеу қабілеттерін дамытуда арт-терапияның маңызы ерекше екені дәлелденеді. Арт-терапияның балалардың психоэмоционалдық жағдайын жақсартуға, мазасыздық деңгейін төмендетуге, өзін-өзі бағалауын арттыруға және әлеуметтік бейімделуін жеңілдетуге ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, мақалада арт-терапияны қолданудың практикалық әдістері, диагностикалық құралдары және оны жүзеге асыру кезеңдері ұсынылады. Арт-терапия ерекше балалармен жұмыс жасауда тиімді, қауіпсіз және қолжетімді әдіс ретінде қарастырылып, инклюзивті білім беру жүйесінде маңызды орын алатыны тұжырымдалады.

Түйінді сөздер: ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, эмоционалдық даму, арт-терапия, психологиялық қолдау, эмоцияны реттеу, эмоционалдық интеллект.

Addiction

This article comprehensively examines the issue of supporting the emotional development of children with special educational needs through art therapy. The study analyzes the theoretical foundations of art therapy, its psychological characteristics, and its impact on children's emotional states. In addition, the main directions and methods of art therapy are described, including drawing therapy, sand therapy, fairy tale therapy, and music therapy, highlighting their effectiveness. The article compares the works of foreign and Kazakhstani scholars and provides a scientific justification for the role of art therapy in developing children's emotional stability. It is demonstrated that art therapy plays a significant role in developing the ability of children with special educational needs to recognize, express, and regulate their emotions. The study shows that art therapy contributes to improving children's psycho-emotional well-being, reducing anxiety levels, enhancing self-esteem, and facilitating social adaptation. Furthermore, the article presents practical methods for applying art therapy, diagnostic tools, and the stages of its implementation. Art therapy is considered an effective, safe, and accessible approach in working with children with special needs and is concluded to hold an important place within the inclusive education system.

Keywords: children with special educational needs, emotional development, art therapy, psychological support, emotion regulation, emotional intelligence.

Бала психикасының дамуының маңызды компоненттерінің бірі – эмоциялық даму. Әсіресе ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар үшін бұл аспект ерекше мәнге ие, себебі олардың

эмоцияларын тану, басқару және әлеуметтік ортада бейімделу қабілеті шектеулі болуы мүмкін. Эмоционалдық қиындықтар балалардың мінез-құлқының бұзылуына, оқу процесінде қиындықтарға және әлеуметтік қарым-қатынаста бөгеттерге әкеледі.

Қазіргі таңда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың (ЕБҚ) психологиялық дамуы, әсіресе эмоционалдық саласының қалыптасуы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл балалардың эмоцияны тану, білдіру және реттеу қабілеттерінде қиындықтар жиі кездеседі. Осыған байланысты заманауи психологиялық-педагогикалық тәжірибеде арт-терапия әдістері кеңінен қолданылуда.

Арт-терапия – бұл өнер мен шығармашылық арқылы адамның психоэмоционалдық жағдайын түзетуге бағытталған психотерапиялық әдіс. Оның негізгі мақсаты – тұлғаның өзін-өзі білдіру қабілетін дамыту арқылы ішкі жан дүниесін үйлестіру[1].

ЕБҚ бар балалармен жұмыс барысында арт-терапия қауіпсіз, бағалаусыз орта қалыптастырып, баланың ішкі сезімдерін еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Бұл олардың эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға, әлеуметтік бейімделуін жеңілдетуге ықпал етеді.

ЕБҚ бар балалардың эмоционалдық дамуы бірқатар ерекшеліктермен сипатталады:

- эмоцияларды тану мен ажыратуда қиындықтар;
- эмоционалдық тұрақсыздық;
- жоғары мазасыздық деңгейі;
- әлеуметтік қарым-қатынастағы қиындықтар.

Қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде арт-терапияның балалардың эмоционалдық өрісін дамытудағы маңызы ерекше атап көрсетіледі. Мысалы, Г.М. Молдахметова мен Д.Ж. Кумекбаева арт-терапияның балалардың психикалық күйін жақсартып, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға әсер ететінін дәлелдеген[2].

Зигмунд Фрейд психоанализ бағытының негізін қалаушы ретінде адамның мінез-құлқы мен эмоциялары бейсаналық процестермен байланысты екенін дәлелдеді. Оның пікірінше, бала өз ішкі конфликтілерін тікелей сөзбен жеткізе алмайды, сондықтан олар символдық түрде, яғни сурет, ойын, шығармашылық арқылы көрінеді[3]. Фрейдтің теориясы арт-терапияның негізгі қағидасына айналды: баланың шығармашылық әрекеті – оның ішкі жан дүниесінің көрінісі. ЕБҚ бар балалар үшін бұл өте маңызды, өйткені олар өз эмоцияларын вербалды түрде жеткізе алмауы мүмкін, ал арт-терапия сол қиындықты жеңуге мүмкіндік береді.

Карл Юнг арт-терапияның дамуына үлкен үлес қосқан. Ол «ұжымдық бейсаналық» және «архетиптер» ұғымдарын енгізді. Юнгтің пікірінше, адам шығармашылық арқылы өз ішкі әлемін зерттеп, тұлғалық тұтастыққа (индивидуацияға) қол жеткізеді[4].

Юнг арт-терапияда сурет салуды, мандала жасауды ерекше маңызды деп санаған. Ол бұл әдістер: эмоцияны тұрақтандырады, өзін-өзі тануға көмектеседі, ішкі тепе-теңдікті қалыптастырады деп есептеген.

Эдит Крамер арт-терапияда шығармашылықтың өз процесі емдік әсер береді деп санаған. Ол «арт-терапия – бұл тек талдау емес, бұл – әрекет арқылы емдеу» деген[5].

Крамердің теориясы бойынша: бала сурет салу кезінде стрессін шығарады, агрессияны қауіпсіз түрде көрсетеді, өзін-өзі реттеу дағдысы қалыптасады.

ЕБҚ бар балалармен жұмыс барысында қолданылатын негізгі арт-терапиялық әдістер:

1. Сурет терапиясы (изотерапия) – балалар өз эмоцияларын түстер мен бейнелер арқылы жеткізеді. Зерттеулер көрсеткендей, түс таңдау арқылы баланың эмоционалдық күйін анықтауға болады.

2. Құм терапиясы – құммен жұмыс жасау баланың мазасыздығын төмендетіп, өзін-өзі реттеу қабілетін дамытады. Сонымен қатар сенсомоторлық дамуға әсер етеді[6].

3. Ертегі терапиясы – баланың ішкі мәселелерін ертегі кейіпкерлері арқылы шешуге көмектеседі.

4. Музыкатерапия – музыка арқылы эмоцияны реттеу, релаксацияға қол жеткізу.

5. Драматерапия – рөлдік ойындар арқылы әлеуметтік дағдыларды дамыту.

Арт-терапияның пайдасы мен әсері

Арт-терапияның ЕБҚ бар балаларға әсері көпқырлы:

- эмоционалдық күйді тұрақтандырады;
- мазасыздық пен қорқынышты азайтады;
- өзін-өзі бағалауды арттырады;
- қарым-қатынас дағдыларын дамытады;
- шығармашылық қабілеттерді ашады.

Зерттеулерде арт-терапияның эмоциялық релаксация, когнитивтік белсенділік және әлеуметтік өзара әрекеттестікті арттыратыны дәлелденген .

Қазақстандағы тәжірибеде арт-терапия ерекше балаларды әлеуметтендірудің тиімді құралы ретінде қарастырылады. Мысалы, Қарағанды университетіндегі арт-шеберхана жобасы балалардың әлеуметтік бейімделуін жақсартатынын көрсеткен.

Арт-терапияның тиімді болуы үшін:

- қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру;
- баланың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- ата-анамен бірлескен жұмыс жүргізу;
- жүйелілік пен кезеңділік сақтау қажет.

Сонымен қатар, арт-терапия педагог, психолог және логопедтің бірлескен жұмысы арқылы жоғары нәтиже береді.

Арт-терапиядағы нақты практикалық жаттығулар жүйесі

Арт-терапияның тиімділігі тек теориямен емес, нақты қолданылатын жаттығулармен дәлелденед[7]. Мысалы, «Менің көңіл-күйім» атты жаттығу барысында бала өз эмоциясын түстер арқылы бейнелейді. Бұл әдіс арқылы психолог баланың ішкі күйін анықтай алады. Егер бала қара түстерді жиі қолданса, бұл оның мазасыздығын немесе қорқынышын көрсетуі мүмкін.

«Құмдағы әлем» техникасында бала құм арқылы өз әлемін құрастырады. Бұл әдіс баладағы ішкі шиеленісті азайтып, өзін қауіпсіз сезінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар, сенсорлық даму да қатар жүреді. Бұл әдіс әсіресе аутизм спектрі бар балалар үшін тиімді.

«Ертегі құрастыру» әдісі баланың қиялын дамытып қана қоймай, оның ішкі проблемаларын символикалық түрде шешуге мүмкіндік береді. Бұл әсіресе сөйлеу қабілеті шектеулі балалар үшін тиімді.

ДЦП балаларға арналған «Саусақпен сурет салу» әдісі қозғалыс координациясын жақсартып, сенсорлық сезімді дамытады. Сонымен қатар, бұл жаттығу эмоционалдық босаңсуға ықпал етеді.

2. Эмоционалдық дамуды диагностикалау әдістері.

Мысалы, түстерді таңдау арқылы эмоционалдық күйді анықтайтын Люшер тесті баланың ішкі жағдайын бағалауға мүмкіндік береді.

«Адам суреті» әдістемесі арқылы баланың өзін қабылдауы, қорқыныштары мен мазасыздық деңгейі анықталады.

Сонымен қатар, бақылау және әңгімелесу әдістері де ерекше балалармен жұмыс барысында маңызды құрал болып табылады.Диагностика нәтижелері арт-терапиялық жұмысты дұрыс жоспарлауға негіз болады.

3. Арт-терапияны қолданудың кезеңдері

Арт-терапиялық жұмысты жүйелі түрде көрсету үшін оны кезеңдерге бөліп сипаттау ұсынылады[8].

Бірінші кезең – диагностикалық кезең. Бұл кезеңде баланың эмоционалдық жағдайы зерттеледі, бастапқы мәліметтер жиналады.

Екінші кезең – түзету-дамыту кезеңі. Мұнда арт-терапияның әртүрлі әдістері қолданылады. Жұмыс барысында баланың эмоцияны білдіру қабілеті дамиды.

Үшінші кезең – бақылау және бағалау кезеңі. Бұл кезеңде алынған нәтижелер талданып, баланың даму динамикасы анықталады.

4. Ата-анамен жұмыс ерекшеліктері

ЕБҚ бар балалардың эмоционалдық дамуы тек маманның жұмысына ғана емес, ата-ананың қолдауына да байланысты. Ата-аналарға арт-терапия элементтерін үй жағдайында қолдану

ұсынылады. Мысалы: баламен бірге сурет салу ертегі құрастыру эмоция туралы ашық сөйлесу. Бұл ата-ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайтады.

5. Арт-терапияның нейропсихологиялық әсері

Шығармашылық әрекет кезінде: оң және сол жақ ми жартышарлары бірге жұмыс істейді, эмоция мен ойлау процестері байланысады, нейрондық байланыстар күшейеді. Бұл әсіресе дамуында тежелісі бар балалар үшін маңызды, себебі олардың когнитивтік және эмоционалдық дамуы қатар жүреді.

6. Инклюзивті білім берудегі арт-терапияның рөлі

Арт-терапия инклюзивті білім беру жүйесінде маңызды құрал болып табылады. Ол әртүрлі мүмкіндіктері бар балаларды бір ортада біріктіруге көмектеседі. Арт-терапия арқылы: балалар бір-бірін жақсы түсінеді, толеранттылық қалыптасады,әлеуметтік дағдылар дамиды. Бұл қоғамдағы инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді.

7. Арт-терапияны қолдануда кездесетін қиындықтар

Кейбір жағдайларда: балалар тапсырманы орындаудан бас тартуы мүмкін, эмоцияны ашық білдіру қиын болады, маманның тәжірибесі жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан арт-терапияны қолдану үшін арнайы дайындық пен кәсіби біліктілік қажет.

Жалпы алғанда, арт-терапия ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың эмоционалдық дамуын қолдаудың қауіпсіз, қолжетімді және нәтижелі тәсілі ретінде қарастырылып, инклюзивті білім беру жағдайында кеңінен қолданылуы қажет деген қорытынды жасалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Рыскулова А.А., Мухтарова А.М., Достанова И.А., Ганибаева Н.Н. Арт-педагогика және оның балалардың эмоционалдық сферасына әсері // Молодой ученый. – 2022. – №7 (402). – 284–286 б. Сайт: https://moluch.ru/archive/402/88938/

2. Молдахметова Г.М., Кумекбаева Д.Ж. Арт-терапия – мектеп жасына дейінгі балалардың эмоциялық өрісін дамыту құралы ретінде. – Қостанай: А. Байтұрсынұлы атындағы университет, 2025.– 1157–1160 б. Сайт: https://dspace.kspi.kz/handle/123456789/8703

3. Фрейд З. Введение в психоанализ. – Москва: Наука, 2019. – 480 б.

4. Юнг К.Г. Человек и его символы. – Москва: АСТ, 2020. – 352 б.

5. Крамер Э. Art as Therapy with Children. – New York: Schocken Books, 1971. – 278 б.

6. Рамазанқызы Л., Молдақұл Л.Н. Арт және құм терапиясы: баланың сөйлеу қабілеті мен эмоционалдық интеллектін дамыту құралы // Bilimger.kz, 2025. Сайт: https://bilimger.kz/183246/

7. Медведева Е.А. Арт-терапия в психолого-педагогической практике. – Москва: Просвещение, 2021. – 256 б.

8. М. В. Киселева.– Санкт-Петербург; Москва: Речь, 2021 .– 159с., [2] л. цв. ил.: ил.

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАР НЕГІЗІНДЕ ДАМЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Оханова Ырысгүл Нарбекқызы
«Көркем білім» кафедрасының магистр, аға оқытушысы,
Абай атындағы Қаз ҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Аталған мақалада болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамытудың проблемалары талданған. Болашақ маманның біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген құзіретті тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі.

Түйінді сөздер: АРТ-технология, құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, ақпараттық құзіреттілік, мәдениеттанымдық құзыреттілік.

Abstract

This article analyzes the problems of the development of professional competence of future social educators through ART-technologies. It is interpreted as the formation of a competent personality, pedagogically adapted to the system of skills and abilities of a future specialist, to the experience of creative activity and the ability to show an emotional mood, to voluntary communication.

Keywords: ART-technology, competence, professional competence, information competence, cultural competence.

Бүгінгі таңда елімізде білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі негізінен білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық жүйесін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыруға бағытталып отыр.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес мемелекеттік эклномикалық жетістігі мен рухани байлығы сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені, білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында: «Педагогикалық жоғары оқу орындарының жаңа стандарты қабылданады. Сондай-ақ, ұстаздардың құзырет аясын жетілдіру», - қажет деген болатын [1]. Демек, Жолдаудың мазмұнында, ұстаздардың кәсіби құзіреттілігін жетілдіруге баса назар аудару қажеттігін айтқан болатын.

Демек, қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындаудың ролі артып келеді. Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады.

Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру жүйесінде студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жүзеге асыру мәселесі тұр. Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу

үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субьект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» - кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. Кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт-бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамытудың проблемалары деп, қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер болып табылмақ. Студенттердің кәсіби құзыреттілік мәселелері туралы пікірлер кәсіби маман даярлау мәселелерімен айналысып жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, педагогтар, психологтар еңбектерінде көрініс табуда. «Құзыреттілік» түсінігі білім беру саласында 1960-1970 жылдардағы шетел әдебиеттерінде, ал 1980 жылдардың соңында отандық әдебиеттерде кездесті. «Кәсіби құзыреттілік, жете білушілік» ұғымын енгізудің қажеттілігі оның мазмұнының кеңдігімен, интегративтік сипатымен, «кәсіптілік», «кәсіби мүмкіндіктер» және т.б. түсініктерді біріктіреді. «Құзірет» және «құзіреттілік» ұғымдарын педагогикалық үрдіске енгізу бағытында ғалымдар зерттеу жұмыстарын арнап, әдіснамалық мәнін ашып, өздерінің әртүрлі түсініктемелерімен сипаттауда. Аталған ұғымдардың табиғи мәніне жетуге байланысты Ж.О.Небесаеваның зерттеу жұмысында «құзыреттілік» және «құзырет» сөздерінің арасындағы айырмашылықтарды дәлелдеуге тырысқан. «Құзыреттілік» – хабардар болушылық, абыройлық; «құзырет» – жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы» деп сипаттама береді [2].

Зерттеуші Л.Г.Светоносова: «құзірет – адамның іс-әрекеті саласындағы білімі мен іскерлігі, ал құзіреттілік – маман құзырлық қасиеттерін сапалы қолдана алуы тұрғысында пайымдайды [3]. Елімізде, кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық және практикалық қырларын Ш.Х.Құрманалина (колледж жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау), Б.Т.Кенжебеков (жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі), Г.Ж.Меңлібекова (болашақ мұғалімнің әлеуметтік құзыреттілігі), Б.Қасқатаева (болашақ математика мұғалімінің әдістемелік құзырлылығы), С.И.Ферхо (мұғалімдердің оқу үдерісінде электронды оқу құралдарын пайдалана білу құзыреттілігі) және т.б. ғалымдар зерттеген. Маманның кәсіби құзіреттілік мәселесі күрделі де көп қырлы. Бұл ғылыми педагогикада, психологияда, әлеуметтануда, кәсіби білім берудің теориясы мен әдістерінде,гуманитарлық ғылымда әр қырынан қарастырылып жүр. Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі бір мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген белсенді іс-әрекеттен көрінеді. Осы ретте еліміздің кәсіби білім беру жүйесі алдында, оның ішінде болашақ педагог даярлауда ең алдымен педагогтың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру міндеті тұр. Кәсіби құзыреттілік ұғымын түсіндіруде екі бағыт бар: адамның стандартқа сәйкес әрекет ету қабілеті; жеке тұлғаның жұмыста нәтижеге жетуіне мүмкіндік беретін сапалары. Зерттеуші Н.Ю.Сергеева құзыреттілік жөнінде: «Құзыреттіліктің бар-жоғын адам еңбегінің нәтижесіне қарап пайымдау кажет. Кез келген қызметкер, өз әрекетімен

кәсіби іс-әрекеттің түпкі нәтижесіне сай талаптарға жауап беретін жұмыстарды орындаса ғана, кәсіби құзыретті болып саналады»-, деп анықтама береді [4].

Еліміздің саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындарының үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған маман дайындауға ұмтылуы, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды қажет етеді. Сондықтан, кәсіби білімді маманның құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асырум болып табылады. Құзіреттілік – қызмет атқарушының жеке мүмкіншілігі оның квалификациясы (білімі мен тәжірибесі), шешім кабылдай алуы немесе белгілі бір білім мен дағдыларына сәйкес шешім қабылдауы. Құзіреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді. Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Егер болашақ педагогтың құзыреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни, бір сөзбен педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Кәсіби құзіреттілік деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Болашақ әлеуметтік педагогтың өз ісінің шебері, жақсы мұғалім болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, әлемдік білім кеңістігінің өресінен шыға алуға талпынуы керек. Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, педагогикалық инновацияларды дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын педагогикалық ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамытуды мәселесі оның тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастырудың мазызын көрсетеді. Тұлғалық-бағдарлық бағытта білім беру нәтижесі білім, біліктілік және дағды жүйесінде, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне және эмоционалды көңіл-күйді көрсете білуге, ерікті қарым-қатынасқа педагогикалық бейімделген тұлғаны қалыптастыру ретінде түсіндіріледі [5]. Ғалымдардың пікірлерін басшылыққа ала отырып, біз «құзыреттілік» ұғымына – студенттердің жеке тұлғалық психологиялық ерекшеліктеріне байланысты меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін өмірде дұрыс қолдануы деген түсінік бере аламыз. Сонымен зерреуші ғалымдардың пікірі бойынша біз еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, кәсіби оңтайлы маманнның бойында белгілі бір құзіреттіліктер қалыптасуы қажет. Біріншіден, бағдарлы құзіреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б); Екіншіден, мәдениеттанымдылық құзіреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті); Үшіншіден, оқу-танымдық құзіреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу); Төртіншіден, коммуникативтік құзіреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы); Бесіншіден, ақпараттық-технологиялық құзіреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық обьектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

Алтыншыдан, әлеуметтік-еңбек құзіреттілігі (әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті); Жетіншіден, тұлғалық өзін-өзі дамыту құзіреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті).

Қорыта келе, болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арт-технологиялар арқылы дамыту үшін ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады. Студенттің кәсіби құзыреттілігі кәсіби және жеке сапалардан құралады. Кәсіби құзыретті маман деп өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ. «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты ҚР Президентінің Жолдауы. – 1 қыркүйек 2022 ж. // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416

2. Небесаева Ж.О. Формирование готовности будущего учителя к творческой художественно-изобразительной деятельности средствами артпедагогики: Дисс... на сойскание степени докт. филос. (PhD).: 6D010700 – Изобразительное искусство и черчение – Алматы, 2017. – 179 с.

3. Светоносова Л.Г. Арт-технологии как средство формирования педагогической культуры будущего учителя. //Мир Науки. – 2016. – Том 4, №3.//https://cyberleninka.ru/article/n/art-tehnologii-kak-sredstvo-formirovaniya-pedagogicheskoy-kultury-buduschego-uchitelya/viewer

4. Сергеева Н.Ю. АРТ-педагогическое сопровождение профессиональной подготовки будущего учителя: автореф. дис. докт. пед. наук. – Чебоксары, 2010. – 49 с.

5. Тяглова С.А. АРТ-педагогический подход в условиях современного педагогического образования в России (2000-2010 гг.)// https://cyberleninka.ru/article/n/art-pedagogicheskiy-podhod-v-usloviyah-sovremennogo-pedagogicheskogo-obrazovaniya-v-rossii-2000-2010gg/viewer

ӘОЖ 376.24

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕР МЕН ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сулейменова Гульжазира Тажмагамбетовна
suleimenova.gt@yandex.ru
Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан

Анашова Жансая Мухтаровна
anashovaaa06@mail.ru
Астана халықаралық университетінің «6B03103 Психология» 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі заманауи білім беру жүйесіндегі ең өзекті мәселелердің бірі – инклюзивті оқыту жағдайындағы психологиялық әсерлер мен оның қатысушыларға ықпалы жан-жақты қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі инклюзияның тек техникалық немесе педагогикалық процесс емес, ең алдымен күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс екендігімен негізделеді. Мақала аясында ерекше білім беруді қажет ететін балалардың тұлғалық даму траекториясы, олардың өзін-өзі бағалау деңгейінің өзгеруі және әлеуметтік адаптация тетіктері талданды. Автор Л.С. Выготскийдің дизонтогенез теориясы мен М. Оспанбаеваның әдістемелік тұжырымдамаларына сүйене отырып, инклюзивті ортаның "екінші реттік ақауларды" жоюдағы рөлін айқындайды. Сонымен қатар, мақалада инклюзивті сыныптағы сау балалардың эмоционалдық интеллектісі мен эмпатия деңгейінің артуы, толеранттылық құндылықтарының қалыптасуы сияқты оң психологиялық трансформацияларға ерекше назар аударылған. Педагогтардың психологиялық дайындығы, кәсіби үрейлері мен эмоционалдық жануының алдын алу мәселелері де ғылыми тұрғыдан сараланды. Зерттеу нәтижесінде инклюзивті білім берудің табыстылығы мектептегі психологиялық сүйемелдеу сапасына және барлық қатысушылардың өзара әрекеттесу мәдениетіне тікелей байланысты екендігі туралы тұжырым жасалды. Мақаланың практикалық маңызы инклюзивті ортаны психологиялық тұрғыдан сауықтыру бойынша ұсыныстармен айқындалады.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, психологиялық әсер, әлеуметтік адаптация, ерекше білім беруді қажет ететін балалар (ЕББҚ), эмпатия, эмоционалдық интеллект, психологиялық сүйемелдеу, толеранттылық.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық әсер мәселесі қазіргі заманауи педагогика мен психологияның ең өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл процесс тек білім беру форматын өзгертумен шектелмей, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың, олардың қатарластарының және педагогтардың ішкі психологиялық ландшафтына түбегейлі ықпал етеді. М. Оспанбаеваның зерттеулерінде атап көрсетілгендей, инклюзияның негізгі мақсаты — баланың бойындағы биологиялық жетіспеушіліктің әлеуметтік салдарларын жою және оның қоғамға бейімделуіне жағдай жасау. Психологиялық тұрғыдан алғанда, ерекше баланың жалпы ортада білім алуы оның "Мен" тұжырымдамасының оң бағытта қалыптасуына, өзін-өзі бағалау деңгейінің артуына және оқшауланудан туындайтын депрессивті күйлердің алдын алуға мүмкіндік береді. Л.С. Выготскийдің әлеуметтік компенсация теориясына сүйенсек, баланың дамуындағы кез келген ақау тиісті әлеуметтік ортада басқа психологиялық функциялардың дамуы арқылы өтелуі мүмкін, бұл инклюзияның бала психикасына тигізер ең үлкен оң әсері болып саналады [1].

Теориялық шолу: инклюзияның психологиялық дамуы.

Психология ғылымында инклюзияның іргетасы Л.С. Выготскийдің «дизонтогенез» теориясымен тығыз байланысты. Выготский баланың дамуындағы кемістіктің екі деңгейін ажыратады: биологиялық (бірінші реттік) және әлеуметтік (екінші реттік) ақаулар [2, 102-б.]. Ғалымның пікірінше, баланың дамуына кедергі келтіретін нәрсе — оның физикалық кемістігі емес, сол кемістіктің салдарынан туындайтын әлеуметтік оқшаулану. Демек, инклюзияның басты психологиялық миссиясы — осы екінші реттік ақаулардың (тұйықтық, агрессия, қорқыныш) алдын алу және жою.

Гуманистік психологияның өкілдері К. Роджерс пен А. Маслоудың пайымдауынша, әрбір тұлғаның ішкі потенциалы тек қауіпсіз және қабылдаушы ортада ғана толық ашылады [3, 210-б.]. Инклюзивті білім беру ортасы ерекше бала үшін осындай «психологиялық пана» рөлін атқаруы тиіс. Бұл жерде мектептің психологиялық климаты баланың психикалық саулығының басты индикаторы ретінде көрінеді.

Ерекше балаланың тұлғалық трансформациясы.

Инклюзивті ортада білім алу баланың «Мен-тұжырымдамасына» және оның тұлғалық өсуіне бірнеше бағытта әсер етеді:

1. Өзін-өзі бағалау және психологиялық тұрақтылық.

Мамандандырылған (коррекциялық) мектептерде немесе үй жағдайында оқытылатын балалар көбіне өз мүмкіндіктерін шектеулі деп қабылдайды, бұл олардың амбицияларын төмендетеді. Ал жалпы ортада олар әлеуметтік рөлдерді (дос, оқушы, сыныптас) белсенді меңгере бастайды. Зерттеулер көрсеткендей, инклюзивті сыныптағы балалардың өзіне деген сенімі оқшауланған ортадағы балаларға қарағанда едәуір жоғары болады. Бұл — баланың өз кемістігін емес, өз жетістіктерін көруіне мүмкіндік беретін психологиялық фактор.

2. Әлеуметтік адаптация және коммуникативтік құзыреттілік.

Тілдесудің табиғи ортасы баланың сөйлеу қабілетін және әлеуметтік интеллектісін (SQ) дамытуға үлкен септігін тигізеді. Бала жанжалдарды шешуді, өзгелермен келісімге келуді және өз қажеттіліктерін ашық білдіруді үйренеді. И.Г. Елисееваның айтуынша, инклюзия — бұл баланың қоғамда өмір сүруге дайындығының нақты мектебі [4, 78-б.]. Осы дағдылар оның болашақта еңбек нарығына және әлеуметтік өмірге интеграциялануына негіз болады.

Сыныптас оқушылардың трансформациясы.

Инклюзивті білім берудің психологиялық әсері тек ерекше қажеттіліктері бар балалармен шектелмейді; ол бүкіл сынып ұжымының әлеуметтік-психологиялық динамикасын түбегейлі өзгертеді. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, инклюзивті ортада тәрбиеленген нормотипті балалардың тұлғалық дамуы мен эмоционалдық интеллектісі (EQ) оқшауланған ортадағы құрдастарына қарағанда бірнеше есе жоғары болады [5, 592-б.]. Бұл трансформация бірнеше маңызды бағыттар бойынша жүзеге асады:

1.Эмпатия және эмоционалдық рефлексия.

Инклюзивті сыныптағы балалар күнделікті өмірде өзгенің қиындығын, қажеттілігін және ерекшелігін көріп өседі. Бұл оларда «эмпатия» (өзге адамның ішкі күйін сезіну) қабілетін табиғи түрде дамытады. Олар адамдардың әртүрлі болатынын, әркімнің өз мүмкіндігі мен шегі бар екенін түсіне бастайды. Психологиялық тұрғыдан бұл баланың эгоцентрлік көзқарастан арылып, гуманистік құндылықтарды қабылдауына ықпал етеді. Нәтижесінде, мұндай оқушылардың арасында агрессия деңгейі төмендеп, бір-біріне деген психологиялық қолдау мен қамқорлық деңгейі артады [6, 94-б.].

2. Әлеуметтік толеранттылық және стигмадан арылу.

Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі жандарға қатысты қалыптасқан теріс стереотиптер мен «таңба басу» (стигматизация) үдерістері көбіне ақпараттың аздығынан туындайды. Инклюзивті сынып бұл кедергіні бала кезден жояды. Оқушылар үшін мүгедектік — бұл «ақау» емес, адамның жеке ерекшелігі ретінде қабылданады. С.В. Алехинаның пайымдауынша, бірлескен оқу барысында балалардың бойында әлеуметтік төзімділік қана емес, сонымен қатар «әртүрліліктің құндылығы» туралы психологиялық түсінік қалыптасады. Бұл болашақта инклюзивті қоғам құрудың басты психологиялық кепілі болып табылады.

3. Жауапкершілік және көшбасшылық қасиеттер.

Инклюзивті орта сау балаларды ерте есеюге және жауапкершілік алуға тәрбиелейді. Ерекше балаға көмектесу, оны ортаға бейімдеу барысында нормотипті оқушылардың ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттері артады. Бұл «тәлімгерлік» механизмі ретінде жұмыс істейді. Балалар өз білімі мен дағдыларын бөлісу арқылы өздерінің де біліктілігін нығайтады. М. Оспанбаева атап өткендей, инклюзия — бұл сау балалардың өз мүмкіндіктерін бағалауға және адамгершілік ұстанымдарын шыңдауға мүмкіндік беретін «рухани даму мектебі» болып табылады.

4. Когнитивті және коммуникативті даму.

Қарама-қайшы пікірлерге қарамастан, инклюзия сау балалардың білім сапасын төмендетпейді, керісінше, олардың когнитивті икемділігін арттырады. Мұғалім ерекше балаға ақпаратты түсінікті етіп жеткізу үшін түрлі көрнекіліктер мен жаңа әдістерді қолданғанда, бұл бүкіл сыныптың танымдық процестерін жақсартады. Балалар ақпаратты түрлі деңгейде қабылдауды және күрделі мәселелерді қарапайым жолмен шешуді үйренеді. Бұл олардың болашақ кәсіби өмірінде кез келген әлеуметтік ортаға тез бейімделуіне негіз болады.

Педагогтардың психологиялық дайындығы және кәсіби кедергілерді меңгеру.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы басты фигура — мұғалім. Алайда, практика көрсеткендей, инклюзияның сәтсіздікке ұшырауының 80%-ы материалдық базаның жоқтығынан емес, педагогтың психологиялық дайын еместігінен болады [6, 85-б.]. Мұғалімнің бойындағы психологиялық кедергілерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады:

Көптеген мұғалімдердің санасында «менің арнайы білімім жоқ, балаға зиян тигізіп алуым мүмкін» немесе «ерекше балаға уақыт бөлемін деп, басқа оқушылардың білім сапасын төмендетіп аламын» деген қорқыныш болады. Бұл — ақпараттық тапшылықтан туындайтын психологиялық тосқауыл. С.В. Алехинаның зерттеулері бойынша, мұғалімдердің тек 25-30% ғана инклюзияны толықтай қабылдауға дайын, ал қалғандары «күмәнді» позицияда қалады [6, 112-б.].

Инклюзивті сыныпта жұмыс істеу мұғалімнен екі есе эмоционалдық энергияны талап етеді. Ерекше баланың мінез-құлқындағы күтпеген өзгерістер, оқу материалының әр балаға бейімделуі (дифференциация) мұғалімді тез шаршатады. Бұл жерде М. Оспанбаева атап өткендей, педагогтың «психологиялық тұрақтылығы» басты орынға шығады. Егер мұғалімде ішкі ресурс болмаса, ол баланы қабылдай алмайды, бұл өз кезегінде баланың дезадаптациясына алып келеді.

Инклюзия — бұл тек білім беру емес, бұл мұғалімнің құндылықтар жүйесінің өзгеруі. Педагог баланы «ақауы бар адам» ретінде емес, «ерекше даму траекториясы бар тұлға» ретінде қабылдауы тиіс. Бұл психологиялық бетбұрыс жасау үшін педагогтарға тұрақты психологиялық қолдау және коучингтік жұмыстар қажет.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жүйесі және практикалық ұсыныстар.

Инклюзивті ортаның тиімділігін арттыру үшін мектепте жүйелі психологиялық сүйемелдеу моделі қалыптасуы тиіс. И.Г. Елисеева бұл процесті «баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін мультидисциплинарлық команданың жұмысы» деп сипаттайды. Осыған байланысты келесідей практикалық ұсыныстарды негіздеуге болады:

1. Тұлғалық дамудың жеке траекториясы.

Әрбір ерекше бала үшін оның тек когнитивті қабілетін емес, эмоционалдық күйін де ескеретін жеке бағдарлама жасалуы тиіс. Психолог баланың сыныптағы «әлеуметтік статусын» тұрақты қадағалап, оның шеттетілмеуін қамтамасыз етуі керек.

2. «Сенім ортасын» қалыптастыру.

Сынып оқушыларымен «біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» тақырыбындағы психологиялық тренингтер тұрақты сипатта болуы тиіс. Бұл жерде «тәлімгерлік» механизмін қолдану ұсынылады: сау балалар ерекше балаға көмектесу арқылы өздерінің жауапкершілік сезімін дамытады, ал ерекше бала әлеуметтік қолдауды сезінеді.

3. Ата-аналармен психологиялық ағарту жұмысы.

Инклюзиядағы үлкен кедергілердің бірі — сау балалардың ата-аналарының қарсылығы. Оларда «мұндай балалар менің балама теріс әсер етеді» деген стереотиптік қорқыныш болады.

Психологиялық кеңес беру арқылы ата-аналарға инклюзияның олардың балаларына «эмпатия» мен «мейірімділік» үйрететін үлкен мектеп екенін жеткізу маңызды.

4. Мұғалімдерге арналған «психологиялық жеңілдету» бөлмелері.

Мектеп әкімшілігі педагогтардың эмоционалдық күйін бақылауда ұстап, оларға арналған арт-терапиялық, релаксациялық тренингтерді жүйелі ұйымдастыруы қажет. Тек психологиялық жайлылықтағы мұғалім ғана инклюзивті мәдениетті тарата алады.

Жаңа зерттеулерге сүйенсек, инклюзивті ортада «бәсекелестік» моделі «ынтымақтастыққа» ауысып, топтың бірігу деңгейі артады. Бұл тек оқу үлгеріміне ғана емес, мектептегі буллингтің алдын алуға және балалардың стреске төзімділігін шыңдауға көмектеседі [7, 42-б.]. Алайда, инклюзияның табыстылығы көбіне педагогтың психологиялық дайындығына тікелей байланысты. Педагогтардың психологиялық тұрақтылығы мен эмоционалдық жанудан қорғалуы инклюзивті кеңістіктің сапасын анықтайды[8, 115-б.].

Психологиялық-педагогикалық түзету жұмыстарын жүйелеу.

Инклюзивті ортаның табыстылығы тек сыртқы жағдайлармен ғана емес, мектеп ішіндегі психологиялық сүйемелдеудің тереңдігімен анықталады. Р.А. Сулейменованың тұжырымдамасына сәйкес, инклюзия процесіндегі басты міндет — ерекше білім беруді қажет ететін баланың әлеуметтік бейімделуіне арналған «кедергісіз психологиялық кеңістікті» қалыптастыру [9, 38-б.]. Бұл бағытта келесідей маңызды аспектілерді ескеру қажет:

Мультидисциплинарлық тәсіл: Баланың даму динамикасын тек мұғалім емес, психолог, логопед және арнайы педагогтардан құралған топ бірлесе қадағалап, түзету жұмыстарын үйлестіріп отыруы тиіс.

Оқу үдерісін диверсификациялау: Оқу материалы мен әдістемелік құралдар әр баланың жеке когнитивті мүмкіндіктеріне және эмоционалдық ерекшеліктеріне қарай бейімделуі шарт.

Әлеуметтік интеграцияны ынталандыру: Мектептегі «ынтымақтастық» моделін дамыту арқылы ерекше баланың ортадағы оқшауланuын жойып, оның «Мен» тұжырымдамасының оң бағытта қалыптасуына жағдай жасау қажет.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық әсер мәселесін зерттей келе, бұл үдерістің тек педагогикалық формация емес, терең гуманистік және әлеуметтік-психологиялық трансформация екендігіне көз жеткіземіз. Мақала барысында талданған теориялық негіздер мен практикалық аспектілер инклюзияның қатысушыларға тигізер оң ықпалын айқындап берді. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін бұл орта — әлеуметтік оқшауланудан арылудың және тұлғалық «Мен» тұжырымдамасын оң бағытта қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады.

Сонымен қатар, инклюзивті білім беру — нормотипті оқушылардың бойында эмпатия, төзімділік және әлеуметтік жауапкершілік сияқты маңызды адамгершілік қасиеттерді дамытатын бірегей рухани мектеп. Бұл процесс тек оқушылармен шектелмей, педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жаңа белеске көтеріп, қоғамдық санадағы кедергілерді жоюға жол ашады. М. Оспанбаеваның әдістемелік тұжырымдамаларында көрсетілгендей, инклюзияның табыстылығы тек мектептің материалдық базасына емес, ең алдымен «психологиялық кедергісіз ортаның» сапасына және барлық қатысушылардың бір-бірін қабылдау деңгейіне байланысты.

Қорытындылай келгенде, жүйелі психологиялық сүйемелдеу арқылы құрылған инклюзивті кеңістік — болашақтағы кедергісіз және мейірімді қоғамның берік іргетасы болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тусупова М. М. Қазіргі білім беру жағдайындағы инклюзивті білім беру //материалдар жинағы. – 2024. – Б. 67.

2. Выготский Л. Основы дефектологии. – ЛитРес, 2021.

3. Maslow A. Motivation and Personality. – NY: Harper, 1954. – 411 p.

4. Елисеева И. Г. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в условиях инклюзивного образования: учеб.-метод. пособие / И. Г. Елисеева. – Алматы: ННПЦ КП, 2015. – 120 с.

5. Lindsay S. A scoping review of the experiences of inclusive education // International Journal of Inclusive Education. – 2018. – Vol. 22, No. 6. – P. 584-611.

6. Алехина С. В., Шеманов А. Ю. Философские и методологические основы инклюзивного образования: учебно-методическое пособие //М.: ФГБОУ ВО МГППУ. – 2022. – С. 218.

7. Назарбаева А. Қ. Инклюзивті білім берудегі психологиялық қызметтің ерекшеліктері: әдістемелік нұсқаулық. – Алматы: Білім, 2023. – 115 б.

8. Шульман Л. С. Психология инклюзивного образования: учебник для вузов. – М.: Юрайт, 2021. – 230 с.

9. Сулейменова Р. А. Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздері: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы: Ұлттық ғылыми-практикалық түзету педагогикасы орталығы, 2020. – 145 б.

УДК 376.3

РОЛЬ АРТ-ТЕРАПЕВТИЧЕСКИХ ПРАКТИК В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ

Аубакирова Жулдыз Сериковна
aubakirovazuldyz5@gmail.com

Шәкәрім Сабина Бауыржанқызы
shakarimsabina29@gmail.com
студенты 3 курса

Научный руководитель - магистр социальных наук
Акимханова Алия Амангельдыевна
aliya.akimkhanova@aiu.edu.kz
Международный Университет Астана, г. Астана, Казахстан

Аннотация

В данной статье рассматривается возможность применения арт-терапевтических методов в обучении английскому языку в условиях инклюзивного образования, подчёркивая их влияние на формирование коммуникативной компетенции, развитие эмоциональной устойчивости и повышение познавательной активности учащихся с особыми образовательными потребностями (ООП). Приводятся результаты педагогического эксперимента, подтвердившего успешную интеграцию художественных методов в процесс обучения английскому как иностранному (EFL).

Ключевые слова: арт-терапия, инклюзивное образование, английский язык, ООП, арт-педагогика, EFL.

Annotation

This article examines the potential application of art-therapeutic methods in teaching English in an inclusive education context, emphasizing their impact on the development of communicative competence, emotional resilience, and cognitive engagement of learners with special educational needs (SEN). The results of a pedagogical experiment are presented, confirming the successful integration of artistic methods into the process of teaching English as a foreign language (EFL).

Keywords: art therapy, inclusive education, English language, SEN (special educational needs), art pedagogy, EFL.

Введение

Арт-терапия, представляющая собой междисциплинарный подход, направленный на коррекцию психоэмоционального состояния через художественное выражение, активно стала использоваться в образовательной практике начиная с середины XX века, развиваясь в рамках гуманистической педагогики. На сегодняшний день данный метод считается инновационным инструментом, имеющим особую значимость для системы инклюзивного образования.

Включая арт-терапию в процесс обучения, педагоги способствуют гармоничному развитию когнитивных, эмоциональных и социальных навыков у учащихся, что особенно важно при работе с детьми с ООП, для которых традиционные методы оказываются малоэффективными.

Широкое использование арт-терапии, начавшееся в середине XX века и получившее экзистенциально-гуманистический акцент, постепенно закрепилось в педагогической практике, где данный метод рассматривается как инновационный и имеющий особое значение в образовательной среде инклюзии.

Арт-терапия есть комплекс дисциплин, направленный на работу с детьми с ограниченными возможностями здоровья (ОВЗ). Объединение педагогики и искусства дает возможность

формирования познавательной самостоятельности обучающихся. Данный подход был систематизирован благодаря Г.А Касену и А.Б. Айтбаевой. Однако было отмечено, что, несмотря на наличие исследовательских пробелов и ряда противоречий, требуется дальнейшее развитие данной области, среди них выделяются такие проблемы, как, недостаток методических ресурсов для детей всех возрастов и категорий. Большая часть исследований направлена на теоретическую разработку и рекомендации, что не обеспечивает широкого охвата проблемы в практической части. Во-вторых, остается вопрос разграничения профессиональных компетенций. Многие преподаватели не имеют специальной клинической подготовки, что может привести к риску некомпетентного вмешательства [1].

Цель и задачи исследования:

Целью исследования является анализ возможностей арт-терапевтических технологий в обучении английскому языку в условиях инклюзивного образования.

Задачи исследования:

- проанализировать потенциал арт-терапии в социально-психологическом сопровождении обучающихся с ООП;
- выявить особенности применения авторских кейсов и принципа «выделенного внимания»;
- обосновать роль художественной экспрессии как средства преодоления коммуникативных барьеров.

Теоретические основания

Концептуальной основой исследования выступает теория «обходных путей» Лев Выготский, согласно которой развитие компенсаторных механизмов позволяет преодолевать ограничения, связанные с нарушениями развития.

В рамках арт-педагогики выделяются три ключевых направления:

1. психофизиологическое (коррекция психосоматических состояний);
2. психотерапевтическое (воздействие на эмоционально-когнитивную сферу);
3. социально-педагогическое (развитие творческого потенциала) [3].

Зарубежные исследования (например, работы Miranda D'Amico и Corinn Lalonde) подтверждают эффективность групповых арт-сессий в развитии социальных навыков у детей с расстройствами аутистического спектра [4]. В то же время Ян Осборн (2003) подчеркивает, важность рисования, являющийся специфическим и эффективным подходом к получению знаний. Невербальная коммуникация является основой данного подхода, что критически важно при нарушениях речевых функции, так как позволяет компенсировать ограничения вербального общения и становится основным каналом коммуникации и эмоционального выражения у ребенка**.** [2]

Методы исследования

В исследовании использовались следующие методы:

- анализ научной литературы;
- педагогическое наблюдение;
- кейс-стади;
- лонгитюдный подход;
- комбинированные методы (опросы и интервью);
- сравнительный анализ различных нозологических групп.

Особое внимание уделялось модели системной арт-терапии, основанной на биопсихосоциальном подходе.

В инклюзивном образовании арт-технологии смещают традиционные методы и занимают центральное место в работе с детьми ООП (особыми образовательными потребностями [2]. В исследовательской практике применяется широкий спектр методов арт-терапии:

1. Групповая арт- терапия: Исследователи М. Д’Амико и К. Лалонд (2017) установили статистически значимое улучшение в поведении детей с РАС в групповой арт-методики. Поскольку используемый метод создает условия естественного социального взаимодействия и обеспечивает более результативный эффект по сравнению с индивидуальными сессиями за

счёт живого социального взаимодействия. Копытин и Агарагимова отметили значительное влияние арт-терапии на формирование “демократической атмосферы” и равноправия в группе, что редко достижимо в рамках традиционной иерархической школьной модели [4].

2. Кейс-стади: А. А. Дадырова выявила эффективность метода кейс-стади. Познавательная самостоятельность детей с ООП развивается через разбор конкретных ситуаций и анализа решение проблемы [5].

3. Наблюдение за учебным процессом: Г. А. Касеном и А. Б. Айтбаевой был использован лонгитюдное метод, что предполагает продолжительный и последовательный мониторинг за одними и теми же детьми на протяжении длительного периода, в инклюзивных группах. Использование предварительного пропедевтического этапа в арт-занятиях обеспечивает легкое и быстрое усвоение материала, способствует повышению познавательной активности и развитию творческого потенциала у учащихся [1].

4. Комбинированный метод: Для детей с ООП предлагался комбинированный метод, сочетающий количественные опросники П.Хеглера и качественные интервьюирования родителей. Однако, для данного метода характерен накопительный эффект. Первый результат будет заметен после 20 циклов занятие и приведет к снижению эмоциональной тревожности и улучшению детско-родительских отношений [6].

5. Сравнительное исследование: Исследования Е. Л. Гончаровой и О. И. Кукушкиной позволили сопоставить потребности различных нозологических групп. Ключевым фактором в преподавании арт-терапии заключается в использовании специализированных методов по типологическим вариантам развития детей (например, по уровню коммуникации, вниманию и концентрации, эмоциональной устойчивости, сенсорной чувствительности и др.) Методы исходящие из медицинского диагноза ребёнка, не всегда оказываются эффективными, поскольку не учитывают индивидуальные особенности психического, когнитивного и эмоционального развития ученика [3].

6. Модель «Системной арт-терапии»: CAT была признана наиболее эффективной. Разработанная на основе биопсихосоциальной концепции, данная модель сочетает художественное творчество с межличностным взаимодействием и вербальную рефлексию [7].

Результаты педагогического эксперимента:

Исследование проводилось в формате педагогического эксперимента с элементами наблюдения и анализа продуктов учебной деятельности обучающихся. Эксперимент был реализован в условиях инклюзивного класса в процессе преподавания английского языка и был направлен на оценку эффективности интеграции арт-педагогических методов в обучение учащихся с особыми образовательными потребностями.

В исследовании приняли участие учащиеся 5–7 классов в возрасте 10–12 лет с особыми образовательными потребностями. В выборку вошли обучающиеся с различными вариантами образовательных затруднений, включая нарушения слуха, расстройства аутистического спектра, а также трудности речевого и когнитивного развития. Исследование проводилось в условиях инклюзивного общеобразовательного класса.

В процессе обучения английскому языку в структуру уроков были интегрированы арт-педагогические методы: лепка из пластичных материалов, рисование форм и визуально-эмоциональные задания. Лепка применялась при изучении тематической лексики («animals», «food», «body parts»), где учащиеся создавали объекты, называли их и описывали на английском языке. Рисование форм использовалось при освоении пространственных предлогов (in, on, under, between) и базовых синтаксических конструкций через изображение расположения предметов и последующее словесное описание. Дополнительно применялись задания, направленные на выражение эмоциональных состояний («Draw your mood», «My fear», «My favorite place») с устным или письменным сопровождением на английском языке. Для обучающихся с ООП предоставлялась адресная поддержка в виде визуальных подсказок, упрощённых инструкций и дополнительного времени выполнения заданий.

Для оценки эффективности использовались педагогическое наблюдение, анализ продуктов учебной деятельности (рисунков, лепных объектов, устных и письменных высказываний), а

также сравнительный анализ динамики речевой активности обучающихся в ходе эксперимента. Дополнительно фиксировались изменения уровня вовлечённости и эмоциональной включённости учащихся в образовательный процесс. Оценивались следующие показатели: уровень усвоения тематической лексики, корректность употребления грамматических структур, степень самостоятельности речевых высказываний, уровень вовлечённости в учебную деятельность и снижение тревожности при использовании иностранного языка. Также учитывался индивидуальный прогресс каждого обучающегося.

Результаты показали, что использование арт-педагогических техник оказывает положительное влияние на процесс овладения английским языком учащимися с ООП. Было зафиксировано улучшение запоминания лексического материала, повышение точности употребления грамматических конструкций и рост речевой активности обучающихся. Применение лепки способствовало более прочному усвоению словаря: учащиеся чаще воспроизводили лексику без подсказок и реже допускали ошибки при повторном использовании слов. Использование рисования форм сопровождалось увеличением количества корректных употреблений пространственных предлогов, а высказывания учащихся становились более развернутыми и осмысленными. Визуально-эмоциональные задания способствовали снижению тревожности и включению в речевую деятельность даже обучающихся с низким уровнем языковой подготовки. В ряде случаев наблюдался переход от использования отдельных слов к построению простых предложений.

Полученные данные согласуются с концепцией обходных путей развития Лев Выготский и подтверждают эффективность использования альтернативных каналов восприятия в обучении. Интеграция визуальных, тактильных и эмоционально-смысловых средств позволяет компенсировать трудности вербального усвоения материала и расширяет возможности включения обучающихся с ООП в образовательный процесс.

Вместе с тем результаты подтверждают необходимость дальнейшей разработки стандартизированных методик применения арт-педагогики. Одним из главным недостатком может выступать ограниченность доказательной базы, выводы базируются лишь на субъективном анализе. Индивидуальность каждых сложившихся обстоятельств повышает уровень сложности в стандартизации указанных методов и создании единой учебной программы для образовательных учреждений [2]. А также, арт-терапевтический метод тесно зависит от профессиональной подготовкой и квалификацией преподавателя. Дополнительное психологическое образование предстает необходимым атрибутом специалиста во имя избежания деструктивного воздействия на психоэмоциональное состояние учащихся [1]. Широкий спектр применения указанного метода в массовой школьной практике ограничивается высокой стоимостью материалов и продолжительностью одного занятия, достигающая 45-90 минут [2]. Научные данные свидетельствуют о пересмотре роли арт-терапии и арт-педагогики в системе инклюзивного образования. Указанные подходы рассматриваются как базовые механизмы, обеспечивающие реализацию альтернативных путей развития обучающихся. Вместе с тем выявляется несоответствие между теоретической подготовкой метода и реальными условиями его внедрения. Ограничения связаны с дефицитом профессиональных кадров, недостаточным материально-техническим обеспечением и отсутствием унифицированных стандартов.

Выводы

Результаты исследования свидетельствуют о высокой эффективности интеграции арт-терапевтических практик в процесс обучения английскому языку в условиях инклюзивного образования. Данный подход способствует не только усвоению языкового материала, но и развитию личностных качеств, коммуникативных умений и социальных компетенций обучающихся.

Дальнейшие направления исследований могут быть связаны с разработкой унифицированных методических подходов, внедрением междисциплинарных образовательных моделей, а также использованием цифровых технологий в практике арт-педагогики.

Список использованных источников:

1. Касен Г. А., Айтбаева А. Б. Арт-педагогика и арт-терапия в инклюзивном образовании: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 184 с.
2. Мещерякова И. В. Возможности арт-терапии в работе с детьми с особыми образовательными потребностями // Центр комплексного сопровождения инклюзивного образования ПГУ, 2020. – С. 1–43
3. Гончарова Е.Л., Кукушкина О.И. Ребенок с особыми образовательными потребностями // Альманах Института коррекционной педагогики. 2002. Альманах №5
4. D'Amico, Miranda; e Lalonde, Corinn. The Effectiveness of Art Therapy for Teaching Social Skills to Children With Autism Spectrum Disorder, Art Therapy, 2017, Vol. 34:4, 176-182.
5. Дадырова А. А. Неклассические методы преподавания в инклюзивном образовании: авторский опыт в университете искусств // Человек в социокультурном измерении, 2024. – № 1. – С. 11–14.
6. Агарагимова В. К., Гасанова С. С.-Г., Кабардиева Ф. А. Арт-терапевтическое сопровождение инклюзивного образования // Мир науки, культуры, образования, 2015. – № 3 (52). – С. 92–95.
7. Медведева Е. А. Артпедагогика и арттерапия в специальном и инклюзивном образовании: учебник. – М.: Издательство Юрайт, 2018. – 274 с.

ӘОЖ 37.015.3

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ САБАҚТАРЫНДА АРТ-ТЕРАПИЯ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Еркобай Аида Турсингалиқызы
aida_erkobay@stu.aiu.edu.kz
Педагогикалық институт, 3 курс студенті,
Астана халықаралық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі: Небесаева Ж. О.
философия докторы PhD, Қауымдастырылған профессор,
Астана халықаралық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

4. Творческие перспективы: Искусство открывает новы пути для профессионального развития и самовыражения. Многие участники сообщили о том, что воодушевились и настроены на продолжение своих карьер в различных областях, связанных с искусством, медиа и дизайном.

Подводя итоги, хочу отметить, насколько искусство играет важную роль у школьников в процессе формирования личности. Искусство помогает расслабить мыслительные процессы, благодаря творчеству развивается критические мышление и нестандартное мышление. На данный момент искусство также используется в качестве занятия для расслабления, создание своего творческого видения помогает людям держать фокус на настоящем времени, что уменьшает процент тревоги и навязчивых мыслей. Посещение творческих выставок также дает благоприятный эффект для состояния человека, наблюдение за картинами расслабляет нервную систему и зрительные напряжения.

Искусство - важная часть в жизни каждого человека, важно найти подход к изучению и использованию творчества.

Список использованных источников:

1. Сознание и стресс. Творчество. Совладание. Выгорание. Душевные «болезни стресса». (2025). Россия: ЛитРес.https://www.google.kz/books/edition
2. Китаев-Смык, Л. А. (1983). Психология стресса. Россия: Наука.https://www.google.kz/books/edition
3. Искусство эмоционального интеллекта |Управляйте своими эмоциями, чтобы изменить свою жизнь. (2024). (n.p.): Adriano Leonel.https://www.google.kz/books/edition/
4. Raĭkov, V. L. (2000). Искусство и сознание: разум - зеркало вселенной : философские и психологические аспекты. Россия: Гос. науч.-иссл. центр профилактической медицины Минздрава Российской Федерации. https://www.google.kz/books/edition/

5. Approaches to Art Therapy: Theory and Technique. (2012). Соединенные Штаты Америки: Taylor & Francis. https://www.google.kz/books/edition

6. Dryden, W., Waller, D., Gilroy, A. (1992). Art Therapy. Великобритания: McGraw-Hill Education.

7. Fedotov, V. A., Cherednik, V. A. (2000). Восстановление психофизиологических сил военнослужащих средствами культуры: учебно-методическое пособие. Россия: Граница.https://www.google.kz/books/edition

ӘОЖ 159.9:378

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ТҰЛҒАНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ МЕН FOMO СИНДРОМЫНЫҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Куандыкова С.К
Kuandykova.sabina05@gmail.com
Астана Халықаралық Университеті
6В03103 Психология 3 курс студенті
Ғылыми жетекші: **Ақымбек Г.Ш**
психология магистрі, аға оқытушы

Аңдатпа

Бұл мақалада цифрлық трансформация жағдайындағы тұлғаның психологиялық қажеттіліктері мен FOMO (Fear of Missing Out) синдромының өзара байланысы қарастырылады. Қазіргі ақпараттық қоғамда әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникация құралдары адамның әлеуметтік мінез-құлқына, эмоциялық күйіне және өзін-өзі бағалауына айтарлықтай әсер етеді. Зерттеу барысында FOMO синдромының тұлғаның базалық психологиялық қажеттіліктерімен, атап айтқанда тиесілілік, қабылдану және өзін-өзі бағалау қажеттіліктерімен байланысы талданды. Сонымен қатар, цифрлық ортадағы әлеуметтік салыстыру, виртуалды коммуникация және эмоционалдық тәжірибенің ерекшеліктері қарастырылды. Зерттеу нәтижелері FOMO синдромының тұлғаның психологиялық әл-ауқатына кері әсер ететінін және оның мазасыздық пен эмоционалдық тұрақсыздықтың қалыптасуына ықпал ететінін көрсетті. Практикалық тұрғыдан алғанда, цифрлық гигиена, өзіндік рефлексия және әлеуметтік желілерді саналы қолдану тұлғаның психологиялық тұрақтылығын арттырудың маңызды факторлары болып табылады.

Түйінді сөздер: цифрлық трансформация, психологиялық қажеттіліктер, FOMO, әлеуметтік желілер, эмоциялық күй, цифрлық гигиена.

Annotation

This article examines the relationship between psychological needs of an individual in the context of digital transformation and the FOMO (Fear of Missing Out) syndrome. In the modern information society, social media and digital communication tools significantly influence human behavior, emotional state, and self-esteem. The study analyzes the connection between FOMO and basic psychological needs, including belongingness, social acceptance, and self-esteem. In addition, the features of social comparison, virtual communication, and emotional expression in the digital environment are considered. The results show that FOMO has a negative impact on psychological well-being and contributes to the development of anxiety and emotional instability. From a practical perspective, digital hygiene, self-reflection, and conscious use of social media are important factors in maintaining psychological stability.

Keywords: digital transformation, psychological needs, FOMO, social media, emotional state, digital hygiene.

Қазіргі қоғамдағы цифрлық трансформация үдерісі тұлғаның әлеуметтік өзара әрекеттесу формаларын ғана емес, оның ішкі психологиялық құрылымын да түбегейлі өзгертуде. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, интернеттің қолжетімділігі және әлеуметтік желілердің кең таралуы адамның өмір сүру стилін жаңа деңгейге көтеріп, виртуалды кеңістікті күнделікті тәжірибенің ажырамас бөлігіне айналдырды. Бұл өзгерістер тұлғаның құндылықтар жүйесіне, мінез-құлқына және психологиялық қажеттіліктеріне тікелей әсер етіп, жаңа әлеуметтік-психологиялық феномендердің пайда болуына негіз болды [1].

Цифрлық ортада қалыптасқан «желілік ұрпақ» қазіргі заманғы әлеуметтік қатынастардың жаңа типін көрсетеді. Бұл ұрпақ үшін онлайн кеңістік тек ақпарат алу құралы ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі таныту, қарым-қатынас орнату және әлеуметтік мәртебені айқындау алаңы болып табылады. Зерттеулер көрсеткендей, әлеуметтік желілер тұлғаның өзін-өзі бағалауына, «Мен» концепциясына және әлеуметтік идентификациясына айтарлықтай ықпал етеді [2].

Соңғы жылдары цифрлық ортада кең таралған психологиялық құбылыстардың бірі – FOMO (Fear of Missing Out), яғни маңызды ақпаратты, оқиғаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді жіберіп алу қорқынышы. Бұл феномен әсіресе жастар арасында жиі кездеседі және әлеуметтік желілерді белсенді қолданумен тығыз байланысты. Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, адам өз өмірін басқалардың өмірімен үнемі салыстыру барысында өзін толымсыз сезініп, мазасыздық деңгейі артады, бұл өз кезегінде эмоционалдық тұрақсыздыққа әкеледі [3].

Al-Saggaf және Nielsen (2023) жүргізген зерттеулерге сәйкес, FOMO синдромы тұлғаның базалық психологиялық қажеттіліктерінің, атап айтқанда тиесілілік, әлеуметтік қабылдану және өзін-өзі бағалау қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауымен тікелей байланысты [1]. Сонымен қатар, цифрлық коммуникацияның жаңа формалары, соның ішінде мемдер мен визуалды контент, тұлғаның эмоцияларын білдірудің жеңілдетілген тәсілдерін қалыптастырып, оның ішкі күйіне жанама әсер етеді [4].

Цифрлық трансформация жағдайында ақпараттық ағынның артуы, әлеуметтік желілердегі үздіксіз байланыс және виртуалды өзара әрекеттесудің жоғары қарқыны тұлғаның психологиялық қауіпсіздігіне де әсер етуде. Зерттеулерде көрсетілгендей, ақпараттық жүктеменің шамадан тыс болуы когнитивтік шаршауға, эмоционалдық күйзелістерге және «digital burnout» құбылысының қалыптасуына әкелуі мүмкін [5; 6].

Осыған байланысты, қазіргі ғылыми кеңістікте цифрлық ортадағы тұлғаның психологиялық қажеттіліктерін және олардың FOMO синдромымен өзара байланысын зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазіргі таңда «желілік ұрпақ» түсінігі тек белгілі бір жас ерекшелігін ғана емес, сонымен қатар цифрлық технологиялармен тығыз байланыста қалыптасқан жаңа әлеуметтік-мәдени типті білдіреді. Бұл ұрпақ үшін интернет пен әлеуметтік желілер тек ақпарат көзі ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі таныту, қарым-қатынас орнату және әлеуметтік статус қалыптастыру құралына айналған. Цифрлық кеңістік тұлғаның әлеуметтік тәжірибесінің маңызды бөлігіне айналып, оның күнделікті өмірінің ажырамас элементі болып отыр.

Богачева мен Сивактың зерттеулерінде көрсетілгендей, әлеуметтік желілердегі әлеуметтену процесі дәстүрлі әлеуметтік институттардың (отбасы, мектеп, достық орта) рөлін біршама әлсіретеді [2]. Бұл жағдайда тұлғаның әлеуметтенуі виртуалды ортада жүзеге асып, оның әлеуметтік тәжірибесі онлайн өзара әрекеттесулер арқылы қалыптасады. Виртуалды кеңістікте тұлғаның «Мен» концепциясы көбіне сыртқы бағалауға тәуелді болады, яғни лайктар, пікірлер және жазылушылар саны тұлғаның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтайтын негізгі көрсеткіштерге айналады.

Сонымен қатар, желілік ортада қалыптасқан әлеуметтік нормалар тұлғаны белгілі бір мінез-құлық үлгілеріне бейімдейді. Әлеуметтік желілердегі «идеал» өмір бейнелері мен стандарттар тұлғаның өзіндік бағалауына қысым жасап, оның дербестігін төмендетеді. Бұл жағдай тұлғаның ішкі қажеттіліктері мен сыртқы әлеуметтік талаптардың арасында қайшылық туғызады. Нәтижесінде, тұлға өзінің шынайы қажеттіліктерінен алыстап, виртуалды орта ұсынған жасанды құндылықтарға бағдарлана бастайды.

FOMO синдромының негізінде адамның әлеуметтік байланыстарға деген табиғи қажеттілігі жатыр. Адам эволюциялық тұрғыдан әлеуметтік топқа тиесілі болуға ұмтылады, себебі бұл қажеттілік қауіпсіздік пен эмоционалдық тұрақтылықтың негізгі факторы болып табылады. Алайда цифрлық ортада бұл қажеттілік жаңа формаға ие болып, үздіксіз онлайн байланысқа тәуелділік арқылы көрінеді.

Заманауи зерттеулер көрсеткендей, FOMO әлеуметтік желілердегі белсенділікпен тікелей байланысты. Innovative Journal мәліметтері бойынша, пайдаланушылар желіден тыс қалған

кезде өздерін маңызды ақпараттан немесе әлеуметтік тәжірибеден айырылғандай сезінеді [3]. Бұл құбылыс адамның когнитивтік және эмоциялық жүйесіне әсер етіп, мазасыздық, қанағаттанбаушылық және өзін төмен бағалау сияқты психологиялық күйзелістерге әкеледі.

Нейропсихологиялық тұрғыдан алғанда, әлеуметтік желілерді қолдану мидағы дофаминдік жүйемен тығыз байланысты. Әрбір жаңа хабарлама, лайк немесе пікір «сыйақы» механизмі ретінде әрекет етіп, қысқа мерзімді қанағаттану сезімін тудырады. Алайда бұл әсер уақытша болғандықтан, адам қайта-қайта әлеуметтік желіні тексеруге мәжбүр болады, бұл өз кезегінде тәуелділік мінез-құлқының қалыптасуына алып келеді.

Al-Saggaf және Nielsen (2023) атап өткендей, FOMO адамның базалық психологиялық қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауымен байланысты және ұзақ мерзімді перспективада психологиялық әл-ауқаттың төмендеуіне әкеледі [1]. Бұл тұрғыдан алғанда, FOMO тек әлеуметтік құбылыс қана емес, сонымен қатар тұлғаның ішкі қажеттіліктер жүйесінің бұзылуының көрсеткіші болып табылады.

Цифрлық коммуникация қазіргі қоғамда эмоцияларды білдірудің жаңа формаларын қалыптастырды. Әсіресе жастар арасында мемдер, қысқа видеолар және визуалды символдар эмоциялық тәжірибені жеткізудің негізгі құралдарына айналды. Бұл құралдар коммуникация процесін жеңілдетіп, ақпаратты тез әрі ықшам түрде жеткізуге мүмкіндік береді.

Sara Tabatabaei (2024) зерттеуіне сәйкес, интернет-мемдер жаңа ұрпақ үшін ерекше эмоционалдық дискурс құралы болып табылады [4]. Олар арқылы жастар өз сезімдерін жанама түрде білдіріп, күрделі эмоцияларды қарапайым әрі түсінікті формада жеткізе алады. Бұл белгілі бір деңгейде FOMO тудырған мазасыздықты уақытша төмендетуге ықпал етеді.

Алайда мұндай коммуникация формаларының кемшіліктері де бар. Мемдер мен қысқа контент эмоцияларды үстірт жеткізуге бейім болғандықтан, тұлғаның терең рефлексия жасау қабілетін төмендетуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл форматтар эмоциялық тәжірибені жеңілдетіп көрсетіп, шынайы психологиялық мәселелерді бүркемелеуі ықтимал.

Әлеуметтік желілердегі «идеалданған өмір» бейнелері де тұлғаның эмоциялық күйіне кері әсер етеді. Басқалардың жетістіктерін үнемі бақылау тұлғаның өзін төмен бағалауына, қанағаттанбаушылыққа және тұрақты ішкі кернеуге әкеледі. Бұл жағдай FOMO синдромының күшеюіне және оның тұрақты психологиялық факторға айналуына ықпал етеді.

Цифрлық трансформация жағдайында тұлғаның психологиялық қауіпсіздігі ерекше маңызға ие. Ақпараттық ағынның шамадан тыс болуы адамның когнитивтік ресурстарын сарқып, психологиялық шаршауға және эмоционалдық күйзелістерге әкеледі. Үздіксіз ақпарат қабылдау қажеттілігі тұлғаның демалу мүмкіндігін шектеп, оның психикалық тұрақтылығына кері әсер етеді.

Львів мемлекеттік университетінің зерттеулерінде цифрлық коммуникацияның психологиялық әсерлері қарастырылып, ақпараттық жүктеменің стресс деңгейін арттыратыны дәлелденген [5]. Сонымен қатар, Innova Science (2026) материалдарында цифрлық ортадағы үздіксіз байланыс адамның психологиялық қалпына келу процесін баяулатып, «digital burnout» феноменінің қалыптасуына ықпал ететіні атап өтіледі [6].

Осыған байланысты, қазіргі жағдайда тұлғаның психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «цифрлық гигиена» ұғымы ерекше маңызға ие. Бұл ұғым әлеуметтік желілерді саналы пайдалану, ақпаратты іріктеу, экран алдында өткізілетін уақытты шектеу және офлайн қарым-қатынасты дамыту сияқты дағдыларды қамтиды.

Зерттеулер көрсеткендей, тұлға өзінің шынайы қажеттіліктері мен цифрлық ортада қалыптасқан жасанды қажеттіліктерді ажырата алған жағдайда ғана психологиялық тұрақтылыққа қол жеткізе алады [7, 8]. Бұл дағды тұлғаның ішкі тепе-теңдігін сақтауға және FOMO әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген теориялық талдау нәтижелері FOMO синдромы мен тұлғаның психологиялық қажеттіліктері арасында тығыз әрі көпқырлы байланыс бар екенін көрсетеді. Цифрлық ортада әлеуметтік желілер адамның базалық қажеттіліктерін, әсіресе тиесілілік, қабылдану және өзін-өзі бағалау қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы ретінде көрінгенімен, іс жүзінде бұл қажеттіліктердің толыққанды жүзеге асуына кедергі келтіруі мүмкін [1].

Әлеуметтік желілер пайдаланушыларды үнемі онлайн кеңістікте болуға итермелей отырып, олардың әлеуметтік белсенділігін арттырғандай көрінеді. Алайда бұл белсенділік көбіне сыртқы көрініс сипатында болып, тұлғаның шынайы әлеуметтік байланыстарын әлсіретуі ықтимал. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері әлеуметтік желілердің тұлғаның әлеуметтік тәжірибесін трансформациялай отырып, оның ішкі психологиялық тұрақтылығына кері әсер ететінін көрсетеді [2].

Бұл үдерісте айқын байқалатын негізгі феномендердің бірі – парадоксалды әсер. Яғни, адам жалғыздықтан қашу және әлеуметтік байланыстарды нығайту мақсатында әлеуметтік желілерді белсенді қолданады, алайда FOMO синдромының әсерінен ол виртуалды кеңістікте өзін одан сайын оқшауланған және жеткіліксіз сезінеді. Мұндай жағдай тұлғаның ішкі қақтығысын күшейтіп, эмоционалдық тұрақсыздықтың қалыптасуына алып келеді [3].

Сонымен қатар, цифрлық орта тұлғаның өзін-өзі бағалау жүйесіне айтарлықтай ықпал етеді. Әлеуметтік желілердегі «идеалданған» өмір бейнелері мен салыстыру механизмдері тұлғаның өзін сыртқы бағалау критерийлері арқылы қабылдауына әкеледі. Нәтижесінде, тұлғаның өзіндік құндылығы тұрақсыз сипатқа ие болып, ол сыртқы факторларға тәуелді бола бастайды. Бұл құбылыс ұзақ мерзімді перспективада психологиялық тәуелділіктің қалыптасуына және мазасыздықтың созылмалы түріне өтуіне себеп болуы мүмкін [3; 4].

Зерттеу нәтижелерін талдай отырып, FOMO синдромын тек цифрлық ортаның жанама әсері ретінде ғана емес, сонымен қатар тұлғаның ішкі қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауының индикаторы ретінде қарастыруға болады. Бұл тұрғыда цифрлық кеңістік тұлғаның әлсіз тұстарын күшейтіп, оның психологиялық осалдықтарын айқын көрсетеді.

Сонымен бірге, алынған нәтижелер цифрлық коммуникацияның тұлғаның эмоциялық реттелу механизмдеріне де әсер ететінін көрсетеді. Мемдер мен қысқа форматтағы контент эмоцияларды жылдам жеткізуге мүмкіндік бергенімен, олар көбіне терең эмоционалдық өңдеуді алмастыра алмайды. Бұл жағдай тұлғаның эмоциялық тәжірибесінің үстірттенуіне және өзін-өзі түсіну деңгейінің төмендеуіне алып келуі мүмкін [4].

Осылайша, талдау нәтижелері цифрлық трансформация жағдайында тұлғаның психологиялық дамуы күрделі әрі қарама-қайшылықты сипатқа ие екенін дәлелдейді. Бір жағынан, әлеуметтік желілер тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік берсе, екінші жағынан, олар FOMO синдромы арқылы психологиялық дискомфорт пен ішкі тұрақсыздықты күшейтеді.

Қорытындылай келе, цифрлық трансформация жағдайындағы тұлғаның психологиялық дамуы күрделі, динамикалық және көпқырлы үдеріс болып табылады. Қазіргі ақпараттық қоғамда әлеуметтік желілер мен цифрлық технологиялар тұлғаның өмір сүру салтына терең енгендіктен, оның психологиялық қажеттіліктер жүйесіне айтарлықтай ықпал етеді. Осы контексте FOMO синдромы тек цифрлық ортаның жанама өнімі ғана емес, сонымен қатар тұлғаның базалық қажеттіліктерінің толық қанағаттандырылмауының маңызды индикаторы ретінде қарастырылады [1].

Зерттеу нәтижелері FOMO синдромының тұлғаның эмоциялық күйіне, өзін-өзі бағалауына және әлеуметтік мінез-құлқына тікелей әсер ететінін көрсетті. Әсіресе әлеуметтік салыстыру механизмдері мен виртуалды ортадағы «идеалданған» бейнелер тұлғаның ішкі тепе-теңдігін бұзып, тұрақты мазасыздық пен қанағаттанбаушылық сезімін қалыптастырады. Бұл өз кезегінде психологиялық тәуелділік пен эмоционалдық тұрақсыздықтың дамуына алғышарт жасайды [3].

Сонымен қатар, цифрлық орта тұлғаның әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік бергенімен, олардың сапалық мазмұнын өзгертіп, шынайы қарым-қатынастардың әлсіреуіне алып келуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда, тұлғаның психологиялық әл-ауқатын сақтау үшін цифрлық кеңістіктегі мінез-құлықты саналы түрде реттеу ерекше маңызға ие.

Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері негізінде келесі ұсыныстарды ұсынуға болады:

- әлеуметтік желілерді қолдану уақытын саналы түрде шектеу;
- офлайн қарым-қатынастарды дамыту және нығайту;

- цифрлық детокс тәжірибесін жүйелі түрде енгізу;
- өзіндік рефлексия және эмоционалдық өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту;
- ақпараттық ағынды іріктеу және «цифрлық гигиена» қағидаларын сақтау.

Innovative Journal зерттеулерінде көрсетілгендей, цифрлық гигиенаны сақтау тұлғаның психологиялық тұрақтылығын арттырудың тиімді құралдарының бірі болып табылады [3]. Бұл дағдыларды қалыптастыру тұлғаның ішкі ресурстарын күшейтіп, FOMO әсерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, цифрлық трансформация жағдайында тұлғаның психологиялық тұрақтылығы оның сыртқы ақпараттық әсерлерге бейімделу қабілетіне ғана емес, сонымен қатар өзінің ішкі қажеттіліктерін түсіну және оларды тиімді реттеу деңгейіне байланысты.

Болашақ зерттеулер цифрлық ортаның тұлғаның когнитивтік, эмоциялық және әлеуметтік дамуына ұзақ мерзімді әсерін эмпирикалық тұрғыдан тереңірек зерттеуге бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, FOMO синдромының алдын алу мен коррекциялаудың тиімді психологиялық әдістерін әзірлеу қазіргі ғылымның маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Al-Saggaf Y., Nielsen S. The FOMO syndrome and the perception of personal needs in contemporary society // *BRAIN. Broad Research in Artificial Intelligence and Neuroscience*. – 2023. – Vol. 14, No. 1. – P. 300–315.
2. Tabatabaei S. Internet memes as emotional discursive tool for new generation // *ResearchGate*. – 2024.
3. Богачева Н. В., Сивак Е. В. Сетевое поколение растет или взросление в социальных сетях // *CyberLeninka*.
4. Психология и цифровая трансформация // *Сборник научных трудов Innova Science*. – 2026. – №8.
5. Digitalization and social behavior: FOMO analysis // *Innovative Journal of Social Science Research*.
6. Психологічні аспекти цифрової комунікації // *Тези доповідей Львівського державного університету безпеки життєдіяльності*. – 2021.
7. Психология социальных сетей и личность // *Международный научный журнал «Конфессии и мир»*. – №82.
8. Современные информационные технологии и общество // *Библиосфера*.

ӘОЖ 37.013

МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖДЕ ПСИХОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА РӨЛДІК ОЙЫНДАР МЕН КЕЙС-СТАДИ АРҚЫЛЫ ЭМОЦИАНАЛДЫҚ ИНТЕЛЕКТТІ ДАМЫТУ

Жақсылық Дінмухамед Сакенұлы
dimash_15@mail.ru
«Психология негіздері»-пәні оқытшысы, Жоғары медициалық колледжі,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Медициналық колледж білімгерлері болашақ мейіргерлер, фельдшерлер және орта буын мамандары ретінде клиникалық практика кезінде жоғары эмоционалдық жүктемеге ұшырайды. Эмоционалдық интеллект (EQ) – өз эмоцияларын тану, басқару, эмпатия және әлеуметтік қарым-қатынас дағдылары – кәсіби тұлғаның гармониялық дамуы үшін маңызды ресурс болып табылады. Психология пәні сабақтарында қолданылатын интерактивті әдістер, әсіресе рөлдік ойындар мен кейс-стади, білімгерлердің эмоционалдық интеллектін дамытуға тиімді құрал ретінде қарастырылады. Мақалада Daniel Golemanның эмоционалдық интеллект моделі (self-awareness, self-management, social awareness, relationship management) негізінде психология пәніндегі интерактивті әдістердің теориялық негіздері, практикалық қолданылуы және тиімділігі талданады. Зерттеу мақсаты – медициналық колледж білімгерлерінің эмоционалдық интеллектін дамытуда рөлдік ойындар мен кейс-стади әдістерінің рөлін анықтау және оларды білім беру үдерісіндегі ресурс ретінде негіздеу.

Түйінді сөздер: эмоционалдық интеллект, психология пәні, интерактивті әдістер, рөлдік ойындар, кейс-стади, медициналық колледж білімгерлері, тұлғалық даму, эмпатия, білім беру психологиясы, психолого-педагогикалық ресурстар.

Annotation

Students of medical colleges, as future nurses, paramedics, and mid-level healthcare professionals, are exposed to high emotional stress during clinical practice. Emotional intelligence (EQ)—including the ability to recognize and manage one’s emotions, empathy, and social interaction skills—is an important resource for the harmonious development of a professional personality. Interactive teaching methods used in psychology classes, especially role-playing and case studies, are considered effective tools for developing students’ emotional intelligence. The article analyzes the theoretical foundations, practical application, and effectiveness of interactive methods in psychology based on Daniel Goleman’s model of emotional intelligence (self-awareness, self-management, social awareness, relationship management). The purpose of the study is to determine the role of role-playing and case-study methods in developing the emotional intelligence of medical college students and to substantiate them as educational resources within the learning process.

Keywords: emotional intelligence, psychology course, interactive methods, role-playing, case study, medical college students, personal development, empathy, educational psychology, psychological and pedagogical resources.

Қазіргі медициналық білім беру жүйесінде орта буын мамандарды даярлау процесі тек клиникалық дағдыларды қалыптастырумен шектелмейді. Медициналық колледж білімгерлері оқу барысында және клиникалық практика кезінде пациенттердің ауруымен, ауырсынуымен, өлім-жітіммен бетпе-бет келеді, бұл эмоционалдық жүктемені айтарлықтай арттырады. Зерттеулер бойынша, медицина білімгерлерінің арасында эмоционалдық күйіп-жану (burnout) деңгейі 28-31% құрайды, ал колледж білімгерлері үшін бұл көрсеткіш одан да жоғары болуы мүмкін [1]. Осы контексте эмоционалдық интеллект (EQ) тұлғалық дамудың маңызды компоненті ретінде шығады. Daniel Golemanның эмоционалдық интеллект моделі бойынша

EQ төрт негізгі компоненттен тұрады: өзін-өзі тану (self-awareness), өзін-өзі реттеу (self-management), әлеуметтік сана (social awareness) және қарым-қатынасты басқару (relationship management). Бұл компоненттер медицина мамандары үшін пациентпен эмпатиялық байланыс орнатуға, командада жұмыс істеуге және өз эмоцияларын басқаруға көмектеседі [2].

Психология пәні медициналық колледждегі жалпы білімдік пән ретінде білімгерлердің эмоционалдық интеллектін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Дәстүрлі дәріс форматының орнына интерактивті әдістер – рөлдік ойындар (role-playing) және кейс-стади (case studies) – қолдану тұлғалық дамудың тиімді ресурсы болып табылады. Бұл әдістер студенттерге нақты клиникалық жағдайларда эмоцияларды тануға, эмпатия көрсетуге және шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Мақалада осы әдістердің теориялық негіздері, практикалық қолданылуы және Қазақстанның медициналық колледждеріндегі тәжірибесі ғылыми тұрғыдан талданады.

Эмоционалдық интеллект – когнитивті интеллекттен (IQ) айырмашылығы, оны оқыту және дамытуға болатын дағдылар жиынтығы. Golemannың моделі бойынша, жоғары EQ адамның өзі мен басқалардың эмоцияларын тануға, оларды тиімді басқаруға және әлеуметтік қарым-қатынасты жақсартуға мүмкіндік береді. Медицина саласында бұл дағдылар пациенттердің сенімін арттырып, медициналық қателіктерді азайтып, кәсіби burnout-тың алдын алады [3].

Медициналық колледж білімгерлері үшін негізгі сын-қатерлер:

- Клиникалық практика кезіндегі эмоционалдық жүктеме (науқастардың ауыруы, өлім жағдайлары).
- Жас ерекшелігіне байланысты өзін-өзі тану және эмоцияларды реттеу дағдыларының әлі толық қалыптаспауы (16-22 жас).
- Оқу жүктемесінің жоғарылығы және мотивацияның төмендеуі.
- Кәсіби деформация қаупі (эмпатияның «күйіп-жануы»).

Зерттеулер көрсеткендей, эмоционалдық интеллекті төмен студенттерде стресс деңгейі жоғары болады, ал EQ-ны дамыту оқуға бейімделуді жақсартады және кәсіби тұлғаның гармониялық даму траекториясын қалыптастырады [4]. Қазақстан контекстінде ұлттық құндылықтар (адамгершілік, қамқорлық) эмоционалдық интеллектті дамытудың мәдени негізі болып табылады.

Рөлдік ойындар және кейс-стади – белсенді оқыту әдістерінің классикалық түрлері. Рөлдік ойындар студенттерге нақты рөлдерді (пациент, мейіргер, туыстары) орындау арқылы эмоцияларды тікелей бастан кешіруге мүмкіндік береді. Бұл әдіс эмпатияны дамытып, өз эмоцияларын тануға көмектеседі. Кейс-стади нақты клиникалық жағдайларды талдау арқылы сыни ойлауды және әлеуметтік сана-сезімді қалыптастырады.

Теориялық негіздер:

- Golemannың эмоционалдық интеллект моделі (1995, 2015).
- Salovey және Mayerдің ability-based моделі (1990).
- Психолого-педагогикалық сүйемелдеу теориясы (позитивті психология, experiential learning – Kolb моделі).

Алдымен шетелдік тәжірибеде (АҚШ, Канада, Польша) рөлдік ойындар мен кейс-стади эмоционалдық интеллектті дамыту бағдарламаларының ажырамас бөлігі болып табылады. Мысалы, SELECT бағдарламасында (АҚШ) рөлдік ойындар мен debriefing (талқылау) арқылы білімгерлердің self-awareness және relationship management дағдылары дамытылады [5]. Nelis et al. (2009) зерттеуінде 18 сағаттық EI тренинг (теория + практикалық жаттығулар) эмоционалдық дағдыларды айтарлықтай жақсартқанын көрсетті [6].

Бұған қоса отандық зерттеулерде де рөлдік ойындар медициналық білімгерлердің клиникалық ойлауын және эмоционалдық интеллектін дамытуда тиімді екені расталған [7].

Психология пәні сабақтарындағы рөлдік ойындардың практикалық қолданылуы

Медициналық колледждегі тәжірибесінде психология пәні сабақтарында келесі рөлдік ойындар қолданылады:

1. «Жаман хабарды жеткізу» — білімгерлер дәрігер немесе мейіргер рөлінде қайғылы жағдайды (диагноз, өлім) пациентке хабарлайды. Бұл эмпатия және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытады.

2. «Конфликтті шешу» — пациент пен туыстары арасындағы жанжалды модельдеу. Қарым-қатынасты басқару дағдылары қалыптасады.

3. «Эмоцияларды тану» — мимика және дене тілі арқылы эмоцияларды көрсету және болжау жаттығулары.

Рөлдік ойыннан кейін міндетті debriefing (рефлексия) жүргізіледі: «Сіз қандай эмоцияны сездіңіз? Пациенттің орнында болсаңыз не сезер едіңіз?» Бұл өзін-өзі тану компонентін күшейтеді.

Кейс-стади әдісінің қолданылуы және тиімділігі

Кейс-стади клиникалық жағдайларды (нақты немесе модельдік) топтық талқылау арқылы жүзеге асады. Мысалдар:

- «Пациенттің мазасыздануы және мейіргердің реакциясы» — білімгерлер эмоцияларды талдап, эмпатиялық жауапты ұсынады.
- «Командадағы конфликт» — әртүрлі мамандардың (мейіргер, дәрігер) өзара әрекеті талданады.

Нәтижесінде бұл әдіс әлеуметтік сана мен қарым-қатынасты басқару дағдыларын дамытады. Соның арқасында тәжірибеде кейс-стади қолданған топтарда білімгерлердің коммуникативтік сенімділігі артқанын байқауға болады. Шетелдік зерттеулерде кейс-стади мен рөлдік ойындардың комбинациясы EI-ді 20-30% жақсартатыны көрсетілген [8].

Түйіндей айтқанда психология пәні сабақтарындағы рөлдік ойындар мен кейс-стади әдістері медициналық колледж білімгерлерінің эмоционалдық интеллектін дамытуда маңызды психолого-педагогикалық ресурс болып табылады. Бұл әдістер білімгерлердің эмпатиясын, өзін-өзі реттеуін және әлеуметтік дағдыларын қалыптастырып, тұлғалық дамудың оң траекториясын қамтамасыз етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Болатов А.К. және т.б. Burnout syndrome among medical students in Kazakhstan // PMC. – 2022.

2. Goleman D. Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ. – New York: Bantam Books, 1995.

3. Goleman D. Emotional Intelligence: Why It Can Matter More Than IQ (25th Anniversary Edition). – 2015.

4. Johnson D.R. Emotional intelligence as a crucial component to medical education // Int J Med Educ. – 2015.

5. Monroe A.D.H. Fostering Emotional Intelligence in Medical Training // Virtual Mentor. – 2013.

6. Sundararajan S. et al. Emotional intelligence among medical students: a mixed methods study // BMC Med Educ. – 2018.

7. Dugué M. et al. Emotional intelligence training in health students: a pilot study // Frontiers in Sports and Active Living. – 2025.

8. Береснева О.Е. Значение развития эмоционального интеллекта у студентов медицинского вуза // CyberLeninka. – 2021.

UDC 159.923:378

BETWEEN PRESSURE AND POTENTIAL: HOW PSYCHOLOGICAL TENSION DRIVES PERSONALITY DEVELOPMENT IN EDUCATION

Aimikhan Karakat Myrzabekkyzy
3rd-year student
Astana International University, Astana, Kazakhstan
karakataimikhan@gmail.com
Scientific supervisor: Saifullayeva Nazerke Bakytkyzy
Master of Pedagogical Sciences, Astana International University

Abstract

The article is devoted to the theoretical analysis of both domestic and international studies on the psychological phenomenon of stress. Based on the classical theory of stress, cultural-historical and activity-based approaches, the authors summarize data on stress and stress resilience, reveal the current state of the problem and the possibilities of studying academic stress. The article considers the concept of academic stress and the factors of its formation among students in the educational environment of the university. The novelty of the work lies in the interpretation of academic stress from the perspective of self-organization ideas. The need to develop a system of psychological prevention in higher education is emphasized: the formation of effective coping strategies among students, resistance to stress, as well as awareness of crisis periods affecting their condition. Special attention is paid to the role of psychological support in the process of mastering educational and professional activities. Academic stress is defined as a negative psychological state that occurs under the influence of external pressure, in which a student experiences difficulties in completing learning tasks. With prolonged exposure to stressors, the situation is perceived as uncontrollable, which can lead to a decrease in self-control and deterioration of overall well-being. The authors emphasize the importance of psychological support for students and the development of their adaptation skills.

Keywords: students, academic activity, professional activity, stress, tension, psychological regulation.

ӘӨЖ 159.923:378

ҚЫСЫМ МЕН ПОТЕНЦИАЛ АРАСЫНДА: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШИЕЛЕНІС БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ТҰЛҒАНЫҢ ДАМУЫНА ҚАЛАЙ ӘСЕР ЕТЕДІ

Аймихан Қарақат Мырзабекқызы
3-курс студенті
Астана Халықаралық Университеті, Астана қ., Қазақстан
karakataimikhan@gmail.com
Ғылыми жетекші: Сайфуллаева Назерке Бақытқызы
педагогика ғылымдарының магистрі, Астана Халықаралық университеті

Аңдатпа

Мақала стресстің психологиялық құбылысын отандық және шетелдік зерттеулерді теориялық талдауға арналған. Классикалық стресс теориясына, мәдени-тарихи және белсенділік тәсілдеріне сүйене отырып, авторлар стресс пен стресске төзімділік туралы мәліметтерді жинақтайды, мәселенің қазіргі жағдайын және академиялық стрессті зерттеу мүмкіндіктерін ашады. Мақалада академиялық стресс ұғымы және оның университеттің білім беру ортасында студенттерде қалыптасу факторлары қарастырылады. Жұмыстың жаңалығы-академиялық стрессті өзін-өзі ұйымдастыру идеялары тұрғысынан түсіндіру. Жоғары оқу орындарында психологиялық профилактика жүйесін дамыту қажеттілігі атап өтіледі:

студенттерде тиімді күресу стратегияларын қалыптастыру, стресске төзімділік, сондай-ақ олардың жағдайына әсер ететін дағдарыс кезеңдерін түсіну. Оқу және кәсіби қызметті игеру процесінде психологиялық қолдаудың рөліне ерекше назар аударылады.Академиялық стресс сыртқы қысымның әсерінен пайда болатын жағымсыз психикалық күй ретінде анықталады, онда студент оқу тапсырмаларын орындауда қиындықтарға тап болады. Стресс факторларына ұзақ уақыт әсер еткенде, жағдай бақыланбайтын болып қабылданады, бұл өзін-өзі бақылаудың төмендеуіне және жалпы жағдайдың нашарлауына әкелуі мүмкін. Авторлар студенттерге психологиялық қолдау көрсетудің және олардың бейімделу дағдыларын дамытудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Түйінді сөздер: студенттер, білім беру қызметі, кәсіби қызмет, стресс, шиеленіс, психологиялық жүйе.

УДК 159.923:378

МЕЖДУ ДАВЛЕНИЕМ И ПОТЕНЦИАЛОМ: КАК ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ НАПРЯЖЕНИЕ ВЛИЯЕТ НА РАЗВИТИЕ ЛИЧНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Аймихан Каракат Мырзабекқызы
студент 3-курса
Международный университет Астана, г. Астана, Казахстан
karakataimikhan@gmail.com
Научный руководитель: Сайфуллаева Назерке Бақытқызы
магистр педагогических наук, Международный университет Астана

Аннотация

Статья посвящена теоретическому анализу отечественных и зарубежных исследований психологического феномена стресса. Основываясь на классической теории стресса, культурно-историческом и деятельностном подходах, авторы обобщают данные о стрессе и стрессоустойчивости, раскрывают современное состояние проблемы и возможности изучения академического стресса. В статье рассматривается понятие академического стресса и факторы его формирования у студентов в образовательной среде вуза.Новизна работы заключается в интерпретации академического стресса с точки зрения идей самоорганизации. Подчеркивается необходимость разработки системы психологической профилактики в высших учебных заведениях: формирования у студентов эффективных стратегий совладания, устойчивости к стрессу, а также осознания кризисных периодов, влияющих на их состояние. Особое внимание уделяется роли психологической поддержки в процессе освоения учебной и профессиональной деятельности.Академический стресс определяется как негативное психическое состояние, возникающее под влиянием внешнего давления, при котором студент испытывает трудности при выполнении учебных заданий. При длительном воздействии стрессоров ситуация воспринимается как неконтролируемая, что может привести к снижению самоконтроля и ухудшению общего состояния. Авторы подчеркивают важность психологической поддержки студентов и развития у них навыков адаптации.

Ключевые слова: студенты, образовательная деятельность, профессиональная деятельность, стресс, напряжение, психологическая система.

Introduction. In modern Kazakh society, there is an increasing demand for specialists who, in addition to performing effectively in their field, are able to regulate their psycho-emotional state, mitigate the negative effects of various environmental factors, and maintain a high level of performance. The study of stress in psychology largely depends on the methodological guidelines that determine the researcher's position [1].

Among the areas of stress study, several approaches can be identified: psychophysiological (I. P. Pavlov, G. Selye et al.); informational theories of stress (V. P. Smirnov et al.); theories of personality and concepts of resilience, considering the psychological mechanisms of coping behavior of a personality (G. Aizenk, L. N. Sobchik, S. Maddy, D. A. Leontiev) and others. Various methodological foundations contribute specifics to the interpretation of the essence of the phenomenon.

Thus, from the standpoint of the activity approach, stress is defined as a state of mental stress that occurs in a person in the process of activity in the most difficult, difficult conditions of both everyday life and under special circumstances [2]. The goals and objectives of the research are to extrapolate the provisions of the classical theory of stress in the context of a cultural, historical and activity-based approach to the analysis of the problems of psychological stress, the analysis of theoretical and methodological areas of research on the problem of academic stress, taking into account the conditions of the educational environment of a higher educational institution in the works of modern authors; proposals for their own definition of the phenomenon under study, as well as key provisions for descriptions of the variants of its manifestation among university students.

Methodology. The term "stress" emerged in scientific theory and practice at the beginning of the twentieth century and was interpreted as a psychophysiological reaction of the body to the influence of an external factor causing pathological changes. In the works of G. Selye and his students, who presented the initial interpretation of stress, stress is understood as a non-specific reaction of the body, a "general adaptation syndrome", a stereotypical response of the body having an adaptive function in response to any impact (stressors) [3].

The main provisions of the stress theory relevant to this study are as follows. In the classical definition, the term "stress" means the reaction of the human body to various external and internal influences that cause a violation of the habitual state (homeostasis). The stage-by-stage dynamics of the stress reaction is well known (from the phase of anxiety or shock at the first encounter with stressors of an external or internal nature, the subsequent mobilization of all body resources, primarily complex physiological reactions, to the phase of resistance or adaptation, when the body manages to cope with stressors).

During this period, a person resists the effects of new stressors less effectively, and the risk of diseases, including psychosomatic ones, increases. Alarm signals are localized "inside", against the background of depletion of adaptive energy. At a stage when a person's personal resources are insufficient, external support for adaptation systems (psychological and psychotherapeutic) is needed, or the elimination of stressors by revising life goals and rejecting the desired result, reducing ambitions, and also involving external resources to solve the problem. With sufficiently strong and frequent stresses, endocrine systems are additionally involved in the body's response, which is a signal of an even more destructive effect on human health [4].

During the period of students' adaptation to university studies, contradictions often manifest themselves, determining the difficulties of mastering educational and professional activities as a leading one in adolescence. Scientists note that the university study period is one of the most intellectually and emotionally stressful activities [5]. Academic activity causes mental stress associated with emotional experiences during exams, the need to achieve goals, rivalry among students, difficult life situations and relationships in the student body, conflict relationships, the inability to cope with large amounts of academic workload, and lack of time. For the majority of students, mental stress is most pronounced during the border control of the current and intermediate attestation.

Research shows that a high level of academic and interpersonal stress among first-year students correlates with emotional maladjustment and a high degree of suicidal risk [5]. Thus, the problem of academic stress in students is quite relevant. As the theoretical analysis shows, the problem of academic (academic, examination) stress of university students is increasingly becoming the subject of scientific reflection. Its separation from the general and applied theory of stress took place relatively recently, at the end of the 20th century. Currently, there is no single definition of academic stress.

Thus, T. A. Zakharenko and E. I. Kulko define it as a mental state of tension initiated by personal relationships in an educational environment, when the degree of negative impact exceeds the adaptive means of the individual [6]. The authors write that the conditions that cause the occurrence of academic stress are: insufficient amount or poor quality of rest, negative physiological circumstances, the presence of student debts and low academic performance, unformed skills of reasonable planning and time allocation, excessive academic overload, dissatisfaction with the chosen specialty, loss of interest in studying or its individual components, conflicts with classmates and teachers [7].

Discussion. The cultural and historical approach to the study of psychological stress uses the methodological potential of the domestic approach, expanding the understanding of stress. The research shows that, as a result of experiencing stress, the integrity of a lifestyle is destroyed, the possibilities of human self-realization are limited, there is a threat of destruction of the human life world, lack of psychological balance is expressed in violation of the integrity of the personality, its identity, loss of goals and meanings of life.

Summarizing the results of the analysis of the main research provisions relevant for understanding the course of academic stress among university students, as well as their own long-term professional experience as a university teacher, systematic observation of participants in the educational process allows for the identification of the following theoretical positions. Firstly, the dominant chronometers of academic stress are exams and tests as control points subject to standardized assessment and affecting the financial conditions of the further semester-long study period. Among the significant psychological problems associated with academic stress in college age, procrastination and perfectionism are observed as a result of the development of low or unstable self-esteem, a complication of interpersonal and business communication [Table 1].

Aspect	Result / Comparison
Classical stress theory vs. academic stress	Classical stress theory focuses on the body's general reaction to stressors, while academic stress is specifically related to educational pressure, exams, workload, and university life.
Main causes of academic stress	Excessive workload, poor time management, low academic performance, conflicts with teachers or classmates, lack of rest, and dissatisfaction with the chosen specialty are major causes.
Stress in first-year students vs. senior students	First-year students experience stronger emotional maladjustment because they face adaptation difficulties and a higher risk of interpersonal and academic stress.
Positive vs. negative coping strategies	Positive strategies include sleep, rest, meditation, hobbies, and social support, while negative strategies such as substance use lead to serious long-term consequences.
Effects of stress on students	Stress reduces concentration, performance, and emotional stability. It can also cause apathy, irritability, mood swings, and neuropsychological tension.
Stress as a problem vs. stress as an opportunity	Stress can threaten mental health and self-regulation, but it can also promote personal growth and self-organization when managed effectively.
Importance of psychological support	The article emphasizes that universities should provide counseling, prevention programs, and stress-management training to help students adapt successfully.

Table 1. Results and comparisons of academic stress among students.

Academic stress in students manifests itself through neuropsychiatric stress, which reduces performance and worsens the emotional state. This can cause apathy, irritability, concentration problems, and mood swings.

Working and family students, as well as students with disabilities, are at risk because they face additional pressures and adaptation difficulties.

Cognitive strategies and methods of self-regulation (sleep, rest, meditation) are effective ways to overcome academic stress. Hobbies and the support of others also reduce stress levels. Negative strategies, such as substance use, lead to serious long-term consequences.

In general, the ability to cope with academic stress depends on the development of self-regulation and self-management skills, which further affects the professional development of a person.

Conclusion. The conducted theoretical analysis of research on stress and academic stress among students allows us to consider this concept as an independent psychological phenomenon. Within the framework of the cultural and historical approach, it is shown that stress causes a "closure of the psychological system": the situation is perceived as threatening and inappropriate for the individual, which makes it difficult to self-regulate and manage their condition. Academic stress is defined as a state of emotional stress caused by external factors and affecting a student's current life. It makes learning, self-development, and maintaining psychological stability difficult, manifesting itself in various forms of reaction in conditions of risk and uncertainty. This poses a threat to the mental health and well-being of students. In this regard, the importance of organizing a system of psychological prevention, support and counseling in universities is emphasized. Of particular importance is the development of coping strategies and self-stress management skills for students at all stages of their studies. Learning how to effectively transform stressful conditions helps prevent psychological disorders. Considering academic stress from the perspective of self-organization allows us to perceive it not only as a problem, but also as a "state of opportunity" that promotes personal growth. However, the phenomenon requires further study.

References

1. Bohan, T. G. (2008). The problem of stress in psychology: a prospective analysis. Ivan Fedorov.

2. Bodrov, V. A. (1995). Psychological stress: the development of teaching and the current state of the problem. IP RAS

3. Selye, G. (2002). The stress of life. In A.E. Taras, K.V. Selchenok Psychology of extreme situations: a textbook. Moscow: AST; Minsk: Harvest

4. Zakharenko, T. A., Kulko, E. I. (2017). Learning stress: causes and manifestations. In the problems of the development of physical culture and sports in the new millennium: proceedings of the VI International Scientific and Practical Conference (Yekaterinburg, February 28, 2017). (pp. 480-484). RGPPU.

5. Klochko, V. E. (2005). Self-organization in psychological systems: problems of the formation of the mental space of a personality (introduction to a transpective analysis). Tomsk State University.

6. Matyushkina, E. Ya. (2016). Learning stress among students in different forms of education. Consultative Psychology and Psychotherapy, 24, 47-63.

7. Vorobyov, V. M., Shapoval, V. A. (2008). On the relationship of psychophysiological stress with the psychodynamic personality traits of cadets. Bulletin of the Saint Petersburg University of the Ministry of Internal Affairs of Russia, 1, 146-158.

УДК 378.147

ТВОРЧЕСКИЕ И ПРАКТИКО-ОРИЕНТИРОВАННЫЕ МЕТОДЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ЭТИЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ-ПСИХОЛОГОВ

Хан Наталья Николаевна
д.п.н, профессор
КазНПУ им.Абая
professor_khan@mail.ru_

Аннотация

В статье рассматриваются актуальные вопросы формирования профессионально-этической компетентности будущих педагогов-психологов в условиях современной образовательной экосистемы. Обосновывается значимость дисциплины «Профессиональная этика педагога-психолога» в системе подготовки специалистов психолого-педагогического профиля. Особое внимание уделяется роли творческих и практико-ориентированных методов обучения (кейс-анализ, проектные технологии, рефлексивные и визуально-интерпретационные задания) в формировании профессиональных знаний, ценностных установок и навыков этически корректного поведения. Показано, что сочетание аналитических, практических и творческих методов обучения способствует развитию профессиональной рефлексии и устойчивого понимания роли профессиональной этики в деятельности педагога-психолога.

Ключевые слова: профессиональная этика, педагог-психолог, профессионально-этическая компетентность, практико-ориентированное обучение, творческие методы обучения.

Abstract

The article examines current issues of forming professional ethical competence of future educational psychologists in the context of the modern educational ecosystem. The importance of the discipline “Professional Ethics of the Educational Psychologist” in the system of training specialists in the field of psychology and pedagogy is substantiated. Special attention is given to the role of creative and practice-oriented teaching methods (case analysis, project-based learning, reflective and visual interpretative tasks) in developing professional knowledge, value orientations, and ethically appropriate behavior skills. It is shown that the combination of analytical, practical, and creative methods contributes to the development of professional reflection and a stable understanding of the role of professional ethics in the activity of educational psychologists.

Keywords: professional ethics, educational psychologist, professional ethical competence, practice-oriented learning, creative teaching methods.

Современная образовательная экосистема характеризуется высокой динамичностью, цифровизацией, междисциплинарностью и усилением гуманистической направленности. В этих условиях существенно возрастают требования к профессиональной подготовке специалистов психолого-педагогического профиля. Особое значение приобретает деятельность педагога-психолога, поскольку она связана с сопровождением личностного развития обучающихся, диагностикой, консультированием и поддержкой субъектов образования в условиях их психологической и социальной уязвимости. Нарушение профессионально-этических норм в данной сфере может приводить к значимым индивидуальным и социальным последствиям.

В современных психолого-педагогических исследованиях этическая составляющая рассматривается как ключевой регулятор профессиональной деятельности в условиях неопределённости и расширения форм профессионального взаимодействия (Т.Ю. Базаров, И.А. Зимняя, Р.С. Немов, П.А. Шавир). В этой связи формирование профессионально-

этической компетентности будущих педагогов-психологов выступает одной из приоритетных задач профессионального образования.

В научной литературе понятия «компетенция» и «компетентность» трактуются по-разному, что обусловлено различиями в теоретико-методологических подходах. В рамках данного исследования компетентность рассматривается как интегративная характеристика личности специалиста, включающая знания, умения, ценностные ориентации и опыт профессиональной деятельности, обеспечивающие эффективное решение профессиональных задач (И.А. Зимняя, А.В. Хуторской, Э.Ф. Зеер и др.) [1–3]. Современные исследования подтверждают данную позицию, акцентируя внимание на интегративном характере компетентности, включающем когнитивный, операциональный и ценностно-мотивационный компоненты. Компетентность рассматривается как способность эффективно действовать в изменяющихся профессиональных условиях, опираясь на систему знаний, умений и личностных установок [4; 5].

С учётом указанных подходов профессионально-этическая компетентность педагога-психолога определяется как интегративное личностно-профессиональное качество, выражающееся в готовности и способности специалиста действовать в соответствии с этическими нормами и ценностями профессиональной деятельности, выстраивать конструктивное взаимодействие с участниками образовательного процесса и принимать обоснованные решения в этически сложных ситуациях на основе профессиональных знаний, умений и опыта.

В структуре образовательной программы бакалавриата по направлению «Педагогика и психология» дисциплина «Профессиональная этика педагога-психолога» выполняет важную ценностно-ориентирующую функцию. Она направлена на формирование у студентов понимания нравственных основ профессии, навыков профессионального общения, готовности к соблюдению этических норм, а также способности к анализу сложных профессионально-этических ситуаций.

Вместе с тем следует отметить, что изменения в образовательных стандартах и трансформация шифра направления подготовки в ряде случаев приводят к исключению данной дисциплины из учебных планов. Подобная тенденция представляется дискуссионной, поскольку снижает уровень системного внимания к формированию этической составляющей профессиональной подготовки будущих специалистов. В этой связи актуализируется необходимость пересмотра данного подхода при обновлении образовательных программ.

Учитывая значимость профессионально-этической подготовки, целесообразно обратиться к структуре профессионально-этической компетентности педагога-психолога, что позволяет конкретизировать её содержание и определить ориентиры формирования. В её составе выделяются следующие компоненты:

Компонент	Содержание
Когнитивный	знание этических норм, принципов и кодексов
Ценностный	гуманистические и профессиональные установки
Поведенческий	навыки этически корректного профессионального поведения
Рефлексивный	способность к анализу и оценке собственных действий

Исследования в области педагогики высшей школы подтверждают, что формирование профессиональных компетенций не может быть обеспечено исключительно усвоением теоретических знаний и во многом определяется используемыми методами обучения (А.А. Вербицкий, В.П. Беспалько). Эффективное формирование компетентности требует применения интерактивных, практико-ориентированных и творческих методов, позволяющих анализировать реальные и смоделированные профессиональные ситуации, формировать профессиональную позицию, развивать способность к этическому выбору и осмыслению ценностей профессии.

Согласно А.А. Вербицкому, наиболее результативным является контекстное обучение, в рамках которого образовательный процесс моделирует условия будущей профессиональной деятельности [6]. Практико-ориентированные задания способствуют развитию профессионального мышления и ответственности в принятии решений.

Современные казахстанские исследования (Ж.М. Сагитова, И.Аманова, А. Жунусбекова) подтверждают эффективность применения кейс-метода, проектных технологий и интерактивных методов обучения в подготовке будущих педагогов-психологов, направленных на формирование профессионально-этической компетентности.

В преподавании дисциплины особую роль играют интерактивные, рефлексивные и творческие методы обучения: анализ кейсов, моделирование профессиональных ситуаций, рефлексивные задания, проектная деятельность, видеоанализ, а также художественно-интерпретационные и творческие методы (комикс, постер, мини-видео) [7; 8]. Данные методы способствуют развитию эмоционально-ценностного восприятия профессиональных норм и их глубокому осмыслению.

Следует подчеркнуть, что описанный методический подход реализуется в преподавании дисциплины «Профессиональная этика педагога-психолога» у студентов 2 курса бакалавриата (6В01101 – Педагогика и психология). В рамках семинарских занятий используются следующие задания:

1. Этический дневник студента. Ориентирован на развитие профессиональной рефлексии, осмысление этических норм и формирование осознанного отношения к профессиональным ценностям.

2. Экспресс-задание: «Да/Нет?» направлен на развитие профессиональной рефлексии, осмысление этических норм и формирование осознанного отношения к профессиональным ценностям.

3.Рефлексивное задание («Моя реакция как будущего специалиста), включающее анализ этических ситуаций, фиксацию профессиональных ценностей, самооценку готовности к соблюдению норм. Способствует развитию профессиональной рефлексии.

4. Позиционный текст «Этика в профессии педагога-психолога»

Формирует способность аргументированно выражать профессиональную позицию и осмысливать значение этических норм.

5. Визуальная модель «Этическая карта профессии»

Развивает умение структурировать профессионально-этические нормы в наглядной форме.

6. Видеоанализ «Психолог на экране»

Способствует развитию критического мышления через анализ профессионального поведения в медиаобразах.

7. Творческий проект «Антипример». Создается образ «антипрофессионала», демонстрирующего нарушения профессионально-этических норм. В процессе обсуждения проектов формулируются правильные модели профессионального поведения.

8. Моделирование нарушений профессиональной этики с последующим обсуждением нормативных моделей поведения («Профессиональная роль и этическая ответственность»), «Анализ острых этических ситуаций»).

Формирует способности распознавать нарушения профессиональной этики, анализировать этически сложные ситуации и вырабатывать нормативные модели профессионального поведения.

9.Профессиональные кейсы («Родители требуют информации», «Просто между нами», «Скриншоты из чата» и др.) направлены на развитие навыков анализа реальных профессиональных ситуаций и принятия обоснованных, в том числе этически корректных, решений.

10. Этическая карта профессии»

Нацелена на систематизацию знаний об этических принципах и нормах профессиональной деятельности, формирование целостного представления о профессионально-этическом поведении специалиста**.**

Все студенты на вопрос: «Считаете ли вы, что использование практико-ориентированных и творческих методов обучения повышает вашу готовность соблюдать профессионально-этические нормы в будущей профессиональной деятельности?» - ответили положительно.

Таким образом, сочетание аналитических, практических и творческих методов обучения обеспечивает не только усвоение теоретических основ, но и развитие ценностных установок, рефлексии и практических навыков профессионально-этического поведения будущих педагогов-психологов.

По мнению студентов, анализ профессиональных ситуаций, обсуждение этических дилемм, ролевые игры и видеоанализ позволяют рассматривать реальные проблемы будущей профессиональной деятельности и формируют навыки принятия этически обоснованных решений (91%). Особый интерес у обучающихся вызывают творческие задания — создание визуальных моделей, комиксов, постеров, мини-видео, а также анализ образа психолога в художественных фильмах (83%). Такие формы работы, как отмечают студенты, делают учебный процесс более наглядным, эмоционально насыщенным и способствуют лучшему усвоению учебного материала. Студенты также подчеркивают, что выполнение рефлексивных заданий (например, ведение «этического дневника», написание позиционных текстов) помогает осмыслить личное отношение к профессиональным ценностям и формирует ответственное отношение к будущей профессиональной деятельности (68%).

Таким образом, сочетание аналитических, практических и творческих методов обучения делает процесс изучения дисциплины более осмысленным и мотивированным, а также способствует формированию устойчивого понимания роли профессиональной этики в деятельности педагога-психолога.

Формирование профессионально-этических компетенций будущих педагогов-психологов является ключевым направлением современного высшего образования. Эффективность данного процесса определяется использованием практико-ориентированных и творческих методов обучения, обеспечивающих развитие профессиональной рефлексии, ценностных установок и способности к этическому анализу профессиональных ситуаций.

Предложенная система заданий позволяют повысить качество подготовки будущих специалистов и обеспечить их готовность к профессиональной деятельности в современной образовательной среде.

Список использованных источников

1. Зимняя И.А. Компетенция и компетентность в контексте компетентностного подхода в образовании // Иностранные языки в школе. — 2012. — № 6. — С. 2–10.

2. Хуторской А.В. Ключевые компетенции как компонент личностно-ориентированной парадигмы образования // Народное образование. — 2003. — № 2. — С. 58–64.

3. Зеер Э.Ф. Компетентностный подход к образованию // Образование и наука. — 2005. — № 3. — С. 34–42.

4. Jiaxin G., Huijuan Z., Hasan H.M. Global competence in higher education: a ten-year systematic literature review // Frontiers in Education. — 2024. — Vol. 9. — Article 1404782. DOI: 10.3389/feduc.2024.1404782.

5. Reineholm C., Lundqvist D., Wallo A. Change competence: An integrative literature review // Work. — 2024. — Vol. 79.

6. Вербицкий А.А. Педагогические технологии контекстного обучения: научно-методическое пособие. Вып. 1. — 2-е изд. — М.: РИЦ МГГУ им. М.А. Шолохова, 2011. — 52 с.

7. Методы контекстного обучения студентов: методическое пособие. — Санкт-Петербург: Санкт-Петербургский юридический институт (филиал) Университета прокуратуры Российской Федерации, 2021. — 59 с.

8. Зуева Е.Н. Креативные методы обучения в высшей школе. — М.: Издательство Юрайт, 2021. — 159 с.

ӘОЖ 37.013

БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ БУЛЛИНГТІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУЫ МЕН ПСИХОЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӘСЕРІ

Сулейменова Гульжазира Тажмагамбетовна
suleimenova.gt@yandex.ru
Астана халықаралық университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан
Бейсембаева Жасмин Азаматқызы
zhasmin.beisembaeva@mail.ru
Астана халықаралық университетінің «6В03103 Психология» 3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада білім беру психологиясы аясында өзекті мәселелердің бірі болып табылатын буллинг құбылысы және оның жасөспірім тұлғасының дамуына тигізетін ұзақ мерзімді психологиялық әсері жан-жақты қарастырылады. Қазіргі таңда мектеп және колледж ортасында буллингтің әртүрлі формалары (физикалық, вербалды, әлеуметтік және кибербуллинг) кең таралған, бұл өз кезегінде оқушылардың психикалық денсаулығына және тұлғалық қалыптасуына айтарлықтай кері ықпал етеді.

Зерттеу барысында буллингтің пайда болу себептері ретінде әлеуметтік орта, отбасы тәрбиесі, құрдастар арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктері және жеке тұлғалық факторлар талданады. Сонымен қатар, буллингке ұшыраған жасөспірімдердің эмоционалдық жағдайында туындайтын өзгерістерге ерекше назар аударылады, атап айтқанда: мазасыздық деңгейінің жоғарылауы, депрессиялық белгілердің қалыптасуы, өзін-өзі бағалаудың төмендеуі, қорқыныш пен сенімсіздік сезімдерінің күшеюі.

Мақалада буллингтің тек қысқа мерзімді емес, ұзақ уақытқа созылатын салдары да сипатталады. Яғни, мұндай тәжірибе тұлғаның болашақтағы әлеуметтік бейімделуіне, тұлғааралық қарым-қатынасына және мінез-құлық стратегияларына әсер етуі мүмкін екендігі көрсетіледі. Кейбір жағдайларда буллинг құрбандары тұйықтыққа бейімделсе, енді біреулерінде керісінше агрессиялық мінез-құлық қалыптасуы ықтимал.

Сонымен қатар, бұл жұмыста буллинг білім беру жүйесіндегі маңызды психологиялық сын-қатер ретінде қарастырылып, оның алдын алу жолдары мен психологиялық қолдау көрсету әдістері ұсынылады. Атап айтқанда, мұғалімдер мен психологтардың рөлі, сенімді қарым-қатынас орнату, қолайлы психологиялық орта қалыптастыру және профилактикалық жұмыстар жүргізу мәселелері қозғалады.

Түйінді сөздер : Буллинг, жасөспірімдік кезең, тұлға дамуы, психологиялық әсер, білім беру психологиясы, мазасыздық, депрессия, өзін-өзі бағалау, агрессия, әлеуметтік оқшаулану, кибербуллинг, тұлғааралық қарым-қатынас, психологиялық қолдау.

Буллинг қазіргі білім беру ортасында кең таралған әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырылады. Ол оқушылар арасындағы жүйелі түрде қайталанатын агрессивті мінез-құлықты білдіреді және көбінесе бір тұлғаның екінші тұлғаға үстемдік көрсетуімен сипатталады. Буллинг бір реттік қақтығыс емес, ол белгілі бір уақыт аралығында тұрақты түрде қайталанып отыратын қысым көрсету әрекеттерінің жиынтығы болып табылады [1].

Ғылыми әдебиеттерде буллинг ұғымы көбінесе күштердің теңсіздігімен байланыстырылады. Яғни, буллинг жағдайында агрессор мен құрбанның әлеуметтік, физикалық немесе психологиялық мүмкіндіктері тең болмайды. Осындай теңсіздік құрбанның өзін қорғау қабілетін төмендетіп, оның қорғансыздық сезімін күшейтеді. Бұл жағдай жасөспірімнің ішкі күйіне терең әсер етіп, оның өзін-өзі қабылдауына және қоршаған ортаға деген сеніміне нұқсан келтіреді [2].

Буллингтің бірнеше негізгі түрлері бар. Ең кең таралғаны – физикалық буллинг, ол итеру, ұру, заттарын тартып алу сияқты тікелей әрекеттер арқылы көрінеді. Сонымен қатар вербалды буллинг те жиі кездеседі, оған мазақ ету, қорлау, кемсіту сөздер айту жатады. Бұдан бөлек, әлеуметтік буллинг (оқушыны топтан шеттету, елемеу) және қазіргі заманда кең таралған кибербуллинг (әлеуметтік желілер арқылы қысым көрсету) ерекше назар аударуды қажет етеді.

Жасөспірімдік кезеңде тұлға өзін-өзі тану және әлеуметтік орнын анықтау процесінен өтеді. Сондықтан дәл осы кезеңде орын алған буллинг жағдайлары тұлғаның қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Буллингке ұшыраған оқушыларда мазасыздық, сенімсіздік, жалғыздық сезімі күшейеді. Кей жағдайда олар өз-өзін төмен бағалап, әлеуметтік қарым-қатынастан қашқақтай бастайды.

Сонымен қатар, буллинг тек құрбанға ғана емес, агрессордың өзіне де кері әсер етуі мүмкін. Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуы болашақта девиантты әрекеттерге, әлеуметтік нормаларды бұзуға бейімділікті арттырады. Ал бақылаушы (куәгер) рөліндегі оқушыларда немқұрайлылық немесе қорқыныш сезімі қалыптасып, бұл олардың моральдық дамуына әсер етуі ықтимал [3].

Осылайша, буллинг – тұлғаның психологиялық дамуына көпқырлы әсер ететін күрделі құбылыс. Оны тек мінез-құлық мәселесі ретінде емес, білім беру ортасындағы маңызды психологиялық сын-қатер ретінде қарастыру қажет .

Буллингтің жасөспірім тұлғасының дамуына психологиялық әсері.

Буллингтің жасөспірім тұлғасының дамуына психологиялық әсерін тереңдетіп қарастыру үшін бұл құбылыстың тек сыртқы мінез-құлықты емес, тұлғаның ішкі «ядросын» қалай бұзатынын талдау қажет. Жасөспірімдік кезеңдегі психикалық дамудың басты ерекшелігі – интимді-жекелік қарым-қатынастың жетекші іс-әрекетке айналуы. Осы сәтте құрдастары тарапынан көрсетілген агрессия баланың әлеуметтік әлеммен байланысын үзіп, оның тұлғалық қалыптасуын деструктивті арнаға бұрады.

Тұлғалық деформацияның тереңдетілген талдауы.

Буллингтің әсері бірнеше фундаменталды психологиялық бағыттар бойынша жүреді:

1. «Мен-концепциясының» деструкциясы және өзін-өзі қабылдаудың бұзылуы:

Жасөспірім өзін басқалардың көзімен көру арқылы таниды. Буллинг жағдайында бала «құрбан» рөлін іштей қабылдап (интернализация), өзін «кемтар», «сәтсіз» немесе «қажетсіз» деп санай бастайды. Бұл тек уақытша көңіл-күй емес, тұлғаның базалық сеніміне айналады. Э. Эриксонның теориясы бойынша, бұл кезеңдегі сәтсіздік «рөлдердің шатасуына» әкеледі, яғни жасөспірім өзінің қоғамдағы орнын таба алмай, болашаққа деген бағдарын жоғалтады [4].

2. Эмоционалдық интеллекттің тежелуі және алекситимия:

Тұрақты психологиялық қысымда жүрген жасөспірім өз сезімдерін «өшіріп» тастауға тырысады. Бұл – ауырсынудан қорғанудың психикалық механизмі. Нәтижесінде бала өз эмоцияларын түсіну және басқару қабілетінен айырылады (алекситимия). Бұл болашақта оның басқа адамдармен жақын, сенімді қарым-қатынас орнатуына кедергі келтіреді [5].

3. Нейропсихологиялық зардаптар және «Тірі қалу режимі»:

Буллинг – бұл созылмалы стресс. Стресс гормондарының (кортизол) ұзақ уақыт жоғары болуы мидың гиппокамп бөлігіне (есте сақтау мен оқуға жауапты) кері әсер етеді. Жасөспірім когнитивті дамудан қалып, оның бүкіл психикалық энергиясы тек «қалай аман қалу керек?» деген сұраққа жұмсалады. Бұл интеллектуалдық пассивтілікке және шығармашылық қабілеттің өшуіне соқтырады [6].

4. Әлеуметтік паранойя және базалық сенімнің жоғалуы:

Э. Фромм мен К. Хорни еңбектерінде айтылғандай, баланың әлемге деген базалық сенімі (Basic Trust) буллинг кезінде түбегейлі бұзылады. Жасөспірім кез келген адамнан қауіп күтетін болады. Тіпті агрессия тоқтаған күннің өзінде, ол адамдардың жылы қабағынан астар іздеп, әлеуметтік ортадан қашқақтайды.

Буллингтің тұлғаға әсер ету кезеңдері:

1. Жедел кезең: мазасыздық, ұйқының бұзылуы, мектепке барудан бас тарту, психосоматикалық аурулар (іштің, бастың ауруы).

2. Созылмалы кезең: өзін-өзі төмен бағалаудың бекуі, оқу үлгерімінің күрт төмендеуі, депрессивті күйлер.

3. Ұзақ мерзімді (ересек шақтағы) салдар: тұлғалық бұзылыстар, сенімсіздік, отбасын құрудағы қиындықтар, суицидалды бейімділік немесе аутоагрессия [7].

Буллингке ұшыраған жасөспірімдердің психоэмоционалдық күйі және ата-ана факторы.

Ата-ананың балаға қарым-қатынасы мен әрекеттері де баланың өмірінде маңызды рөл атқарады. Егер ата-ана стресс, уайым немесе балаға деген қатаң талаптар арқылы психологиялық қысым көрсетсе, бұл жасөспірімнің буллингке қарсы тұру қабілетін төмендетеді. Керісінше, қолдаушы, сенімді және эмоционалды тұрақты ата-ана баланың психологиялық қорғанысын күшейтеді.

Тәрбиенің әсері де ескерілмей қалмайды. Жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы, эмоционалды интеллекті, конфликтіні шешу дағдылары – барлығы тәрбиеге байланысты. Мысалы, бала үйде құрметті қарым-қатынасты көрсе және қиындықтарда эмоциясын дұрыс білдіруді үйренсе, мектептегі буллинг жағдайында да өзін қорғау және қолдау іздеу мүмкіндігі жоғары болады.

Осылайша, жасөспірімде буллингтің әсері тек жеке психологиялық күйімен шектелмей, отбасылық және тәрбиелік факторлармен тығыз байланысты. Бұл факторларды кешенді түрде қарастыру арқылы психологтар мен педагогтар жасөспірімге тиімді психологиялық қолдау көрсете алады [8].

Буллингтің алдын-алу және психологиялық қолдау көрсету жолдары.

Буллингтің жасөспірім тұлғасының дамуына тигізетін психологиялық әсері мен оның алдын алу жолдары – бұл өте күрделі және көпқырлы процесс. Жасөспірімдік кезеңде тұлғаның «Мен» бейнесі құрдастарының бағалауына тікелей тәуелді болғандықтан, кез келген жүйелі қудалау баланың психикалық саулығына қайта қалпына келтіруі қиын нұқсан келтіреді. Психологиялық тұрғыдан алғанда, буллинг жасөспірімнің өзі туралы базалық түсінігін деформацияға ұшыратып, оның бойында «кінәлілік», «дәрменсіздік» және «әлеуметтік оқшаулану» сезімдерін тудырады. Бұл жағдайда баланың миы үнемі стресс гормондарын бөліп, «тірі қалу» режимінде жұмыс істейтіндіктен, оның когнитивті қабілеттері мен оқуға деген қызығушылығы күрт төмендейді. Егер дер кезінде араласпаса, бұл жарақат ересек өмірдегі тұлғалық бұзылыстарға, депрессияға және басқа адамдармен сенімді қарым-қатынас орнату қабілетінің жоғалуына әкеп соғады.

Буллингтің алдын-алу және онымен күресу тек кешенді тәсіл арқылы ғана мүмкін болады. Ең алдымен, мектеп ортасында буллингке «мүлдем төзбеушілік» мәдениетін қалыптастыру қажет, бұл жерде тек агрессор мен құрбан емес, «куәгерлердің» де рөлі маңызды. Оқушыларды басқаның сезімін түсінуге (эмпатия) және өз шекарасын агрессиясыз қорғай білуге (ассертивтілік) баулу – профилактиканың басты негізі. Ал психологиялық қолдау көрсету барысында когнитивті-бихевиоралды терапия, арт-терапия және метафоралық карталар сияқты әдістерді қолдану өте тиімді. Бұл әдістер жасөспірімге бойындағы қорқынышты сыртқа шығаруға, өзін-өзі бағалауын қайта қалпына келтіруге және әлемге деген сенімін оятуға көмектеседі. Ата-аналар мен педагогтардың басты міндеті – баланы айыптамай, оған толықтай қауіпсіздік пен эмоционалдық қолдау сезімін сыйлау. Тек осындай жүйелі қолдау ғана жасөспірімнің тұлға ретінде сау дамуын қамтамасыз ете алады [9].

Буллинг көрген жасөспірімдерге жүргізілген ұзақ мерзімді ғылыми зерттеу нәтижелері.

Уильям Коупленд пен оның әріптестері жүргізген «Great Smoky Mountains Study» зерттеуі – буллингтің салдары туралы әлемдік психология мен психиатриядағы ең беделді еңбектердің бірі. Бұл зерттеудің нәтижелері буллингті «балалық шақтың өтпелі кезеңі» емес, «тұлғаның денсаулығына түсетін ауыр соққы» деп қайта қарауға мәжбүр етті.

Зерттеудің методологиясы:

Ғалымдар Солтүстік Каролина штатының 1420 баласын таңдап алып, оларды 20 жыл бойы бақылаған.

Балалар 9, 11 және 13 жаста болғанда олардан және олардың ата-аналарынан жыл сайын сұхбат алынған. Олар 19, 21 және 25-26 жасқа толғанда қайта тексерілген.

Зерттеушілер тек психологиялық тесттермен шектелмей, олардың әлеуметтік жағдайын, соттылығын және қан құрамындағы биохимиялық көрсеткіштерді де есепке алған.

Зерттеу барысында балалар рөлдеріне қарай төрт топқа бөлінді:

1. Құрбандар: тек буллингке ұшырағандар.

2. Агрессор-құрбандар: бір ортада буллинг құрбаны болып, екінші ортада өздері басқаларды қорлайтындар.

3. Агрессорлар: тек басқаларға қысым көрсететіндер.

4. Қатысы жоқтар: буллинг процесіне мүлдем араласпағандар.

Зерттеудің ең маңызды 3 қорытындысы

А) Психикалық денсаулықтағы «іздер». Зерттеу буллингтің әсері бала есейгенде де жойылмайтынын көрсетті.

Құрбандарда: ересек жаста депрессияға түсу қаупі 3 есе жоғары болса, үрей бұзылыстары мен паникалық шабуылдар 4.3 есе жиі кездескен.

Агрессор-құрбандарда: Бұл топ ең жоғары қауіпке ие болды. Оларда суицидтік ойлар, есірткі мен алкогольге тәуелділік деңгейі басқа топтардан бірнеше есе асып түсті.

Ә) Физикалық денсаулық және «С-реактивті ақуыз» (CRP).

Коуплендтің командасы қандағы CRP (қабыну көрсеткіші) деңгейін зерттеді. CRP жоғары болса, ағзада созылмалы аурулар мен жүрек мәселелері туындайды.

Нәтиже: буллинг құрбандарында CRP деңгейі ересек шақта өте жоғары болған. Яғни, бала кездегі стресс ағзаның биологиялық жүйесін «бұзып», оны созылмалы қабыну күйінде қалдырады.

Ал агрессорларда бұл көрсеткіш, керісінше, төмен болған. Бұл олардың «үстемдік» арқылы стресстен қорғанатынын көрсеткендей болды, бірақ бұл олардың әлеуметтік статусын жақсартпады.

Б) Әлеуметтік бейімделу.

Буллингке ұшырағандар 25 жасқа келгенде:

– Жұмыссыз қалу немесе жұмыстан жиі шығып кету қаупі жоғары.

– Отбасын құру немесе достар табуда қиындықтар сезінеді.

– Табыс деңгейі орташа көрсеткіштен төмен.

Зерттеудің негізгі тезисі.

Коуплендтің басты тұжырымы: «Буллингтің зардабы тек бала кезбен шектелмейді. Бұл қоғамның денсаулығы мен экономикасына әсер ететін жаһандық мәселе». Ол буллингті балалық шаққа тән «ойын» ретінде қарауды тоқтатып, оны физикалық зорлық-зомбылық сияқты ауыр қылмыс ретінде қабылдауды ұсынды [10].

Қорытынды

Буллинг – мектептегі жасөспірімдердің күнделікті өмірінде кездесетін күрделі және көпқырлы құбылыс. Мұндай жағдайға ұшыраған балалар мен жасөспірімдер көбінесе өздерін қорғансыз сезінеді, қорқыныш пен мазасыздыққа бой алдырады. Олар өздерінің құндылығына күмән келтіріп, кейде достарымен қарым-қатынасын шектеп, топтан шеттеле бастайды. Бұл сезімдер олардың психологиялық жай-күйін ғана емес, оқу мотивациясына, пәндерді меңгеру қабілетіне де кері әсер етеді.

Буллинг құрбандары көбіне өз эмоцияларын дұрыс білдіре алмай, тұйықталып кетеді. Бұл олардың ішкі әлемін байытуға, әлеуметтік дағдыларын дамытуға кедергі келтіреді. Кейбір оқушыларда өз-өзіне сенімсіздік, жалғыздық сезімі пайда болып, қоршаған ортаға деген сенімін жоғалтады. Мұндай тәжірибелер адамның өз мүмкіндіктеріне деген сенімін әлсіретіп, қиын жағдайда дұрыс шешім қабылдау қабілетін тежейді.

Сонымен қатар, буллинг тек құрбандарға ғана әсер етпейді. Кейде бұрын құрбан болған балалар өздерін қорғай алмай, болашақта агрессорлық мінез-құлыққа бейімделіп, басқа адамдарға қысым көрсетуге бейім болуы мүмкін. Бұл олардың тұлғааралық қарым-қатынасын қиындатып, әлеуметтік нормалар мен ережелерді бұзу ықтималдығын арттырады. Сонымен

қатар, мұндай жағдайларға куә болып отырған оқушылар да өздерін қауіпсіз сезінбей, оқиғаларды бақылау немесе араласу мүмкіндігінен айырылады.

Буллингтің әсері ұзақ уақыт бойы сақталуы мүмкін. Жасөспірімдерге әсерінен кейінгі жылдарда сенімсіздік, эмоционалдық тұрақсыздық, мазасыздық белгілері байқалады. Бұл болашақ өмірде олардың қоғамдағы орнына, кәсіби даму мүмкіндігіне және жеке өміріне әсер етуі мүмкін. Сондықтан бұл құбылысты тек уақытша қиындық деп қарастыру жеткіліксіз.

Буллингке қарсы іс-қимыл жасау үшін мектеп, психолог, мұғалім және ата-ана бірлесіп жұмыс істеуі қажет. Құрбандарға психологиялық қолдау көрсету, өз сезімдерін білдіруге мүмкіндік беру, эмоцияны басқаруды үйрету – олардың психологиялық саулығын сақтау үшін маңызды. Ал мектептің тәртіп саясаты, профилактикалық сабақтар, тренингтер мен топтық жұмыстар буллингтің алдын алуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, буллинг – бұл жасөспірімнің тұлғалық дамуына әсер ететін маңызды фактор. Оны түсіну және оған қарсы шаралар жасау жасөспірімдердің сенімді, эмоционалды тұрақты және әлеуметтік жағынан сау тұлға болып өсуіне көмектеседі. Мектеп, отбасы және қоғам бірлесе отырып, балаларға қауіпсіз психологиялық ортаны қамтамасыз ете алса, жасөспірімдер өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Olweus D. Bullying at School: What We Know and What We Can Do. – Oxford: Blackwell Publishing, 2003. – 140 p.
2. Cowie H. From Birth to Sixteen: Children's Health and Wellbeing. – London: Routledge, 2018. – 264 p.
3. Coloroso B. The Bully, the Bullied, and the Bystander. – NY: HarperResource, 2003. – 256 p.
4. Ольвеус Д. Буллинг в школе: что мы знаем и что мы можем сделать? – Blackwell Publishing, 2003. – 192 с.
5. Кривцова С. В. Вместе против травли. Психологическая помощь детям. – М.: Генезис, 2011. – 112 с.
6. Петрановская Л. В. Травля в детском коллективе. Психология группы. – М.: Самокат, 2015. – 154 с.
7. Lane D. A. The Bullying Myth // Bullying in Schools / Ed. by Tattum D. P. – Stoke-on-Trent: Trentham Books, 2009. – 210 p.
8. Smith P. K., Sharp S. School bullying: Insights and perspectives. – London: Routledge, 2004. – 284 p.
9. Smith P. K., Sharp S. School bullying: Insights and perspectives. – London: Routledge, 2004. – 284 p.
10. Copeland W. E., Wolke D., Angold A., Costello E. J. Adult psychiatric outcomes of bullying and being bullied by peers in childhood and adolescence // JAMA Psychiatry. – 2013. – Vol. 70, No. 4. – P. 419–426

ӘОЖ 378.016:784:37.015.3

БОЛАШАҚ МУЗЫКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ВОКАЛДЫҚ ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЭМОЦИЯЛЫҚ РЕТТЕУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ПСИХОЛОГИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН ТАЛДАУЫ

Патима Базаралы
929382191@qq.com
1 курс PhD докторант
Өнер факультеті 8D01402 – «Музыкалық білім»,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық дайындық үдерісінде эмоциялық реттеу ресурстарының рөлі білім беру психологиясы тұрғысынан қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі қазіргі жоғары білім беру жағдайында кәсіби даярлықтың тиімділігі тек когнитивтік біліммен ғана емес, сонымен қатар тұлғаның эмоциялық тұрақтылығы, өзін-өзі реттеу қабілеті және оқу әрекетіне қатысу деңгейімен анықталуымен байланысты. Әсіресе вокалдық оқытуда студенттің дауыспен жұмыс істеуі эмоционалдық күймен, сенімділік деңгейімен және ішкі бақылау механизмдерімен тікелей байланысты күрделі психофизиологиялық үдеріс болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық даярлығында эмоциялық реттеу ресурстарының құрылымын, қызметін және педагогикалық маңызын теориялық тұрғыдан негіздеу. Зерттеу теориялық сипатта орындалып, білім беру психологиясы, нейродидактика және музыкалық педагогика салаларындағы ғылыми еңбектерді талдау, салыстыру және жүйелеу әдістеріне сүйенеді.

Нәтижесінде эмоциялық реттеу ресурстары сенімділік, мотивация, рефлексия және өзін-өзі бақылау компоненттерінің бірлігінде қарастырылып, олардың вокалдық оқыту үдерісіндегі тұрақтылықты, қатысуды және нәтижелілікті қамтамасыз ететіні анықталды. Сонымен қатар, көпсезімдік оқыту, қолдаушы кері байланыс және эмоциялық қауіпсіз орта құру сияқты педагогикалық шарттардың аталған ресурстарды дамытудағы маңызы көрсетілді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – вокалдық даярлықты эмоциялық реттеу ресурстары арқылы білім беру психологиясы контекстінде қайта қарастыруында. Практикалық маңызы – жоғары оқу орнындағы музыка мұғалімдерін даярлауда вокалдық оқытудың психологиялық негіздерін күшейтуге бағыт беруінде.

Түйінді сөздер: эмоциялық реттеу, болашақ музыка мұғалімі, вокалдық оқыту, білім беру психологиясы, өзін-өзі реттеу, оқу мотивациясы

Annotation

The article examines the role of emotional regulation resources in the vocal training of future music teachers from the perspective of educational psychology. The relevance of the study lies in the fact that, in contemporary higher education, the effectiveness of professional preparation is determined not only by cognitive knowledge, but also by emotional stability, self-regulation, and engagement in learning activities.Vocal training, in particular, represents a complex psychophysiological process in which working with the voice is closely related to emotional states, confidence and internal control mechanisms.

The aim of the study is to theoretically substantiate the structure, functions and pedagogical significance of emotional regulation resources in the vocal preparation of future music teachers. The research is theoretical in nature and is based on the analysis, comparison and systematisation of studies in educational psychology, neurodidactics and music pedagogy.

The findings indicate that emotional regulation resources should be considered as an integrated system including confidence, motivation, reflection and self-monitoring, which ensure stability,

participation and effectiveness in vocal learning. It is also demonstrated that multisensory learning, supportive feedback and emotionally safe environments play a significant role in the development of these resources.

The scientific novelty lies in reinterpreting vocal training through the lens of emotional regulation within educational psychology. The practical significance is associated with strengthening the psychological foundations of vocal instruction in teacher education.

Keywords: emotional regulation, future music teachers, vocal training, educational psychology, self-regulation, learning motivation

Қазіргі жоғары білім беру жағдайында болашақ педагогтің кәсіби дамуы енді тек пәндік білім мен педагогикалық дағдыларды жинақтаумен шектелмейді, керісінше, оқу әрекетінің психологиялық тетіктерімен, әсіресе тұлғаның эмоцияны реттеу қабілетімен барған сайын тығыз байланыста қарастырылады. Білім беру психологиясындағы зерттеулер эмоциялық реттеудің білім алушының сабаққа қатысу белсенділігіне ғана емес, сонымен қатар оқу үдерісінің тұрақтылығы мен оқу нәтижесінің тиімділігіне де елеулі ықпал ететінін көрсетеді.

Музыкалық білім беру саласында бұл мәселе ерекше мәнге ие. Жалпы оқу пәндерімен салыстырғанда, вокалдық даярлық тек дауыс қою техникасы мен орындаушылық шеберлікті игеру үдерісі ғана емес, сонымен бірге қабылдау, қимыл, эмоция және өзін-өзі бағалау компоненттерін қамтитын күрделі психофизиологиялық үдеріс болып табылады. Осы үдерісте студенттің дауысты қаншалықты дұрыс басқара алатыны тек техникалық дайындық деңгейіне ғана емес, сонымен бірге оның сол сәттегі эмоциялық күйіне, өзіне деген сенімділігіне және өзін-өзі бақылау қабілетіне тікелей байланысты [3.2]. Басқаша айтқанда, вокалдық оқытудағы қиындықтар әрдайым техникалық жеткіліксіздіктен туындамайды; көп жағдайда олар күйзеліс, тартыну, өзіне күмәндану немесе ішкі реттеу тепе-теңдігінің бұзылуы сияқты психологиялық факторлармен де сабақтас болады.

Осыған байланысты болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық даярлығын эмоциялық реттеу ресурстары тұрғысынан қарастырудың теориялық та, практикалық та маңызы зор. Мұндай талдау тәсілі вокалдық оқытуды тек шеберлік дағдыларын қалыптастыру деп түсінудің тар шеңберінен шығуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ол студентті эмоциялық тәжірибесі, психологиялық қажеттіліктері және өзін-өзі дамыту әлеуеті бар тұтас тұлға ретінде тануға жол ашады, сол арқылы оқу үдерісін неғұрлым дараланған, қолдаушы және дамытушы арнада ұйымдастыруға ықпал етеді [1.30].

Зерттеу білім беру психологиясы, нейродидактика және музыкалық педагогика салаларындағы теориялық еңбектерге негізделіп, болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық даярлығындағы эмоциялық реттеу ресурстарының құрылымын, қызметін және педагогикалық маңызын әдебиеттерді талдау, салыстыру және жүйелеу әдістері арқылы теориялық тұрғыдан қарастыруға бағытталды.

Білім беру психологиясы тұрғысынан эмоциялық реттеу тұлғаның өз эмоциялық реакцияларын танып, түзетіп, басқара отырып, оларды нақты оқу жағдаятына бейімдей алу қабілеті ретінде түсіндіріледі. Бұл қабілет оқу үдерісіне сырттай қосылатын қосымша фактор емес, керісінше, оқу белсенділігіне, оқу табандылығына және оқу нәтижесіне ықпал ететін маңызды психологиялық шарттардың бірі болып табылады. Әсіресе ұзақ уақыт бойы қабылдауды, қайталап түзетуді және көпшілік алдында өзін көрсетуді талап ететін вокалдық оқыту үшін эмоциялық реттеу оқу үдерісінің сәтті жүзеге асуының ішкі негізін құрайды.

Нейродидактика тұрғысынан алғанда, эмоциялық және когнитивтік үдерістер бір-бірінен оқшау құбылыстар емес. E. F. Zeer нейродидактиканы жоғары психикалық функцияларды белсендіруге және оқу тиімділігін арттыруға бағытталған білім беру жолы ретінде қарастырады, сондай-ақ эмоциялық күйдің оқу тиімділігіне тікелей әсер ететінін атап көрсетеді [1.30–31]. Сонымен қатар нейродидактиканың педагогикалық құбылыстарға неғұрлым тұтас түсінік беруі оның оқыту үдерісін когнитивтік психология мен нейроғылым тоғысындағы кеңістікте қарастыруымен байланысты. Осы арқылы оқу үдерісіндегі эмоция,

қабылдау, ес, зейін және мінез-құлықты реттеу арасындағы өзара байланыстар тереңірек ашылады [2.151].

Вокалдық оқытуда эмоциялық реттеу ресурстары бір ғана фактормен шектелмейді, керісінше, бірнеше психологиялық компоненттен тұратын ішкі қолдау жүйесі ретінде қарастырылғаны орынды. Соның ішінде сенімділік студенттің өз дауысын табиғи, еркін және ашық қолдануының маңызды алғышарты болып табылады. Егер студентте өз дауысына деген бастапқы сенім жеткіліксіз болса, ол ән айту барысында қысылу, тұйықталу және қашқақтау сияқты үрдістерге бейім келеді. Мұның салдарынан дыбыстың еркін шығуы бұзылып, қате дауыс қалыптастыру тәсілдері бірнеше мәрте қайталану барысында біртіндеп беки түсуі мүмкін.

Сенімділікпен тығыз байланысты келесі компонент – оқу мотивациясы. Вокалдық даярлықта мотивация тек «оқығысы келе ме, келмей ме» деген деңгеймен шектелмейді; ол студенттің дауыс жаттығуларына тұрақты қатысуға, түзетулерді қабылдауға, қиындықтарды жеңуге және қайталама жаттығуларға саналы түрде қосылуға дайындығынан көрінеді. Тұрақты әрі жағымды мотивация студенттің оқу үдерісіне қатысу белсенділігін сақтап тұрады және вокалдық жұмыстың үздіксіз жүруіне психологиялық тірек болады.

Бұдан бөлек, рефлексия қабілеті де вокалдық оқытуда елеулі орын алады. Вокалдық даярлық механикалық қайталау арқылы ғана жүзеге аспайды; ол студенттен өзінің дауыс шығару күйін, есту әсерін, денелік сезімдерін және орындау нәтижесін үнемі аңғарып, саралап отыруды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, рефлексия жалпы оқу қабілеті ғана емес, сонымен бірге студенттің дыбыс сезімін және орындаушылық бақылау дағдысын біртіндеп қалыптастыратын маңызды шарттардың бірі болып саналады.

Рефлексиямен тікелей байланысты тағы бір маңызды компонент – өзін-өзі бақылау қабілеті. Бұл – студенттің орындау барысында дыбысты жедел қабылдап, бағалап, түзетіп және реттей алу қабілеті. Мұндай қабілет есту кері байланысы мен қимылдық бақылаудың өзара үйлесуіне негізделеді және тұрақты дыбыс шығару мен оны тиімді реттеудің негізгі тетіктерінің бірі болып табылады [3.1–2]. Егер бұл қабілет жеткілікті дамымаса, студент мұғалімнің нұсқауын түсінген күннің өзінде оны нақты орындаушылық әрекетке айналдыруда қиындық көруі мүмкін.

Демек, сенімділік, мотивация, рефлексия және өзін-өзі бақылау бір-бірінен бөлек тұрған құбылыстар емес, вокалдық оқыту үдерісінде өзара байланыста әрекет ететін психологиялық тұтастық болып табылады. Олар студенттің оқу үдерісіне қатысу кезіндегі ішкі күйіне де, дыбысты басқару сапасына да, оқу әрекетінің тұрақтылығына да ықпал етеді. Осы тұрғыдан алғанда, эмоциялық реттеу ресурстары неғұрлым бай және орнықты болса, студенттің вокалдық даярлықтағы қатысу белсенділігі, өзін-өзі реттеу мүмкіндігі мен оқу нәтижелілігі де соғұрлым жоғары болады.

Вокалдық әрекеттің нейропсихологиялық негіздерін зерттеу бұл тұжырымды тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді. J. M. Zarate зерттеулерінде ән айту жекелеген мүшелердің механикалық қозғалысы емес, бірнеше нейрондық жүйенің өзара үйлесімді әрекетіне негізделген күрделі мінез-құлықтық үдеріс ретінде сипатталады [3.1]. Ән айту барысында дауысты басқару есту кері байланысының, қимылдық орындалудың және ішкі бақылау тетіктерінің динамикалық үйлесуіне сүйенеді, ал бұл үдерістер эмоциялық күйдің ықпалына оңай ұшырайды [3.7]. Сондықтан білім алушы күйзеліс, мазасыздық немесе өзін теріс бағалау жағдайында болған кезде, оның дауысты басқаруы да айтарлықтай бұзылуы ықтимал.

Нейровизуализациялық зерттеулер де бұл бағыттағы пайымдарды толықтыра түседі. Олардың нәтижелері вокалдық тәжірибе артқан сайын білім алушының есту мен қимылдық бақылау жүйелерінің өзара үйлесу тиімділігі жоғарылайтынын көрсетеді [4.556]. Бұл вокалдық қабілеттің дамуы жай ғана қайталама жаттығулардың нәтижесі емес, қабылдау, қимыл және психологиялық реттеу үдерістерінің бірлескен әрекетінің жемісі екенін аңғартады. Мұндай жағдайда эмоциялық тұрақтылық айрықша мәнге ие, өйткені ол студенттің оқу үдерісіне ұзақ уақыт белсенді қатысуына ғана емес, жаттығу кезінде қабылдау анықтығын және қимылды реттеу тиімділігін сақтап қалуына да ықпал етеді.

Сонымен қатар қазіргі зерттеулер есту ажырату қабілетін дамытудың өзі ғана вокалдық оқыту нәтижесін толық қамтамасыз ете алмайтынын көрсетеді. Есту арқылы қабылдауды дауыс шығару қимылымен ұштастырған жағдайда ғана студент дыбысты тиімді басқару қабілетін қалыптастыра алады [3.7]. Бұл да вокалдық оқытудың жай ғана техникалық дағдыны көшіру үдерісі емес, қабылдау, қимыл, эмоция және таным қатар қамтылатын кешенді оқу әрекеті екенін дәлелдейді.

Осы теориялық пайымдарға сүйене отырып, болашақ музыка мұғалімдерінің эмоциялық реттеу ресурстарын дамыту мақсатында вокалдық оқытуда бірнеше маңызды педагогикалық шарттарға ерекше назар аудару қажет. Ең алдымен, эмоциялық қауіпсіз оқу ортасын құру айрықша мәнге ие. Студент өзін сәтсіздікке ұшыраудан, ұялып қалудан немесе теріс бағаланудан шамадан тыс қорықпайтын жағдайда ғана даусын ашық шығарып, жаңа тәсілдерді сынап көруге және түзетулерді қабылдауға дайын болады. Әсіресе бастапқы деңгейдегі көптеген студенттер үшін көпшілік алдында дауыс шығару өз алдына психологиялық қысым тудырады. Сондықтан сабақтағы атмосфераның қауіпсіздігі олардың оқу әрекетіне қатысу белсенділігін тікелей айқындайды.

Келесі маңызды шарт – қолдаушы кері байланысты ұйымдастыру. Қателікті ғана көрсетумен шектелетін түзетулерге қарағанда, ынталандырушы, бағыттаушы және конструктивті сипаттағы кері байланыс студенттің өзіне деген сенімін нығайтып, әрі қарай жаттығуды жалғастыруға деген ынтасын арттырады. Бұл талапты төмендету деген сөз емес. Керісінше, мұғалім вокалдық қателерді түзету барысында студенттің эмоциялық қабылдау ерекшелігін де ескеріп, кәсіби тұрғыдан нақты әрі психологиялық жағынан қолдаушы ықпал жасай білуі тиіс.

Сондай-ақ көпсезімдік оқыту вокалдық даярлықта ерекше құндылыққа ие. Дыбыс табиғатының өзі едәуір абстрактілі болғандықтан, тек ауызша түсіндіру арқылы студенттің дауыс шығару талабын дәл түсінуіне әрдайым қол жеткізу мүмкін бола бермейді. Ал егер есту үлгісі, денелік сезіну, тыныс алуды байқау және көру арқылы бақылау сияқты бірнеше қабылдау арнасы қатар қолданылса, студент денелік сезім мен дыбыс нәтижесі арасындағы байланысты әлдеқайда нақтырақ түсінеді. Соның нәтижесінде оқу тиімділігі де арта түседі [1.32].

Мағыналы қайталаудың да маңызы кем емес. Нейродидактика тұрғысынан шынайы нәтижелі қайталау механикалық жаңғырту емес, түсінікке негізделген саналы жаттығу болып табылады. Осындай жұмыс түрі тиісті нейрондық байланыстардың беки түсуіне ықпал етіп, дағдының біртіндеп тұрақтануына жағдай жасайды [2.151]. Вокалдық оқыту жағдайында бұл қайталау қабылдау, түзету және кері байланыспен бірлікте ұйымдастырылуы керек дегенді білдіреді. Яғни жаттығу санасыз еліктеу деңгейінде қалмай, студенттің ішкі түсінуімен қатар жүруі тиіс.

Соңында, оқыту үдерісінде рефлексияны мақсатты түрде ұйымдастыру да аса маңызды. Сабақ барысында қойылатын сұрақтар, студенттің өзін-өзі сипаттауы, орындаудан кейінгі талдау немесе мұғалім мен студент арасындағы бірлескен пікір алмасу – мұның бәрі студенттің өз оқу әрекетін түсіну қабілетін біртіндеп дамытуға бағытталуы қажет. Бұл ретте рефлексия тек нәтижені еске түсіру құралы емес, өзін-өзі реттеу тетіктерін қалыптастыратын пәрменді жол ретінде қарастырылады.

Жалпы алғанда, аталған педагогикалық шарттардың құндылығы тек сабақтағы жайлы атмосфераны қамтамасыз етумен шектелмейді. Ең бастысы, олар психологиялық тұрғыдан студенттің вокалдық дамуын қолдап, оқу үдерісінің тұрақтылығы мен нәтижелілігін арттыруға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан келгенде, вокалдық оқытуды жай ғана дауыс қою техникасын үйрету үдерісі деп қабылдау жеткіліксіз; оны студенттің психологиялық дамуы мен кәсіби қалыптасуы өзара астасатын күрделі білім беру әрекеті ретінде түсінген жөн.

Зерттеудің теориялық талдауы болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық даярлығында эмоциялық реттеу ресурстарының маңызды тірек қызметін атқаратынын көрсетті. Сенімділік, мотивация, рефлексия және өзін-өзі бақылау студенттің эмоциялық жағдайына ғана емес, оның дауысты пайдалану сапасына, оқу белсенділігіне және жаттығудың ұзақ мерзімділігіне

де терең әсер етеді. Сондықтан вокалдық оқытуды нәтижелі ұйымдастыру үшін мұғалім техникалық дайындықпен қатар студенттің психологиялық күйіне және оның ішкі реттеу тетіктеріне де назар аударуы қажет.

Білім беру психологиясы тұрғысынан бұл тұжырым оқытуды дараландырудың және студенттің ішкі ресурстарын дамытудың маңызын тағы бір мәрте дәлелдейді. Сонымен бірге нейродидактика вокалдық оқытудағы эмоция мен танымның бірлігін түсіндіруге мүмкіндік беретін теориялық негіз ретінде көрінеді [1.35]. Дегенмен зерттеудің теориялық сипатта орындалғанын ескере отырып, мұнда жасалған тұжырымдар алдағы эмпирикалық зерттеулер арқылы одан әрі нақтыланып, тереңдетілуі тиіс.

Қорытындылай келе, болашақ музыка мұғалімдерінің вокалдық даярлығын тек техникалық шеберлікті меңгерту аясында ғана қарастыру жеткіліксіз. Бұл үдерісте студенттің эмоциялық реттеу ресурстарының қалыптасуы мен дамуына да ерекше мән берілуі қажет. Тек эмоциялық қолдау, қауіпсіз орта, өзін-өзі сезіну және саналы жаттығу қатар қамтамасыз етілген жағдайда ғана вокалдық оқыту тұрақты әрі терең нәтиже бере алады. Осындай тұжырымдар музыка мұғалімдерін даярлау жүйесінде білім беру психологиясының рөлін одан әрі күшейтуге теориялық негіз бола алады。

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. E. F. Zeer Нейродидактика – инновационный тренд персонализированного образования // Профессиональное образование и рынок труда. 2021. №4. С. 30–38.

2. E. A. Mestoeva, M. H. Malsagova Нейродидактический подход в методологии педагогики // Мир науки, культуры, образования. 2021. №4 (89). С. 151–152.

3. J. M. Zarate The neural control of singing // Frontiers in Human Neuroscience. 2013. Vol. 7. Article 237.

4. G. O. Amorim et al. Contributions of neuroimaging in singing voice studies: a systematic review // Rev. CEFAC. 2017. Vol. 19(4). P. 556–564.

ӨЗІН ЖОҒАЛТУ: ТӘУЕЛДІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТА ТҰЛҒАЛЫҚ ШЕКАРАНЫҢ БҰЗЫЛУЫ

Пазылбек Балнұр Базарбекқызы
keanjjiass@gmail.com
Астана Халықаралық Университетінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: Ақымбек Гүлазира Шардарбекқызы
agsh999@mail.ru
Астана Халықаралық университетінің аға оқытушысы, психология магистрі

Аңдатпа

Бұл мақалада созависимдік және созависимді қарым-қатынастардың психологиялық ерекшеліктері қарастырылады. Созависимдік адамның өз қажеттіліктерін елемей, басқа адамға шамадан тыс тәуелді болуымен сипатталады. Зерттеу нәтижелері мұндай қарым-қатынастарда өмірлік тепе-теңдіктің бұзылуы, эмоционалдық шаршау және өмірге қанағаттанудың төмендеуі байқалатынын көрсетті.

Түйінді сөздер: созависимдік, созависимді қарым-қатынас, эмоционалдық тәуелділік, өмірлік тепе-теңдік, өзін-өзі бағалау.

Annotation

This article examines the psychological features of codependency and codependent relationships. Codependency is characterized by excessive emotional reliance on another person and neglect of one’s own needs. The study shows that such relationships are associated with imbalance in life, emotional exhaustion, and low life satisfaction.

Keywords: codependency, codependent relationships, emotional dependence, life balance, self-esteem.

Тақырыптың өзектілігі қазіргі уақытта адамның созависимді қарым-қатынастарға бейімділігінің қалай қалыптасатыны туралы нақты түсініктің болмауымен байланысты. Дегенмен, практикалық психологияда мұндай өзара қатынас мәселелері жиі кездеседі. Балалық шақтағы бауыр басу байланыс типіне тәуелді созависимді қарым-қатынастардың қалыптасуын қарастыру барысында тек маңызды корреляцияларды ғана анықтап қоймай, сонымен қатар адамның өзімен жұмыс жасау жолдарын да талдаймыз.

Біріккен тәуелділіктің анықталған белгілері

«Біріккен тәуелділік» ұғымы психологиялық терминологияға алғашында отбасында алкогольге тәуелді жақын адамы бар адамдардың (көбіне әйелдердің) мінез-құлқын сипаттау үшін енгізілген. Қазіргі уақытта бұл термин екі адамның өмірінде шамадан тыс эмоционалдық (кейде физикалық және әлеуметтік) тәуелділікпен сипатталатын, басқа құндылықтарды ығыстырып, қанағаттану әкелмейтін қарым-қатынас ретінде қарастырылады. Л.А. Пузырёва жүргізген ғылыми талдау негізінде созависимді қарым-қатынастардың келесі белгілері анықталған:

– адамның өзекті қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауы;
– жеке қажеттіліктерін ажырата алмау және психологиялық шекаралардың әлсіздігі;
– үрей, паника және депрессиялық күйге бейімділік;
– өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығы және сыртқы бағалауға тәуелділік;
– қарым-қатынастағы жағдайды объективті бағалай алмау;
– серіктесті бақылауға ұмтылу;
– жауапкершілікті шамадан тыс өзіне алу;
– өз көзқарасын қорғай алмау. Аталған белгілер балалық шақтағы бауыр басу типтерінің ересек өмірдегі қарым-қатынастарға әсерін зерттеуге негіз болады [1].

Отбасының созависимді мінез-құлықтың қалыптасуына әсері

Бауыр басу байланысы мен отбасы ықпалын көптеген зерттеушілер қарастырған. А.С. Дубинина анаға деген эмоционалдық байланысты тұлғаның коммуникативтік, эмоционалдық және когнитивтік дамуына әсер ететін маңызды фактор ретінде сипаттайды. П. Криттен өз еңбектерінде деструктивті байланысты маңызды ересек адамға қатысты ақпаратты өңдеу ерекшеліктерімен бірге түсіндіреді. Оның пікірінше, мұндай жағдайда адам эмоцияларды түсіну, сондай-ақ басқа адамдардың мінез-құлқын болжауда қиындықтарға тап болады.

Сонымен қатар, А.С. Антонов, Э.В. Третяк, Е.А. Урусова еңбектерінде ата-аналық отбасының тұлғааралық қарым-қатынастарға ықпалы көрсетіледі. Негізгі факторлар ретінде отбасының функционалдылығы, тәрбие стилі және ата-ана мен бала арасындағы қатынас ерекшеліктері атап өтіледі [2].

Мақалада қазақ ағартушысы, психолог-ғалым Ж. Аймауытовтың педагогикалық мұрасындағы кіріктірілген оқыту (комплекстік жүйе) парадигмасының теориялық-әдіснамалық негіздері зерделенеді. Автордың «Комплекспен оқыту жолдары» (1929) еңбегіндегі пәнаралық синтез, атап айтқанда ана тілі, тарих және география пәндерін біртұтас мазмұнда ұйымдастыру идеялары қазіргі білім беру контекстінде қайта жаңғыртылады. Зерттеудің басты назары – Ж. Аймауытовтың «пән жүйесі» мен «комплекстік жүйе» туралы дидактикалық тұжырымдамаларын пайдалана отырып, бастауыш сынып оқушыларының мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырудың ғылыми модельдерін негіздеуге бағытталған. Ғалым ұсынған «Жаратылыс – Еңбек – Қоғам» үштік концепциясы мәтінді мазмұндық тұрғыдан кіріктірудің басты құралы ретінде айқындалады. Мақаланың нәтижесінде бастауыш мектепте оқушылардың танымдық белсенділігі мен функционалдық сауаттылығын арттыруда тарихи педагогикалық мұраны тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: комплекспен оқыту жүйесі, интеграция, Ж. Аймауытов, мәтінмен жұмыс дағды, бастауыш білім беру, функционалдық сауаттылық.

Annotation

This article offers a critical examination of the theoretical and methodological frameworks underpinning the integrated instructional paradigm found in the pedagogical legacy of Zhusipbek Aimauytov, an eminent Kazakh scholar and psychologist. Drawing upon the interdisciplinary tenets laid out in his landmark 1929 treatise, *"Ways of Teaching via Complexes,"* this study seeks to re-evaluate the convergence of native language, history, and geography, positioning it as an early precursor to what we now define as transdisciplinary education. The investigation delves specifically into the tension between Aimauytov's pedagogical dichotomy – contrasting traditional "subject-centered" methods with "complex-integrated" systems – and its implications for cultivating text-processing competencies within modern primary schooling. At the heart of this analysis lies the practical application of Aimauytov's tripartite model – "Nature, Labor, and Society" – viewed here as a vital mechanism for the cognitive and thematic synthesis of educational materials. Ultimately, the paper contends that reclaiming these historical pedagogical insights offers a sophisticated pathway for enhancing functional literacy. By doing so, it effectively bridges the long-standing divide between classical Kazakh educational thought and the demands of today's competency-based curricula.

Keywords: complex instructional system, integration, Zhusipbek Aimauytov, text-processing competencies, primary education, functional literacy.

Қазақ педагогикасында «кіріктірілген оқыту» және «функционалды сауаттылықты» дамытудың бастауы XX ғасырдың бас кезеңіне сәйкес келеді. Қазақ ағартушысы Жүсіпбек Аймауытовтың педагогикалық мұрасын зерттей келе, оның ұсынған «Комплекспен оқыту» жаңа программның арқауы кіріктірілген оқыту болғанына көз жеткізе аламыз. Бұл еңбекті қазіргі заманғы интеграциялық оқыту және кіріктірілген тәсіл тұрғысынан қайта қарап, идеяларын жүзеге асыру бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені Ж. Аймауытов «кіріктірілген оқытуды» ғылыми негіздеп, ұлттық діл мен танымға бейімдеген қазақтың тұңғыш ағартушыларының бірегейі. Ғалым 1929 жылы жарық көрген «Комплекспен

оқыту жолдары» атты еңбегінде жаңа программ мазмұнының «комплекс» ретінде беруді егжей-тегжейлі қарастырады.

Комплекспен оқытудағы негізгі ұстаным: «Балаға керекті білімді беріп, бірдеңені істеуге үйретіп, өмірге, заманға араластыру. Заман тұрмысын, құбылысын бір-біріне байланысқан, қалай туған, өсіп, өңдеп, қозғалған, өзгерген еңбектің шаруашылыққа негізделген түрін де зерттейді, тұрмыс құбылыстарын, өмір қиқымдарын жеке-жеке алмай, түйдегімен өрбіген тұтас түрінде де алып қарайды. Бірінің қатынасы, әсері зерттеледі. Бұл комплекс (диалогтік) әдісі.» деп түсіндіреді [1, 11-б.]. Комплексті (интеграцияны) «әдіс» (метод) немесе «жүйе» (система) ретінде қарастырудың аражігін ашып көрсеткен. Ғалым бұл терминологиялық таласты жай ғана «даукестік» емес, бастауыш білім берудің мазмұндық деңгейін анықтайтын ғылыми принцип екенін дәлелдеген.

Комплекстік (кіріктіру) тәсілдің мәні мен қажеттілігі

«Комплекспен оқыту жолдары» еңбегінің алғашқы беттерінде-ақ «пән жүйесі» (предметная система) мен «комплекс жүйесінің» (интегрированная система) айырмашылығын ашып көрсетеді.

Комплекс – жүйе ретінде: ғалым комплексті пән жүйесіне балама ретінде ұсыналытын білім берудің жаңа дизайны ретінде қарастырған. Пәндердің (ана тілі, жағрапия, тарих, есеп) шекарасын жойып, оларды біртұтас мазмұнға біріктіру арқылы жаңа құрылымдық жоба ұсынған. Бұл жоба қарапайым оқыту әдісі ғана емес, білім берудің жаңаша жүйелі моделі болып табылады. Комплекспен оқыту тақырыптар арқылы жүзеге асырылған. Бұл туралы «*Кітапта ең басты тақырыптар қазақтың ең басты кәсіптері (мал бағу, егін салу) мұнда толық айтылады… Мұндағы кей тақырыптарды тақырыпша есебінде түсіну керек. Біздің тақырыптармызы бір, екі жұмалық болып жасалған. Білім ордасының тақырыптары 3, 4, 5 жұмалық, мұндағы тақырыптар Программадағы тақырыптардың тарауы (тақырыптары) деп қарау керек.» деп пайымдайды*. [1, 9-б.] Ж. Аймауытовтің идеясы негізінде қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасында белгіленген «Ортақ тақырыптар» кіріктірудің құралы ретінде қарастырылды. Комплекспен оқыту арқылы білімді жекеленген пәндерге бөліп (дискретті) берудің орнына өмірмен, тұрмыспен байланыстырып «тұтас білім» беру идеясын ұсынған ғалым пәндердің жеке-жеке оқытылуын білімнің бөлшектенуі деп санап, оны баланың табиғи қабылдау ерекшелігіне қайшы деп есептейді. Себебі «Бала нәрсені тұтас түрінде, іске пайдалы жағынан қарап ұғып біледі» [1, 23-б.]. Осы тұжырымды бастауыш сынып оқушыларының мәтінмен жұмыс істеу барысында мәтінді жай ғана грамматикалық немесе тақырыптық бірлік емес, дүниенің тұтас бейнесі ретінде қабылдау қажеттігін негіздейді. Комплекс жүйесінде білім «бір арнамен ағып, айқасып, араласып» беріледі, бұл мәтінді интерпретациялаудың кіріктірілген деңгейін көрсетеді.

Кіріктірудің антропологиялық негізі: «Жаратылыс → Еңбек → Қоғам» концепциясы

Жүсіпбек Аймауытов жаңа бағдарламада білім беру мазмұнын кіріктіруді адамның өмір сүру заңдылықтарымен байланыстырады. Ол кіріктірудің әдістемелік тірегі ретінде адам тіршілігінің үш негізгі компонентін ұсынады. Яғни «Жаратылыс → Еңбек → Қоғам» үштігі. Ғалымның пайымдауы бойынша, бұл үш элемент біртұтас антропологиялық жүйені құрайды: «*Адамға тіршілік етуде еңбек, жаратылыс, қоғам керек екен, бұл үшеуінсіз адамның күні жоқ... Бұл үшеуін бірінен бірін бөліп алуға болмайды, бірімен бірі астасулы, айқасулы, қайнасулы, ендеше жаңа программ бірегей екен»* [1, 9-б.] Білім беру жасанды пәндік шегараларға емес, табиғи өмірлік циклге негізделуі тиіс. Себебі, «жаратылыс» (табиғат) – барлық ресурстар мен адамның өмір сүру ортасы, зерттеу нысаны. Білім беруде бқл компонент қоршаған ортаны тану, табиғат құбылыстарын бақылау және тұжырым жасау, ақпараттық база жинақтау кезеңін сипаттайды. «Еңбек» – жаратылыс (табиғат) байлығы пен адамның физикалық-интеллектуалдық күшін байланыстырушы дәнекер. Еңбек – білімді тәжірибеге айналдыратын, мақсатты әрекет ету үдерісі. Ал «қоғам» – адамдардың еңбек қызметінің нәтижесінде қалыптасқан әлеуметтік орта. Осы ортада білімнің коммуникативтік, рухани және қоғамдық мәні ашылады. Ж. Аймауытовтың бұл концепциясы — қазіргі

бастауыш білім берудегі «кіріктірілген білім беру бағдарламаларының» (integrated curriculum) ғылыми моделі. Оның «астасулы, айқасулы, қайнасулы» деген сипаттамасы білімнің біртұтастығын, ал мәтіннің сол білімді тасымалдаушы негізгі құрал екенін айғақтайды. Ж. Аймауытовтың пікірінше, пән жүйесі баланың басын «керекті-керексіз көп сөздермен тығындап, миқата қылады». Ал комплекс жүйесіндегі материалдарды сұрыптау принципі:

- Еңбек пен жаратылысқа қатысы бар;
- Қоғамдық өмірге қатысы бар;
- Тіршілікке тікелей қажетті мағлұматтар.

Тілдік білім — пәнаралық интеграцияның іргетасы

Ж. Аймауытов білім беру процесінің нәтижелілігін тікелей ана тілін меңгеру сапасымен байланыстырады. Ол ана тілін жай ғана оқу пәні емес, барлық ғылымдарды игерудің «кілті» әрі құралы ретінде қарастырды. Ол «Ана тілін жақсы меңгере алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес» деген тұжырымы – бүгінгі таңдағы *Content and Language Integrated Learning (CLIL)*, яғни мазмұн мен тілді кіріктіріп оқыту әдістемесінің алғашқы негіздемесі іспеттес [2, 220-б.]. Тіл – ұлттың «рухани айнасы» ретінде оқушының әлем бейнесін қалыптастыруда басты рөл атқарады. Ана тілі мәтіндері арқылы басқа пәндердің мазмұнын меңгерту – бұл Аймауытовша «комплекс жүйесі» деп санауға болады. Тіл – таным құралы функциясын толыққанды атқарады. Осы тұста оқушының мәтінмен жұмыс істеу дағдысы – барлық пәндерді біріктіруші «алтын арқау» болып табылады.

✓ Интеграция – «диалогтық әдіс» ретінде қарастырылғанда, мәтінмен жұмыс істеуде оқушының автормен, кейіпкермен және мұғаліммен белсенді коммуникацияға түсуіне мүмкіндік береді.

✓ Мәтін таңдау принципі мәтіндердің балаға таныс ортадан (ауыл, шаруашылық, табиғат) басталып, біртіндеп күрделенуі (эволюциялық принцип) қажеттігі айқындалады.

✓ Көрнекілік пен сезімді ұштастыру мәтінді жалаң оқытпай, оны «өнерпаздық қабілетпен» (сурет салу, әуенмен ұштастыру) кіріктіру баланың мәтінді тереңірек сезінуіне жағдай жасайды.

Мәтінді қабылдаудың когнитивтік шарттары. Бастауыш сыныптағы мәтіндерді тек «оқулықтағы мәтін» емес, өмірлік ситуациялардың (контекст) жиынтығы ретінде қарастыруға негіз болады. «Жаратылыс → Еңбек → Қоғам» үштік одағы бастауыш сынып оқушысының мәтінді қабылдау деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Кіріктіру тәсілі негізінде мәтінмен жұмыс істеу алгоритмін жүйелеу жолы:

- Деректік деңгей (Жаратылыс): мәтіндегі фактілерді, табиғат пен қоршаған орта туралы мәліметтерді тану. Нақты деректерді табу және алу дағдысын қамтиды.
- Практикалық деңгей (Еңбек): мәтіндегі ақпаратты іс-әрекетке (тәжірибеге, логикалық тапсырмаға) айналдыру, оның пайдасын түсіну. Қарапайым тұжырым жасау, интерпретациялау, білімді біріктіруді көздейді.
- Әлеуметтік-құндылық деңгей (Қоғам): мәтіннің тәрбиелік мәнін, қоғамдық маңызын және адамдар арасындағы қатынасты реттеуші рөлін ұғыну. Мысалы, табиғат туралы мәтінді оқи отырып, оның әлеуметтік маңызын талдау. Мәтін мазмұнын сыни бағалау, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануға машықтандыру болып табылады.

Ж. Аймауытовтың бұл еңбегі мәтінді «түйдек зерттеуге» ғылыми негіз бола алады. Бастауыш сынып оқушысы мәтінді оқығанда оны жеке тілдік бірлік ретінде емес, тарих, табиғат және еңбекпен ұштасқан «тұтас әлем» ретінде қабылдауы тиіс.

Оқушыларға мәтінді меңгерудің алгоритмі қарастырылған:

- Алдыңғы білімге сүйену: Мәтінді оқытпас бұрын баланың тәжірибесімен байланыстыру (актуализация).
- Проблемалық сұрақтар: Мәтін мазмұнына зейінді шоғырландыру үшін «сұрақ-жауап» әдісін белсенді қолдану.
- Салыстыру және ұқсату: Мәтіндегі деректерді өмірмен салыстыру арқылы сыни ойлауды дамыту.

Оқушының мәтінмен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруда мәтіннен оқығанын сыртқы дүниемен байланыстырып, тәжірибелік тұрғыда тексеруіне жол ашу болып табылады.

Пәндік-тақырыптық интеграция: «Біздің Отан» курсы

Жүсіпбек Аймауытов тарихты оқытудың маңыздылығы, адамзат өміріндегі орнына аса мән береді. 1920-жылдардың өзінде-ақ бастауыш сыныптарда білімді саралап емес, тұтастандырып беру идеясын ұсынды. Оның 4-сыныпқа арналған «Біздің Отан» атты кіріктірілген бағдарламасы келесі пәндерді синтездеуді көздеді:

- Әдебиет: халықтың рухани қазынасы мен көркемдік ойлау жүйесі;
- Тарих: қоғамдық даму заңдылықтары мен өткеніміз бен бүгіннің сабақтастығы;
- Жағрафия: туған өлкенің табиғаты мен шаруашылық ерекшелігі.

Мұндай интеграциялық тәсіл оқушының санасында әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, «өзіндік идентификациясын» нығайтуға мүмкіндік береді. Әсіресе, көшпелі халықтардың тарихын қазақ тұрмысымен байланыстыра отырып оқыту – салыстырмалы-тарихи әдіс пен интеграцияның жарқын үлгісі [2, 224-б.].

Комплекспен оқыту және дидактикалық инновациялар

1929 жылы жарық көрген «Комплекспен оқыту жолдары» еңбегінде Ж. Аймауытов оқытудың тиімділігін арттыратын бірнеше стратегиялық шарттарды айқындады. Олар қазіргі педагогикалық интеграцияның негізгі принциптерімен ұштасады:

- Контекстік оқыту: жаңа білімді баланың өмірлік тәжірибесіне және бұрынғы меңгерген ақпараттарына сүйене отырып беру.
- «Кітап білімінен» – «Өмір тәжірибесіне»: пән мазмұнын теория ретінде жаттанды емес, практикалық тұрғыдан күнделікті өмір тәжірибесінде қолдануға бағыттау, функционалдық сауаттылықтың негізін қалыптастыру.
- Проблемалық оқыту: оқушының зейінін шоғырландыру үшін проблемалық сұрақтар қою арқылы танымдық қызығушылықты ояту.
- Когнитивті әдістер: салыстыру, талдау, жинақтау, бағалау және жасау тәсілдерін қолдану арқылы ақпаратты жүйелеу.

Қорытындылай келе, Ж. Аймауытовтың салыстырмалы талдаулары қазіргі білім берудегі «функционалдық сауаттылық» пен «кіріктірілген білім беру» парадигмаларымен толық үндеседі:

- Интеграция – бұл жай ғана пәндерді қосу емес, баланың «жан жүйесіне» (психологиясына) сай ақпаратты тұтас (түйдек) күйінде ұсыну.
- Мәтінмен жұмыс – берілген ақпаратты жаттау немесе мазмұндау емес, мәтін арқылы өмірлік құбылыстарды зерттеу, тәжірибе жасау және заманмен байланыс орнату құралы.
- Нәтиже – баланың миын қажетсіз ақпаратпен «тығындамай», оған өмір сүруге, еңбек етуге қажетті мазмұнды сұрыптап беру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Комплекспен оқыту жолдары //Қазақ баспасы, 1929 – 383-б.

2. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші: Жаңа ауыл (оқу құралы) //Ел шежіре, 2013 ж – 5-том.382-б.

УДК.371.3

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ИНТЕГРИРОВАННЫХ УРОКОВ В СИСТЕМЕ НАЧАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Тошматова Юлдуз Оллокуловна
yulduztoshmatova97@gmail.com
Преподаватель кафедры математики и родного языка в начальном образовании факультета дошкольного и начального образования Термезского государственного педагогического института Сурхандарьинской области Республики Узбекистан.

Аннотация

В данной статье рассматриваются педагогические основы интегрированных уроков в системе начального образования, их роль в повышении эффективности обучения и важность их применения в современном образовательном процессе. Анализируется формирование у учащихся таких компетенций, как систематическое знание, самостоятельное мышление и понимание межпредметных взаимосвязей, посредством интегрированного образования. Также рассматриваются методологические аспекты организации интегрированных уроков в начальных классах.

Ключевые слова: интеграция, междисциплинарная интеграция, начальное образование, педагогические технологии, компетентностный подход, инновационные методы.

Abstract

This article discusses the pedagogical foundations of integrated lessons in the primary education system, their role in increasing educational effectiveness, and the importance of their application in the modern educational process. Through integrated education, the formation of such competencies as systematic knowledge, independent thinking, and understanding of intersubject relationships in students is analyzed. Methodological aspects of organizing integrated lessons in primary grades are also considered.

Keywords: integration, interdisciplinary integration, primary education, pedagogical technology, competency-based approach, innovative methods.

Сегодня одной из важных задач является модернизация системы образования и организация образовательного процесса на основе современных педагогических технологий. Особенно на этапе начального образования необходимы новые педагогические подходы для формирования знаний учащихся, развития их мышления и творческих способностей. Одним из таких подходов является интегрированное образование. Интегрированное образование служит для предоставления учащимся знаний целостным образом, обеспечивая связь между различными предметами. В этом процессе учащиеся приобретают знания не по отдельным предметам, а понимая взаимосвязь между предметами. Современная система образования требует от учащихся самостоятельного мышления, решения проблемных ситуаций и применения своих знаний в практической деятельности. Интегрированные уроки помогают достичь этих целей. Концепция интегрированного образования: Понятие «интеграция» происходит от латинского слова «integratio», что означает «объединение», «интеграция». В педагогике интеграция рассматривается как метод эффективной организации образовательного процесса путем обеспечения взаимодействия между различными дисциплинами. На интегрированных уроках элементы нескольких дисциплин преподаются в гармонии друг с другом. Например, элементы естественных наук или родного языка могут быть использованы на уроке математики. Это позволяет учащимся приобретать знания более широко и глубоко. Интегрированный подход особенно важен в начальном образовании, поскольку на этом этапе учащиеся склонны воспринимать мир как единое целое. Поэтому изучение предметов не по отдельности, а взаимосвязанно повышает эффективность обучения.

Педагогические основы интегрированных уроков в начальном образовании: Организация интегрированных уроков в системе начального образования основывается на ряде педагогических принципов. Принцип междисциплинарности: согласно этому принципу, знания, полученные в разных дисциплинах, взаимосвязаны. В результате учащиеся воспринимают знания как целостную систему. Принцип активности: в интегрированных уроках учащиеся активно участвуют. Различные задания, проблемные ситуации и творческие задачи их интерес повышается благодаря развитию. Принцип систематичности заключается в том, что образовательный процесс организован на основе определенной системы. Это способствует последовательному формированию знаний. Принцип практической ориентации позволяет интегрированному образованию применять знания учащихся в реальных жизненных ситуациях.

Методы организации интегрированных уроков. Для эффективной организации интегрированных уроков в начальных классах можно использовать различные методы. Проблемно-ориентированное обучение. Этот метод побуждает учащихся к самостоятельному мышлению. Учитель создает проблемную ситуацию, а учащиеся приобретают знания в процессе решения этой проблемы. Проектное обучение. Проектное обучение является одним из эффективных методов интегрированного образования. Учащиеся объединяют знания, полученные из разных предметов, работая над небольшими проектами. Интерактивные методы. В интегрированных уроках широко используются следующие интерактивные методы: мозговой штурм, кластеризация, диаграмма Венна, метод вставки, групповая работа, использование информационных технологий. В современном образовательном процессе мультимедийные средства, электронные учебники и цифровые платформы помогают более эффективно организовывать интегрированные уроки. Преимущества интегрированных уроков. Интегрированное образование имеет ряд важных преимуществ: оно формирует способность учащихся понимать межпредметные взаимосвязи; помогает систематически осваивать знания; Интегрированные уроки развивают самостоятельное мышление учащихся; делают процесс обучения интересным и эффективным; развивают творческое мышление и навыки решения проблем. Кроме того, интегрированные уроки, наряду с овышением уровня знаний учащихся, также развивают их социальные и оммуникативные компетенции. Важность интегрированных уроков в современном бразовании. В сегодняшнюю эпоху глобализации образование Система интегрированного образования требует от учащихся приобретения широкого спектра знаний и навыков. Поэтому интегрированное образование является одним из важных направлений современной педагогики. Благодаря интегрированным урокам учащиеся понимают взаимосвязи между различными предметами, учатся применять знания в реальных жизненных ситуациях и развивают навыки самостоятельного мышления. Психологическое и педагогическое значение интегрированного образования: В процессе начального образования интегрированные уроки являются эффективным педагогическим подходом, соответствующим возрастным особенностям учащихся. Психологи утверждают, что юные ученики склонны воспринимать окружающую среду как единое целое, а не как отдельные части. Поэтому, демонстрируя взаимосвязь между различными предметами, обеспечивается более глубокое усвоение знаний учащимися. Интегрированное образование развивает у учащихся такие мыслительные процессы, как анализ, сравнение и обобщение. Например, использование примеров из естественных наук или реальной жизни при решении задач по математике помогает учащимся связать свои знания с реальной жизнью. Это учит учащихся применять знания в практической деятельности. Кроме того, интегрированные уроки развивают у учащихся творческое мышление. В процессе объединения информации из разных предметов учащиеся разрабатывают новые идеи и пытаются решать проблемные ситуации. Это способствует формированию их навыков самостоятельного мышления. Интегрированное образование также развивает коммуникативные и социальные навыки учащихся. В процессе работы в группах, обсуждения и обмена идеями учащиеся приобретают такие навыки, как умение слушать мнения друг друга и обосновывать свои собственные. Таким образом, интегрированные уроки в системе начального образования – это не только

передача знаний, но и является важным педагогическим инструментом, обеспечивающим интеллектуальное, творческое и социальное развитие.

Организация интегрированных уроков в системе начального бразования важна для углубления знаний учащихся и развития их мышления. Интегрированное образование позволяет учащимся целостно усваивать знания и помогает им понимать межпредметные взаимосвязи. Поэтому эффективная организация интегрированных уроков в начальных классах, использование современных педагогических технологий и совершенствование методической подготовки учителей являются одной из актуальных задач современности.

Список литературы:

1. Мавлонова Р., Рахмонкулова Р. Педагогика начального образования. - Ташкент.
2. Юлдашев Дж. Педагогические технологии. - Ташкент.
3. Абдуллаева К. Методика начального образования. - Ташкент.
4. Толипов О., Усмонбоева М. Теория педагогических технологий.
5. Научный журнал «Наука и инновационные исследования в современном образовании». - Ташкент, 2024.

УДК 373.3

ПРАКТИЧЕСКОЕ ПРИМЕНЕНИЕ ЦИФРОВЫХ ИГР КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Бекбаева Мариям Темиргалиевна
старший преаодаватель кафедры «Начального образования»,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казақстан
bekbaeva.mariam@mail.ru

Аннотация

В статье рассматриваются теоретико-методологические и практические аспекты формирования функциональной математической грамотности младших школьников посредством цифровых игр в условиях цифровизации системы образования Республики Казахстан. Проведен анализ международных исследований качества образования PISA и TIMSS, а также нормативных документов, регламентирующих развитие функциональной грамотности. Обоснована целесообразность интеграции цифровых игровых технологий в образовательный процесс начальной школы. Представлена авторская модель урока математики, основанная на принципах геймификации и системно-деятельностного подхода. Доказано, что цифровые игры способствуют развитию у учащихся навыков математического моделирования, анализа данных, принятия решений и критического мышления.

Ключевые слова: функциональная грамотность, математическая грамотность, цифровые игры, геймификация, начальная школа, цифровизация образования, PISA, TIMSS.

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының функционалдық математикалық сауаттылығын цифрлық ойындар арқылы қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады. PISA және TIMSS халықаралық зерттеулерінің талаптары талданып, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған нормативтік құжаттар сараланады. Бастауыш сыныптағы математика сабағына геймификация элементтерін енгізудің тиімділігі ғылыми тұрғыдан негізделеді. Оқушылардың математикалық модельдеу, деректерді талдау, шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал ететін авторлық модель ұсынылады.

Түйінді сөздер: функционалдық сауаттылық, математикалық сауаттылық, цифрлық ойындар, геймификация, бастауыш мектеп, цифрландыру, PISA, TIMSS.

Abstract

The article examines theoretical and practical aspects of developing functional mathematical literacy of primary school students through digital games in the context of educational digitalization in the Republic of Kazakhstan. The requirements of international large-scale assessments PISA and TIMSS are analyzed alongside national educational policy documents. The pedagogical effectiveness of integrating digital game-based learning into primary mathematics instruction is substantiated. An author’s instructional model based on gamification and the system-activity approach is presented. The study demonstrates that digital games foster mathematical modeling skills, data interpretation, critical thinking, and decision-making abilities among young learners.

Keywords: functional literacy, mathematical literacy, digital games, gamification, primary education, digitalization, PISA, TIMSS.

Современная образовательная политика Республики Казахстан ориентирована на формирование конкурентоспособной личности, способной эффективно функционировать в

условиях цифровой экономики. Одним из ключевых направлений модернизации образования является развитие функциональной грамотности обучающихся.

Согласно концепции Organisation for Economic Co-operation and Development, математическая грамотность рассматривается как способность человека формулировать, применять и интерпретировать математику в различных жизненных контекстах [1]. Данное понимание лежит в основе международного исследования Programme for International Student Assessment (PISA), оценивающего готовность 15-летних учащихся к практическому использованию знаний.

Наряду с этим важное значение имеет участие Казахстана в исследовании Trends in International Mathematics and Science Study (TIMSS), которое направлено на оценку качества освоения школьной программы [2].

Анализ результатов данных исследований показывает необходимость усиления прикладной направленности математического образования уже на уровне начальной школы.

Актуальность исследования обусловлена:

- требованиями международных сравнительных исследований;
- цифровой трансформацией образовательной среды;
- возрастными особенностями младших школьников, для которых игровая деятельность остается значимой формой познания.

Цель исследования - разработать и теоретически обосновать модель формирования функциональной математической грамотности младших школьников посредством цифровых игр.

Функциональная грамотность в современной педагогике рассматривается как интегративное качество личности, включающее способность применять знания для решения практических задач [3].

В рамках PISA выделяются три когнитивных процесса:

1. Формулирование математической проблемы;
2. Применение математических методов;
3. Интерпретация результатов [1].

Исследование TIMSS, в свою очередь, оценивает знания по трем когнитивным областям: знание, применение и рассуждение [2].

Таким образом, современное математическое образование должно сочетать фундаментальность и практикоориентированность.

Методологическую основу исследования составляют:

- системно-деятельностный подход;
- компетентностный подход;
- теория геймификации обучения.

Психолого-педагогические предпосылки использования цифровых игр. Младший школьный возраст характеризуется высокой эмоциональностью, потребностью в признании, развитым воображением и стремлением к игровой деятельности.

Цифровые игры обладают следующими педагогическими преимуществами:

- обеспечивают мгновенную обратную связь;
- позволяют моделировать реальные ситуации;
- способствуют формированию познавательной мотивации;
- снижают уровень тревожности при решении задач.

В условиях цифровизации образования в Казахстане активно используются платформы: BilimLand [4]; OnlineMektep [5].

Данные ресурсы предоставляют интерактивные задания и игровые тренажеры по математике, что создает благоприятные условия для внедрения геймифицированных моделей обучения. Модель формирования функциональной математической грамотности посредством цифровых игр. Предлагаемая модель включает четыре взаимосвязанных этапа.

1. Мотивационно-сюжетный этап. Создается игровая легенда (например, «Экспедиция юных исследователей»). Учащиеся получают проблемную ситуацию, требующую математического анализа.

2. Исследовательский этап. Используются цифровые симуляции:

- расчет бюджета;
- анализ диаграмм;
- моделирование движения.

3. Практико-ориентированный этап. Решение жизненных задач:

- составление семейного бюджета;
- расчет площади комнаты;
- сравнение цен.

4. Рефлексивный этап. Обсуждение применения полученных знаний в реальной жизни.

Практическая реализация модели (4 класс).

Пример 1. *«Бюджет путешествия»*

Цель: Развитие финансовой грамотности и навыков работы с многокритериальными задачами.

Игровая механика: Ученики получают роль «Трэвел-менеджеров». Им выдается виртуальный лимит (например, 50 000 рублей) и задача: организовать поездку для семьи из 3-х человек в конкретный город.

Ход работы:

1. Выбор транспорта: Сравнение стоимости билетов на поезд vs самолет vs автомобиль (учет расхода топлива).

2. Проживание: Выбор отеля с учетом завтраков или квартиры с кухней (где придется считать расходы на продукты).

3. Культурная программа: Посещение музеев, расчет стоимости входных билетов с учетом льгот для школьников.

Цифровой инструмент: Использование электронных таблиц (Excel/Google Таблицы) для автоматического подсчета остатка бюджета.

Функциональный результат: Умение не просто складывать числа, а расставлять приоритеты (например, «откажемся от дорогого отеля, чтобы сходить в аквапарк»).

Пример 2. *«Логистическая миссия»*

Цель: Математическое моделирование процессов движения и пространственного мышления.

Игровая механика: Симуляция службы доставки. Даны два объекта (например, грузовик с товаром и курьер на электросамокате), движущиеся навстречу друг другу.

Ход работы:

1. Интерактивная карта: Работа с масштабом. Измерение расстояния между пунктами А и Б.

2. Прогнозирование: Ученики должны вычислить время и место встречи, учитывая разные скорости.

3. Изменение условий: «На дороге пробка, скорость грузовика упала на 20 км/ч. Как изменится время прибытия?».

Математическая модель: Построение формулы.

Функциональный результат: Переход от абстрактных задач «из пункта А в пункт Б» к пониманию реальных логистических цепочек.

Пример 3. *«Аналитический центр»*

Цель: Формирование навыков работы с Big Data (большими данными) на элементарном уровне.

Игровая механика: «Экологический патруль». Ученики анализируют данные о потреблении воды или электроэнергии в школе/доме за неделю.

Ход работы:

1. Сбор данных: Работа с онлайн-опросами или готовыми цифровыми датчиками.

2. Визуализация: Построение столбчатых и круговых диаграмм на основе полученных цифр.

3. Интерпретация: Поиск аномалий. «Почему в среду потребление воды выросло в два раза? (Был полив школьного сада)».

Функциональный результат: Умение видеть за сухими цифрами реальные процессы и делать выводы (критическое мышление).

Обсуждение результатов: Эффекты цифровизации

Внедрение игровых технологий в 4 классе дает следующие эффекты:

1. Снятие «математической тревожности»: В игре ошибка - это не «двойка», а повод перезагрузить уровень или попробовать другую стратегию.

2. Исследовательское поведение: Ученик перестает ждать алгоритм от учителя и начинает действовать методом проб и ошибок («А что будет, если я увеличу скорость?»).

3. Аргументация: В цифровой среде легко доказать свою правоту, показав результат симуляции или график.

4. Соблюдение баланса: Важно, чтобы за красивой анимацией не потерялась математическая суть. Учитель должен выступать модератором, переводя игровой успех в учебный вывод.

Таким образом формирование функциональной математической грамотности младших школьников посредством цифровых игр является эффективным направлением модернизации начального образования.

Цифровая игровая среда обеспечивает переход от алгоритмического воспроизведения к осмысленному применению знаний, развитие критического мышления, подготовку к требованиям международных исследований PISA и TIMSS и формирование навыков принятия решений в реальных жизненных ситуациях. Перспективы дальнейших исследований связаны с разработкой адаптивных цифровых инструментов диагностики функциональной грамотности.

Список использованной литературы

1. OECD. PISA 2022 Assessment and Analytical Framework. Paris: OECD Publishing, 2023. URL: https://www.oecd.org/pisa/publications/pisa-2022-assessment-and-analytical-framework.htm

2. IEA. TIMSS 2023 Assessment Frameworks. Amsterdam: IEA, 2023. URL: https://timssandpirls.bc.edu/timss2023/frameworks/

3. Об утверждении Национального плана действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012–2016 годы: Постановление Правительства РК № 832 от 25.06.2012.

4. BilimLand - образовательная платформа Республики Казахстан. URL: https://bilimland.kz

5. OnlineMektep - цифровая образовательная платформа. URL: https://onlinemektep.org

6. Prensky M. Digital Game-Based Learning. New York: McGraw-Hill, 2001.

УДК(ӘОЖ) 37.02

ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Төлеген Өмірбек Шаймұратұлы
Otolegen61@mail.ru
Педагогика, психология және жеке пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының педагог-шебер оқытушысы, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Ақмола облысы, Көкшетау қ.

Аңдатпа

Мақалада шағын жинақталған мектептердің өзекті мәселелері және шағын жинақталған мектеп мұғалімдеріне әдістемелік көмек көрсетудің ұтымды жолдары, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда кездесетін қиындықтарды шешу жөніндегі ұсыныстар туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: шағын жинақты мектеп**,** әдіс темелік күндер, панорамалық сабақ

Аннотация

В статье описаны актуальные проблемы малокомплектных школ и рациональные пути оказания методической помощи учителям малокомплектных школ, предложения по решению проблем в организации учебного процесса.

Abstract

The article describes the current problems of small schools and rational ways to provide methodological assistance to teachers of small schools, proposals for solving problems in the organization of the educational process.

Қазіргі нарық жағдайында ауыл мектебіне, оның ішінде шағын жинақты мектептерге мемлекет тарапынан қамқорлық қажет. Адам бойындағы ұлттық мінез-құлық қасиеттерін, өз халқының рухани дүниесін қалыптастырып, ұлт зиялыларын даярлайтын, рухани дүниеге негіз қалайтын, ана тілімізді қастерлейтін алтын бесік – ең алдымен ауыл мектебі.

Еліміздегі нарықтық-экономикалық қатынастарға, ауылдық жерлердегі ірілендірілген совхоздар мен колхоздардың орнына шағын шаруашылықтар құрылуына және ауыл халқының қалаға қарай қоныс аударуына(ауылда жұмыс болмауы себепті) байланысты тек шағын жинақталған бастауыш мектептер санының ғана емес, сондай-ақ негізгі және орта мектептер санының да артып келе жатқанын көріп отырмыз.

Еліміздің жер көлемі кең. Халқы сирек орналасқан. Қазір ауылда бала, мұғалім, сынып саны аз шағын жинақталған мектептер (ШЖМ) көбеюде. «Аз комплектілі мектеп» ұғымына ҚР «Білім туралы» Заңында (1 бап 23 тармақ): «Шағын контингенті қосарланған сынып комплектісі және оқу сабақтарын ұйымдастырудың өзіндік ерекше үлгісі бар жалпы білім беретін мектеп» - ретінде қараған. Олай болса, аз комплектілі мектептің жұмысында да ерекшелік мол, проблемасы көп, бірақ бұл мектептерді жауып тастауға болмайды. Бір мезгілде әртүрлі жастағы оқушылардың бір сынып бөлмесінде отырып білім алуы мұғалімге де, оқушыға да оңай емес. Кәсіби шебер ұстаз ғана бұл қиындықты жеңеді. Қазір мұндай мектептердің басым бөлігі аудан орталығынан шалғай орналасқан елді мекендерде. Ал мектептер болса – қазіргі ауылдық жердегі оқушы ғана емес ауыл тұрғындары үшін де мәдениет орталығы болып отыр. Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес шағын жинақталған бастауыш, негізгі және орта мектептердегі бала саны азайтылды және бірінші, тоғызыншы, он бірінші сыныптар бала санына қарамастан, қанша бала болса да бөлек сынып болып оқытылатын болды [1].

Шағын жинақталған мектептердің оқу тәрбие үрдісін жетілдіру, дамыту үшін мұғалімдердің педагогикалық іскерлігін шыңдап, шығармашылықпен жұмыс жасауға бағыттау керек. Олармен әдістемелік жұмыстарды әдіскер – мұғалім – әдістемелік бірлестік үш бірлігін сақтай отырып жүргізген тиімді. Себебі шағын жинақталған мектепке университет, педагогикалық колледж қабырғасынан шыққан жас маман екі сыныпты қатар оқыту практикасынан өтпеген, оның әдістемесін толық меңгермеген болып келеді. Сондықтан шағын жинақталған мектеп мұғалімдеріне мектеп жұмысын терең де мазмұнды жоспарлауға нұсқау беріп, білім берудің жаңа технологияларымен жұмыс жасауға бағыттау керек. Әдістемелік көмектер беру үшін сабақтарына тікелей қатысып, әдістемелік талдау жасап, жекеше және топтық, ауызша және жазбаша кеңестер берген дұрыс болады. Шағын жинақталған мектептерді тұрған орындарына қарай топтастырып, «Әдістемелік күндер» өткізу тиімді. Әдістемелік күнде ашық сабақтармен қатар ғылыми баяндамалар да оқылып, тәжірибе алмасуды ұйымдастыруға болады. Шағын жинақталған мектеп мұғалімдерінің шеберлігін шыңдаудың тағы бір жолы – шағын жинақталған мектеп мұғалімдері үшін сайыстар, байқаулар, бір пәндік немесе бір тақырыптық панорамалық сабақтар сайысын, имитациялық ойындар өткізу [2]. Мұндай жұмыстар мұғалімдердің шағын жинақталған мектептерде жұмыс жасаудағы кәсіби шеберліктерін шыңдайды. «Екі, не үш сыныпты қатар оқытуда бір пәнді қатар жүргізудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру», «Шағын жинақталған мектептердегі оқу-тәрбие жұмысының сапасын көтеру жолдары», «Ұқсас тақырыптарды қатар оқыту жолдары» т.б.тақырыптарда семинарлар өткізуге болады. Озық тәжірибелердің бейнефильмдер банкін құрудың пайдасы мол. Мұғалімдерге пәрменді әдістемелік көмектер ұйымдастырып, білім берудің жаңа технологияларын шағын жинақталған мектептер практикасына ендіре отырып, білім беру мен білімнің сапасын көтеріп, оқушының белсенділігі мен ізденісін арттыра аламыз. Осындай жұмыстардың нәтижесінде мұғалімдердің жаңашылдық (инновациялық) белсенділігі қалыптасып, жоғары шығармашылыққа ұмтылады, интелектуалдық белсенділігі жоғарылайды [3].

Шағын жинақталған мектептерге әдістемелік көмек ұйымдастыру үшін барлық шағын жинақталған мектептерді «ШЖМ – проблемалары және оқу-тәрбие үрдісін жетілдірудің әдістері мен формаларын іздестіру» деп аталатын үлкен бірлестікке біріктіріп, оларды бірнеше шығармашылық микротопқа бөліп, әр топқа айналысатын проблемаларын бекітіп, жүргізілген жұмыстарды қорытып, жинақтап қажетті әдістемелік жинақ дайындауға болады. Мысалы: Бірінші топқа – «Шағын жинақталған мектептерде тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін дамыту жолдарын іздестіру» - (бірнеше мектеп біріктіріледі). Екінші топқа – «Әртүрлі сыныптарда ұқсас тақырыптарды тиімді жоспарлауды ұйымдастыру» (бірнеше мектеп топтастырылады) [4].

Үшінші топқа – «Шағын жинақталған мектептер жағдайында білім берудің жаңа технологияларымен жұмыс жасау жолдары» (бірнеше мектеп топтасады). Төртінші топқа – «Шағын жинақталған мектептерде өз бетінше жұмыстар жүргізуді ұйымдастыру» (бірнеше мектеп біріктіріледі) сияқты мәселелері төңірегінде топтастыруға болады. Мұндай жұмысты ұйымдастырудағы негізгі мақсат: Әртүрлі сыныптарда бір мезгілде қатар оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін іздестіру, ШЖМ тәрбие жұмыстары мен формаларының әдістерін жетілдіру. Сөйтіп, мұның бәрі шағын жинақталған мектептердің жұмысына әдістемелік көмек көрсетуде тұтас парадигманың қалыптасуын көрсетеді [5].

Ұрпақ тәрбиесі – ел алдындағы маңызы зор міндет. Еліміздің экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлкен үлес қосатын, әлемдік цивилизацияға көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығару – мектептің, ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндетін шағын жинақталған мектептер де бірге атқаруы керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы: – Алматы, 2007ж.
2. ҚР бастауыш білімнің мемлекеттік стандарттары. – Астана, 2016 ж.

3. Н.Б.Истомина. Методика обучения математике в начальных классах. – М., 2000.

4. Бастауыш мектепте бірнеше сыныпты бір уақытта оқыту туралы: мақалалар жинағы (ред. басқарған Ғ.Бегалиев). – А., 1950 ж.

5. Сайпин М. Шағын комплектілі мектептерде математиканы оқыту. – Алматы, «Мектеп», 1984 ж.

6. Начальная однокомплектная школа (математика, трудовое обучение, изобразительное искусство, музыка). – М., «Просвещение», 1980 г.

ӘОЖ 373.1

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Жекеева Аққалам Есимбекқызы
zhekeyevaakkalam24@gmail.com
«Бастауыш білім беру» кафедрасының 3 курс докторанты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада цифрлық білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын ұлттық құндылықтар негізінде қалыптастырудың тиімді жолдары қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация оқыту мазмұны мен әдістерін жаңартуды талап етеді. Осы тұрғыда оқушылардың мәтінді түсіну, талдау, интерпретациялау және өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамыту өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеуде ұлттық құндылық тарды оқу процесіне кіріктірудің маңызы, соның ішінде «Адал азамат» бағдарламасы аясында тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру бағыттары талданады. Сонымен қатар цифрлық технологиялар мен интерактивті әдістердің оқу сауаттылығын дамытудағы тиімділігі қарастырылады. Нәтижесінде ұлттық мазмұн мен цифрлық білім беруді ұштастыру оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың тұлғалық дамуына ықпал ететіні негізделеді.

Түйінді сөздер: оқу сауаттылығы, цифрлық білім беру, ұлттық құндылықтар, бастауыш білім, Адал азамат.

Annotation

This article discusses effective ways to develop reading literacy of primary school students in the context of digital education based on national values. The study emphasizes the integration of value-based education, including the “Adal Azamat” program, into the learning process. It also analyzes the role of digital technologies and interactive methods in improving reading literacy. The results show that combining national values with digital education enhances students’ cognitive engagement and personal development.

Keywords: reading literacy, digital education, national values, primary education, Adal azamat.

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі қарқынды өзгерістерге ұшырап, цифрлық технологиялар білім мазмұнын жаңартудың негізгі тетіктерінің біріне айналды. Бұл өзгерістер оқыту әдістерін жетілдірумен қатар, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған жаңа талаптарды қалыптастырды. Соның ішінде оқу сауаттылығы бастауыш білім берудің маңызды нәтижелерінің бірі ретінде қарастырылады.

Оқу сауаттылығы – мәтінді түсіну, талдау, интерпретациялау және оны өмірлік тәжірибеде қолдану қабілеті. Халықаралық зерттеулер, әсіресе PIRLS, оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау деңгейін олардың білім сапасының негізгі көрсеткіші ретінде бағалайды [1]. Ал цифрлық білім беру жағдайында бұл ұғым кеңейіп, электронды мәтіндермен жұмыс, ақпаратты іздеу, сараптау және сыни тұрғыдан бағалау дағдыларын қамтиды [2].

Цифрлық білім беру оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына, дербес білім алуына және оқу материалдарын тиімді меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл ортада оқыту мазмұны тек ақпарат берумен шектелмей, тұлғаның құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен **«Адал азамат» бағдарламасының** (2025 жылғы 26 мамырдағы №123 бұйрық) рөлі ерекше. Бағдарлама білім алушылардың бойында отансүйгіштік, әділдік, еңбекқорлық, жауапкершілік, өзгелерге құрмет

және өзін-өзі дамыту сияқты маңызды қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған. Бұл құндылықтар оқу мазмұны арқылы жүйелі түрде енгізіліп, білім алушының тұлғалық дамуына ықпал етеді [3].

Оқу сауаттылығын қалыптастыруда қолданылатын тапсырмалар жүйесі ерекше маңызға ие. Мысалы, мәтін негізінде әңгіме құрастыру, диалог ұйымдастыру, кейіпкерлер әрекетін бағалау, мәтінді басқа кейіпкердің атынан баяндау сияқты тапсырмалар оқушылардың сөйлеу және ойлау дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, сахналау элементтерін қолдану оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттырады.

Цифрлық технологияларды қолдану бұл процесті жаңа деңгейге көтереді. Электронды ресурстар, мультимедиялық материалдар, интерактивті тапсырмалар оқушылардың оқу белсенділігін арттырып, мәтінді терең түсінуіне ықпал етеді [1]. Әсіресе жасанды интеллект құралдарын пайдалану мәтінмен жұмыс жасауды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Чат-боттар арқылы мәтін құрастыру, оны түзету және талдау жұмыстары жүргізіліп, оқушылардың жазылым және айтылым дағдылары жетілдіріледі.

Тілдік білім беру үдерісінде тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдылары өзара байланыста дамиды. Тыңдалым және айтылым барысында оқушылар өз ойын еркін жеткізіп, пікір алмасуға үйренеді, бұл олардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастырады. Оқылым барысында мәтін мазмұнын талдау арқылы олардың сыни ойлауы дамиды. Жазылым барысында оқушылар өз ойын жүйелі жеткізіп, дәлелді пікір айтуға дағдыланады.

Ұлттық құндылықтарды оқу мазмұнына енгізу оқу сауаттылығын қалыптастырудың маңызды шарты. Мысалы, «Менің елім» тақырыбындағы мәтіндер арқылы оқушылардың отансүйгіштік сезімі қалыптасады. Топтық жұмыстар арқылы ынтымақтастық дағдылары дамиды. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін талдау барысында әділдік пен жауапкершілік ұғымдары қалыптасады. Сонымен қатар, еңбек тақырыбындағы мәтіндер оқушылардың еңбекқорлық қасиетін дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық ортада ұлттық мазмұнды тиімді жеткізу үшін әртүрлі форматтағы ресурстар қолданылады. Электронды оқулықтар, бейнематериалдар, анимациялар және интерактивті платформалар оқушылардың оқу процесіне қызығушылығын арттырып, олардың танымдық белсенділігін күшейтеді.

Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі оқу сауаттылығын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Мұғалім оқу мазмұнын дұрыс ұйымдастырып, цифрлық ресурстарды тиімді пайдалана білуі тиіс. Сонымен қатар, оқушыларға кері байланыс беру арқылы олардың оқу жетістіктерін арттыруға мүмкіндік жасайды [4].

Цифрлық білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру мақсатында ұлттық құндылықтарға негізделген келесі тиімді педагогикалық тәсілдерді қолдануға болады:

1. Цифрлық мәтіндер арқылы ұлттық мазмұнды меңгерту.

Оқушыларға халық ертегілері, аңыздар, мақал-мәтелдер мен көркем шығармаларды электронды форматта ұсыну олардың мәтінді қабылдауын жеңілдетеді. Аудио және визуалды сүйемелдеу арқылы мәтін мазмұнын терең түсіну қамтамасыз етіледі. Бұл тәсіл оқушылардың оқу қызығушылығын арттырып, мәтінді есте сақтауын жақсартады.

2. «Адал азамат» құндылықтарына негізделген тапсырмалар жүйесін құру.

Мәтіндерге байланысты тапсырмаларда отансүйгіштік, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды қамтитын сұрақтар енгізіледі. Мысалы, кейіпкердің әрекетіне баға беру, «сен не істер едің?» сияқты ситуациялық сұрақтар арқылы оқушылардың сыни ойлауы мен тұлғалық ұстанымы қалыптасады [5].

3. Интерактивті және ойын технологияларын қолдану.

Цифрлық платформалардағы викториналар, тесттер, ойын элементтері бар тапсырмалар оқушылардың белсенділігін арттырады. Бұл әдістер оқу процесін қызықты етіп, оқушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіреді.

4. Жасанды интеллект құралдарын пайдалану.

Чат-боттар арқылы мәтін құрастыру, мәтінді толықтыру, қателерін түзету сияқты жұмыстар ұйымдастыру оқушылардың жазылым және айтылым дағдыларын дамытады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

5. Рөлдік ойын және сахналау әдістері.

Мәтіндерді сахналау, кейіпкерлердің рөліне ену арқылы оқушылар мәтінді терең түсінеді. Бұл тәсіл олардың эмоциялық қабылдауын күшейтіп, оқу материалын жақсы меңгеруіне ықпал етеді.

6. Жобалық оқыту технологиясын енгізу.

Оқушыларға «Менің елім», «Ұлттық дәстүрлер» сияқты тақырыптарда шағын жобалар орындату арқылы олар ақпаратты іздеу, талдау және ұсыну дағдыларын меңгереді. Бұл оқу сауаттылығын өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді.

7. Төрт дағдыны (оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым) кіріктіре дамыту.

Мәтінмен жұмыс барысында барлық тілдік дағдыларды қатар дамыту оқу сауаттылығын кешенді түрде қалыптастырады. Мысалы, мәтінді оқып, талқылап, кейін сол бойынша өз ойын жазбаша жеткізу тапсырмалары тиімді нәтиже береді.

8. Топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыру.

Бірлескен оқу әрекеті барысында оқушылар пікір алмасып, бір-бірін тыңдауға үйренеді. Бұл олардың коммуникативтік дағдыларын дамытып, ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырады.

Цифрлық білім беру жағдайында оқу сауаттылығын қалыптастыру мәселесі тек әдістерді таңдаумен шектелмейді, сонымен қатар оқыту ортасын дұрыс ұйымдастыруды талап етеді. Қазіргі білім алушылар ақпараттық қоғамда өмір сүретіндіктен, олардың ақпаратты қабылдау, өңдеу және қолдану дағдылары ерекше мәнге ие. Осы тұрғыда цифрлық ортада оқу сауаттылығын дамыту білім алушылардың функционалдық және ақпараттық сауаттылығын қатар қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Оқу сауаттылығын дамытуда мәтіндердің сапасы мен мазмұны ерекше рөл атқарады. Ұлттық мазмұндағы мәтіндер оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың дүниетанымын кеңейтеді. Сонымен қатар, мұндай мәтіндер арқылы оқушылар өз халқының мәдениетімен, тарихымен және салт-дәстүрлерімен танысады. Бұл олардың тұлғалық қалыптасуына оң әсер етеді.

Цифрлық ортада мәтінмен жұмыс істеудің ерекшеліктері де ескерілуі қажет. Электронды мәтіндер көбінесе қысқа, визуалды элементтермен толықтырылған және интерактивті сипатта болады. Сондықтан мұғалім оқушыларды тек мәтінді оқуға ғана емес, оны талдауға, салыстыруға, бағалауға үйретуі тиіс. Бұл дағдылар олардың сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

5. Челнокова Е.А. Нарративация монологической формы ведения занятий. Открытое и дистанционное
образование. 2012. №3 (47). С. 63-66
6. Луканина М.В. Нарративный метод в образовании. Магия ИННО: новые измерения в лингвистике и
лингводидактике: сб. науч. трудов. В 2 т. Т. Моск. гос. ин-т междунар. отношений (ун-т) М-ва иностр. дел
Рос. Федерации. Москва: МГИМО - Университет, 2017. 543 с.
7. Троцук И.В. Нарратив как междисциплинарный методологический конструкт в современных
социальных науках // Вестник РУДН. Серия ≪Социология≫. 2004. №6-7. С. 56-74
8. Bruner, J. Actual Minds, Possible Worlds. Cambridge, MA: Harvard University Press, 1986. P.11
9. Diekelmann Nance, Diekelmann John. Schooling Learning Teaching: Toward Narrative Pedagogy.
2009. P. 12

УДК 373.3:37.036:159.955

DEVELOPMENT OF CREATIVE THINKING IN PRIMARY SCHOOL STUDENTS THROUGH ART IN THE CONTEMPORARY EDUCATIONAL ENVIRONMENT

Naimanova Dinara Mukhamediyanovna
Muratova Darina Kanatovna
darina1603m @gmail.com
Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer, Department of Primary Education, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
Second-year undergraduate student of the Educational Program «6B01306 – Primary Education in English»

Annotation

The article is devoted to the study of approaches to developing creative abilities in primary school students through the integration of visual arts and technology lessons. It examines the conditions for fostering initiative, methods of project-based learning, and the implementation of digital tools. The authors substantiate the effectiveness of the integrative approach in overcoming reproductive teaching methods.

Keywords: creative thinking, interdisciplinary integration, visual arts, technological education, creative activity, project-based learning, art education, contemporary educational approaches.

The contemporary system of primary general education is oriented toward the development of universal learning activities and key competencies, among which creative thinking occupies a particularly significant place. The formation of the ability to generate new ideas, think non-traditionally, and find original solutions constitutes an essential aspect of preparing a child for successful adaptation in a rapidly changing world. However, traditional approaches to teaching art and labor education are often limited to reproductive methods and standardized patterns, which do not ҕиң facilitate the full realization of each learner's potential.

The contemporary system of primary education is oriented toward the development of universal learning activities, within which creative thinking occupies a central role. The ability to generate novel ideas and identify non-standard solutions is essential for a child's successful adaptation to a rapidly changing world. However, traditional instructional approaches are often constrained by rigid patterns that fail to fully unlock learners' potential.

The integration of subjects within the aesthetic cycle and technology offers a means of overcoming this limitation by rendering the educational process more dynamic and enriched. The relevance of this study is обусловлена the societal demand for individuals capable of original thinking, as well as the necessity for the humanization of the educational process.

In this regard, particular importance is attached to identifying pedagogical conditions that ensure the effective development of creative thinking in primary school children through the integration of artistic-aesthetic and technological activities. The integrative approach is viewed as a methodological foundation that facilitates the formation of a holistic perception of the world, the development of associative and imaginative thinking, and the capacity for independent knowledge construction. At the same time, the interaction of diverse educational domains creates conditions for enhancing cognitive activity and increasing learning motivation [1].

Moreover, the implementation of integrative practices in primary education necessitates a reconsideration of the content, methods, and organizational forms of instruction, aligned with learner-centered and activity-based paradigms. In this context, the role of the teacher as a facilitator of the creative process becomes increasingly significant, requiring the ability to design an educational environment that stimulates initiative, imagination, and reflective skills in students [2].

The study is grounded in an integrative approach that combines artistic and visual techniques with technological methods. The primary methods for organizing the process included:

– Project-based learning: the development of both individual and collaborative projects (e.g., stage set designs or digital illustrations) [3].

– Use of digital tools: the application of software such as Paint, Photoshop, neural network technologies for generating references, as well as visual programming environments (Scratch) and 3D modeling tools.

– Art-based technologies: the incorporation of game elements, fairy-tale therapy, and music into the process of creative construction [4].

To assess the level of creativity development, the following instruments were employed [5]:

– The *Creative Thinking Test Battery* by E.E. Tunick (an adapted version of tests developed by J. Guilford and E.P. Torrance), aimed at evaluating fluency, flexibility, and originality.

– The *«Houses» Technique* by O.A. Orekhova, used to identify the emotional and value-based attitudes toward activity.

– The *«Nonexistent Animal» Test* by M.Z. Dukarevich, applied to assess the motivational component [6].

The study was conducted within the educational context of primary school, involving students in Grades 3-4, and followed a quasi-experimental design. The organization of the experimental work included the formation of control and experimental groups comparable in terms of age and educational characteristics. At the ascertaining stage, an initial diagnosis of creative thinking levels was carried out; during the formative stage, a set of integrative tasks and pedagogical conditions was implemented; and at the control stage, a repeated assessment was conducted to identify changes in the indicators.

Particular attention was given to the analysis of students' creative products, which was carried out using a set of developed evaluation criteria (originality of the idea, variability of solutions, compositional integrity, and level of detail). Expert evaluation of the works was conducted with the involvement of practicing teachers, thereby enhancing the validity of the obtained results. A comparative analysis of students' works at different stages of the experiment made it possible to trace the individual dynamics of the development of creative abilities.

For a more in-depth examination of the motivational and value-based sphere of primary school students, elements of questionnaires and reflective techniques were employed, aimed at identifying students' attitudes toward integrative activities [7]. Data processing included content analysis of responses, which allowed for the identification of dominant motives, interests, and emotional reactions. The findings contributed to a more comprehensive understanding of the impact of integrating art and technology on the development of sustained cognitive motivation and a positive attitude toward creative activity.

The experimental work demonstrated that the use of integrated tasks (e.g., combining drawing and sculpting, creating models of architectural objects) stimulates imaginative thinking and fine motor skills.

The analysis of the formative experiment results revealed positive dynamics across all components of creativity:

– Cognitive aspect: in the experimental groups, there was a statistically significant increase in the proportion of students demonstrating high levels of originality and uniqueness in their drawings.

– Motivational aspect: students began to show sustained interest in creating new products and were less likely to leave tasks unfinished.

– Emotional aspect: a reduction in fear of making mistakes and an increase in self-confidence were observed. The use of neural network technologies and digital tools in Grades 3-4 enabled students to generate original references and master techniques of visualizing information.

Additional analysis of quantitative indicators confirmed statistically significant differences between the control and experimental groups across several parameters of creative thinking. In particular, there was an increase in indicators of fluency and flexibility of thinking, reflected in students' ability to generate a greater number of diverse ideas and to identify alternative solutions to creative tasks. In contrast, changes in the control group were less pronounced, indicating the targeted impact of the implemented pedagogical conditions.

The qualitative interpretation of the findings showed that the integration of artistic-aesthetic and technological activities contributes to the development of a holistic approach to creative product design among primary school students. Learners in the experimental groups demonstrated a higher level of autonomy in planning and implementing their ideas, more actively employed interdisciplinary connections, and exhibited a greater tendency to experiment with materials and digital tools. These results suggest a positive impact of the integrative approach not only on the development of creative thinking but also on the formation of students' meta-disciplinary competencies.

The integration of art and technology creates a favorable «creative environment», in which the absence of rigid teacher-imposed templates encourages exploratory and inventive activity. A critical condition for this process is the establishment of a situation of success and an atmosphere of trust [8]. The interdisciplinary nature of project-based learning enables children to «objectify their experiences», transforming abstract ideas into tangible products [9].

The findings obtained allow us to assert that the implementation of an integrative approach possesses substantial pedagogical potential and can be considered an effective direction for the modernization of primary education. At the same time, several limitations of the study should be acknowledged, particularly those related to the sample size and the duration of the experimental work, which in turn define the prospects for further research. Specifically, it appears advisable to expand the range of digital tools employed, to conduct a more in-depth examination of the impact of integration on specific components of creativity, and to develop methodological guidelines for teachers on the implementation of such practices within the educational process.

Thus, a comprehensive approach that incorporates natural materials, elements of design, engineering, and digital technologies ensure high effectiveness in the development of creative thinking. This approach prepares primary school students for life in a digital society by fostering not only technical skills but also broader human potential.

References

1. Барышева Т.А., Жигалов Ю.А. Психолого-педагогические основы развития креативности. – СПб.: Питер, 2018. – 281 с.
2. Выготский Л.С. Воображение и творчество в детском возрасте. – СПб.: Союз, 1997.
3. Колесникова И.А. Педагогическое проектирование. – М.: Академия, 2007. – 288 с.
4. Ильин Е.П. Психология творчества, креативности, одаренности. – СПб.: Питер, 2012. – 434 с.
5. Торренс Э.П. Руководство по диагностике креативности. – Челябинск: УралГАФК, 2018. – 184 с.
6. Туник Е.Е. Лучшие тесты на креативность. Диагностика творческого мышления. – СПб.: Питер, 2013. – 320 с.
7. Эйденсон Р.Я. Развитие креативности у младших школьников. – Ярославль: Академия развития, 2021. – 176 с.
8. Левитов Н.Д. Психология творчества. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2019. – 216 с.
9. Guilford J.P. The nature of human intelligence. – N.Y.: McGraw-Hill, 1967.

УДК(ӘОЖ) 37.022

ЛОГИКАЛЫҚ ЕСЕПТЕРДІҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ МЕН МӘНІ

Төлеген Өмірбек Шаймұратұлы
Otolegen61@mail.ru
Педагогика, психология және жеке пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасының педагог-шебер оқытушысы, Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі
Ақмола облысы, Көкшетау қ.

Жұмабай Дана Қуанышқызы
Danazumabaj33@gmail.com
«Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3 курс студенті

Аңдатпа

Мақалада логикалық есептердің оқу процесіндегі бастауыш мектеп оқушыларының дамуындағы рөлі мен маңызы, логикалық жаттығуларды ұйымдастырудағы мұғалімнің атқаратын қызметі және логикалық тапсырмаларды ұйымдастыруда қолданылатын инновациялық технологиялар туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: логикалық есептер, анализ, синтез, аналогия, ойлауды дамыту, инновациялық технологиялар

Annotation

The article describes the role and importance of logical problems in the development of elementary school students in the learning process, the role of the teacher in organizing logical exercises, and innovative technologies used in organizing logical tasks.

Keywords: logical calculations, analysis, synthesis, analogy, development of thinking, innovative technologies

Бастауыш білім беру жүйесі оқушылардың зияткерлік дамуын қамтамасыз етуді басты мақсаттарының бірі ретінде қарастырады. Әсіресе математикалық ойлауды қалыптастыру – ғылымилыққа, дәлдікке, жүйелілікке, логикалық пайымдауға жетелейтін аса маңызды міндет. Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың ойлау жүйесі әлі де нақты-бейнелі сипатта болатынын ескерсек, математикалық ойлауды дамыту үшін арнайы әдістемелік тәсілдер қажет.

Баланың математикалық ойлауы алдымен қарапайым логикалық әрекеттерден басталады. Психология ғылымында Ж. Пиаже, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, П.Я. Гальперин еңбектерінде бастауыш мектеп жасындағы баланың ойлау дамуының кезеңдік ерекшеліктері жан-жақты зерттелген. Олардың пікірінше, бұл жастағы балалар нақты әрекет арқылы ұғынуды жақсы меңгереді, сондықтан оқу материалы олардың жас ерекшеліктеріне сай көрнекілікпен, қисынды байланыстармен ұсынылуы керек. Осы теориялар математикалық ойлауды дамытуда логикалық есептердің қажеттілігін айқын көрсетеді. Логикалық есептер оқушыны ойлануға итермелейді, жаңа танымдық әрекетке жетелейді, математикалық заңдылықтарды өз бетінше табуға ынталандырады [1].

Математикалық ойлаудың теориялық негіздерінің бірі – логикалық операциялардың қалыптасуы. Оған талдау, синтез, салыстыру, жіктеу, жалпылау, аналогия жасау, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау сияқты әрекеттер жатады. Бұл операциялар баланың математикалық есепті шешу барысында қолданатын негізгі ойлау құралдары болып табылады. Әсіресе бастауыш сыныпта логикалық тапсырмаларды жиі қолдану осы әрекеттердің тұрақты түрде қалыптасуына септігін тигізеді

Математикалық ойлау қабілетінің дамуы бірнеше бағытта жүзеге асады. Біріншісі – репродуктивтік деңгей, яғни оқушы белгілі бір үлгі бойынша әрекет етеді. Екіншісі – конструктивтік деңгей: оқушы өз бетімен жаңа тәсіл таба алады. Үшіншісі – шығармашылық деңгей: оқушы мәселенің шешімін өзі логикалық жолмен ұсыныс жасап шығарады. Осы деңгейлердің біртіндеп дамуы бастауыш сыныптың оқыту үдерісінің тиімді ұйымдастырылғанына байланысты.

Бастауыш білім беруде математикалық ойлауды дамытуға әсер ететін маңызды факторлардың бірі – оқу тапсырмаларының мазмұны мен құрылымы. Оқушылар көп жағдайда стандартты типтік есептерді шешуге үйренеді, бірақ бұл олардың логикалық ойлауын толық дамытпайды. Сондықтан оқу үдерісінде стандартты және стандартты емес логикалық есептерді ұштастыра қолдану қажет. Мысалы, математикалық ребустар, салыстыруға арналған тапсырмалар, артық элементті табу, заттарды белгілі бір белгісіне қарай топтастыру, сандық заңдылықтарды анықтау, графикалық және сөздік логикалық есептер, комбинаторлық тапсырмалар – бәрі математикалық ойлауды дамытудың тиімді құралдары [2].

Логикалық есептердің бастауыш білім берудегі тағы бір маңызды рөлі – оқушылардың математикалық білімге деген қызығушылығын арттыру. Қарапайым арифметикалық жаттығулар көп жағдайда балалар үшін бірсарынды және қызықсыз болуы мүмкін. Ал логикалық есептер ойынға, жұмбаққа, ізденіске ұқсайтындықтан, оларды шешу оқушыға жағымды эмоция сыйлайды. Қиын есепті өз бетімен шешкен кезде балада жетістікке жету, қанағаттану сезімі пайда болады. Бұл сезім оның математика пәніне деген ынтасын арттырып, тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыруға ықпал етеді [3].

Педагогикалық тұрғыдан алғанда, логикалық есептер сабақтың құрылымын түрлендіреді. Мұғалім сабақтың басында қызығушылық ояту мақсатында қысқа логикалық тапсырма берсе, оқушының назары шоғырланып, сабаққа ынтасы артады. Сабақтың ортасында логикалық есеп тақырып мазмұнын терең түсінуге көмектеседі, ал сабақ соңында білімді бекіту құралы ретінде қолданылады. Бұл тәсіл сабақтың тиімділігін арттырып, оқытудың әдістемелік сапасын көтереді.

Логикалық есептердің мәні бағалау жүйесінде де көрінеді. Оқушының дайын үлгіге сүйенбей, өз бетімен ойлануын қажет ететін логикалық тапсырмалар оның оқу нәтижесін толық бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тапсырмалар баланың шынайы ойлау деңгейін анықтайды, есте сақтау немесе механикалық орындауға емес, нақты логикалық пайымдауға негізделеді.

Сонымен қатар логикалық есептер математикалық тілдің қалыптасуына да ықпал етеді. Тапсырманы орындау барысында оқушы шартты түсіндіреді, талдайды, шешімін дәлелдейді. Бұл оның математикалық сөйлеу мәдениетін дамытып, терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдануына көмектеседі

Логикалық есептердің бастауыш мектептің оқу процесіндегі рөлі мен мәні өте жоғары. Олар:

– Оқушылардың математикалық ойлауын дамытады;
– Зияткерлік қабілеттерін кеңейтеді;
– Оқу мотивациясын арттырады;
– Функционалдық сауаттылықты қалыптастырады;
– Шығармашылық пен сыни ойлауды дамытады;
– Сабақ процесін жандандырады;
– Мұғалімге оқытуды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Логикалық есептер бастауыш білім беруді қазіргі заман талаптарына сай жаңғыртудың негізгі құралдарының бірі екенін осыдан-ақ көруге болады. Егер олар жүйелі түрде қолданылса, оқушының ойлау мәдениеті қалыптасып, оның болашақтағы оқу жетістігіне берік іргетас қаланады [4].

Бастауыш мектепте математикалық ойлауды қалыптастырудың маңызды тетіктерінің бірі – логикалық тапсырмаларды дұрыс және тиімді пайдалану. Логикалық есептер тек қосымша қызықты элемент емес, керісінше оқушының танымдық белсенділігін күшейтетін, ойлау

операцияларын жетілдіретін, білімді терең түсінуге жағдай жасайтын әдістемелік құрал болып саналады. Бұл тапсырмаларды тиімді қолдану мұғалімнің кәсіби шеберлігіне, оқу материалын ұсыну тәсіліне, сабақ құрылымына және оқушының жас ерекшелігіне сәйкестендіру деңгейіне тікелей байланысты.

Логикалық тапсырмалардың тиімділігі оларды біртіндеп күрделендіру арқылы жүзеге асады. Бастауышта оқушы ақпаратты нақты қабылдайтындықтан, қарапайым тапсырмалардан бастау табиғи құбылыс. Мысалы, заттарды салыстыру, артық элементті табу, пішіндерді біріктіру, қарапайым заңдылықтарды анықтау сияқты тапсырмалар баланың ойлау әрекеттерін белсендіреді. Бұдан кейін ойлауды тереңдететін күрделірек тапсырмалар беріледі: комбинаторлық есептер, бірнеше қадамды талап ететін логикалық тізбектер, шарттары көп деңгейлі әрі ықтималдықты қажет ететін міндеттер. Тапсырмалардың осылай сатылы берілуі оқушыны өз мүмкіндігін кеңейтуге итермелеп, дербес шешім қабылдауға, логикалық тұрақтылыққа үйретеді [5].

Көрнекілік құралдары да логикалық тапсырмаларды тиімді қолданудың маңызды әдістемелік бөлігі болып саналады. Бастауыш жастағы балалардың қабылдауы көрнекілікке сүйенетіндіктен, тапсырмаларды сызбалар, диаграммалар, фигуралар, карточкалар, блок-схемалар арқылы беру олардың ойлауын жылдам әрі тиімді дамытады. Көрнекілік арқылы ұсынылған тапсырмалар оқушыға ақпаратты құрылымдауды, категориялауды, белгілі бір принцип негізінде топтастыруды жеңілдетеді. Әсіресе Венн диаграммалары, кестелер, графикалық модельдер, сандық тізбектер бастауыш математикада өте тиімді қолданылатын құралдар ретінде ерекшеленеді.

Логикалық тапсырмаларды тиімді қолдану үшін сабақта интерактивті әдістерді пайдалану да маңызды. Ойын элементтері енгізілген логикалық есептер оқушының қызығушылығын арттырып, оқу әрекетін еркін әрі табиғи етеді. Мысалы, «Сандар шеруі», «Жасырын заңдылық», «Логикалық көпір», «Сыңарын тап», «Қай жол қысқа?» секілді ойындар баланың ойлау жылдамдығын дамытады. Мұндай әдістер оқушыларды бәсекелестікке емес, ынтымақтастыққа баулиды және танымдық дербестікті қалыптастырады. Логикалық тапсырмалардың тиімділігін арттыратын тағы бір әдістеме – оқушыларды талдау мен дәлелдеуге үйрету. Қарапайым есеп шығарудан айырмашылығы, логикалық есептерде тек жауапты табу жеткіліксіз. Оқушы өз шешімінің неге дұрыс екенін дәлелдеп, ойлау барысын сөзбен жеткізе білуі тиіс. Бұл математикалық тілдің дамуына, сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына және аргументтеу қабілетінің өсуіне әсер етеді [6].

Заманауи білім беру кеңістігі қарқынды цифрландыру дәуіріне көшіп, педагогикалық үдерістің барлық құрамдас бөліктеріне инновациялық технологиялар терең еніп отыр. Бастауыш мектеп деңгейіндегі баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту мәселесі бұрыннан өзекті болғанымен, бүгінгі таңда бұл үрдістің тиімділігін арттыру үшін жаңа типтегі цифрлық құралдар, интерактивті платформалар, мобильді қосымшалар, геймификация элементтері және интеллектуалды білім беру жүйелері белсенді түрде қолданылуда. Инновациялық технологиялар логикалық ойлауды қалыптастыруға бағытталған дәстүрлі әдістерді кеңейтіп қана қоймай, оқыту процесін жаңа деңгейге көтереді, оқушылардың танымдық әрекетін белсендіріп, олардың когнитивтік қабілеттерінің дамуын жеделдетеді.

Инновациялық технологиялардың тиімділігін негіздейтін басты фактор – олардың визуалдық, интерактивті және динамикалық мүмкіндіктері. Бастауыш сыныптағы оқушылар ақпаратты көбіне көрнекілік арқылы қабылдайды, сондықтан логикалық тапсырмаларды компьютерлік модельдер, анимациялар, симуляторлар арқылы түсіндіру олардың ойлауын нақты әрекеттен абстрактілі ойлауға біртіндеп көшуін оңтайландырады. Мысалы, интерактивті түрде ұсынылған логикалық тізбек, диаграмма, графикалық схемалар немесе виртуалды объектілерді топтастыру, сәйкестендіру, жылжыту арқылы шешілетін тапсырмалар оқушыны белсенді әрекетке қосады. Бұл процесте бала тек тыңдаушы емес, тікелей әрекет етуші субъект ретінде қалыптасады [7].

Инновациялық технологиялардың маңызды артықшылығы – оқыту процесін дараландыру мүмкіндігі. Интерактивті тапсырмалар мен адаптивті платформалар әр оқушының деңгейін

автоматты түрде анықтап, оған сәйкес келетін логикалық есептерді ұсына алады. Мұндай жүйелер тапсырмалардың күрделілік деңгейін оқушының нақты нәтижесіне қарай реттейді, яғни оқушыға шамадан тыс қиын немесе керісінше тым жеңіл тапсырма бермей, оның жеке даму траекториясын қалыптастырады. Бұл бастауыш сынып жасындағы әртүрлі деңгейдегі оқушыларды бірдей белсенділікке тартудың ең тиімді тәсілдерінің бірі.

Инновациялық технологиялар логикалық тапсырмаларды тек қызықты ету үшін емес, олардың құрылымын жақсарту үшін де қолданылады. Цифрлық логикалық симуляторлар арқылы күрделі есептің әрбір компонентін визуалды түрде бөлшектеу, тізбектің әр буынын жеке көрсету, шешімдердің ықтимал нұсқаларын моделдеу мүмкіндігі артады. Мысалы, себебін анықтау керек тапсырмаларды интерактивті форматқа ауыстыру оқушыға себеп-салдар байланысын нақты көрнекілік арқылы көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар оқушының күрделі логикалық модельдерді жеңіл қабылдауына жағдай жасайды.

Логикалық ойлауды дамытуда инновациялық технологиялардың тағы бір артықшылығы – ақпаратты көпарналы қабылдау мүмкіндігі. Тапсырмаларды дыбыспен, анимациямен, бейнесюжетпен, түстермен, қозғалыспен біріктіру оқу материалының есте сақталуын арттырады. Әсіресе күрделі логикалық құрылымдарды бірнеше арна арқылы көрсету оларды тезірек меңгеруге көмектеседі. Инновациялық технологиялар мұғалімнің жұмысын да жеңілдетеді. Логикалық тапсырмаларды автоматты бағалау, оқушылардың нәтижелерін онлайн түрде бақылау, жеке прогресс бойынша аналитикалық есеп алу мұғалімге уақыт үнемдеп, оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар логикалық есептерді генерациялайтын бағдарламалар мұғалімге әр сабаққа жаңа, ерекше тапсырмалар дайындауға көмектеседі.

Инновациялық технологияларды тиімді пайдалану үшін белгілі әдістемелік талаптарды сақтау қажет. Технология тек құрал екенін, ал оның тиімділігі мұғалімнің дұрыс таңдауына және оны сабақпен үйлестіруіне байланысты екенін ескеру маңызды. Технологияны шамадан тыс қолдану да кері әсер етуі мүмкін, сондықтан оны мақсатқа сай, нақты дидактикалық міндетке сәйкес қолдану қажет. Мысалы, логикалық ойлау операцияларын дамытуға бағытталған сабақта интерактивті кестелер мен симуляторлар тиімді болса, шығармашылық есептерде ойын технологиялары жақсы нәтиже береді [8].

Инновациялық технологиялардың логикалық ойлауға тигізетін әсерін жинақтай келе, олардың бастауыш мектептегі тиімділігі бірнеше көрсеткіш арқылы дәлелденеді: оқушының белсенділігі артады, қызығушылығы жоғарылайды, ойлау жылдамдығы мен дәлдігі артатыны байқалады, тапсырмалардың көптүрлілігі когнитивтік процестерді әр қырынан дамытады, ал оқу процесінің көрнекілігі білімді терең әрі тұрақты меңгеруге ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Выготский, Л. С. «Мышление и речь» – Москва: Педагогика, 1999.
2. Пиаже, Ж. «Речь и мышление ребёнка». – Москва: Педагогика, 2004.
3. Давыдов, В. В., Эльконин, Д. Б. «Развивающее обучение в начальной школе». – Москва: Просвещение, 1995.
4. Бейсенова, А. «Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту жолдары». – Алматы: Ғылым, 2020.
5. Көшімбетова, С. «Инновациялық педагогикалық технологиялар». – Алматы: Білім, 2017.
6. Қойшыбаев, Р. «Математикалық логика негіздері». – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
7. Сейдахметова, Л. «Бастауыш мектепте логикалық тапсырмаларды тиімді қолдану әдістері». – Алматы: Білім, 2021.
8. https://stud.kz/referat/show/76839

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАҒДАЙЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДА ТРИЗ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Байзакова Таңшолпан Таубайқызы
abdixanova02@mail.ru
Магистрант, «Бастауыш білім беру» кафедрасы,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қоғамдық өзгерістер жағдайында бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамыту мәселесі қарастырылады. Бүгінгі білім беру кеңістігінде оқушының тек білімді меңгеруі емес, оны талдау, салыстыру, бағалау, қолдану және жаңа жағдайларда пайдалану қабілеті ерекше маңызға ие. Осы тұрғыдан алғанда ТРИЗ технологиясы бастауыш мектеп оқушыларының логикалық, сыни және шығармашылық ойлауын дамытудың тиімді құралы ретінде сипатталады. ТРИЗ тәсілдері баланың танымдық белсенділігін арттырып, оны дайын жауапты қабылдаушы емес, мәселені өз бетінше шешуге ұмтылатын тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мақалада бастауыш сынып сабақтарында қолдануға болатын ТРИЗ элементтері, олардың психологиялық-педагогикалық негіздері және оқу үдерісін жаңартудағы мүмкіндіктері талданады. Қарама-қайшылықты анықтау, ресурсты табу, бірнеше шешім ұсыну, шығармашылық тапсырмалар орындау сияқты әдістер оқушының ойлау дербестігін күшейтетіні дәлелденеді. Сонымен қатар ТРИЗ технологиясын қазақ тілі, математика, дүниетану және көркем еңбек сабақтарында қолданудың жолдары қарастырылады. Зерттеу нәтижесінде ТРИЗ технологиясы бастауыш білім берудегі инновациялық оқыту тәсілдерінің бірі ретінде оқушылардың ойлау қабілетін жүйелі дамытуға ықпал ететіні тұжырымдалады.

Түйінді сөздер: ТРИЗ технологиясы, бастауыш сынып, ойлау қабілеті, шығармашылық ойлау, сыни ойлау, логикалық ойлау, инновациялық оқыту, оқу үдерісі.

Annotation

The article examines the problem of developing primary school students' thinking skills in the context of contemporary social changes. In today's educational environment, it is especially important not only for learners to acquire knowledge, but also to analyze, compare, evaluate, apply, and use it in new situations. From this perspective, TRIZ technology is presented as an effective tool for developing primary school students' logical, critical, and creative thinking. TRIZ methods increase children's cognitive activity and help shape them not as passive recipients of ready-made answers, but as individuals capable of independent problem solving. The article analyzes TRIZ elements that can be used in primary school lessons, their psychological and pedagogical foundations, and their potential for renewing the learning process. Methods such as identifying contradictions, finding resources, proposing multiple solutions, and completing creative tasks are shown to strengthen learners' independent thinking. The article also considers ways of applying TRIZ technology in Kazakh language, mathematics, science, and arts and crafts lessons. The study concludes that TRIZ technology is one of the innovative teaching approaches in primary education and contributes to the systematic development of students' thinking skills.

Keywords: TRIZ technology, primary school, thinking skills, creative thinking, critical thinking, logical thinking, innovative teaching, learning process.

Қазіргі қоғамда болып жатқан әлеуметтік, мәдени және технологиялық өзгерістер білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып отыр. Бүгінгі бастауыш мектептің міндеті тек оқушыға бастапқы білім мен дағдылар беру емес, сонымен бірге оны ойлай алатын, салыстыра алатын, талдайтын, өзіндік пікір қалыптастыратын тұлға ретінде дамыту болып табылады. Осы себепті бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамыту мәселесі қазіргі педагогика

ғылымының өзекті бағыттарының бірі саналады. Мұндай жағдайда ТРИЗ технологиясы оқушының шығармашылық белсенділігін арттыратын, танымдық әрекетін жандандыратын тиімді әдістемелік құрал ретінде ерекше мәнге ие.

ТРИЗ технологиясы — шығармашылық міндеттерді шешу теориясы. Бұл технология бастапқыда техникалық жүйелердегі жаңалық табу үдерісін зерттеу негізінде қалыптасқанымен, кейін білім беру саласына бейімделіп, оқыту үдерісін жаңартудың нәтижелі құралына айналды. Педагогикалық тәжірибеде ТРИЗ технологиясы оқушыны дайын білімді қабылдауға ғана емес, мәселені түсінуге, оның себебін анықтауға, баламалы шешімдер іздеуге және өз ойын дәлелдеуге үйретеді. Сондықтан ТРИЗ бастауыш сынып оқушыларының ойлау әрекетін белсендіруге тікелей ықпал етеді.

Бастауыш сынып жасы — баланың қоршаған ортаны тануы, салыстыруы, талдауы, жалпылауы және дәлелдеуі қалыптасатын маңызды кезең. Егер осы кезеңде оқу үдерісі тек дайын ақпаратты қабылдауға негізделсе, онда баланың ойлау белсенділігі жеткілікті дамымайды. Ал ТРИЗ технологиясы оқушыны дайын жауапты қайталауға емес, мәселенің шешімін іздеуге, ойлануға, салыстыруға және шығармашылық ұсыныс айтуға жетелейді.Бастауыш сынып жасындағы балалардың ойлау қабілеті әлі де қарқынды даму үстінде болады. Бұл кезеңде бала нақты бейнелерге сүйеніп ойлайды, бірақ біртіндеп логикалық және абстрактілі ойлау элементтерін меңгере бастайды. Егер оқу үдерісі тек жаттығу мен қайталауға негізделсе, оқушының ойлау мүмкіндігі толық ашылмайды. Ал ТРИЗ технологиясы арқылы берілген тапсырмалар баланы салыстыруға, ұқсастық пен айырмашылықты табуға, қарама-қайшылықты көруге, себебі мен салдарын ажыратуға үйретеді. Мұндай әрекеттер ойлау операцияларын дамытып қана қоймай, оқу мотивациясын да күшейтеді.

ТРИЗ технологиясының негізгі ерекшеліктерінің бірі — қарама-қайшылықпен жұмыс істеу. Қарама-қайшылықты табу және оны шешу жолдарын іздеу ойлаудың тереңдеуіне жағдай жасайды. Мысалы, оқушыға «Неліктен бір зат бір жағынан пайдалы, екінші жағынан қиындық тудыруы мүмкін?», «Қалайша бір нәрсе әрі үлкен, әрі шағын болып көрінуі мүмкін?», «Бір мәселені бірнеше жолмен шешуге бола ма?» деген сұрақтар қою арқылы оның ойлау кеңістігін кеңейтуге болады. Осындай тапсырмалар баланың тек жауап беруге емес, жауапты негіздеуге де үйретеді. Бұл бастауыш сынып оқушылары үшін сыни ойлау мен логикалық пайымдаудың қалыптасуына мүмкіндік береді.

ТРИЗ технологиясында ресурстарды іздеу де маңызды орын алады. Ресурс дегеніміз — кез келген мәселені шешуге пайдалануға болатын мүмкіндік, құрал немесе қасиет. Оқушыны ресурсты көруге үйрету оның шығармашылық қабілетін арттырады. Мысалы, мәтін құрастыру кезінде тірек сөздер, суреттер, өмірлік тәжірибе, сыныптағы заттар немесе табиғи құбылыстар ресурс ретінде қарастырылуы мүмкін. Бала қолында бар мүмкіндікті дұрыс пайдалануды үйренсе, ол кез келген тапсырманы шешуде белсендірек болады. Бұл бастауыш білім берудегі дербестік пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастырады.ТРИЗ элементтерін сабаққа енгізу оқыту мазмұнын қызықты әрі нәтижелі етеді. Математика сабағында есептің бірнеше шешімін табу, артық мәліметті анықтау, заңдылықты жалғастыру, берілген шартты өзгерту арқылы жаңа есеп құрастыруға болады. Қазақ тілі сабағында мәтінді аяқтау, кейіпкер әрекетіне балама ұсыну, сөйлемді түрлендіру, бір сөзден бірнеше мағына шығару сияқты тапсырмалар оқушының тілдік және ойлау белсенділігін дамытады. Дүниетану сабағында табиғат құбылыстарының себеп-салдарын түсіндіру, салыстыру, топтау, қорытынды жасау арқылы зерттеушілік қабілет қалыптасады. Көркем еңбек пен бейнелеу өнері сабақтарында бір бейнені әртүрлі материалмен орындау, заттың қызметін өзгерту, жаңа образ ойлап табу арқылы шығармашылық қиял дамиды.

Бастауыш білім беру үдерісінде ТРИЗ технологиясын қолдану тек оқушыға ғана емес, мұғалімге де жаңа міндеттер жүктейді. Мұғалім енді тек ақпарат беруші емес, оқушының ойлау әрекетін ұйымдастырушы, бағыттаушы, қолдаушы болуы тиіс. Сабақта еркін пікір айтуға, қателесуден қорықпауға, түрлі шешім ұсынуға мүмкіндік берілген жағдайда ғана ТРИЗ

технологиясы өз нәтижесін береді. Сондықтан мұғалімнің шеберлігі оқушының әрбір ойына құрметпен қарап, оны келесі ойлау қадамына жетелей білуінде көрінеді.

Қазіргі қоғамдық өзгерістер жағдайында білім беру ортасы да инновациялық сипат алуы тиіс. Инновациялық оқыту дегеніміз — тек жаңа құралдарды пайдалану емес, оқу үдерісін оқушының танымдық белсенділігіне, дербестігіне және шығармашылығына негіздеп ұйымдастыру. ТРИЗ технологиясы осы талаптарға толық сәйкес келеді. Ол оқушыны дайын үлгіні қайталауға емес, мәселені басқа қырынан көруге, ерекше шешім табуға, ойлау икемділігін дамытуға бағыттайды. Бұл бастауыш мектепте функционалдық сауаттылықты, коммуникативтік қабілетті және шығармашылық мәдениетті қалыптастыруға көмектеседі.

ТРИЗ технологиясының бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетіне тигізетін әсері бірнеше бағытта байқалады. Біріншіден, оқушының назар аудару, салыстыру, талдау, жалпылау дағдылары дамиды. Екіншіден, бала өз ойын жүйелі айтуға, дәлелдеуге және қорытынды жасауға үйренеді. Үшіншіден, шығармашылық қиялы мен бейнелі ойлауы жетіледі. Төртіншіден, оқу материалына қызығушылық артып, сабаққа қатысу белсенділігі жоғарылайды. Бесіншіден, оқушының өзіндік шешім қабылдау қабілеті қалыптасады. Осы нәтижелер ТРИЗ технологиясының бастауыш білім берудегі тиімділігін дәлелдейді.

Бастауыш сыныпта ТРИЗ технологиясын тиімді қолдану үшін бірқатар педагогикалық шарттардың сақталуы қажет. Ең алдымен, тапсырмалар оқушылардың жас ерекшелігіне, танымдық деңгейіне және пәндік мазмұнға сай болуы керек. Бастауыш мектеп оқушылары үшін тым күрделі теориялық түсіндірмелерден гөрі, нақты өмірмен байланысты, көрнекілікке негізделген, ойын элементі бар тапсырмалар тиімді нәтиже береді. Сондықтан мұғалім ТРИЗ технологиясын қолданғанда баланың қабылдау мүмкіндігін, сөйлеу дағдысын және ойлау қарқынын ескеруі тиіс.

Екінші маңызды шарт — сабақтағы психологиялық қауіпсіз орта. Оқушы өз ойын ашық айтуға, қате жауап беруге, өзгеше пікір білдіруге қорықпауы керек. Егер мұғалім тек дұрыс жауапты талап етіп, басқа шешімдерді қабылдамаса, онда ТРИЗ технологиясының басты мақсаты іске аспайды. Керісінше, оқушының кез келген дәлелді жауабы қолдау тауып отырса, оның ойлау дербестігі артады. Бұл бастауыш мектеп жасындағы баланың өзін-өзі бағалауына, сеніміне және оқу мотивациясына оң әсер етеді.

Үшінші шарт — сабақ мазмұнының жүйелілігі мен сабақтастығы. ТРИЗ тапсырмаларын тек жекелеген сабақтарда ғана емес, тұрақты түрде қолдану қажет. Мысалы, бір тақырыпта қарама-қайшылықты табу тапсырмасы берілсе, келесі сабақта ресурсты анықтау, одан кейін баламалы шешім ұсыну ұйымдастырылуы мүмкін. Осындай жүйелілік оқушыны біртіндеп күрделі ойлау әрекетіне жетелейді. Нәтижесінде бала нақты фактілерді ғана есте сақтап қоймай, сол білімді жаңа жағдаятта қолдана алатын деңгейге көтеріледі.

Төртінші шарт — мұғалімнің әдістемелік дайындығы. ТРИЗ технологиясын тиімді қолдану үшін педагог шығармашылық тапсырмаларды құрастыра білуі, проблемалық сұрақтар қоюға дағдылануы және оқушы жауаптарын талдай алуы қажет. Мұғалімнің өзі де ізденімпаз, жаңашыл және икемді болуы тиіс. Себебі ТРИЗ технологиясы дайын үлгіні қайталауды емес, нақты жағдайға сай шешім табуды талап етеді. Демек, мұғалімнің кәсіби шеберлігі бұл технологияның нәтижелілігін айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып саналады.

Бастауыш сыныпта ТРИЗ технологиясын қолдану әртүрлі шығармашылық және танымдық тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Солардың бірі — «керісінше ойлау» әдісі. Бұл әдісте оқушыға белгілі бір құбылысты әдеттегі жағынан емес, кері бағытта қарастыру ұсынылады. Мысалы, «Ауа болмаса не болады?», «Егер күн жарық шашпаса, өмір қандай болар еді?», «Егер қар суға айналмаса, не өзгерер еді?» деген сұрақтар баланың себеп-салдар байланысын түсінуіне көмектеседі. Мұндай тапсырмалар ойлауды белсендіреді және қиялды дамытады.

Келесі тиімді тәсіл — «бір заттың бірнеше қызметін табу» тапсырмасы. Мысалы, қалам тек жазу құралы ғана емес, өлшеу, көрсеткіш, салыстыру немесе ойын құралы ретінде де қарастырылуы мүмкін. Бұл жаттығу баланың заттарға кең көзқараспен қарауына үйретеді. Сонымен қатар, ол ресурсты тиімді пайдалану дағдысын қалыптастырады. Мұндай тапсырмалар көркем еңбек, дүниетану және қазақ тілі сабақтарында өте қолайлы.

«Артық бөлікті тап» немесе «қажетсіз ақпаратты ажырат» тапсырмалары да ТРИЗ технологиясының бастауыш сыныптағы пайдалы үлгілерінің бірі болып табылады. Мысалы, есепте берілген артық мәліметті тауып тастау, мәтіндегі негізгі ойды бөлу, суреттен тақырыпқа қатысы жоқ детальдарды анықтау оқушының талдау қабілетін дамытады. Бұл тапсырмалар логикалық ойлауды, назарды және жіктеу дағдысын жетілдіреді.

Тағы бір маңызды жұмыс түрі — «жаңа нұсқа ұсыну». Мұнда оқушыға белгілі бір оқиға немесе жағдай беріліп, оны өзгеше аяқтау, өзгерту немесе жақсарту ұсынылады. Мысалы, ертегінің соңын басқаша ойлап табу, кейіпкердің әрекетіне балама нұсқа ұсыну, сабақтағы мәселені басқа жолмен шешу сияқты тапсырмалар оқушының шығармашылық еркіндігін арттырады. Бұл тапсырмалар әсіресе әдебиеттік оқу мен қазақ тілі сабақтарында тиімді.Осылайша, ТРИЗ технологиясы бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуда тек жеке әдіс емес, тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастырылуы тиіс. Ол оқушының қызығушылығын оятып, белсенділігін арттырады, оқу мазмұнын өмірмен байланыстырады және білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, қазіргі қоғамдық өзгерістер жағдайында бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамыту — білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі. Бастауыш мектеп кезеңі баланың танымдық әрекетінің, логикалық пайымдауының, шығармашылық қиялының және өзіндік пікірінің қалыптасатын негізгі кезеңі болғандықтан, бұл уақытта қолданылатын оқыту әдістері де соған сай жаңашыл, тиімді және дамытушы сипатта болуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, ТРИЗ технологиясы бастауыш сынып оқушыларының ойлау әрекетін жандандыратын, оларды белсенді ізденіске жетелейтін және оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі ететін маңызды педагогикалық құрал болып табылады.

ТРИЗ технологиясын сабақта жүйелі қолдану оқушының тек білім алуына ғана емес, сол білімді түрлі жағдайларда пайдалана білуіне, салыстыруына, талдауына, қорытынды жасауына және жаңа шешім ұсынуына мүмкіндік береді. Қарама-қайшылықты табу, ресурсты анықтау, бірнеше балама шешім ойлап табу, шығармашылық тапсырмаларды орындау сияқты әрекеттер баланың ойлау икемділігін арттырады. Сонымен қатар, мұндай жұмыс түрлері оқушыны еркін ойлауға, өз ойын негіздеуге, қателесуден қорықпауға және өз пікірін дәлелдеуге үйретеді. Бұл бастауыш сынып жасындағы баланың тұлғалық дамуына да оң ықпал етеді.

ТРИЗ технологиясының тағы бір маңызды қыры — оның пәндік білімді ғана емес, жалпы оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы. Қазақ тілі, математика, дүниетану, көркем еңбек сияқты пәндерде ТРИЗ элементтерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, олардың белсенділігі мен дербестігі күшейеді. Мұғалімнің бағыттаушы рөл атқаруы, қолайлы психологиялық орта құруы және шығармашылық тапсырмаларды жүйелі ұйымдастыруы ТРИЗ технологиясының тиімділігін арттырады. Демек, бұл әдіс бастауыш білім берудің инновациялық мазмұнын байытып, білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Осылайша, ТРИЗ технологиясы бастауыш сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуда нәтижелі, мазмұнды және болашағы зор әдістемелік бағыт ретінде қарастырылады. Ол оқушыны дайын білімді қабылдаушыдан белсенді ойлаушы тұлғаға айналдырады, шығармашылық әлеуетін ашады және болашақта күрделі мәселелерді өз бетімен шешуге дайындайды. Сондықтан бастауыш білім беру тәжірибесінде ТРИЗ технологиясын кеңінен енгізу — уақыт талабына сай келетін, ғылыми әрі практикалық тұрғыдан тиімді шешім болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Альтшуллер Г. С. Творчество как точная наука. — М.: Сов. радио, 1979. — 370 с.

2. Альтшуллер Г. С. Найти идею: Введение в ТРИЗ — теорию решения изобретательских задач. — 5-е изд. — М.: Альпина Паблишер, 2012.

3. Выготский Л. С. Мышление и речь: психологические исследования. — М.: Национальное образование, 2021. — 368 с.

4. Гин С. И. Мир фантазии: методическое пособие для учителей 2–3 классов. — М.: Вита-Пресс, 2002.

5. Проценко А. А., Николаева И. И. Развитие творческого мышления младших школьников по средствам ТРИЗ технологии // Актуальные направления научных исследований XXI века: теория и практика. — 2014. — № 6. — С. 79–84.

6. Зимина М. Д., Жесткова Е. А. Теория решения изобретательских задач как средство повышения мотивации обучения младших школьников на уроках литературного чтения // Научное обозрение. Педагогические науки. — 2017. — № 2. — С. 50–53.

7. Жесткова Е. А. Особенности работы над языком художественного произведения в начальной школе // Современные наукоемкие технологии. — 2016. — № 11-2. — С. 351–355.

8. Жесткова Е. А., Клычёва А. С. Духовно-нравственное развитие младших школьников на уроках литературного чтения посредством русской народной сказки // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2015. — № 1-1. — С. 126–130.

9. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауыш сыныптар): әдістемелік құрал. — Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. — 66 б.

ӘОЖ 37.013:004:81

ЦИФРЛЫҚ СТОРИТЕЛЛИНГ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫНДАҒЫ КРЕАТИВТІЛІКТІ ДАМЫТУ

Тұрсынхан Айнара Берікқанқызы
ajnaratrsynhan@gmail.com
7М01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
мамандығының 1 курс магистранты
Абай атындағы ҚазҰПУ

Аңдатпа

Бұл мақалада цифрлық сторителлинг технологиясы арқылы бастауыш сынып оқушыларының сөйлеуіндегі креативтілікті дамыту мәселесі қарастырылады. Қазіргі білім беру үдерісінде оқушылардың тек дұрыс сөйлеуі ғана емес, сонымен қатар ойды ерекше, мазмұнды және әсерлі жеткізе білуі маңызды. Осы тұрғыда цифрлық сторителлинг оқушыны белсенді әрекетке тартып, оның шығармашылық қабілетін, ауызша сөйлеу дағдыларын және өзіндік ойын еркін білдіру мүмкіндігін дамытатын тиімді әдіс. Мақалада цифрлық сторителлингтің теориялық негіздері, оны жүзеге асыру кезеңдері, сөйлеу креативтілігіне ықпалы талданады. Сонымен қатар, мультимедиалық құралдар мен жасанды интеллекттің білім беру процесіндегі рөлі қарастырылады. Зерттеулерге сүйене отырып, цифрлық сторителлинг оқушылардың сөздік қорын байытуға, сөйлеудің мазмұнды, жүйелі және мәнерлі болуына, сондай-ақ шығармашылық ойлауын арттыруға мүмкіндік беретіні дәлелденеді.

Түйінді сөздер: цифрлық сторителлинг, сөйлеу креативтілігі, шығармашылық ойлау, ауызша сөйлеу, мультимодальды оқыту, жасанды интеллект, коммуникациялық дағдылар

Abstract

This article examines the issue of developing creativity in the speech of primary school students through digital storytelling technology. In the modern educational process, it is crucial that students not only speak correctly but also possess the ability to convey their ideas in a unique, meaningful, and impactful manner. In this context, digital storytelling serves as an effective method that engages students in active participation, fostering their creative abilities, oral communication skills, and the opportunity for free self-expression. The article analyzes the theoretical foundations of digital storytelling, the stages of its implementation, and its specific impact on speech creativity. Furthermore, the role of multimedia tools and artificial intelligence in the contemporary educational process is explored. Based on research findings, it is demonstrated that digital storytelling enables the enrichment of students' vocabulary, ensures that their speech is meaningful, coherent, and expressive, and significantly enhances their creative thinking.

Keywords: digital storytelling, speech creativity, creative thinking, oral speech, multimodal learning, artificial intelligence, communication skills.

Қазіргі бастауыш білім беру жүйесінде оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мен шығармашылық ойлауын дамыту басты стратегиялық міндеттердің бірі. Бастауыш сынып кезеңі баланың тілдік қорының байып, өзіндік көзқарасының іргетасы қаланатын уақыт болғандықтан, сөйлеу мұнда тек ақпарат алмасу құралы емес, сонымен бірге ойлау, сезіну және қоршаған ортаны интерпретациялау тетігі [1]. Алайда, дәстүрлі оқыту әдістері цифрлық дәуірдің «альфа» ұрпағының қызығушылығын толық қанағаттандыра алмай отыр. Сондықтан оқушының сөйлеу дағдыларын дамытуда цифрлық технологиялар мен баяндау өнерін ұштастыратын инновациялық әдістерді қолданудың маңызы зор.

Цифрлық сторителлинг технологиясы оқушының жеке тәжірибесін, қиялын және тілдік мүмкіндіктерін мультимедиалық арналармен (мәтін, сурет, дыбыс, бейне) бір арнаға тоғыстырады. Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, сторителлинг ежелгі оқиға айту өнері мен қазіргі ақпараттық құралдарды біріктіру арқылы оқушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді авторға, баяндаушыға және шығармашылық өнім жасаушыға айналдырады [9]. Бұл процесс оқушының тілдік креативтілігін арттырып қана қоймай, оның мектеп ортасына бейімделуі мен функционалдық сауаттылығына оң әсер етеді.

Осы мақаланың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу креативтілігін дамытуда цифрлық сторителлинг технологиясын қолданудың әдістемелік алгоритмін негіздеу және заманауи мультимедиалық платформалардың дидактикалық мүмкіндіктерін саралау.

Сөйлеудегі креативтілік ойды жай ғана айту емес, оны ерекше, әсерлі, мазмұнды және тың формада жеткізе білу қабілеті. Бастауыш сынып оқушысы үшін бұл дағды бірнеше іргелі компоненттерден тұрады: ойдың ұшқырлығы, бірегейлігі, икемділігі және мазмұнды кеңейтіп жеткізуі. Цифрлық сторителлинг технологиясы осы компоненттердің барлығын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді [7] . Бірінші кезекте, оқушы оқиғаның мазмұнын өзі таңдап, оған жеке көзқарасын қосады. Мұндай еркіндік баланың өзіндік ойын қалыптастыруға және сөйлеу мәнерінің оригиналды сипат алуына тікелей ықпал етеді.

Сценарий жазу және дауыспен баяндау кезеңдері сөйлеудің сапалық көрсеткіштерін арттыруда маңызды. Сценариймен жұмыс істеу барысында оқушы өз ойын қысқа, нақты және әсерлі жеткізуге тырысады, бұл сөйлеудің логикалық құрылымын жақсартады [3]. Ал дауыс жазу барысында интонацияны, қарқынды, пауза мен эмоциялық реңкті орынды қолдану сөйлеуді жандандырып, оған шығармашылық реңк береді. Осылайша, цифрлық өнім жасау процесінде оқушы тек ақпаратты тұтынушы емес, оны жасаушы, баяндаушы және автор рөлінде көрінеді.

Цифрлық сторителлингті ұйымдастырудың әдістемелік жүйесі бес негізгі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде оқушы тақырыпты таңдап, баяндаудың нысанын анықтайды. Мұнда басты назар қысқа, бірақ мазмұны терең оқиғаға аударылады. Екінші кезеңде сценарий жазылады, бұл тілдік даму тұрғысынан ең жауапты саты болып саналады. Себебі оқушы өз ойын жүйелеп, ауызша баяндауға негіз болатын жазбаша мәтінді құрастырады. Бұл кезең баланың сөздік қорын байытып, сөйлем құрау дағдыларын жетілдіреді [4].

Үшінші және төртінші кезеңдер визуалды және дыбыстық қабылдауды ұштастыруға бағытталған. Сториборд жасау барысында оқушы кадрлар жоспарын құрып, оған сәйкес сурет, музыка және бейне материалдарын іріктейді, бұл шығармашылық ойлауды дамытады. Төртінші кезеңде дауыс жазылып, дикция мен интонацияға ерекше көңіл бөлінеді. Оқушы өз дауысын бірнеше рет тыңдап, түзетулер енгізу арқылы қарқын мен эмоциялық жеткізу қабілетін өз бетінше жетілдіруге мүмкіндік алады [6].

Соңғы кезеңде барлық материалдар біріктіріліп, дайын цифрлық өнім аудиторияға ұсынылады. Бұл кезең оқушының көпшілік алдында сөйлеуге деген сенімділігін арттырып, коммуникативтік құзыреттілігін бекітеді. Осылайша, цифрлық сторителлингтің әрбір кезеңі оқушыны белсенді іс-әрекетке тартатындықтан, бұл технология бастауыш сыныпта сөйлеу мәдениетін қалыптастыратын толыққанды шығармашылық орта болып табылады.

Сурет 1. Цифрлық сторителлинг технологиясын жүзеге асырудың әдістемелік кезеңдері



Жоғарыда көрсетілген әдістемелік кезеңдерді іске асыру және оқушылардың шығармашылық жұмысын сапалы деңгейге көтеру үшін тиісті цифрлық құралдарды таңдау маңызды. Осы орайда, бастауыш сыныптарда цифрлық сторителлингті жүзеге асыруға арналған платформалардың функционалдық ерекшеліктері мен олардың оқушы дағдыларына ықпалын келесі кесте арқылы қарастырайық.

Кесте 1. Цифрлық сторителлингке арналған платформалардың салыстырмалы сипаттамасы

Платформа	Негізгі қызметі	Қолданылуы	Дамытатын дағдылар
BOOK CREATOR	Мәтін, графика, аудио және видео файлдарды біріктіре отырып, интерактивті электронды кітаптар мен цифрлық журналдар құрастыру.	Оқушының әңгімесін «кітап» форматына түсіріп, авторлық позицияны, мәтін құрастыруды және ауызша баяндауды біріктіреді.	Оқу және жазу сауаттылығы, медиа-дизайн, ақпаратты жүйелеу.
Storybird	Кәсіби суретшілер мен иллюстраторлардың дайын визуалды базасын қолданып, көркем хикаялар, шағын әңгімелер жазу.	Оқушыға суретке сүйеніп оқиға ойлап табуға, сөйлемдерді мәнерлі құруға және қиялды дамытуға көмектеседі.	Шығармашылық қиял, әдеби тіл байлығы.
StoryboardThat	Сүйреп апару (drag-and-drop) технологиясы арқылы дайын кейіпкерлерді, фондар мен объектілерден комикстер мен кадрлық жоспарлар жасау.	Әңгіме құрылымын алдын ала жоспарлауға, оқиғаның басталуы–дамуы–аяқталуын реттеуге көмектеседі.	Логикалық ойлау, оқиғаны жоспарлау.
Spotify	Аудио файлдарды жазу, редакциялау, фондық музыкамен өңдеу және оларды әлемдік подкаст платформаларына тарату.	Дауыс, интонация, темп, кідіріс арқылы сөйлеу шеберлігін дамытуға ыңғайлы, ауызша баяндауды подкаст форматына көшіреді.	Сөйлеу мәдениеті, дикция, тыңдалым және шешендік өнер.
ChatGPT	Табиғи тілді өңдеу, сұраныстар бойынша мәтіндер құру, идеялар генерациялау және ақпаратты талдау.	Мұғалім бақылауымен, идеяны дамытуға және тілдік қателерді азайтуға көмектеседі.	Сын тұрғысынан ойлау, ақпаратты өңдеу.

Цифрлық сторителлинг үдерісінде аталған мультимедиалық платформалар мен жасанды интеллект құралдарын жүйелі қолдану білім беру мазмұнын жаңа сапалық деңгейге көтереді. Бұл құралдар оқушыға тек техникалық қолдау көрсетіп қоймай, оның когнитивтік және коммуникативтік дамуына бағытталған цифрлық «scaffolding» (қолдау) қызметін атқарады. 2026 жылғы білім беру парадигмасында мультимодальды оқыту ақпаратты тек мәтін арқылы емес, визуалды, аудио және интерактивті формада өңдеу қабілеті ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда цифрлық сторителлинг бастауыш сынып оқушысының сөйлеу креативтілігін дамытудың интеграцияланған механизміне айналады. Оқушының өз туындысын көпшілікке ұсынуы, оны подкаст немесе цифрлық кітап форматында жариялауы

оның әлеуметтік жауапкершілігін арттырып, мектеп қабырғасында-ақ нақты аудиториямен байланыс орнату дағдыларын қалыптастырады.

Цифрлық сторителлинг технологиясының мүмкіндіктерін талдау нәтижесінде бұл әдістің бастауыш сынып оқушыларының сөйлеу креативтілігін дамытудағы стратегиялық маңызы айқындалды. Технологияның мультимодальды табиғаты оқушыны дайын ақпаратты жай ғана қайталаудан арылтып, оны өз қиялы мен жеке тәжірибесіне негізделген бірегей мазмұн тудыруға ынталандырады.

Сонымен қатар, заманауи мультимедиалық платформалар мен жасанды интеллект құралдарын білім беру процесіне интеграциялау оқушылардың функционалдық және цифрлық сауаттылығын жаңа сапалық деңгейге көтереді. Бұл технология оқушының коммуникативтік кедергілерін жойып, өз туындысын нақты аудиторияға ұсыну арқылы әлеуметтік жауапкершілігі мен өзіне деген сенімділігін арттырады. Түйіндей айтқанда, цифрлық сторителлинг жай ғана оқыту әдісі емес, ол білім беру мазмұнын заманауи талаптарға сай трансформациялайтын, оқушының интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін ұштастыратын кешенді педагогикалық жүйе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әлімов А.К. Білім берудегі интербелсенді әдіс-тәсілдер: оқу құралы. – Алматы: Эпиграф, 2021. – 256 б.
2. Баймұратова Г.К. Бастауыш сынып оқушыларының тілін дамытудағы инновациялық технологиялардың рөлі // Қазақстан мектебі. – 2023. – №4. – 12-15 бб.
3. Жанұзақова М.А. Цифрлық сторителлинг: бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру әдісі // Білім берудегі жаңа технологиялар. – 2022. – №2 (18). – 45-50 бб.
4. Ахметжанова Г.В., Юрьев А.В. Цифровой сторителлинг как технология развития медиакомпетентности будущих педагогов // Балтийский гуманитарный журнал. – 2021. – Т. 10. – №1 (34). – С. 31-34.
5. Данилов А.В. Использование сервисов цифрового сторителлинга в образовательном процессе начальной школы // Педагогика и психология образования. – 2023. – №3. – С. 88-95.
6. Федоров А.В. Развитие критического мышления и медиакомпетентности в процессе медиаобразования. – М.: Директ-Медиа, 2024. – 290 с.
7. Barrett H. Digital Storytelling: A Powerful Technology Tool for the 21st Century Classroom // Educational Technology Review. – 2021. – Vol. 15. – No. 1. – P. 10-18.
8. Lambert J., Hessler B. Digital Storytelling: Capturing Lives, Creating Community. – 6th Edition. – New York: Routledge, 2020. – 214 p.
9. Robin B.R., McNeil S.G. Digital Storytelling in Education: A Visual Perspective on the Fourth Industrial Revolution // Journal of Educational Multimedia and Hypermedia. – 2022. – Vol. 31. – No. 2. – P. 145-162.

ӘОЖ 373.3:004:17

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Тургалиева Гулнур Нургаликызы
turgalievagulnur23@gmail.com
7М01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен
әдістемесі мамандығының 1 курс магистранты,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Аңдатпа

Бұл мақалада қазіргі цифрлық трансформация жағдайында бастауыш сынып оқушыларының этикалық мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері зерделенеді. Зерттеу барысында А.Е. Ержановаңың цифрлық этиканы жүйелеу тәсілі, В.Н. Клепиковтың эмоциялық-бейнелі қабылдау тұжырымдамасы және М. Каптейннің «ізгіліктер моделіндегі» ашық талқылау принципі негізінде бастауыш мектеп жасына бейімделген этикалық тәрбие моделі қарастырылады. Цифрлық этикалық мәдениеттің құрылымдық компоненттері (мотивациялық-құндылық, танымдық, мінез-құлықтық және рефлексивті) айқындалып, оқушылардың желідегі қауіпсіз мінез-құлқын реттеудегі ойын кейстері мен рөлдік жағдаяттардың тиімділігі негізделеді. Зерттеу қорытындылары бастауыш білім беру бағдарламалары мен тәрбие жұмыстарының мазмұнын жетілдіруге бағытталған.

Түйінді сөздер: бастауыш сынып оқушылары, цифрлық орта, этикалық мәдениет, цифрлық этикет, эмоциялық-бейнелі қабылдау, ашық талқылау, педагогикалық шарттар.

Abstract

This article examines the theoretical and methodological foundations for developing the ethical culture of primary school students in the context of modern digital transformation. Based on A.E. Yerzhanova's approach to systematizing digital ethics, V.N. Klepikov's concept of emotional-visual perception, and M. Kaptein's principle of "discussability" from the corporate virtues model, an ethical education model adapted for primary school age is considered. The structural components of digital ethical culture (motivational-value, cognitive, behavioral, and reflective) are identified, and the effectiveness of using gaming cases and role-playing situations in regulating students' online behavior is substantiated. The research findings are aimed at enhancing the content of primary education curricula and extracurricular activities.

Keywords: primary school students, digital environment, ethical culture, digital etiquette, emotional-visual perception, discussability, pedagogical conditions.

Қазіргі қоғамның қарқынды цифрлануы білім беру жүйесіне, әсіресе бастауыш білім беру деңгейіне елеулі өзгерістер енгізді. Бастауыш сынып оқушыларының күнделікті өмірі мен оқу әрекеті цифрлық технологиялармен тығыз байланысты. Бұл жағдай олардың танымдық дамуына жаңа мүмкіндіктер ашқанымен, мінез-құлық мәдениеті мен адамгершілік құндылықтарының қалыптасуына жаңа талаптар қояды.

Бастауыш мектеп жасы – тұлғаның негізгі құндылықтары мен мінез-құлық нормалары қалыптасатын кезең. Дәстүрлі ортада бұл үдеріс тікелей әлеуметтік қарым-қатынас арқылы жүзеге асса, цифрлық кеңістікте этикалық шекаралардың әлсіреуі байқалады. Виртуалды ортадағы анонимділік, ақпараттың қолжетімділігі және коммуникацияның ерекшеліктері оқушылар арасында кибербуллинг, плагиат, жалған ақпарат тарату сияқты теріс құбылыстардың пайда болуына ықпал етеді.

Зерттеудің өзектілігі мынадай қайшылықтармен негізделеді:

- Балалардың цифрлық құрылғыларды ерте меңгеруі мен оларды этикалық тұрғыдан қауіпсіз пайдалану дағдыларының төмендігі арасындағы қайшылық;

- Цифрлық білім беру ресурстарының кең мүмкіндіктері мен оларды тәрбие құралы ретінде қолдану әдістемесінің жеткіліксіздігі арасындағы алшақтық;
- Мектептегі тәрбие жұмысының дәстүрлі формалары мен цифрлық ортадағы жаңа этикалық трансформациялар арасындағы сәйкессіздік.

Мақаланың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының цифрлық ортадағы этикалық мәдениетін қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау және оны жүзеге асырудың тиімді педагогикалық шарттарын негіздеу.

Қазіргі педагогикалық зерттеулерде этикалық мәдениет тұлғаның құндылықтық бағдарлары, білімдері және мінез-құлқының бірлігі ретінде қарастырылады. Ғалым В.Н. Клепиков атап өткендей, заманауи білім беру жүйесінде тек дәстүрлі «адамгершілік» ұғымымен шектелу жеткіліксіз. Оның пайымдауынша, адамгершілік — бұл тұлғаның ішкі әлемі мен жүрегіндегі жеке сенімі, сондықтан оған сырттан педагогикалық әсер ету күрделі процесс. Осыған байланысты мектеп ортасында баланы саналы әрекетке жетелейтін этикалық мәдениетті қалыптастыруға басымдық берілуі тиіс [1]. Аталған тұжырым цифрлық орта жағдайында оқушының мінез-құлқын тек ішкі моральдық ұстанымдар арқылы реттеу жеткіліксіз екенін көрсетеді. Виртуалды кеңістіктегі анонимділік пен коммуникацияның жанама сипаты оқушының өзін-өзі бақылау механизмдерін әлсіретуі мүмкін. Сондықтан білім беру үдерісінде оқушылардың саналы және жауапты цифрлық мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған этикалық мәдениетті дамыту қажеттілігі артады.

Осы ойды нақтылай отырып, А.В. Маркеева мен Д.Ю. Петрова этикалық мәдениетті этикалық сана, қатынастар және мінез-құлықтың интеграцияланған жүйесі ретінде қарастырып, оның құрылымында төрт негізгі компонентті бөліп көрсетеді: мотивациялық-құндылық, білімдік, мінез-құлықтық және рефлексивті [2].

Кесте 1. А.В. Маркеева мен Д.Ю. Петрова этикалық мәдениеттің төрт негізгі компоненттері

Компонент	Мазмұны
Мотивациялық-құндылық	Желіде әдепті болуға деген ішкі ниет, өзгелердің жеке кеңістігін құрметтеу.
Білімдік	«Нетикет» ережелерін, киберқауіпсіздік негіздерін, плагиаттың зиянын білу.
Мінез-құлықтық	Жағымсыз пікірлерден тыйылу, ақпаратты бөлісерде оның рас-өтірігін тексеру.
Рефлексивті	Өзінің «цифрлық ізін» талдау, желідегі әрекеттерінің салдарын бағалай алу.

Бұл компоненттердің ішінде цифрлық кеңістік үшін рефлексивті компоненттің маңызы зор. Себебі ақпараттық тасқын жағдайында бала өз әрекетін (пікір жазу, ақпаратпен бөлісу) сараптай алуы — оның басты қорғанысы болмақ. Осылайша, этикалық мәдениет тұлғаның ішкі нормалары мен олардың сыртқы ортадағы көріністерінің өзара байланысын қамтамасыз ететін кешенді құрылым ретінде қарастырылады. Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық ортадағы этикалық мәдениетін тиімді қалыптастыру үшін оның құрылымдық компоненттерін жүйелі түрде дамыту қажет.

Осы тұрғыда, М. Каптейннің тұжырымдамасы бойынша, кез келген ұйымдық ортада этикалық контекст екі деңгейден тұрады: ресми нормалар мен этикалық мәдениет [3]. Бұл тәсіл этикалық реттеудің сыртқы (ережелер) және ішкі (құндылықтар мен мінез-құлық) механизмдерінің өзара байланысын көрсетеді.

Ғылыми еңбектерді талдау нәтижесінде этикалық мәдениеттің екіжақты табиғаты айқындалады. Бір жағынан, А.А. Бейсембаева этикалық мәдениетті тұлғаның ішкі рухани құндылықтарын, эмоциялық тұрақтылығын және өзін-өзі реттеу қабілетін дамыту үдерісі ретінде қарастырады [4]. Бұл көзқарас цифрлық орта жағдайында оқушының ішкі бақылау механизмдерінің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған. Екінші жағынан, В.В. Дудникова адамгершілік тәрбиесін қоғамның жинақталған моральдық тәжірибесін меңгерту

арқылы жүзеге асатын үдеріс ретінде сипаттайды [5]. Бұл тұрғыда этикалық мәдениет әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық үлгілерін игеру арқылы қалыптасады.

Осы көзқарастарды жинақтау нәтижесінде этикалық мәдениет тек нормалар мен ережелерді меңгеру емес, сонымен қатар тұлғаның тұрақты құндылықтық бағдарлары мен жауапты мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруды қамтитын кешенді үдеріс ретінде анықталады. Цифрлық орта жағдайында бұл үдеріс оқушының қауіпсіз және саналы әрекетін қамтамасыз ететін ішкі реттеу механизмдерінің қалыптасуымен тығыз байланысты.

Бастауыш сынып жасы этикалық тәрбиені қалыптастыру үшін қолайлы кезең болып табылады. В.В. Дудниковаңың зерттеулерінде осы жаста баланың өз психикалық әрекеттерін саналы түрде бақылау қабілеті қалыптаса бастайтыны көрсетіледі [5, 145-б.]. Бұл ерекшелік оқушыларға цифрлық ортадағы мінез-құлық нормаларын, соның ішінде «цифрлық із» ұғымын және виртуалды әрекеттердің салдарын түсіндіруді тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Осы кезеңде оқушылардың өзін-өзі бақылау және жауапкершілік дағдыларын дамыту олардың желідегі мінез-құлқын реттеудің маңызды педагогикалық шарты болып табылады.

В.Н. Клепиковтың пікірінше, бастауыш сынып оқушыларының этикалық құндылықтарды игеруі эмоциялық-бейнелі қабылдау арқылы жүзеге асады [1, 25-б.]. Бұл тұжырым цифрлық этиканы оқытуда тек теориялық ақпаратпен шектелудің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Зерттеу нәтижелері интерактивті әдістерді, соның ішінде ойын технологияларын, бейнематериалдарды және жағдаяттық тапсырмаларды қолданудың тиімділігін көрсетеді. Мұндай тәсілдер оқушылардың ақпаратты терең қабылдауына және оны жеке ұстаным деңгейінде меңгеруіне ықпал етеді. Бастауыш сынып оқушыларының этикалық мәдениетін қалыптастыруда келесідей практикалық әдістер мен ойын кейстерін қолдану тиімді.

Бірінші кейс «Бейтаныс хат» деп аталады. Мұнда оқушының желідегі парақшасына бейтаныс адамнан сыныптасының мекенжайын сұраған хат келу жағдайы қарастырылады. Мұғалім бұл жағдаят арқылы жеке ақпаратты сақтау этикасын түсіндіреді.

Екінші кейс «Рұқсатсыз жарияланған сурет» деп аталады. Оқушы сыныптасының суретін оның рұқсатынсыз топқа салған жағдайда, мұғалім «кибер-эмпатия» ұғымын енгізеді. Балаларға «Егер бұл сенің суретің болса, қандай сезімде болар едің?» деген сұрақ қою арқылы өзгеге зиян тигізбеу қағидасы бекітіледі.

Т. Каракөсе зерттеулерінде білім беру ұйымдарындағы этикалық ортаның қалыптасуы педагогтің кәсіби іс-әрекетімен тікелей байланысты екені көрсетіледі [6]. Сонымен қатар, А.Е. Ержанова цифрлық дәуір жағдайында мұғалімнің цифрлық мәдениеті оқушылардың желідегі мінез-құлқына айтарлықтай әсер ететінін дәлелдейді [7]. Осы тұрғыда мұғалімнің кәсіби және цифрлық мінез-құлқы оқушылар үшін үлгілік сипатқа ие болады.

М. Каптейн ұсынған «ізгіліктер моделінде» этикалық мәдениетті қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі ретінде ашық талқылау мүмкіндігі қарастырылады [3,3-б.]. Бұл қағиданы білім беру үдерісінде жүзеге асыру оқушылардың қателіктерін жазалау емес, оларды талдау және түсіндіру арқылы түзетуге бағытталған педагогикалық тәсілді талап етеді. Мұндай орта оқушылардың қиын жағдайларда, соның ішінде цифрлық кеңістіктегі мәселелерге тап болған кезде, мұғалімнен қолдау сұрауына мүмкіндік береді.

А.Е. Ержанова цифрлық этиканы оқыту бағдарламаларын жүйелеу оқушылардың қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылатынын атап өтеді [7, 44-б.]. Ал С.Р. Хаблиева баланың цифрлық ортадағы әлеуметтенуі мұғалім мен ата-ананың бірлескен бақылауы мен қолдауы жағдайында ғана тиімді жүзеге асатынын көрсетеді [8]. Мұғалім мектепте этикет негіздерін қаласа, ата-ана үйде соны іс жүзінде қолдап, жеке үлгі көрсетуі қажет.



Сурет 1. Мектеп пен отбасының интеграциялық моделі

Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық ортадағы этикалық мәдениетін қалыптастыру интернетті пайдалану ережелерін меңгертумен шектелмейді. Бұл үдеріс оқушылардың қауіпсіз, жауапты және саналы цифрлық мінез-құлқын қалыптастыруға бағытталған жүйелі педагогикалық үдеріс ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері цифрлық кеңістікте бастауыш сынып оқушыларының этикалық мәдениетін қалыптастыру қазіргі білім беру жүйесінің маңызды бағыттарының бірі екенін көрсетеді. Бұл үдеріс тек техникалық дағдыларды меңгертумен шектелмей, оқушылардың тұлғалық құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын және жауапты әрекет ету дағдыларын қалыптастыруды қамтиды.

Біріншіден, этикалық мәдениет оқушының мінез-құлқын реттейтін ішкі механизм ретінде қарастырылады. Цифрлық орта жағдайында оқушылардың әрекеттерін сыртқы бақылаудан гөрі, олардың рефлексивті ойлауын дамыту арқылы реттеу тиімді болып табылады. Оқушы өз әрекеттерінің салдарын түсініп, саналы шешім қабылдай алуы тиіс.

Екіншіден, цифрлық дәуірде мұғалімнің кәсіби рөлі кеңейеді. Педагогтің цифрлық мәдениеті мен желідегі мінез-құлқы оқушылар үшін үлгі қызметін атқарады. Мұғалімнің кәсіби және тұлғалық ұстанымдарының бірлігі оқушылардың этикалық нормаларды қабылдауына оң әсер етеді.

Үшіншіден, тәрбие үдерісінде адамға бағытталған көзқарас маңызды орын алады. Цифрлық ортада өзара құрмет, жауапкершілік және эмпатия дағдыларын қалыптастыру оқушылардың тиімді әлеуметтік өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, цифрлық этикалық мәдениет бастауыш сынып оқушыларының қауіпсіз, жауапты және саналы мінез-құлқын қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады. Осы бағытта жүйелі ұйымдастырылған педагогикалық жұмыс оқушылардың цифрлық ортада этикалық нормаларды сақтай отырып, тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Клепиков В. Н. Этическая культура школьников в условиях современного социума. // Школьные технологии, № 4, 2016.
2. Маркеева А. В., Петрова Д. Ю. Формирование этической культуры младших школьников в процессе обучения их правилам этикета. — 2021. — С. 252-256.
3. Kaptein M. Ethical Climate and Ethical Culture // Encyclopedia of Business and Professional Ethics / Eds. D.C. Poff, A.C. Michalos. – Springer, Cham, 2023. – P. 701–705.
4. Бейсембаева А.А. Pedagogical bases of modeling of students' ethical culture development process. // ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы, №3, 2016.

5. Дудникова В. В. Процесс формирования этической культуры у младших школьников. — 2016. — С. 144-145.

6. Karaköse T. An investigation of ethical culture in educational organizations. // African Journal of Business Management, 2009.

7. Ержанова А.Е. Білім алушылардың цифрлық этикеті және педагогтың цифрлық мәдениеті мәселелерін зерттеу. // БҚУ Хабаршысы, №4(92), 2023.

8. Хаблиева С.Р. Влияние цифровой среды на формирование ценностей у школьников. // Человек и образование, №4, 2025.

УДК 378

СЛОВАРНО-СТИЛИСТИЧЕСКАЯ РАБОТА НА ОСНОВЕ ТЕКСТОВ О НАРОДНОМ ИСКУССТВЕ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Шумкина Ольга Николаевна
shon_04@mail.ru
кандидат педагогических наук, доцент, доцент кафедры начального образования, ФГАОУ ВО Государственный университет просвещения, Москва, Россия

Аннотация

Статья посвящена определению тематического содержания обучения стилистике на основе социально-коммуникативного подхода. Рассмотрение темы народного искусства представляется актуальным и перспективным для укрепления междисциплинарного взаимодействия в начальном образовании.

Ключевые слова: Народное искусство, стилистические умения младших школьников, тематическая лексика.

Annotation

The article is devoted to the definition of the thematic content of teaching stylistics on the basis of the socio-communicative approach. The consideration of the theme of folk art appears to be relevant and promising for strengthening interdisciplinary interaction.

Keywords: Folk art, stylistic skills of younger schoolchildren, thematic vocabulary.

Обучение стилистике в начальной школе основывается на работе с текстом, выступающем как средство обучения и средство изучения языка. В процессе такой работы развивается чувство языка, чувство стиля, уместности и выразительности речи при выполнении практических лексико-стилистических упражнений. Воспитательное значение изучения стилистики заключается в том, что ребенок не просто получает представление о богатстве языка, но и проникается любовью и уважением к родному языку, родной культуре. Достигается это в ходе анализа, характеристики, обсуждения текста – самоценного факта языка и культуры, а также процесса размышления над текстом. Текст, предлагаемый для стилистического анализа, отражает содержание культурной жизни человека и его эпохи, важно не подменять филологию социологией, а учить воспринимать слово в его собственных культурно-эстетических смыслах, в его информационной емкости, точности и широте, понимать и принимать ценность слова-текста. Аксиологический подход к обучению русскому языку (А.Д. Дейкина, Н.Д. Десяева, Г.М. Кулаева, О.Н. Левушкина и др.) определяет текст как культурно-национальный феномен русского языка, при этом важно обращение к художественным текстам-образцам и к живым текстам современной эпохи, в которых внимание обращено на особенности репрезентации аксиологических значений. Анализ текста осуществляется с позиций его смысловой ценности и ценности его культурных концептов, с одной стороны, с другой - открытия ценностного потенциала для изучения лексики, грамматики, культуры речи, стилистики.

В методике текстовой деятельности искусствоведческие тексты занимают особое место. Они служат средством формирования культуроведческой компетенции, в том числе через осознание базовых концептов, и средством формирования речевых, жанровостилистических умений. По определению Л.В. Янбулатовой, искусствоведческий текст – это средство формирования у учащихся умений интерпретационного характера, обеспечивающих информационно-оценочное представление содержания произведения искусства в речевом произведении, предметом которого являются закономерности развития искусства как формы общественного сознания. [3]. Коммуникативная задача искусствоведческого текста – осмысление автором и участником общения произведения искусства, опирающееся на

объективную оценку, зрительский опыт, эстетическое восприятие. В ходе интерпретации текста и освоения его содержания школьники учатся создавать высказывание о тексте. Для этого нужно видеть в исходном тексте предмет речи, источник высказывания, рассматривать языковые единицы исходного текста как средство выражения его смысла и как факты, позволяющие аргументировать собственное мнение о нем.

Тексты об искусстве не только развивают речевые и творческие способности учащихся, но и служат средством воспитания интереса к истокам искусства своей родины, своего края и народа, воспитания чувства гордости за многонациональную страну. В народном искусстве переплелись воедино верность традициям, коллективный опыт, природное начало. Приобщение к памятникам народного искусства («память в образах») мы осуществляем через взаимосвязь с созидательно-творческой деятельностью настоящего мира («живых образов») и мира будущего, что останется нашим потомкам.

Среди богатейшего декоративно-прикладного искусства России выделим перспективность такой темы для обучения стилистике, как вышивка, кружевоплетение, вязание, ткачество, ковроделие. Павловопосадские платки, оренбургский пуховый платок, вологодское и елецкое кружево известны во всем мире. Кружевоплетением славятся также Орловская, Рязанская, Тверская, Костромская области. К традиционной русской культуре относится вышивка. Крестецкая строчка признана культурным наследием России, наряду с гжельской керамикой и хохломской росписью. Еще одним шедевром народного искусства, символом единства и культурного многообразия народов, о котором хочется упомянуть, стала вышитая вручную мастерами карта России. Созданный в 2022 году проект объединил свыше 350 специалистов, работающих в сфере народного искусства. Для многих регионов России вышивка является традиционным элементом украшения народного костюма, в частности, мордовская национальная вышивка – это символ региона, отмеченный на флаге и гербе Республики Мордовия. Участники проекта вручную вышили карты своего региона с использованием местных узоров и техник, затем чувашские мастера соединили их в единое полотно. Это музейный экспонат и один из самых впечатляющих арт-объектов современных выставок народного искусства.

В Год единства народов России в целях сохранения и популяризации культурного многообразия народов России в образовательных организациях и библиотеках проходит много мероприятий, в которых мы видим участников в национальной одежде. Элементы традиционного костюма все чаще появляются в современной одежде. Национальный костюм не статичный музейный экспонат, а живое культурное явление. Это не просто одежда, а сплав многовековой истории, культурного кода и мировоззрения народа, поэтому историческое просвещение включает знание об истории народной одежды.

Привлечение текстов о народном искусстве для обучения в качестве языкового материала определяют сочетание лингвистических, культуроведческих и эстетических аспектов обучения. В лингвистике, так и в лингводидактике, активно развивающееся лингвокультурологическое направление, характеризуется системным рассмотрением явлений культуры и языка как неразрывного единства. Язык является отражением культурологической информации. Тематическая лексика, связанная с народной вышивкой и кружевоплетением, включает термины: орудия производства (*коклюшка, игла, вязальный крючок и др.*), техника исполнения, нити для вышивки и плетения (*золото, серебро, мишура, шелк, жемчуг и др.),* виды узоров и символику. Среди названий узоров*: копеечка, денежка, паутинка, речка, гора, рыбка, сетка, мушка, маковка, змейка и мн. др.).* Большая часть наименований рисунков кружевоплетения образована путем метафорического переноса наименования по внешнему сходству: *роза, мак, кружочки, веточки, тарелочки и мн. др.* Лексика, связанная с народным искусством, встречается в описаниях природы художественных текстов, например: *Чародейкою Зимою // Околдован, лес стоит — / И под снежной бахромою… Весь опутан, весь окован // Легкой цепью пуховой… (Ф.Тютчев.).* В текстах будут встречаться слова диалектного и общенародного значения. Кроме того, текст о народном искусстве формируется на стыке разговорной речи и речи книжной.

Умение строить речевые высказывания, применяясь к жизненным условиям, в которых протекает речь, и подчиняя им содержание и форму высказывания, формируется при подборе текстов определенной тематики. Стилистика учит, как сделать так, чтобы высказывание говорящего было понятным и вызвало отклик, ответную реакцию в мыслях, чувствах, действиях слушающего, привлечение текстов разговорных жанров помогает овладеть языком как средством общения, в данном случае средством общения людей разных поколений в одной семье, в одной местности.

В связи с этим особенно важным оказывается приобщение детей с раннего возраста к народному искусству, к национальным игрушкам или игрушкам в национальной одежде, когда объясняются названия некоторых элементов одежды и их значение, орнамент, узор, украшения, происходит понимание языка символов, где каждая деталь имеет свое значение. Применяются различные игровые ситуации. [1].

Освоение разговорного стиля речи осуществляется до школы, но для всех детей и не только для тех, для кого русский язык является неродным, важным является выполнение упражнений, цель которых - обеспечить восприятие слова, показать значение слова, соотнося его с реалиями. Ознакомление со свойствами многозначности, прямым и переносным значением слова, фразеологией, с жанрами похвала, комплимент, устный рассказ и другими может осуществляться на основе подобранных игровых и бытовых ситуаций. При определении лексико-стилистических упражнений – наблюдений над различными тематическими группами мы опираемся на представление об особенностях русской разговорной речи, каковы ее закономерности, знаем, что свойственно только разговорной речи, и формируем умение строить диалог, а следовательно, умение общаться. Этому способствует изучение особенностей текста особого вида, речевого продукта разговорного взаимодействия – русского разговорного диалога.

Тематическая связь текстов как дидактического материала упражнений позволяет больше внимания обращать внимания на речевую форму высказывания, так как известно, *о чем говорить*. Анализ примеров разговорной речи, которая характеризуется наибольшей свободой в выражении мыслей и чувств (важно *что*, а не важно *как*), позволяет избегать привычки *«говорить, как хочу».* При изучении разговорной речи, которая повседневно используется в процессе неофициального общения и является одной из важнейших в жизни каждого человека, наиболее удобно осуществлять наблюдение над стилем речи. В данном случае для ознакомления с особенностями народного искусства используются художественные тексты (народные сказки) и искусствоведческие научно-популярные тексты, затем на основе постепенного осложнения тексты публицистического стиля (заметки, репортаж, интервью). Развитие стилистических умений осуществляется в процессе выполнения иллюстративных упражнений, цель которых – продемонстрировать употребление слова в контексте, учить уместному использованию в тексте языковых средств, и редакторских упражнений – находить текстовые ошибки и пытаться их объяснить, выполнять элементы редактирования, стилистические замены.

Применение лексико-стилистических упражнений основывается на постепенном развитии стилистических умений, интересно подобранного языкового материала, личностно значимого для детей, соблюдения психологических особенностей учащихся. Следующим этапом является подготовка сообщений на тему народного искусства и не только на уроках русского языка, но и литературного чтения, изобразительного искусства и технологии. Текст ученика будет содержать новую для обучающихся информацию, может отражать результаты проекта или исследовательской работы и сопровождаться различными средствами наглядности, в том числе мультимедийными презентациями. Сообщению присущи особенности устной формы научного (научно-популярного) стиля. Высказывание может быть оформлено также в виде отчета о проделанной работе или отзыва – монологического высказывания, включающего в себя элементы официально-делового и публицистического стиля. Большое место в таких высказываниях будет занимать изложение фактического материала. Текст выступления может быть оформлен в виде репортажа, заметки или интервью. Грамотное применение комплекса

заданий позволяет овладеть ученикам системой языковых, речевых, культуроведческих умений, формирующих стилистическую компетенцию.

Список использованных источников

1. Шабаева, Г. Ф. Этнокультурный компонент в решении задач речевого развития дошкольников (на материале ознакомления с фольклором) / Г. Ф. Шабаева, Н. Ш. Сыртланова // Проблемы современного педагогического образования. – 2019. – № 65-4. – С. 268-272.

2. Мельцаев, Д. М. Тематическая лексика в обучении русскому языку детей с миграционной историей / Д. М. Мельцаев, О. Н. Шумкина // Hominum. – 2025. – № 4(20). – С. 243-259.

3. Янбулатова Л.В. Специфика искусствоведческого текста как средство формирования коммуникативной культуры личности // Сибирский педагогический журнал. 2008. № 11. С. 178–184.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ РЕФЛЕКСИЯ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Алимбаева Дариха Эркинбайқызы
dariga11082002@gmail.com
7М01301 - Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім бағдарламасының
1 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл ғылыми мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісінде рефлексия мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі тұлғаға бағдарланған оқыту, функционалдық сауаттылықты дамыту және метатанымдық дағдыларды қалыптастыру талаптары аясында рефлексия мәдениетінің мәні ерекше сипатқа ие. Мақалада бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес рефлексияны қалыптастырудың мазмұны, құрылымдық компоненттері, мұғалімнің ұйымдастырушылық қызметі, ынталандырушы білім беру ортасының ықпалы және бағалау үдерісіндегі кері байланыстың рөлі жүйелі түрде талданады. Зерттеу нәтижесінде рефлексия мәдениетін қалыптастырудың негізгі педагогикалық шарттары ретінде оқушының субъектілік ұстанымын дамыту, рефлексивтік тапсырмалар жүйесін енгізу, формативті бағалау құралдарын тиімді пайдалану, қолайлы психологиялық орта қалыптастыру және мұғалімнің кәсіби рефлексивтік құзыреттілігі айқындалды. Ұсынылған тұжырымдар бастауыш білім беру тәжірибесінде оқушылардың өзін-өзі бағалау, өз оқу әрекетін талдау және оқу жетістіктерін саналы реттеу дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Түйінді сөздер: Рефлексия мәдениеті, бастауыш сынып, оқу үдерісі, педагогикалық шарттар, формативті бағалау, метатаным, өзін-өзі бағалау, кері байланыс, тұлғаға бағдарланған оқыту.

Қазіргі жаңартылған білім беру жағдайында бастауыш сынып оқушыларының оқу жетістіктері тек пәндік білім көлемімен ғана емес, сонымен қатар олардың өз оқу әрекетін түсіну, бағалау және реттеу қабілетімен де анықталады. Осы тұрғыдан алғанда рефлексия мәдениеті оқушы тұлғасының зияткерлік және әлеуметтік дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып саналады. Рефлексия мәдениеті – оқушының өзінің оқу әрекетін, жетістіктері мен қиындықтарын саналы түрде талдай алу, мақсат қою, нәтижені бағалау және келесі қадамдарды жоспарлау қабілеттерінің жүйесі. Бастауыш мектеп кезеңі тұлғаның танымдық қызығушылығы, өзіндік пікірінің қалыптасуы және оқу әрекетінің негіздері қаланатын маңызды кезең болғандықтан, дәл осы сатыда рефлексия мәдениетін мақсатты түрде қалыптастыру ғылыми-педагогикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады.

Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктері олардың эмоциялық қабылдауының жоғары болуымен, көрнекілікке сүйенуімен, ойын және қарым-қатынас арқылы білімді меңгеруімен сипатталады. Сондықтан рефлексия мәдениетін қалыптастыруда қолданылатын педагогикалық шарттар осы ерекшеліктермен сабақтас болуы қажет. Мұғалім оқу үдерісін ұйымдастыруда баланың оқу әрекетіне талдау жасауына, өз ойын ашық айтуына, қателіктерін табиғи даму көзі ретінде қабылдауына мүмкіндік беретін орта құруы тиіс.

Рефлексия ұғымын ғылыми тұрғыдан негіздеуде шетелдік ғалымдардың еңбектері ерекше орын алады. Американдық философ және педагог Джон Дьюи рефлексивті ойлауды «Белгілі бір сенім немесе білім формасын оны қолдайтын негіздер мен одан туындайтын қорытындылар тұрғысынан белсенді, табанды және мұқият қарастыру»[1] деп түсіндіреді. Бұл тұжырым бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін саналы талдауына теориялық негіз болады. Дьюидің пікірінше, оқушы тек тәжірибе арқылы емес, сол тәжірибені ой елегінен

өткізу арқылы терең білімге қол жеткізеді. Осы идея бастауыш білім берудегі сабақ соңындағы кері байланыс, өзін-өзі бағалау және оқу стратегияларын таңдаудың маңызын дәлелдейді.

Сонымен қатар, Д. Шонның «Іс-әрекет үстіндегі рефлексия» және «іс-әрекеттен кейінгі рефлексия»[2] тұжырымдамалары бастауыш сыныптағы оқу тапсырмаларын орындау кезінде оқушының ойлау әрекетін жедел түзету мен кейінгі талдау жасау механизмдерін түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл ғылыми ұстанымдар бастауыш мектепте рефлексия мәдениетін қалыптастырудың тек сабақ соңындағы рәсім емес, бүкіл оқу үдерісін қамтитын үздіксіз танымдық әрекет екенін көрсетеді.

Қазақ педагогикалық ой-пікірінде де оқушының өзіндік ойлауын, ізденісін және оқу әрекетін саналы ұйымдастыруды қолдайтын құнды тұжырымдар мол. Ахмет Байтұрсынұлының «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр ұялата алады»[3] деген пікірі мұғалімнің рефлексивтік мәдениеті оқушы рефлексиясының қалыптасуына тікелей ықпал ететінін дәлелдейді. Сол сияқты Жүсіпбек Аймауытовтың «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер»[4] деген тұжырымы бастауыш сыныптағы әр сабақта оқушының ойлануына, өз әрекетін саралауына мүмкіндік беретін жаңашыл әдістерді қолданудың маңызын айқындайды. Аталған ғалымдардың пікірлері зерттеу тақырыбындағы педагогикалық шарттардың ұлттық ғылыми-әдіснамалық негізін тереңдетеді.

Мағжан Жұмабаев та тұлғаның өзіндік ойлауын, ішкі жан дүниесін тануын және өзін-өзі бақылауын тәрбиенің өзегі ретінде қарастырған. Ғалым рефлексияны тұлғаның өзін-өзі бақылауы деп түсіндіре отырып, бұл ұғымның шынайы мағынасы адамның өткен іс-әрекетін еске түсіріп, оған сыни көзқараспен қарау екенін атап көрсетеді. Оның пайымдауынша, «Адамға өзін-өзі тексеріп, өзіне-өзі есеп беру оңай нәрсе емес, себебі өз қатесін көруге менмендік бөгет болады. Әйткенмен адамның өзін-өзі тексеруі – жан тұрмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне көмектесетін бірінші шарт»[5]. Бұл пікір бастауыш сынып оқушыларының оқу әрекетін талдау, өз қатесін көру және келесі жолы оны болдырмауға ұмтылу дағдыларын қалыптастырудың теориялық негізін айқындайды.

Мысалы, сабақ соңында оқушыға «Мен бүгін қай жерде қателестім?», «Келесі жолы оны қалай дұрыстаймын?», «Менің ең сәтті жұмысым қайсы?» деген сұрақтар қою – Мағжан Жұмабаев сипаттаған өзін-өзі есеп беру әрекетінің бастауыш сыныптағы көрінісі болып табылады. Сондай-ақ «Қате дәптері», «Жетістік баспалдағы», «Өзімді бағалаймын» кестесі сияқты әдістер оқушының өз қатесін өзі көруіне және оны түзету жолдарын саналы түрде жоспарлауына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның тұжырымы рефлексия мәдениетін қалыптастырудың ұлттық педагогикадағы терең психологиялық негізін дәлелдейді. Рефлексия ұғымы педагогика мен психология ғылымында тұлғаның өзін-өзі тануы мен әрекетін саналы басқару тетігі ретінде қарастырылады. Оқу үдерісіндегі рефлексия оқушының «Мен не үйрендім?», «Қандай қиындық кездестірдім?», «Оны қалай жеңдім?», «Келесіде неге назар аударамын?» деген сұрақтарға жауап іздеуі арқылы көрініс табады. Бұл үдеріс бастауыш жаста қарапайым деңгейде басталып, жүйелі ұйымдастырылған жағдайда тұрақты мәдени дағдыға айналады.

Рефлексия мәдениетінің құрылымында когнитивтік, эмоциялық-бағалау және әрекеттік компоненттер өзара байланыста дамиды. Когнитивтік компонент оқу әрекетін түсіну және талдау қабілетін білдірсе, эмоциялық-бағалау компоненті өзінің жетістігіне эмоционалдық қатынас пен өзіндік бағалауды қамтиды, ал әрекеттік компонент келесі оқу қадамын жоспарлау және түзету жұмыстарын жүзеге асырумен сипатталады.

Бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісінде рефлексия мәдениетін тиімді қалыптастыру бірнеше өзара сабақтас педагогикалық шарттардың орындалуын талап етеді.

1-кесте

Педагогикалық шарт	Мазмұны	Сабақтағы қолдану мысалы	Күтілетін нәтиже

Қауіпсіз психологиялық орта	Оқушының өз ойын еркін айтуына жағдай жасау	«Екі жұлдыз, бір тілек», ашық пікір айту	Оқушы өз ойын сенімді жеткізеді
Рефлексивтік тапсырмалар	Оқу әрекетін талдауға бағытталған сұрақтар жүйесі	«Мен не үйрендім?», «Қай жері қиын болды?»	Өзіндік талдау дағдысы дамиды
Формативті бағалау	Сапалы кері байланыс және өзін-өзі бағалау	«Бағдаршам», смайлик, дескриптор	Қателерін көріп, түзетуге үйренеді
Субъектілік ұстаным	Оқушының оқу мақсатына белсенді қатысуы	Топтық жұмыс, өзіндік қорғау	Оқу жауапкершілігі артады
Мұғалімнің рефлексивтік құзыреттілігі	Сабақ нәтижесін үнемі саралау	Сабақ соңындағы мұғалім рефлексиясы	Оқыту сапасы жақсарады

Ұсынылған педагогикалық шарттарды оқу үдерісіне енгізу бастауыш сынып оқушыларының өзіндік оқу дағдыларын дамытуға, оқу мотивациясын арттыруға және білім сапасын жақсартуға ықпал етеді. Рефлексия мәдениеті қалыптасқан оқушы өз қателігін түзетуге ұмтылады, оқу мақсатын түсінеді, жетістігін бағалай алады және мұғалім көмегін тиімді пайдаланады. Бұл өз кезегінде болашақта негізгі және жоғары сыныптардағы күрделі оқу әрекеттерін табысты орындауға негіз қалайды.

Мақаланың ғылыми жаңалығы бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісінде рефлексия мәдениетін қалыптастыруды тұтас педагогикалық жүйе ретінде қарастыруымен сипатталады. Мақалада рефлексия мәдениетінің когнитивтік, эмоциялық-бағалау және әрекеттік компоненттері бастауыш мектеп жасындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерімен сабақтастықта нақтыланды. Сонымен қатар рефлексия мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары тұлғаға бағдарланған орта, рефлексивтік тапсырмалар жүйесі, формативті бағалау, субъектілік ұстаным және мұғалімнің рефлексивтік құзыреттілігі негізінде құрылымдалып, олардың өзара ықпалдасу моделі ұсынылды.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының оқу үдерісінде рефлексия мәдениетін қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесіндегі оқушының тұлғалық, танымдық және метатанымдық дамуын қамтамасыз ететін стратегиялық бағыттардың бірі. Зерттеу барысында рефлексия мәдениетінің мәні оқушының өз оқу әрекетін саналы түсінуі, нәтижесін бағалауы, қиындықтарын анықтауы және келесі оқу қадамдарын жоспарлай алуымен сипатталатыны айқындалды. Бұл сапалар бастауыш мектеп кезеңінде жүйелі қалыптасқан жағдайда оқушының кейінгі білім сатыларындағы оқу дербестігі мен функционалдық сауаттылығының берік іргетасына айналады.

Ғылыми тұрғыдан бұл мәселені қарастыру рефлексия мәдениетін тек әдіс ретінде емес, бастауыш білім сапасын арттырудың тұтас педагогикалық тетігі ретінде тануға мүмкіндік береді. Практикалық тұрғыдан алғанда, ұсынылған әдіс-тәсілдер мұғалімдердің күнделікті сабақ жоспарында, қалыптастырушы бағалау барысында, тәрбие сағаттарында және ата-анамен бірлескен жұмыста тиімді қолдануға жарамды. Сондықтан рефлексия мәдениетін қалыптастыру бастауыш сынып оқушыларының өзіндік оқуын дамытуға, жауапкершілігін арттыруға және өмір бойы білім алуға қажетті дағдыларды орнықтыруға негіз болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
3. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Рауан, 1995. – 312 б.

4. Дьюи Дж. How We Think. – Boston: D.C. Heath & Co, 1910.

5. Schön D. The Reflective Practitioner: How Professionals Think in Action. – New York: Basic Books, 1983.

6. Жұмабаев М. Бастауыш мектеп педагогикасына қатысты еңбектері мен көзқарастары. Ғылыми мақала.

ӘОЖ 37.02:7.01

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ДӘЙЕКТІЛІГІ

Конакбаева У.Ж.[1], Коздибаева А.К.[2]
ukonakbaeva@mail.ru
[1]PhD, «Өнер және көркем еңбек» кафедрасының меңгерушісі, қауымд. профессор, Ж.А. Ташенев университеті, Шымкент Қазақстан
[2]«Ұлттық құндылықтар» академиясының басшысы, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа

Мақала бейнелеу өнерін оқытудың дәйектілігі мәселеріне арналған.
Түйінді сөздер: бейнелеу өнері, мектеп оқушылары, сурет салу, дәйектілік.

Annotation

The article is devoted to the problems of consistency of teaching Fine Arts.
Keywords: visual arts, schoolchildren, drawing, sequence.

Бейнелеу өнері сабақтарында оқытудың реттілігі, бір жағынан, пәннің логикасы мен педагогиканың дидактикалық ережелеріне, екінші жағынан, бейнелеу өнері бойынша оқу жұмысының түрлерінің өзара байланысына және оның басқа пәндермен интеграциясына байланысты.

Сурет салуды дұрыс қою үшін оқу жұмысының түрлері арасындағы байланыс өте маңызды. Алдымен табиғаттан сурет салу мен сәндік арасындағы байланыс мәселелерін қарастыру маңызды.

Бастауыш сыныптағы табиғаттан сурет салу сабақтарындағы негізгі оқу міндеттері балаларды пәндердің негізгі пропорцияларын, формаларын жеткізуге үйрету және оларға қажетті техникалық дағдыларды дамыту болып табылады. Бұл мәселелерді шешуде үлгіден өрнектер салу да үлкен рөл атқарады. Үлгіден өрнектер салу арқылы оқушылар табиғатты бақылауға алаңдамайды және бұл түзу сызықтардың дұрыстығына, олардың бөлінуіне, бояудың тегістігіне және т.б. назар аударуға жағдай жасайды. Үлгінің құрылысын игере отырып, балалар өрнек жолақтарын оның ұзындығына қоюды үйренеді, бұл негізгі пропорцияларды беру қабілетін дамыту үшін өте маңызды [1].

Сабақтың басында үлгіден өрнектер салу бойынша бірқатар тапсырмаларды шоғырландырған жөн, бұл балаларда келесі сабақтарға қажетті алғашқы дағдыларды тезірек дамытуға мүмкіндік береді. Бұл кезде түзу сызықтар жасау дағдыларын дайындайтын түзу сызықты өрнектер салу өте маңызды.

Сурет салудың осы түрлерінің өзара байланысының табиғаты өсімдік үлгісіне көшкен кезде біршама өзгереді. Ондағы қайталанатын элементтер өсімдіктердің бейнесі болғандықтан, өрнек салмас бұрын гүлдер мен жапырақтардың табиғатынан сурет салу керек. Үлгілерді өз бетінше құрастыру кезінде шығармашылық тапсырмалар бірінші орынға шығады, бұл сәндік сурет пен тақырыптық сурет арасындағы байланыстың негізін құрайды. Екі жағдайда да балалар жақсы шешім іздеуде бастама мен тәуелсіздікті, түстердің экспрессивтілігіне қол жеткізу, форманы, пропорцияларды жеткізу қабілетін дамытады.

Табиғаттан сурет салу мен 1,2 сыныптардағы тақырыптарға сурет салу арасындағы байланыс мәселелері ең күрделі, өйткені жұмыстың осы түрлерімен айналысатын сабақтардың мазмұны өте әртүрлі. Жоғарыда айтылғандай, сурет сабақтарында оқушылар дағдыларды игереді.

Жазықтық кескін — кеңістіктің тереңдігін нақты бермейтін, екі өлшемде (ұзындық пен ен) бейнеленетін көрініс, онда заттар негізінен сызық, пішін және түс арқылы көрсетіліп, көлем мен қашықтық шартты түрде ғана беріледі, ал тақырыптық суретте олар суреттегі қарапайым кеңістіктік құбылыстардың бейнесімен кездеседі, яғни заттардың өзара орналасуы, көлемі,

жарық пен көлеңке арқылы берілетін тереңдік әсері айқын көрініс табады. Мұндай бейнелеу көрерменге тек жазықтықтағы кескінді ғана емес, сонымен қатар кеңістікті сезінуге, заттардың шынайы пішіні мен арақатынасын түсінуге мүмкіндік береді. Осы айырмашылықтарға қарамастан, оларды байланыстыратын ортақ нәрсе бар. Мәселен, табиғаттан және тақырыптардан сурет салуда объектілер олардың формасындағы перспективалық өзгерістерді бермей, фронтальды, профильді күйде бейнеленген. Сонымен қатар, тақырыптарға сурет сала отырып, оқушылар сурет салуда табиғаттан алынған дағдыларды – нысандардың пішінін, пропорцияларын, құрылымын жеткізе алады. Бұл сурет салу сабақтарының табиғаттан сурет салуға тәуелділігін тудырады. Бұл жерде тақырыптық сипаттағы тапсырмалар балалар табиғаттан сурет салу арқылы кем дегенде аз дайындық алғаннан кейін берілетіндігінде көрінеді [2].

1,2 сыныптардағы сурет салу және басқа оқу пәндері арасында тығыз байланыс бар. Сонымен, сызудың математикалық білімге тәуелділігі сабақтың басында, сызықтарды екіге бөлу қажеттілігі туындаған кезде анықталады. Бірінші сынып оқушылары математикада бөлуді тек үшінші тоқсанның аяғында, төртінші тоқсанның басында білетіндіктен, осы уақытқа дейін сызықтардың бөлінуі олар үшін түсініксіз. Сондықтан бұл жерде ол сызықтың ортасын табумен ауыстырылады. Бөліктердің көп санына (3,4) бөлу жыл соңына және 2 сыныптағы сурет сабақтарына ауыстырылады. Тақырыптық сурет салу сабақтары оқу сабақтарымен тығыз байланысты; мәселен үлгілерді құрастыру еңбек сабақтарымен байланысты.

Оқу дәйектілігі мәселелерінің нақты шешімі әсіресе 1 сыныптағы сурет сабақтарының мысалында айқын көрінеді. 1 сыныпта сурет салудан бастап, балалар қарапайым бейнелеу дағдыларына ие емес, яғни олар түзу сызықтар салуды, тең бөліктерді бөлуді, сызықтың ортасын табуды, түрлі-түсті қарындаштармен сурет салуды білмейді. Бұл дағдыларсыз сурет салуда алға жылжу мүмкін емес, ал бұл дағдыларды бейнелеу өнеріне бөлінбеген бір сағатта қалыптастыру өте баяу жүреді. Сурет сабақтарын жаттығулардан бастау керек, содан кейін сәндік тапсырмаларды орындауға көшу керек, содан кейін табиғаттан және тақырыптардан сурет салуға көшу керек [3].

Балалардың қажетті бастапқы дағдыларды тезірек игеруі үшін жүйелі жаттығулар қажет, ең алдымен – түзу сызықтар. Бұл үшін табиғаттан тікбұрышты, үшбұрышты нысандарды салу, түзу сызықты өрнектің үлгісінен сурет салу пайдалы.

Бірінші жартыжылдықта дағдыларды дамытумен қатар, бірінші сынып оқушыларына суреттегі заттардың формасы мен негізгі пропорцияларын беру дағдыларын үйрету міндеттері шешіледі. Балаларды пропорциялардың берілуімен таныстыру түзу формаларды бейнелеу кезінде оңайырақ болғандықтан, соңғысын салу бірінші жартыжылдықтағы оқу міндеттерін біріктіреді.

Сонымен бірге, осы жартыжылдықта балалар қарапайым кеңістіктік құбылыстардың берілуімен кейбір заттарды басқалармен бөгеу, әртүрлі алыстағы заттардың негіздерін қағазға дұрыс орналастыру және т.б., сондай-ақ жолақтағы өрнектің ерекшелігімен танысады.

1 сыныпта сіз балаларды дөңгелек нысандардың бейнесімен, сондай-ақ қарапайым жапырақтардың, өсімдік бұтақтарының құрылымын берумен таныстыра аласыз. Осы уақытта ертегілерді суреттеумен айналысуға болады. Бірінші және екінші жартыжылдықтың оқу міндеттері тапсырмалардың ойластырылған жүйесі негізінде шешіледі, олардың әрқайсысы алдыңғыға сүйеніп, келесісін дайындауы керек. Бір уақытта шешілетін бір немесе екі тапсырманың байланысы тапсырмалар циклін құрайды. Олардың кейбіреулері балаларды жаңа оқу материалымен таныстырады, ал басқалары үйренген білімдерін, дағдыларын нығайтуға және тереңдетуге бағытталған.

Оқытудың дәйектілігі іс жүзінде жылдық оқу жоспарларында көрінеді, оны құрастыру кезінде мұғалім белгіленген ережелерді басшылыққа алады. Сабақ жоспарын құра отырып, ол сонымен қатар кескіндеменің әртүрлі түрлерімен сабақтарды біркелкі бөлу қажеттілігін ескереді, жергілікті жұмыс жағдайларын, жыл мезгілдерін, күнтізбелік оқиғалар мен мерекелердің күндерін ескереді [4].

4 сыныптағы сурет сабақтарының мазмұнын анықтайтын негізгі оқу тақырыптары барлық жерде жылдың төрттен біріне сәйкес келуі мүмкін. Оқу жылының бірінші тоқсанында балаларға картоннан жасалған әр түрлі қолөнерге арналған жалпақ заттар мен өрнектерді бейнелеу кезінде акварельмен жұмыс жасауды жетілдіру міндеті қойылады.

Екінші тоқсанда оқушылар суретшінің алдында бұрыштық күйде қойылған тікбұрышты нысандарды бейнелеу қабілетін меңгереді. Бірінші тапсырманы орындай отырып, олар сурет салу процесінде табиғатты қалай байқау керектігін, сызықтық құрылысты қалай жүргізу керектігін, хиароскуроны қалай қолдану керектігін біледі. Келесі тапсырмалар заттарды бұрыштық күйде бейнелеуге байланысты білім мен дағдыларды нығайтуға және тереңдетуге бағытталған.

Осы тоқсандағы соңғы екі тапсырма біріктірілген нысандарды бейнелеуге арналған. Осы суреттерді орындау арқылы балалар олардың құрылымын, кеңістіктегі орнын, көлемін беруді үйренеді. Көлемнің берілуімен оқушылар тақырыптық суретте де кездеседі.

Үшінші тоқсанның тапсырмалары негізінен балалардың акварельмен көлемді заттарды салумен танысуымен басталады. Төртінші тоқсанда балалар табиғаттан заттарды салу тақырыбында сурет салуда қолдану дағдыларын жетілдіреді.

3,4 сыныптарда сурет салуды оқыту процесінде басқа оқу пәндермен байланыс сақталады, бұл әр сынып бойынша жылдық сабақ жоспарларында көрініс табуы тиіс. Сурет салу мен оқу және еңбекке баулу сабақтары арасында ең тығыз байланыстар бар. Иллюстрациялауға арналған әдеби шығармалар, әдетте, оқу сабақтарында алдын-ала оқылады және түсініледі. Оқумен байланысты жағдайлар күнтізбенің күндерін де жасайды, оған бір жағынан әр түрлі өлеңдер, әңгімелер, екінші жағынан оларға сәйкес сурет салу тапсырмалары сәйкес келеді.

3,4 сыныптардағы еңбекпен немесе технологиямен байланыс, ең алдымен, сурет сабақтарында алынған дағдыларды қолданумен тығыз байланысты, балалар қағаз бен картоннан қолөнер дайындауда қолданады. Кез келген қолөнерді ойластырған кезде оқушылар оның жалпы көрінісін қағазға салады, содан кейін сызбадағыдай қажетті өлшемдерді қояды. Бұл байланыс картон мен қағаздан әр түрлі қолөнерді безендіру үшін сәндік кескіндеме сабақтарында өрнектер жасағанда көрінеді.

Бейнелеу өнері оқу пәні ретінде оқушыларға бейнелеу өнерінің қарапайым негіздерін білуге мүмкіндік береді, бұл олардың эстетикалық тәрбиесінде үлкен рөл атқарады. Бастауыш сыныптарда бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің осы жастағы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескерумен байланысты өзіндік ерекшеліктері бар. Қоршаған шындықта формалардың, түстердің алуан түрлілігін көре білу, оның әр түрлі көріністерінде сұлулықты көре білу және белгілі бір дәрежеде бұл сұлулықты көбейту көркемдік қабілеттердің дамуына, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал етеді [5].

Кез-келген объектіні бейнелеу процесінде оны басқа заттармен, қоршаған ортамен үйлестіре отырып, оқушылармен танымдық және тәрбиелік жұмыс үшін қолайлы жағдайлар жасалады.

Таным теориясының әдістемелік ережелерінің бірі сезім мен сананың бірлігі мен өзара енуі. Балаларды бейнелеу өнеріне үйрету және өнер туралы әңгімелесу кезінде бұл бірлікті іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беріледі. Жеке жас кезеңдеріндегі оқушылардың эстетикалық талғамдары, көркемдік қабілеттері толыққанды білім, сурет салу дағдыларын игеру барысында және ең жақсы көркем шығармаларды терең қабылдау кезінде ғана сәтті дами алады.

Сурет салу арқылы өнерге деген қызығушылық оянады, кескіндеме, мүсін, сәулет, графика, сәндік-қолданбалы өнер туындыларын дұрыс түсіну жолы ашылады. Бейнелеу өнері сабақтары табиғатта, қоршаған өмірде сұлулықты көру қабілетін дамытады. Көрнекі сезімдер арқылы бір жағынан визуалды іс – әрекет процесінде заттар мен құбылыстардың қасиеттері туралы идеялар нақтыланады, екінші жағынан, осы заттар мен құбылыстарға эстетикалық көзқарас тәрбиеленеді. Мектептегі бейнелеу өнері тек сурет салуға қабілетті емес, барлық оқушылар үшін қажетті және қол жетімді оқу пәні болып табылады. Жалпы білім беретін мектеп суретшілерді дайындамайтынын есте ұстаған жөн. Ол оқушыларға сауатты реалистік

сурет салудың негіздерін беру міндетін қояды, яғни, оларға адам қызметінің көптеген аспектілері үшін қажетті білім мен дағдыларды игеруге көмектесу [6].

Бейнелеу өнерімен айналысу барысында жүзеге асырылатын тәрбие мен оқыту міндеттерінің бірлігі оның педагогикалық құндылығын едәуір арттырады. Ойлаудың индуктивті және дедуктивті формалары белгілі бір затты, құбылысты байқау кезінде және оны суретте көбейту кезінде үнемі жүргізілетін талдау және синтез процесінде тәрбиеленеді. Бейнелеу іс-әрекеті процесінде байқау, визуалды есте сақтау, зейін, бейнелі ойлау сәтті дамиды. Осы қабілеттердің үйлесімі оқу сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бейнелеу өнері сабақтарында қабылдауды, есте сақтауды, қиялды, ерік-жігерді және мінезді дамыту қосымша мүмкіндіктерге ие болады.

Графикалық сауаттылық политехникалық білімнің қажетті элементі болып табылады. Сурет салу кезінде балалар заттар мен құбылыстардың ерекшеліктерін тереңірек біледі, мазмұны мен формасының арақатынасын біледі, олар жалпылау және аналитикалық ойлау қабілетін дамытады, идеяларды нақтылайды. Көрнекі көріністерге негізделген кеңістіктік қатынастарды түсіре отырып, оқушылар заттардың өлшемін, бейнеленген заттағы бөліктер мен бүтіннің қатынастарын салыстыру жолдарын белгілеу қабілетіне ие болады. Өлшем мен қатынас бұл кез-келген өндірісте маңызды рөл атқаратын категориялар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.

2. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Бастауыш сыныпта көркем еңбек пәнін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2020.

3. Cambridge University Press. Teaching Primary Art and Design. – Cambridge, 2019.

4. Routledge. The Routledge International Handbook of Research in Arts Education. – London, 2020.

5. Б.М. Неменский. Бейнелеу өнері және көркемдік тәрбие. – Мәскеу, 1987.

6. Т.С. Комарова. Балалардың бейнелеу шығармашылығы. – Мәскеу, 1990.

МРНТИ 14.25.09

БІЛІМ БЕРУ ЭКОЖҮЙЕСІНДЕГІ "МҰҒАЛІМ-БАЛА-АТА-АНА" БАЙЛАНЫСЫ: БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫСЫНЫҢ ОҚЫРМАНДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

Ибрайханова Алуа Ермуратовна
ibraikhanovaalua@gmail.com
«Бастауыш білім беру» кафедрасының 3 курс докторанты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқырмандық сауаттылығын қалыптастырудағы «мұғалім-бала-ата-ана» үштігінің өзара байланыс тетіктері қарастырылады. Қазіргі білім беру экожүйесінде оқушының оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру тек мектептің ғана емес, сонымен қатар отбасылық тәрбие мен педагогикалық қолдаудың бірлігін талап етеді. Зерттеу барысында ата-аналардың баланың оқу әрекетіне қызығушылығын ояту әдістері мен мұғалімнің үйлестірушілік рөлі талданады. Мақаланың практикалық маңыздылығы – оқырмандық сауаттылықты қалыптастырудағы ынтымақтастық моделінің тиімділігін негіздеуінде.

Түйінді сөздер: оқырмандық сауаттылық, білім беру экожүйесі, бастауыш сынып, мұғалім-ата-ана байланысы, ынтымақтастық педагогикасы.

Annotation

The article examines the mechanisms of interaction within the "teacher-student-parent" triad in developing the reading literacy of primary school students. In the modern educational ecosystem, fostering a student's reading literacy requires a unified approach that combines school education, family upbringing, and pedagogical support.

The study analyzes methods for stimulating parents' interest in their child's reading activities and highlights the coordinating role of the teacher. The practical significance of the article lies in substantiating the effectiveness of a collaborative model for developing reading literacy.

Keywords: reading literacy, educational ecosystem, primary school, teacher-parent communication, pedagogy of cooperation.

Қазақстанның қазіргі білім беру саясатында оқырмандық сауаттылық мәселесі мемлекеттік қауіпсіздік пен ұлттық зияткерлік әлеуетті арттырудың басты шарты ретінде қарастырылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында сөйлеген сөзінде тек ақпараттық технологияның пайдалы жағын алып, зиянды жағынан сақ болған жөн. Ашығын айтсақ, интернетті талғамсыз пайдалану бала тәрбиесіне теріс ықпал етіп жатыр. Бұл – өкінішке қарай, ақиқат. Балалар түгілі, ата-аналар да әлеуметтік желідегі мағынасыз контентке тым әуестігін атап өтті.

Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуелсіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан айырылдық. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр.

Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бей-жай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек.

Кітапқұмарлық – жақсы қасиет. Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек [1]. Осылайша мелекет басшысы оқырмандық сауаттылықты тек білім беру саласының міндеті емес, елдің болашақ зияткерлік әлеуетін қорғайтын мемлекеттік маңызы бар іс деп белгіледі.

Әбіш Кекілбаев қазақ халқының зиялы қауымының өкілі, классик жазушы өз еңбектерінде “Өркениет көшінде техника қарыштап дамыса да, көркем мәтінді оқу керек,”- деп құндылығын ерекше атады [2]. Жазушының пайымынша, жай ғана оқу жеткіліксіз, оқығанды көңілге тоқып, талдай білу маңызды. Оқырмандық сауаттылық – бұл мәтін арқылы автормен сұхбаттасу, соның негізінде өз пікірін қалыптастыру. «Көзбен емес, көңілмен оқуды» басты орынға қойған. Осы орайда мына бір қанатты сөзі оқырмандық сауаттылықтың бүкіл мәнін ашып тұрғандай: «Кітап оқудан тыйылсақ, ой ойлаудан да тыйылар едік».

«Оқырмандық сауаттылық» термині мен «оқу» терминінің арасындағы басты айырмашылықты түсіну маңызды. Г.А. Цукерман бұл ұғымдарды бөліп қарастырады [3]. Оның айтуынша, оқу (әсіресе педагогикалық контексте) көбінесе декодтау, яғни әріптерді дыбыстарға айналдыру деп түсініледі.

Біріншіден, оқырмандық сауаттылық – бұл адамның өз мақсаттарына жету, білімі мен мүмкіндіктерін кеңейту және әлеуметтік өмірге араласу үшін жазбаша мәтіндерді түсіну, пайдалану, олар туралы ой толғау және оқумен айналысу қабілеті.

Екіншіден, оқырмандық сауаттылық – қоғам талап ететін және (немесе) жеке тұлға үшін құнды мақсаттарда жазбаша сөздің барлық түрлерін түсіну және қолдана білу қабілеті. Әртүрлі мәтіндер негізінде жас оқырмандар өздігінен мағына қалыптастырады. Олар «білім алу үшін, мектептегі және мектептен тыс оқырмандық қауымдастықтарға қатысу үшін және ләззат алу үшін» оқиды.

Үшіншіден, оқырмандық сауаттылық – бұл білімнің, дағды мен икемнің үнемі дамып отыратын жиынтығы, яғни адамның бүкіл өмірі бойы әртүрлі іс-әрекет жағдаяттары мен қарым-қатынас барысында жетіліп отыратын қасиеті.

Төртіншіден, оқырмандық сауаттылық – бұл білім алушылардың мазмұны мен форматы әртүрлі мәтіндерді түсінуге, оларға рефлексия жасауға (ой елегінен өткізуге) деген қабілеті, сондай-ақ оқығандарын әртүрлі өмірлік жағдаяттарда қолдана білу икемділігі [3, 198б]. Автордың пікірін тұжырымдайтын болсақ оқырмандық сауаттылық – бұл жай ғана мәтінді оқу емес, оның мағынасын терең түсіну, алған ақпаратты өмірлік қажеттіліктерге жарата білу және адамның бүкіл ғұмыры бойы үздіксіз дамып отыратын маңызды әлеуметтік-тұлғалық қабілеті.

М.М. Светловскаяның пікірінше, оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру және жетілдіру үшін белгілі бір оқырмандық әрекеттер қажет: алынған ақпараттан тікелей тұжырымдар жасау; мәтіннің жекелеген хабарламаларын интерпретациялау (түсіндіру) және интеграциялау (біріктіру); бүкіл хабарламаның және оның жекелеген элементтерінің мазмұнын, тілін және формасын бағалау деп көрсеткен [4]. Яғни бұдан шығатын қорытынды тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін оқырмандық сауаттылықтың негізі бастауыш мектепте қалануы тиіс деген түйіндеміз.

Бастауыш сынып кезеңі – баланың тұлға ретінде қалыптасуының ең маңызды сатысы. Дәл осы шақта оқырмандық сауаттылықтың негізі қаланады. Оқырмандық сауаттылық тек әріп тану немесе жылдам оқу емес, бұл – мәтінді түсіну, ондағы ақпаратты талдау және алған білімді өмірлік жағдаяттарда қолдана білу қабілеті.

Қазіргі заманғы мұғалім – жай ғана ақпарат беруші емес, ол оқушы мен кітап арасындағы алтын көпір. Бастауыш сынып мұғалімдері оқырмандық сауаттылықты арттыруда келесі әдістерді қолдануы тиіс: *Белсенді оқу стратегиялары:* «Ойлан, жұптас, бөліс», «Болжау», «Кейіпкерге хат» сияқты әдістер арқылы баланың сыни ойлауын дамыту. *Диалогтік оқыту:* «автормен сұхбаттасу» үдерісін сыныпта ұйымдастыру. *Көрнекілік пен цифрлық ресурстар:* Мәтінді аудио-визуалды құралдармен ұштастыра отырып, баланың қызығушылығын ояту.

Оқырмандық сауаттылықты тек мектеп қабырғасында қалыптастыру мүмкін емес. Ол үшін білім берудің біртұтас экожүйесі жұмыс істеуі керек. Мемлекет басшысы атап өткендей, ата-ананың әлеуметтік желіге тым әуестігі баланың кітапқа деген ынтасын жояды. Бала – естігенін емес, көргенін істейді. Сондықтан:

1. «Үйдегі оқу сағаты» дәстүрін қалыптастыру;
2. Ата-ананың баламен бірге кітап талқылауы;
3. Үйде шағын кітапхана бұрышын жасақтау – басты талап.

Оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру – бұл мұғалім, оқушы және ата-ананың бірлескен жұмысын талап ететін кешенді үдеріс. Әр тараптың өзіндік жауапкершілік аймағы мен күтілетін нәтижелері бар.

Мұғалімнің рөлі: Әдістемелік жетекшілік оқу үдерісін сапалы ұйымдастыру болып табылады. Ол оқушыларға тиімді оқу әдістемелерін ұсынуға және қызығушылықты оятатын мәтіндерді таңдауға жауапты. Бұл жұмыс нәтижесінде оқушының оқу техникасы мен мәтінді талдау дағдылары жетіледі.

Оқушының рөлі: Танымдық белсенділік қатысушысы ретінде мәтінді оқып қана қоймай, оған сұрақтар қойып, өз пікірін білдіруі тиіс. Осындай әрекеттер оқушының танымдық белсенділігін арттырып, сөздік қорын байытуға мүмкіндік береді.

Ата-ананың рөлі: Эмоционалдық қолдау отбасылық орта оқуға деген сүйіспеншіліктің негізін қалайды. Ата-ана балаға қолдау көрсету, онымен бірге оқу және балаға арнап кітаптар сатып алу арқылы маңызды үлес қосады. Бұл баланың кітап оқуға деген эмоционалдық құштарлығын оятады.

Оқырмандық сауаттылықты қалыптастыру – бұл тек мектеп қабырғасында шектелетін үдеріс емес. Ол мұғалімнің кәсібилігі, баланың ынтасы және ата-ананың қолдауы тоғысқанда ғана жүзеге асады. Бұл байланыстың тиімділігін келесі кесте арқылы айқындауға болады:

Кесте-1

Қатысушы	Негізгі функциясы	Құралдары мен әдістері
Мұғалім	Бағыт беруші (Фасилитатор)	Инновациялық әдіс-тәсілдер, оқу мониторингі
Оқушы	Ізденуші (Субъект)	Сыни ойлау, шығармашылық жұмыстар
Ата-ана	Үлгі болушы (Мотиватор)	Отбасылық оқу сағаттары, эмоционалды байланыс

Бастауыш сынып оқушысының оқуға деген қызығушылығын ояту үшін мұғалім мен ата-ана арасында «кері байланыс» орнауы тиіс. Қазіргі таңда бұл байланыс тек мектептегі жиналыстармен шектелмей, жаңа форматта жүзеге асырылуы қажет: «Оқитын мектеп – оқитын отбасы» жобалары: Мұғалім ата-аналарға баланың жас ерекшелігіне сай кітаптар тізімін ұсынып, оны үйде қалай талқылау керектігі бойынша әдістемелік нұсқаулар береді. Бірлескен коучинг-семинарлар: «Балаға қалай кітап оқыту керек?» тақырыбындағы тренингтер ата-ананың педагогикалық сауаттылығын арттырады. Цифрлық дәуірдегі оқырмандық мәдениет. Мемлекет басшысы атап өткендей, интернеттің зиянды жағынан сақтанып, пайдалы тұсын қолдану – басты міндет. Мұғалім мен ата-ана баланың гаджетке деген әуестігін оқырмандық сауаттылыққа бағыттай алады. Мәселен: интерактивті оқу платформаларын қолдану: электронды кітапханалар, аудиокітаптар және оқылған шығарма желісімен түсірілген қысқа метражды фильмдерді талқылау. Буктрейлер жасау: Бала оқыған кітабы бойынша шағын видеоролик (буктрейлер) түсіру арқылы шығарманың мазмұнын тереңірек түсініп, оны өзгелерге насихаттайды. Бұл үдерісте ата-ана техник-көмекші, мұғалім идеолог ретінде көрінеді. Оқырмандық сауаттылық – ұлттық қауіпсіздік кепілі.

Әбіш Кекілбаев айтқан «көңілмен оқу» принципі бүгінгі ақпараттық тасқын заманында өзектілігін арттыра түсті. Бала мәтінді жай ғана оқып шықпай, ондағы ақпараттың ақиқаттығын тексеруді, автордың жасырын ойын ұғуды үйренуі тиіс. Бұл – болашақта баланың манипуляцияға түспеуіне, өздігінен шешім қабылдай алатын зияткер тұлға болып қалыптасуына негіз болады.

«Кітап – адамзаттың ақыл-ой қазынасы, ал оны оқи білу – сол қазынаның кілтін иелену». Сондықтан, мектеп пен отбасы бірлескенде ғана біз «кітап оқитын ұлт» мұратына жете аламыз [5].

Мақалада көтерілген мәселелерді тұжырымдай келе, оқырмандық сауаттылықты дамыту – бұл тек білім беру жүйесінің ішкі міндеті емес, елдің адами капиталын сапалық тұрғыдан жаңғыртудың стратегиялық тетігі екенін көреміз. Бүгінгі таңда оқу дағдысы

ақпаратты тұтыну құралынан, сол ақпаратты сүзгіден өткізу, талдау және пайымдау өнеріне айналуы тиіс.

Мақаланы жаза отырып өзекті түйіндер мен пайымдаулар жасадық:

1. Интеллектуалды иммунитет: Ақпараттық тасқын мен мағынасыз контент басым заманда, терең оқу дағдысы баланың санасын деструктивті ықпалдардан қорғайтын «интеллектуалды сүзгі» рөлін атқарады. Ә. Кекілбаев айтқан «көңілмен оқу» принципі – бұл бүгінгінің тілімен айтқанда, эмоционалды интеллект пен сыни пайымның ұштасуы.
2. Экожүйелік интеграция: Мектептегі академиялық білім мен үйдегі тәрбиелік ортаның арасындағы алшақтықты жою қажет. Оқырмандық сауаттылық тек сынып ішінде ғана емес, баланың күнделікті өмір сүру салтында көрініс тапқанда ғана нәтиже береді.
3. Технологиялық симбиоз: Гаджеттер мен кітапты бір-біріне қарама-қайшы қоюдың орнына, олардың тиімді симбиозын жасау – заман талабы. Мәтінді цифрлық форматта игерудің инновациялық жолдарын қарастыру оқушының танымдық белсенділігін табиғи түрде арттырады.

Мақаланың мазмұнын өміршең ету үшін келесідей қадамдарды жүзеге асыру ұсынамыз:

- Педагогикалық фасилитацияны дамыту: Мұғалімдерді тек мәтінмен жұмыс істеуге емес, «мәтін арқылы әлемді тануға» бағытталған заманауи коучингтік әдістерге (мысалы, метатанымдық стратегиялар) оқытуды күшейту.
- Отбасылық оқу институтын жаңғырту: «Кітап оқитын ата-ана – кітап оқитын бала» концепциясы аясында мектеп пен отбасы арасындағы байланысты жаңа деңгейге көтеру. Ата-аналарға баланың жас ерекшелігіне сай мазмұнды таңдау және оны бірлесе талқылау бойынша әдістемелік жетекшілік ұсыну.
- Оқу кеңістігін трансформациялау: Мектеп кітапханаларын тек кітап сақтайтын орыннан, оқушылар еркін пікір алмасатын, шығармашылық идеялар туатын «коворкинг орталықтарына» айналдыру.
- Мотивациялық ынталандыру: Оқушылар арасында буктрейлерлер конкурсын, «Оқырмандық чек-лист» сайыстарын тұрақты ұйымдастыру арқылы оқу үдерісін қызықты әлеуметтік тәжірибеге айналдыру.

Қорыта айтқанда, оқырмандық сауаттылық – бұл ертеңгі күннің еркін, ашық және білімді азаматының портреті. Біз кітап арқылы тек білім беріп қана қоймай, ұлттық болмысымызды бекемдейтін, рухани өзегі мықты ұрпақ тәрбиелейміз. Сондықтан, мектеп, ата-ана және қоғам болып жұмылғанда ғана біз «кітапқұмарлықты» сәнге айналдырып, зияткер ұлт мұратына жете аламыз. Кітап оқу – бұл ойлау еркіндігіне бастайтын ең сенімді жол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Тоқаев Қ.К. Адал азамат – Озық ойлы ұлт: Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзі. – Астана: Ақорда, 15 наурыз 2024 ж. https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-ulttyk-kuryltaydyn-adal-adam-adal-enbek-adal-tabys-atty-ushinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1525727
2. Кекілбаев Ә. С мыслью о книге // Халықаралық оқу конгресі жинағы. Астана 2007ж – 24б.
3. Цукерман, Г.А., Ковалева, Г.С. Оценка читательской грамотности / Г.А.Цукерман. – Москва: БЕК, 2011. – 198 с.
4. Светловская, Н.Н. Обучение детей чтению / Н.Н.Светловская. – Москва: Академия, 2013. – 288 с.
5. Кекілбаев Ә. Шығармалары. 12-том: Мақалалар, толғаныстар. – Алматы: Жазушы, 2011. 400 б.

ӘОЖ 373.0.02

Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын сыни ойлау технологиясы негізінде дамытудың өзектілігі

Л. Е. Кожаханова, А.С.Амирова
email: laura-shardara@mail.ru
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің 3 курс докторанты, Алматы қ., Қазақстан Республикасы
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, п.ғ.д., профессор, Алматы қ., Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Қазіргі жаһандану дәуірінде білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер жүріп жатыр. Қазақстанда мектептегі білімді цифрландыру – реформалардың негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылуда. Ақпаратты талдап, оны сыни тұрғыдан қабылдау бастауыш сынып оқушылары үшін ерекше маңызға ие. Медиа кеңістікте өмір сүріп жатқан оқушылардың медиасауаттылығын қалыптастыру қажеттілігін айқындау мақсатында зерттеу ұйымдастырылды. Зерттеу барысында бастауыш сынып мұғалімдері мен оқушылары арасында сауалнама жүргізіліп, алынған деректер талданды. Нәтижесінде сыни ойлау технлогиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсыныстар мен әдістер ұсынылды.

Түйін сөздер: медиасауаттылық, медиабілім, ақпарат, сыни ойлау, бастауыш сынып.

Аннотация

В условиях современного глобализационного общества в системе образования происходят значительные изменения. В Казахстане цифровизация школьного образования рассматривается как одно из ключевых направлений реформ. Для учащихся начальной школы особую ценность приобретает умение анализировать информацию и воспринимать её с критической позиции. С целью выявления значимости формирования медиаграмотности у младших школьников было проведено исследование. В ходе работы среди учителей и учащихся начальных классов был организован опрос, результаты которого были проанализированы. По итогам исследования разработаны рекомендации, направленные на развитие медиаграмотности младших школьников.

Ключевые слова: медиаграмотность, медиаобразование, информация, критическое мышление, начальная школа.

Annotation

In the context of contemporary globalization, the education system is undergoing significant transformations. In Kazakhstan, the digitalization of school education is considered one of the key directions of reform. For primary school students, the ability to analyze information and perceive it critically is of particular importance. To determine the relevance of developing media literacy among young learners, a study was conducted. A survey was administered among primary school teachers and students, and the collected data were analyzed. Based on the findings, a set of recommendations was proposed to enhance the media literacy of primary school students.

Key words: media literacy, media education, information, critical thinking, primary school.

Қазіргі педагогика мен мектеп саласында «медиаоқыту» термині жаңалық емес, бірақ әлі толық қалыптаспаған ұғым болып табылады. Бұл жағдайдың себебі – бұл терминнің мағынасының әртүрлі түсіндірмелерге ие болуында. Бұл термин шетелде қабылданған «media education» ұғымының қазақ тілді баламасы болғандықтан, әр елде оны әртүрлі қолданады. Көп тараған түсінігі бойынша, бұл оқу процесінде техникалық құралдарды қолданумен

теңестіріледі. Мысалы, тарих немесе әдебиет сабағында бейнефильм көрсету медиа оқыту деп саналады.

ЮНЕСКО құжаттарында **медиабілімберу** педагогикалық теория мен практикада білім саласының айрықша әрі дербес бөлігі болып есептелетін заманауи масс-медиа құралдарын игеру үшін теория мен практиканы оқыту деп көрсетілген. Оны математика, физика немесе география сынды өзге де білім салаларын оқытуда медианы қосымша құрал ретінде пайдаланудан бөліп қарау керек.

Медиабілімберу формалды білім берудің құрамдас бөлігі болуы қажет. Яғни, барлық оқушыға қолжетімді, мектептегі білім берудің әр сатысында оқу бағдарламасының міндетті бөліміне айналуы тиіс.

Еуропарламент цифрлі технологиялар әлеміндегі медиасауаттылық туралы қарар қабылдады. Онда **медиасауаттылық** туралы былай делінген: медиасауаттылық ақпаратты тұтыну саласындағы саясаттың негізгі элементі, ол адамдардың медианы пайдалануына көмектесу үшін барлық уақытта да халықтың барлық табына қолжетімді болуы тиіс.

Медиасауаттылық – адамдарға ақпаратты пайдалануға, сараптауға, бағалауға және медианың әртүрлі жанрында, формасында хабарламалар жасауға мүмкіндік беретін дағдылар мен шеберліктің жиынтығы.

Еуропарламент қарарында «Медианың барлық түрлерінің (аудио, визуалды, дәстүрлі және цифрлі) арасындағы шекара бірте-бірте жойылып, медианың әртүрлі формалары техникалық және мазмұндық тұрғыда жақындап келе жатыр делінген. Бұқаралық коммуникацияның жаңа құралдары инновациялық технологиялардың арқасында адам өміріне тұтастай еніп келе жатыр. Бұл азаматтардың медиа қолданушы ретінде белсенді бола түсуіне түрткі болады». [1]. Демек, медиа білімнің негізгі мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдары саласында білім беру. Балалармен жұмыс істеудің мақсаты – оларда медиамәдениетті қалыптастыру.

Оқушылардың медиамәдениеті – бұл баланың көркемдік, эмоционалды-интеллектуалдық дамуының бір қыры, ол бұқаралық ақпарат құралдары және коммуникация құралдарымен өзара әрекеттесуін реттейді.

«Медиасауаттылық» ұғымы «цифрлық сауаттылық» ұғымымен ұқсас көрінгенімен, «медиабілім», «медиапедагогика», «медиасауаттылық» ұғымдары жеке бағыт болып зерттеліп келеді. Шетелдік ғалымдар А.Левидо [2], Э.У.Остин [3] зерттеулерінде осы ұғымдарды қарастырса, Ресей ғалымдары ішінде Л.М. Баженова [4], А.В. Федоров [5] медиасауаттылық және медиабілім жайлы зерттеулер жүргізген. Отандық ғалымдар арасында білім алушылардың медиасауаттылығын дамыту жайын зерттеу жүргізген Смаилова Д.Е., Хан Н.Н., Каратаева Т.О., Аспанова Г.Р.[6], А.Ғ.Аралбаева, Б.Т.Сурабалдиева [7] сынды ғалымдардың еңбектерін көрсетуге болады.

Медиа балалардың барлық сұранысын қанағаттандыруы тиіс. Балалардың танымдық, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын ескере отырып, олардың дамуына ықпал етуі керек. Мәселен, олардың қиялын, білуге құштарлығын оятуы керек. Бірақ балалардың барлығы бірдей медианы дұрыс қабылдай бермейді. Соның нәтижесінде, шынайы өмір туралы бұрыс пікір қалыптастырып алулары мүмкін. Мұндай жағдайларды болдырмау үшін, баланың ата-анасы медианың жақсысын іріктеп алуы керек. Бірақ контенттің сапасына келгенде, ата-аналардың жартысы сайттардың қайсының балалар үшін лайықты екенін анықтай алмай жатады.

Бұл мақаланың мақсаты – бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын сыни ойлау технологиясы негізінде дамытудың ерекшеліктерін айқындап, оның тиімді әдістерін ұсыну.

“Медиа” ұғымы газет-журнал, радио, телевизия, интернет көздерінен бөлек, қолыңыздағы кітап пен смартфон, фильм, көне ескерткіштер, видео ойындар, музыка, аңыз-ертегілер мен ауызекі сөзге дейінгі дүниелерді қамтиды.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «Медиа – күрделі сөздердің бұқаралық ақпарат құралдарына қатыстығын көрсететін құрам бөлігі» деп көрсеткен [8] .

«Медиа», «медиалық білім», «медиасауаттылық» ұғымдарының тарихына тоқталар болсақ, "Медиа білім беру" термині салыстырмалы түрде жаңа ұғым, 1986 жылы КСРО ның ғылыми жарияланымдарында алғаш рет қарастырылып, Ал батыс елдерде және АҚШ да 1960 жылдарда таныла бастаған.

20 ғасырдың 90-жылдарынан бастап Австралия мен Канада орта мектептерге медиа білім беру бірінші сыныппен он екінші сынып аралығында енгізілді және бұл оқытудың міндетті элементіне айналды. ЮНЕСКО конференцияларында оқу жоспарлары мен факультативтер шеңберінде медиа білім беруді енгізу және дамыту бойынша бірнеше рет ұсыныстар жасалды [5, 10].

«Медиа» термині (латын тілінде «media», «medium» – құрал, тасымалдаушы) деген мағынаны береді. Оған қазіргі таңда баспа, суреттер, радио, кинематография, теледидар, видео, компьютерлік мультимедиялық жүйелер, сонымен қатар интернет желісі, бұқаралық ақпарат және т.б. жатқызуға болады. Бұл термин көбіне медиа саласының мамандарын даярлауда қолданылады, сондай-ақ адамдардың ақпараттық сауаттылығын арттыруда кеңінен қолданылып жүр [7].

Л.М.Баженова «Медиаобразование школьника» атты еңбегінде медиабілімге толық түсіндірмелер береді.

Медианы дұрыс пайдалану үшін адамда белгілі бір ойлау қабілеттері болуы тиіс екендігін, бұған мәселе шешу, дерек қолдану, сұрақ қою, сендіру сияқты қабілеттермен қатар сыни ойлау да кіретіндігін айтады.

Медианы табиғатына қарай визуалды (баспасөз, фото, бейнелер), аудиалды (дыбыстық) және аудиовизуалды (кино, теледидар, видео) деп бөледі. Оның ойынша, «Мектепке келгенде балалар баспа, аудио және аудиовизуалды құралдармен таныс болып келеді. Әрине, баспа құралдарымен олар көбінесе ересектер оқып беретін кітаптар немесе журналдар арқылы танысады. Олар сирек жағдайда ғана музыканы тыңдайды, бірақ ересектерге арналған эстрада әндері радиодан және дискілерден жиі естілетін болғандықтан, кейде балаларға жақын болады. Ал бала үшін фильм дегеніміз не? Бұл, ең алдымен, қызықты оқиға. Онда бір нәрсе болып жатады, кейбір сәттер қорқынышты, кейбірі қуантады — бәрі жақсы аяқталса екен дейсің: жақсы кейіпкерлер жеңіп, зұлымдық жазаланса. Балалар фильмдерден ойындарға арналған сюжеттер алып, кейіпкерлерге еліктейді», - деп санайды.

Медиасауаттылық – адамдарға ақпаратты пайдалануға, сараптауға, бағалауға және медианың әртүрлі жанрында, формасында хабарламалар жасауға мүмкіндік беретін дағдылар мен шеберліктің жиынтығы [4].

Ресейлік ғалым А.В.Федоров медиабілім беру, медиақұзіреттілік, медиамәтін туралы ұзақ зерттеулер жүргізген. Өз еңбектерінде бұл туралы былай дейді: Медиа жүйесіне және медиамәтіндерге қатысты сыни-шығармашылық ойлау - бұл күрделі рефлексивті ойлау процесі. Ол қоғамдағы медианың жұмыс істеу тетіктері мен медиамәтіндердің (ақпараттардың/хабарламалардың) табиғатын ассоциативті қабылдау, синтездеу, талдау және бағалау сияқты ойлау әрекеттерін қамтиды. Сонымен бірге, бұл үдеріс аудиовизуалды қиялды, виртуалды эксперименттеуді, логикалық және интуитивтік болжауды біріктіре отырып, медиа саласындағы ойлау мен түсінуді дамытады. Бұл сөздерінен медиабілім, медиасауаттылықтың сыни ойлаудың өзара байланысы дәлелденеді [5].

А.В.Федоров И.В.Челышевамен бірлесе отырып Ресейде және шетелде жасалған медиабілім беру модельдерін төмендегідей топтастырған:

Білімдік-ақпараттық модельдер – медиамәдениеттің теориясы мен тарихын, тілін және т.б. зерттеуге бағытталған. Бұл модельдер көбінесе медиабілім берудің мәдениеттанулық, эстетикалық, семиотикалық және әлеуметтанулық-мәдени теорияларына сүйенеді.

Тәрбиелік-этикалық модельдер – медиаматериалдар негізінде моральдық, діни және философиялық мәселелерді қарастыруға бағытталған. Олар негізінен медиабілім берудің этикалық, діни, идеологиялық, экологиялық және протекционистік теорияларына сүйенеді;


Практикалық-утилитарлық модельдер – медиатехника құралдарын тәжірибелік тұрғыда үйрену мен қолдануға бағытталған. Бұл модельдер «қабылдау және қанағаттану» теориясына және медиа білім берудің практикалық теориясына негізделеді;

Эстетикалық модельдер – ең алдымен оқушылардың көркемдік талғамын дамытуға және медиамәдениеттің үздік туындыларын талдауға бағытталған. Олар эстетикалық (көркемдік) және мәдениеттанулық теорияларға сүйенеді;

Әлеуметтік-мәдени модельдер – тұлғаның шығармашылық, қабылдау, елестету, көру жадын дамытуға, медиамәтіндерді интерпретациялау, талдау және оларға қатысты дербес, сыни ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл модельдер негізінен әлеуметтік-мәдени, мәдениеттанулық, семиотикалық, этикалық теорияларға және сыни ойлауды дамыту теориясына сүйенеді [9].

Аустралиялық ғалым Аманда Левидо *«Media literacy and the concept of 'technologies' in primary school classrooms: moving beyond technical skills»* мақаласында сыни ойлау технологиясы негізінде бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын дамыту тақырыбы аясында зерттеулер жүргізген. Ғалымның пікірінше, бастауыш сыныптағы медиасауаттылық оқушылардың тек техникалық дағдыларын, цифрлық дағдыларын ғана дамытумен шектелмеуі тиіс.

Аманда Левидо медиасауаттылық құрылымын алты өзара байланысты компонент арқылы сипаттайды:



Сурет – 1 Медиасауаттылық құрылымы

Осы тұрғыдан алғанда, медиасауаттылықтың дамуы оқушылардың медиамәтінді қабылдау және оны сыни тұрғыдан түсіндіру қабілеттерімен тығыз байланысты екен байқаймыз. Бұл тәсіл оқушылардың тек ақпарат тұтынушысы емес, белсенді ойлаушы және интерпретациялаушы тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді [2, 8].

Аманда Левидо өз зерттеулерінде қазіргі таңда бастауыш білім беруде медиасауаттылықты дамыту терең зерттелмегендігін, ол туралы педагогикалық түсінік дамымағандығын алға тартады. Бұл тақырыптың әлеуметтік және мәдени мағынасын жетілдіруді түсіндіреді.

Осыдан шығатын қорытынды — бастауыш мектептерде медиасауаттылықты дамыту үшін оқыту процесіне сыни ойлау технологиясын енгізу маңызды. Бұл тәсіл оқушылардың медиамәтінмен саналы жұмыс істеуін, ақпараттың мазмұны мен мақсатын бағалай білуін, өз көзқарасын дәлелдей алуын қамтамасыз етеді.


Эрика Вайнтроб Остин, Шон Домгаард «Медиасауаттылықтың өзгеріс теориясы және хабарды интерпретациялау үдерісі моделі» атты мақаласында **«Медиасауаттылық - өмір бойғы процесс.** Адам баласы кез келген жаста медиамен әрекеттеседі, бірақ оның мазмұнын

түсінуі жасына, танымдық және әлеуметтік дамуына байланысты өзгереді», - деп көрсетеді [3, 160].

Эрика Остин медиасауаттылықты жеке пән немесе техникалық дағды емес, адамның сыни ойлауын, әлеуметтік мінез-құлқын және шешім қабылдау қабілетін дамытатын кешенді, когнитивтік-аффективтік процесс деп түсіндіреді.

Қысқаша айтқанда, Эрика Остиннің айтуынша, **медиасауаттылық – адамның ақпаратты сыни тұрғыда қабылдап, шынайы мен жалғанды ажырата білу арқылы саналы шешім қабылдау қабілетін дамытатын өмірлік дағды.**

Эрика Вайнтроб Остин мен Шон Домгаард медиасауаттылық дамуының кезеңдері көрсетілген келесі сызба-модель бойынша көрсетеді.



Сурет -1 Медиасауаттылық дамуының кезеңдері

Қысқаша айтқанда, бұл модель адамның медиа хабарламаларды қабылдау жолында сыни ойлаудың дамуы арқылы мінез-құлықтық өзгеріске қалай жететінін түсіндіреді [3, 170].

Смаилова Д.Е., Хан Н.Н., Каратаева Т.О., Аспанова Г.Р. мақаласындағы зерттеулер нәтижесінде бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын тиімді қалыптастыру үшін белгілі бір педагогикалық шарттар кешенін айқындау қажеттілігі туындайды. Бұл кешенге келесі негізгі шарттар жатады:

– оқушыларды практикалық іс-әрекетке белсенді тарту;

– оқушылардың даралық ерекшеліктерін ескеру;

– арнайы бейімделген медиаматериалдарды әзірлеу және пайдалану.

Арнайы медиаматериалдарды әзірлеу және пайдалану педагогикалық шарты бастауыш сынып оқушыларына арналған бейімделген оқу ресурстарын құруды қамтиды. Бұл материалдар интерактивті тапсырмалар, мультимедиялық элементтер мен жобалық жұмыстар түрінде болуы мүмкін. Сапалы медиаматериалдар оқушылардың цифрлық ортада еркін бағдарлауына, түрлі ақпараттық форматтармен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мұндай материалдар оқушылардың қызығушылығын арттырып, медиасауаттылықтың негізгі компоненттері – сыни ойлау, ақпаратты талдау және өз медиапродуктісін жасау қабілеттерін жетілдіреді [6].

А.Г.Аралбаева, Б.Т.Сурабалдиева «Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын қалыптастыру» атты мақаласында «Қазіргі уақытта бастауыш сынып оқушыларына медиасауаттылық дағдыларын қалыптастыру – мұғалімдер үшін ең маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Оқушылардың ақпараттық кеңістікте дұрыс бағдар алуына көмектесу, сондай-ақ сыни ойлау қабілеттерін дамыту олардың медиа қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ақпаратты саналы түрде қабылдауын жетілдіруге мүмкіндік береді, медиа сауаттылық және медиа қауіпсіздік негіздерін дұрыс қалыптастыру маңызды» - деп тұжырым жасайды. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылық деңгейі оқу сапасына және білім алу мүмкіндіктерінің кеңеюіне тікелей әсер ететіндігін алға тартады. «Егер заманауи ақпараттық құралдарды жан-жақты зерттеп, жүйелі түрде оқу және тәрбие үдерісіне енгізсек, онда оқушылар медиа кеңістікте өз бетінше бағыт табатын, еркін ойлайтын, шығармашылық қабілеті дамыған, тәуелсіз тұлғалар болып қалыптасады», - деп қорытынды жасайды [7].

Жалпы медиасауаттылық туралы көптеген ғалымдардың еңбегіне талдау жасай келе, мынадай ой қорытынды жасауға болады: Медиасауаттылық – адамзаттың қоршаған орта әсерінен қабылдап отырған ақпаратты (дыбыс, бейне, мәтін т.б.) сыни көзбен саралай білу

қабілеті. Медиасауатты тұлға кез-келген ақпараттың соңына ілеспей, оны ой таразысынан өткізеді, ақпаратты саралайды, ізденеді. Бастауыш сынып оқушысына қазіргі заманда әсер етіп отырған ақпараттардың көптігі, сөзсіз, олардың сыни ойлау қабілеттерін арттырудың маңыздылығын туындатады.

Қазіргі балалар медианың тап ортасында өсіп жатыр. Олар тіпті бастауыш сыныптарда смартфонға қол жеткізе алады. Ал ата-аналары уақыт ағымына ілесе алмай, баланың дамуына жаңа медианың әсерін ұғына алмай жатырмыз дейді. Балалардың әлеуметтенуіне ықпал ететін үш топ бар. Олар: ата-атасы, мұғалімдері және құрдастары. Кішкентай балалар көп уақытын отбасымен бірге өткізгендіктен, олар үшін ең маңызды ақпарат көзі – олардың ата-аналары. Тренерлер кітапханашыларға балалар мен олардың ата-аналарын медиасауаттылыққа баулу үшін не істей алатындары туралы түсіндіреді.

Бастауыш сынып мұғалімі және ата-ана баланың күнделікті тұтынатын медиасын қадағалау керек. Ата-ананың өзі медиа ресурстардан хабарсыз болса, баланың медиа әлемін түсінуі қиын болады. Медиа көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатыр. Жаңа бағдарлама, жаңа фильм, онлайн ойындар күн сайын шығып жатыр. Осындай бағыттағы қатерге медиасауатты ұрпақ дайындау, олардың медиасауаттылығын дамыту – бастауыш сыныптан басталатынын алға тартамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Медиасауаттылық/IREX Europe ұйымының Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан елдеріндегі жобалары шеңберінде дайындалған/Құрастырушы автор: Тамара Козицька/Қазақ тіліне аударған: Сәния Әбдіғапар/Кітапханашыларға арналған практикалық нұсқаулық.© IREX Europe, 2018. – 80 б.

2. Levido, A. (2024). Media literacy and the concept of ‘technologies’ in primary school classrooms: moving beyond technical skills. Learning, Media and Technology, 1–13. https://doi.org/10.1080/17439884.2024.2308609

3. Erica Weintraub Austin, Shawn Domgaard, The media literacy theory of change and the message interpretation process model, Communication Theory, Volume 34, Issue 4, November 2024, Pages 167–177, https://doi.org/10.1093/ct/qtae018

4. Баженова Л.М. (2004) Медиаобразование школьника (1-4 классы). Пособие для учителя. М.: Изд-во Российской академии образования, 2004. - 55 с.

5. Федоров А.В. Медиаобразование и медиаграмотность. - Таганрог: Изд-во Кучма, 2004. - 340 с.

6. Смаилова Д.Е., *1 Хан Н.Н., 2 Каратаева Т.О.,3 Аспанова Г.Р. Формирование медиаграмотности младших школьников в условиях медиобразования //Абай атындағы ҚазҰПУ-ң ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы, №1(85),2025 ж.

7. А.Ғ.Аралбаева, [1]* Б.Т.Сурабалдиева. Бастауыш сынып оқушыларының медиасауаттылығын қалыптастыру// ВЕСТНИК КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки», №2(86), 2025 г.

8. Қазақ әдеби тілінің сөздігі.Он бес томдық. 11-том/құраст: Ж.Манкеева, С.Бизақов, Ә.Жүнісбек және т.б. – Алматы, 2011.

9. Федоров А.В., Челышева И.В. Сравнительный анализ медиаобразовательных моделей//Медиаобразование. 2007 N 2. С.52-86.

МРНТИ 14.25.07

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДА НЕЙРОЖАТТЫҒУЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Жалгасова Алия
2 курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ
Ғылыми жетекші: **Базарбекова Р.Ж**.
п.ғ.к., қауымд. профессор

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларын дамытуда нейрожаттығуларды қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Нейродидактика қағидаларына сүйене отырып, оқу үдерісіне кіріктірілген нейрожаттығулардың кешенді ықпалы сипатталады. Нейрожаттығулардың сенсомоторлық, когнитивтік және эмоциялық-еріктік процестерді бір мезгілде белсендіру арқылы оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілетін, ойлау икемділігін дамытуға әсері ғылыми тұрғыдан негізделеді. Мақалада бастауыш сынып оқушыларына арналған нейрожаттығулар жүйесі ұсынылып, олардың сабақ құрылымына тиімді кіріктірілу жолдары көрсетілген. Ұсынылған әдістеме оқу әрекетін белсендіруге және білімді меңгеру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: нейрожаттығулар, нейродидактика, танымдық дағдылар, бастауыш сынып, зейін, есте сақтау, когнитивтік даму

Аннотация

В статье рассматриваются методические основы применения нейроупражнений для развития познавательных навыков учащихся начальной школы. На основе принципов нейродидактики раскрывается комплексное влияние нейроупражнений, интегрированных в учебный процесс. Обосновано, что нейроупражнения способствуют одновременной активации сенсомоторных, когнитивных и эмоционально-волевых процессов, что положительно влияет на развитие внимания, памяти и гибкости мышления учащихся. В статье представлена система нейроупражнений для младших школьников и показаны пути их эффективного включения в структуру урока. Предложенная методика способствует активизации учебной деятельности и повышению качества усвоения знаний.

Ключевые слова: нейроупражнения, нейродидактика, познавательные навыки, начальная школа, внимание, память, когнитивное развитие

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыруды, білім алушылардың тек пәндік білімін ғана емес, олардың танымдық қабілеттерін кешенді дамытуды талап етеді. Әсіресе бастауыш білім беру кезеңі тұлғаның интеллектуалдық және психикалық дамуының негізі қаланатын маңызды кезең болып табылады. Бұл жаста оқушылардың зейіні, есте сақтау қабілеті, ойлауы, қабылдауы мен қиялы қарқынды дамып, оқу әрекетінің құрылымы қалыптасады. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларын дамыту мәселесі қазіргі педагогика ғылымындағы өзекті бағыттардың бірі болып саналады.

Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни және шығармашылық ойлауын дамытуға ерекше мән беріледі. Бұл талаптар оқыту әдістерін оқушының психофизиологиялық ерекшеліктеріне сәйкестендіру қажеттігін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, соңғы жылдары білім беру жүйесінде нейрофылым жетістіктеріне негізделген бағыттар кеңінен қолданыс табуда. Соның ішінде нейробілім беру мен нейродидактика оқыту үдерісін адамның ми қызметінің заңдылықтарына сүйене отырып ұйымдастыруды көздейтін заманауи ғылыми бағыт ретінде қарастырылады.

Нейродидактиканың теориялық негіздері Л.С. Выготскийдің [1] жоғары психикалық функциялардың әлеуметтік ортада қалыптасуы туралы тұжырымдарымен және А.Р. Лурияның [2] ми қызметінің функционалдық жүйелері туралы ілімімен тығыз байланысты. Бұл ғылыми көзқарастар танымдық процестердің күрделі, өзара байланысқан жүйе екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, Ж. Пиаже еңбектерінде баланың танымдық дамуы әрекет арқылы жүзеге асатыны көрсетілсе [3], А. Даймонд зерттеулерінде қозғалыс белсенділігі мен атқарушы функциялардың өзара байланысы негізделген [4,5].

Заманауи шетелдік зерттеулерде (Э. Дженсен [6], Т. Токухама-Эспиноса [7], М. Хардиман [8] және т.б.) оқыту үдерісін ми қызметінің ерекшеліктеріне сәйкестендіру білім сапасын арттырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады. Аталған еңбектерде эмоция, қозғалыс, қайталау және белсенді әрекет оқу тиімділігін арттыратын негізгі факторлар ретінде айқындалған.

Осы ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып, нейродидактиканың практикалық құралдарының бірі ретінде нейрожаттығулар ерекше мәнге ие. Нейрожаттығулар – мидың қызметін белсендіруге, нейрондық байланыстарды күшейтуге және танымдық процестерді дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған жаттығулар жүйесі. Олардың ерекшелігі – сенсомоторлық, когнитивтік және эмоциялық компоненттердің бірлігінде жүзеге асуында.

Ғылыми әдебиеттерде нейрожаттығулардың оқушылардың зейінін шоғырландыруға, есте сақтау қабілетін жақсартуға, ойлау икемділігін дамытуға және оқу мотивациясын арттыруға ықпал ететіні көрсетілген. Дегенмен, жүргізілген зерттеулерді талдау нейрожаттығуларды бастауыш білім беру үдерісінде жүйелі қолданудың әдістемелік негіздері жеткілікті деңгейде қарастырылмағанын көрсетеді.

Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларын дамытуда нейрожаттығуларды тиімді қолданудың әдістемелік жолдарын айқындау ғылыми және практикалық тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады.

Нейрожаттығулардың тиімділігі олардың кешенді ықпал ету сипатымен түсіндіріледі. Аталған жаттығулар оқыту үдерісінде бір мезгілде бірнеше функционалдық жүйені белсендіреді: сенсомоторлық жүйе арқылы қозғалыс пен қабылдау үйлесімі қамтамасыз етіледі, когнитивтік процестер (зейін, есте сақтау, ойлау) іске қосылады, сондай-ақ эмоциялық және еріктік реттелу механизмдері жандандырылады. Осындай кешенді әсер нәтижесінде оқушылардың танымдық белсенділігі артып, оқу материалын меңгеру сапасы жоғарылайды.

Нейрожаттығуларды оқу үдерісіне кіріктіру олардың педагогикалық тиімділігін күшейтеді. Олар сабақтың әр кезеңінде мақсатқа сәйкес қолданылуы мүмкін: сабақтың кіріспе бөлімінде оқушылардың зейінін шоғырландыруға бағытталса, жаңа оқу материалын меңгеру кезеңінде ақпаратты қабылдауды жеңілдетеді, ал бекіту барысында есте сақтау мен қайта жаңғырту үдерістерін күшейтеді. Мұндай құрылымдалған қолдану нейрожаттығуларды тек сергіту элементі ретінде емес, оқу әрекетінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Нейрожаттығуларды ұйымдастыру барысында бірқатар әдістемелік қағидаларды сақтау қажет. Біріншіден, жаттығулар қысқа әрі жүйелі түрде (2–5 минут аралығында) орындалуы тиіс, бұл оқушылардың шаршауын болдырмай, тұрақты әсер береді. Екіншіден, қозғалыс пен ойлау әрекеттерінің үйлесімділігі қамтамасыз етілуі маңызды, себебі дәл осы интеграция танымдық процестердің белсендірілуіне ықпал етеді. Үшіншіден, жаттығуларды қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп ұйымдастыру оқушылардың когнитивтік жүктемесін реттеуге мүмкіндік береді. Төртіншіден, бастауыш сынып оқушыларының жас және психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеру нейрожаттығулардың тиімділігін арттыратын негізгі шарттардың бірі болып табылады.

Жоғарыда қарастырылған теориялық қағидаларға сүйене отырып, нейрожаттығулардың тиімділігі олардың кешенді ықпал ету сипатымен анықталатынын атап өткен жөн. Бұл жаттығулар оқу үдерісінде сенсомоторлық жүйені, когнитивтік процестерді және эмоциялық-еріктік реттелуді бір мезгілде іске қосу арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін

арттырады. Мұндай кешенді әсер оқу материалын қабылдау, өңдеу және есте сақтау үдерістерінің тиімділігін қамтамасыз етеді.

Нейрожаттығуларды сабақ құрылымына мақсатты түрде кіріктіру олардың педагогикалық мүмкіндіктерін кеңейтеді. Атап айтқанда, оларды сабақтың кіріспе кезеңінде зейінді шоғырландыру үшін, жаңа материалды меңгеру барысында қабылдауды жеңілдету үшін, ал бекіту кезеңінде есте сақтауды күшейту үшін қолдануға болады. Осылайша, нейрожаттығулар оқу әрекетінің әр кезеңінде функционалдық рөл атқарып, оқыту үдерісінің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар нейрожаттығуларды ұйымдастыруда олардың қысқа әрі жүйелі орындалуы (2–5 минут), қозғалыс пен ойлаудың үйлесімділігі, тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге қарай біртіндеп берілуі және оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру сияқты әдістемелік қағидаларды сақтау маңызды болып табылады.

Осы аталған қағидаларды басшылыққа ала отырып, бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларын дамытуға бағытталған нейрожаттығулар жүйесі әзірленді. Ұсынылып отырған жүйе оқу үдерісінде қолдануға ыңғайлы және оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілетін, ойлау икемділігін кешенді дамытуға бағытталған.Нейрожаттығулар жүйесі (әдістемелік үлгі) төмендегі кестеде ұсынылған.

Кесте 1 – Бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларын дамытуға арналған нейрожаттығулар

№	Жаттығу атауы	Мақсаты	Орындалу сипаттамасы	Дамытылатын дағдылар
1	Айна әдісі	Көру-қимыл координациясын дамыту	Мұғалім қимыл көрсетеді, оқушылар дәл қайталайды	Зейін, координация
2	Оң–сол бағдар	Кеңістіктік бағдарлау	Нұсқауларды жылдам орындау	Кеңістіктік ойлау
3	Екі қолмен сурет салу	Ми үйлесімділігі	Екі қолмен бір уақытта сурет салу	Когнитивтік икемділік
4	Қарама-қарсы қимыл	Ойлау икемділігі	Әртүрлі қимылды қатар орындау	Ойлау, үйлесім
5	Қайтала және жалғастыр	Жұмыс жадысы	Сөздер тізбегін жалғастыру	Есте сақтау
6	Сигнал бойынша әрекет	Зейін	Сигналға сәйкес әрекет жасау	Зейін, реакция
7	Ритмді қайтала	Есту жадысы	Ритмді қайталау	Қабылдау, жады
8	Қимыл + сөз	Сөйлеу мен қозғалыс	Қимылмен қатар сөйлеу	Сөйлеу, моторика
9	Керісінше әрекет	Когнитивтік икемділік	Кері әрекет орындау	Ойлау, бақылау
10	Артық сөзді тап	Логикалық ойлау	Артық элементті анықтау	Талдау, жалпылау

Нейрожаттығуларды тиімді қолдану үшін оларды сабақ құрылымына дұрыс енгізу маңызды. Мысалы:

Сабақ басында: «Айна», «Сигнал бойынша әрекет» жаттығулары зейінді шоғырландырады.

Жаңа тақырып алдында: «Екі қолмен сурет салу» жаттығулары ми белсенділігін арттырады.

Бекіту кезеңінде: «Қайтала және жалғастыр», «Артық сөзді тап» жаттығулары есте сақтау мен ойлауды дамытады.

Сергіту сәтінде: «Ритмді қайтала», «Қимыл + сөз» жаттығулары шаршауды азайтады.

Бұл тәсіл оқушылардың оқу әрекетіне белсенді қатысуын қамтамасыз етеді. Ұсынылған нейрожаттығулар жүйесі бастауыш сынып оқушыларының танымдық дағдыларын кешенді дамытуға бағытталған бірнеше өзара байланысты мазмұндық блоктардан тұрады. Бұл блоктар оқушылардың психофизиологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып құрылып, сенсомоторлық, когнитивтік және реттеуші функцияларды біртұтас жүйе ретінде дамытуға мүмкіндік береді.

Бірінші блок – *сенсомоторлық нейрожаттығулар.* Бұл бағыттағы жаттығулардың негізгі мақсаты – сезімдік қабылдау мен қимыл әрекетінің үйлесімділігін қамтамасыз ету. Бастауыш сынып оқушылары үшін көру, есту және қозғалыс әрекеттерінің өзара байланысы ерекше маңызды, себебі осы кезеңде олардың кеңістіктік бағдарлау, қол-көз координациясы және қозғалысты басқару дағдылары қалыптасады. Сенсомоторлық жаттығулар барысында оқушылар белгілі бір сигналды қабылдап, оған сәйкес қимыл орындайды немесе қимылды үлгі бойынша қайталайды. Мұндай әрекеттер мидағы сенсорлық және моторлық жүйелердің өзара байланысын күшейтіп, ақпаратты қабылдау мен оны өңдеу үдерістерін жеделдетеді.

Екінші блок – *ми жарты шарларының үйлесімділігін дамытуға бағытталған жаттығулар.* Бұл жаттығулар екі қолмен бір мезгілде әрекет ету, қарама-қарсы қимылдарды орындау сияқты тапсырмалар арқылы жүзеге асады. Олардың мәні – мидың оң және сол жарты шарлары арасындағы функционалдық байланысты белсендіру. Ғылыми тұрғыдан алғанда, мұндай жаттығулар нейрондық байланыстардың нығаюына ықпал етіп, когнитивтік икемділікті арттырады. Нәтижесінде оқушылар ақпаратты тез өңдеп, әртүрлі тапсырмалар арасында еркін ауыса алады.

Үшінші блок – *зейін мен жұмыс жадысын дамытуға арналған жаттығулар.* Бұл жаттығулар оқушылардың ақпаратты қысқа уақыт ішінде қабылдау, сақтау және қайта жаңғырту қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Мысалы, сөздер тізбегін қайталау, сигнал бойынша әрекет ету сияқты тапсырмалар жұмыс жадысының белсенділігін арттырып, зейінді шоғырландыруға көмектеседі. Бастауыш сынып оқушылары үшін зейіннің тұрақсыздығы тән болғандықтан, мұндай жаттығулар оқу әрекетінің тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Можно сколько угодно критиковать современную эпоху за ее избыточность, материализм или засилье визуальных брендов, однако отрицать эту реальность невозможно. Более того, именно интеграция этой живой действительности в академическую живопись сегодня становится, пожалуй, единственным эффективным способом пробудить подлинный интерес у младшего поколения. Через узнавание бытовых деталей и современных кодов подросток находит свой уникальный путь к пониманию национальной идентичности. Важно осознать: национальный образ в искусстве не является застывшей, монолитной формой, отлитой в бронзе десятилетия назад. Он постоянно реконструируется через синтез традиционных архетипов и актуальных знаков современности. На выставке «Бүгін» мы видим, как происходит эта трансформация: национальное не спорит с современным. В этом контексте сопричастность, имеет глубокий педагогический и культурный эффект. В пространстве музея ребенок видит «себя» и свой привычный мир, что приводит к двум важным открытиям. Искусство представляется живому восприятию зеркалом, отражающим личные ценности и уникальное «сегодня» подростка, полностью вытесняя представление о нем как о пыльном памятнике ушедшим векам. Вместе с тем национальная культура осознается актуальной средой, в которой человек существует прямо сейчас, лишаясь налета архаичности. Трансформация национального образа в современном искусстве Казахстана представляет собой сложный процесс синтеза традиции и новаторства. Как отмечает Г. М. Шалабаева, эстетическое сознание современного художника неизбежно эволюционирует, интегрируя глобальные тренды, но при этом сохраняя глубинные ментальные архетипы. [6]. Подобно тому, как Абылхан Кастеев создавал визуальный код своего времени, современные художники объединения AlmaLine формируют актуальный облик Казахстана XXI века. Выставка снимает

барьер между музейным каноном и повседневной реальностью, превращая подростка в соучастника культурного процесса. Национальная идентичность становится личным чувством, а «сегодня» превращается в историю прямо на наших глазах и дает молодому поколению право узнавать в искусстве самих себя.

Список использованной литературы

1. Арнхейм, Р. Искусство и визуальное восприятие / Р. Арнхейм ; пер. с англ. Г. Б. Новинской ; под общ. ред. В. П. Шестакова. — Москва: Архитектура-С, 2012. — 392 с.
2. Бодрийяр, Ж. Система вещей / Ж. Бодрийяр ; пер. с фр. С. Н. Зенкина. — Москва: Рудомино, 2001. — 220 с.
3. Элкинс, Дж. Исследование визуальной природы: учебное пособие / Дж. Элкинс ; пер. с англ. — Вильнюс : ЕГУ, 2010. — 552 с.
4. Каулен, М. Е. Экспозиция и зритель: особенности восприятия / М. Е. Каулен // Музейное дело и охрана памятников: обзорная информация. — Москва: РГБ, 2017. — Вып. 2. — С. 1–48.
5. Юхневич, М. Ю. Я поведу тебя в музей: учебное пособие по музейной педагогике / М. Ю. Юхневич ; М-во культуры РФ, Рос. ин-т культурологии. — Москва: РИК, 2001. — 224 с.
6. Шалабаева Г. К. Постижение культуры: мировоззренческие парадигмы и исторические реалии Казахстана. – Алматы: Акыл кітабы, 2001. – 420 с. – С.15

МРНТИ 14.35.07
УДК 378.147:7.01:004

ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЦИФРЛЫҚ АРТ-ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ

Кожагулов Айдын Токтасынович
a.kozhagulov@abaiuniversity.edu.kz
Абай атындағы ҚазҰПУ, Көркем білім кафедрасының аға оқытушысы, PhD
Алматы, Қазақстан

Андатпа

Қазіргі қоғамдағы цифрландыру үдерісі жоғары білім беру жүйесіне жаңа талаптар қойып, болашақ мамандардың шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруды өзекті мәселеге айналдырды. Әсіресе өнер, дизайн және педагогикалық бағыттарда цифрлық арт-технологияларды қолдану білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуда маңызды орын алады. Мақалада жоғары оқу орындарында цифрлық арт-технологияларды қолдану арқылы студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және педагогикалық негіздері қарастырылады. Шығармашылық құзыреттілік ұғымының мәні ашылып, цифрлық өнер құралдарының көркемдік ойлау, визуалды мәдениет және кәсіби дағдыларды дамытудағы мүмкіндіктері талданады.

Цифрлық арт-технологияларды оқу үдерісіне енгізу студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың дербес жұмыс жасау, авторлық идеяларды жүзеге асыру қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні айқындалады. Зерттеу нәтижелері цифрлық арт-технологияларды жоғары білім беру жүйесінде жүйелі қолданудың маңыздылығын дәлелдейді.

Түйін сөздер: цифрлық арт-технологиялар, шығармашылық құзыреттілік, жоғары білім, цифрландыру, өнер педагогикасы, креативтілік

Аннотация

В условиях цифровизации современного общества система высшего образования ориентируется на подготовку специалистов, обладающих высоким уровнем творческой компетентности и способных эффективно применять цифровые технологии в профессиональной деятельности. Особое значение в этом процессе приобретают цифровые арт-технологии, которые активно внедряются в образовательный процесс художественно-педагогических и дизайнерских направлений. В статье рассматривается роль цифровых арт-технологий в формировании творческой компетентности студентов высших учебных заведений.

Раскрываются теоретические основы понятия «творческая компетентность», анализируются педагогические возможности цифрового искусства, мультимедийных и интерактивных технологий в развитии художественного мышления, визуальной культуры и креативных способностей обучающихся. Отмечается, что использование цифровых арт-технологий способствует интеграции теоретических знаний и практических навыков, формированию профессионального мышления и развитию самостоятельной творческой деятельности студентов. Результаты исследования подтверждают целесообразность системного внедрения цифровых арт-технологий в образовательный процесс высшей школы как эффективного средства формирования творческой компетентности будущих специалистов.

Ключевые слова: цифровые арт-технологии, творческая компетентность, высшее образование, цифровизация, художественное образование, креативность.

Abstract

In the context of digital transformation of modern society, higher education institutions are focused on training specialists with a high level of creative competence and the ability to effectively use digital technologies in professional activities. Digital art technologies play a special role in this process, especially in artistic, pedagogical and design education. This article examines the role of digital art technologies in the formation of creative competence of university students. The theoretical foundations of the concept of creative competence are revealed, and the pedagogical potential of digital art, multimedia and interactive technologies in the development of creative thinking, visual culture and artistic skills is analyzed. It is emphasized that the integration of digital art technologies into the educational process contributes to the combination of theoretical knowledge and practical skills, the development of independent creative activity and professional thinking of students. The research results confirm the effectiveness of systematic use of digital art technologies in higher education as a key factor in the development of creative competence of future specialists.

Keywords: digital art technologies, creative competence, higher education, digitalization, art education, creativity.

Қазіргі қоғамдағы жаһандану және цифрландыру үдерістерінің қарқынды дамуы жоғары білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жедел дамуы, білім беру кеңістігінің интернационалдануы және цифрлық мәдениеттің қалыптасуы білім алушыларға қойылатын талаптардың сипатын өзгертіп отыр. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының басты міндеті - тек кәсіби білім берумен шектелмей, болашақ мамандардың шығармашылық ойлауын, инновациялық қабілеттерін және цифрлық ортада еркін әрекет ету дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Осы тұрғыдан алғанда, білім беру жүйесінде құзыреттілікке негізделген тәсілдің орны ерекше. Бұл тәсіл білім алушылардың тек теориялық білімді меңгеруін ғана емес, оны практикалық қызметте тиімді қолдана алуын, жаңа жағдайларға бейімделуін және шығармашылық тұрғыдан шешім қабылдау қабілетін дамытуды көздейді. Қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие маман - креативті, икемді, цифрлық технологияларды меңгерген және кәсіби мәселелерді жаңаша шешуге қабілетті тұлға. Сондықтан шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру жоғары білім беру жүйесінің стратегиялық бағыттарының бірі ретінде айқындалады.

Әсіресе өнер, дизайн және көркем-педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларында бұл мәселе ерекше маңызға ие. Өнер саласындағы кәсіби даярлықтың өзіндік ерекшелігі - оның шығармашылық сипатында. Мұнда білім беру үдерісі тек білім берумен ғана шектелмей, тұлғаның көркемдік ойлауын, эстетикалық талғамын, эмоциялық интеллектін және авторлық ұстанымын қалыптастыруды көздейді. Осы тұрғыдан алғанда, заманауи білім беру ортасы студенттердің шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік беретін жаңа құралдар мен технологияларды талап етеді.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы өнер саласына да елеулі ықпал етті. Цифрлық мәдениеттің қалыптасуы нәтижесінде көркем шығармашылықтың жаңа формалары мен бағыттары пайда болып, дәстүрлі өнер мен заманауи технологиялардың синтезі жүзеге асуда. Бұл үдеріс білім беру жүйесіне де әсер етіп, цифрлық арт-технологияларды оқу үдерісіне енгізу қажеттілігін туындатты.

Цифрлық арт-технологиялар көркем бейнелерді, композицияларды және визуалды өнімдерді цифрлық құралдар арқылы жасауға мүмкіндік беретін технологиялар жиынтығын қамтиды. Оларға цифрлық иллюстрация, графикалық дизайн, мультимедиалық және интерактивті құралдар, үшөлшемді модельдеу, анимация, виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары, сондай-ақ жасанды интеллект элементтерін қолданатын шығармашылық платформалар жатады. Бұл құралдар білім алушыларға дәстүрлі көркемдік әдістерді жаңа форматта игеруге, шығармашылық идеяларды жедел жүзеге асыруға және эксперимент жасауға кең мүмкіндік береді.

Цифрлық арт-технологиялардың тағы бір маңызды ерекшелігі - олардың пәнаралық сипаты. Олар өнер, информатика, дизайн, медиа және коммуникация салаларын біріктіре отырып, білім алушылардың кешенді ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, цифрлық ортада жұмыс істеу визуалды сауаттылықты арттырып, ақпаратты көрнекі түрде ұсыну дағдыларын қалыптастырады, бұл қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында аса маңызды құзыреттердің бірі болып табылады.

Педагогикалық ғылымда «шығармашылық құзыреттілік» ұғымы тұлғаның шығармашылық міндеттерді шешу қабілетін, жаңа идеялар ұсынуын, стандартты емес ойлауын және кәсіби әрекетте инновациялық тәсілдерді қолдануын сипаттайтын интегративті сапа ретінде анықталады. Бұл құзыреттілік когнитивтік, мотивациялық, операциялық және тұлғалық компоненттердің бірлігін қамтиды. Жоғары білім беру жүйесінде шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру студенттердің тек кәсіби дайындығын ғана емес, олардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады.

Цифрлық арт-технологияларды білім беру үдерісіне енгізу теория мен практиканың өзара байланысын күшейтіп, студенттердің дербес шығармашылық әрекетін ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар жобалық оқыту, тәжірибеге бағытталған оқыту, зерттеушілік әдістер және пәнаралық интеграция сияқты заманауи педагогикалық тәсілдерді тиімді жүзеге асыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, цифрлық құралдарды қолдану студенттердің шығармашылық белсенділігін арттырып, олардың авторлық идеяларын визуалды түрде жүзеге асыруына, кәсіби портфолио қалыптастыруына және өзіндік стиль табуына ықпал етеді.

Сонымен бірге, жоғары оқу орындарында цифрлық арт-технологияларды қолдану тәжірибесі кеңейіп келе жатқанына қарамастан, олардың студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыруға ықпалы жеткілікті деңгейде кешенді зерттелмеген. Қолданыстағы ғылыми еңбектерде көбінесе цифрлық технологиялардың техникалық немесе әдістемелік аспектілері қарастырылып, олардың тұлғаның шығармашылық дамуына әсері жан-жақты талданбай келеді. Осыған байланысты цифрлық арт-технологиялардың педагогикалық әлеуетін жүйелі түрде зерттеу қажеттілігі туындайды.

Осы мәселелерді ескере отырып, цифрлық арт-технологиялардың жоғары білім беру жүйесіндегі рөлін ғылыми тұрғыдан негіздеу, олардың студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктерін айқындау өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

Зерттеудің мақсаты - жоғары оқу орындарында цифрлық арт-технологияларды қолдану арқылы студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және педагогикалық негіздерін айқындау.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеуде келесі міндеттер қойылады:

- шығармашылық құзыреттілік ұғымының мәні мен құрылымын талдау;
- цифрлық арт-технологиялардың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау;
- олардың көркемдік ойлау мен кәсіби дағдыларды дамытудағы рөлін негіздеу;
- жоғары білім беру үдерісінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану жолдарын ұсыну.

Жоғары білім беру жүйесінде шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі педагогика, психология және өнертану ғылымдарының тоғысында қарастырылатын кешенді ғылыми бағыттардың бірі болып табылады. Бұл ұғым қазіргі білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты ерекше өзектілікке ие болып отыр. Құзыреттілікке негізделген білім беру моделінде шығармашылық құзыреттілік тұлғаның кәсіби және тұлғалық дамуының маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Ғылыми әдебиеттерде «шығармашылық құзыреттілік» ұғымына әртүрлі анықтамалар берілгенімен, олардың барлығы дерлік оның интегративті сипатын атап көрсетеді. Зерттеушілер шығармашылық құзыреттілікті жаңа идеяларды тудыру, оларды практикада жүзеге асыру, стандартты емес шешімдер қабылдау және кәсіби қызметте инновациялық тәсілдерді қолдану қабілеті ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, бұл құзыреттілік тек

когнитивтік қабілеттермен ғана шектелмей, тұлғаның мотивациялық, эмоционалдық және рефлексивтік компоненттерін де қамтиды.

Педагогикалық зерттеулерде шығармашылықтың дамуы білім беру ортасының ерекшеліктерімен тығыз байланысты екендігі дәлелденген. Атап айтқанда, студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту үшін ашық, икемді, тәжірибеге бағытталған және ынталандырушы білім беру ортасын қалыптастыру қажеттілігі көрсетіледі. Мұндай ортада білім алушылар дербес шешім қабылдауға, эксперимент жасауға және өз идеяларын еркін жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

Өнер педагогикасы саласындағы ғылыми еңбектерде шығармашылық үдеріс тұлғаның өзін-өзі танытуының негізгі формасы ретінде қарастырылады. Бұл бағыттағы зерттеулерде көркемдік ойлау, визуалды қабылдау және эстетикалық сезімталдық шығармашылық құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктері ретінде анықталады. Сонымен қатар, өнер арқылы оқыту тұлғаның эмоциялық интеллектісін дамытуға, мәдени құндылықтарды меңгеруіне және рухани дамуына ықпал ететіні атап өтіледі.

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың дамуына байланысты шығармашылықты зерттеу бағыттары да жаңа мазмұнмен толықты. Цифрлық білім беру ортасы студенттердің шығармашылық белсенділігін арттыруға, олардың визуалды және медиалық сауаттылығын дамытуға ықпал ететін маңызды фактор ретінде қарастырылады. Осы контексте цифрлық арт-технологиялар ерекше назар аудартады.

Цифрлық арт-технологиялар шығармашылық қызметтің жаңа формаларын қалыптастырып, көркемдік тәжірибені кеңейтеді. Ғылыми зерттеулерде олардың студенттердің визуалды ойлауын дамытуға, күрделі идеяларды модельдеуге, сондай-ақ шығармашылық эксперимент жүргізуге мүмкіндік беретін тиімді құрал екендігі көрсетілген. Мысалы, графикалық редакторлар мен цифрлық иллюстрация құралдары дәстүрлі сурет салу дағдыларын жетілдірсе, үшөлшемді модельдеу мен анимация кеңістіктік ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Сонымен қатар, цифрлық арт-технологиялар пәнаралық байланысты жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Олар өнер, дизайн, ақпараттық технологиялар және медиа салаларын біріктіре отырып, білім алушылардың кешенді ойлау қабілетін қалыптастырады. Бұл қазіргі білім беру талаптарына толық сәйкес келеді, себебі заманауи маман әртүрлі салалар тоғысында жұмыс істеуге қабілетті болуы тиіс.

Дегенмен, ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, цифрлық арт-технологиялардың шығармашылық құзыреттілікті қалыптастырудағы мүмкіндіктері толық зерттелмеген. Көптеген еңбектерде олардың техникалық мүмкіндіктері немесе қолдану әдістемесі қарастырылғанымен, студенттердің шығармашылық дамуына кешенді әсері жеткілікті деңгейде ашылмаған. Бұл жағдай аталған мәселені әрі қарай терең зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Осылайша, әдебиеттерге жүргізілген талдау шығармашылық құзыреттілік пен цифрлық арт-технологиялардың өзара байланысы қазіргі педагогикалық ғылымдағы маңызды және болашағы зор бағыттардың бірі екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, бұл бағытта теориялық негіздерді нақтылау мен практикалық ұсыныстар әзірлеу қажеттілігі сақталып отыр.

Зерттеу жұмысы жоғары білім беру жүйесінде цифрлық арт-технологиялар арқылы студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін кешенді түрде қарастыруға бағытталған. Осыған байланысты зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістердің өзара үйлесімді жиынтығы қолданылды.

Зерттеудің теориялық әдістері ретінде педагогикалық, психологиялық және өнертанушылық әдебиеттерге талдау жасау, салыстыру, жүйелеу және жалпылау әдістері пайдаланылды. Бұл әдістер шығармашылық құзыреттілік ұғымының мәнін, құрылымын және оның қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, цифрлық арт-технологиялардың білім беру үдерісіндегі рөлі мен педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау мақсатында заманауи ғылыми еңбектерге контент-талдау жүргізілді.

Эмпирикалық зерттеу әдістері ретінде педагогикалық бақылау, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс элементтері, студенттердің шығармашылық жұмыстарын талдау және

рефлексиялық бағалау тәсілдері қолданылды. Педагогикалық бақылау барысында цифрлық арт-технологияларды қолдану үдерісіндегі студенттердің белсенділігі, шығармашылық тапсырмаларды орындау ерекшеліктері және дербес жұмыс жасау деңгейі зерделенді.

Зерттеу базасы ретінде жоғары оқу орнының өнер және педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары аясында білім алатын студенттер тобы алынды. Оқу үдерісінде цифрлық арт-технологияларды (графикалық редакторлар, цифрлық иллюстрация, 3D модельдеу, анимация элементтері) қолдану арқылы шығармашылық тапсырмалар жүйесі енгізілді. Бұл тапсырмалар студенттердің көркемдік ойлауын дамытуға, авторлық идеяларын жүзеге асыруға және кәсіби дағдыларын жетілдіруге бағытталды.

Эксперименттік жұмыс барысында студенттердің шығармашылық құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін келесі көрсеткіштер негізге алынды:

- шығармашылық ойлау деңгейі;
- идеяларды генерациялау қабілеті;
- визуалды шешімдердің бірегейлігі;
- цифрлық құралдарды қолдану дағдылары;
- дербес және жобалық жұмыс нәтижелері.

Зерттеу нәтижелерін өңдеу және талдау барысында сапалық талдау әдістері қолданылды. Студенттердің шығармашылық жұмыстары мазмұндық, композициялық және техникалық тұрғыдан сараланып, олардың шығармашылық даму динамикасы анықталды. Сонымен қатар, білім алушылардың рефлексиялық пікірлері негізінде цифрлық арт-технологиялардың оқу үдерісіне әсері бағаланды.

Осы әдістер кешені зерттеу мақсатына жетуге, цифрлық арт-технологиялардың шығармашылық құзыреттілікті қалыптастырудағы тиімділігін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Шығармашылық құзыреттіліктің құрылымы мен мазмұны

Жоғары білім беру жүйесінде шығармашылық құзыреттілік болашақ маманның кәсіби даярлығының маңызды көрсеткіші ретінде қарастырылады. Ол тек жаңа идеялар ұсыну қабілетімен ғана шектелмей, сол идеяларды нақты кәсіби жағдайда тиімді жүзеге асыру, өзгермелі ортаға бейімделу және инновациялық шешімдер қабылдау мүмкіндігімен сипатталады.

Ғылыми-педагогикалық талдау негізінде шығармашылық құзыреттіліктің құрылымын келесі компоненттер арқылы сипаттауға болады:

- когнитивтік компонент - білім алушының теориялық білім қоры, көркемдік ойлау ерекшеліктері және ақпаратты талдау қабілеті;
- операциялық компонент - шығармашылық әрекетті жүзеге асыруға қажетті практикалық дағдылар мен технологияларды меңгеру деңгейі;
- мотивациялық компонент - шығармашылыққа деген қызығушылық, ішкі уәж және өзін-өзі дамытуға ұмтылыс;
- рефлексивтік компонент - өз әрекетін бағалау, талдау және жетілдіру қабілеті.

Осы компоненттердің үйлесімді дамуы студенттердің шығармашылық құзыреттілігінің қалыптасуына негіз болады. Бұл үдерісте білім беру ортасының мазмұны мен қолданылатын педагогикалық құралдардың маңызы ерекше.

Цифрлық арт-технологиялардың шығармашылық дамуға әсері

Цифрлық арт-технологиялар шығармашылық үдерісті жаңа сапалық деңгейге көтеретін заманауи құралдар жүйесі ретінде қарастырылады. Олар студенттердің көркемдік ойлауын кеңейтіп, шығармашылық әрекеттің жаңа формаларын игеруіне мүмкіндік береді.

Цифрлық технологияларды қолданудың негізгі артықшылықтары мыналар болып табылады:

- көркемдік эксперименттің кеңеюі - цифрлық ортада түрлі композициялық шешімдерді жылдам өзгерту және сынақтан өткізу мүмкіндігі;
- визуалды ойлаудың дамуы - күрделі идеяларды графикалық түрде бейнелеу және визуализациялау;

- жедел кері байланыс - орындалған жұмысты тез түзету және жетілдіру мүмкіндігі;
- шығармашылық еркіндік - дәстүрлі шектеулердің азаюы және авторлық стиль қалыптастыруға жағдай жасалуы. Мысалы, цифрлық иллюстрация құралдары студенттердің түстік шешімдерді, композицияны және стилистиканы еркін меңгеруіне мүмкіндік берсе, 3D модельдеу кеңістіктік ойлауды дамытып, күрделі формаларды визуализациялауға жағдай жасайды. Ал анимация мен мультимедиа құралдары уақыт пен қозғалыс факторын енгізу арқылы шығармашылық ойлаудың динамикалық сипатын қалыптастырады.

Осылайша, цифрлық арт-технологиялар студенттердің шығармашылық әлеуетін ашуға және олардың кәсіби дағдыларын жаңа деңгейде дамытуға ықпал етеді.

Цифрлық арт-технологиялар арқылы шығармашылық құзыреттілікті қалыптастыру моделі



Сурет 1. Жоғары білім беру үдерісінде қолдану моделі.

Зерттеу барысында цифрлық арт-технологияларды қолдану негізінде студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудың шартты педагогикалық моделі ұсынылды. Бұл модель бірнеше өзара байланысты кезеңдерден тұрады:

1. Мотивациялық-когнитивтік кезең

Бұл кезеңде студенттердің цифрлық өнерге қызығушылығы қалыптастырылып, негізгі теориялық білімдер беріледі. Цифрлық құралдардың мүмкіндіктері таныстырылып, олардың кәсіби маңызы түсіндіріледі.

2. Іс-әрекеттік кезең

Студенттер цифрлық арт-технологияларды қолдана отырып, практикалық тапсырмаларды орындайды. Бұл кезеңде жобалық және шығармашылық тапсырмалар басымдыққа ие болады. Білім алушылар өз идеяларын жүзеге асырып, жеке стиль қалыптастыруға мүмкіндік алады.

3. Рефлексивтік-бағалау кезеңі

Бұл кезеңде студенттердің шығармашылық жұмыстары талданып, өзіндік бағалау мен өзара бағалау жүзеге асырылады. Рефлексия арқылы білім алушылар өз жетістіктері мен кемшіліктерін анықтап, келесі даму бағыттарын белгілейді.

Ұсынылған модель цифрлық арт-технологияларды оқу үдерісіне жүйелі енгізуге және студенттердің шығармашылық дамуын кезең-кезеңімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық шарттар

Цифрлық арт-технологиялар арқылы шығармашылық құзыреттілікті тиімді қалыптастыру үшін келесі педагогикалық шарттарды сақтау қажет:

- дәстүрлі және цифрлық оқыту әдістерінің үйлесімді интеграциясы;
- шығармашылыққа бағытталған тапсырмалар жүйесін құру;
- білім алушылардың дербес және жобалық жұмысын ұйымдастыру;
- заманауи цифрлық құралдармен қамтамасыз етілген білім беру ортасын қалыптастыру;
- оқытушының фасилитатор ретіндегі рөлін күшейту.

Бұл шарттар орындалған жағдайда цифрлық арт-технологиялар білім беру үдерісінің тиімділігін арттырып, студенттердің шығармашылық құзыреттілігін сапалы деңгейде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жүргізілген талдау цифрлық арт-технологиялардың жоғары білім беру жүйесінде шығармашылық құзыреттілікті қалыптастырудағы маңызды құрал екенін көрсетеді. Олар студенттердің көркемдік ойлауын дамытуға, кәсіби дағдыларын жетілдіруге және шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал етеді.

Қорытынды

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде цифрландыру үдерістерінің күшеюі білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаңғыртуды талап етуде. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық арт-технологияларды оқу үдерісіне енгізу студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді құралдарының бірі екендігі зерттеу барысында айқындалды.

Жүргізілген теориялық талдау шығармашылық құзыреттіліктің күрделі, көпқұрылымды жүйе екенін және оның когнитивтік, мотивациялық, операциялық және рефлексивтік компоненттердің бірлігінде қалыптасатынын көрсетті. Бұл құзыреттілікті дамыту тек дәстүрлі оқыту әдістерімен шектелмей, заманауи цифрлық құралдарды мақсатты түрде қолдануды қажет етеді.

Зерттеу нәтижелері цифрлық арт-технологиялардың студенттердің шығармашылық дамуына оң әсер ететінін дәлелдеді. Атап айтқанда, цифрлық құралдарды қолдану білім алушылардың көркемдік ойлауын кеңейтіп, визуалды мәдениетін арттырып, шығармашылық белсенділігін күшейтеді. Сонымен қатар, олар студенттердің авторлық идеяларын жүзеге асыруына, дербес жұмыс жасауына және кәсіби дағдыларын жетілдіруіне мүмкіндік береді.

Ұсынылған педагогикалық модель цифрлық арт-технологияларды жоғары білім беру үдерісіне кезең-кезеңімен енгізу арқылы шығармашылық құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға болатынын көрсетті. Модельдің мотивациялық-когнитивтік, іс-әрекеттік және рефлексивтік кезеңдері білім алушылардың шығармашылық дамуын жүйелі түрде қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында цифрлық арт-технологияларды тиімді қолдану үшін белгілі бір педагогикалық шарттарды сақтау қажеттілігі анықталды. Олардың қатарында дәстүрлі және цифрлық әдістердің интеграциясы, шығармашылық тапсырмалар жүйесін құру, білім алушылардың дербес және жобалық әрекетін ұйымдастыру, сондай-ақ заманауи цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру маңызды орын алады.

Осыған байланысты жоғары оқу орындары үшін келесі практикалық ұсыныстарды ұсынуға болады:

- білім беру бағдарламаларына цифрлық арт-технологияларға бағытталған пәндер мен модульдерді енгізу;
- оқытушылардың цифрлық құзыреттілігін арттыру және оларды заманауи технологияларды қолдануға бейімдеу;
- студенттердің шығармашылық жобаларын қолдауға арналған цифрлық платформалар мен ресурстарды дамыту;
- пәнаралық жобалар арқылы цифрлық өнер мен басқа салалардың интеграциясын күшейту.

Қорытындылай келе, цифрлық арт-технологиялар жоғары білім беру жүйесінде студенттердің шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Оларды жүйелі және ғылыми негізде қолдану болашақ мамандардың кәсіби бәсекеге қабілеттілігін арттырып, олардың заманауи еңбек нарығы талаптарына сәйкес дамуына мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Альмухамбетов, Б.А. (2016). Формирование профессиональной компетенции будущего педагога как условие развития его конкурентоспособности. II Международный научно –

практический семинар «Профессиональные компетенции современного руководителя как фактор развития образовательной сферы». Минск.

2. Кожагулов, А.Т., Алимбекова, А.А., Жумашева, Т.С., Булшекбаева, А.И. (2024). Арт-технология арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамытудың әлеуеті. Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті хабаршысы. Педагогика ғылымдарының сериясы. – Том 74, №3, 2024 – Б.266-287. https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.0

3. Альмухамбетов, Б.А., Кожагулов, А.Т. (2019). Болашақ педагог мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мүмкіндіктері. Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті «Жас ғалым-2019» атты VII Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. 147-152 бб.

4. Kozhagulov, A., Kozhagulov, T., Dzhanaev, M., Adamkulov, N., B. Bekenova (2024). Art technology as a means of preparing competent teachers for pre-school activities. Education 3-13. International Journal of Primary, Elementary and Early Years Education. https://doi.org/10.1080/03004279.2024.2331578

5. Cojocariu, V.-M., & Boghian, I. (2024). A literature review on digital creativity in higher education—Toward a conceptual model. Education Sciences, 14(11), 1189. https://doi.org/10.3390/educsci14111189

6. González-Zamar, M.-D., & Abad-Segura, E. (2021). Digital design in artistic education: An overview of research in the university setting. Education Sciences, 11(4), 144. https://doi.org/10.3390/educsci11040144

7. Кожагулов, А.Т. (2020). Заманауи білім беру кеңістігіндегі арт-технологиялардың рөлі мен маңыздылығы. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Педагогика ғылымдары сериясы. – №4 (68), 2020. – Б.126-129. https://doi.org/10.51889/2020-4.1728-5496.20

8. Samper-Márquez, J.J., & Oropesa-Ruiz, N. F. (2025). *Digital creativity: Definition, approaches and current trends.* Education Sciences, 15(2). https://doi.org/10.3390/educsci15020202

9. Liu, Y., Wang, L., & Chen, X. (2022). Improving student creativity through digital technology products: A literature review. Thinking Skills and Creativity, 44, 101032. https://doi.org/10.1016/j.tsc.2022.101032

10. Aguilar, D., & Pifarré, M. (2019). Promoting social creativity in education with digital technology. Frontiers in Psychology, 10, 1586. https://doi.org/10.3389/fpsyg.2019.01586

11. Lee, M. R., & Chen, T. T. (2015). Digital creativity: Research themes and framework. Computers in Human Behavior, 42, 12–24. https://doi.org/10.1016/j.chb.2014.10.008

12. Guillén-Gámez, F. D., Mayorga-Fernández, M. J., & Contreras-Rosado, J. A. (2023). Digital competence and teacher training: Effects on creativity and innovation. Journal of Computers in Education, 10(2), 345–362. https://doi.org/10.1007/s40692-022-00237-5

13. Van Rensburg, C. J., et al. (2021). Developing digital creativity through authentic assessment. Assessment & Evaluation in Higher Education, 46 (7), 1102–1116. https://doi.org/10.1080/02602938.2020.1853851

14. Nieminen, J. H., et al. (2023). Designing the digital in authentic assessment: Enhancing creativity in higher education. Assessment & Evaluation in Higher Education. https://doi.org/10.1080/02602938.2023.2178483

15. Li, J. (2023). Digitalization of art education in the era of big data technology. Applied Mathematics and Nonlinear Sciences, 8(1), 1021–1030. https://doi.org/10.2478/amns.2023.2.0056

16. Henricksen, D., Mishra, P., & Fisser, P. (2016). Infusing creativity and technology in 21st century education: A systemic view. Educational Technology & Society, 19(3), 27–37. https://doi.org/10.2307/jeductechsoci.19.3.27

17. Romero, M., Usart, M., & Ott, M. (2015). Can serious games contribute to developing creativity in higher education? Computers & Education, 82, 55–63. https://doi.org/10.1016/j.compedu.2014.10.009

18. Craft, A. (2005). Creativity in schools: Tensions and dilemmas. Routledge. https://doi.org/10.4324/9780203357965

УДК 37.013:7

ФОРМИРОВАНИЕ ЦЕННОСТНО-СМЫСЛОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ СРЕДСТВАМИ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ

Курбанова Бахтихон Кучкарбаевна
baxtixon78@gmail.com
доктор педагогических наук, профессор, начальник отдела магистратуры Ферганского государственного университета, Фергана, Республика Узбекистан

Аннотация

В статье обосновывается педагогический потенциал национального искусства как ресурса формирования ценностно-смысловой компетентности будущих педагогов в условиях цифровой трансформации образования. Актуальность исследования обусловлена необходимостью усиления аксиологической направленности профессиональной подготовки педагогических кадров, а также современным запросом на содержательное включение культурного наследия в образовательный процесс. Цель статьи состоит в разработке структурно-функциональной модели формирования ценностно-смысловой компетентности будущих педагогов средствами национального искусства. В работе использованы методы теоретического анализа, сравнительного сопоставления международных рамочных документов и современных научных исследований, педагогического моделирования и содержательной интерпретации. В результате определены компоненты исследуемой компетентности, выявлены принципы её формирования, предложены этапы и педагогические условия интеграции национального искусства в подготовку будущих педагогов. Сделан вывод о том, что обращение к национальному искусству обеспечивает не только сохранение культурной памяти, но и развитие профессиональной рефлексии, межкультурной чувствительности, коммуникативной ответственности и готовности учителя к гуманистически ориентированной педагогической практике.

Ключевые слова: национальное искусство, национальные ценности, будущий педагог, ценностно-смысловая компетентность, культурное наследие, цифровая трансформация образования, педагогическая подготовка.

Annotation

The article substantiates the pedagogical potential of national art as a resource for developing the value-semantic competence of future teachers in the context of the digital transformation of education. The study is relevant due to the need to strengthen the axiological orientation of teacher education and to meaningfully integrate cultural heritage into educational practice. The purpose of the article is to design a structural and functional model for developing the value-semantic competence of future teachers through national art. The study employs theoretical analysis, comparative review of international framework documents and recent scholarly research, pedagogical modeling and interpretive analysis. As a result, the components of the target competence, the principles of its development, and the stages and pedagogical conditions for integrating national art into teacher education are identified. It is concluded that national art functions not only as a means of preserving cultural memory, but also as a driver of professional reflection, intercultural sensitivity, communicative responsibility and readiness for humanistically oriented teaching practice.

Keywords: national art, national values, future teacher, value-semantic competence, cultural heritage, digital transformation of education, teacher education.

Введение. Современная образовательная политика всё более отчётливо рассматривает культуру и искусство не как факультативное дополнение к учебному содержанию, а как

значимый фактор формирования личности, социальной солидарности и устойчивого развития. В принятой ЮНЕСКО рамочной основе по культуре и художественному образованию подчёркивается необходимость включения культуры и искусства в стратегии, учебные программы, подготовку педагогов и их профессиональное развитие; одновременно акцентируется значимость локальных знаний, цифровых технологий, партнёрств с культурными институциями и участия носителей живого наследия в образовательном процессе [1]. В этом контексте обращение к национальному искусству приобретает особую педагогическую ценность, поскольку именно оно связывает обучение с исторической памятью, языком символов, коллективным опытом и нравственными основаниями сообщества.

Не менее важно и то, что в современных гуманитарных исследованиях живое культурное наследие рассматривается как источник чувства идентичности и преемственности. ЮНЕСКО подчёркивает, что живое наследие способствует социальной сплочённости, уважению к культурному разнообразию и человеческому творчеству, а его передача через формальное и неформальное образование выступает важной мерой сохранения наследия [2]. Специальная программа ЮНЕСКО по интеграции нематериального культурного наследия в образование связывает эту работу с задачами качественного образования и, в частности, с целями устойчивого развития, включая развитие уважения к культурному разнообразию и глобальной гражданственности [3]. Следовательно, национальное искусство способно выполнять в педагогической подготовке не только иллюстративную, но и мировоззренческую, ценностно-ориентирующую функцию.

Анализ актуальных исследований показывает, что система подготовки педагогов пока не в полной мере использует возможности искусства как средства целостного профессионального становления. Так, международный анализ художественного образования в подготовке будущих педагогов дошкольного профиля выявил недостаточную удовлетворённость существующей подготовкой и обозначил приоритеты её обновления: усиление связи с культурной средой, расширение спектра художественных дисциплин, междисциплинарность и переосмысление роли искусства в структуре профессиональной подготовки [4]. Исследование, посвящённое реализации «signature pedagogies» художественного образования в онлайн-среде подготовки учителей начальной школы, показывает, что практико-ориентированная и творческая природа искусства может быть сохранена и в цифровом формате, если педагогический дизайн строится на аутентичном художественном опыте, рефлексии, взаимодействии и продуктивной деятельности [5]. В работах, анализирующих интеграцию искусства в школьную практику, также отмечается его влияние на учебную вовлечённость, межпрофессиональное сотрудничество, развитие творческого мышления и использование ИКТ как среды смыслопорождающей активности [6]. Кроме того, искусство выступает эффективным медиатором культурно отзывчивой и социально справедливой педагогики, поскольку побуждает учителя к переосмыслению собственной культурной позиции и к более ответственному проектированию образовательных ситуаций [7].

Изложенные положения позволяют констатировать наличие противоречия между высоким воспитательным и культуросозидающим потенциалом национального искусства и недостаточной разработанностью педагогических механизмов его системного использования в подготовке будущих педагогов. Именно это противоречие определяет научную задачу настоящей статьи.

Цель статьи — разработать структурно-функциональную модель формирования ценностно-смысловой компетентности будущих педагогов средствами национального искусства в условиях цифровой трансформации образования.

Материалы и методы. Методологическую основу исследования составили аксиологический, культурологический, компетентностный и деятельностный подходы. В качестве методов использованы анализ и синтез научной литературы, сравнительное изучение международных рамочных документов и современных исследований, контент-анализ практик интеграции искусства в образование, а также педагогическое моделирование. Логика

исследования строилась по линии «культурное наследие — личностное осмысление — педагогическое действие — профессиональная рефлексия». Такой ход позволил перейти от общего понимания национального искусства как культурного феномена к его рассмотрению как системного средства профессионального и ценностного становления будущего педагога.

Результаты и обсуждение. В рамках исследования ценностно-смысловая компетентность будущего педагога понимается как интегративное качество личности, выражающееся в способности осознавать и интерпретировать национально-культурные смыслы, соотносить их с гуманистическими целями образования, преобразовывать их в педагогически целесообразные формы деятельности и рефлексивно оценивать результаты собственной профессиональной практики. Такое понимание позволяет избежать узкого трактования национального искусства как объекта эстетического созерцания и рассматривать его как средство формирования профессиональной позиции учителя.

Структура данной компетентности включает четыре взаимосвязанных компонента. Первый компонент — мотивационно-ценностный. Он отражает личностное принятие национальных и общечеловеческих ценностей, интерес к культурному наследию, внутреннюю готовность воспринимать искусство как основание воспитательной работы. Второй компонент — когнитивно-интерпретационный. Он связан со знанием видов национального искусства, пониманием их символики, историко-культурного контекста, семантики образов, а также с умением интерпретировать художественные тексты, визуальные и музыкальные произведения в педагогическом аспекте. Третий компонент — деятельностно-проектировочный. Он предполагает умение превращать культурный материал в содержание урока, воспитательного мероприятия, учебного проекта, цифровой выставки, музейного маршрута, творческой лаборатории или междисциплинарного задания. Четвёртый компонент — рефлексивно-коммуникативный. Он проявляется в способности вести ценностный диалог, учитывать различие культурных опытов обучающихся, организовывать обсуждение, сотворчество и самоанализ.

Предлагаемая модель формирования ценностно-смысловой компетентности базируется на пяти принципах. Первый принцип — культурной аутентичности, предполагающий опору на реальные образцы национального искусства, локальные художественные традиции, живые практики ремесла, музыки, изобразительного и декоративно-прикладного искусства. Второй принцип — диалога поколений, обеспечивающий встречу академического обучения с опытом носителей культуры, мастеров, художников, музыкантов, работников музеев и творческих объединений. Третий принцип — междисциплинарной интеграции, позволяющий включать искусство в преподавание педагогики, методики обучения, истории, языка, литературы, цифровой педагогики и проектной деятельности. Четвёртый принцип — деятельностной интерпретации, при котором студент не только изучает художественный материал, но и преобразует его в собственный педагогический продукт. Пятый принцип — цифровой медиации, ориентирующий на использование виртуальных экскурсий, цифровых коллекций, мультимедийных сторителлингов, электронных портфолио и интерактивных карт культурного наследия.

Содержательно модель реализуется в три этапа. На ориентировочно-смысловом этапе формируется личностное отношение к национальному искусству как к носителю ценностей. Здесь целесообразны анализ художественных произведений, сравнительные беседы, проблемные вопросы, дискуссии о культурной памяти, просмотр и обсуждение цифровых коллекций музеев и архивов, составление смысловых карт образов и символов. На проектно-деятельностном этапе студенты конструируют собственные образовательные продукты: сценарии уроков, внеклассные мероприятия, мини-курсы, подкасты, видеолекции, виртуальные выставки, QR-маршруты по объектам культурного наследия, цифровые альбомы и методические кейсы. На рефлексивно-интегративном этапе происходит оценка не только конечного продукта, но и тех изменений, которые произошли в ценностной позиции студента, его коммуникативном поведении, готовности к культурно чувствительной педагогике и умению строить воспитательный диалог.

Особую значимость в современных условиях приобретает цифровое измерение работы с национальным искусством. Цифровая трансформация образования нередко понимается упрощённо — как перевод материалов в электронный формат. Между тем в контексте подготовки будущих педагогов речь должна идти о более глубоком изменении способов взаимодействия с культурным содержанием. Цифровые платформы позволяют расширить доступ к музейным фондам, архивам, фольклорным записям, образцам орнамента, ремесленным техникам и художественным комментариям. Однако педагогический эффект возникает лишь тогда, когда цифровой ресурс включён в смысловую деятельность студента: сопоставление, интерпретацию, отбор, проектирование, аргументацию и презентацию. Поэтому цифровая среда должна рассматриваться не как внешняя оболочка, а как пространство активной культурно-педагогической работы.

Практическая реализация модели требует соблюдения ряда педагогических условий. Во-первых, необходима интеграция национального искусства в обязательные и элективные дисциплины педагогической подготовки, а не его вынесение исключительно во внеучебную сферу. Во-вторых, требуется организация устойчивого партнёрства между вузом и культурными институциями: музеями, галереями, театрами, ремесленными центрами, творческими союзами, этнокультурными объединениями. В-третьих, значима проектная организация обучения, при которой студент выступает не пассивным потребителем информации, а разработчиком педагогического продукта. В-четвёртых, необходима рефлексивная поддержка, включающая самоотчёты, экспертную оценку, взаимную обратную связь, обсуждение этических и культурных рисков педагогической интерпретации искусства. Наконец, в-пятых, требуется создание цифровой инфраструктуры: банков визуальных и аудиоматериалов, электронных коллекций, шаблонов для педагогических проектов и критериев оценки культурно ориентированных образовательных продуктов.

Предлагаемая модель имеет ряд педагогических преимуществ. Она усиливает гуманитарное ядро профессиональной подготовки, соединяет личностное и профессиональное развитие будущего учителя, делает национальные ценности не декларативным лозунгом, а предметом осмысленного переживания и педагогического действия. Кроме того, она способствует развитию навыков интерпретации, проектирования, коммуникации, цифровой грамотности и межкультурной эмпатии. Важно и то, что национальное искусство в данной модели не замыкает студента в локальности, а, напротив, позволяет выстраивать продуктивный диалог между национальным и общечеловеческим, традицией и современностью, наследием и инновацией.

Вместе с тем следует учитывать и возможные риски. Первый риск связан с декоративным, поверхностным использованием художественного материала, когда национальное искусство сводится к внешним атрибутам без раскрытия его ценностно-смысловой глубины. Второй риск проявляется в фрагментарности, когда обращение к искусству не включено в целостную логику подготовки педагога. Третий риск касается цифровой среды: при отсутствии методической рефлексии она может стимулировать лишь быстрый просмотр контента, но не его глубокую интерпретацию. Следовательно, результативность модели напрямую зависит от научно обоснованного педагогического сопровождения.

Заключение. Проведённый анализ показал, что национальное искусство обладает значительным потенциалом для формирования ценностно-смысловой компетентности будущих педагогов. В условиях цифровой трансформации образования этот потенциал не уменьшается, а, напротив, расширяется за счёт новых форм доступа к культурному наследию, новых способов его интерпретации и проектирования педагогических практик. Научная новизна статьи заключается в уточнении содержания ценностно-смысловой компетентности будущего педагога в контексте национального искусства и в разработке структурно-функциональной модели её формирования, включающей компоненты, принципы, этапы и педагогические условия. Практическая значимость предложенного подхода состоит в возможности его использования при проектировании учебных дисциплин, воспитательных модулей, цифровых образовательных ресурсов и программ педагогической практики.

Перспективой дальнейших исследований является эмпирическая проверка эффективности предложенной модели в системе высшего педагогического образования.

Список использованных источников

1. UNESCO Framework for Culture and Arts Education. Paris: UNESCO, 2024.

2. Living Heritage and Education. Paris: UNESCO, 2019.

3. Safeguarding Intangible Cultural Heritage in Education. UNESCO Intangible Cultural Heritage Programme. URL: https://ich.unesco.org/en/education (дата обращения: 19.04.2026).

4. Oliver-Barcelo M., Ferrer-Ribot M., Jové G. Arts education in early childhood teacher training: An international analysis // Teaching and Teacher Education. 2024. Vol. 148. Art. 104703. DOI: 10.1016/j.tate.2024.104703.

5. Dinham J. Enacting the signature pedagogies of arts education in the online learning environment for primary teacher education // Asia-Pacific Journal of Teacher Education. 2024. Vol. 52. No. 4. P. 400–416. DOI: 10.1080/1359866X.2024.2378796.

6. Escala N., Herrera-Pavo M. A., Guitert M., Romeu T. Educational experiences integrating the arts into teaching practice in primary education in Ecuador // Thinking Skills and Creativity. 2024. Vol. 54. Art. 101671. DOI: 10.1016/j.tsc.2024.101671.

7. Cameron T., Ambrose Brown V., Katz-Buonincontro J. et al. “Mirrors and windows”: a case study of educators’ culturally responsive teaching aspirations and syllabi transformation in the arts // Teaching and Teacher Education. 2024. Vol. 148. Art. 104714. DOI: 10.1016/j.tate.2024.104714.

UDC 378.147:811.111:004.946

METHODOLOGY FOR DEVELOPING A STRATEGIC SYSTEM FOR TEACHING ENGLISH TO STUDENTS THROUGH VIRTUAL REALITY IN THE CONTEXT OF NATIONAL VALUES AND CULTURAL HERITAGE

Alimova Maftuna Ravshanbek qizi
dilbarjonova@gmail.com
PhD in Philology, Associate Professor, Andijan State Institute of Foreign Languages, Uzbekistan
Address: Andijan Region, Andijan city, Dukchi Eshon 24/10; Tel.: +998 88 188 00 60

Abstract

The article substantiates a methodology for developing a strategic system for teaching English to university students through virtual reality (VR). The relevance of the study is determined by the need to combine digital transformation with the humanistic mission of higher education: the development of foreign-language communicative competence, academic autonomy, intercultural awareness, and the ability to present national cultural heritage in English. The methodological basis of the research includes communicative, task-based, competence-based, intercultural, and environment-oriented approaches. The proposed system is presented as an integrated model consisting of target, content, technological, communicative, motivational, and reflective-assessment components. A four-stage implementation algorithm is described: pre-immersion preparation, immersive communicative action, project-based cultural production, and reflective assessment. The scientific novelty lies in linking VR affordances (presence, agency, multimodal contextualization) with a value-oriented scenario bank where students perform guided tours, museum dialogues, professional simulations, and presentations of national art and traditions. The practical significance of the article is the formulation of pedagogical conditions, assessment indicators, and methodological recommendations for sustainable VR integration in English language instruction.

Keywords: virtual reality, English language teaching, strategic learning system, university students, intercultural communication, national values, cultural heritage, VR scenarios.


1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Нұр-Сұлтан, 2019.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС). – Астана, 2018.

3. Узакбаева С.А. Этнопедагогика. – Алматы: Білім, 2013. – 320 б.

4. Марғұлан А. Х. Қазақ ұлттық қолөнері. – Алматы: Өнер, 1994. – 256 б.

5. Guilford J. P. The Nature of Human Intelligence. – New York: McGraw-Hill, 1967. – 538 p.

6. Torrance E. P. Torrance Tests of Creative Thinking. – Lexington: Personnel Press, 1974.

7. Caine R.N., Caine G. Brain-Based Learning. – Alexandria: ASCD, 1991. – 189 p.

8. Jensen E. Brain-Based Learning: The New Paradigm of Teaching. – San Diego: The Brain Store, 2008. – 336 p.

УДК 78.087.68

ИСКУССТВО И ОБРАЗОВАНИЕ В ПОДГОТОВКЕ ДИРИЖЕРА-ХОРМЕЙСТЕРА: ИНТЕГРАЦИЯ ИННОВАЦИЙ И ТВОРЧЕСКИХ ПОДХОДОВ

Болатова Наталья Анатольевна
Tata15.97@mail.ru
Преподаватель специальных дисциплин кафедры Музыкальное образование,
Ж. Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжі, Көкшетау,
Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются современные подходы к подготовке дирижера-хормейстера в условиях цифровизации образования и внедрения инновационных педагогических технологий. Раскрывается значение интерактивных, проектных и смешанных форм обучения, а также интеграции информационно-коммуникационных технологий и искусственного интеллекта в образовательный процесс. Особое внимание уделяется формированию профессиональных, цифровых и междисциплинарных компетенций студентов. Представлен практический опыт применения инновационных методов, подтверждающий повышение мотивации и эффективности обучения.

Ключевые слова: Музыкальное образование, педагогические технологии, смешанное обучение, дирижер-хормейстер, хоровое дирижирование, инновационные технологии, цифровизация образования, искусственный интеллект, ИКТ, профессиональная подготовка.

Annotation

The article examines modern approaches to the training of a choral conductor (choirmaster) in the context of the digitalization of education and the introduction of innovative pedagogical technologies. It highlights the importance of interactive, project-based, and blended learning formats, as well as the integration of information and communication technologies and artificial intelligence into the educational process. Special attention is paid to the development of students' professional, digital, and interdisciplinary competencies. The paper presents practical experience in applying innovative methods, demonstrating increased motivation and improved learning effectiveness.

Keywords: Music education, pedagogical technologies, blended learning, choral conductor (choirmaster), choral conducting, innovative technologies, digitalization of education, artificial intelligence, ICT (information and communication technologies), professional training.

Современное образование характеризуется активным внедрением инновационных технологий, цифровизацией учебного процесса и переосмыслением традиционных педагогических подходов. В этих условиях особую актуальность приобретает проблема подготовки дирижера-хормейстера как специалиста, сочетающего исполнительские, педагогические и организационные компетенции, а также обладающего развитой цифровой грамотностью.

Дирижерско-хормейстерская деятельность, обладая выраженной культурологической и воспитательной направленностью, способствует формированию духовно-нравственных ценностей, развитию художественного мышления и эстетического вкуса обучающихся. Однако современные требования к специалисту существенно расширяются, что обусловливает необходимость интеграции инновационных образовательных технологий, включая искусственный интеллект (ИИ) в процесс обучения.

Традиционная система подготовки дирижеров основывалась преимущественно на репродуктивных методах обучения, предполагающих передачу знаний от преподавателя к студенту. В условиях современного образовательного пространства данный подход уже не

обеспечивает формирование гибких компетенций, таких как критическое мышление, креативность, коммуникативность и способность к самообразованию.

В связи с этим возрастает роль инновационных педагогических технологий, среди которых можно выделить:

- Интерактивные методы обучения (дискуссии, кейс-методы, проблемно-поисковые задания), направленные на активизацию познавательной деятельности студентов;
- Проектное обучение, предполагающее самостоятельную разработку творческих и исследовательских проектов в области хорового искусства;
- Цифровые образовательные технологии, включая использование мультимедийных ресурсов, онлайн-платформ и специализированного программного обеспечения;
- Дистанционные формы обучения, позволяющие расширить образовательное пространство и обеспечить доступ к лучшим практикам мирового музыкального искусства.
- Технологии искусственного интеллекта.

Особое значение в подготовке дирижера-хормейстера приобретает использование информационно-коммуникационных технологий. Современные цифровые инструменты позволяют: анализировать партитуры с помощью специализированных программ, использовать аудио- и видеозаписи ведущих хоровых коллективов, моделировать репетиционный процесс, развивать навыки самостоятельной работы студентов.

В практике применяются программы и платформы, позволяющие анализировать и даже генерировать музыкальный материал.

К числу наиболее эффективных программ и сервисов относятся:

- **MuseScore** — программа для работы с нотами, позволяющая студентам создавать, редактировать и анализировать партитуры;
- **Sibelius** и **Finale** — профессиональные нотные редакторы для глубокого анализа хоровых партитур;
- **Noteflight** — облачная платформа для совместной работы над музыкальным материалом;
- **AnthemScore** — ИИ-программа для автоматической расшифровки аудио в ноты;
- **AudioScore Ultimate** — инструмент для преобразования звука в нотную запись;
- **Suno AI** и **AIVA** — генерация музыкального материала на основе ИИ (используется для анализа композиционных структур и творческих заданий);
- **Spotify, YouTube** и специализированные архивы — для анализа эталонных исполнений;
- **SmartMusic** — интерактивная платформа для практики и самооценки исполнения;
- **Choral AI tools (экспериментальные решения)** — системы анализа интонации, ритма и ансамблевого звучания.

Использование этих инструментов позволяет:

- анализировать партитуры на уровне структуры, гармонии и фактуры;
- проводить сравнительный анализ интерпретаций;
- моделировать репетиционный процесс;
- развивать слуховой анализ и музыкальную память;
- повышать уровень самостоятельной работы студентов.

Внедрение цифровых технологий способствует формированию у обучающихся навыков работы с информацией, критического анализа и творческой интерпретации музыкального материала, позволяют внедрять элементы адаптивного обучения, при котором образовательная траектория студента корректируется в зависимости от его уровня подготовки.

Одним из перспективных направлений является использование элементов смешанного обучения, сочетающего традиционные аудиторные занятия с онлайн-форматами. Платформы:

- **Google Classroom** — организация учебного процесса и обратной связи;
- **Moodle** — система дистанционного обучения с возможностью тестирования и анализа результатов;
- **Zoom / Microsoft Teams** — проведение онлайн-занятий и мастер-классов;

- **Notion** — организация индивидуальных образовательных проектов;
- **Padlet** — коллективная работа и обмен идеями.

Это позволяет индивидуализировать образовательный процесс, учитывать уровень подготовки студентов и обеспечивать гибкость обучения.

Кроме того, в контексте инновационного образования возрастает значение междисциплинарного подхода, предполагающего интеграцию знаний из различных областей: психологии (работа с коллективом, управление эмоциями), педагогики (методика преподавания), физиологии (голосовой аппарат), культурологии и информационных технологий (работа с ИИ и программами). Такой подход способствует формированию целостного профессионального мышления будущего дирижера.

Особое внимание следует уделить развитию рефлексивных и метакогнитивных навыков студентов, позволяющих им осознавать собственный процесс обучения, анализировать свои достижения и корректировать профессиональную траекторию.

Профессиональная подготовка дирижера-хормейстера включает два ключевых направления: дирижерско-хоровую и педагогическую деятельность. Однако в условиях цифровой трансформации образования к ним добавляется еще один важный компонент — цифровая компетентность, включающая: владение цифровыми инструментами для работы с музыкальным материалом; использование онлайн-ресурсов в образовательной практике; создание мультимедийного контента; участие в профессиональных онлайн-сообществах.

Инновационные формы обучения также предполагают активное вовлечение студентов в творческую деятельность через участие в конкурсах, фестивалях, мастер-классах и онлайн-проектах. Это способствует развитию профессиональной мобильности и адаптивности будущих специалистов.

Не менее важным является формирование у студентов устойчивой мотивации к профессиональному росту и саморазвитию. В этом контексте значительную роль играет создание образовательной среды, стимулирующей творческую инициативу, самостоятельность и ответственность.

Актуальной проблемой остается недостаточный уровень музыкальной эрудиции студентов, ограниченность их представлений о стилевых особенностях хоровой музыки. Решение данной проблемы возможно через расширение репертуара, включение произведений различных эпох и направлений, а также активное использование аналитических методов работы с музыкальным материалом.

Таким образом, процесс обучения дирижера-хормейстера в условиях современного образования представляет собой сложную многокомпонентную систему, основанную на интеграции традиционных и инновационных подходов. Внедрение современных образовательных технологий, развитие цифровых и междисциплинарных компетенций способствует повышению качества подготовки специалистов и их успешной профессиональной реализации.

Практический опыт внедрения инновационных методов обучения.

Практическая реализация инновационных подходов в обучении дирижера-хормейстера осуществляется в рамках учебных занятий по дисциплинам «Хоровое дирижирование» и «Хоровой класс» на базе педагогического колледжа.

В процессе работы со студентами активно применяются элементы интерактивного и проектного обучения. Так, на практических занятиях используется метод моделирования репетиционного процесса, при котором студенты поочередно выступают в роли дирижера, самостоятельно анализируют партитуру, формулируют исполнительский замысел и реализуют его в работе с учебным хоровым коллективом. Данный подход способствует развитию не только дирижерской техники, но и коммуникативных и организационных навыков.

С целью формирования аналитического мышления и музыкально-стилистической компетентности широко применяется метод сравнительного анализа с использованием аудио- и видеозаписей профессиональных хоров. В рамках внедрения цифровых технологий

используются мультимедийные ресурсы: видеозаписи выступлений профессиональных хоровых коллективов, онлайн-платформы электронные нотные библиотеки и платформы дистанционного обучения (например, **Google Classroom**, **Moodle**, **Zoom**, **Notion**).

Элементы смешанного обучения реализуются через сочетание аудиторной и внеаудиторной работы. Например, теоретический материал и разбор партитуры частично выносятся в онлайн-формат, тогда как практическая отработка дирижерских навыков осуществляется в классе. Это позволяет более эффективно использовать учебное время и учитывать индивидуальные особенности студентов.

Особое внимание уделяется развитию творческой активности обучающихся. В учебный процесс включаются задания проектного характера: подготовка мини-концертов, участие в конкурсах, разработка собственных интерпретаций хоровых произведений. Также используются интерактивные формы занятий.

Практика показывает, что применение указанных методов способствует повышению мотивации студентов, развитию их самостоятельности, формированию профессионального мышления и готовности к реальной педагогической и исполнительской деятельности. По результатам наблюдений, использование инновационных технологий повышает вовлеченность студентов и улучшает качество освоения музыкального материала.

Таким образом, процесс обучения дирижера-хормейстера в условиях современного образования представляет собой сложную многокомпонентную систему, основанную на интеграции традиционных и инновационных подходов.

Внедрение цифровых технологий и искусственного интеллекта, развитие междисциплинарных связей и формирование цифровых компетенций способствует повышению качества подготовки специалистов и их успешной профессиональной реализации.

Список использованных источников

1. Полат Е. С. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, 2020. — 272 с.

2. Васильев В. И. Теория и практика хорового дирижирования. — М.: Музыка, 2017. – 256 с.

3. Кабалевский Д. Б. Педагогические принципы музыкального образования. — М.: Музыка, 2016. – 192 с.

4. Букреев И. С. Психолого-педагогические проблемы профессионального становления дирижера / И. С. Букреев. – Екатеринбург, 1977. – 48 с.

ӘОЖ 37.036

МУЗЫКАЛЫҚ ДАРЫНДЫЛЫҚТЫ ФОРТЕПИАНО САБАҒЫНДА ДАМЫТУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ

Бейсеғул Диана Талғатқызы
b.dianka@bk.ru
Магистрант, «Музыкалық білім және хореография» кафедрасы Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекші: Калдаякова Айсулу Абылкасымовна
a.kaldayakova@inbox.ru
PhD, «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының меңгерушісі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада фортепиано сабағында музыкалық дарындылықты дамытудың негізгі тәсілдері ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан қарастырылды. Фортепиано пәнінің болашақ музыка мұғалімдерін даярлаудағы рөлі, орындаушылық қабілеттерді жетілдіру, музыкалық есту, техникалық дағдылар мен көркемдік интерпретацияны дамыту үдерісі талданды. Музыкалық дарындылықты дамытуда жеке тұлғаға бағдарланған оқыту, жүйелі жаттығу, шығармашылық тапсырмалар, репертуарды дұрыс таңдау және музыкалық талдау жұмыстарының маңызы айқындалды. Сонымен қатар, фортепиано сабағында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер мен инновациялық педагогикалық технологиялар сараланды. Зерттеу нәтижесінде музыкалық дарындылықты дамытудың әдістемелік жүйесі ұсынылып, оның практикалық маңызы негізделді.

Түйін сөздер: фортепиано сабағы, музыкалық дарындылық, орындаушылық шеберлік, музыкалық есту, педагогикалық әдістер, шығармашылық тапсырмалар, репертуар, интерпретация.

Annotation

The article examines the methods of developing musical giftedness in piano lessons from scientific-theoretical and methodological perspectives. The role of piano instruction in training future music teachers, the development of performance skills, musical hearing, technical abilities, and artistic interpretation are analyzed. The importance of learner-centered teaching, systematic practice, creative tasks, repertoire selection, and musical analysis in developing musical giftedness is revealed. In addition, effective teaching methods and innovative pedagogical technologies used in piano lessons are considered. As a result of the study, a methodological system for developing musical giftedness is proposed and its practical significance is substantiated.

Keywords: piano lesson, musical giftedness, performance skills, musical hearing, pedagogical methods, creative tasks, repertoire, interpretation.

Қазіргі музыкалық білім беру жүйесінде фортепиано сабағы болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби қалыптасуында маңызды орын алады. Фортепиано әмбебап аспап ретінде студенттің музыкалық есту қабілетін, техникалық дағдыларын, музыкалық ойлауын және көркемдік-эстетикалық талғамын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда музыкалық дарындылықты дамыту мәселесі педагогикалық теория мен практиканың өзара байланысында қарастырылып, кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде айқындалады. *S. Hallam* зерттеулерінде жүйелі оқыту мен мақсатты ұйымдастырылған жаттығудың музыкалық қабілеттердің қалыптасуына тікелей ықпал ететіні ғылыми тұрғыдан негізделген [1]. Бұл тұжырым фортепиано сабағында оқу үдерісін саналы және құрылымды ұйымдастырудың қажеттілігін көрсетеді.

Музыкалық дарындылық фортепиано сабағында тек техникалық шеберлікпен шектелмейді. Ол музыкалық шығарманы терең түсіну, оны эмоциялық тұрғыда сезіну және көркемдік деңгейде жеткізе алу қабілеттерінің бірлігі ретінде қарастырылады. Бұл ойды *Davidson J. W.* негіздеп, орындаушылық өнердің мәні ноталық мәтінді дәл жеткізуде емес, шығарманың ішкі мазмұнын, көркемдік бейнесін ашуда екенін атап көрсетеді [2]. Оның пікірінше, пианист әрбір дыбысты механикалық емес, саналы түрде қабылдап, оны көркемдік ойлаумен байланыстыра орындауы тиіс. Мұндай тәсіл орындаушылықты техникалық деңгейден интерпретациялық деңгейге көтереді және музыкалық дарындылықтың дамуына тікелей ықпал етеді.

Фортепиано сабағында музыкалық дарындылықты дамытудың негізгі тәсілдерінің бірі – жеке тұлғаға бағдарланған оқыту. Әрбір студенттің музыкалық қабілеті, қабылдау деңгейі және орындаушылық тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, оқыту үдерісі осы ерекшеліктерді ескере отырып ұйымдастырылуы тиіс. *McPherson G. E. & Welch G. F.* орындаушылық шеберліктің қалыптасуы оқушының жеке табиғатын, психологиялық ерекшеліктерін және музыкалық ойлау деңгейін түсінумен тығыз байланысты екенін көрсетеді [3]. Осыған сәйкес мұғалім студенттің жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, репертуарды, тапсырмаларды және жұмыс қарқынын саралап ұсынуы қажет. Бұл тәсіл студенттің ішкі мотивациясын арттырып, оның шығармашылық белсенділігінің дамуына жағдай жасайды.

Жүйелі жаттығу фортепиано сабағындағы музыкалық дарындылықты дамытудың негізгі шарты ретінде қарастырылады. Дегенмен техникалық дағдыларды қалыптастыру тек механикалық қайталауға негізделмеуі тиіс, ол саналы, мақсатты және музыкалық мазмұнмен байланысқан әрекет болуы қажет. *Lehmann A. C.* пианистің жұмысы дыбысты есту, оны саналы түрде басқару және көркемдік мақсатқа бағыттау үдерісі екенін атап өтеді [4]. Оның тұжырымынша, әрбір жаттығу музыкалық мағынамен орындалғанда ғана техника мен музыкалылықтың бірлігі қамтамасыз етіледі. Бұл қағида фортепиано сабағында техникалық дайындық пен көркемдік орындаушылықты қатар дамыту қажеттілігін айқындайды.

Музыкалық естуді дамыту фортепиано сабағының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Музыкалық есту тек дыбысты тану қабілетімен шектелмей, оны салыстыру, талдау, бағалау және көркемдік тұрғыда интерпретациялау дағдыларын қамтиды. *Hallam S.* музыкалық қабылдауды тұлғаның эстетикалық санасының қалыптасуындағы негізгі механизм ретінде қарастырады [5]. Осы тұста есту арқылы ойнау, музыкалық диктанттар, интервалдық және гармониялық талдау, сондай-ақ импровизация элементтерін қолдану студенттің есту қабілетін дамытуда тиімді әдістер болып табылады. Бұл тәсілдер дыбыстық бақылауды күшейтіп, орындаушылық дәлдік пен музыкалық ойлаудың сапасын арттырады.

Фортепиано сабағында музыкалық естуді дамыту шығармашылық әрекетпен тығыз байланыста жүзеге асуы тиіс. Есту арқылы қабылданған музыкалық материалды орындаушылық тәжірибеде қолдану студенттің музыкалық ойлауын белсендіреді, ал импровизация мен вариациялық тапсырмалар дыбыстық елестету қабілетін дамытады. Мұндай интеграцияланған тәсіл музыкалық дарындылықтың тек жекелеген компоненттерін емес, оның тұтас жүйе ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Фортепиано сабағында психологиялық факторларды ескеру маңызды әдістемелік шарттардың бірі болып табылады. *Creech A., Gaunt H.* музыкалық іс-әрекет психологиясын зерттей отырып, орындаушының ішкі эмоционалдық күйі, зейін тұрақтылығы және ойлау процесі оның орындаушылық сапасына тікелей әсер ететінін дәлелдеген [6]. Бұл тұжырым фортепиано сабағында студенттің тек техникалық дайындығын емес, оның психологиялық дайындық деңгейін де ескерудің қажеттілігін көрсетеді. Осыған байланысты сабақ барысында студенттің эмоциялық қатысуын қамтамасыз ету, шығарманы саналы түрде сезінуіне жағдай жасау, сахналық қобалжуды басқару дағдыларын қалыптастыру және ішкі мотивациясын арттыру педагогтің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Психологиялық тұрғыдан қолайлы оқу ортасы студенттің шығармашылық әлеуетін ашуға және орындаушылық еркіндігін дамытуға ықпал етеді.

Шығармашылық тапсырмалар музыкалық дарындылықты дамытудың тиімді құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Импровизация, вариация жасау, шығарманы түрлі

интерпретацияда орындау, музыкалық фразаларды өзгертіп көру сияқты тапсырмалар студенттің музыкалық ойлауын белсенді күйге келтіріп, оның шығармашылық қабілетін тереңдетеді. *Burnard P.* музыка тек шығармашылық әрекет арқылы толық меңгерілетінін атап көрсеткен [7]. Бұдан шығатын тұжырым, фортепиано сабағында тек репродуктивті орындаумен шектелмей, студентті музыкалық материалды қайта өңдеуге, өзіндік шешім қабылдауға және көркемдік бейнені жеке түсінігі негізінде жеткізуге бағыттайтын тапсырмаларға басымдық берілуі тиіс. Мұндай тәсіл студенттің интерпретациялық дербестігін қалыптастырып, оның музыкалық дарындылығының дамуына жүйелі әсер етеді.

Репертуарды дұрыс таңдау фортепиано сабағындағы әдістемелік жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Репертуар студенттің техникалық мүмкіндіктеріне ғана емес, оның көркемдік-эстетикалық дамуына, музыкалық талғамының қалыптасуына және стильдік түсінігінің кеңеюіне сәйкес келуі тиіс. Классикалық шығармалармен қатар ұлттық музыка үлгілерін енгізу студенттің мәдени-рухани дүниесін байытып, ұлттық өнерге деген қызығушылығын арттырады. Нейгауздың пікірінше, орындаушы әртүрлі стильдермен жүйелі түрде жұмыс істей отырып, өзінің музыкалық ойлау көкжиегін кеңейтеді және көркемдік қабылдау деңгейін тереңдетеді. Осыған сәйкес репертуарлық саясат студенттің жан-жақты музыкалық дамуын қамтамасыз ететін мақсатты түрде ұйымдастырылуы қажет.

Фортепиано сабағында музыкалық талдау жұмыстары ерекше орын алады. Шығарманың құрылымын, формалық ұйымдасуын, гармониялық дамуын, динамикалық желісін және көркемдік мазмұнын түсіну орындаушылық интерпретацияны сапалы деңгейге көтереді. Мұндай талдау студенттің музыкалық материалды саналы түрде меңгеруіне, орындаушылық шешімдерді негіздеуге және көркемдік бейнені дәл жеткізуіне мүмкіндік береді. Бұл үдерісте студент орындаушы болуымен қатар музыкалық ойлауы дамыған зерттеуші ретінде қалыптасады. Аналитикалық жұмыс пен орындаушылық тәжірибенің бірлігі музыкалық дарындылықтың терең және тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Цифрлық технологияларды қолдану қазіргі кезеңде фортепиано сабағының мазмұнын кеңейтіп, оқыту үдерісінің тиімділігін арттырады. Аудио және видео жазбалар, онлайн платформалар, интерактивті бағдарламалар мен цифрлық жаттығу құралдары студенттің өзіндік жұмысын жүйелеуге, орындаушылық қателерін талдауға және музыкалық материалды терең меңгеруге мүмкіндік береді. Мұндай технологиялар оқу үдерісінің икемділігін арттырып, студенттің білім алу траекториясын дараландыруға жағдай жасайды [8]. Бұл цифрлық құралдарды қолдану музыкалық тәжірибені кеңейтіп, студенттің кәсіби рефлексиясын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сабақтан тыс шығармашылық қызмет орындаушылық тәжірибені қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Концерттерге қатысу, байқауларда өнер көрсету, ансамбльдік және ұжымдық орындаушылық жұмыстар студенттің сахналық мәдениетін, жауапкершілігін және орындаушылық тұрақтылығын дамытады. Мұндай тәжірибе оның кәсіби сенімділігін арттырып, музыкалық дарындылықтың практикалық деңгейде жүзеге асуына мүмкіндік береді. Сахналық тәжірибе студенттің эмоциялық тұрақтылығын нығайтып, орындаушылық әрекеттің сапасын арттырады.

Өзіндік жұмыс студенттің кәсіби қалыптасуының негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырылады. Музыкалық шығармаларды өз бетінше меңгеру, аудио жазбаларды тыңдау және талдау, музыкалық әдебиеттермен жұмыс істеу, орындаушылық интерпретацияны іздеу студенттің дербестігін қалыптастырады. Мұндай әрекет оның ішкі мотивациясын күшейтіп, үздіксіз кәсіби дамуға бағыттайды. Өзіндік жұмыс нәтижесінде студент оқу үдерісінің белсенді субъектісіне айналып, өзінің музыкалық қабілеттерін саналы түрде жетілдіруге мүмкіндік алады.

Фортепиано сабағында музыкалық дарындылықты дамыту өзара байланысты бірнеше бағыттардың бірлігінде жүзеге асады. Олардың қатарында жеке тұлғаға бағдарланған оқыту, саналы техникалық жаттығу, музыкалық естуді дамыту, шығармашылық тапсырмалар, психологиялық қолдау және репертуарды мақсатты іріктеу маңызды орын алады. Бұл бағыттар өзара үйлесімді түрде жүзеге асқан жағдайда ғана студенттің музыкалық қабілеттері

жүйелі және толыққанды дамиды, ал орындаушылық әрекет саналы және көркемдік деңгейге көтеріледі.

Зерттеу барысында фортепиано сабағында музыкалық дарындылықты дамытуға бағытталған негізгі әдіс-тәсілдер жүйеленіп, олардың мазмұны мен педагогикалық әсері құрылымдалды. Ұсынылған тәсілдер студенттің техникалық, есту, шығармашылық және интерпретациялық қабілеттерін кешенді дамытуға бағытталған.

1-кесте – Фортепиано сабағында музыкалық дарындылықты дамыту тәсілдері

№	Тәсіл атауы	Әдістер	Күтілетін педагогикалық нәтиже
1	Саналы техникалық жаттығу	Гаммалар, арпеджиолар, этюдтерді дыбыстық сапаға назар аудара отырып орындау	Орындаушылық еркіндік, дыбыс сапасының жақсаруы
2	Музыкалық естуді дамыту	Есту арқылы ойнау, интервалдарды тану, музыкалық диктанттар	Интонациялық дәлдік, дыбыстық бақылау
3	Шығармашылық тапсырмалар	Импровизация, вариация жасау, шағын пьесалар құрастыру	Интерпретация дербестігі, шығармашылық белсенділік
4	Музыкалық-теориялық талдау	Форманы, гармонияны, динамиканы талдау	Саналы орындау, түсіну тереңдігі
5	Репертуарды іріктеу	Деңгейге сай классикалық және ұлттық шығармаларды таңдау	Стильдік сезіну, көркемдік талғам
6	Психологиялық қолдау	Мотивацияны арттыру, эмоциялық тұрақтылық қалыптастыру	Сахналық сенімділік
7	Цифрлық технология	Аудио-видео, онлайн платформалар қолдану	Өзіндік жұмыстың тиімділігі
8	Концерттік тәжірибе	Сахнада орындау, ансамбльдік жұмыс	Орындаушылық тәжірибе, кәсіби сенімділік

Ұсынылған кестеде фортепиано сабағында музыкалық дарындылықты дамытудың негізгі әдіс-тәсілдері жүйеленіп, олардың мазмұны арқылы техникалық, есту, шығармашылық, аналитикалық және психологиялық қырлардың өзара байланыста дамуы теориялық тұрғыда негізделді. Әрбір тәсіл нақты педагогикалық нәтижеге бағытталған және оларды кешенді түрде қолдану студенттің орындаушылық және шығармашылық қабілеттерінің жүйелі қалыптасуын қамтамасыз етеді.

Ұсынылған әдіс-тәсілдер жүйесі музыкалық-педагогикалық және орындаушылық теориялар негізінде жүйеленді. Қазіргі музыкалық орындаушылық зерттеулерінде орындаушылық өнердің мәні көркемдік интерпретация мен дыбыстық мәдениет арқылы ашылатыны көрсетіледі, бұл орындаушының музыкалық мәтінді саналы түрде меңгеруі мен көркемдік ойлауының маңызын айқындайды [2.1]. Музыкалық орындаушылық психологиясында пианистің жұмысы саналы жаттығу мен дыбыстық ойлауға бағытталған үдеріс ретінде сипатталып, тиімді тәжірибе орындаушылық шеберлікті қалыптастырудың негізгі факторы ретінде қарастырылады [4.1]. Заманауи музыка педагогикасында оқыту үдерісін ұйымдастыруда жеке тұлға ерекшеліктерін, оқу стилін және мотивациясын ескеру маңызды екені атап көрсетіледі [3.1]. Сонымен қатар, музыкалық іс-әрекет психологиясында орындаушылық сапаның эмоциялық және когнитивтік факторларға тәуелділігі дәлелденіп, бұл факторлардың оқу үдерісінде ескерілуі қажеттігі негізделеді [5.1]. Музыкалық білім беру теориясында шығармашылық әрекет пен педагогикалық ықпалдың бірлігі жетекші қағида ретінде қарастырылып, шығармашылық тапсырмалар студенттің музыкалық ойлауын дамытуда маңызды рөл атқаратыны көрсетіледі [7.1].

Әдіс-тәсілдердің өзара байланысы орындаушылық әрекетті механикалық деңгейден саналы-көркемдік деңгейге көтереді. Саналы техникалық жаттығу мен музыкалық-теориялық талдаудың бірлігі дыбыстық дәлдік пен көркемдік мазмұнның үйлесімділігін қамтамасыз етеді, ал музыкалық естуді дамыту мен шығармашылық тапсырмаларды ұштастыру музыкалық ойлау мен дыбыстық қабылдаудың тұтастығын қалыптастырады. Репертуарды мақсатты іріктеу, концерттік тәжірибе және психологиялық қолдау студенттің орындаушылық мәдениетін, сахналық сенімділігін және кәсіби тұрақтылығын нығайтады. Цифрлық құралдарды қолдану оқу үдерісінің нәтижелілігін арттырып, студенттің өзіндік жұмысын жүйелеуге жағдай жасайды.

Осы негізде фортепиано сабағында музыкалық дарындылықты дамыту өзара байланысқан педагогикалық тәсілдердің тұтас жүйесі ретінде қарастырылып, оның тиімділігі әдістердің кешенді және мақсатты қолданылуы арқылы қамтамасыз етілетіні тұжырымдалды.

Қорытындылай келе, фортепиано сабағында музыкалық дарындылықты дамыту болашақ музыка мұғалімінің кәсіби қалыптасуындағы маңызды және көпқырлы педагогикалық үдеріс екені анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, музыкалық дарындылық техникалық, есту, шығармашылық, аналитикалық және психологиялық компоненттердің өзара байланысында тиімді дамиды. Бұл үдеріс саналы жаттығу, шығармашылық тапсырмалар, репертуарды мақсатты іріктеу, психологиялық қолдау және заманауи педагогикалық технологияларды кешенді қолдану арқылы жүзеге асады.

Ұсынылған әдіс-тәсілдер жүйесі фортепиано сабағын тек орындаушылық дағдыны қалыптастыру құралы ретінде емес, студенттің кәсіби-шығармашылық әлеуетін дамытатын педагогикалық орта ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл, өз кезегінде, болашақ музыка мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және музыкалық білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Hallam S. The Psychology of Music Teaching and Learning. – London: Routledge, 2006. – 300 p.
2. Davidson J. W. The Music Practitioner: Research for the Music Performer, Teacher and Listener. – London: Routledge, 2019. – 280 p.
3. McPherson G. E., Welch G. F. The Oxford Handbook of Music Education. – Oxford: Oxford University Press, 2018. – 624 p.
4. Lehmann A. C., Sloboda J. A., Woody R. H. Psychology for Musicians: Understanding and Acquiring the Skills. – Oxford: Oxford University Press, 2018. – 320 p.
5. Hallam S. Music Psychology in Education. – London: Institute of Education Press, 2018. – 350 p.
6. Creech A., Gaunt H. The Changing Face of Music Education. – London: Routledge, 2018. – 260 p.
7. Burnard P. Musical Creativities in Practice.–Oxford: Oxford University Press, 2019. –240 p.
8. Gordon E. E. Learning Sequences in Music: Skill, Content, and Patterns. – Chicago: GIA Publications, 2007. – 344 p.

ӘОЖ 004.85

МУЛЬТИМЕДИЯ ДЕРЕКТЕРІН ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ЧАТ-БОТТЫ ӘЗІРЛЕУ

Канатова Альбина Надировна
kan.b.n.24@gmail.com
3-курс студенті, Ақпараттық жүйелер факультеті
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

Ғылыми жетекші: Муратова Жансая Муратовна
магистр, аға оқытушы
Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада Telegram мессенджерінде мультимедиялық деректерді талдауға арналған чат-ботты әзірлеу қарастырылады. Жасалған бот бейнелер мен аудиофайлдарды, соның ішінде дауыстық хабарламаларды өңдей алады. Жүйе бейнелерді автоматты түрде сипаттайды, сөйлеуді таниды және аудиодан мәтінді шығарады. Сонымен қатар екі тілді қолдау және батырмалар арқылы ыңғайлы басқару мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Түйін сөздер: чат-бот, Telegram, жасанды интеллект, мультимедиялық деректер, бейнелерді өңдеу, сөйлеуді тану.

Annotation

This article discusses the development of a chatbot in the Telegram messenger designed for multimedia data analysis. The developed bot is capable of processing images and audio files, including voice messages. The system can automatically generate image descriptions, recognize speech, and extract text from audio. It also supports two languages and provides a user-friendly interface with button-based controls.

Keywords: chatbot, Telegram, artificial intelligence, multimedia data, image processing, speech recognition.

Қазіргі уақытта чат-боттар барған сайын танымал болып, түрлі қызмет салаларында кеңінен қолданылуда. Олар пайдаланушымен өзара әрекеттесуді автоматтандыруға және күнделікті тапсырмаларды орындауды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Ерекше қызығушылық мультимедиялық деректермен, атап айтқанда бейнелер мен аудиомен жұмыс істей алатын чат-боттарға бағытталған. Бұл олардың функционалдық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтіп, оларды әмбебап құралға айналдырады.

Осы жұмыстың мақсаты – мультимедиялық деректерді талдауға арналған, бейнелер мен аудиофайлдарды өңдеуді қамтамасыз ететін, сондай-ақ пайдаланушымен ыңғайлы өзара әрекеттесуді жүзеге асыратын чат-ботты әзірлеу.

Жоба аясында бейнелерді автоматты түрде сипаттауға, дауыстық хабарламаларды тануға, аудиофайлдарды өңдеуге және бірнеше тілде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін жүйе жүзеге асырылды. Бұл чат-ботты мультимедиялық ақпаратты өңдеуге арналған әмбебап құрал етеді.

Чат-ботты әзірлеу барысында заманауи бағдарламалық құралдар мен мультимедиялық деректерді өңдеу технологиялары қолданылды.

Негізгі бағдарламалау тілі ретінде Python таңдалды, себебі ол қарапайымдылығы мен икемділігіне байланысты интеллектуалды жүйелерді құруда кеңінен қолданылады[1].

Telegram-ботты әзірлеу үшін Telegram Bot API-мен ыңғайлы жұмыс істеуді қамтамасыз ететін және пайдаланушы хабарламаларын нақты уақыт режимінде өңдеуге мүмкіндік беретін aiogram кітапханасы қолданылды[2].

Telegram Bot API пайдаланушы мен жүйе арасындағы өзара әрекеттесуді ұйымдастыру үшін қолданылады, соның ішінде хабарламаларды жіберу, медиафайлдарды өңдеу және батырмалар арқылы интерфейс құру[3].

Мультимедиялық деректерді талдау үшін бейнелерді тану, сөйлеуді мәтінге айналдыру және аудиофайлдарды өңдеуді жүзеге асыратын жасанды интеллект технологиялары қолданылады[4].

Әзірленген чат-бот мультимедиялық деректерді өңдеуге және пайдаланушымен ыңғайлы жұмыс істеуге бағытталған бірқатар функцияларды орындайды.

Бейнелермен жұмыс. Пайдаланушы чатқа сурет жібере алады, содан кейін бот жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып оны талдайды. Нәтижесінде қысқаша және түсінікті сипаттама қалыптасады, негізгі объектілер мен бөлшектер анықталады. Егер суретте мәтін болса, ол автоматты түрде жауапқа қосылады.


Дауыстық хабарламалармен жұмыс. Бот дауыстық хабарламаларды қабылдап, сөйлеуді мәтінге айналдырады. Бұл аудионы тыңдамай-ақ мәтіндік ақпаратты тез алуға мүмкіндік береді.

Аудиофайлдармен жұмыс. Бот аудиофайлдарды, соның ішінде музыкалық жазбалар мен сөйлеу фрагменттерін өңдейді[5]. Өңдеу барысында сөйлеу танылып, мәтінге айналады. Қажет болған жағдайда алынған мәтінді аудару жүзеге асырылады.

Тілдерді қолдау. Орыс және қазақ тілдерін қолдау жүзеге асырылған. Пайдаланушы интерфейс тілін таңдай алады, содан кейін барлық жауаптар автоматты түрде бейімделеді.


Қолайлы пайдаланушы интерфейсі. Ботпен өзара әрекеттесу батырмалар арқылы жүзеге асырылады, бұл жұмысты жеңілдетіп, интерфейсті интуитивті түрде түсінікті етеді.

Чат-боттың жұмысы келесі алгоритм бойынша жүзеге асырылады:




1-сурет – Ботты іске қосу

1. Пайдаланушы ботты іске қосады. 1-суретте «Start» батырмасын басқаннан кейінгі бот интерфейсі көрсетілген. Пайдаланушыға сәлемдесу хабарламасы және негізгі мәзір ұсынылады.




2-сурет – Тілді таңдау

2. Интерфейс тілін таңдайды. 2-суретте тіл таңдау процесі көрсетілген. Пайдаланушы орыс немесе қазақ тілін таңдай алады, содан кейін интерфейс автоматты түрде өзгереді.




3-сурет – Аудионы өңдеу

3. Мультимедиялық файлды жібереді (сурет, дауыстық хабарлама немесе аудио). 3-суретте аудиофайлды өңдеу мысалы көрсетілген. Бот сөйлеуді танып, мәтін түрінде шығарады.



4-сурет – Суретті жіберу

4. Бот деректерді жасанды интеллект технологиялары арқылы өңдейді. 4-суретте чатқа суретті жіберу процесі көрсетілген. Жіберілгеннен кейін бот оны талдауға қабылдайды.



5-сурет – Боттың жауабы

5. Пайдаланушы құрылымдалған жауап алады. 5-суретте бот жұмысының нәтижесі көрсетілген. Ол сурет сипаттамасы мен қосымша ақпараттан тұратын құрылымдалған жауап береді.

Жұмыс нәтижесінде мультимедиялық деректерді талдауға арналған, бейнелер мен аудиоақпаратты өңдей алатын чат-бот әзірленді.

Алынған нәтижелер жасанды интеллект технологияларының практикалық міндеттерді шешуде тиімді қолданылатынын көрсетеді. Әзірленген бот білім беру, ақпараттық және күнделікті қызмет салаларында қолданылуы мүмкін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Python бағдарламалау тілі. – URL: https://www.python.org
2. Telegram Bot API. – URL: https://core.telegram.org/bots/api
3. Aiogram кітапханасының ресми құжаттамасы. – URL: https://docs.aiogram.dev
4. Жасанды интеллект негіздері. – Алматы: Білім, 2020.
5. Сөйлеуді тану және аудионы өңдеу технологиялары. – Астана, 2021.

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ЦИФРОВОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА

Қадыр Райхан Сериковна
raikhana95@mail.ru
докторант кафедры Музыкальное образование, КазНПУ имени Абая, Алматы, Казахстан

Аннотация

Статья посвящена исследованию процессов формирования цифровой компетентности педагогов-музыкантов в условиях цифровизации системы образования Республики Казахстан. Цифровая компетентность рассматривается как сложный многоуровневый феномен, объединяющий мотивационно-личностный, когнитивный, деятельностный и рефлексивно-оценочный компоненты.

В работе анализируются современные методы подготовки специалистов, такие как симуляционное обучение, модель «перевернутого класса» и использование технологий искусственного интеллекта для анализа и создания музыкального контента. Рассматривается роль специализированного цифрового инструментария в индивидуализации обучения и повышении мотивации студентов.

Особое внимание уделяется вызовам, связанным со спецификой музыкального искусства: необходимости сохранения живого педагогического взаимодействия и проблеме качества звукопередачи при дистанционном обучении. Подчеркивается важность методической гибкости педагога и поиска баланса между технологическими инновациями и классическими акустическими традициями.

Ключевые слова: цифровая компетентность, музыкальное образование, педагог-музыкант, интерактивное обучение, цифровые технологии.

Annotation

The article is devoted to the study of the processes of formation of digital competence of music teachers in the context of digitalization of the education system of the Republic of Kazakhstan. Digital competence is considered as a complex multilevel phenomenon combining motivational-personal, cognitive, activity-based and reflexive-evaluative components.

The paper analyzes modern methods of training specialists, such as simulation training, the «inverted classroom» model, and the use of artificial intelligence technologies to analyze and create music content. The role of specialized digital tools in individualizing learning and increasing student motivation is considered.

Special attention is paid to the challenges associated with the specifics of musical art: the need to preserve lively pedagogical interaction and the problem of sound transmission quality in distance learning. The importance of the teacher's methodological flexibility and the search for a balance between technological innovations and classical acoustic traditions is emphasized.

Keywords: digital competence, music education, music teacher, interactive learning, digital technologies.

Современные приоритеты государственной политики Республики Казахстан направлены на цифровизацию системы образования. В рамках государственной программы «Цифровой Казахстан» предусмотрено внедрение цифровых технологий на всех уровнях образования [1]. В Концепции развития высшего образования и науки Республики Казахстан на 2023-2029 годы акцентируется необходимость цифровой трансформации образовательного процесса и подготовки специалистов, обладающих современными цифровыми компетенциями [2].

Данные задачи имеют непосредственное отношение и к сфере музыкального образования, переходящего в условиях современной глобальной цифровой трансформации к новой парадигме, в которой цифровая компетентность педагога-музыканта становится не просто вспомогательным элементом, а ключевым индикатором его профессиональной готовности к

деятельности в высокотехнологичной среде. На это указывает в своей работе Пиджоян Л.А. отмечая такие направления деятельности образовательных учреждений как образовательная, культурно-просветительская и научно-исследовательская, направленные на развитие цифровой компетентности [3]. Понимание его структуры и содержания процесса формирования цифровой компетентности педагогов невозможно без компонентов анализа, из которых она складывается.

Цифровая компетентность в работе Яковлевой Е.В. при этом рассматривается как сложный многоуровневый феномен, включающий мотивационно-личностный, когнитивный, деятельностный и рефлексивно-оценочный компоненты [4]. Освоение этих компонентов напрямую связано с практической сферой педагогики и проектированием современного образования, основанным на научных цифровых технологиях.

Анализ научных исследований последних лет показывает, что для успешного проектирования учебных занятий современному специалисту необходимо не только владеть техническими навыками, но и глубоко понимать потенциал цифровых технологий в контексте модели TPACK (Technological Pedagogical Content Knowledge), которая требует гармоничного синтеза технологических, педагогических и предметных знаний [5; 6; 7].

Данный теоретический подход находит свое практическое воплощение в современных методах подготовки педагогов. Так, при изучении методологических аспектов подготовки, исследователи выделяют особую роль симуляционного обучения и подходов, основанных на рефлексивном анализе. Использование виртуальных платформ и технологий симуляции позволяет будущим учителям практиковать педагогические стратегии и совершенствовать музыкальные навыки в безопасной, гибкой и интерактивной среде, что критически важно для развития критического мышления, автономии и адаптивности – ключевых качеств педагога XXI века.

Дальнейшее развитие цифровых педагогических практик связано с внедрением интерактивных моделей обучения, ориентированных на активное участие студентов в образовательном процессе.

В рамках такого подхода эффективно реализуется модель «перевернутого класса», где теоретический материал осваивается студентами самостоятельно через цифровые платформы, а аудиторное время посвящается практическому творчеству и решению сложных профессиональных задач под руководством наставника. Дополнением к этому служит использование цифровых портфолио и методов микропедагогики, предполагающих запись и детальный анализ коротких фрагментов уроков для оттачивания методического мастерства. Так, например, исследования Косимова А.Д. посвящены инновационным технологиям в современном музыкальном образовании, с особым акцентом на формировании компетентности педагогов посредством моделирования и рефлексивного анализа [8].

Следует отметить, что техническая основа данной модели обучения предусматривает широкий спектр специализированных программных решений, адаптированных под учебно-педагогические задачи.

Переход к интерактивному обучению поддерживается именно этим разнообразием специализированного программного обеспечения: Sibelius, MuseScore, Finale, EarMaster, Perfect Ear, Flat.io, Soundtra,. Logic Pro, FL Studio и Ableton.

В области нотной нотации и теоретической подготовки лидирующие позиции занимают редакторы Sibelius, MuseScore и Finale, которые позволяют не только создавать цифровые партитуры, но и развивать тембральный слух за счет варьирования инструментального звучания.

Параллельно с этим мобильные приложения и интерактивные тренажеры, включая EarMaster, Perfect Ear, Flat.io и Soundtrap, обеспечивают индивидуализацию процесса обучения, позволяя учащимся развивать музыкальный слух и ритмическую координацию в собственном темпе с мгновенной обратной связью.

Кроме того, для формирования компетенций в области аранжировки и звукозаписи активно внедряются DAW-системы (цифровые звуковые рабочие станции), такие как Logic Pro, FL

Studio и Ableton Live, обеспечивающие студентам возможность работы с многодорожечным редактированием, сведением и созданием качественных фонограмм. В работе Аликсичук О. и Борисовой Т. выделены основные дидактические элементы, необходимые для развития компетенций в аранжировке с использованием инструментов, повышающих уровень практической подготовки будущих педагогов-музыкантов [9].

Следующим шагом цифровой эволюции образования является интеграция музыкальных технологий искусственного интеллекта, открывающая новые горизонты анализа, творчества и автоматизации педагогических процессов. Особый вектор развития связан с внедрением технологий искусственного интеллекта и нейроанализа музыкальных паттернов. В процессе лабораторных и практических занятий будущие педагоги осваивают алгоритмы машинного обучения для классификации звуковых фрагментов, распознавания нотных текстов с использованием фильтрации визуальных шумов и моделирования процессов творческой импровизации.

Исходя из этого, искусственный интеллект и нейроанализ способствуют переходу от «традиционной» к «продуктивной» модели обучения, когда студент становится субъектом активного творческого процесса. Помимо этого, как отмечают Милакис Д. и др., использование чат-ботов становится эффективным инструментом для автоматизации рутинных задач, таких как генерация интерактивных тестов, сортировка учебной информации и проектирование индивидуальных образовательных траекторий [10]. Эти технологии создают условия, в которых студент выступает не просто потребителем контента, а создателем уникальных цифровых образовательных ресурсов.

Результаты, подтверждающие эффективность цифровизации, находят отражение в эмпирических исследованиях Тампуболон, Д.Б. и Тампуболон, Ю.Б.С., показывающих рост результативности и цифровой грамотности обучающихся. Так, использование мультимедийных и интерактивных средств позволяет усваивать теоретический материал на 30–40% быстрее, а общая мотивация и вовлеченность учащихся возрастает на 60–70% [11]. Особенно впечатляющие результаты достигаются с интерактивными методами, такими как виртуальные ансамбли, демонстрирующими уровень эффективности до 85% и помогающими развивать навыки синхронизации и коллективного исполнительства даже в удаленном формате.

Однако, несмотря на очевидные преимущества цифровых технологий, музыкальная педагогика сохраняет ряд принципиальных вызовов, связанных с природой искусства и особенностями межличностного взаимодействия. Так специфика музыкального искусства накладывает определенные ограничения на использование дистанционных форматов. Одной из центральных проблем остается необходимость тактильного контакта при постановке исполнительского аппарата и риски искажения звука в процессе электроакустической передачи, что может негативно сказаться на формировании интонационного слуха.

Следовательно, успешное сочетание традиционных и цифровых подходов требует от преподавателей высокой квалификации и их методической гибкости. Психологические вызовы, связанные с ослаблением эмоционального контакта между педагогом и студентом, также требуют внимательного подхода и поиска форм «продуктивного сосуществования» акустических традиций и цифровых инноваций. Поэтому критически важным становится повышение уровня технической и методической грамотности самих педагогов, преодоление цифрового разрыва и развитие готовности к непрерывному самообразованию.

Таким образом, цифровизация образования представляет собой не просто внедрение новых технологий, а системную трансформацию всей педагогической культуры. Интеграция цифровых инструментов, симуляционных педагогических форм обучения, интерактивных платформ и элементов искусственного интеллекта создает условия для повышения качества подготовки музыканта, развития его творческих способностей и расширения возможностей индивидуализации обучения. В то же время эффективная цифровая трансформация требует сохранения баланса между экономическими и инновационными подходами. Специфика музыкального искусства, необходимость педагогического живого взаимодействия и риски

медицинского образования делают особенно важной методическую гибкость педагогов, их цифровую грамотность и устойчивость к непрерывному профессиональному развитию. Именно при таком подходе цифровые технологии становятся не заменой музыки, а продуктивным ресурсом обновления учебно-методического образования.

Список использованных источников

1. Государственная программа «Цифровой Казахстан» : утв. постановлением Правительства Респ. Казахстан от 12 дек. 2017 г. № 827. – URL: https://adilet.zan.kz (дата обращения: 09.04.2026).

2. Концепция развития высшего образования и науки Республики Казахстан на 2023–2029 годы : утв. Правительством Респ. Казахстан. – URL: https://adilet.zan.kz (дата обращения: 09.04.2026).

3. Формирование цифровой компетентности будущего педагога-музыканта в условиях высшего музыкально-педагогического образования, Пиджоян Лариса Анатольевна

4. Яковлева Е.В. Цифровая компетентность будущего педагога: компонентный состав // Концепт. 2021. №4. С. 46-57

5. Чернова, М. В. (2022). Мультимедийные технологии в музыкальной педагогике: опыт и перспективы. // Современные проблемы науки и образования, №3

6. Ломаско П.С., Симонова АЛ. Основополагающие принципы формирования профессиональной ИКТ-компетентности педагогических кадров в условиях смарт-образования // Вестник ТГПУ. 2015. №7(160). С. 78-84

7. Ячина Н.П., Фернандез О.Г. Развитие цифровой компетентности будущего педагога в образовательном пространстве вуза // Вестник ВГУ. 2018. №1. С. 136

8. Abdulaziz D. Kosimov (2025). Application of innovative technologies in music education: Formation of teacher competence based on simulation and reflective analysis approaches

9. O. Aliksiichuk, T. Borysova et al. (2025). Modern Digital Approaches to Training Music Teachers

10. Milakis, Emmanouil & Argyrakou, Constantina & Χαραλαμπιδης, Γρηγόριος & Bampouli, Ioanna & Lalou, Androniki. (2024). Insights from ChatGPT-4: Pioneering AI in Music Education for Young Learners. 13. 61-60. https://doi.org/10.5281/zenodo.10564765.

11. Tampubolon, Dewi & Tampubolon, Yenji. (2025). The Effect of Interactive Learning Multimedia on Learning Motivation and Student Achievement. https://doi.org/10.1007/978-981-95-2011-4_26.

ӘОЖ 37.013
ҒТАХР 14.01

БИ ӨНЕРІНДЕГІ БІРҚАТАР ҚИЫНШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР

Мустапаева Талшын Құрбанбайқызы
tmustapaeva89@mail.ru
Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті докторанты (Шымкент қ., Қазақстан)

Аңдатпа

Мақалада би өнерінің бірқатар қиыншылықтары анықталады, оның ішіндегі психикалық денсаулыққа ықпалы зерделінеді. Алдымен би өнерінің әсемділігі сипатталынады, көрермендердің би өнерінің әсемдігін тамашалаудағы сезімдері туралы айтылады. Оған қоса, би мен психикалық денсаулық арасындағы байланыс, би орындаушыларының психикалық жай-күйі туралы шетелдік зерттеулердегі деректер келтіреледі. Мақалада би өнеріндегі қиыншылықтардың алдын алуға және оны жеңуге бағытталған бірнеше дәстүрлі әдіс-тәсілдер сипатталынады. Оған қоса, шетелдік зерттеулерге сүйене отырып, би орындаушыларының психикалық күйзелістерімен жұмыс істеуге арналған бірнеше интервенциялық бағдарламаларға талдау жасалады.

Түйін сөздер: би өнері, қиыншылықтар, дене қимыл-қозғалыстары, қозғалыс үйлесімдігі, эмоциялық қысым, превенция, майнфулнес.

Аннотация

В статье рассматривается ряд трудностей в искусстве танца и изучается их влияние на психическое здоровье. Сначала описывается красота искусства танца, обсуждаются чувства зрителей, наблюдающих за этим искусством. Кроме того, представлены данные зарубежных исследований о взаимосвязи танца и психического здоровья, а также психического состояния танцоров. В статье описываются несколько традиционных методов, направленных на профилактику и преодоление трудностей в искусстве танца. Также на основе зарубежных исследований проводится анализ нескольких программ вмешательства, разработанных для работы с психическим стрессом у танцоров.

Ключевые слова*:* танец, трудности, движения тела, координация движений, эмоциональный стресс, превенция, майнфулнес.

Annotation

The article identifies a number of difficulties in the art of dance, and their impact on mental health is studied. First, the beauty of the art of dance is described, and the feelings of the audience when watching the beauty of the art of dance are discussed. In addition, data from foreign studies on the relationship between dance and mental health and the mental state of dance performers are presented. The article describes several traditional methods aimed at preventing and overcoming difficulties in the art of dance. In addition, based on foreign studies, an analysis is made of several intervention programs designed to work with the mental stress of dance performers.

Keywords: dance, difficulties, body movements, movement coordination, emotional stress, prevention, mindfulness.

Кез-келген адам би өнеріне сүйсіне қарап, қайта-қайта тамашалағысы келе беретініні белгілі. Себебі, бидегі үйлесім мен ырғақ адам жаратылысына жақын. Жүрек соғысы, тыныс алу, қадам басу бәрі ырғаққа негізделген. Сондықтан би қымылдары адамға табиғи әрі тартымды көрінеді, көз тоқтатып, назарды өзіне тартады. Әр халық өз биін ғасырлар бойы сақтап келеді. Би дененің әсемдігін, жанның тереңдігін және музыканың үйлесімділігін

білдіретін, халықтың жан дүниесін көрсететін, көрерменді бейжай қалдырмайтын өнер. Би – тілсіз тіл. Музыка мен қимыл арқылы адам қуанышты да, махаббатты да, ерлікті де анық сезінеді. Биде сөз айтылмаса да, көрермен бәрін түсінеді, бұл оның көркемдік қуатын білдіреді. Көрермен бидің орындалуын көрген кезде жүрегімен сезінеді, көңілі толқиды, кейде көзге жас алады, кейде бойына қуат жинайды. Егер би тек әдемі қимылдар жиынтығы болса, мұндай эмоция тудырмас еді. Ал эмоция тудыру – нағыз өнердің белгісі. Би орындаушыларының көрермендерге осындай керемет әсер қалдыра отырып, өнер көрсетуі оңай жұмыс емес.

Би өнерінің қиыншылығы бірнеше қырынан көрінеді. Ең алдымен, оның физикалық , яғни дене қимыл-қозғалыстарының орындалуына қойылатын талаптар өте жоғары болады. Сондықтан би үлкен күш-жігер, икемділік пен төзімділік, дәлділік пен үйлесімділікті қажет етеді. Күнделікті жаттығу, созылу, кейде ауырсынуға төзу бишінің тұрақты серігі. Екіншіден би орындаушыларының би өнерін өз нақышына келтіре орындауы үздіксіз **еңбек пен тәртіптің арқасында жетеді. Яғни н**әтиже бірден келмейді. Бір қозғалысты мінсіз ету үшін оны жүздеген рет қайталау керек. Жалқаулыққа орын жоқ. Би өнерінің тағы бір қиыншылығының көрінісі п**сихологиялық қысымда жатыр.** Сахнаға шығу, көрерменнің бағасы, байқаулардағы бәсеке — бәрі жүйкеге салмақ түсіреді. Өзіңе сену мен эмоцияны басқару оңай емес. Би орындаушысына **өнер мен техника арасындағы тепе-теңдікті сақтау да оңай келмейді.** Қозғалысты дұрыс орындау аздық етеді, оны сезіммен, мәнермен жеткізу керек. Техниканы да, ішкі күйді де қатар алып жүру – үлкен шеберлік. Би өнерінде көп уақыт жаттығуға кетеді, демалыс пен жеке жоспарлар кейінге қалып, өзіне уақыт бөлмеу, би орындаушыларының у**ақыт пен жеке өмірдің шектеулі болуына алып келіп соғады. Би өнеріндегі осы және бұдан да басқа қиыншылықтарына қарамастан, әрбір биші өз ісін әсемдікпен, шеберлікпен орындауға тырысады. Біз мақаламызда б**ишілер арасында психикалық денсаулыққа байланысты қиындықтарға көбірек тоқталатын боламыз.

Би орындаушыларының психикалық денсаулығына қатысты қиыншылықтарға байланысты бірқатар шетелдік зерттеулерге шолу жасайық. Психологиялық жағынан, бишілер едәуір жүктемеге ұшырайды: 198 американдық университет бишілерінің 35,4%-ы үрей мен депрессия симптомдарын байқатқан [1], ал 147 германиялық кәсіби бишілердің 20,8%-ында орташа немесе ауыр деңгейдегі депрессия, жалпыланған үрей бұзылысы немесе тамақтану бұзылыстары анықталған [2].

Осыған байланысты би өнеріндегі қиыншылықтарды 3 топқа жіктеп көрсетуге болады:

— Орындау кезіндегі эмоциялық ахуал (үрей, мазасыздық, қорқыныш және т.б);
— Тамақтану бұзылыстарының көрінуі;
— Жарақат алған бишілердің психикалық жағдайы.

Шетел зерттеулеріне сүйенетін болсақ, бишілердің психикалық денсаулық қиындықтарына бірнеше фактор әсер етеді. Біріншіден, бидің физикалық талаптары орындау деңгейіне қарамастан жарақат алу қаупін арттырады [3]. Жарақаттар көбінесе үрей, қайғы, күйзеліс және депрессия сияқты жағымсыз психологиялық реакцияларға әкеледі. Кейбір жағдайларда жедел жарақаттар созылмалы жағдайға айналуы мүмкін, бұл психикалық денсаулық мәселелерін одан әрі қиындатады [4]. Екіншіден, орындаушылық талаптар, қатарластармен салыстыру және ішкі күтілімдер басым болатын жоғары қысымды бәсекелі орта эмоциялық қажу, стресстің күшеюі және өзіндік тиімділік сезімінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Мұндай психологиялық стресс ұйқы сапасының нашарлауына, жарақат қаупінің артуына, ауырсынуды қабылдаудың өзгеруіне және орындаушылық тиімділіктің төмендеуіне әсер етеді. Германиядағы кәсіби балет бишілері арасында жүргізілген 44 апталық зерттеу би маусымы кезінде бишілердің шамамен үштен бірі психикалық денсаулық қиындықтарына тап болғанын көрсеткен [5]. Үшіншіден, дене бейнесіне қанағаттанбау бишілер арасында психологиялық күйзеліске айтарлықтай ықпал етеді. Жіңішке дене пішінін шамадан тыс идеализациялау көптеген бишілердің сау дене салмағы индексіне ие бола отырып, кеуде бұлшықеттері, сан, бицепс және іш аймақтары сияқты дене бөліктеріне көңілі толмауына әкеледі. Мінсіз дене пішініне ұмтылу барысында олар шектеулі диета немесе салмақты бақылау стратегияларына

жүгінуі мүмкін. Мысалы, Париж ұлттық операсының 83 элиталық балет бишісінің 18-і (47,4%) тамақтану бұзылыстарының белгілеріне ие болған [6]. Мұндай мінез-құлық күшті би идентификациясымен байланысты және бишілерде биші емес адамдарға қарағанда жиірек кездеседі.

Физикалық жарақаттар, орындаушылыққа байланысты стресс және дене бейнесіне қанағаттанбаудың бірлесуі бишілердің психологиялық күйзеліске шалдығу қаупін айтарлықтай арттырады, бұл тек орындаушылықты бұзып, жарақат алу қаупін арттырып қана қоймай, жалпы әл-ауқатты төмендетеді. Мысалы, кең таралған психикалық денсаулық мәселелерінің бірі ретінде танылған орындау үрейі бишілер арасында тамақтану бұзылыстары және көңіл-күйге қатысты симптомдар сияқты дезадаптивті нәтижелермен байланысты [7]. Кейбір бишілер әлеуметтік қолдау іздегенімен, мұндай стратегиялар әдетте жеткіліксіз болып қалады.

Ендігі кезекте би өнеріндегі осындай қиыншылықтардың алдын алуға байланысты превенциялар жүйесін қамтамасыз ету мүмкіндіктерін қарастырамыз. Әдеби деректерге сүйенсек, би өнеріндегі қиыншылықтардың алдын алуға бағытталған бірнеше әдіс тәсілдерді, бірқатар техникаларды атап кетуге болады. Ең алдымен, физикалық қиыншылықтардың алдын алуға және жеңуге қатысты әдіс-тәсілдер ретінде денені қыздырып алу, созылу, күш пен төзімділікті дамыту қажет. Бұл би орындаушының бұлшық ет пен буынды жарақаттан сақтайды, икемділікті арттырып, қозғалысты жеңілдетеді. Осыған орай, қимыл қозғалысты бірден емес, бөліп-бөліп үйрену, тез шаршаудың алдын алу үшін тыныс алу техникасын дұрыстау қажет. Оған қоса, жаттығудан кейін қалпына келу үшін дұрыс демалу, массаж жасау, су ішу сияқты қарапайым әрекеттерді әдетке айналдырған жөн. Би өнерін оқу кезінде техникалық қиыншылықтарды жеңуге байланысты әдіс-тәсілдер мен техникаларды жаттықтырушы-оқытушылар арнайы үйретеді. Би қимылын әуелі музыкасыз, кейін баяу музыкамен, соңында толық ырғақты орындау сияқты, қозғалыс ортасын сезіну сияқты техникаларды меңгереді.

Жас бишілерде психикалық қиыншылықтың алдын алу немесе психикалық қысымды дұрыс басқара білу үшін де арнайы әдіс-тәсілдер мен техникаларды меңгерту маңызды болып табылады. Музыканың мазмұнын, тарихын түсіну, кейіпкердің мінезін ойша құру, би алдындағы эмоциялық дайындық – маңызды элементтер болып табылады. Айна алдында еркін билеп, өзін қабылдауға үйрену, көрерменді емес, бидің мағынасын сезінуге назар аудару би өнеріне психологиялық және образды жеткізу қиыншылықтарының алдын алуға көмектеседі. Бишілердің жаттығу кестесін нақты жоспарлау, қысқа, бірақ жүйелі жаттығу, демалыс пен жаттығудың тепе-теңдігін сақтау би орындаушыларының уақыт пен тәртіп мәселесіндегі қиыншылықтарды шешуге едәуір әсер етеді. Жалпы алғанда, би өнеріндегі қиыншылықтардан қашу мүмкін емес. Дей тұрсақ та, дұрыс әдіс, жүйелі еңбек және ішкі сенім арқылы оны жеңуге болады. Басқаша айтқанда, қиындық бишінің тоқтататын емес, өсіруші күш болу керек. Ендігі кезекте шетелдік зерттеулерде осы мәселені шешуге қатысты бірқатар мақалаларға талдау жасап көрелік.

Шетелдерде психологиялық интервенциялар күйзелісті азайту және орындаушылыққа бағытталған популяциялардағы, соның ішінде жарақат алған бишілердегі, психикалық денсаулықты жақсарту үшін кеңінен қолданылатын әрі тиімді құрал болып табылады. Осындай интервенциялардың ішінде майндфулнеске негізделген тәсілдер үрейді төмендету және эмоциялық реттелуді жақсартуда айрықша нәтижелілік көрсеткен. Мысалы, майндфулнес тренингі музыканттардағы орындау үрейін азайтқаны анықталған, ал майндфулнес-қабылдау-міндеттеме (mindfulness-acceptance-commitment) интервенциялары кәсіби балет бишілерінің психикалық денсаулық көрсеткіштерін жақсартқан [8]. Симптомдарға бағытталған немесе белгілі бір бұзылыстарға арналған тәсілдерден бөлек, позитивті психологияға негізделген интервенциялар – жеке күшті жақтарды дамыту, алғыс сезімін арттыру және саналы зейінділікке үйрету арқылы – жоғары білім беру саласындағы педагогтардың төзімділігін, стресс басқару дағдыларын және қарым-қатынас климатын

жақсартуға көмектескен. Бұл нәтижелер мұндай тәсілдер бишілердің әл-ауқатын қолдауда да пайдалы болуы мүмкін екенін көрсетеді [9].

Орындау үрейі мен эмоциялық реттелуді нысанаға алған бірнеше зерттеуде [8, 10] түрлі психологиялық тәсілдер қолданылады (мысалы, майндфулнес, мейірімділікке негізделген медитация, Фельденкрайс әдісі, шешімге бағытталған терапия, жүйелі десенсибилизация). Бұл интервенциялар әртүрлі дайындық және тәжірибе деңгейіндегі бишілермен жүргізіледі. Әдістемелердің әркелкілігіне қарамастан, жалпы нәтижелер интервенциялардың орындаушылыққа байланысты үрейді төмендетуге, зейін бақылауын жақсартуға және жалпы әл-ауқатты арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетті. Бірқатар зерттеулер өзін-өзі тиімді сезіну (self-efficacy), сенімділік және орындау кезіндегі зейіннің күшеюі сияқты оң өзгерістерді де хабарлайды. Алайда кеңірек психологиялық нәтижелерге (мысалы, дене сезімін қабылдау) әсері біркелкі болмады. Атап айтқанда, интервенциялардың көпшілігі шағын үлгілермен жүргізілген және формат, ұзақтық (dosage) және жеткізу тәсілі бойынша айтарлықтай ерекшеленген, бұл зерттеулерді өзара салыстыруды шектейді. Соған қарамастан, тұтас алғанда, нәтижелер бишілердегі орындау үрейін басқаруға арналған бейімделген психологиялық стратегиялардың болашағы зор екенін көрсетеді.

Қорыта келе, би өнеріндегі қиындықтарды дер кезінде анықтап, оның туындау себептерімен арнайы жұмыс жүргізу арқылы, оны шешудің мүмкіндіктерін қарастыру керек. Сондай-ақ, белгілі қиындықтарды жеңілдету, тіпті болдырмау жолдарын алдын ала профилактикалық іс-шаралар арқылы ұйымдастыру маңызды болып табылады. Би орындаушылардың жеке даралық қиындықтарын да ескере отырып, үміт күттіретін нәтижелерге қол жеткізудің нақты тәсілдері мен техникаларын болжап отыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Michaels C, Holman A, Teramoto M, Bellendir T, Krautgasser-Tolman S, Willick SE. Descriptive Analysis of Mental and Physical Wellness in Collegiate Dancers. J Dance Med Sci. 2023;27(3):173–9. https://doi.org/10.1177/1089313x231178091

2. Junge A, Hauschild A. Behind the scenes: prevalence of depression, general anxiety, and eating disorder symptoms in 147 professional dancers from six opera houses or state theaters. Sports Med Open. 2023;9(1):92. https://doi.org/10.1186/s40798-023-00638-9

3. Critchley ML, Ferber R, Pasanen K, Kenny SJ. Injury epidemiology in pre-professional ballet dancers: A 5-year prospective cohort study. Phys Ther Sport. 2022;58:93–9. https://doi.org/10.1016/j.ptsp.2022.10.001

4. Magrath J, Paglione V, Morrison L, Kenny SJ. 'It shouldn't be necessary, but it happens a lot': Undergraduate contemporary dancers' perceptions of pain, injury, and fatig. Theatr Dance Perform. 2023;14(4):492–510. https://doi.org/10.1080/19443927.2023.2220686

5. Junge A, Hauschild A, Stubbe JH, Van Rijn RM. Health issues in professional ballet dancers: an analysis of 1627 weekly self-reports of injuries, illnesses, and mental health issues over a single season. Sports Med Open. 2024;10(1):79. https://doi.org/10.1186/s40798-024-00753-1

6. Lebhil S, Couillandre A, Dreyfus M және т.б. Menstrual cycle disorders among elite ballet dancersTroubles du cycle menstruel chez les danseuses classiques professionnelles. Sci Sports. 2025;40(3):256-65. https://doi.org/10.1016/j.scispo.2024.10.006

7. Arcelus J, García Dantas A, Sánchez Martin M, Del Río Sánchez C. Influence of perfectionism on variables associated to eating disorders in dance students. Revista De Psicología Del Deporte. 2015;24(2):297-303. file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/Arcelusrpd2015.pdf

8. Harrison C, Ruddock S, Mayes S, et al. A 6-Week Mindfulness-Acceptance-Commitment Intervention to Improve Professional Ballet Dancers' Psychological States Around Performance. *Journal of Dance Medicine & Science*. 2024;29(2):67-76. doi:10.1177/1089313X241272136

9. Lo NP-K, Punzalan CH. The impact of positive psychology on language teachers in higher education. J Univ Teach Learn Pract. 2025;22(1):1–19. https://doi.org/10.53761/5ckx2h71

10. Popay, Jennie & Roberts, H. & AJ, Sowden & Petticrew, M. & Britten, Nicky & Arai, Lisa & Roen, Katrina & Rodgers, Mark. (2005). Guidance on the Conduct of Narrative Synthesis in Systematic Reviews Final Report. J Epidemiol Community Health.. 59(Suppl 1):. A7. file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/Guidance_on_the_Conduct_of_Narrative_Synthesis_in_.pdf

ӘОЖ 373.1.02

ЖАҺАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМДІК ТАЛҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ақбаева Шолпан Әбілғазықызы
akbayeva.sholpan@gmail.com
Педагогика ғылымдарының кандидаты, «Көркем білім» кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Бакаиев Ренат Советқанұлы
bakaiev_renat@mail.ru
Аға оқытушы, «Көркем білім» кафедрасының доценті, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада жаһандану жағдайында орта білім беру жүйесінде ұлттық салт-дәстүрді оқыту арқылы оқушылардың көркемдік талғамын дамыту міндеттері қарастырылған. Бұл зерттеудің өзектілігі мәдени бірігудің күшеюінен және оқушылардың ұлттық мәдениет және дәстүрлі өнер құндылықтарының бастауларынан алшақтығы мен оған деген оң қатынастарының өзгеруінен туындайды, бұл ұлттық көркем мәдениетті сақтау мен дамытудың тиімді педагогикалық тәсілдерін іздеуді қажет етеді.

Мақаланың мақсаты, бүгінде жаһандану жағдайында ұлттық дәстүрлі өнер негізінде оқушылардың көркемдік талғамын дамытудың педагогикалық шарттары мен әдістемелік тәсілдерін анықтау. Оқу үдерісінде оқушылардың эстетикалық қабылдауын дамытудағы ұлттық сәндік-қолданбалы өнердің, дәстүрлі рәміздердің, ою-өрнектің, халықтық көркемдік тәжірибелердің рөлін ашып, көркемдік талғамды дамытудың психологиялық-педагогикалық негіздеріне талдау жасалған. Ол ұлттық мәдени элементтерді көркемдік-эстетикалық пәндерге біріктіруді, сондай-ақ көркемдік дәстүрлі өнер мұраларын танып білуге деген эмоционалды және құндылықтық қатынастарына тәрбиелеу әдістерін зерттейді.

Түйінді сөздер: рухани, мәдениет, ұлттық, дәстүрлі өнер, көркемдік талғам, эстетикалық тәрбие, құндылықтар

Annotation

This article examines the challenges of developing students' artistic taste through the teaching of national traditions in the secondary education system in the context of globalization. The relevance of this research stems from increasing cultural unification and changing student values, which necessitates the search for effective pedagogical approaches to preserving and developing national artistic culture.

The purpose of this article is to identify pedagogical conditions and methodological approaches for developing students' artistic taste based on national traditions in the context of globalization. The paper analyzes the psychological and pedagogical foundations of artistic taste development and explores the role of national arts and crafts, traditional symbols, ornamentation, and folk artistic practices in developing students' aesthetic perception. This article examines the integration of national cultural elements into artistic and aesthetic subjects, as well as methods for fostering an emotional and value-based attitude toward artistic heritage. Particular attention is paid to developing students' artistic perception, imaginative thinking, aesthetic appreciation, and creative activity.

Keywords: Spirituality, culture, national art, traditional art, artistic taste, aesthetic education, values

Қазіргі кезеңдегі нарықтық саяси-экономикалық жағдайдағы іргелі бетбұрыстардың қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға әсер етуі, ғаламдану үрдісінің рухани өмірімізде қарқынды дамуы жеке адам мен қоғам арасында жаңа қатынастар қалыптастыруда. Мұның өзі мәдени құндылықтарға жаңаша көзқарас тудырады. Осы ретте мектеп оқушыларының көркемдік талғамын қалыптастыру, қазақ халқының дәстүрлі өнеріне деген қызығушылығын дамытып, өнер үлгілерін қастерлеуге бағалап, қадір тұтуға талпындыру білім беру ісінің көкейкесті мәселелерінің бірінен саналады.

Демек, бүгінгі қоғам сұранысының талабына сай оқу- тәрбие процесінде оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру мәселесінің теориялық тұрғыдан шешу қажеттігі мен бұл проблеманың ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз зерттеліп, арнайы әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуі арасындағы қарама- қайшылықтар бар екендігі анық байқалады. Сондықтан қазақтың дәстүрлі өнерінің негізінде оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттарын іздестіру біздің зерттеу проблемаларымызды айқындауға және «Қазақтың дәстүрлі өнерінің негізінде оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру» деп таңдауымызға негіз болды.

Қазақ халқы сан жылдар бойы аса биік талғампаздықпен жасалған ғажайып сәндік-қолданбалы өнер туындыларын кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырды. Бүгінгі күні мектепте ағаштан, теріден жүннен, сүйектен, металдардан және т.б. табиғи материалдардан жасалған көркемдік құндылығы өте жоғары әсем бұйымдар халық игілігіне айналмай, тек мұражай экспонаттары ретінде сақталуда. Жалпы білім беретін орта мектептердің барлық орта жоспарлары бейнелеу өнері пәніне бөлінген сағат жүктемелерінің шектеулі болуы, типтік оқу бағдарламаларының мазмұнында қазақтың дәстүрлі мәдениетін тереңірек оқып-үйренуге назар аудармауы оқушылардың рухани қазыналарынан шет қалуына әкеп соғуда.

Дәстүрлі өнер қазақ халқының дәстүрлі өмір салтымен, материалдық және рухани дүниесімен, ұлттық тәрбиесімен, халықтық психологиясымен ерекшеленетін әлем мәдениетіндегі өз орнымен сипатталады. Ерте және орта ғасырлардағы оба түрлерін, қала құрылыстарын, Айша-Бибі, Бабаджа-Хатун, Қозы Көрпеш-Баян Сұлу, Домбаул, Жошы хан, Алаша хан, Қожа Ахмед Йассауи жәдігерлерін, Есік қорған, Маңғыстау қорымдарындағы монументті ескерткіш түрлерін, түркі кезеңінен келе жатқан тас мүсіндерді сөз етіп отырмыз. Бұлардың көркемдік пластикасы, эстетикалық сымбаты, түзілімдік сипаты, тарихи-рухани-мәдени дүниемізде алатын орны қазірге дейін мектеп бағдарламалары мен оқулықтарында қарастырылған емес. Олардың көркемдік талғамға әсері жөнінде мәселе ретінде көтеріліп, жеке зерттеулер де болған емес. Ал бұл ескерткіштер халық ауыз әдебиеті, музыкасы, өнері, мәдениеті секілді халқымыздың рухани болмысын анықтайтын мұралар болып есептеледі.

Қазақтың дәстүрлі өнерінің негізінде оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастыру проблемасын қарастыру “дәстүрлі өнер”, “көркемдік талғам” ұғымдарының аражігін ажыратып пайымдауды талап етеді. “Дәстүрлер” ұғымы Н.Сәрсенбаевтың тұжырымы бойынша, адамның қоғамдық қатынастарының арасында сақталады. Дәстүр қоғамда жекеленген этностардың тіршілік ету барысында дамып, қалыптасып отыратын әлеуметтік-мәдени мұраларының үлгілері және философиялық сөздікте нақтыланғандай - ғылымда білім мен зерттеу әдістерінің сабақтастығы болса, өнерде стиль мен шеберліктің сабақтастығы болып табылады. “Өнер” дегеніміз өмір құбылыстарын, қоғамдық болмыс сана нәтижелерін, адамның іс-әрекеті мен көңіл- күйін, сезімі мен рухани дүниесін образды көркем тіл арқылы бейнелейтін форма мен мән қатынасы. Философиялық сөздікте берілген түсініктемеге сүйенсек өнер түрлерінің басты ерекшелігін олардың болмысты бейнелеу мен көркемдік міндеттерді шешуде байқалатын амалдары айқындайды. Дүниені эстетикалық тұрғыдан бейнелеу, әдебиетте - сөз, кескіндемеде - әлемнің түрлі түсті образдары; мүсін өнерінде – пластикалық образдар мен көлемдік – кеңістіктік формалар; графикада – сурет, штрих, жарық пен көлеңке сызықтары; музыкада – дыбыс интонациалары; театр мен кинода – драмалық кейкілжіңдер негізінде дамитын кейіпкерлердің іс-әрекетін актерлардың образ ретінде сомдауында сипат алып жүзеге асырылады.

Сонымен, «көркемдік талғам» түсінігін ашпас бұрын алдымен біз осы мәселені не арқылы қарастырамыз деген сұраққа жауап беретін "дәстүрлі өнер" ұғымына және оған қатысты эстетикалық тәрбие беру және баланың көркемдік талғамын қалыптастыру мәселесіне тоқталуға тиіспіз. Одан кейін "дәстүрлі өнер" ата-бабамыздан келе жатқан көптеген ғасырлар бойы шыңдалып, санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде сіңіп қалыптасқан өнер түрі болып табылады. Біз бұл жерде екі түрлі нәрсені ескеруге тиіспіз. Біріншісі - дәстүрлі өнерді алғашқы қауымдық кезең өнерімен шатастырмауымыз керек. Себебі дәстүрлі өнерде алғашқы қауымдық кезеңдегі, тіпті одан бергі сақ, қыпшақ-қимақ, түркі мәдениеті өн бойында тұтас сақталып жатқанымен, ол - кейін де өзгерістерге ұшырап, бүгінгі күнге жеткен халықтық өнер. Екіншісіне, кейбір зерттеушілер дәстүрлі өнер деп 1920 жылдарға дейінгі өнерді жатқызады. Кеңес үкіметі кезеңінде реалистік өнердің қалыптасуына байланысты дәстүрлі өнер жойылған секілді. Бұл да сыңаржақты түсінік деп есептеуіміз керек. Себебі қалай мойындамаймыз десек те кеңес үкіметі тұсында қаншалықты құдалауына қарамастан дәстүрлі мәдениет өз болмысын сақтап қана қалған жоқ, сонымен бірге бейнелеу өнерімен жарысып, кей жағдайда онымен ұштаса отырып дамып келді.

Сондықтан дәстүрлі мәдениет жөнінде айтқанда, біріншіден, тарих тезінен өтіп, өзіндік сипатын сақтап келген халықтың рухани қазынаны айтамыз. Бұл қазіргі мұражайларда тұрған тарихи көне ескерткіштер болса, екіншіден, қазіргі халық шеберлерінің қолынан шыққан көркем бұйымдар. Үшіншіден, осы халықтық бұйымдардың қазіргі кезеңде жаңаша көрініс табуы. Төртіншіден, осы құбылыстардың балалардың көркем шығармашылығында өз қырынан сомдалуы. Егер осы жағдайды енді мектепке тікелей жанамалап айтатын болсақ, әрине, бұл оқушылардың халықтық мұраны, дәстүрлі өнерді өзінше қабылдауы, байымдауы, бағалауы. Баланың көркемдік талғамы мен дүниетанымы оқушының бойында осы сапаның қалыптасуымен тікелей байланысты. Біз сөз етіп отырған дәстүрлі өнер өнердің басқа түрлерінен өзгеше болып келеді. Оның өзінің болмысы, табиғи сипаты бар. Яғни дәстүрлі өнер қазақ халқының дәстүрлі өмір салтымен, материалдық және рухани дүниесімен, халықтық психологиясымен ерекшеленетін әлем мәдениетіндегі өз орнымен сипатталады. Сондықтан дәстүрлі өнер этномәдениетпен, біздің тақырыбымызға қатысты этнопедагогикамен байланысты.

Қазақ дәстүрлі өнерінің көркемдік сипатын, оның мазмұндық мәнін қарастырған уақытта батыстық өнер үлгілерімен немесе орыс өнеріндегі реалистік қағидалармен, кеңес дәуіріндегі социалистік реализм өнерінің көркемдік мүмкіндіктерімен шектелуге болмайды. Біз шектелу жөнінде ғана айтып отырмыз. Одан өнердің бұл көріністерін ескермеуіміз керек, білмеуіміз керек деп ешкім айтпайды. Керісінше заманымыздыздың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов: "Бұл өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді интеллегент емес деуге болады, - дей келіп,- екі тілдің мәдениетін бойға сіңіру ол адамды кең тыныстатеді... Екі бірдей тілің болу - екі енеге төл өскендей, екі жақты нәр қасиет, қуат береді",- деген болатын [1, 452 б.]. Біз осы тұжырымды дамытып, екі тілмен де шектелуге болмайды. Орыс қазақ мәдениетімен бірге әлемдік озық үлгілі өнерін және әлемдік мәдениетте өз орнын қалыптастырған жетік өнер туындыларын білуіміз керек демекпіз.

Біздің айтатынымыз кез келген өнер құбылысы, соның ішінде орыс, батыс, шығыс, кеңес дәуіріндегі өнер туындыларын бір калькамен, бір шаблонмен, бір жақты қарастыруға келмейді. Қазақ өнерінің өзіндік ерекшелігі, өлшенетін, бағаланатын критерийлері бар деп айтпақшымыз. Дәстүрлі немесе халықтық өнер әруақытта дүниетанымдық көкейтесті мәселелермен байланысты.

Танымал педагог және мәдениеттанушы ғалым М.Х.Балтабаев қазіргі мәдениеттің даму ерекшелігіне арналған монографиясында қазақ менталитетінің өзегі ретінде Батыс пен Шығыстың танымдық формаларының синтезі түрінде көрінетін еуроазияшылдықты насихаттап, келешектегі қазақстандық қоғамды біріктіруші бірден-бір "ұлттық идея" деп үміттенеді [2, 84 б.]. Ал Д.Кішібеков өз еңбегінде қазақ менталитетінің өзіндік сипатын оның өткенімен, бүгінгісімен және ертеңімен барлық қырынан байланыстыра қарастырады [3]. Адам қажеттілігін өтейтін барлық құндылықтар - материалдық, әлеуметтік және рухани

құндылықтар - дәстүрді құрайды. "Салт-дәстүр - тіл мен мәдениет бастауларының анасы",- [4, 252 б.] деген 18 ғасырдағы неміс ағартушысы И.Г.Гердер оның жазба мәдениет пен азаматтық қоғам қалыптасқанға дейінгі уақыттағы мәдениетті тасымалдаушы маңызын бағалап отыр.

Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар таза түрінде және қарым-қатынастардан, қоғамдастықтан тыс қалыптаспайды дейді ғалымдар. Ұлттық сезім - ерекше әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол және сыртқы әсерлерге тез бой алдырады, тез қызуланып, сағы тез сынады. Сондықтан ол үнемі тәрбиелеуді және ақыл-парасат тарапынан бақылауды қажет етеді. Жеке тұлғаның ұлттық сезімін тәрбиелеу айналасындағы ортаның қалыптасқан, олар үшін өмірлік қағида болып табылатын белгілі-бір құндылықтармен толықтыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ақыл-ойдың бақылауындағы және белгілі-бір ортаның ықпалындағы ұлттық сезім ізгі, адамгершілікті болады. Табиғи, биологиялық, тектік нышандармен органикалық түрде астарласады. Бірақ ақыл-парасаттың өзі адамдардың қандай да бір бөлігінде, ал кейбір жерлерде едәуір бөлігінде әртүрлі қоғамға қарсы идеялармен, психологиялық тойымсыздықпен, өзімшілдікпен, басқа ұлттық құндылықтарды қабылдамау арқылы да ластануы мүмкін" [5, 63 б.].

Бұл, әрине, қазіргі кезеңде өзіміздің төл мәдениетімізді, өнерімізді сақтап қалу барысында ыңғайлы ой салатын пікір. Мектеп бағдарламасының идеялық-эстетикалық тұғырында төлтумалылық пен ерекшелік түсініктері тұруға тиіс деп есептейміз. Осы міндеттерді саралау барысында жалпы орта мектептің 1-4 сыныптарына арналған «Бейнелеу өнері» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына шолу жасап көрелік. Бұл бағдарламада «Бейнелеу өнері» пәнінің басты функциясы балалардың көркем тәрбиесімен байланысты бастауыш мектепте оқушылардың білімін дамытуда, графика, живопись, мүсін, сәнді қолданбалы өнерде білімін тереңдету, оқыту, таныстыру болып табылады. Ондағы бағыттар ұлттық және жалпы адамзаттық қасиеттерді тәрбиелеумен, пән мазмұнының ұлттық-әлеуметтік-мәдени факторлармен байланысымен, оқушының шығармашылық іс-әрекетімен анықталады.

Осы айқындалған бағыттар біз қойып отырған мәселелермен ұштасып жатқандығы сөзсіз. Себебі ұлттық сипат жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерінің аясында шешіледі. Екіншіден, ұлттық қасиеттер әлеуметтік-мәдени ортада шешіледі. Оны қазіргі жаһандану заманымен, қоғамдық өзгерістермен үйлестіру мемлекетіміздің стратегиялық маңызды даму бағытымен сәйкес келеді. Үшіншіден, пәннің үлгілік оқу бағдарламасы әруақыт оқушылардың шығармашылық іс- әрекетпен шұғылданып, өзін-өзі тануға, дамытуға ұмтылуы, ізденуі қажеттігімен анықталады. Бұл дегеніміз оқушының өмірде дұрыс жол табу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керектігімен анықталады… Жалпы адамның өз болмысын тануға ұмтылысында көмектесіп, тереңде жатқан талап - тілегін, қабілеттерін дамыту, сол арқылы оған толыққанды өмір сүруі үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады" [6, 5 б.].

Көптеген суретші педагогтер оқу міндеттері мен шығармашылық міндеттерді ажыратып пайдаланады. Бір қарағанда осы дұрыс ұстаным секілді. Оған себеп оқу міндеттері жай ғана оқушының машықтылығын жетілдіріп, сурет сала білуге деген дағдысын қалыптастыруға бағытталған. Жалпы алғанда сурет сала білу мен шығармашылық арасында үлкен айырмашылық бар екендігін өнертанушылар мен өнер сыншылары да айтады. Яғни мұндай жағдайда сурет сала білу шығармашылыққа жететін жол, құрал-тәсіл-ғана. Суретшілер оны кәсіпқойлықты жетілдіру деп атайды. Ол кәсіптік мамандықпен байланысты дүние. Біз балалардың бойынан кәсіптік жетіктілікті талап ете алмаймыз. Оған себеп - оқушылардың кейін маман суретші болып қалыптасуы міндетті емес.

Сондықтан біз үшін оқу мақсаттары шығармашылық міндеттермен ұштасып жатады. Оқу міндеттерінің өзінде шығармашылық міндеттер жинақталған. Дағдыландыру, машықтылықты жетілдіру ол шығармашылықты дамытумен бірдей қойылады. Бұл екінші жағынан мектепте бөлінген әрбір сабақты тиімді пайдалануға мүмкіндіктер жасайды. Егер оқу міндеттері, шығармашылық міндеттері деп ажыратып жатсақ ол мектептегі өзі аз сағаттарды шашыратып жіберген болар еді. Оның үстіне дәстүрлі өнердің негізінде оқушыларға көркем-эстетикалық

тәрбие беру барысында оқу және шығармашылық міндеттер ажыратылмауға тиіс. Олай дейтініміз халық шеберлерінің және олар жасаған бұйымдарды пайдаланушы адамдар да әдемі етіп шебер жасай білуді де, осының негізінде пайда болған заттарды да өнер деп таниды. Сондықтан да олар үшін өнер шығармасы шеберлік пен өнертапқыштықтың, шығармашылық шешімнің қосындысы.

Сонымен, дәстүрлі өнер арқылы оқушылардың көркемдік талғамын қалыптастырып, көркем-эстетикалық тәрбие беру оқытушыға көпқырлы, бірақ бір-бірінен ажырамайтынтай біртұтас міндеттер жүктейді. Біріншіден, оқытушы балаларға дәстүрлі өнер жөнінде жан-жақты мағлұматтар беріп отырады. Ол мектеп бағдарламасында қамтылған сағаттармен үзеңгілес өтуге тиіс. Жазықтықта бейнелеуде - ою-өрнек, дәстүрлі суреттер; сәндік қол өнерінде - қол өнерінің түрлері; мүсін өнерінде - тарихи монументті мүсіндік шығармалар; архитектурада - киіз үйден бастап, ортағасырлық дәстүрлі тарихи жәдігерлер жөніндегі түсінік.

Екіншіден, балаларды алған білімдеріне сәйкес практикалық іспен шұғылдануға үйрету. Бұл балалардың кеңістіктік ойлау қабілетін жетілдіреді. Осы практикалық іспен шұғылдану балалардың шығармашылық қабілетін де арттырмақшы. Халықтың көркемдік образдар арқылы өмір құбылыстарын бейнелейтін әлеуметтік – мәдени мұрасындағы нағыз сұлулықты түсініп, қабылдауы, баға беру және шығармашылықпен меңгеру қабілеті » деп түсінеміз. Жалпы алғанда дәстүрлі өнер арқылы оқушының біліктілігін, іскерлігін, икемділігін, машықтылығын, дағдысын жетілдіру оның эстетикалық көзқарасы мен көркемдік талғамын дамытып қана қоймай, сонымен бірге жалпы адамзаттық мұраны ұғуға, ұлтжандылық қасиетінің артуына мол мүмкіндіктер жасайтыны сөзсіз. Сонымен оқушының бойынша жеке тұлғалық қасиеттерді қалыптастырып, олардың көркемдік талғамын қалыптастыруда дәстүрлі өнердің алатын орны зор.

Қорытындылай айтатын болсақ, осы кезге дейін дәстүрлі өнер мектеп бағдарламасында тұтастай енген емес. Ол көбіне фрагментті сипатта, деталь ретінде көрініс тауып отырады да, оқушыға эстетикалық тәрбие беру барысында жан-жақты да толық қамтылатын педагогикалық теориялық-әдістемелік мәселелер тұтастылық, бірізділік, сатылық сипатын жоғалтып алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

6. Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы, Т.19, 412 б.

7. Балтабаев М.Х. Современная художественная культура Казахстана: гносеология, ментальность, преемственность, перспективы, Алматы, 1997, 156 с.

8. Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең, Алматы, 1999, 200 б.

9. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества, М., 1977, 703 с.

10. Марданов Қ. Өзгені өзіңдей сыйласаң...(ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар хақында) //Ақиқат, 1999, №1, Б. 62-67.

11. Қазақстан Республикасының Орта білімді дамыту тұжырымдамасы //Қазақстан мұғалімі, 1997, 13 маусым №14 (2932). 6 б.;

ӘОЖ 579.254.2

БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Айдарханова С.Т.
aidarkhanovasss@mail.ru
«Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының магистранты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекші*:* **п.ғ.к., доцент Сагимбаев А.А.**

Аннотация

В данной статье рассматривается трансформация традиционных культурных элементов в современном изобразительном искусстве Казахстана и их интерпретация в контексте искусственного интеллекта. В ходе исследования анализируются содержание понятия «этнический код», его место в художественной системе и особенности его изменения в современном искусстве. На основе творчества современных художников автор определяет уровни сохранения и трансформации национальных символов, а также описывает их проявление в художественном языке. С использованием визуального, сравнительного и семантического методов анализа выявляются основные уровни репрезентации этнического кода: полное сохранение, частичная трансформация и визуальная формализация. Кроме того, в статье рассматривается роль технологий искусственного интеллекта в переосмыслении традиционных культурных элементов, а также раскрываются их возможности цифрового искусства и новых медиа. Результаты исследования позволяют определить ключевые направления сохранения национальной идентичности и ее актуализации в современном художественном языке.

Ключевые слова: этнический код, изобразительное искусство, традиционная культура, трансформация, национальная идентичность, современное искусство, искусственный интеллект, визуальный анализ, цифровое искусство, культурные символы.

Annotation

This article examines the transformation of ethnic code in contemporary visual art Republic of Kazakhstan and its interpretation within the context of artificial intelligence. The study analyzes the preservation and transformation of traditional cultural elements based on the works of modern artists. Using visual, comparative, and semantic analysis methods, the main levels of ethnic code are identified: full preservation, partial transformation, and visual formalization. In addition, the role of artificial intelligence technologies in reinterpreting traditional symbols within a modern artistic language is explored. The findings highlight key approaches to preserving national identity and adapting it to the digital environment.

Keywords: ethnic code, visual art, traditional culture, transformation, national identity, contemporary art, artificial intelligence, digital art, visual analysis

Қазақстанның заманауи бейнелеу өнерінде этникалық код ұлттық мәдениеттің көркемдік бейнесін сақтаудың және жаңартудың маңызды құралы болып табылады. Қазіргі жаһандану дәуірінде дәстүрлі мәдени белгілер мен символдардың мәні өзгеріп, жаңа визуалды және концептуалды формада көрініс табуда. Отандық зерттеушілер соңғы кездері сонымен қатар еліміздің заманауи жас суретшілері ұлттық кодты тек тарихи немесе этнографиялық контексте ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы эстетикалық тәжірибе мен философиялық ойлау деңгейінде қайта интерпретациялайды. Этникалық код – бұл тек ою-өрнек, киіз үй немесе тұлпар бейнесі емес, сонымен бірге ұлттық сана мен мәдени жадыны жеткізетін символдық құрылым.

Бейнелеу өнерін оқыту теориясы мен әдістемесіне келетін болсақ, отандық ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Б. А. Әлмұхамбетов өз ғылыми еңбектерінде қазақтың дәстүрлі ою-өрнек элементтерін заманауи көркемдік тілмен интеграциялап жан жақты зерделеген [1]. Мұндай шығармашылық тәжірибе арқылы этникалық кодты сақтау мен трансформациялау арасындағы балансқа сүйенетіні рас, нәтижесінде ұлттық бірегейлік жаңа формада өмір сүре бастайды. Сонымен қатар, жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялар дәстүрлі мотивтерді цифрлық өнер, мультимедиа және виртуалды платформалар арқылы қайта интерпретациялауға мүмкіндік беріп, этникалық кодты кең аудиторияға жеткізуді жеңілдетпек. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеудің өзектілігі – заманауи қазақ суретшілерінің шығармашылық тәжірибесінде этникалық кодтың қалай сақталып, трансформацияланып жатқанын анықтау, сондай-ақ дәстүр мен жаңашылдық арасындағы өзара байланыстарына талдау жүргізу болып табылады. Сонымен қатар, жасанды интеллект сияқты жаңа технологиялар цифрлық өнер, мультимедиялық және виртуалды платформалар арқылы дәстүрлі мотивтерді қайта түсіндіруге мүмкіндік беретін этникалық кодты кеңірек аудиторияға жеткізуді жеңілдетеді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеудің өзектілігі қазіргі қазақстандық суретшілердің шығармашылық тәжірибесінде этникалық кодтың қалай сақталатынын және өзгеретінін анықтау, сондай-ақ дәстүр мен инновацияның өзара байланысын талдау болып табылады. Практикалық талдау ұлттық мәдениеттің көркемдік бейнесін жеткізудегі этникалық кодекстің рөлін көрсетуге, қазіргі заманғы өнердегі ұлттық бірегейлікті сақтау стратегияларын анықтауға, дәстүрлі рәміздерді қазіргі көркемдік жағдайда қолданудың тиімді тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Демек, жаңа технологиялар мен жасанды интеллект заманауи өнердегі этникалық элементтерді түсіндіруді кеңейтуге, дәстүрлі рәміздерді цифрлық платформада қайта өңдеуге және оларды мультимедиа арқылы кеңірек аудиторияға жеткізуге мүмкіндіктер ашуға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект құралдары суретшілерге этникалық мотивтерді заманауи дизайн, генеративті визуализация және интерактивті композиция жасау арқылы жаңаша көрсетуге мүмкіндік береді, бұл этникалық кодтың өзгеруін жеделдетеді және оның эстетикалық және концептуалды әлеуетін арттырады. Зерттеудің негізгі мақсаты-Қазақстанның қазіргі бейнелеу өнеріндегі этникалық кодексті сақтау және қайта құру заңдылықтарын анықтау, сонымен қатар қазіргі заманғы көркем тілде ұлттық бірегейлікті білдіру механизмін қарастыру. Бұл мәселеге философиялық, мәдени және көркемдік көзқарасты дамыту қазіргі заманғы өнердегі этникалық кодекстің рөлін толық түсінуге мүмкіндік береді. Қазіргі Гуманитарлық Ғылымдарда этникалық код ұғымы тұрақты емес, ауыспалы құрылым ретінде сипатталады. Стюарт Холл мәдени бірегейліктің үнемі қайта қалыптасу процесі екенін көрсетсе де [2], Ян Ассманн мәдени жады теориясы арқылы тарихи тәжірибені сақтаудағы дәстүрлі рәміздердің рөлін негіздейді [3]. Осы тұрғыдан алғанда, этникалық кодекс тек көрнекі форма ғана емес, ол мәдени мағыналар мен әлеуметтік тәжірибелердің күрделі жүйесі болып табылады. Зерттеуде қолданылатын визуалды талдау әдістері көркем шығармалардағы символдық құрылымды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл бағытта Эрвин Панофский ұсынған иконологиялық әдіс маңызды рөл атқарады [4], Ал Николас Мирзоефтің еңбектері бейнелеу мәдениетін әлеуметтік контексте қарастыруға мүмкіндік береді [5]. Мұндай тәсілдер қазіргі заманғы өнердегі дәстүрлі элементтердің қызметін жан-жақты талдауға жол ашады. Соңғы жылдары жасанды интеллект технологиялары көркем шығармашылықта жаңа мүмкіндіктер туғызуда. Ахмед Элгаммалдың зерттеулері нейрондық желілердің көркемдік стильдерді қалыптастыру қабілетін дәлелдеді [6]. Сонымен қатар, Лев Манович жасанды интеллектті жаңа визуалды мәдениетті қалыптастыратын фактор ретінде қарастырады [7], Ал Маргарет Боден шығармашылық процестің алгоритмдік модельдерін талдайды [8]. Бұл зерттеулер жасанды интеллекттің өнердегі құрал ғана емес, сонымен қатар концептуалды орта ретіндегі рөлін көрсетеді.

Қазақстанның жаңа заманғы өнерінде этникалық кодекстің көрінісі әр түрлі деңгейде байқалады. Мысалы, Алмагүл Меңлібаеваның еңбектерінде дәстүрлі рәміздер жаңа көрнекі контексте ұсынылып, олардың мағынасы кеңейген. Мұндай еңбектерде ұлттық элементтер

сақталып қана қоймай, жаңа интерпретациялық деңгейге көтеріледі. Жүргізілген талдау этникалық кодекстің үш негізгі көрінісін анықтауға мүмкіндік берді: толық сақтау, ішінара өзгерту және ресми қайта өңдеу. Бірінші жағдайда дәстүрлі мағына өзгеріссіз беріледі, екінші жағдайда ол жаңа контекстпен толықтырылады, ал үшінші жағдайда таңбалар тек көрнекі элемент ретінде пайдаланылады. Алмагүл Меңлібаеваның шығармашылығы қазіргі қазақ өнеріндегі этникалық кодексті концептуалды түрлендірудің маңызды үлгілерінің бірі болып табылады [9]. Суретшінің бейнелеу практикасы дәстүрлі мәдени элементтерді тек бейнелеу деңгейінде қалдырмай, кеңірек мәдени, әлеуметтік және тарихи контексте қайта қарастыруға бағытталған. Менлибаеваның шығармалары негізінен медиа-арт, бейне инсталляция және символдық бейне жүйесіне негізделген. Осы тәсіл арқылы ол этникалық кодекстің ою-өрнек, дала кеңістігі, қазақ мәдениетіне тән әйел бейнесі сияқты элементтерін жаңа семантикалық деңгейде зерттейді. Аталған элементтер көркем деталь ретінде ғана емес, күрделі семантикалық құрылым ретінде де ұсынылған. Суретшінің бірқатар жобаларында дала кеңістігі ландшафттық фон функциясынан асып түседі және көшпелі өркениеттің рухани-мәдени картасы ретінде түсіндіріледі. Мұндай кеңістік ұғымы еркіндік, тарихи уақыт және мәдени жады ұғымдарымен тығыз байланысты. Ал әйел бейнесі көбінесе мифологиялық және архетиптік сипатта көрініс тауып, Оның Ұлттық дүниетанымдағы символдық рөлін жаңаша ашады. Осы тұрғыдан Алғанда, Менлибаеваның еңбектері этникалық кодекстің концептуалды түріне жатады, яғни дәстүрлі рәміздер жаңа идеялармен және заманауи мәдени дискурстармен ұштасып, терең философиялық мазмұнға ие болады [9]. Бұл тәсіл қазіргі бейнелеу мәдениеті теориясында сипатталғандай рәміздерді көп қабатты түсіндіруге негізделген. Сонымен қатар, мұндай күрделі семантикалық құрылымдардың болуы кейбір жағдайларда көрерменнің қабылдау процесін қиындатуы мүмкін. Мағынаның көп деңгейлі жүйесі қазіргі концептуалды өнерге тән белгілердің бірі болып табылатын арнайы мәдени-теориялық дайындықты қажет етеді.

Әсел Сабыржанқызының шығармашылығы қазіргі қазақ бейнелеу өнеріндегі этникалық кодексті бейнелеу және композициялық деңгейде өзгертудің маңызды үлгілерінің бірі болып табылады. Суретшінің шығармаларында қазақтың дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнеріне тән элементтер-кілем мен тұскиіз өрнектері, әйел бейнесінің стилизациясы, сонымен қатар жазықтыққа негізделген композициялық құрылым кеңінен қолданылады [9]. Бұл тәсіл дәстүрлі мәдени кодекстің сыртқы формасын сақтай отырып, оны жаңа көркемдік контексте қайта ұсынуға мүмкіндік береді. Кілем мен қаңылтырдың элементтері композицияда сәндік фон ретінде ғана емес, керісінше семантикалық және құрылымдық Орталыққа айналады. Олар арқылы ғарыш, мәдени жады және тарихи сабақтастық идеялары беріледі visually.At сонымен қатар, мұндай көркемдік стратегия қазіргі бейнелеу мәдениетіне тән бірқатар мәселелерді де көрсетеді. Атап айтқанда, дәстүрлі элементтер кейбір жағдайларда эстетикалық әсер ету құралы ретінде ғана қолданылады және олардың бастапқы символдық мазмұнының әлсіреуі байқалады. Кейбір композицияларда ою-өрнек элементтері бөлшектеніп, халықаралық минимализм эстетикасына немесе сәндік абстракцияға жақындайды. Бұл құбылыс этникалық кодтың форма деңгейінде сақталғанын, бірақ семантикалық қысқаруға ұшырағанын көрсетеді. Осы тұрғыдан Алғанда, Әсел Сабыржанқызының шығармашылығы этникалық кодтың аралас түріне жатады, яғни мұнда дәстүрлі рәміздер бір мезгілде эстетикалық және ішінара семантикалық функцияларды орындайды [9]. Бұл тәсіл қазіргі заманғы өнер теориясында сипатталғандай, көрнекі форманың мағынадан басым болу тенденцияларымен байланысты. Олар арқылы кеңістік, мәдени жады және тарихи сабақтастық идеялары визуалды түрде беріледі.Сонымен қатар, мұндай көркемдік стратегия заманауи визуалды мәдениетке тән бірқатар мәселелерді де айқындайды. Атап айтқанда, дәстүрлі элементтердің кей жағдайларда тек эстетикалық әсер құралы ретінде қолданылып, олардың бастапқы символдық мазмұнының әлсіреуі байқалады. Кейбір композицияларда ою-өрнек элементтері фрагменттеліп, халықаралық минимализм немесе декоративті абстракция эстетикасына жақындай түседі. Бұл құбылыс этникалық кодтың формалық деңгейде сақталып, бірақ мағыналық тұрғыдан редукцияға ұшырауын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Асель Сабыржанқызының

шығармашылығы этникалық кодтың аралас типіне жатады, яғни мұнда дәстүрлі символдар бір мезгілде эстетикалық және ішінара семантикалық функция атқарады [9]. Бұл тәсіл заманауи өнер теориясында сипатталғандай, визуалды форманың мағынадан басым түсу тенденцияларымен байланыстырылады

Зерттеу нәтижесінде қазіргі заманғы өнердегі этникалық кодтың үш негізгі көрінісі анықталды: Семантиканың толық сақталуы, ішінара трансформация және визуалды формализация. Бірінші жағдайда дәстүрлі рәміздер бастапқы мағынасын сақтай отырып беріледі; екінші жағдайда олар жаңа контексте қайта түсіндіріледі; ал үшінші жағдайда рәміздер эстетикалық элемент ретінде пайдаланылады және олардың бастапқы мағынасы әлсірейді. Жасанды интеллект этникалық кодты өзгертудің маңызды құралы ретінде қарастырылады. Бұл дәстүрлі ою-өрнектерді, композициялық құрылымдарды және түс схемаларын сандық түрде қайта жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, виртуалды көрмелер, мультимедиялық жобалар және интерактивті платформалар арқылы ұлттық мәдениетті кең аудиторияға жеткізу мүмкіндігі артады. Бұл процесте мәдени мағынаны сақтау мәселесі ерекше маңызға ие, өйткені визуалды инновациялар мен дәстүрлі мазмұн арасындағы тепе-теңдік бұзылмауы керек. Заманауи технологиялар, соның ішінде жасанды интеллект этникалық кодты түсіндіруді келесі деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің өнер саласындағы мүмкіндіктерін көрсететін маңызды мысалдардың бірі ретінде Ахмед Элгаммал басқарған Aican жобасын атауға болады. [6] бұл жүйе әртүрлі тарихи кезеңдерге жататын кескіндеменің көптеген үлгілері негізінде оқытылады және адамның тікелей қатысуынсыз жаңа кескіндеме композицияларын жасауға қабілетті. Мұндай эксперименттер жасанды интеллект белгілі бір дәрежеде көркемдік шығармашылықтағы көмекші құрал емес, тәуелсіз визуалды нәтиже қалыптастыруға қабілетті екенін көрсетеді. Жобаның нәтижелері бірнеше халықаралық көрмелерде ұсынылды және заманауи цифрлық өнер кеңістігінде кеңінен талқыланды. Сонымен қатар, artsy цифрлық өнер платформасы жобаны ең маңызды көркемдік жетістіктерінің бірі ретінде атап өтті. Осы бағыттағы тағы бір маңызды тәжірибе ретінде Beethoven x жобасын келтіруге болады [6]. Жоба музыка теориясы мен жасанды интеллект әдістерінің қиылысында жүзеге асырылды, бұл шығармашылық пен алгоритмдік модельдеу арасындағы байланысты айқын көрсетті. Бұл тәжірибе ғылым мен өнердің бірігуі жаңа көркемдік формалардың пайда болуына ықпал ететіндігін дәлелдейтін мысал ретінде қарастырылады. Жасанды интеллекттің көмегімен композициялық шешімдер, түс схемасы және дәстүрлі элементтердің символикасы визуалды түрде қайта құрылады және заманауи көркем тілмен ұсынылады. Бұл әдіс әсіресе ұлттық бірегейлікті жаңа аудиторияға жеткізу үшін тиімді. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің арқасында ұлттық элементтерді цифрлық форматта сақтауға, виртуалды көрмелерде және интерактивті жобаларда пайдалануға болады. Ұлттық бірегейлікті сақтау үшін бірнеше стратегия маңызды: дәстүрлі рәміздердің мәдени маңыздылығын сақтау, оларды заманауи контексте пайдалану, мәдени жадыны көрнекі түрде жеткізу және оны жаңа аудиторияға бейімдеу. Сонымен қатар, жасанды интеллект көмегімен этникалық кодты цифрлық ортада сақтау, оны заманауи өнерде пайдалану мүмкіндігі артады.

18. Akhmediyeva K., Autayeva A., Zhakipbekova S., Galiyeva A. The Effect of Activities Based on Kazakh Folklore in Teaching Patriotic Values to Hearing Impaired Elementary School Children // Journal of Social Studies Education Research. — 2025. — Vol. 16, No. 1. — P. 58–87.

19. Pangereyev A. S., Baltymova M. R. Formation and development of Kazakh children's folklore // Opción. — 2019. — Vol. 35, No. 24. — P. 1348–1360.

20. Potočnik R., Završek K., Vidrih A. Visual Art Activities as a Means of Realizing Aspects of Empowerment for Blind and Visually Impaired Young People // European Journal of Educational Research. — 2025. — Vol. 14, No. 1. — P. 41–54. — DOI 10.12973/eu-jer.14.1.41.

БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Иманбакиев Ернат Ауесханович
1988_era_88@mail.ru
«Көркем білім» кафедрасының магистр, аға оқытушысы, Абай атындағы Қаз ҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Бұл мақалада болашақ әлеуметтік педагогтың мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыру туралы айтылған. Қазіргі таңда студенттерге отандық және дүниежүзілік көркем мәдениеттің таңдаулы бейнелеу өнері арқылы тәрбие берудің маңызы айрықша. Бұл міндетті шешуде олардың сабақтан тыс уақыттағы мәдени және көркемөнер әрекеттерінің маңыздылығын ескермеуге болмайды, яғни, үйірмелерде өнермен айналысу жастардың жеке тұлғасының мәдениетінің қалыптасуына шешуші фактор ретінде ықпал етеді.

Кілт сөздер: Бейнелеу өнері,өнер, эстетикалық мәдениет, мәдениет, мәдениеттанымдық.

Abstract

In this article we are talking about the formation of the culture of a social pedagogue through fine art. Currently, the education of students through the selected fine arts of national and world artistic culture is of particular importance. When solving this problem, one should not underestimate the importance of their cultural and artistic activities outside of school hours, i.e. art classes in circles contribute to the formation of the culture of the personality of young people as a decisive factor.

Keywords: Fine arts, art, aesthetic culture, culture, cultural studies.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі парадигмалар жағдайында мұғалімдердің кәсіби шеберлігін көтеру маңызды болып отыр. Кәсіби шеберлікті арттыруда мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне, жаңа технологияның ғылыми негіздерін үйреніп, насихаттауына жол ашу керек. Кәсіптік шеберлігін жүзеге асыруда мұғалім тиімді нәтижеге жеткізетін жоспарлы жұмыс атқаруы тиіс. Атап айтқанда, диагностика қояды, алдын ала болжайды, жаңа технологияны қолданады, нәтижені тексереді, сараптап баға қояды. Мұғалімнің кәсіби білім деңгейіне қойылатын талаптар, өз еңбегінің нәтижелілігіне жауапкершілік күрделене түсуде. Бұл жағдайда педагогикалық шеберлікті жетілдіру, мұғалімнің шығармашылық потенциалын дамыту мәселесі әлеуметтік талап қана емес, сонымен бірге мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасын шыңдауға деген талапқа ұласады. Білім беру мекемелерінде негізгі психологиялық-педагогикалық дайындықты игерген, өз пәнін жете меңгерген, әдістемелік құралдармен қаруланған, студенттерді түсінетін және олармен жоғары деңгейде қарым-қатынасқа түсе алатын, мәдениетті, эрудициясы жоғары, еңбекке құлшынысы бар шебер мұғалімдер қажет. Жоғары мектептегі тұтас оқыту-тәрбиелеу процесінің табысты болуы мұғалімнің жеке басын жетілдірумен байланысты болып отыр.

Болашақ маман әрекеті құрамын саралау негізінде кәсіби бағыттылықта оқытудың мақсаты анықталатыны мәлім. Сондықтан кәсіби бағыттылықта оқыту әдістемелік жасау мен жетілдіру салаларында көптеген еңбектер өздеріне кәсіби әрекет құрамдарын: професиограммалар, мамандар моделдері, квалификациялық сипаттамаларды саралауларды қосады. «Мамандық моделін жасауда, біздер сонымен елеулі қасиеттерін (сапаларын) танимыз және оларды қалыптастыруға бағытталған әрекетін, яғни, оның оқыту мен тәрбиелеуге байланысты екендігін түсінеміз. Маман иесін елеулі суреттеуде және қай тілде іске асыруда, оның қандай сапаларын таңдауымызға байланысты оқу үрдісін жетілдіру мүмкіндіктері мен бағыттары анықталады» деп жазады ғалымдар Д.Б.Богоявлинская мен Н.Менчинская. Ал В.Сластенин

маман моделі өзіне кәсіби бағыттылық, психология-педагогикалық және әдістемелік даярлықтарды қосады деп санайды.

2007 жылғы «Білім туралы» жаңа Заңда педагог қызметкерлердің кәсіби құзырлығын дамытуда XXI ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында компьютерлік техниканы, интернетті, электрондық және оқулықтарды, интерактивті тақтаны оқу үрдісін тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру арқылы нысанға алынып отыр. Осы күнге дейін интерактивті тақтаны пәндерді оқытуда пайдаланудың тиімді жолдарын пайдалануда.

Пән бойынша берілетін білім мазмұнының меңгерілуі, сол білімді пайдалану арқылы оқушының өмірлік дағдысы мен іскерлігі өлшенеді, ендігі жерде білімінң сапасы нәтижеге бағытталады, іскерлік қатынасы көтеру мақсат етіледі.

Қазіргі заман педагогтары тек пәнінің терең білгірі болуы емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етіледі.

Елбасымыздың Қазақстан халқына жолдауына сүйенсек, білім беру реформасының басты өлшемі тиісті білім, білік алған еліміздің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі керек. Ал бұл міндетті өз пәнінің білікті маманы, кәсіби компоненттілігі дамыған педагог қызметкер ғана жүзеге асыра алады. Біздің зерттеуімізде «Бейнелеу өнері» негізінде болашқ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – басты міндет болып отыр.

Эстетикалық тәрбие мен эстетикалық мәдениет теориясы бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен педагогикалық тәжірибелерде де бейнелеу өнері негізін жас ұрпақ тәрбиесінде пайдалану өзекті алғы шарттарының бірі ретінде қарастырылып келді. Бұл салада еңбек етіп, үлес қосып жатқандардың арасында өнердің жастар тәрбиесіндегі педагогикалық, психологиялық факторларын ғылыми тәжірибе арқылы зерттеп, құнды тұжырым жасаған педагог-ғалымдар аз болған жоқ.

Эстетикалық тәрбие беруде кескіндеме, музыка, бейнелеу өнерінің алғы шарттарын теориялық тұрғыдан қарастырумен шектеп қана қоюға болмайды. Өйткені, эстетикалық тәрбие өнермен айналысу, жалпы адамдардың қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес келетін көлемдердегі шығармашылық әрекет. Көркем айғақтар мен құбылыстарды тек қана эстетикалық цикл пәндерін зерттеу процесінде ғана игеру мен сезіну жеткілікті болмайтындығы баршаға мәлім. Әлеуметтік педагогтардың эстетикалық шығармашылық дарындарын дамыту шынайы сөз арқылы, көру-көрнекілік және дыбыстық бейнелеудің көмегі арқылы ұсына отырып, олардың икемділіктері мен дағдыларын қалыптастыру көзделген жағдайда ғана мүмкін болады. Тек осылай эстетикалық тәрбиенің диалектикалық аспектілерін қарастыра отырып, эстетикалық цикл пәндерін оқытудың мақсаты әрекетсіз теория көмегімен ғана мүмкін болмайды деп тұжырымдай аламыз.

«Эстетика» (грек. Aisthetes – сезінуші, сезім қызметіне қатысты) – көркемдік таным теориясы; әсемдік туралы, көркем шығармашылықтың жалпы заңдары туралы, адамның болмысқа эстетикалық қатынасы туралы ғылым. Эстетика ұғымы қолданысқа сұлулық, сезім жөніндегі ғылымды белгілеу мақсатымен тұңғыш рет неміс философы 1750 жылы А.Баумгартеннің ұсынысымен енгізілген.

Эстетика өнердің өзін зерттеумен ғана шектелмейді, адамның материалдық және эстетикалық көзқарасын зерттейді. Эстетика көркем шығармашылық эстетикалық бағасын әлеуметтік, саяси бағасымен біріктіре алып қарайтын көркем сынмен тығыз байланысты.

Көркем өнердің адамдардың сезіміне, жан-дүниесіне әсер ету мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланып отырған шетелдік мәдениет құралдарының алпауыт иелері оны табыс көзіне айналдырып, құнсыз материалдармен жастар және балаларды санасыздық, ойсыздық селкілдеп бекер уақыт өткізу секілді жат істерге жетелеуде. Келе жатқан процеске қарсы Отанымызда «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өткеннен қалған мәдениет, әдебиет, өнер туындыларын тарихи құндылықтар ретінде жинақтап, сақтау және жас ұрпақ тәрбиесінде тиімді пайдалану көзделсе, «Қазақстан Республикасының тәлім-тәрбие

тұжырымдамасында» жастардың рухани-эстетикалық тәрбиесіне көңіл бөлу проблемалары көтерілген.

Жоғары оқу орындарында оқытатын барлық пәндер бойынша дәріс, семинар, практикалық сабақтар мен өздік жұмыстар, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарының мазмұнында орын алатын эстетикалық тәрбиенің маңызы зор. Ал эстетикалық тәрбиенің басты құралдарының бірі, көркем өнердің аса ұрымтал түрлерінің бірі – бейнелеу өнері. Біздің зерттеуіміз осы бейнелеу өнері негізінде әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға арналған. Әрине, бейнелеу өнерінің бағалылығы эстетикалық талғамға байланысты. Талғам жоғарылығы мәдениет көрсеткішінің бір белгісі.

Зерттеу жұмысының тақырыбындағы «мәдениет» деген терминге келсек, ол қазақ тіліне арабтың «маданият», яғни «қала, қалалық» деген сөзінен енген. Бұл орта ғасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсінікпен байланысты. Мәдениет ұғымы тарихи қалыптасудың ұзақ даму жолынан өтті. Мысалы, Еуропа халықтары мәдениетті өркениетпен қатар қойып, байланыстырады. Тіпті кейбір шетелдік зерттеушілер «Мәдениет пен өркениет бір, олар синонимдер», «Өркениет – мәдениеттің прогресі, болашақ бой сермеуі, қоғамның парасаттылық деңгейі» деп түсіндіреді.

Негізінен, адамның дамуына сырттай әсер ететін қозғаушы факторлар – білім беру, оқыту, тәрбиелеу, яғни педагогиканың негізгі категориялары болса, ал адам өмірінің құндылығы оның руханилығы, өзінің кім екенін саналы түрде меңгеруге ықпал ететін қозғаушы факторлар – жан мен рух екенін көптеген ғалымдар мойындауда. Б.С. Гершунский «…адамгершілік, рухани құндылықтың сапалық деңгейінің төмендеуі, өркениет пен дүниетанымның тұйыққа тірелуі, XXI ғасыр қарсаңындағы және үшінші мыңжылдықтағы жүйелі тоқырау, қоғамдық өмірдің үш моделін: білім, дін, ғылымды қамтитындығын көрсетеді. Келешекте білім беру арқылы білім мен сенімнің арасындағы алшақтықты жоюға және білім арқылы материалдық және рухани әлемді тануға болады» деген көзқарас тудырады.

Қазіргі заманғы сөздіктерде мәдениетке төмендегідей анықтамалар берілген:

1 Мәдениет – белгілі бір халықтың қол жеткен табыстары мен шығармашылығының жиынтығы.

2 Мәдениет – адамзат қауымының белгілі бір тарихи кеңістіктегі қызметі мен өзіндік ерекшеліктері (палеолит мәдениеті, сақ мәдениеті, скиф дәуірі мәдениеті, қазақ мәдениеті).

3 Мәдениет – адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі (сөйлеу мәдениеті, құқық мәдениеті т.б.).

4 Мәдениет – адамзаттың тарихи дамуының нәтижесі және адамгершілік қоғамдық қарым-қатынастарының қол жеткен табысы.

Анықтамалар жүйесіне назар аударсақ мәдениеттің мәні негізінен адам іс-әрекеті арқылы ашылатынын байқадық. Яғни, мәдениет ұғымының аясы кең әрі күрделі. Біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыбына «адамдық әрекеттің белгілі бір саласының жетілу деңгейі» ретінде қабылданатын мәдениеттің анықтамасы жақын болып келеді. Олай дейтініміз, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үрдісінде студенттерді жеке тұлға ретінде қалыптастыру, болашақ кәсібіне қажетті сапаларды тәрбиелеу, кәсіптік білім, білік, дағдыларды жоғары деңгейде меңгерту мақсаты алға қойылады. Демек, зерттеу жұмысымызда *мәдениет – тұлға мүмкіндіктерінің ең жоғарғы деңгейі* ретінде қарастырылады.

Тұлға мәдениетінің негізгі және қажетті құрамды буыны – оның *эстетикалық мәдениетінің* болуы.

Эстетикалық мәдениет – рухани мәдениеттің маңызды бір саласы ретінде табиғат пен адам баласының шығармашылық еңбегімен жасалатын эстетикалық құндылықтардың жиынтығы, оларды жасау және қолдану тәсілдері. Эстетикалық құндылықтар қоғамның өмірмен қарым-қатынасқа түсуіне, қоғамның жетілу талпынысына, қоғамдық қатынастардың барлық жүйесінің толыққанды өркендеуіне қатысады.

«Эстетика» және «мәдениет» терминдерінің мән-мағынасын жан-жақты ашып көрсете отырып, зерттеу жұмысының тақырыбына байланысты «эстетикалық мәдениетті қалыптастыру» ұғымына біз өз тұрғымыздан анықтама бердік, яғни *«жеке адамның немесе*

тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру – оның бойына халықтың объективті эстетикалық құндылықтарын сіңіре отырып, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу үрдісі» .

Эстетикалық мәдениеттің құрамына: э*стетикалық қажеттілік; эстетикалық қызығушылық; эстетикалық талғам; эстетикалық әрекет; кәсіби біліктіліктер* кіреді. Сондықтан жеке тұлғаның эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үшін осы айтылған құрамдас компоненттердің әрқайсысының студенттің бойында болуын міндетті түрде ескеру және оларды қалыптастыру қажет деп есептейміз. Демек, эстетикалық мәдениетті қалыптастырудың мақсаты – тұлға бойында эстетикалық құндылықтарды сіңіруді қажетсінуін, оған деген қызығушылығын, эстетикалық талғамын дамыту, білімі мен біліктілігін, қабілеттерін жоғары деңгейге жеткізу болып табылуы тиіс.

Мектептегі эстетикалық тәрбие саласындағы қалыптасқан жағдайға әсер ету үшін болашақ мұғалімдер оқу-тәрбие процесінің барлық жақтарын қамтуы тиістігіне сенімді болуы тиіс. Қалай да болса тәрбиелеу тек қана адамды өнерге тартуды ғана емес, сонымен бірге, оның кез келген істе: оқуда, өндірісте, ғылым мен өнерде қажетті шығармашылық қабілеттерін оятуды білдіреді. Осыған орай, біз болашақ мұғалімдерді оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға даярлаудың мазмұндық-құрылымдық моделін, Б.А.Мухаметжанов «Арнайы мүсін» және «Қыш негіздері» пәндері арқылы болашақ сурет және сызу пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін қалыптастыру, Д.И.Үркінбаева сәндік-қолданбалы қолөнер арқылы технология пәні мұғалімдерінің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру, Г.К.Шырынбекова дәстүрлі қолөнер арқылы жоғары сынып оқушыларының эстетикалық мәдениеттілігін қалыптастыру моделдеріне сүйене отырып бірінші суреттегідей түздік.

«Бейнелеу өнерін» оқытудағы тәрбиелік мүмкіндіктерді пайдалану арқылы пәндік білім, білік, дағдылардың және эстетикалық мәдениеттің қалыптасу деңгейін бағалау өлшемдері мен көрсеткіштерін айқындау қажет болды. Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың тәрбиелік мүмкіндіктерін анықтау барысында болашақ мұғалімдердің даярлаудың мотивациялық-танымдық, эмоционалдық-бағалаушылық, процессуалды-іс-әрекеттік деп аталатын нақты компоненттерінің өлшемдері, көрсеткіштері және деңгейлерін анықталады:

- *мотивациялық-танымдық* компонент педагогтардың бейнелеу өнерін оқып-үйренуде ынтасы, қызуғушылығы және қажеттілігімен сипатталады;

- *эмоционалдық-сезімдік* компоненті мәдени мұра құндылықтарын үлгі тұтып, эмоционалды көңіл-күймен қабылдауы, оны игеру мен дамытуда эстетикалық бағалау көзқарасын қалыптастыру деңгейімен сипатталады;

Болашақ әлеуметтік педаготардың кәсіби қызметін тиімді орындауды қамтамасыз ететін талаптардың мазмұндық моделі

- *процессуалды-іс-әрекеттік* компоненті оқушылардың өнерді жүйелі түрде меңгеруде шығармашылық іс-әрекет біліктерінің қалыптасу деңгейлерін анықтауымен сипатталады.

Сонымен қатар, «Бейнелеу өнері» негізінде эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың үш деңгейі – төмен, орта, жоғары болып бірінші кеседегідей белгіленді.

Төменгі деңгей– педагогтардың өнер туралы жалпы мағлұматы болғанымен, оған деген қызығушылық деңгейі төмен. Оны өз шығармашылық мәдени деңгейін көтеруде пайдаланудың қажеттілігін жете түсінбейді; сенімі тұрақсыз; бейнелеу өнерін оқып-үйренуде қажет практикалық дағдылары қалыптаспаған.

Мұның өзі педагогтардың бейнелеу өнерін оқып-үйренуде шығармашылыққа қол жеткізу тәсілдерін игеруге тиянақсыз бағдарланудың пайда болуымен ерекшелінеді. Педагогтардың эстетикалық мәдениеттерін қалыптастыру тек дәстүрлі бейнелеу өнерін оқып-үйренуде деңгейлерінде көрінеді.

Ең басты нәрсе бейнелеу өнерін оқып-үйрену шығармашылықта өнердің табиғи болмысын эстетикалық, көркемдікпен қабылдап оны дамытудан және шығармашылық қызметте пайда болған талпыныстан көрініс табады.

Орта деңгей – педагогтардың өнерге деген ынта-ықыласы бар болғанымен, жүйелі емес және білімінің тұрақтылығы жоқ. Өнердің ерекшеліктерін білгенімен, оны эстетикамен, мәдениетпен байланысты қажеттілігін түсініп айқындай алмайды, сенімі тұрақсыз, туындыларды дайындауда іскерлік таныта алмайды, теория мен практикадан алған білім мен іскерлік дағдысын көркем өнердегі шығармашылық жұмыстарында анық көрсете алмайды. Бейнелеу өнерін оқып-үйренуде білімі мен қарапайым біліктері болып, өзіндік ерекшеліктерін ажырата білгенімен, жасалу технологиясын жақсы меңгермегендіктен, қызығушылық танытпайды.

Жоғары деңгей – педагогтар өнер үлгілерінің даму тарихын өздігімен ізденіп оқиды, оған деген қызығушылығы өте жоғары. Бейнелеу өнеріне деген эстетикалық қызығушылығы, эстетикалық шығармашылықтағы мәні мен маңызына ғылыми көзқарасы қалыптасқан, жасалу технологиясын жақсы меңгеруге саналы ұмтылады, оның мүмкіндіктеріне сенімі мол, бейнелеу өнерінің туындыларын мәдени мұра деп саналы қабылдайды, эстетикалық талғаммен бағалайды, жасалу технологиясын жетік меңгерген.

Болашақ бейнелеу өнері арқылы педагогтардың эстетикалық мәдениетін қалыптастыру жоғарыда берілген деңгейлерін мынадай өлшемдермен қосымша сипаттауға болады: *бірінші өлшем*, бейнелеу өнеріне қызығушылықтың, дұрыс қатынастың болуы, олардың эстетикалық мәдениеттің қалыптастырудағы қажеттілігін түсінуді бейнелейді;

екінші өлшем, эстетикалық мәдениетті қалыптастыруда өзін-өзі жетілдіру үшін мүмкіндік жасау туралы білімін сипаттайды;

Орта мектептерде білім берудің ақпараттық технологияларын пайдаланудың тиімді жолдары айқындалып, оларды іске асыру әдістемесі көрсетілді. Тәжірибелік эксперименттік жұмыстың мазмұны баяндалып, оның нәтижелеріне талдау жасалды, жоғары педагогикалық оқу орнының 3-4 курс студенттеріне қатысы бар арнайы курс бағдарламасының мазмұны берілді. Осы бағдарлама негізінде жүргізілген оқушылардың эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары, іс-тәжірибесінің нәтижелері көрініс тапты.

Қазіргі таңда өнердің тәрбиедегі ролі оның мәнімен, өзіндік атқаратын қызметімен анықталады. Өнер өмірді көркем де әсем образда бере отырып, адамның оны танып білуіне, рухани баюына, дүниеге, табиғатқа деген көзқарасының қалыптасуына септігін тигізеді. Қазіргі таңдағы басты міндет - өз жерін, өз елін, өнерін сүйетін, өз халқының тарихын, тілін, дәстүрін, әдет-ғұрпын білетін азаматты тәрбиелеу.

Қорыта келе, болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыру үшін ең алдымен студенттің функционалдық сауаттылығы мен кез-келген мәселені дұрыс шеше білу қасиетінен көрініс табады. Студент қоғам талабына сай өзін-өзі үздіксіз жетілдіріп отыратын, кәсіби білімді, жаңа технологияларды меңгерген, ортамен қарым-қатынасқа тез бейімделе алатын, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары, тәжірибесі мол, т.б. қасиеттерді жинақтағанда ғана кәсіби құзыретті маман бола алады. Болашақ әлеуметтік педагогтардың эстетикалық мәдениетін бейнелеу өнері арқылы қалыптастыруда өзінің педагогикалық әрекетін жоғары дәрежеде жүргізе алатын, қарым-қатынасқа әрдайым дайын, педагогикалық үдерісте үнемі оң нәтижелерге қол жеткізіп отыратын маманды атауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өнерлі жасқа жол ашқан // Қалдырар ізің мәңгілік Республикалық үздік мұғалімдер туралы очерктер жинағы – Алматы: Мектеп, 2002. – Б. 29-31.

2. Сурет пәніне талапкер-суретшіні шығармашылық жолға дайындаудың маңызы // Қазіргі заманғы сәулет және құрылыс: проблемалар және даму болашақтары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, ЕҰУ 2006. – Б. 167-170.

3. Қазіргі кездегі болашақ мұғалімдерді даярлаудың тарихи педагогикалық және мәдени әлеуметтік алғы шарттары // Кредиттік оқыту технология шартына сәйкес болашақ мамандардың кәсіптік құзырлығын қалыптастыру: тәжірибе, проблемалар және

перспективалар: халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. – Көкшетау, 2009. – Б. 155-158.

4. Болашақ «Бейнелеу өнері» пәні мамандарын даярлаудың әдістемелік талаптары // Қазақстан Республикасы психология ғылымының көкейкесті мәселелері және даму бағыттары. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: ҚМҚПУ, 15 қаңтар 2010. – Б. 278-280.

5. Эстетическое воспитание в вузе // Психолого-педагогическое сопровождение адаптации и профессионализации студентов в образовательном пространстве. Региональная научно-практическая конференция. – Бийск, 22 января 2010. – С. 301-304.

6. Болашақ бейнелеу өнері мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру // Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының хабаршысы. – Алматы, №2, 2010. – Б. 38-43.

КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ КӨРКЕМӨНЕРГЕ БАУЛУ ШЕБЕРЛІГІН ДАМЫТУ БАҒЫТТАРЫ

Шамарова Айгуль Урынгалиевна
Қ.Дүтбаева атындағы Атырау гуманитарлық колледжінің оқытушысы, Атырау қ.
Shamarova1976@mail.ru

Сембаева Айнагүл Нұрболатқызы
М.Отаралиев атындағы орта мектеп
Ainagul.sembayeva@bk.ru

Сарсекенова Айсұлу Бағытқызы
«Өрлеу» БАҰО АҚФ Атырау облысы КДИ оқытушы
sarsekenova61@mail.ru,

Аңдатпа

Көркем еңбек пәнін оқыту барысында мұғалімдердің, студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдары қарастырылады. Педагогикалық тәжірибе негізінде жобалық оқыту, көркемөнерге баулу шеберлігі цифрлық технологияларды (Canva, AI, геймификация), Zero waste тәсілдерін қолданудың тиімділігі көрсетілген. Сабақ барысында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мен инклюзивті білім беру әдістерін жүзеге асыру ерекшеліктері сипатталады. Әдістер мұғалімдердің, студенттердің шығармашылық қабілетін арттыруға, қызығушылығын оятуға және сабақта, іс әрекетте тәжірибелік, практикалық дағдыларын дамытуға оң әсер ететінін дәлелдейді.

Түйін сөздер:көркем еңбек, көркемөнерге баулу шеберлігі, кәсіби құзыреттілік, жобалық оқыту, цифрлық технологиялар, жасанды интеллект, геймификация, Zero waste, ұлттық құндылықтар, қолөнер, инклюзивті білім беру, шығармашылық қабілет, дизайн.

Annotation

In the process of teaching the subject of artistic labor, ways of developing the professional competence of teachers and students are considered. Based on pedagogical experience, the effectiveness of using digital technologies (Canva, AI, gamification), Zero waste methods of project-based learning, artistic skills is shown. During the lesson, the features of the formation of national values and the implementation of inclusive education methods are described. The methods prove that they have a positive effect on increasing the creative abilities of teachers and students, stimulating interest and developing practical, practical skills in the classroom, in activities.

Keywords: artistic work, art skills, professional competence, project learning, digital technologies, artificial intelligence, gamification, Zero waste, national values, crafts, inclusive education, creative ability, design.

Қазіргі мұғалім-кәсіптік даярлығы жоғары, озық педагогикалық технологияларды меңгерген және оны өзінің іс-тәжірибесінде тиімді қолдана білетін, жан-жақты дамыған шығармашыл тұлға болуы, ұйымдастырылуы мен өткізілуіне ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінгі мұғалімнен теориялық білімдерін пайдалана алу білігі; студенттерді оқыту мен тәрбиелеудегі өз бетімен жобалау мен бағдарлау мәдениеті негіздерін игере алуы талап етіледі. Осы орайда қазіргі білім беру жүйесі педагогтан білім беруді ғана емес, мұғалімдердің, студенттердің шығармашылық қабілетін, кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған инновациялық әдістерді қолдануды талап етеді. Әсіресе, көркем еңбек пәні – студенттердің болашақ педагогтың эстетикалық талғамын қалыптастырып қана қоймай, олардың практикалық дағдыларын жетілдіретін маңызды пәндердің бірі.

Көркем еңбек пәнін оқытуда қазақ халқының жоғарғы философиялық мәдениетіне мән беріп, әлемді ұғымдық мағынада шегелеп көрсетуден гөрі, көркем бейнелермен астарлап өрнектегенді қалап келген халықтардың қатарына жатады. Қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, түркілік ерекшеліктерді танытатын философиялық-этикалық ойлар мен тұжырымдар жеткілікті болғаны белгілі. Қол өнері мен сән өнерінің ағаш ұқсату, зергерлік өнері, кесте және кілем тоқу салалары дамыды. Киіз үйдің іші мен сырты, бау-басқұры секілді жиһаздық заттары тартымды әрі биязы ою-өрнекпен әсемделеді. Сәндік, тұтыну заттарынан басқа да басқұр, алаша, тықыр кілем, кебеже, т.б. қолөнері бұйымдары киіз үй ішін безендіруде басты орын алады. Осы бұйымдарды дайындау қазіргі көркем еңбек пәнін оқыту барысында заманауи педагогикалық әдістер мен цифрлық технологияларды тиімді қолдану арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту жолдарын айқындау, қазақтың озық үлгілі ұлттық құндылықтары негізінде олардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіруде пайдаланылады.

Қазіргі білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мен дамыту – басты талаптардың бірі болып табылады. Әсіресе, көркем еңбек пәнінде студенттердің шығармашылық ойлауын, практикалық дағдыларын және эстетикалық талғамын дамыту ерекше маңызға ие.

Бүгінгі таңда білім беру үдерісін цифрландыру, инновациялық әдістерді енгізу және ұлттық құндылықтарды сақтай отырып оқыту – өзекті мәселелердің қатарында. Осыған байланысты көркем еңбек сабақтарында жобалық оқыту, цифрлық технологиялар және заманауи тәсілдерді тиімді қолдану қажеттілігі артып отыр. Осы қарастырылған мәселелер қазіргі білім беру талаптарына толық сәйкес келеді және студенттердің кәсіби әрі шығармашылық дамуына ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады.

1. Кәсіби құзыреттілікті дамытудағы инновациялық әдістер

Көркем еңбек сабақтарында келесі инновациялық және практикалық әдістерді қолдану тиімді:

• Жобалық оқыту технологиясы – студенттер өз бетінше өнім жасап, оны қорғау арқылы тәжірибе жинақтайды;

• Дизайн-ойлау (Design thin…

1. Кәсіби құзыреттілікті дамыту (нақты тәжірибе)

Сабақта жобалық оқыту әдісін жиі қолдану. Мысалы:

«Сыйлық бұйым жасау» тақырыбында студенттерге тапсырма беріледі:

• өздері дизайн ойлап табу;

• эскиз сызу;

• дайын бұйым жасау (құрақ, сәндік панно, аксессуар);

•соңында қорғау.

Нәтиже:

• Студенттердің 80%-ы өз идеясын еркін қорғады;

• Өз бетінше жұмыс істеу дағдылары артты;

• Кейбір студенттердің бұйымдарын көрмеге қою ұсынылады.

Сонымен қатар, Zero waste технологиясын қолдану:

• мата қалдықтарынан бұйым жасау;

• экологиялық ойлау, экологиялық мәдениетті және құзыреттілігін қалыптастыру

Zero waste – қалдықсыз немесе аз қалдықпен өндіріс және шығармашылық жұмыстар жасау технологиясы. Көркем еңбек пәнінде бұл әдісті қолдану арқылы студенттер шығармашылықпен айналысып қана қоймай, экологиялық санасын да дамытады.

Қолдану жолдары:

• Мата қалдықтары мен қағаз қалдықтарын жаңа бұйым жасауға пайдалану (құрақ, аппликация, панно);

• Пластик, фанера, қағаз, жіп сияқты материалдардың қайта өңделуін қарастыру;

• Артық материалдарды шығармашылық жобаларда прототип жасауға қолдану;

• Студенттерге «әр қалдық – жаңа мүмкіндік» деген қағиданы үйрету.

Сабақтағы мысалдар:



• «Құрақтан панно жасау» – мата қалдықтарын пайдаланып ұлттық өрнекті панно құру;

•«Қағаздан бұйымдар» – ескі журнал, газеттен сәндік элементтер жасау;

• «Аксессуар жасау» – қалдық жіп, реңктерді біріктіріп креативті бұйымдар жасау.

Тиімділігі:

• Студенттердің шығармашылық қабілеті дамиды;
• Экологиялық сана қалыптасады;
• Материалдарды үнемдеу дағдысы қалыптасады;
• Жеке жобалар арқылы тәжірибе жинақтайды.

Zero waste технологиясы көркем еңбек сабағын заманауи, экологиялық саналы және шығармашылыққа бағытталған сабақ, бұл әдіс студенттерге кәсіби дағдыларын дамытып қана қоймай, қоршаған ортаға жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

1. Графикалық және дизайн бағдарламаларын сабақ барысында қолдана отыру.
   • Canva – постер, презентация, эскиз жасау
   • Adobe Photoshop / Illustrator – кәсіби дизайн өңдеу

Тиімділігі: визуалды ойлауы адамның ойлау бағытын басқару және дизайн дағдылары дамиды

2. 3D модельдеу бағдарламаларын қолдану
   • SketchUp – интерьер, жиһаз макетін жасау
   • Tinkercad – қарапайым 3D модельдер құрастыру

Тиімділігі: кеңістіктік ойлау қалыптасады

3. Жасанды интеллект (AI)
   • Эскиз идеяларын генерациялау
   • Дизайн нұсқаларын ұсыну

Тиімділігі: креативті ойлау жылдам дамиды

VR/AR технологияларын қолдану
   • Виртуалды ортада дизайнды көру Мысалы: киім дизайн үлгілерін салу
   • Дайын жобаны 3D форматта қарастыру

Тиімділігі: шынайы тәжірибеге жақын оқыту

5. Онлайн платформалар және ресурстар қолдану
   • Pinterest – идеялар жинау
   • YouTube – мастер-класс көру

Тиімділігі: өзіндік білім алу дағдысы қалыптасады

6. Геймификация платформалары қолдану әртүрлі оқу тапсырмаларына қатысуын арттырады
   • Kahoot, Quizizz – викторина, тест

Тиімділігі: қызығушылық пен белсенділік артады

7. Сандық портфолио (Digital portfolio)
   • Студенттердің жұмыстарын онлайн жинақтау (Google Drive, Padlet)



Тиімділігі: жетістіктерін бақылау және бағалау жеңілдейді

Нәтиже:

• Сабаққа қызығушылық артты;
• Студенттер заманауи дизайнмен жұмыс істеуді үйренеді;
•Шығармашылық ойлау дамиды.

Геймификация:

• «Кім жылдам?» эскиз ойыны
• «Дизайнер бол» командалық сайысы

3. Құндылыққа бағдарланған тәрбие (тәжірибе)

Сабақ барысында ұлттық құндылықтарды енгізуге ерекше мән беріледі.

Мысал:«Құрақ құрау өнері» тақырыбында:

- әр өрнектің мағынасы түсіндірілді;
- студенттер өз отбасына арнап бұйым жасады.

Нәтиже:

- Студенттер ұлттық өнерге қызығушылық танытып, ізденеді;
- Кейбіреуі үйде ата-анасымен бірге жұмыс жасайды;
- Тәрбиелік мәні жоғары болды. Ұлттық сана сезімі оянған, ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан

Инклюзивті білім беру (тәжірибе)

Топта әртүрлі деңгейдегі студенттер болғандықтан, саралап оқыту әдісін қолданылады.

Мысал:

- •Қабілеті жоғары студенттерге күрделі дизайн тапсырмасы;
- Қолдауды қажет ететін студенттерге дайын үлгі бойынша жұмыс.

Нәтиже:

- Барлық студент сабаққа қатыса алды;
- Өзіндік сенімділік артты; Өзін-өзі бағалауы жоғарылады.
- Әрқайсысы оң нәтиже көрсетті.

Тәжірибе көрсеткендей, көркем еңбек пәнінде: жобалық әдіс, цифрлық технологиялар, ұлттық құндылықтар және инклюзивті тәсілдер, тиімді қолданылса, студенттердің кәсіби құзыреттілігі айтарлықтай дамиды.

Практикалық ұсыныстар (тәжірибеден): Әр сабақта шағын жоба элементін енгізу, цифрлық платформаларды тұрақты қолдану, ұлттық өнерді заманауи форматта беру, әр студентке жеке тәсіл қолдану.

Ағылшын тілді елдерде “Art Therapy” пластикалық өнер деп аталатын контекстінде қарастырады: суреттің, графиканың, скульптураның, дизайнның және шығармашылықтың басқа да формаларында болады, оларда коммуникацияның визуалдық каналы басты роль атқарады.

Технологияларға тән іс-әрекеттердің процедуралық жағы, нақты алгоритмділігі құрылымды арт-терапиялық сабақтарда (сессияларда) көрсетілген. Бұл тәсілдер, әдістер, процедураларды жасауға және трансляциялауға, сондай-ақ болжамды нәтижелерді алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, арт-терапияның технологиясы шығармашылық вариативтілігімен ерекшеленеді. Суреттің символикалық тілі сөзге қарағанда дәлірек, тұлғаның ішкі әлемінің мазмұнын береді, әртүрлі дәстүрді ұстанатын кез келген жастағы адамдарға жаратылыстық және ұнамды.

Мұғалімнің сыныптан тыс жұмыста терапиялық сурет салуды пайдалануы педагогикалық мақсаттарына жету үшін гуманистік бағдарлы қабілеттіліктер диапазонын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Мұғалімдер, студенттер үздіксіз ізденіп, өз білімін үнемі арттырып, жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолданып отырса ғана өзінің кәсіби шеберлігін арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Выготский Л.С – Әлеуметтік-педагогикалық дамытудың теориясы. 1978 ж
2. Қазақ ұлттық қолөнері бойынша әдістемелік жинақтар:Көркем еңбек сабағын оқыту әдістемесі, Алматы, 2019.
3.Қазақ құрағы: дәстүр мен заманауи қолдану, Астана, 2020.
4. Журнал мақалалары:«Экологиялық білім беру және zero waste қолдану», Pedagogical Innovations Journal, №2, 2021.
5. «Цифрлық технологиялар мен VR/AR көркем еңбек сабақтарында», Educational Technology Review, Vol. 28, 2020.

6. Т.Самұратова Бейнелеу өнері тарихы Астана – 2013
7. З. Айдарова, Л.Диркссн Бейнелеу өнері Астана – 2010
8. Т. Мұхтаров Суретші көзімен Алматы – 2023

STEAM-ПОДХОД В СИСТЕМЕ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВАНИЯ

Себенова Багда Талгаткызы - докторант 1 курса специальности 8D01416 “Художественное образование, графика и проектирование”, Казахский национальный педагогический университет имени Абая
bsebenova7@gmail.com

Аннотация

В статье рассматриваются концептуальные основания STEAM-образования как интегративной педагогической модели, объединяющей науку, технологии, инженерное дело, искусство и математику. На основе анализа зарубежных и отечественных исследований раскрывается эволюция STEAM-подхода от концепции STEM до ее расширенной версии, включающей художественный компонент. Выявляется роль искусства в формировании креативного мышления, визуальных и межпредметных компетенций. Определяется исследовательский пробел в части недостаточной разработанности педагогических моделей STEAM в контексте художественно-педагогического образования Казахстана. Обосновывается актуальность и педагогический потенциал STEAM-подхода в системе подготовки будущих специалистов художественного образования.

Ключевые слова: STEAM-образование, художественное образование, интегративный подход, креативное мышление, межпредметные компетенции, дизайн-мышление, педагогические инновации, подготовка педагогов.

Аңдатпа

Мақалада STEAM-білім берудің ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіретін интегративті педагогикалық модель ретіндегі тұжырымдамалық негіздері қарастырылады. Шетелдік және отандық зерттеулерді талдау негізінде STEAM-тәсілдің STEM тұжырымдамасынан көркем компонентті қамтитын кеңейтілген нұсқасына дейінгі эволюциясы ашып көрсетіледі. Сонымен қатар өнердің креативті ойлауды, визуалдық және пәнаралық құзыреттерді қалыптастырудағы рөлі айқындалады. Қазақстандағы көркем-педагогикалық білім беру контекстінде STEAM-тәсілдің педагогикалық модельдерінің жеткіліксіз зерттелуімен байланысты ғылыми зерттеу олқылығы анықталады. Болашақ көркем білім беру мамандарын даярлау жүйесінде STEAM-тәсілдің өзектілігі мен педагогикалық әлеуеті негізделеді.

Түйінді сөздер: STEAM-білім беру, көркем білім беру, интегративті тәсіл, креативті ойлау, пәнаралық құзыреттер, дизайн-ойлау, педагогикалық инновациялар, педагогтарды даярлау.

Abstract

The article examines the conceptual foundations of STEAM education as an integrative pedagogical model that combines science, technology, engineering, arts, and mathematics. Based on an analysis of international and national studies, the evolution of the STEAM approach from the STEM concept to its expanded version incorporating the artistic component is explored. The role of art in the development of creative thinking, visual literacy, and interdisciplinary competencies is identified. A research gap is revealed in terms of the insufficient development of pedagogical STEAM models within the context of art teacher education in Kazakhstan. The relevance and pedagogical potential of the STEAM approach in the system of training future specialists in art education are substantiated.

Keywords: STEAM education, art education, integrative approach, creative thinking, interdisciplinary competencies, design thinking, pedagogical innovations, teacher training.

Глобальные трансформации в сфере технологий, цифровой экономики и рынка труда ставят перед системой образования новые требования: подготовить специалистов, обладающих не

только профессиональными знаниями, но и развитым креативным мышлением, исследовательскими навыками и способностью к межпредметному взаимодействию. Традиционные монодисциплинарные образовательные модели в значительной мере утрачивают свою эффективность в условиях современной креативной экономики, где ценится способность к интеграции знаний из различных областей [1].

В ответ на эти вызовы широкое распространение получила концепция STEAM-образования (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics), объединяющая естественнонаучные дисциплины с художественными практиками. Включение искусства в структуру научно-технической подготовки позволяет развивать дивергентное мышление, визуализировать сложные концепции и формировать инновационный потенциал обучающихся [2].

Особую актуальность данный подход приобретает в сфере художественного образования: будущие педагоги искусства должны не только владеть художественным мастерством, но и уметь применять исследовательские методы, проектные технологии и межпредметные связи. В контексте модернизации педагогического образования Республики Казахстан, ориентированной на компетентностный подход и инновационные технологии, теоретическое осмысление STEAM-подхода приобретает особую практическую значимость.

Цель настоящей статьи - проанализировать концептуальные основания STEAM-образования и обосновать его педагогический потенциал в системе подготовки будущих специалистов художественного образования. Для достижения этой цели проведен систематический обзор зарубежных и отечественных исследований, посвященных теоретическим основам STEAM-подхода, роли искусства в образовательном процессе и возможностям применения данной модели в художественно-педагогическом образовании.

Концепция STEAM сформировалась как расширение STEM-образования, доминировавшего в образовательной политике США и ряда других стран в начале XXI века [3]. Исследователи обратили внимание на ограниченность STEM-подхода: его недостаточный учет роли творческого и гуманитарного компонентов в формировании инновационного мышления. Включение искусства (Arts) в структуру STEM позволило выйти за рамки узкотехнической подготовки и создать условия для развития комплексных компетенций [4].

Segarra et al. [2] продемонстрировали, что интеграция художественных практик в научное образование стимулирует дивергентное мышление и инновационный подход к решению профессиональных задач. Perales & Aróstegui [4] рассматривают STEAM как образовательную стратегию, направленную на развитие межпредметного мышления и способности к творческой деятельности. Chappell et al. [5] предложили концептуальную рамку эффективного STEAM-обучения, включающую проектную деятельность, исследовательское обучение и межпредметное взаимодействие.

Роль искусства в STEAM-образовании раскрывается в нескольких ключевых аспектах. Во-первых, художественные практики развивают визуальное мышление: Zhang & Jia [6] показывают, что использование визуального искусства в STEAM-проектах углубляет понимание научных концепций и формирует навыки межпредметного анализа. Во-вторых, концепция дизайн-мышления (design thinking), по Henriksen [7], обеспечивает интеграцию художественного творчества, научного анализа и технологического проектирования в единой образовательной модели. В-третьих, Gu et al. [8] и Yim [9] демонстрируют, что STEAM-деятельность выступает эффективным инструментом формирования творческих компетенций через проектное и исследовательское обучение.

Эффективность STEAM-программ подтверждается результатами систематических обзоров: Sanz-Camarero et al. [10] фиксируют положительное влияние интегрированных STEAM-программ на творческие компетенции, исследовательскую активность и межпредметное взаимодействие студентов. На международном уровне STEAM-образование закреплено в документах ЮНЕСКО [11] и Европейской комиссии [12] как инструмент подготовки специалистов для инновационной экономики.

Несмотря на значительный массив зарубежных исследований, посвященных STEAM-образованию, ряд вопросов остается недостаточно изученным. Прежде всего, большинство

опубликованных работ сосредоточены на интеграции STEAM в естественнонаучное и технологическое образование, тогда как специфика его применения в системе подготовки педагогов художественного образования практически не рассматривается. Кроме того, отсутствуют разработанные педагогические модели, адаптированные к условиям казахстанской системы художественно-педагогического образования: существующие международные концепции требуют теоретического переосмысления с учетом национального образовательного контекста. Наконец, практически не изучена роль STEAM-подхода в профессиональной идентичности будущего педагога искусства и формировании его исследовательских компетенций. Настоящая статья направлена на частичное восполнение указанных пробелов через систематизацию теоретических оснований STEAM-подхода применительно к художественному педагогическому образованию.

STEAM-подход в художественном образовании: теоретические основания. Включение художественного компонента в структуру STEAM-образования обусловлено принципиальной ролью искусства как интегратора различных форм знания. В художественном образовании данный подход раскрывается через три ключевых педагогических функции.

Первая функция - развитие визуального и концептуального мышления. Художественные методы - визуализация данных, создание инфографики, художественное моделирование - позволяют студентам осмысливать сложные научные концепции через образный язык [6]. Это особенно значимо для педагогов искусства, профессиональный инструментарий которых строится на визуальном восприятии и пространственном мышлении.

Вторая функция - формирование проектных и исследовательских компетенций. Проектная деятельность в STEAM-среде предполагает разработку межпредметных проектов, объединяющих научные, художественные и технологические компоненты. Исследования показывают, что участие в таких проектах развивает навыки сотрудничества, критического мышления и самостоятельного решения проблем [5]. Для будущих педагогов искусства это означает освоение исследовательских методов, необходимых для профессионального роста и инновационной педагогической деятельности.

Третья функция - интеграция дизайн-мышления как педагогической стратегии. Дизайн-мышление позволяет объединить художественное творчество, научный анализ и инженерное проектирование в единой образовательной логике [7]. В системе подготовки педагогов искусства данный подход создает условия для выработки у студентов способности к инновационным педагогическим решениям - разработке авторских учебных программ, созданию оригинальных художественно-образовательных проектов и применению технологических инструментов в художественной практике.

Совокупность рассмотренных функций позволяет рассматривать STEAM-подход не как механическое добавление научных элементов к художественному образованию, а как целостную педагогическую парадигму, в которой искусство, наука и технологии вступают в продуктивное взаимодействие. Систематический обзор Sanz-Camarero et al. [10] подтверждает, что интегрированные STEAM-программы оказывают значимое положительное влияние на развитие творческих компетенций и исследовательской активности студентов - именно тех качеств, которые определяют профессиональный профиль педагога искусства в современной образовательной среде.

Проведенный анализ показывает, что STEAM-образование представляет собой теоретически обоснованную и эмпирически подтвержденную педагогическую модель, которая объединяет науку, технологии и искусство в единую образовательную систему. Искусство в данной модели выполняет триединую функцию: стимулирует дивергентное мышление, развивает визуальные и проектные компетенции, обеспечивает интеграцию различных форм знания. Применительно к художественному образованию STEAM-подход открывает принципиально новые возможности для формирования исследовательских навыков и инновационных педагогических компетенций будущих специалистов.

Статья вносит вклад в теоретическое осмысление STEAM-образования в контексте художественно-педагогической подготовки: систематизированы ключевые концептуальные

основания подхода, выявлен исследовательский пробел в части адаптации STEAM-моделей к казахстанской системе художественного педагогического образования, обоснована необходимость разработки специализированных педагогических моделей, учитывающих специфику профессиональной подготовки педагогов искусства.

Дальнейшие исследования должны быть направлены на разработку и апробацию педагогических моделей STEAM-образования в системе подготовки специалистов художественного образования Казахстана. Перспективными направлениями являются: эмпирическое изучение влияния STEAM-проектов на профессиональные компетенции студентов художественно-педагогических специальностей; разработка методических рекомендаций по интеграции STEAM-подхода в образовательные программы; исследование условий институциональной поддержки STEAM-инициатив в системе педагогического образования.

Список литературы

1. Land, M. H. (2013). Full STEAM ahead: The benefits of integrating the arts into STEM. In *Procedia Computer Science* (Vol. 20, pp. 547–552). Elsevier B.V. https://doi.org/10.1016/j.procs.2013.09.317

2. Segarra V. A., Natalizio B., Falkenberg C. V., Pulford S., Holmes R. M. STEAM: Using the arts to train well-rounded and creative scientists // Journal of Microbiology & Biology Education. 2018. Vol. 19, No. 1. https://doi.org/10.1128/jmbe.v19i1.1360

3. European Commission. STE(A)M education framework. Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2021.

4. F. Javier Perales & José Luis Aróstegui (2021): The STEAM approach: Implementation and educational, social and economic consequences , Arts Education Policy Review, DOI: 10.1080/10632913.2021.1974997

5. Chappell, K; Hetherington, L; Juillard, S; Aguirre, C; Duca, E (2025). A framework for effective STEAM education: Pedagogy for responding to wicked problems. University of Exeter. Journal contribution. https://hdl.handle.net/10871/140990

6. Zhang, C., Jia, B. Enriching STEAM education with visual art: education benefits, teaching examples, and trends. *Discov Educ* 3, 247 (2024). https://doi.org/10.1007/s44217-024-00354-w

7. Henriksen D. Creating STEAM with design thinking: Beyond STEM and arts integration // STEAM Journal. 2017. Vol. 3, No. 1. Art. 11. https://doi.org/10.5642/steam.20170301.11

8. Gu, Xiaojing & Dandan, Tong & Shi, Peiqi & Zou, Yuchen & Yuan, Han & Chen, Chen & Zhao, Guoqing. (2023). Incorporating STEAM Activities into Creativity Training in Higher Education. Thinking Skills and Creativity. 50. 101395. 10.1016/j.tsc.2023.101395.

9. Yim, Iris & Su, Jiahong & Wegerif, Rupert. (2024). STEAM in practice and research in primary schools: a systematic literature review. Research in Science & Technological Education. 43. 1-25. 10.1080/02635143.2024.2440424.

10. Sanz-Camarero R., Ortiz-Revilla J., Greca I. M. The impact of integrated STEAM education on arts education: A systematic review // Education Sciences. 2023. Vol. 13, No. 11. Art. 1139. https://doi.org/10.3390/educsci13111139

11. UNESCO. Framework for culture and arts education. Paris: UNESCO, 2024.

12. European Commission. STE(A)M education framework. Luxembourg: Publications Office of the European Union, 2021.

ӘОЖ 347.787

СӘУЛЕТ ӨНЕРІНДЕГІ МУРАЛ ӨНЕРІ

Нағым Томирис Ержанқызы
tomirisnagym@mail.ru
«Дизайн» мамандығының студенті, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекші: п.ғ.к., доцент Сағымбаев Ә.Ә.

Аннотация

Бұл мақалада қала көрінісіндегі муралдар мен стрит арттың қоғамдағы рөлін талқылайтын боламыз. Қалалық кеңістіктегі қабырғалардың көркемдік трансформациясы арқылы қоғамдық ойды жеткізудің жаңа формаларын талдау.

Зерттеу барысында салыстырмалы талдау, визуалды бақылау әдістері қолданылды. Әртүрлі қалалардағы муралдар мен стрит-арт нысандары зерттеліп, олардың тақырыптық мазмұны, композициялық шешімдері және архитектуралық ортамен байланысы қарастырылды. Нәтижесінде, қабырға беттері тек құрылыс элементі емес, қоғамдық пікірді білдіретін визуалды коммуникация алаңы ретінде қызмет атқаратыны анықталды.

Мурал мен стрит-арт арқылы суретшілер әлеуметтік мәселелерді, тарихи жадыны және мәдени құндылықтарды кең аудиторияға жеткізеді. Бұл бағыт архитектураны статикалық құрылымнан динамикалық, мағыналық кеңістікке айналдырады. Сонымен қатар, мұндай көркем араласулар қаланың эстетикалық келбетін жақсартып қана қоймай, тұрғындардың эмоционалдық қабылдауына да әсер етеді. Зерттеу нәтижелері арт-активизмнің урбанистикалық ортадағы маңызын көрсетеді.

Қорытындылай келе, мурал мен стрит-арт архитектурадағы жаңа көркем тіл ретінде қалалық кеңістікті қайта ойластыруға мүмкіндік береді және қазіргі заманғы дизайн мен урбанистикада маңызды құралға айналып отыр.

Түйінді сөздер: Стрит-арт, мурал,г раффити, суретшілер, қоғам, арт-активизм, ғимарат, қалалық орта, монументальді кескіндеме, көше өнері.

In this article, we will discuss the role of murals in the city view and street art in society. Analysis of new forms of conveying public thought through the artistic transformation of walls in urban space. In the course of the study, methods of comparative analysis, visual control were used. Murals and street art objects in different cities were studied, their thematic content, compositional solutions and relationship with the architectural environment were considered. As a result, it was found that wall surfaces serve as a visual communication platform, expressing public opinion, and not just a building element. Through Mural and street art, artists convey social issues, historical memory and cultural values to a wide audience. This direction transforms architecture from a static structure into a dynamic semantic space. In addition, such artistic interventions not only improve the aesthetic appearance of the city, but also affect the emotional perception of residents. The results of the study show the importance of art activism in an urban environment. In conclusion, mural and street art, as a new artistic language in architecture, allow the rethinking of urban space and are becoming an important tool in modern design and urbanistics.

Keywords: Street art, mural, graffiti, artists, Society, art activism, building, urban environment, monumental painting, street art.

Қазіргі заманғы урбанистикалық кеңістікте архитектура тек функционалдық құрылым ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік және мәдени коммуникацияның маңызды құралына айналып отыр. Осы тұрғыда арт-активизм, әсіресе мурал мен стрит-арт, қалалық ортаның мазмұнын жаңаша түсіндіруге мүмкіндік береді. Қала қабырғалары тек ғимараттың

бөлігі ме, әлде қоғамның ойы мен мәселесін жеткізетін құрал ма? Осы сұраққа жауап іздеу архитектурадағы арт-активизмнің мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Бүгінде қабырғалар үнсіз емес – олар сөйлейді. Мурал мен стрит-арт арқылы қала кеңістігі жаңа мағынаға ие болып, архитектура қоғамдық пікірдің айнасына айналуда.

Арт-активизм – бұл өнер арқылы әлеуметтік мәселелерді көтеруге бағытталған заманауи құбылыс. Оның архитектурадағы көрінісі ретінде мурал мен стрит-арт қалалық кеңістіктің мазмұнын өзгертіп, жаңа визуалды тіл қалыптастырады.

Ең алғашқы арт активизм сонау мыңжылдықтар бұрын басталды десекте болады. Адамзат әлі жазу білмеген кезде тастар мен тас қабырғаларға сурет салып алғашқы бейнелерді қалыптастырды. Бұл жәй ғана тіл құралы емес олардың өмір желісі болды.Қазіргі біз білетін арт активизм XX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың соңында Америкада қалыптасты.Ол әлемді тез жаулап алған өнер бағытына айналды [1]. Бірақ ол саясатта,экономикада,өнерде және мәдениетте көптеген мәселелер туғызды.Тұрақты талқылаулар, қарсыластық арт активизмге мән беруге, оны зерттеуден басқа амал қалдырмады. Сол кезден қазіргі күнге дейін арт активизм әртүрлі кезеңдерді бастан кешірді.Әртүрлі стильдер бағыттар пайда болды және де бұл бізді қазіргі арт-активизмге алып келді.

Әдеттегі қаланың күйбең көрінісіне суретшінің көзімен қарап көріңіз.Сіздің алдыңызда үлкен шығармашылық кеңістік ашылады. Қала-үлкен музей, көшелер- галереялар, қарапайым халық көрермендер.Көшеде келе жатып қабырғалардан неше түрлі суреттерді көресің. Кейбірінде қысқа да нұсқа жазу мен шағын сурет тұрады. Ал кейбірінде күрделі өнер туындысы тұрады. Қайыссы біріне қарасаңда белгілі бір ой салады. Көше өнері-барлық адамға қолжетімді көрініс. Стрит артты кейбір адамдар вандализммен шатастырады. Бірақта қазіргі таңда көше өнері біраздан бері бөлек жанр болып қалыптасқан. Және де мұнда Бэнкси, Стэш, Кит Харинк сияқты танымал жұлдыздары бар. К.Мрамор айтқандай көше өнері барлық көрерменге қолжетімді, оның мағынасы түсінуге оңай. Ал Британдық зерттеуші Сабина Андрон көше өнерін бизнес туризмді дамытудағы құрал ретінде қарастырады. Оның ойынша көше мен стрит арт мәдениет пен қаржы төңірегінде дұрыс қолданылса, қала имиджін қалыптастыратын құрал бола алады [2]. Стрит арт өз идеясымен эмоцияларын шығарғысы келетін суретшілер үшін өз-өзін көрсету құралы. Сонымен қатар көптеген суретшілер саяси ойларын, қоғамдағы өзекті мәселелерді сурет арқылы жеткізеді.

Мурал-тұрғын үйлердің ендік қабырғасына салынатын монументальды кескіндеме түрінде салынатын стрит арттың бағыты. Муралдар мемлекеттің келісімімен салынады. Сондықтанда көбінесе тәрбиелік мәні бар, ұлы тұлғалардың, жас ұрпаққа өсиеттелген суреттер салынады. Муралдың басқа бағыттардан ерекшелігі оның көлемінде, алыстан айқын көрінетін суреттер көзге бірден түсіп адам назарын аударады. Сондай-ақ кәсіби материалдар қолданылады. Муралдар жәй ғана қабырға сәні емес, қалалық мәдениеттің үлкен бір бөлшегі. Бұл жұмыстың негізі-неміс суретшісі Альбрехт Дюрердің 1508 жылы жасаған әйгілі суреті. Көше өнерінің грек шеберлері оны қайта ойластырып, 2011 жылы өз нұсқаларын ұсынды. "Біз әдейі қолымызды аударуды шештік", — деп мойындайды Манолис Анастасакос Athens voice радиосына берген сұхбатында. — Бұл бәріміз үшін дұға ететін Құдайдың қолдары сияқты. Ол оларды аспанға көтермейді, бірақ жерге түсіреді. Таңертеңгі сағаттарда аспанның үні кейде ғимараттың түсіне сәйкес келеді, ал қолдар оның кеңеюіне айналады". Көше өнерінің қаһарманы қоғамның идеалдандырылған өкілі емес, ол өзінің мінез-құлқымен кеңестік өткеннің монументалды туындыларының қабырғаларынан ұсынған белгілі бір ережелер мен догмалар жиынтығын көрсетеді. Көше өнерінің кейіпкері кез-келген адам бола алады, өзінің табиғи күйінде, көбінесе ерекше, жаңа мағынаға ие жануарлар немесе заттар шығарманың кейіпкеріне айналады [3].

Қоғамдық өнер және көше өнері ұғымдары жалпы ұқсас және қалалық кеңістіктегі сәулет нысандарындағы суреттерді білдіреді. Па-блик-арт өзінің ауқымдылығына байланысты жоғарыдан рұқсат етілген, яғни биліктің қолдауымен және рұқсатымен, мүмкін демеушілердің қатысуымен, суретшінің ақысын төлей отырып жасалған [4;5]. Шын мәнінде, қоғамдық өнер-бұл кеңестік кезеңдегі монументалды өнер сияқты мемлекеттік тапсырыс. Көше өнерін

суретшілердің өздері төменнен бастайды, бұл оны заңды шығармалар санатынан алып тастайды.

Көше өнерінің туындылары қалалық ортада стихиялық, эмоционалды түрде пайда болады, белгілі бір тар мақсатты мәселені шешеді. Көше өнері орынды көрсетеді, яғни.қалалық ортада жаңа бұрыштар, трафигі жоқ, танымал емес жаңа түрлер нүктелерін жасайды, бұл қаланы, оның әлеуметтік функцияларын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді (1-сурет).



Сурет 1. Қабырға муралы. Германия

Граффити - автордың аты немесе команданың аты жазылған қаріп композициясы. Кейде граффитиге қатысты «тег» ұғымы мәтіндік кодтың бір түрі ретінде қолданылады. Граффитиде визуалды материал жоқ, тек мәтіндік материал бар. Граффити жеке элемент ретінде де, көше өнерінің қолтаңбасы ретінде де болуы мүмкін. Граффити-бұл қоғамдастық ішіндегі қарым-қатынас тәсілі, бұл суреттерде көпшілікке әлеуметтік хабарлама жоқ. Белгілі бір қоғамдастықтың, белгілі бір субмәдениеттің мүшелері ғана графикалық тілді, күрделі қаріп композициясын және осындай жұмыстың символикасын түсінеді [6].

Тұжырымдамалардың негізгі сипаттамаларына сүйене отырып, біз одан әрі көше өнері ұғымымен ғана жұмыс жасаймыз, ол көше өнерінің формасы ретінде түсіндіріледі, сәулет объектілерінде жүзеге асырылатын, қалалық ортаны қалыптастыруға қатысатын және визуалды насихаттың ерекшеліктерін қамтитын бейнелеу негізі бар.

Монументалды кескіндеменің анықтамасын берейік. Бұл қабырға суреттері, панельдер, реңктері және сәулет өнерін безендіретін және бірыңғай ансамбльдің бір бөлігі ретінде қызмет ететін басқа да жұмыстар. Монументалды кескіндеменің тасымалдаушысы - бекітілген архитектуралық негіз немесе арнайы құрылым.

Табиғи бақылау және салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, біз бірнеше критерийлер бойынша көше өнерінің монументалды кескіндемемен қалай байланысты екенін және осы ұғымдардың сабақтастығы бар-жоғын анықтаймыз.

Көше өнері туындыларының ауқымы монументалды кескіндемедегідей үлкен емес. Үлкен кешендерді шешудің мысалдары жоқ, қалалық ортаның үлкен бөліктері. Шектеулі аумақты (ауланы, өнеркәсіптік объектінің аумағын, өту аймағын) сәндік безендіру міндеттеріне жауап беретін нүктелік шешім. Сонымен қатар, көше өнерінің туындылары, сондай-ақ өткеннің монументалды кескіндемесі тұрғын үйлердің типтік құрылысымен күресуді жалғастыруда және, мысалы, өзіндік сәулет жобасы жүзеге асырылған тұрғын үйлерде пайда болмайды, оларда көркемдік түсінудің жеткілікті деңгейі бар. Типтік дамудың

архитектуралық сәтсіздігімен күресу және қоршаған ортаны эстетикалық жақсарту қажеттілігін тудырады.

Көше өнері жерді аумақ ретінде визуализациялауға, объектілердің көмегімен мағынаны, тұжырымдаманы, орын кодын ашуға көмектеседі. Көше өнері объектілері үнемі өзгеріп отыратын архитектуралық кеңістікпен үйлесімді .

Жоғарыда қарастырылған қоғамдық өнер, көше өнері және монументалды кескіндеме ұғымдарын салыстыра отырып, олардың өзара байланысы мен айырмашылықтарын анық көруге болады. Қоғамдық өнер көбіне жоғарыдан ұйымдастырылатын, ресми рұқсатпен және қаржылық қолдаумен жүзеге асырылатын көркем практика болса, көше өнері керісінше төменнен бастау алатын, еркін, кейде заң аясынан тыс қалыптасатын шығармашылық құбылыс ретінде сипатталады. Ал граффити осы көше өнерінің бір бөлігі ретінде субмәдениеттік қарым-қатынас құралы қызметін атқарады және көбіне мәтіндік сипатқа ие болады.

Монументалды кескіндеме мен көше өнерінің арасында белгілі бір сабақтастық бар екені байқалады. Екеуі де архитектуралық кеңістікпен тікелей байланысты, ғимараттардың бетінде жүзеге асырылады және қалалық ортаның көркемдік келбетін қалыптастыруға ықпал етеді. Дегенмен, монументалды кескіндеме көбіне ауқымды, алдын ала жоспарланған және бірыңғай ансамбль құрамында орындалатын өнер түрі болса, көше өнері шағын аумақтарды қамтитын, жедел, эмоционалды және нақты бір мәселеге бағытталған сипатымен ерекшеленеді.Көше өнерінің маңызды ерекшелігі – оның қалалық кеңістікті қайта жандандыру қабілеті. Ол типтік архитектураның бірсарынды бейнесін бұзып, жаңа визуалды акценттер қалыптастырады, бұрын назардан тыс қалған кеңістіктерді мағыналық тұрғыдан қайта ашады. Сонымен қатар, көше өнері қаладағы әлеуметтік, мәдени және эстетикалық процестерді бейнелеп, тұрғындар мен кеңістік арасындағы байланысты күшейтеді.Қорытындылай келе, көше өнері заманауи қалалық мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде монументалды кескіндеменің белгілі бір дәстүрлерін жалғастыра отырып, жаңа мазмұн мен формада дамып келеді. Ол тек көркемдік құрал ғана емес, сонымен қатар қалалық ортаны трансформациялаудың, әлеуметтік идеяларды жеткізудің және кеңістікті қайта ойлаудың тиімді тәсілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Андрон С. Street art and urban tourism: the role of murals in city branding. – London: Routledge, 2018.
2. Banksy. Wall and Piece. – London: Century, 2005.
3. Haring K. Keith Haring Journals. – New York: Penguin Books, 2010.
4. Lewisohn C. Street Art: The Graffiti Revolution. – London: Tate Publishing, 2008.
5. Gastman R., Neelon C. The History of American Graffiti. – New York: Harper Design, 2011.
6. Мрамор К. Уличное искусство как форма визуальной коммуникации. – Москва: Искусство, 2015.

ӘОЖ 159.955:004

VR ЖӘНЕ AR ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ (СТУДЕНТТІҢ) КЕҢІСТІКТІК ОЙЛАУЫНА ӘСЕРІ

Талғатқызы Рита
diritas.13140303@gmail.com
«Көркем еңбек және дизайн» кафедрасының магистранты,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан
Ғылыми жетекші**: п. ғ. к., доцент Сагимбаев А. А.**

Аннотация

В данной статье рассматривается влияние иммерсивных технологий в современном искусстве, в частности виртуальной реальности (VR) и дополненной реальности (AR), на пространственное мышление студентов. Проанализированы особенности технологий VR и AR, а также примеры их применения в искусстве («Мона Лиза: за стеклом» в Лувре, «Carne y Arena» А. Иньярриту, проекты KAWS, Artivive). Исследование показало, что VR развивает творческую, абстрактную форму пространственного мышления, а AR — контекстуальную, аналитическую.

Ключевые слова: иммерсивное искусство, технология виртуальной реальности, технология дополненной реальности, пространственное мышление, студент, цифровое искусство.

Annotation

The article examines the influence of immersive technologies, namely virtual reality (VR) and augmented reality (AR), on the spatial thinking of a student in contemporary art. The features of VR and AR technologies, examples of their use in art («Mona Lisa: Beyond the Glass» at the Louvre, «Carne y Arena» by A. Iñárritu, KAWS projects, Artivive) are analyzed. The study found that VR develops the creative, abstract type of spatial thinking, while AR develops the contextual, analytical type.

Keywords: immersive art, VR technology, AR technology, spatial thinking, student, digital art.

Қазіргі цифрлық дәуірде виртуалды шындық (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологиялары тек техникалық құрал ғана емес, сонымен қатар жаңа көркемдік тіл мен шығармашылық әдіске айналды. Бұл өзгерістер дәстүрлі өнер түсінігін кеңейтіп, көрермен мен өнер туындысы арасындағы қарым-қатынасты түбегейлі өзгертуде. Қазіргі білім алушылар үшін кеңістікті тек жазықтықта емес, үшөлшемді және интерактивті ортада ойлау қажеттілігі туындады.

Иммерсивті өнер (ағылш. «immersion» – ену) – көрерменді өнер туындысының ішіне енгізіп, оны оқиғаның белсенді қатысушысына айналдыратын бағыт. Бұл өнер түрінің негізінде адамның барлық сезім мүшелеріне әсер ету арқылы «толықтай ену» психологиялық феномені жатыр [1].

Иммерсивті технологиялардың негізгі түрлері:

1. VR (Virtual Reality) – қоршаған әлемді толығымен цифрлық әлеммен алмастырады. Oculus Quest, HTC Vive сияқты гарнитуралар арқылы пайдаланушы өзін басқа әлемде табады. Виртуалды шындық әр көз үшін үш өлшемді кескін жасайтын стереоскопиялық дисплейлер арқылы жұмыс істейді. Сенсорлар бас пен дененің қозғалыстарын бақылайды, кескінді бірден бейімдейді [2].
2. AR (Augmented Reality) – цифрлық нысандарды нақты әлемге орналастырады. Смартфон немесе планшет камерасы арқылы іске асады. Кеңейтілген шындық технологиясы сізді қоршаған әлемнен оқшауламайды, керісінше оны байытады. Құрылғы камералары виртуалды нысандарды дәл орналастыру үшін кеңістікті талдайды. Pokemon GO қалаларды

ойын алаңдарына айналдырды, ал суретшілер смартфондар арқылы қалалық кеңістіктерде пайда болатын цифрлық мүсіндер жасауда [3].

3. MR (Mixed Reality) – виртуалды нысандар нақты кеңістікпен өзара әрекеттеседі (мысалы, Microsoft HoloLens).

4. Иммерсивті өнердің басты ерекшелігі – интерактивтілік. Көрерменнің қимыл-қозғалысы, дауысы немесе жанасуы инсталляцияның бейнесін немесе дыбыс ырғағын өзгерте алады. Бұл әрбір адамның өзіндік қайталанбас тәжірибе алуына жағдай жасайды [4].

VR технологиясы білім алушының шексіз цифрлық кеңістікте туынды жасауға мүмкіндік береді. Бұл ортада физика заңдары мен кеңістік шектеулері жоқ, сондықтан автор кез-келген масштабтағы және күрделіліктегі композицияларды еркін құра алады. VR технологиясының өнердегі мүмкіндіктері: үшөлшемді сурет салу (Tilt Brush, MasterpieceVR); виртуалды мүсін жасау; интерактивті көрмелер ұйымдастыру; кеңістіктік композициялар құру. Мысалдар: «Mona Lisa: Beyond the Glass» (Лувр, Париж). VR-көзілдірік киген көрермен картинаның қорғаныс әйнегінен «өтіп», Джокондамен бетпе-бет келеді. Виртуалды кеңістікте кейіпкердің қимыл-қозғалысы, дауысы және суреттің салыну тарихы баяндалады [5]. «Carne y Arena» (Алехандро Г. Иньярриту). Бұл VR инсталляциясы өнер тарихында VR технологиясы үшін берілген алғашқы «Оскар» сыйлығына ие болды. Жоба мигранттардың шынайы оқиғасына негізделген. Көрермен құм төселген залға жалаң аяқ кіріп, VR-көзілдірік киген сәтте шөл даладағы босқындар тобының арасында қалады. Жоба «эмпатия машинасы» ретінде технологияның адам жанына әсерін көрсетті [6]. Анна Жилиева – виртуалды кескіндеменің негізін қалаушылардың бірі. Оның «көлемді кескіндеме» (volumism) әдісі – ауада қалықтаған цифрлық штрихтар арқылы күрделі композициялар құру. Көрермен оның туындыларының ішіне кіріп аралай алады [7].

AR технологиясы нақты физикалық кеңістікке цифрлық нысандарды қосады. Бұл процесс көбінесе смартфон, планшет немесе арнайы AR-көзілдіріктер арқылы іске асады, бұл өнердің қолжетімділігі мен интерактивтілігін арттырады [8]. AR технологиясының өнердегі рөлі: статикалық нысандарға «жан бітіру» (картина ішіндегі кейіпкерлердің қозғалысы); көше өнері мен монументалды мүсін өнерін дамыту; музей экспонаттарын анимация арқылы көрсету. Мысалдар: KAWS: Expanded Holiday – KAWS-тың «Companion» алып цифрлық мүсіндері әлемнің ірі қалаларының аспанында «орналастырылған». Бұл виртуалды мүсіндер тек Acute Art қосымшасы арқылы көрінеді. Көрермен смартфон экраны арқылы алып цифрлық нысанды өз қаласының архитектурасымен үйлестіріп тамашалай алады [9]. «The Met Unframed» – Метрополитен музейінің AR жобасы. Көрермендер смартфон арқылы музейдің құнды жәдігерлерін өз үйіне AR форматында «орналастыра» алады. Жоба құрамына интерактивті ойындар мен танымдық тапсырмалар енгізілген [10]. Artivive – AR арқылы көше өнерін дамытатын платформа. Смартфонды қабырғадағы муралға бағыттаған сәтте кескін қозғала бастайды, кейіпкерлер тіл қатады, дыбыстық эффектілер қосылады. Бұл технология білім алушыға бір туындының ішінде бірнеше мағыналық қабат құруға мүмкіндік береді [11].

VR технологиясы білім алушыға толықтай виртуалды әлемді ұсынады. Tilt Brush немесе MasterpieceVR секілді бағдарламаларда жұмыс істеген білім алушы үшөлшемді кеңістікте еркін қозғалып, 360 градус форматында композиция құрады. Анна Жилиеваның тәжірибесі көрсеткендей, туындының ішінде жүріп, оның әр қабатын қалыптастырады. Бұл процесс кеңістіктік ойлаудың барлық аспектілерін қамтиды: тереңдікті сезіну, пропорцияны сақтау, көлемдік қатынастарды үйлестіру [7]. AR технологиясы нақты физикалық кеңістікке цифрлық нысандарды қосу арқылы жұмыс істейді. Бұл білім алушыдан нақты ортаны терең түсінуді және талдауды талап етеді. Artivive арқылы жасалған муралдар қабырғаның текстурасына, архитектуралық ерекшеліктеріне, қоршаған ландшафтқа сай жобаланады. Бұл білім алушының кеңістікті тұтас жүйе ретінде қабылдауын қалыптастырады [11].

1-кесте. Салыстырмалы талдау нәтижелері

Критерий	VR	AR
Негізгі сипаттамасы	Толықтай виртуалды кеңістік	Нақты әлемге цифрлық элементтер қосу
Кеңістіктік ойлау түрі	Абстрактілі, креативті	Контекстік, аналитикалық
Масштаб еркіндігі	Шексіз	Нақты ортамен шектелген
Перспектива	360 градус	Көрермен сырттай бақылайды
Артықшылықтары	Шексіз қиял, физикадан еркіндік	Нақты ортамен байланыс, қолжетімділік

Зерттеу нәтижелері VR және AR технологиялары білім алушының кеңістіктік ойлауын түбегейлі өзгертетінін көрсетті:

1. VR технологиясы білім алушыға шексіз шығармашылық еркіндік береді. Ол білім алушыны екі өлшемді жазықтық пен физикалық материяның шектеуінен босатып, 360 градустық кеңістікте композиция құруға мүмкіндік береді. Бұл кеңістіктік ойлаудың креативті, абстрактілі түрін дамытады.
2. AR технологиясы нақты әлемнің контекстін ескеруді талап етеді. Білім алушы виртуалды объектіні нақты жарыққа, көлеңкеге, перспективаға сай үйлестіруі керек. Бұл кеңістіктік ойлаудың контекстік, аналитикалық түрін дамытады.
3. Иммерсивті өнер білім алушыға эмоцияны жеткізудің ең қуатты құралын береді. Оқушы көрерменді белгілі бір оқиғаның ортасына тікелей енгізу арқылы оның сезімдеріне тікелей әсер етіп, эмпатия деңгейін арттырады.

Сонымен, VR және AR технологиялары білім алушының кеңістіктік ойлауын дамытып, өнерді тірі, сезінетін және үнемі өзгеріп отыратын жаңа экологиялық ортаға айналдырды. Бұл бағыт қазіргі заман өнерінің ең маңызды әрі болашағы зор саласы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Yin W., Jin J. Research on the Interactive Relationship of Immersive Art. // Design, User Experience, and Usability. HCII 2022. Springer, Cham. Vol. 13323. P. 442–453.
2. Иммерсивные технологии: что это такое и как их применять [Электрондық ресурс]. – URL: https://meta-forma.ru/blog/immersivnye-tehnologii/
3. AR и VR-технологии в современном искусстве [Электрондық ресурс]. – URL: https://teodorus.art/blognews/ar_i_vr-tekhnologii_v_sovremennom_iskusstve/
4. VR и AR в современном искусстве [Электрондық ресурс]. – URL: https://start.hsedesign.com/project/af5c7872acda43d094f2857cac5ace99
5. Mona Lisa: Beyond the Glass (Louvre) [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.vivearts.com/projects/mona-lisa-beyond-the-glass
6. Carne y Arena (Alejandro Iñárritu) [Электрондық ресурс]. – URL: https://phi.ca/en/carne-y-arena/
7. Anna Zhilyaeva – Virtual Reality Artist [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.annadreambrush.com/
8. Қазіргі өнердегі иммерсивтілік [Электрондық ресурс]. – URL: https://start.hsedesign.com/project/af5c7872acda43d094f2857cac5ace99
9. KAWS: Expanded Holiday [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.acuteart.com/discover/kaws

10. The Met Unframed [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.metmuseum.org/ru

11. Artivive (AR өнеріне арналған платформа) [Электрондық ресурс]. – URL: https://www.artivive.com/

ӘӨЖ 37.036

ДАЯРЛЫҚ ТОПТА ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Есенбай Жұлдыз Табылдықызы
7М01101 – Педагогика және психология білім бағдарламасының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қ, Қазақстан Республикасы)
Ғылыми жетекшісі, **п.ғ.д., профессор – Джанзакова Ш.И.**

Аңдатпа

Мақалада даярлық топ балаларына эстетикалық тәрбие беруде қазақ фольклорын қолданудың әдістемелік негіздері қарастырылды. Фольклорлық материалдар арқылы балалардың көркемдік қабылдауы, эстетикалық талғамы, эмоциялық мәдениеті және шығармашылық қабілеттері дамитыны айқындалды. Зерттеу нәтижесінде эстетикалық тәрбиені ұйымдастырудың тиімді әдістері мен кезеңдері ұсынылды. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды меңгерту мен балалардың тұлғалық дамуына ықпалы көрсетілді.

Кілттік сөздер: эстетикалық тәрбие, қазақ фольклоры, даярлық топ, көркемдік даму, ұлттық құндылықтар

Annotation

The article examines the methodological foundations of using Kazakh folklore in providing aesthetic education to preschool preparatory group children. It reveals that folklore materials contribute to the development of children's artistic perception, aesthetic taste, emotional culture, and creative abilities. As a result of the study, effective methods and stages for organizing aesthetic education are proposed. In addition, the impact on the acquisition of national values and the personal development of children is highlighted.

Keywords: aesthetic education, Kazakh folklore, preparatory group, artistic development, national values

Білім беру жүйесін дамытуда мектепке дейінгі жастағы балалардың эстетикалық тәрбиесі мәселесі ерекше орын алады. Даярлық топ балаларды тұлғалық қалыптасуындағы ең маңызды кезеңдердің бірі болып табылады. Себебі осы кезеңде баланың қиялы, қоршаған ортаны тануы эстетикалық тұрғыдан қабылдауы қарқынды дамиды.

Білім беру ұйымдарында халық мәдениеті арқылы балаларды эстетикалық тәрбиелеу қандай орын алады? Әлемдік педагогикада балаларды өнерге баулудың бай тәжірибелері бар. Атап айтқанда, Болгарияда Г.И.Стояновнаның қатысуымен «Ұлттық музыкалық фольклорлық одақ» құрылған. Бұл ұйым музыкалық фольклорды мектеп мен балабақшада музыкалық білім беру үдерісінің және сыныптан тыс жұмыстарды табиғи негізі ретінде орнықтыру болып табылады. [1, 47–51]. Бұндай эстетикалық тәрбиеде тұлғаның шынайылыққа, қоршаған ортаға эстетикалық қатынасын қалыптастырады. Эстетикалық тәрбие – құбылыстарды ерекше қабылдау. Сонымен қатар, баланың көркемдік іс-әрекеті. Балалардың эстетикалық тәрбиесінде жетекші әрекеті – көркемдік әрекет болып табылады.

Көркемдік тәрбиенің әсері өнердің эстетикалық құндылығы болған жағдайда ғана байқалады. Сондықтан «көркемдік және эстетикалық тәрбие өзара тығыз байланысты біртұтас ұғым ретінде қарастыралады» [2, 32]. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттың рухани мұрасы болып табылатын фольклор эстетикалық тәрбиенің маңызды құралы болып табылады.

Фольклор – ұлттың дүниетанымы мен өмірлік тәжірибесін, эстетикалық талғамы мен көркемдік ойлауын бойына жинақтаған күрделі мәдени феномен. «Фольклор» ұғымы 1846 жылдан бастап қоданыла бастаған [3]. XX ғасырда М.К.Азадовский еңбектерінде «фольклор» терминін ауыз әдебиетіне қатысты пайдаланған. Ол фольклорға әндер мен ертегілер, ырым-тиымдар, наным-сенімдерді енгізді [4].

Ал қазақ фольклорының құрамына ертегілер, аңыз-әңгімелер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, мақал-мәтелдер жатады. Бұл шығармалардың барлығы балалардың қиялын дамытып, эстетикалық сезімін қалыптастырады. Ертегілердегі кейіпкерлердің әрекеттері арқылы жақсылық пен жамандықты ажыратып, сұлулық сияқты эстетикалық категорияларды меңгереді. Сонымен қатар, балалардың сөйлеу мәдениеті, тіл байлығы, дамиды. Жаңылтпаштар мен жұмбақтар балалардың тілін жаттықтырса, ертегілер мен жырлар олардың қиялын, көркемдік талғамын дамытады. Халық ертегілері балалардың эстетикалық қабылдауын қалыптастырып, қиялын және эмоциялық сезімталдығын дамытса, мақал-мәтелдер танымдық белсенділікті арттырып, бейнелі ойлауын қалыптастырады.

Кесте 1 – Фольклор жанрлары және олардың эстетикалық әсері

Фольклор жанры	Эстетикалық әсері	Дамытылатын қасиет
Ертегілер	Бейнелілік, эмоциялық әсер	Эмпатия, қиял
Мақал-мәтелдер	Мәнерлілік	Сөйлеу мәдениеті
Жұмбақтар	Бейнелі ойлау	Логика
Халық әндері	Музыкалық әуезділік	Ырғақ сезімі
Салт-дәстүрлер	Көрнекі эстетика	Мәдени бірегейлік

Даярлық топ балаларына қазақ фольклорын қолдану арқылы эстетикалық тәрбие беру тиімді ұйымдастыруды үш кезеңге бөліп қарастырамыз. Бұл кезеңдер балалардың эстетикалық қабылдауын жүйелі түрде қалыптастыруға, олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға мүмкінді береді.

Мотивациялық кезең. Эстетикалық тәрбиенің бастапқы сатысы болып табылады. Оның мақсаты – балалардың қызығушылығын ояту, эмоционалды орта қалыптастыру. Бұл кезеңде фольклор әлеміне таныстырып, олардың мазмұнын көркемдік мазмұнға бағыттайды. Ертегілерді мәнерлеп тыңдату, сұрақ-жауап әдістерін қолдану арқылы балалардың қиялы мен эмоциялық қабылдауы дамиды.

Іс-әрекеттік кезең. Бұл кезең эстетикалық тәрбиенің негізгі мазмұнын жүзеге асыратын кезең болып табылады. Бұнда балалардың эстетикалық дағдыларын дамыту, оларды шығармашылық әрекетке баулу. Бұған рөлдік ойындар, бейнелеу, музыкалық іс-әрекеттер, ән айту, жыр жаттау, мүсіндеу қолданылады. Балалардың образдық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамдарын дамытады.

Рефлексивтік кезең. Эстетикалық тәрбиенің қорытынды кезеңі. Оның мақсаты алынған эстетикалық әсерді бекіту. Бұл кезеңде балалардың ойлауы мен сезімдерін еркін жеткізу қабілеттері дамиды. Әңгімелесу, пікір білдіру арқылы балалардың эстетикалық тәжірибесі талданады.

Аталған кезеңдік әдістемелер қазақ фольклоры негізінде эстетикалық тәрбие берудің тиімділігін арттырып, балалардың эстетикалық дамуына зор үлес қосады.

Даярлық топта қазақ фольклорын қолдану арқылы эстетикалық тәрбие беруді ұйымдастыруда әртүрлі әдістерді кешенді түрде қолдану өте маңызды болып табылады. Эстетикалық тәрбиеде ойын, сөздік, көркем шығармашылық және музыкалық әдістерден тұрады.

Ойын әдісі – даярлық топ балалар үшін негізгі іс-әрекет болып табылады. Сондықтан эстетикалық тәрбиеде бұл әдіс ерекше орын алады. Ойын барысында балалар фольклорлық мазмұнды еркін меңгереді. Яғни, ертегілерді драматизациялау, ұлттық ойындарды ойнау арқылы балалардың қиялы, ойлау қабілеті дамиды. Сондай-ақ, ойын әдісі балалардың коммуникациялық дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сөздік әдіс – балаларды4 тілдік және эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс арқылы балалар көркем сөздің мәнін түсініп, оның әсемдігін сезінеді. Мәнерлеп оқу, мазмұндау, сұрақ-жауап, әңгімелеу сияқты тәсілдер фольклорлық мәтіндердің

мазмұнын терең меңгеруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде балалардың сөздік қоры байып, тілдік ойлау қабілеті дамиды.

Музыкалық әдіс - эстетикалық тәрбиенің ажырамас бөлігі болып табылады. Халық әндерін орындау, ырғақтық жаттығулар жасау, музыкалық ойындар ұйымдастыру балалардың есту қабілетін, ырғақ сезімін және эмоциялық қабылдауын жетілдіреді. Музыкалық әрекет арқылы балалар ұлттық мәдениеттің дыбыстық ерекшеліктерін сезініп, көркемдік әсер алады.

Көркем шығармашылық әдісі - балалардың эстетикалық талғамын қалыптастыруда ерекше мәнге ие. Фольклор негізінде сурет салу, аппликация жасау, сәндік элементтер құрастыру сияқты әрекеттер балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Бұл әдіс арқылы балалар өз қиялын көркем бейнеге айналдырып, эстетикалық тәжірибе жинақтайды.

Сонымен қатар, эстетикалық тәрбиеде интеграцияланған тәсілдің маңызы зор. Яғни, өнер, қозғалыс және сөз әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың эстетикалық дамуын кешенді түрде жүзеге асыруға болады. Мұндай тәсіл баланың барлық сезім мүшелерін қамтып, білімді терең әрі тұрақты меңгеруге ықпал етеді.

Қазақ фольклоры негізінде эстетикалық тәрбие беру әдістемесінің тиімділігі бірнеше педагогикалық шарттарға байланысты жүзеге асады.

Біріншіден, эстетикалық дамытушы ортаны ұйымдастыру маңызды. Топ бөлмесінде ұлттық нақыштағы көрнекіліктерді, сәндік элементтерді, фольклорлық материалдарды орналастыру балалардың эстетикалық қабылдауын тұрақты түрде дамытады.

Екіншіден, ұлттық мәдени элементтерді пайдалану балалардың ұлттық болмысын қалыптастыруға ықпал етеді. Фольклор арқылы балалар халықтың дәстүрін, өнерін, дүниетанымын танып, эстетикалық құндылықтарды меңгереді.

Үшіншіден, балалардың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру эстетикалық тәрбиенің нәтижелілігін арттырады. Әр баланың қабылдау деңгейі, шығармашылық қабілеті әртүрлі болғандықтан, педагог оқыту үдерісінде сараланған тәсілді қолдануы қажет.

Төртіншіден, эстетикалық тәрбие үдерісінде балалардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету маңызды. Балалар тек тыңдаушы емес, шығармашылық әрекеттің тікелей қатысушысы болған жағдайда ғана эстетикалық тәжірибе толық қалыптасады.

Жалпы алғанда, ұсынылған әдістер мен тәсілдер кешені қазақ фольклоры негізінде балалардың эстетикалық талғамын тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді және олардың тұлғалық, мәдени және шығармашылық дамуын қамтамасыз етеді.

Осылайша, қазақ фольклорын даярлық топ балаларының эстетикалық тәрбиесінде жүйелі әрі мақсатты қолдану педагогикалық тұрғыдан тиімді және ғылыми негізделген тәсіл болып табылады. Фольклорлық мұраның мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері мектепке дейінгі жастағы балалардың қабылдау деңгейіне сәйкес келіп, олардың эстетикалық талғамын қалыптастыруға, көркемдік сезімін дамытуға және шығармашылық белсенділігін арттыруға кең мүмкіндік береді.

Қазақ фольклоры арқылы ұйымдастырылған эстетикалық тәрбие балалардың тек көркемдік қабылдауын жетілдіріп қана қоймай, олардың ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына, рухани-адамгершілік құндылықтарды меңгеруіне және мәдени сәйкестілігін нығайтуға ықпал етеді. Сонымен қатар, фольклорлық материалдарды қолдану балалардың эмоциялық мәдениетін, тілдік қорын, қиялын және бейнелі ойлауын кешенді түрде дамытады.

Ұсынылған кезеңдік әдістеме (мотивациялық, іс-әрекеттік, рефлексивтік) мен педагогикалық әдістер кешені (ойын, сөздік, музыкалық, көркем шығармашылық) эстетикалық тәрбиені тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер балалардың оқу үдерісіне белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, олардың жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеруге жағдай жасайды.

Қазіргі білім беру кеңістігінде эстетикалық тәрбиені жетілдіру ұлттық мазмұн мен заманауи технологиялардың үйлесімділігін талап етеді. Осыған байланысты, алдағы зерттеулердің перспективалары қазақ фольклоры негізінде цифрлық білім беру ресурстарын (интерактивті платформалар, мультимедиалық құралдар, электрондық оқу материалдары) әзірлеумен және

оларды инновациялық педагогикалық технологиялармен ықпалдастырумен тығыз байланысты.

Жалпы алғанда, қазақ фольклоры арқылы эстетикалық тәрбие беру – тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ететін, ұлттық мәдениетті сақтап, оны келер ұрпаққа жеткізудің маңызды педагогикалық тетігі болып табылады.

Пайданылған әдебиеттер

1. Стоянова, Г. И. Опыт содружества «Дарование Орфея» в Болгарии / Г.И. Стоянова // Учитель музыки. От Орфеядо ди-джея: избранные статьи. – София: Издательство «Авангард Прима», 2016. – С. 47–51.

2. Kagan, M. S. Esteticheskoe i hudozhestvennoe vospitanie v razvitom socialisticheskom obshchestve (Aesthetic and artistic education in a developed socialist society) / M.S. Kagan. – Leningrad: Znanie,1984 – 32 s.

3. *Ambrose M.* Folk-Lore // The 22 august. No 982. P. 862/ III – 863/ I. Atheneum.

4. *Азадовский М. К.* Место и роль фольклора в организации краеведческих изучений // Труды Первого сибирского краевого научно-исследовательского съезда. Новосибирск, 1928. Т. 4. С. 70–72.

ӘОЖ 37:7.01

ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ РӨЛІ

Алшымбаева Сауле Нагашбековна
mechtamms1974@gmail.com
магистр, "Өнер және көркем еңбек" кафедрасының аға оқытушысы, Ж.А. Тәшенев университеті, Шымкент, Қазақстан

Андатпа

Мақалада заманауи педагогика жағдайында ұлттық өнердің білім беру үдерісіндегі интеграциялық рөлі қарастырылады. Ұлттық өнердің оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы, мәдени сәйкестігін дамытудағы және шығармашылық қабілеттерін жетілдірудегі маңызы талданады. Сонымен қатар, ұлттық өнер элементтерін оқу пәндеріне кіріктірудің тиімді әдіс-тәсілдері мен педагогикалық мүмкіндіктері айқындалады. Пәнаралық байланыс негізінде оқыту, мәдени-танымдық құзыреттілікті дамыту және білім алушылардың тұлғалық дамуын қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады. Мақалада ұлттық өнерді білім беру мазмұнына енгізудің заманауи бағыттары мен практикалық маңызы көрсетіліп, оның білім сапасын арттырудағы ықпалы негізделеді.

Түйінді сөздер: ұлттық өнер, интеграция, педагогика, ұлттық тәрбие, мәдени мұра, білім беру

Annotation

The article discusses the integration role of National Art in the educational process in the conditions of modern pedagogy. The importance of National Art in the formation of spiritual and moral values of students, the development of cultural identity and the improvement of creative abilities is analyzed. In addition, effective methods and pedagogical opportunities for integrating elements of national art into academic disciplines are identified. The issues of teaching on the basis of interdisciplinary communication, the development of cultural and cognitive competence and ensuring the personal development of students are considered. The article reflects modern trends and practical significance of the introduction of National Art in the content of Education, substantiates its impact on improving the quality of Education.

Keywords: National Art, integration, pedagogy, National Education, Cultural Heritage, Education

Қазіргі таңда ұлттық мәдениетті сақтау мен дамыту мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр. Білім беру жүйесі тек білім берумен шектелмей, сонымен қатар тұлғаның рухани, мәдени және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда ұлттық өнер – ұлттық тәрбиенің негізгі құралдарының бірі. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты тек білім жиынтығын беріп қана қоймай, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруды көздейді. Сондықтан оны білім беру үдерісіне енгізу оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады. Бұл тұрғыда ұлттық өнердің интеграциялық рөлі ерекше маңызға ие. Ұлттық өнер - бұл өткен мен болашақты жалғайтын алтын көпір ғана емес, заманауи оқыту процесіндегі қуатты тәрбие құралы, сондай-ақ, халықтың тарихи жадының, дүниетанымының және эстетикалық мәдениетінің көрінісі.

Заманауи педагогикада білім мазмұнын интеграциялау маңызды орын алады. Интеграция білімді кешенді түрде меңгеруге, пәндер арасындағы байланысты күшейтуге және оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Ұлттық өнер осы интеграциялық үдерістің маңызды құрамдас бөлігі бола алады.

Ұлттық өнер – халықтың рухани мәдениетінің маңызды бөлігі. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен құндылықтарды сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Ұлттық

өнердің негізгі түрлеріне музыка, қолөнер, би, ауыз әдебиеті, сәндік-қолданбалы өнер жатады. Ұлттық өнердің тәрбиелік әлеуеті көпқырлы, біріншіден, ол оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастырады, екіншіден, шығармашылық қабілеттерін дамытады, үшіншіден, ұлттық мәдениетке деген құрмет сезімін оятады, төртіншіден, тарихи сананы қалыптастырады.

Ұлттық қолданбалы өнер – қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты, эстетикалық және практикалық мәнге ие мәдени мұра. Оған киіз басу, кесте тігу, ою-өрнек жасау, зергерлік бұйымдар дайындау, ағаш және тері өңдеу сияқты өнер түрлері жатады. Бұл өнер түрлерін «Көркем еңбек» пәнімен кіріктіру оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға және ұлттық құндылықтарды меңгеруіне мүмкіндік береді.

Интеграция – білім беру үдерісінде әртүрлі пәндердің мазмұнын өзара байланыстыра отырып, тұтас жүйе құру. Бұл тәсіл оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, білімді өмірлік тәжірибемен байланыстыруға мүмкіндік береді. Ғалымдардың пікірінше, интеграция оқыту тиімділігін арттырады және оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады. Ұлттық өнер осы теорияларды жүзеге асырудың нақты құралы бола алады, себебі ол білімді мәдени мазмұнмен толықтырады.

Заманауи педагогика тұрғысынан алғанда, ұлттық қолданбалы өнерді оқыту тек дағды қалыптастырумен шектелмей, ол мәдени-танымдық және тұлғалық дамуға бағытталуы тиіс. Осыған байланысты келесі интеграциялық тәсілдер ұсынылады. Бұл тәсілде көркем еңбек сабағының тақырыптары ұлттық өнер мазмұнымен толықтырылады. Мысалы, «ою-өрнек түрлері» тақырыбында қазақтың «қошқар мүйіз», «түйе табан» өрнектерін үйрету, «тоқыма бұйымдары» бөлімінде алаша, кілем тоқу элементтерін қарастыру. Бұл тәсіл оқушылардың теориялық білімін ұлттық мазмұнмен байытады. Іс-әрекет арқылы оқытуда оқушылар ұлттық бұйымдарды өз қолымен жасап көру арқылы білім алады. Мысалы, киізден шағын бұйымдар жасау, кесте тігу элементтерін орындау, ағашқа қарапайым ою түсіру. Практикалық жұмыс барысында оқушылардың моторикалық дағдылары, шығармашылық ойлауы және еңбекке деген қызығушылығы артады.

Ұлттық өнерді оқу үдерісіне енгізу бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Заманауи педагогикада ұлттық өнер элементтерін тек «Көркем еңбек» сабақтарында ғана емес, математика, физика, тарих және тіл білімі салаларында қолдану жоғары тиімділік көрсетуде. Біріншіден, пәнаралық байланыс негізіндегі интеграция, яғни ұлттық қолданбалы өнерді басқа пәндермен байланыстыру тиімді нәтиже береді, атап айтқанда, математика және геометрия пәнінде қазақтың ою-өрнектеріндегі симметрия, пропорция және геометриялық фигуралардың үйлесімі оқушылардың логикалық ойлауын дамытады, физика және акустикада - домбыра мен қобыздың үні арқылы дыбыс толқындары мен тербеліс заңдылықтарын түсіндіру сабақтың тартымдылығын арттырады, тарихпен – ұлттық бұйымдардың шығу тарихы, географиямен – аймақтық ерекшеліктер, ал, тіл және әдебиетпен жыр-толғаулар мен айтыс өнері арқылы оқушының сөздік қоры байып, шешендік өнері шыңдалады. Бұл тәсіл оқушылардың білімін кешенді түрде қалыптастырады.

Екіншіден, практикалық әрекет арқылы, ол қолөнер сабақтарында ұлттық бұйымдар жасау, музыка сабақтарында халық әндерін орындау оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Үшіншіден, жобалық оқыту негізінде оқушыларға ұлттық өнерге байланысты жобалар беру арқылы ұлттық өнер тақырыбында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өз жобаларын қорғайды. Бұл олардың зерттеушілік және презентациялық дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен қатар, қазіргі кезеңде цифрлық технологиялар білім беру жүйесіне кеңінен енгізілуде. Бұл ұлттық өнерді оқытуда жаңа мүмкіндіктер ашады. Цифрлық ресурстар арқылы ұлттық өнерді визуалды және интерактивті түрде ұсынуға болады, ою-өрнектерді графикалық бағдарламаларда құрастыруға, онлайн сабақтар негізінде бейнесабақтар арқылы қолөнер тәсілдерін үйренуге мүмкіндік бар және виртуалды мұражайлар арқылы мәдени мұраны таныстыру жүзеге асады. Сондай-ақ, түрлі білім беру платформалары арқылы ұлттық өнерді жеке білім беру қажеттіліктеріне бейімдеп оқытуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе инклюзивті

білім беру жағдайында маңызды. Бұл тәсіл оқушылардың қызығушылығын арттырып, заманауи дағдыларын қалыптастырады.

Ұлттық қолданбалы өнерді оқыту барысында тек техникалық дағдылар емес, ұлттық құндылықтар да берілуі тиіс. Сабақ барысында еңбекқорлық, ұқыптылық, эстетикалық талғам, ұлттық мәдениетке құрмет сияқты қасиеттер қалыптастырылады. Ұлттық қолданбалы өнерді «Көркем еңбек» пәнімен интеграциялау – оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың және ұлттық мәдениетті меңгертудің тиімді жолы. Бұл тәсіл білім беруді өмірмен байланыстырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, ұлттық құндылықтарды сақтауға және ұрпақ сабақтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ұлттық өнердің интеграциялық күші оның эмоционалдық әсерінде. Өнер арқылы берілген білім оқушының жадында ұзақ сақталып, оның ішкі жан дүниесіне әсер етеді.

Интеграцияның негізгі функцияларына тоқталсақ, танымдық, яғни ұлттық кодты сақтау және тарихты терең түсіну, сұлулықты сезіну және талғамды қалыптастыру, өнер тілі арқылы диалог орнату және мәдениет аралық байланысты нығайту.

Бүгінгі цифрлық қоғамда ұлттық өнерді заманауи технологиялармен оқушылардың шығармашылық әлеуетін ашады. Ұлттық өнерді оқу процесіне интеграциялау арқылы ұлттық бірегейлікті сақтай отырып, өзіндік ерекшелікті жоғалтпау, сын тұрғысынан ойлау нәтижесінде дәстүрлі өнер мен заманауи трендтерді салыстыра білу және патриотизм арқылы өз елінің мәдени мұрасына деген мақтаныш сезімін ояту секілді нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ұлттық өнер тұлғаның ұлттық бірегейлігін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Ол арқылы оқушылар өз халқының мәдениетін, дәстүрін, тарихын терең түсінеді. Ұлттық бірегейлік – бұл адамның өзін белгілі бір ұлттың өкілі ретінде сезінуі. Бұл процесс білім беру барысында қалыптасады. Ұлттық өнер осы үдерістің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Сондықтан білім беру жүйесінде ұлттық өнерді тиімді пайдалану ұлттық тәрбиені нығайтуға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, ұлттық өнер заманауи педагогикада маңызды интеграциялық ресурс болып табылады. Ол білім беру мазмұнын байытып, оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Ұлттық өнерді оқу үдерісіне жүйелі түрде енгізу оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырып, олардың мәдени құзыреттілігін арттырады. Сонымен қатар, заманауи педагогикалық технологиялармен ұштастыру білім беру сапасын арттырудың тиімді жолы болып табылады. Заманауи педагогикада ұлттық өнерді интеграциялау — бұл жай ғана қосымша әдіс емес, бұл сапалы білім мен саналы тәрбиенің негізі. Өнер арқылы білім алған ұрпақ рухани бай, ой-өрісі кең және өз халқының мұрасын қадірлейтін тұлға болып қалыптасады. Ұлттық өнердің құндылықтарын заманауи білім беру технологияларымен ұштастыру — ертеңгі күннің басты талабы. Болашақта ұлттық өнерді білім беру жүйесінде кеңінен қолдану ұлттық мәдениетті сақтаудың және дамытудың негізгі кепілі болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері.- Алматы : Рауан, 1992.- 120 бет.

2. Бұлақбаева М.К. Педагогикалық шеберлік негіздері: Оқу құралы. - Алматы: "Отан" баспасы, 2018.- 128 б.

3. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы. –Алматы, 1999. -149 б.

4. Қыраубаева А. М. Пәнді оқытудағы заманауи ізденістер: технология және жаңашылдық: оқу құралы / А.М. Қыраубаева, А.А. Қасымбек, Н.Қ. Мәтбек. - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 350 б.

ӘОЖ 310.13

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КӨРКЕМ ӨНЕРДІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Бекова Әсем Дүйсентайқызы
asemabekova05@gmail.com
Педагогикалық институт, 3 курс студенті, Астана халықаралық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі: Небесаева Ж. О. философия докторы PhD, Қауымдастырылған профессор, Астана халықаралық университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы

Аңдатпа

Бұл мақалада білім беру үдерісіндегі көркем өнердің педагогикалық мәні және маңызы жан-жақты кеңінен қарастырылады. Көркем өнер тек эстетикалық талғамды қалыптастырумен ғана шектелмей, сонымен қатар оқушылардың сыни ойлауы мен шығармашылық қабілетін, эмоционалдық интеллектісі мен қарым-қатынас дағдыларын дамытудағы маңызды құралы екені дәлелденеді. Мақалада классикалық педагогикалық идеялар, заманауи дәрежедегі психологиялық-педагогикалық зерттеулер және практикалық тәжірибеге сүйене отырып, көркем өнердің жеке тұлғаның жан-жақты дамуына тигізетін әсерлері талданады. Сонымен қатар, көркемөнерлік білім берудің ең тиімді әдістері мен технологиялары ұсыныла отырып, оның жалпы орта білім беру жүйесіндегі маңызы мен айқын рөлі көрсетіледі.

Түйінді сөздер: көркем өнер, білім беру үдерісі, эстетикалық тәрбие, эмоционалдық интеллект, коммуникативтік дағдылар, тұлға дамуы, білім беру технологиялары.

Annotation

This article examines in detail the pedagogical essence and importance of art in the educational process. It is proved that art is not only the formation of aesthetic taste, but also an important tool in the development of critical thinking and creative abilities of students, emotional intelligence and communication skills. The article analyzes classical pedagogical ideas, modern psychological and pedagogical research and the influence of art on the comprehensive development of personality based on practical experience. In addition, the most effective methods and technologies of art education are presented, its importance and obvious role in the system of general secondary education are shown.

Keywords: art, educational process, aesthetic education, emotional intelligence, communication skills, personality development, educational technologies.

Қазіргі таңда көркем өнер (кескіндеме, бейнелеу өнері, мүсін, графика және сурет) білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Ол оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймайды, сонымен қатар эстетикалық тәрбиені қамтамасыз етеді, эмоционалды интеллект мен талғамды қалыптастырады және тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бүгінгі күнде білім беру жүйесі білім алуға ғана емес, оқушыны тұлға ретінде қалыптастыруға да бағытталуы керек. Көркем өнер осы мақсатқа жетудің тиімді құралы бола алады. Оның педагогикалық маңыздылығы оқушыларға қоршаған ортаны жан-жақты бейнелі түрде игеруге, ойлау мен өзін-өзі тануды дамытуға көмектесу болып табылады.

Бейнелеу өнерінің педагогикалық негіздері. Көркем өнердің педагогикалық рөлі ежелгі кезден бері белгілі. Я. А. Коменский, И. Г. Песталоцци секілді педагогтар өнерді баланың сезім мен интеллектуалдық дамуының құралы ретінде қарастырады. Қазақстандық педагогикада С. Ұзақбаева «Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі» еңбегінде халықтық өнердегі тәрбиелік маңыздылығын атап көрсетті. Яғни көркем өнер оқушылардың шындықты бейнелі түрде қабылдауына үйретеді және бұл В.Сухомлинскийдің тұжырымдарына сәйкес келеді десек болады.

Қазіргі педагогикада көркем өнер арт-терапия арқылы біріктіріледі. Оқушылардың ұсақ моторикасын, кеңістіктік қиялын және түс сезімін дамытады. Сурет сабақтарында оқушылар нысандардың пішінін, пропорцияларын және құрамын зерттей отырып, логикалық және қиялдық ойлауды қалыптастыра алады [1 б.].

Бейнелеу өнерінің оқушылардың дамуына әсері. Өнердің педагогикалық маңызы оқушылардың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік салаларында көрінеді.

Эмоционалды даму: өнер арқылы студенттер өз сезімдерін білдіреді, стресс деңгейін төмендетеді және өзін-өзі бағалауды арттырады. Арт-терапия балалардың психоэмоционалды жағдайын түзетуге көмектеседі.

Әлеуметтік даму: жұптық жұмыс істеу немесе топтық сурет салу ынтымақтастыққа, эмпатияға және мәдениетаралық түсіністікке ықпал етеді.

Қазақстан мектептерінде бұл аспектілерге "бейнелеу өнері " және "көркем еңбек" пәндері жатады. Олар оқушыларды ұлттық мәдени мұрамен таныстырады және патриоттық сезімге ықпал етеді [2, б.].

Сонымен қатар, бейнелеу өнері пәнаралық байланыстарды нығайтады. Мысалы тарихпен: тарихи артефактілер мен кескіндеме туындыларын зерттеу; әдебиетпен: шығарманың кейіпкерлеріне иллюстрациялар жасау; математикамен: пропорциялар, симметрия және геометриялық фигураларды қолдану.

Оқыту әдістеріндегі инновациялар

Бүгінгі таңда дәстүрлі сурет салумен бірге цифрлық өнер және дизайн негіздерін оқыту өзекті болды. Ол оқушылардың заманауи технологиялық дағдыларын дамытады және оларды болашақ мамандықты таңдауға бағыттайды. Оқытушының мұндағы басты міндетінің бірі - баланы көшіруге ғана емес, өз ойын еркін білдіруге үйрету.

ҚР Білім туралы Заңына және «Білімді ұлт» жобасына сәйкес көркем өнер мектеп бағдарламаларындағы міндетті компонент болып табылады. Бастауыш сыныптарда бейнелеу өнері арқылы балалардың шығармашылық қасиеті дамытылады, ал жоғары сыныптарда – кәсіби бағыт-бағдар беріледі. Инновациялық әдістер, атап айтқанда проекттік жұмыстар мен цифрлық технологиялар көркем өнердің тиімділігін арттырады. Мысалы, сәндік-қолданбалы өнер негізі арқылы оқушылар ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, заманауи дағдыларды меңгереді [2, 3 б.].

Қазіргі педагогикалық зерттеулердегі бейнелеу өнерінің маңызы

XXI ғасырдың ғылыми-педагогикалық зерттеулері өнердің оқушылардың тұлғалық дамуына жан-жақты әсерін дәлелдеді. Зерттеулер көрсеткендей, өнер сабақтарында келесі маңызды дағдылар дамиды:

Шығармашылық және инновация. Бейнелеу өнері оқушыларды стандарттан тыс ойлауға, жаңа идеяларды ойлап табуға және оларды шығармашылықпен жүзеге асыруға үйретеді. Оқушыларға өз идеяларын дамытуға еркіндік беру - олардың шығармашылығын ашудың тиімді әдісі болып есептеледі.

Сыни тұрғыдан ойлау. Өнер туындыларын талдау, олардың мән-мағынасын түсіну мен дәлелдеу оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытады.

Эмоционалды интеллект. Бейнелеу өнері оқушыларға өз сезімдерін білдірудің тиімді әдісін ұсынады. Сурет, музыка немесе мүсін арқылы эмоционалды күйді бейнелеу вербалды емес қарым-қатынастың маңызды түрі болып табылады, әсіресе өз сезімдерін сөзбен жеткізу қиынға соғатын балалар үшін.

Шығармашылық ойлау. Сурет сабақтарында оқушылар керемет өнер туындыларына еліктеу арқылы шығармашылық ойлау дағдыларын дамытады. Олар бірегей туындыларды жасау үшін қолданылатын принциптер мен қасиеттерді түсіну арқылы өз шығармашылығын қалыптастырады.

Визуалды көрнекі сауаттылық. Көрнекі ақпаратты талдау және түсіндіру қабілеті қазіргі ақпараттық қоғамда ерекше маңызды. Сурет сабақтары оқушыларға күнделікті өмірде кездесетін көрнекі ақпаратты түсінуге дайындайды.

Өнердің тәрбиелік әлеуеті. Бейнелеу өнерінің педагогикалық маңызы танымдық дағдылармен шектелмейді. Оның білім беру әлеуеті зор. Бейнелеу өнері арқылы мәдениетаралық құзыреттілік қалыптасады. Әр түрлі мәдениеттер мен тарихи дәуірлердегі өнер туындыларымен танысу оқушылардың басқа халықтардың мәдениеттеріне деген құрметін арттырады және эмпатия мен төзімділікке тәрбиелейді.[3 б.]

Ұлттық бірегейлік қалыптасумен Қазақстандық білім беру контекстінде ұлттық көркем мұраны оқыту оқушылардың санасын қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады.

Педагогикалық тәжірибедегі орын алатын кедергілер және оларды шешу жолдары. Көркем өнердің педагогикалық маңыздылығына қарамастан, білім беру жүйесінде бірқатар кедергілер бар:

Қарақалпақ ұлттық музыкасында «Бозатау» да осындай терең тарихи мазмұнға ие классикалық туынды болып табылады. Бұл шығарманы атақты ақын, бахсы Әжінияз Қосыбайұлы (1824–1878, лақап аты Зиуар) жазған. Туынды 1858–1859 жылдардағы Хиуа хандығы тұсында болған Қоңырат көтерілісінің тарихи оқиғасына арналған, бұл көтеріліс ақыры аяусыз басылды. Көтеріліс жеңілгеннен кейін Бозатау өңірінің халқы қырылып, көпшілігі тұтқынға алынып, құлдыққа сатылды. Әжінияздың өзі де осы оқиғаның ортасында болып, тұтқынға түсті. «Бозатау» терең мұңмен халықтың туған жерге деген сағынышын, ұлт тағдырына деген алаңдаушылығын және еркіндікке деген талпынысын білдіреді. Әннің сөзінде: «Зияуарың қоштасқанда қадірің біліп,Көз жасын төгіп, бауырын тіліп,Аман болса, хәл сұрар бір келіп,Қош аман бол, бізден қалдың, Бозатау....» – деген жолдар бар. Бұл сөздер күшті эмоционалдық әсерге ие, халықтың қасіретін мәңгілік көркем бейнеге айналдырады. Айта кетерлігі, осы көтерілісте қарақалпақтар жергілікті қазақ руларымен бірлесіп, отарлық езгіге қарсы бірге күрескен. Сондықтан «Бозатау» тек қарақалпақ халқының қасірет тарихы ғана емес, екі халықтың ортақ тағдырының шежіресі болып табылады2.

«Елім-ай» мен «Бозатау» тақырыптық және рухани мазмұны жағынан өте ұқсас – олардың екеуі де халықтың қасіреті мен күресінің көркемдік бейнесі, екеуі де ұлттық рухтың маңызды символы. Екі шығарма да сыртқы жау шапқыншылығы немесе отарлық езгі кезеңінде туған, екеуі де туған жерге деген сағынышты, еркіндікке деген құштарлықты, ұлт тағдырына деген терең алаңдаушылықты білдіреді. Сабақта мұғалім осы екі шығарманы салыстыра отырып, оқушылардың әртүрлі халықтардың ұқсас тарихи жағдайда ұқсас рухани көрініс бергенін түсінуіне бағыт бере алады.

Қазақ ұлттық музыкасында ынтымақтастық пен ұжымшылдық рухы да мол. Домбырамен ұжымдық орындау – бұл рухтың ең тікелей көрінісі. Ұжымдық музыкалық тәжірибеде оқушылар «мен» мен «біздің» арақатынасын сезінеді, бірлесіп сұлулық жасау барысында ұжымдық мақтаныш сезімі, ынтымақтастық дағдысы мен жауапкершілігі табиғи түрде қалыптасады.

Қорытындылай келе, «Елім-ай» және «Бозатау» сияқты ұлттық музыканың рухани-құндылық мазмұны көп қырлы: олар халықтың қасірет тарихы арқылы отансүйгіштік пен ұлттық рухты жеткізеді, лирикалық экспрессия арқылы сезім мен эстетикалық талғамды тәрбиелейді, ұжымдық орындау арқылы ынтымақтастық рухын қалыптастырады. Бұл рухани мазмұндар музыкаға сырттан жапсырылған қосымша емес, керісінше музыканың өзінің ажырамас бөлігі.

2. Рухани-құндылық қатынасын қалыптастырудың педагогикалық жолдары

Орта сынып оқушылары өзін-өзі тану және әлеуметтік орнын анықтаудың маңызды кезеңінде тұр. Dauyenov және басқалар (2024) жүргізген зерттеу жобалық оқытудың оқушылардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға тиімді әсер ететінін көрсетті. Зерттеу барысында оқушылар өз елінің тарихы мен мәдениетін өз бетінше зерттей отырып, танымдық, эмоциялық және әрекеттік деңгейлерде ұлтқа деген ортақтық сезімін қалыптастырады3. Бұл нәтиже ұлттық музыкалық тәрбие үшін маңызды әдіснамалық ұстаным береді: оқушылар музыка шығармасының тарихы мен мәдениетін өз бетінше зерттегенде, олардың ұлттық бірегейлікті қабылдауы пассивті қабылдауға қарағанда анағұрлым тиімді болады. Сонымен қатар, Musakhanova және басқалар (2023) Қазақстанның сегіз жоғары оқу орнында 960 студент арасында жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша, студенттердің 84,6%-ы «ел патриоты болу» қасиетін өмірлік құндылықтар рейтингінде жоғары қойған, ал студенттердің ұлттық

мәдениет бағыттарына қызығушылық рейтингінде музыка үшінші орында (76,0%) тұр4. Бұл деректер музыка арқылы ұлттық рухани құндылықтарды қалыптастырудың қоғамдық-психологиялық негізі бар екенін көрсетеді.

Жоғарыдағы теориялық талдаулар мен эмпирикалық зерттеулерге сүйене отырып, біз бұл зерттеуде «мәдени таным – эмоционалдық үндестік – құндылықты ішкілендіру – іс-әрекетте көрініс табу» төрт сатылы педагогикалық моделін ұсынамыз.

2.1. Мәдени таным

Мәдени таным – рухани-құндылық қатынасын қалыптастырудың бастапқы нүктесі. Егер оқушылар ұлттық музыканың тарихи аясы мен мәдени мазмұны туралы негізгі түсінікке ие болмаса, кейінгі эмоционалдық үндестік пен құндылықты ішкілендіру мүмкін емес. Мұғалім бір шығарманы оқыту барысында шағын зерттеу жұмысын ұйымдастырып, оқушылардың өздеріне шығарманың жасалу тарихын, тарихи оқиғаны, автордың өмірбаянын өз бетінше іздестіруді және сыныпта біелікте материал бөлісуді тапсыра алады. Домбыра шығармаларын мысалға алайық: бір күйді үйренер алдында мұғалім оқушыларды күйші-композитордың өмірі мен сол дәуірдің тарихи аясымен таныстырады. Мұндай белсенді ізденіс мұғалімнің жай баяндауына қарағанда оқушылардың қызығушылығы мен мәдени бірегейлігін анағұрлым жақсы оятады.

2.2. Эмоционалдық үндестік

Тек білу жеткіліксіз – жүрек сезімі керек. Оқушы шығарманы жатқа орындай алғанымен, егер ішкі дүниесінде ешбір толғаныс болмаса, рухани-құндылық қатынасы қалыптаспайды. Мұғалім оқушылардың музыкамен терең «кездесуіне» жағдай жасауы қажет: мұғалім әнді немесе күйді сезіммен орындап көрсетуі керек; оқушыларды көздерін жұмып, музыка суреттеген тарихи көріністерді елестетуге шақыруы керек; оларға қысқа сөзбен не сурет салып, сол сәттегі сезімдерін жазып алуды ұсынуы қажет.

«Елім-ай» әнін оқытуды мысалға алайық. Мұғалім алдымен жоңғар шапқыншылығы кезінде қазақ халқының басынан өткен қасіретті баяндайды(Шапқыншылық кезінде гі тақырыптық фильм көрсетуге де болады.) содан соң әнді тыңдатып, сұрақ қояды: «Егер сол кезде туған жеріңнен айырылған адамның орнында сен болсаң, қандай сезімде болар едің?» «Бозатау» шығармасын оқытқанда, мұғалім Әжінияздың тұтқынға түсуі мен көтеріліс жеңілгеннен кейінгі Бозатау өңіріндегі адам төзгісіз жағдайды айтады, содан соң музыканы тыңдатады. Осындай эмпатиялық тәжірибе арқылы оқушылар шығармадағы мұң мен төзімділікті тереңірек сезіне алады.

2.3. Құндылықты ішкілендіру

Әсерлену көбінесе қысқа мерзімді болады, ал ішкілендірілген құндылықтар ғана ұзақ сақталады. Бір сәттік әсерді тұрақты құндылық көзқарасына қалай айналдыруға болады? Мұнда рефлексия мен диалогтың маңызы зор. Шығарманы меңгерген соң мұғалім қысқаша талқылау ұйымдастыруы керек. Талқылауда бірыңғай дұрыс жауап болудың қажеті жоқ; ең бастысы – оқушылардың өз сезімдерін айтуына, өзгелердің пікірін тыңдауына, музыкалық тәжірибесін өмірлік тәжірибесімен байланыстыруына мүмкіндік беру.

Мысалы, «Елім-айды» тыңдаған соң мынадай сұрақтар қоюға болады: «Бұл ән саған нені еске түсірді?», «Ата-бабаларымыз ұлттың өмір сүруі үшін қандай құрбандықтарға барды?», «Біз, жас ұрпақ ретінде, бұл патриоттық рухты қалай жалғастыра аламыз?» «Бозатау» шығармасынан кейін: «Әжінияз тұтқында бола тұра бұл шығарманы жазды, оған не демеу болды?», «Бұл қасірет тарихының бүгінгі біз үшін қандай мәні бар?» деген сұрақтар қоюға болады. Осындай рефлексиялық диалог арқылы оқушылар музыкалық тәжірибесін жеке құндылық ойларына айналдырады.

2.4. Іс-әрекетте көрініс табу

Құндылықтардың ең басты белгісі – адамның өз іс-әрекетінде сол құндылықтарды белсенді түрде ұстануы. Ұлттық музыкалық тәрбиеде іс-әрекетте көрініс табуды үш жолмен жүзеге асыруға болады.

Біріншіден, ұжымдық музыкалық тәжірибе. Сыныптағы хормен ән айту, домбырамен ұжымдық орындау, мектеп оркестрі – бұл формалар оқушылардың бір-бірін тыңдауын,

үйлесім табуын, бірлесе орындауын талап етеді. Бүкіл сынып бірге «Елім-айды» немесе «Бозатауды» орындағанда, әрбір оқушы ортақ нәтижеге жауапты болады. Бұл ұжымдық тәжірибенің өзі – құндылық тәрбиесінің бір түрі.

Екіншіден, мектептік мәдени көрсетілімдер. Оқушыларды өз бетінше ұлттық музыкалық іс-шараларды (сыныптық ұлттық музыка күні, мектептік дәстүрлі музыка фестивалі) жоспарлауға және ұйымдастыруға ынталандыру керек. Жоспарлау мен ұйымдастыру барысында оқушылар жауапкершілікті өз мойнына алады, мәселелерді шешеді, басқалармен бірлесе жұмыс істейді. Олар «Елім-ай» немесе «Бозатау» сияқты шығармаларды таңдап орындап, ұлттық рухты көпшілікке жеткізе алады.

Үшіншіден, шығармашылық және импровизациялық тәжірибе. Оқушылар өздері әуен шығаруға немесе дәстүрлі шығармаларды өңдеуге тырысқанда, олардың музыканы түсінуі тереңдей түседі. Мұғалім оқушыларды «Елім-ай» немесе «Бозатау» тақырыбына орай өз өлеңдерін немесе шағын әндерін жазуға, туған жерге, ұлтқа деген сүйіспеншілігін білдіруге ынталандыра алады.

Жоғарыдағы төрт кезең бір-бірімен тығыз байланысты, циклдік сипатта қайталанады. Осындай педагогикалық жоба арқылы оқушылардың ұлттық құндылықтар мен мәдени бірегейлікке деген тұрақты көзқарасы біртіндеп қалыптасады.

Ұлттық музыкалық тәрбиенің ең биік шыңы – көп ән салып, көп орындай алатын оқушыларды дайындау емес, керісінше әрбір оқушының өзі тартқан ұлттық музыкасында өз халқының жүрек соғысын естіп, оны өмір бойына серік ететін рухани күшке айналдыру.

«Мәдени танымнан» «құндылықты ішкілендіруге» дейінгі аралықта эмоционалдық үндестік, рефлексиялық диалог және іс-әрекетте көрініс табу деген толық жолдан өту қажет. Бір оқушы ұжымдық хорда бірлік күшін сезгенде, ұлттың қасірет тарихын түсінген соң төзімділіктің мәнін бастан өткергенде, дәстүрлі халық әнін орындағанда ұлттық мәдениетін тереңірек түсінгенде – міне, сонда ғана ұлттық музыкалық тәрбиенің рухани құндылықтарды қалыптастыру мақсаты орындалды деп айтуға болады. Бұл «рухани-құндылық қатынасының» терең мәні, сонымен бірге ұлттық музыкалық тәрбиенің әрқашан ұстануға тиісті бастапқы ниеті мен миссиясы.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. («Елім-ай» туралы жазылым)
2. Мәмбетов К. Бозатау: роман хәм повестьлер. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1986.
3. Dauyenov Ye, Amanova A, Ladzina N, Myshbayeva G, Onlanbekkyzy G. National identity establishment for secondary school students through project activities. Scientific Herald of Uzhhorod University. Series Physics. 2024;(56):1997-2005. DOI: 10.54919/physics/56.2024.199wl7
4. Musakhanova GM, Kalybekova AA, Polatova SD, Lekerova GZh, Kistaubaeva DM, Azizkhanova DK. Ethno-cultural education in Kazakhstan, civic values and self-identity: Findings from a survey of undergraduates. Cypriot Journal of Educational Sciences. 2023;18(3):556-577. https://doi.org/10.18844/cjes.v18i3.8787

ӘОЖ 76.03(574+510)

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ГРАВЮРА ӨНЕРІНДЕГІ КӨРКЕМДІК-ТЕХНИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Байгутов К.А[1], Лю Вэньбинь[2]
[1]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD, Өнер факультетінің деканы, Алматы, Қазақстан, e-mail: b.karim@abaiuniversity.edu.kz
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Көркем білім беру» кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан, e-mail: lwb2526269@hotmail.com

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан мен Қытай гравюра өнеріндегі көркемдік-техникалық тәсілдердің трансформациясы салыстырмалы өнертанулық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеуде гравюра мәдени жадыны, ұлттық кодты және қазіргі визуалдық ойлауды жеткізетін көркем жүйе ретінде талданады. Қазақстан материалында кітап графикасы, эпос визуализациясы, линогравюра, литография және офорт тәжірибелері, ал Қытай материалында ағаш баспа, няньхуа, жаңа ксилография және қазіргі принтмейкинг үрдістері қарастырылады. Нәтижелер екі елде де дәстүрдің жаңа технологиялық және мәдени жағдайда қайта пайымдалып, көркемдік тілдің жаңаруына негіз болғанын көрсетеді.

Кілт сөздер: гравюра, Қазақстан графикасы, Қытай ксилографиясы, няньхуа, көркемдік-техникалық трансформация.

Аннотация

В статье рассматривается трансформация художественно-технических приёмов в искусстве гравюры Казахстана и Китая в сравнительном искусствоведческом аспекте. Гравюра анализируется как художественная система, передающая культурную память, национальный код и современное визуальное мышление. На материале Казахстана изучены книжная графика, визуализация эпоса, линогравюра, литография и офорт; на материале Китая — ксилография, няньхуа, новая ксилография и современные тенденции принтмейкинга. Сделан вывод, что в обеих странах обращение к традиции связано не с повторением прошлого, а с обновлением художественного языка в новых технологических и культурных условиях.

Ключевые слова: гравюра, графика Казахстана, китайская ксилография, няньхуа, художественно-техническая трансформация.

Abstract

The article examines the transformation of artistic and technical approaches in the printmaking art of Kazakhstan and China from a comparative art-historical perspective. Printmaking is analyzed as an artistic system that conveys cultural memory, national identity codes, and contemporary visual thinking. The Kazakhstani material covers book graphics, epic visualization, linocut, lithography, and etching, while the Chinese material focuses on woodblock printing, nianhua, new woodcut, and contemporary printmaking trends. The study concludes that in both countries, the return to tradition represents not a repetition of the past but a renewal of artistic language within new technological and cultural contexts.

Keywords: printmaking, Kazakhstani graphic art, Chinese woodcut, nianhua, artistic and technical transformation.

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (грант ЖТН AP25796905, Design Thinking тәсілін қолдану арқылы көркем білімдегі қазақ мифологиясы мен гравюрасын модификациялау)

Қазақстан мен Қытай гравюра өнеріндегі көркемдік-техникалық тәсілдердің трансформациясын зерттеу екі елдің бейнелеу мәдениетін салыстырумен ғана шектелмейді. Бұл мәселе гравюраның

материалдық табиғатын, ұлттық кодтарды, репродукция мәдениетін, халықтық және кәсіби өнер байланысын, сондай-ақ цифрлық ортада дәстүрлі техникалардың қайта мәнденуін қамтиды. Гравюра — бейнені ағаш, металл, линолеум, тас немесе басқа негізге түсіріп, одан қағазға басып шығаратын графикалық өнер түрі. Кең мағынада оған ксилография, линогравюра, офорт, литография, жібекбаспа, аралас техника және цифрлық принт тәжірибелері жатады. Бұл мақалада «көркемдік-техникалық тәсіл» бейненің композициясы, сызықтық жүйесі, фактурасы, түстік шешімі, матрицалық негізі және баспа технологиясы бірлігінде қарастырылады. Ал «трансформация» дәстүрлі техниканың тарихи, әлеуметтік, институционалдық және цифрлық ортада өзгеруін білдіреді.

Қазақстан графикасында гравюра XX ғасырдағы кәсіби бейнелеу өнерінің қалыптасуымен тығыз байланысты болды. Г. Б. Қосанова кітап графикасын талдай отырып, линогравюра, литография және офорттың халық тарихы, фольклор, жыр мен әдебиет тақырыптарын көркем бейнелеудің маңызды құралына айналдырғанын көрсетеді [2, б. 109]. Автор Қазақстан графикасының түп-тамырын Ә. Қастеев шығармашылығымен байланыстырып, Е. Сидоркин, М. Қисамединов, И. Исабаев, А. Рахманов, Қ. Каметов, А. Дүзелханов еңбектерінің маңызын атап өтеді [2, б. 109–110]. Қастеев музейінің ресми мәліметінде негізгі қорда 25 мыңнан астам экспонат сақталатыны көрсетілген [4].

Қытай гравюрасында тарихи негіз өзгеше қалыптасты. Мұнда ағаш баспа дәстүрі, няньхуа деп аталатын жаңа жылдық халықтық суреттер, діни бейнелер, тұрмыстық-ритуалдық парақтар және кітап иллюстрациясы маңызды орын алды. Qiao Li Янлюцин, Хуэйчжоу, Сучжоу, Янцзябу сияқты аймақтық мектептерді атап, гравюраның әлеуметтік, көркемдік және саяси мәнін көрсетеді [10, p. 139–153]. Оның пікірінше, XX ғасырда қытай гравюрасы жоғары өнер кеңістігінде мойындалып, XXI ғасырда дәстүрлі ағаш баспа техникасына қызығушылық қайта күшейді [10, p. 139–140].

Зерттеу мәселесінің өзегі мынада: Қазақстан мен Қытай гравюрасы сызық, қара-ақ контраст, матрица, фактура және қайталаным принциптеріне сүйенгенімен, тарихи даму бағыты әртүрлі. Қытайда гравюра халықтық, діни, кітаптық және тұрмыстық баспа мәдениетінен кәсіби авторлық өнер мен қазіргі принтмейкингке қарай дамыды. Қазақстанда гравюра кәсіби көркем мектеп, кітап иллюстрациясы, эпикалық мәтін және ұлттық тарихи жады арқылы орнықты. Қытайдағы няньхуа тұрмыстық кеңістікке арналған ритуалдық әрі мерекелік сурет болса, Қазақстандағы линогравюра мен офорт әдеби-эпикалық мазмұнды, тарихи тұлғаларды және ұлттық дүниетанымды бейнелеудің кәсіби формасына айналды.

Тақырыптың өзектілігі бірнеше себеппен айқындалады. Біріншіден, гравюра мен баспа графикасы көркем білім беру жүйесінде қайта қарастырылуда. K. Baigutov және авторлар тобы қазақ мифологиясын гравюра техникасы арқылы оқытуға арналған эксперименттік зерттеуінде элективті курсты студенттердің 90%-ы таңдағанын, оқу нәтижесі 80%-дан жоғары болғанын көрсетеді [1, p. 1]. Екіншіден, 2024–2025 жылдардағы Қытай гравюрасы жөніндегі зерттеулер қазіргі принтмейкингтің дәстүрлі ағаш баспаға, аймақтық мәдениетке және заманауи визуалдық ортаға қайта бет бұрғанын дәлелдейді [11, p. 1]. Үшіншіден, Қазақстан мен Қытай гравюрасын салыстырмалы техникалық-иконографиялық тұрғыдан талдаған зерттеулер аз. Сондықтан екі ел гравюрасын салыстыруда техника тарихымен шектелмей, иконография, медиум, институт және көрермен қабылдауы бірге қарастырылуы тиіс.

Әдеби шолуда Қазақстандық зерттеулер графика мен гравюраны ұлттық бейнелеу мектебінің маңызды саласы ретінде сипаттайды. Қосанова 1960–1980 жылдардағы баспа графикасында Е. Сидоркиннің «Абай жолы» мен «Алпамыс батыры», И. Исабаевтың «Батырлар жыры», М. Қисамединовтың «Махамбет» тақырыбындағы еңбектерін атайды [2, б. 110]. Мамытова мен Құранбек қазақ эпосының кітап графикасындағы визуализациясын зерттеп, суретшілер фольклорға «визуалды болмыс» бергенін көрсетеді [3, с. 16–17]. 2025 жылы Қастеев музейінде өткен «Қазақстанның кітап графикасындағы ұлттық эпос» көрмесінде шамамен 90 графикалық жұмыс пен сирек басылым ұсынылуы осы бағыттың институционалдық маңызын дәлелдейді [6].

Қытай гравюрасы бойынша зерттеулерде няньхуа ерекше орын алады. Виноградова бұл жанрға есік сақшыларының жұп бейнелері, игі тілек суреттері, тұрмыстық және діни мазмұндағы парақтар кіретінін көрсетеді [14, с. 205]. James Flath Янлюцин няньхуасын қоғамдық оқиғаларды бейнелейтін

визуалдық медиум ретінде түсіндіреді [12, p. 69–82]. Қытай дереккөзінде Янлюцин дәстүрі 300 жылдан астам дамығаны, Цин ортасында шамамен 100 шеберхана және 3000-нан астам шебер болғаны көрсетілген [15].

Зерттеу салыстырмалы-тарихи, иконографиялық, семиотикалық, контент-аналитикалық және техникалық-материалдық талдау әдістеріне сүйенеді. Материал ретінде ғылыми мақалалар, музейлік электрондық каталогтар, көрме деректері, білім беру тәжірибелері және өнертанулық әдіснамалық еңбектер алынды. Қазақстан бойынша XX ғасырдағы кітап графикасы, эпикалық иллюстрация, линогравюра, литография, офорт және қазіргі көркем білім беру тәжірибелері қарастырылды [1; 2; 3]. Қытай бойынша ағаш баспа, няньхуа, Янлюцин мектебі, әлеуметтік ксилография, қазіргі принтмейкинг және цифрлық-гибридті үрдістер талданды [10; 11; 12; 13; 14].

Салыстырмалы-тарихи әдіс екі ел гравюрасындағы өзгерістерді кезеңдерге бөлуге мүмкіндік берді. Иконографиялық әдіс Қазақстанда батыр, жылқы, дала, ою-өрнек, домбыра, Абай бейнесі сияқты мотивтерді; Қытайда есік сақшылары, бала мен балық, лотос, театрлық сюжеттер, құт-береке символдары мен діни қорғаушы бейнелерді анықтауға қолданылды. Контент-талдау техника түрі, материал, мотив, түс, композиция, функция және институционалдық контекст бойынша жүргізілді. Техникалық-материалдық талдау ағаш, линолеум, металл, литографиялық тас және цифрлық принттің фактуралық мүмкіндіктерін салыстырды.


Зерттеуде трансформация индексі ұсынылды: ТИ = (T + I + M + S) / 4. Мұнда T — техникалық әртүрлілік, I — иконографиялық жаңару, M — медиалық көшу, S — әлеуметтік-институционалдық кеңею. Бұл индекс статистикалық өлшем емес, салыстырмалы талдауды жүйелеуге арналған эвристикалық құрал.

Зерттеу Қазақстан мен Қытай гравюрасындағы трансформация әртүрлі тарихи-мәдени логикамен жүргенін көрсетті. Қазақстанда гравюра кәсіби графика, кітап иллюстрациясы, эпикалық мәтін және ұлттық жадымен байланысты дамыды. Қытайда ол халықтық ағаш баспа, няньхуа, шеберхана өндірісі, діни-тұрмыстық бейнелер және әлеуметтік ксилография арқылы қалыптасты. Екі елде де гравюра көбейту техникасы ғана емес, мәдени кодты жеткізетін күрделі көркем жүйеге айналды.

Кесте 1 – Қазақстан мен Қытай гравюрасындағы трансформация векторлары

Өлшем	**Қазақстан гравюрасы**	**Қытай гравюрасы**	**Интерпретация**
Тарихи негіз	Кәсіби графика, кітап иллюстрациясы, эпос	Ағаш баспа, няньхуа, тұрмыстық-ритуалдық сурет	Қазақстанда авторлық-кәсіби, Қытайда халықтық-баспа негіз басым
Басты техникалар	Линогравюра, офорт, литография, кітап графикасы	Ксилография, көптүсті ағаш баспа, литография, қазіргі принт	Матрицалық негіз айырмашылығы бейне тілін өзгертеді
Иконографиялық код	Батыр, дала, жылқы, ою-өрнек, жырау, Абай	Есік сақшылары, бала-балық, лотос, театр, құт-береке	Екі елде де символдар қазіргі мағынаға қайта кодталады
Институционалдық орта	Музей, академия, кітап баспасы, көрме	Шеберхана, нарық, музей, академия, биеннале	Қытайда өндірістік-нарықтық тарих күштірек
Қазіргі үрдіс	Эпос пен мифті білім беру және цифрлық ортада жаңарту	Дәстүрлі ағаш баспа мен қазіргі принтмейкинг синтезі	Екеуінде де дәстүр реактивациясы байқалады

Бірінші нәтиже: Қазақстан гравюрасында ұлттық эпос пен әдеби мұра негізгі иконографиялық өзекке айналды. 1960–1980 жылдары Е. Сидоркиннің «Абай жолы», «Алпамыс батыры», И. Исабаевтың «Батырлар жыры», М. Қисамединовтың «Махамбет» еңбектері әдеби-эпикалық мұраны визуалды кодқа айналдырды [2, б. 110], [9].



Дереккөзі: Қастеев музейі, «Менің Қазақстаным» көрмесі, 2020 [5]. Музей мәтінінде Е. Сидоркиннің «Қазақ эпосы» және «Қазақ халық ойындары» сериялары экспозицияда ұсынылғаны көрсетіледі

Екінші нәтиже: Қазақстан графикасында сызықтық құрылым мен ою-өрнектік ырғақ синтезі байқалады. Ою-өрнек фондық безендіру емес, батыр тұлғасы, ат қозғалысы, киім қатпары мен қара-ақ дақты біріктіретін пластикалық принципке айналады.

Үшінші нәтиже: Қытай гравюрасы аймақтық мектептер мен халықтық баспа мәдениеті арқылы дамыды. Янлюцин дәстүрі Мин дәуірінен басталып, Цин кезеңінде 100 шеберхана мен 3000-нан астам шеберді қамтыды [15].

Сурет 1 – Е. Сидоркин. «Менің Қазақстаным» көрмесінің афишасындағы бейне.



Дереккөзі: Xinhua / Yangliuqing woodblock New Year pictures [15]. Бала, балық және лотос мотиві қытай мәдениетінде молшылық, ұрпақ жалғастығы және жаңа жылдық игі тілек символикасымен байланыстырылады.

Сурет 2 – Янлюцин няньхуасы: бала, балық және лотос мотиві.

Төртінші нәтиже: XX ғасырда Қытай гравюрасында әлеуметтік-публицистикалық функция күшейді. Li Hua-ның 1935 жылғы «Roar, China!» туындысы халықтың қысымға қарсы үнін символдық түрде жеткізіп, қазіргі қытай принтмейкингінің маңызды үлгісіне айналды [16], [17].

Бесінші нәтиже: бүгінде екі елде де дәстүрге аналитикалық қайта оралу байқалады: Қазақстанда эпос пен мифология көркем білімде, Қытайда ағаш баспаның матрица, пышақ ізі және фактуралық тілі қайта бағалануда [1], [11].

Кесте 2 – Техникалық және иконографиялық кодтар бойынша салыстырмалы матрица

Код	Қазақстан	Қытай	Түсіндіру
Қара-ақ контраст	Батырлық драма, монументалдық әсер	Әлеуметтік үндеу, ағаш баспа айқындығы	Контраст екі елде де идеяны күшейтеді

Көптүстілік	Сиректеу, көбіне кітаптық немесе аралас графикада	Няньхуада кең тараған	Қытайда түс ритуалдық және нарықтық қызмет атқарады
Сызық	Оюлық ырғақ, эпикалық қозғалыс	Ксилографиялық контур, декоративті айқындық	Сызық — екі жүйенің ортақ тілі
Матрица	Линолеум, металл, тас, аралас негіз	Ағаш тақта, кейін литография және цифрлық принт	Материал бейне сипатын анықтайды
Бейне функциясы	Ұлттық жады, әдеби мұра, авторлық стиль	Қорғаныш, мереке, нарық, саясат, қазіргі өнер	Функция айырмасы техникаға әсер етеді
Қазіргі жаңару	Миф, эпос, цифрлық оқыту	Дәстүрлі ағаш баспа + қазіргі визуалдық орта	Екі елде де гибридтену жүріп жатыр

Алтыншы нәтиже: екі елдегі деректердің сипаты бірдей емес. Қытай няньхуасы бойынша тарихи шеберханалар саны, шеберлер құрамы, аймақтық орталықтар туралы нақты мәліметтер кездеседі [15]. Қазақстан графикасында өндірістік статистика аз болғанымен, суретшілер, графикалық сериялар, көрме экспозициялары және музей қорлары жөніндегі сапалық деректер мол [4; 5; 6]. Сондықтан Қазақстан мен Қытай гравюрасын бір ғана сандық өлшеммен салыстыру әдіснамалық тұрғыдан жеткіліксіз. Осы асимметрияны азайту үшін мақалада техника, мотив, медиум және институционалдық кеңеюді бірге қарастыратын трансформация индексі ұсынылады.

Жетінші нәтиже: материалдық негіздің өзгеруі бейненің көркемдік мағынасын да өзгертеді. Ағаш баспа қатты контур, анық силуэт және декоративті ырғақ тудырады; линогравюра ірі қара-ақ дақ пен экспрессивті қозғалыс береді; офорт нәзік сызық пен психологиялық тереңдікке мүмкіндік жасайды; литография жұмсақ тондық ауысымға бейім; цифрлық принт монтаж, масштабтау, қабаттау және архивтеу мүмкіндіктерін кеңейтеді. Қазақстанда бұл өзгеріс ұлттық сюжеттердің жаңа пластикалық шешімін іздеумен байланысты болса, Қытайда дәстүрлі ағаш баспаның қол еңбегіне тән фактурасы қазіргі өнерде қайта құндылыққа айналуда.

Зерттеу нәтижелері Қазақстан мен Қытай гравюрасындағы трансформацияны «дәстүрден модернге» қарай біржақты қозғалыс ретінде түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетті. Қазақстанда гравюра кәсіби графика мектебі, кітап иллюстрациясы және ұлттық эпоспен тығыз байланыста дамыды. Қосанова мен Мамытова–Құранбек зерттеулері бұл процесті әдеби және фольклорлық мұраның бейнелік формаға ауысуы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді [2, б. 109–110], [3, с. 16–17]. Алайда эпос мұнда тек сюжет емес, сызық, ырғақ, қара-ақ контраст, композициялық қозғалыс және матрица таңдауға ықпал ететін көркемдік құрылым ретінде көрінеді.

Қытайда няньхуа мен жаңа ксилография гравюраның әлеуметтік қызметін айқын көрсетеді. Виноградова няньхуаның жанрлық көптүрлілігін атап өтсе [14, с. 205], Янлюцин туралы деректер бұл өнердің шеберхана, нарық және отбасылық-мерекелік кеңістікпен байланысын дәлелдейді [15]. Li Hua шығармашылығы XX ғасырда ағаш гравюраның саяси және азаматтық үндеу құралына айналғанын көрсетеді [16; 17]. Демек, Қазақстанда гравюра көбіне эпикалық-мәдени жадыға бағытталса, Қытайда ол халықтық тұрмыс, ритуал, нарық және әлеуметтік үндеу қызметтерін қатар атқарды.

Екі ел тәжірибесі дәстүр мен жаңашылдықты қарсы қоюдың шартты екенін дәлелдейді. Қазіргі Қытай принтмейкингі ағаш баспаның фактуралық, материалдық және матрицалық қасиеттерін қайта бағаласа [11, p. 1], Қазақстанда гравюра ұлттық эпос пен мифологияны көркем білім беру жүйесінде жаңаша қолдануға мүмкіндік береді [1, p. 1–6]. Сондықтан гравюра өткеннің музейлік жәдігері емес, қазіргі визуалдық ойлаудың белсенді зертханасы ретінде қарастырылуы тиіс. Зерттеудің шектеулері де бар: мақала ашық ғылыми және музейлік деректерге сүйенеді; барлық

түпнұсқа гравюраларға физикалық-техникалық сараптама жасалған жоқ; ұсынылған трансформация индексі пилоттық сипатта қалып отыр. Болашақта оны нақты коллекциялық корпус, тәуелсіз сарапшылар және статистикалық сенімділік көрсеткіштері арқылы тексеру қажет.

Мақалада Қазақстан мен Қытай гравюра өнеріндегі көркемдік-техникалық тәсілдердің трансформациясы салыстырмалы тұрғыдан талданды. Негізгі қорытынды: екі елде де гравюра дәстүрлі баспа техникасынан мәдени жадыны, ұлттық кодты және қазіргі визуалдық ойлауды жеткізетін күрделі жүйеге айналды. Қазақстанда бұл үдеріс кәсіби графика, кітап иллюстрациясы, ұлттық эпос және авторлық мектеп арқылы дамыды. Қытайда гравюра халықтық ағаш баспа, няньхуа, шеберхана өндірісі, ритуалдық-тұрмыстық бейне және әлеуметтік ксилография арқылы өзгерді.

Зерттеудің жаңалығы — екі ел гравюрасын техникалық матрица, иконографиялық код, медиалық көшу және институционалдық кеңею өлшемдері арқылы салыстыруында. Болашақта Қазақстан мен Қытай музейлеріндегі гравюралардың цифрлық корпусын жасап, техника, материал, өлшем, тақырып, мотив және көрме тарихы бойынша толық метадерек енгізу қажет. Сонымен бірге гравюраны мифология, фольклор, цифрлық дизайн және музейлік зерттеумен біріктіретін оқу курстары әзірленуі тиіс. Осылайша гравюра өткеннің архиві ғана емес, болашақ визуалдық мәдениеттің де маңызды зертханасына айналады.

Пайдалынылған әдебиеттер тізімі

1. Baigutov K., Ibragimov A., Gadilbek Kh. A., Muratayev K., Iskakov T., Miyat D. Evaluating and redesigning the teaching practices of the Kazakh Mythology — engraving techniques // PLOS ONE. – 2024. – Vol. 19, № 5. – Article e0296905. – 10 p. – DOI: 10.1371/journal.pone.0296905. – URL: https://journals.plos.org/plosone/article?id=10.1371/journal.pone.0296905 – Қаралған күні: 29.04.2026.

2. Қосанова Г. Б. XX ғасыр мен XXI ғасыр басындағы Қазақстан бейнелеу өнеріндегі кітап графикасы // Central Asian Journal of Art Studies. – 2017. – № 1. – Б. 109–119. – URL: https://cajas.kz/journal/article/download/61/51/129 – Қаралған күні: 29.04.2026.

3. Мамытова С., Құранбек Ә. Национальная идея в визуализациях казахского эпоса в книжной графике // Central Asian Journal of Art Studies. – 2025. – Т. 10, № 3. – С. 16–32. – DOI: 10.47940/cajas.v10i3.1089. – URL: https://cajas.kz/journal/article/download/1089/602/6347 – Қаралған күні: 29.04.2026.

4. A. Kasteev State Museum of Arts of the Republic of Kazakhstan. Collection. – Электрондық ресурс. – URL: https://www.gmirk.kz/en/kollektsiya – Қаралған күні: 29.04.2026.

5. Государственный музей искусств Республики Казахстан имени А. Кастеева. Выставка «Мой Казахстан», посвященная 90-летию со дня рождения Евгения Сидоркина (1930–1982). – Электрондық ресурс. – URL: https://www.gmirk.kz/en/events/84-vystavka-moj-kazakhstan-posvyashchennaya-90-letiyu-so-dnya-rozhdeniya-evgeniya-sidorkina-1930-1982 – Қаралған күні: 29.04.2026.

6. Государственный музей искусств Республики Казахстан имени А. Кастеева. Состоится открытие выставки «Национальный эпос в книжной графике Казахстана» из фондов музея. – Электрондық ресурс. – URL: https://www.gmirk.kz/en/events/458-sostoitsya-otkrytie-vystavki-natsionalnyj-epos-v-knizhnoj-grafike-kazakhstana-iz-fondov-muzeya – Қаралған күні: 29.04.2026.

7. Almaty Museum of Arts. Evgeniy Sidorkin. – Электрондық ресурс. – URL: https://collection.almaty.art/entity/PERSON/3917678 – Қаралған күні: 29.04.2026.

8. Abay180 Virtual Exhibition. Abai in the Fine Arts. – Электрондық ресурс. – URL: https://shorturl.at/LlC3F – Қаралған күні: 29.04.2026.

9. Галерея «Жаухар». Кисамединов Макум. – Электрондық ресурс. – URL: https://shorturl.at/7nWmH – Қаралған күні: 29.04.2026.

10. Li Q. Historical Aspects of the Formation and Development of Chinese Engraving // Culture and Art. – 2025. – № 5. – P. 139–153. – DOI: 10.7256/2454-0625.2025.5.74052. – URL: https://journals.rcsi.science/2454-0625/article/view/367506 – Қаралған күні: 29.04.2026.

11. Liu N., Bin Mohamed Saat M. K. Analysis on the Artistic Style of Chinese Printmaking, 1980–2000 // Salud, Ciencia y Tecnología – Serie de Conferencias. – 2024. – Vol. 3. – Article 800. – DOI:

10.56294/sctconf2024800. – URL: https://conferencias.ageditor.ar/index.php/sctconf/article/view/966 – Қаралған күні: 29.04.2026.

12. Flath J. A. Social Narratives in Yangliuqing Nianhua of the 1930s // Arts Asiatiques. – 2011. – Т. 66. – P. 69–82. – DOI: 10.3406/arasi.2011.1753. – URL: https://www.persee.fr/doc/arasi_0004-3958_2011_num_66_1_1753 – Қаралған күні: 29.04.2026.

13. Завидовская Е. А. Иллюстрированные издания и народные картины няньхуа к новеллам Пу Сунлина // Вестник НГУ. Серия: История, филология. – 2020. – Т. 19, № 4. – С. 94–107. – DOI: 10.25205/1818-7919-2020-19-4-94-107. – URL: https://vestnik.nsu.ru/historyphilology/files/34d7c4053a4bc0247bfef2d89de92786.pdf – Қаралған күні: 29.04.2026.

14. Виноградова Т. И. «Народная» гравюра в контексте истории книгопечатания // Общество и государство в Китае. – 2007. – Т. 37, № 1. – С. 205–210. – URL: https://china.ivran.ru/f/Vinogradova_T.I._Narodnaya_gravyura_v_kontekste_istorii_knigopechataniya.pdf – Қаралған күні: 29.04.2026.

15. New Year Pictures of Yangliuqing // International Department, Central Committee of CPC. – Электрондық ресурс. – URL: https://www.idcpc.org.cn/english2023/chinadelights/arts/painting/202307/t20230727_157766.html – Қаралған күні: 29.04.2026.

16. Google Arts & Culture. Li Hua. Roar, China. – Электрондық ресурс. – URL: https://artsandculture.google.com/asset/roar-china-li-hua/JgHZSazgEayqrw?hl=en – Қаралған күні: 29.04.2026.

17. CAFA Art Museum. The Museum Collections Series: Li Hua “Roar, China!”. – Электрондық ресурс. – URL: https://www.cafamuseum.org/en/video/detail/79?type=app – Қаралған күні: 29.04.2026.

18. Rose G. Visual Methodologies: An Introduction to Researching with Visual Materials. – 4th ed. – London: SAGE Publications, 2016. – 456 p. – URL: https://study.sagepub.com/rose4e – Қаралған күні: 29.04.2026.

19. Krippendorff K. Content Analysis: An Introduction to Its Methodology. – 4th ed. – Thousand Oaks: SAGE Publications, 2018. – 472 p. – URL: https://methods.sagepub.com/book/mono/content-analysis-4e/toc – Қаралған күні: 29.04.2026.

ӘӨЖ 37:7:004.9

МЕДИА-АРТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Жиекбаева Төлеубала Айдарқызы
T.aidarkyzy@gmail.com
Докторант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада медиа-арттың мәні, оның мультимодальды сипаты және шығармашылық ойлауға әсері қарастырылады. Назар бір ғана техникалық жаңалыққа емес, сабақ құрылымының өзгеруіне аударылады: пәнаралық байланыс күшейеді, цифрлық сауаттылық нақты әрекет үстінде қалыптасады, авторлық ұстаным айқынырақ көрінеді. Медиа-артты орнымен қолданған жағдайда өнер сабағы икемдірек, интерактивтірек және оқушыға жақынырақ бола түседі. Бірақ мұнда бір шарт бар: технология сабақта жай безендіру үшін емес, нақты көркем-педагогикалық міндетті шешу үшін қолданылуы керек.

Түйінді сөздер: медиа-арт, көркем білім беру, педагогикалық инновация, цифрлық технологиялар, шығармашылық ойлау, мультимодальды оқыту, цифрлық сауаттылық, өнер педагогикасы.

Annotation

The article examines the potential of media art technologies as a tool of pedagogical innovation in art education. The relevance of the study is connected with the growing need to renew the content and methods of teaching art in the context of digital transformation in education. The paper analyzes the essence of media art, its multimodal nature, its role in developing creative thinking, and its influence on the learning process. Special attention is given to the significance of media art technologies in strengthening interdisciplinary integration, improving students' digital literacy, and enhancing their creative agency.

Keywords: media art, art education, pedagogical innovation, digital technologies, creative thinking, multimodal learning, digital literacy, art pedagogy

Қазір өнер сабағын бұрынғы қалпында қалдыру қиын. Мектептегі оқушы бір күннің ішінде ондаған визуалды хабарламаны көреді: қысқа видео, анимация, монтаж, дыбыспен сүйемелденген сторис, графикалық интерфейс, ойын эстетикасы. Ал сабақта әлі де тек қағаз, бояу, дайын үлгі және мұғалім түсіндірмесі ғана басым болса, арада айырма пайда болады. Өнерді оқыту бар, бірақ сол өнердің өмір сүріп тұрған ортасы бөлек. Мәселе осы жерден басталады. Соңғы он жылда көркем білім беру кеңістігі елеулі өзгерді. Бұрын негізгі назар сурет салу, композиция, түстану, мүсіндеу сияқты классикалық бағыттарға түссе, қазір олардың қатарына цифрлық бейне, анимация, интерактивті графика, дыбыстық шешім, виртуалды орта және гибридті форматтар қосылды. Бұл жай сән емес. Оқушының қабылдау тілі өзгерген соң, өнер сабағы да соған бейімделуге мәжбүр. Медиа-арт технологиялары осы өзгерістің ішінде пайда болған қосымша құрал емес, жаңа педагогикалық жағдайдың бір бөлігі.

Медиа-артты кейде тым тар түсіндіреді: фото түсіру, видео монтаждау немесе компьютермен сурет салу сияқты. Іс жүзінде ауқымы кеңірек. Халықаралық стандарттарда media arts бейне, дыбыс, қозғалыс, виртуалды және интерактивті формаларды біріктіретін өнер саласы ретінде беріледі [1]. California Arts Framework құжатында оның құрамына photography, video, filmmaking, graphic design, motion graphics, sound production, web design, game design, creative coding, app design, 3D design сияқты бірнеше бағыт кіретіні нақты көрсетілген [1]. Демек, мұнда әңгіме бір ғана техника туралы емес. Бұл – қазіргі цифрлық мәдениетте ойды көркем түрде жеткізудің тұтас тілі.

Сол себепті медиа-артты сабаққа енгізу «сыныпқа компьютер әкелумен» бітпейді. Кейде цифрлық құрал бар, бірақ сабақтың логикасы сол күйі қалады: оқушы бұрынғыдай көшіріп орындайды, тек қағаз орнына экран қолданады. Мұндай жағдайда форма өзгереді де, ой өзгермейді. Ал медиа-арттың шын мүмкіндігі басқа жерде. Оқушы идеяны енді тек суретпен емес, дыбыспен, бейнемен, мәтінмен, монтажбен, интерактивті әрекетпен құрастыра алады. Бір арналы жұмыс көп арналы жұмысқа ауысады.

Бұл өзгеріс әсіресе жасөспірімдердің медиатәжірибесіне жақын. Бүгінгі оқушы қысқа видеоның 15–60 секундтық логикасын түсінеді, визуалды қатар мен музыканың көңіл күй тудыратын қызметін ажырата алады, дайын шаблонды да, авторлық контентті де күн сайын көреді. Бірақ сол тәжірибе мектепте жиі ескерілмей қалады. Өнер сабағы оқушының күнделікті медиамәдениетінен алшақ болғанда, оның қызығушылығы да төмендейді. Керісінше, таныс медиатіл арқылы күрделі көркем міндет қойылса, оқушы өз ойын еркінірек ашады.

K. Peppler медиа-артты цифрлық дәуірдегі өнер білімінің табиғи жалғасы деп қарастырады [2]. Бұл пайымның артында нақты логика жатыр. Егер XXI ғасыр оқушысы визуалды және сандық ортада өмір сүрсе, өнер сабағы сол ортаны талдайтын, түсіндіретін және қайта жасайтын орынға айналуы керек. Сонда сабақ оқушыдан алыстамайды. Керісінше, оның күнделікті тәжірибесін көркем ойлауға бұрады. Мұнда бір маңызды нәрсе бар: медиа-арт оқушыға тек техниканы меңгертпейді, өзіне таныс медиакеңістікті басқаша көруге үйретеді. Медиа-арт технологияларының педагогикалық маңызын бірнеше нақты тұстан көруге болады. Ең әуелі оқу мазмұны өзгереді. Дәстүрлі тапсырмаға қоса фотоэссе, қысқа анимация, видеоколлаж, дыбыстық композиция, интерактивті постер, визуалды сторителлинг сияқты жаңа форматтар кіреді. Мұндай тапсырмаларда оқушы тек «әдемі жасап шығу» үшін емес, идеяны қандай форма жақсы жеткізетінін ойлау үшін жұмыс істейді. Кейбір жағдайда бір кадр жеткілікті. Басқа жағдайда дыбыссыз видео әсерсіз болуы мүмкін. Таңдау басталады. Сол тұста шығармашылық та басталады.

Келесі мәселе – мұғалімнің рөлі. Дәстүрлі сабақта мұғалім көбіне түсіндіруші және көрсетуші позициясында қалады. Медиа-артқа негізделген сабақта ол жобаны ұйымдастырушы, бағыт беруші, кейде редактор, кейде талқылауды жүргізуші болады. Бұл жеңіл процесс емес. Мысалы, 8-сынып оқушыларына ұлттық ою-өрнек туралы жай мәлімет беруден гөрі, сол оюдың қозғалысқа түскен анимациялық нұсқасын жасату әлдеқайда күрделі. Себебі мұнда тарихи мағына, көркем шешім, цифрлық құрал, монтаж логикасы – бәрі бір тапсырма ішінде тоғысады.

Бағалау да өзгеруге тиіс. Медиа-арт жұмысын тек соңғы өнімге қарап бағалау жиі қате нәтиже береді. Техникалық сапасы жоғары болып көрінген дүние мазмұн жағынан жұтаң болуы мүмкін. Керісінше, қарапайым құралмен жасалған, бірақ идеясы мықты жұмыс әлдеқайда құнды. Сондықтан мұнда критерий бірнеше қабаттан тұрады: ойдың анықтығы, концепцияның қисыны, медиақұралды орнымен таңдауы, композициялық шешім, аудиторияға әсер ету тәсілі, тіпті автордың өз жұмысына берген рефлексиясы [3]. Осындай өлшемдерсіз бағалау үстірт болып қалады.

Медиа-арттың күшті жағының бірі – мультимодальды табиғаты. Оқушы бір тақырыпты тек мәтінмен немесе бір ғана суретпен емес, бірнеше белгілік арна арқылы жеткізеді. Бейне бар. Дыбыс бар. Кейде мәтін үстемеленеді. Кейде қозғалыс шешуші рөл атқарады. Осындай көпқабатты құрылым ақпаратты жай жеткізіп қоймайды, оны сезіндіреді. Мысалы, экологиялық мәселені қағазға салынған бір суретпен беру бір бөлек, ал сол мәселеге дыбыстық фон, монтаж ырғағы, деректі кадр және қысқа авторлық мәтін қосылса, қабылдау деңгейі басқаша болады. Медиа-арттың әсері осы күрделіліктен туады.

Бірақ дәл осы жерде қауіп те бар. Технологияны қолдану автоматты түрде инновация жасамайды. Кейде сабақта эффект көп болады да, мазмұн әлсірейді. Экран жарқырап тұр, музыка бар, анимация бар, бірақ оқушы не үшін дәл осындай шешім таңдағанын түсіндіріп бере алмайды. T. Clark-Fookes осыған ұқсас мәселеге назар аударып, цифрлық педагогиканы өнерде тек функционалды құрал ретінде емес, эстетикалық тәжірибені кеңейтетін амал ретінде

қарастыру керек дейді [4]. Бұл орынды ескерту. Өнер сабағында цифрлық құрал сәндік элемент болып қалса, жаңашылдық емес, сыртқы эффект қана қалады.

И.М. Красильников ұсынған «педагогика цифровых искусств» ұғымы да осы тұста пайдалы [5]. Өйткені мәселе жаңа құрылғыда емес, жаңа көркем әрекет тәсілінде. Цифрлық ортада оқушы дайын образды қайталаушы емес, өз шешімін ұсынатын субъект ретінде көрінеді. Мысалы, бұрын сабақта натюрмортты көшіріп салу негізгі тапсырма болса, қазір сол тақырыпты цифрлық фотоқұрал, жарық, дыбыс, мәтін арқылы қайта құрып шығуға болады. Екі жағдайда да көркем жұмыс орындалады, бірақ екіншісінде авторлық таңдау әлдеқайда көп.

Қазақстан жағдайында бұл мәселені медиа және ақпараттық сауаттылықпен бірге қарастыру қажет. Л.С. Ахметованың еңбектері осы тұста маңызды тірек береді [6]. Ол тікелей медиа-артты талдамаса да, медиа білімнің ұлттық білім кеңістігіндегі орнын жүйелі көрсетеді. Бұл бағыт біз үшін неге маңызды? Өйткені бүгінгі оқушы тек контент тұтынбайды, өзі де өндіреді. Телефон арқылы видео түсіреді, өңдейді, жариялайды. Бірақ жариялау бар да, жауапкершілік бар. Авторлық құқық, визуалды этика, ақпаратты іріктеу, фейк пен манипуляцияны тану сияқты мәселелер өнер сабағынан тыс қалып қоймауы керек.

Медиа-арттың пәнаралық әлеуеті де назар аудартады. Escala, Romeu және Guitert жүргізген зерттеуде цифрлық құралдармен біріктірілген өнер оқытуы шығармашылықты ғана емес, ынтымақтастық, коммуникация және сыни ойлауды да күшейтетіні көрсетілген [7]. Мұны мектеп тәжірибесіне оңай көшіруге болады. Мысалы, әдебиет сабағындағы мәтінді бейнелеу өнерімен және видеомонтажбен біріктіріп, кейіпкер әлемін қысқа визуалды интерпретация түрінде ұсынуға болады. Немесе тарихтағы бір кезеңді деректі мини-фильм пішімінде жасату тиімді. Бұл жерде өнер бөлек, мазмұн бөлек жүрмейді. Бір-бірін толықтырады.

Осындай жұмыстарда оқушы тек «жасаушы» емес, зерттеушіге де айналады. Ол материал жинайды, сюжет құрады, кадр таңдайды, дыбысты іріктейді, артық бөлікті алып тастайды. Қысқасы, көркем шешім қабылдайды. Бұл дағды кез келген пәнге керек. Бірақ өнер сабағында ол анағұрлым табиғи түрде дамиды, себебі мұнда ойдың форма арқылы айтылуы бірінші орында. Инклюзивті білім беру тұрғысынан да медиа-арттың мүмкіндігі аз емес. Aghasafari, Needles және Malloy зерттеуінде мультимедиа-өнер STEAM контексінде арнайы білім беру қажеттілігі бар оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын және өзін білдіру қабілетін арттырғаны көрсетілген [8]. Мұның себебін түсіну қиын емес. Барлық оқушы бірдей мәтінмен жұмыс істемейді. Біреуі жазбаша ойды баяу жеткізеді, бірақ визуалды құрылым арқылы мықты сөйлейді. Біреуі дыбыспен жақсы жұмыс істейді. Енді бірі түспен. Медиа-арт осындай айырмашылықты шектемейді, керісінше, жұмысқа қосады.

Сондықтан медиа-артты тек шығармашылықты дамыту құралы деп шектеу аздық етеді. Ол кей жағдайда оқушының өз даусын табуына мүмкіндік береді. Әсіресе дәстүрлі сабақта көп көрінбейтін балалар үшін бұл маңызды. Кәдімгі ауызша жауапта белсенді емес оқушы қысқа видео, анимациялық постер немесе дыбыстық коллаж арқылы ойын анағұрлым анық жеткізуі мүмкін. Бұл жерде педагогтың міндеті – форматтың көптігін жай еркіндік деп емес, әртүрлі қабілетке жол ашатын әдіс деп түсіну. Медиа-арттың тағы бір салмақты қыры – авторлық ұстанымды қалыптастыруы. Дәстүрлі тапсырмада оқушы көбіне техниканы дұрыс орындауға мән береді. Ал медиа-артта ол алдымен не айтқысы келетінін шешеді. Сосын кімге айтатынын ойлайды. Содан кейін ғана қандай құрал таңдайтынына көшеді. Бұл реттілік өте маңызды. Өйткені мұнда оқушы өз жұмысын біреуге арналған медиахабарлама ретінде құрастырады. Сол сәтте эстетика мен жауапкершілік қатар жүреді.

Бірақ мұндай жұмыс үшін белгілі шарттар керек. Бірінші шарт – мұғалімнің дайындығы. Егер педагог цифрлық құралды мүлде білмесе, тапсырма формалды болып қалады. Одан да маңыздысы – құралды білу аз, оны көркем міндетпен ұштастыра алу қажет. Екінші шарт – материалдық орта. Әр мектепте бірдей мүмкіндік жоқ. Кей жерде интернет әлсіз, кей жерде құрылғы жетіспейді, кей жерде монтажға арналған қарапайым бағдарламаның өзі қолжетімсіз. Сондықтан медиа-артты енгізу туралы әңгіме айтқанда инфрақұрылым мәселесін айналып өту дұрыс болмайды.

Үшінші шарт – бағалау логикасының жаңаруы. Егер мұғалім оқушының жұмысын тек «әдемі» немесе «әдемі емес» деп бағаласа, медиа-арттың ішкі құрылымы ашылмай қалады. Идея, сценарий, медиатіл, композиция, техникалық орындалу, топтық қатысу, авторлық рефлексия сияқты нақты өлшемдер қажет. Төртінші шарт – мазмұнның жергілікті мәдени контекспен байланысы. Бұл маңызды. Әйтпесе цифрлық жұмыс сыртқы әсері бар, бірақ ішкі тірегі әлсіз өнімге айналуы мүмкін. Мысалы, қазақ ою-өрнегін жай таныстырудың орнына оның қозғалыс логикасын анимация арқылы көрсетуге болады. Дәстүрлі музыкадағы ырғаққа сүйеніп визуалды медиаөнім жасауға болады. Ұлттық киім символикасын цифрлық коллаж, қысқа бейнеэссе немесе интерактивті постер түрінде түсіндіруге болады. Осындай тапсырмаларда медиа-арт тек технологиялық жаттығу болып қалмайды. Ол мәдени кодты жаңа тілде сөйлетеді.

Сол кезде өнер сабағы да басқаша жұмыс істей бастайды. Оқушы өткеннің формасын тек қайталамайды, оны қазіргі медиамәдениет жағдайында қайта түсіндіреді. Бір жағынан бұл – дәстүрмен байланыс. Екінші жағынан – қазіргі құралмен ой айту машығы. Осындай тоғыста ғана медиа-арттың шынайы педагогикалық құны көрінеді. Қысқасы, медиа-арт технологиялары көркем білім беру үшін кездейсоқ қосымша емес. Олар оқу мазмұнын кеңейтеді, оқушының шығармашылық субъектілігін күшейтеді, пәнаралық жұмысты жандандырады, инклюзивті мүмкіндіктер ашады және цифрлық мәдениетпен тіл табыса алатын жаңа сабақ моделін ұсынады. Бірақ бәрі бір ғана шартқа тіреледі: технология мақсатқа қызмет етуі керек. Егер ол тек эффект үшін қолданылса, нәтиже үстірт болады. Ал егер ол идеяны тереңдетіп, оқушының ойлауын кеңейтіп, мәдени мазмұнды жаңа формада жеткізуге көмектессе, медиа-арт шынымен педагогикалық инновацияға айналады.

Қорытындыны дәл осы жерден шығаруға болады. Өнер сабағы енді тек бейнелеу техникасын үйрететін орын болып қалмауы керек. Ол қазіргі мәдениетті түсінуге, медиахабарламаны талдауға, өз туындысын саналы түрде жасауға үйрететін ортаға айналуы қажет. Медиа-арт осы мүмкіндікті береді. Әзірге бұл бағытта шешілмеген мәселе де аз емес: мұғалім даярлығы, инфрақұрылым, бағалау өлшемі, әдістемелік бірізділік. Бірақ соған қарамастан бір нәрсе анық: бүгінгі оқушының көркем ойлауын кешегі құралдармен ғана шектеп қою барған сайын тиімсіз болып барады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Peppler K. A. Media Arts: Arts Education for a Digital Age // *Teachers College Record*. – 2010. – Vol. 112, No. 8. – DOI: 10.1177/016146811011200806.

2. Красильников И. М. Педагогика цифровых искусств – новое направление развития теории и практики художественного образования // *Проблемы современного образования*. – 2011. – № 6. – С. 108–123.

3. Ахметова Л. С. Медиаобразование Казахстана: решение проблем // *Вестник КазНУ. Серия журналистики*. – 2016. – № 2(40). – URL: https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/download/553/535 (дата обращения: 19.04.2026).

4. Clark-Fookes T. Aesthetic Approaches to Digital Pedagogy in Arts Education // *International Journal of Education & the Arts*. – 2023. – Vol. 24, No. 8. – DOI: 10.26209/ijea24n8.

5. National Core Arts Standards. Media Arts – Introduction [Electronic resource]. – URL: https://www.nationalartsstandards.org/content/media-arts-introduction (accessed: 19.04.2026).

6. California Department of Education. *Arts Framework. Chapter 4: Media Arts* [Electronic resource]. – URL: https://www.cde.ca.gov/ci/vp/cf/documents/caartsfwchapter4.pdf (accessed: 19.04.2026).

7. Escala N., Romeu T., Guitert M. Arts Integration with Digital Tools in Primary Schools: Innovative Pedagogical Practices in Catalonia // *International Journal of Educational Research Open*. – 2025. – Vol. 8. – Article 100538. – DOI: 10.1016/j.ijedro.2025.100538.

8. Aghasafari S., Needles T., Malloy M. Multimedia Arts Learning: Connecting STEAM among Special Education Students // *Discover Education*. – 2025. – Vol. 4. – Article 44. – DOI: 10.1007/s44217-025-00440-7.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУҒА ЫҚПАЛЫ

Калабаева Кызбала Райымбеккызы
kalabaeva.k2020@mail,ru
«Өнер және көркем еңбек» кафедрасының магистр, аға оқытушысы
Ж.А.Тәшенев атындағы университет, Шымкент қ.

Аңдатпа

